



ТАБЫЛ  
ҚҰЛЫЯС

ТАҢДАМАЛЫ

I  
ТОМ



# ТАБЫЛ ҚҰЛЫЯС

ТАҢДАМАЛЫ



I  
ТОМ

FOLIANT

# ТАБЫЛ ҚҰЛЫЯС

## ТАҢДАМАЛЫ

ҮШ ТОМДЫҚ

БІРІНШІ ТОМ

**FOLIANT**  
БАСПАСЫ

АСТАНА-2015

ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84 (5Қаз)  
Қ 72

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша жарық көрді*

Қ 72 Құлыяс Табыл.  
Таңдамалы. *Үш томдық* / Т. Құлыяс. – Астана:  
Фолиант, 2015.

ISBN 978-601-302-273-4  
Т.1. *Деректі хикаяттар*. – 416 бет.  
ISBN 978-601-302-274-1

Қазақстанның Мәдениет қайраткері, Б. Қыдырбекұлы атындағы сыйлықтың иегері, Ойыл ауданының Құрметті азаматы, сатирик, жазушы, архив зерттеушісі Құлыяс Табыл Бекқазыұлының бұл кітабына аштық, қуғын-сүргіннің ауыр оқиғалары дерек, дәйекпен еніп отыр. Бағасын қалың оқырман берсе, одан артық қуаныш болар ма?

ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-302-274-1 (Т.1)  
ISBN 978-601-302-273-4

© Құлыяс Т., 2015  
© «Фолиант» баспасы, 2015

## САМҒАЙ ҰШҚАН ҚАРШЫҒА...

Бар әлем табиғатқа зер салып, көңілін оятады. Жақсылық бар жарылқайтын, жамандық бар долданып айпап-жайпап, бәрін жалмап жұтатындай алқынатын. Ұзақбай жұмысқа келе жатқанында да, үйіне қайтқанында да Алатаудың қарлы шыңына қарап, үмітінің болжамын жасайтындай еді. Сайтаннан басқа да үміт бар, сенім бар. Елдің өсіп-өрлеуі таудай биік болса дейді. Салыстырмалы түрде ойлайды. Ондайда жарқын жүзіне қуаныш үйіріледі. Өзін сырттай қарағанда бақытты сезініп, жаңа заманның қайырын көрсем дейді. Өзірге тамағы тоқ, көйлегі көк, орынтағы да ешкімнен кем емес. Бірғыз өңірінде алғаш кеңестік жұмысқа араласып, елдің дуалы аузына іліккенде бір қария: «Самғап ұшқан қырандарсыңдар ғой, бірақ қыранның да қанаты талады, қара дауыл қақпақыл ғып ойнайды, нендей күйге түсіреді, бәрі белгісіз. Сілікпе сүрең... Айлакер бар, айылын жимайтын қаскөй бар. Ешкім төтеп бере алмайтындай болады. Жалтарсаң жалп еткізеді. Сүйіндірген тірлік күйіндіреді, пенденің арасындағы қара дауыл – бақталастық болмай тұрмас, соған сақ бол», – деп алдау-арбауды көп көргенін мысалдап еді. Ұзақбай алға ұмтылғанда тәуекеліне сүйенгенін айтқан.

– Тәуекелдің тиянағы – ақыл, болжамы берік болса, – деп қария алысты шолып ой айтқан еді. Базарлы деп жүрген мезгілге көңілі толмады ма, ертеңіне сенбеді ме, сол қарияның көкейіндегі күмәнді Ұзақбай енді-енді аңғарғандай еді. Директива дейді, өл-тіріл, оны орында дейді, сын мен өзара сын дейді, коммунистер кемшілікке төзбейді дейді. Айырып жігін ашса, рухы жүдесе қалай сын айтады? Дискуссия дейді, айтыс-таласта билігі мықты жеңіске жетіп жатса, жөн істі айттың не, айтпадың не,

сөзің шығын. Зұлымдық дендесе қоғам арадай таланбай тұрмас. Жалғыз Ұзақбай емес, қазақ интеллигенциясы, қоғам қайраткерлері мұндай ойға беріліп ашық айтып алысып бақты. Не тапты? 1931 жылдың 13 ақпандағы республикалық жиында Голощекин баяндама жасап: «182 аудан астық дайындау жоспарын орындамады, ет дайындау майданында 700 000 тонна жоспары ақсап тұр, әр облыста 7-8 мың бас мал сойылады, тым аз, байлардың малын тездетіп жинап алмай жатырмыз. Мұндай кемшіліктер мен қателіктерді кешіруге болмайды, бұл қылмыс!» – деп сайраған. Елдің іргесіне тақалып құру деңгейіне жеткенімен шаруасы жоқтығын байқатқан. Соны түсінгендер, ауыл-елді көзімен көріп жүргендер:

– Халықта мал қалған жоқ, байлар тәркіленіп бітті. Жұтаған жұртты барып көріңіз?

– Орта шаруаларда мал бар емес пе?

– Олар да тазартылды. Кедейлердің күнкөрісі қиындады.

– Тауық асырасын! – деп Голощекин айқайға баспай ма?

– Тауықты сауа алмайды ғой. Сиярдың сүтімен жүрек жалғап отырғандар аштыққа ұрынуы мүмкін.

– Құлымбетовтың жоспарлауы қате, елде аша тұяқ қалмады деуі шындық емес, жала, қара күйе! – деп Голощекин тағы да шүйіліп өтті.

– Мен Ақтөбе, Ақмола облыстарында басшылық жұмыстарда болдым, ауылдардың жай-күйін жақсы білемін. Одан кейін республиканың басқа өңірлерін де жиі аралап жүрмін, есеп-қисап жұмыстарын саралап, бағыт-бағдардың шындығын жасыруға большевиктік арым жетпейді. 1920 жылдан лениндік партияның мүшесімін, Голощекин жолдас, – деп Құлымбетов аштық қаупін айтып еді. Төзгісіз жағдайларды жұртқа білдіріп еді.

– Отанды азық-түлікпен қамтамасыз ету – қасиетті міндетіміз, жоспарды орындамағандар, оған кедергі келтіргендер баспен жауап береді. Бастарың екеу емес шығар, – деп Голощекин әміріме ешкім төзбес дегенді байқатып қойды. «Есептен малын, астығын жасырғандар үкіметке қастандық ойлаушы, қылмыскер, ондайлар атылады... Бұл – Ұзақбай Құлымбетовке ескерту!»

Бүлік басталғанын осыдан-ақ аңғаруға болады. Қазақ елін уысымда ұстаймын деп елірген Голощекиннің бүркемелі ойынының астарында зұлымдық қылаң бергенін бұрын да байқап жүрсе де, Ұзақбай Құлымбетов ҚазАССР Жоспарлау комиссиясының председателі, оған қоса Сауда халкомы қызметін де атқарып жүргеніндегі іскерлігімен санаспайды. Қирап бүлінгенді қалпына келтірудің амалын таппаса Голощекин кінәні басқаға аудара салады, бүлікші деуіне дәлел табады. Ұзақбай күндегісін күнде үйіне қажып оралады. «Капитализмнің тұрақтауы күннен-күнге шіріп, баянсыз болып барады», – деп Сталин айтты. Мына Голощекиндер социализмді баянды етіп көркейте ала ма? Жақсылық таба алмай, игі істің маңына бара алмай халықты сенделте ме? Жұрт ертеңін ойлаудан жаңылды, ризығынан қағылды, үнемсіз... босқын. Тірліктің берекесі шайқалды, қара қазан қақ айырылып жатыр. Қазан маңында қылжия кетіп жан тапсырған адам. Өлік, адыра қалған мекендер. Әп-сәтте жұрттың жиған-тергені құрыды. Байлық сарқылды. Одақтан көмек жоқ. Алдау бар. «Бұған жауапты кім?» деген күдікті ойын ешкімге тіс жарып айтпайды. Қазақ елін қай бағытқа сүйрейді? Шаруашылықты, мемлекетті басқарудағы беталысы түсініксіз, күн сайын құлдырау. «Барды балама, жоқты санама дегендей халықтың мойнына түскен салмақ ауыр», – деп дастархан үстіндегі бір үзім нанға май жағып жеп ойға шомды. Мемлекетке деп жинап алған мал етін пойызбен тасып үлгере алмай, борсып-шірігесін Қарағанды өңірінде тау-тау ғып үйіп, өртеп жатқанын айтқанда Голощекин «жалған, өтірік мәлімет» деп бажылдады. Бұл дүрмектің алды-артында, астарында саясаттың жылылығы емес, жамандығы жатқанын аңғарып, кемшілігін деп басып айтушыларға еріседі. Халық жағдайын алдын ала ойлап байыптау қайда?

– Әйіш, ас батпай отыр, – деп Ұзақбай жарына қарады. Дүркін-дүркін күрсініп алады. Дүдәмал, екіұшты ойлар жанын мазалайды.

– Неге қабағың түсіңкі? – деді Әйіш.

– Голощекин елдің малын тағы жинатып жатыр. Мал біткесін халық аштыққа ұрынады. Қазаққа жайсыз тиетін түрі бар.

- Қазақты жек көре ме?
- Түсініп болмайсың.
- Бас қосқан отырыстарда: «Қазақтың бауырсағының дәмі тіл үйіреді», – деп сайрайтын еді, неге жаны ашымайды?! – деген Әйіш.
- Мынау – құрт-ірімшік, елдің асы, алып отыр дегенде жүзі жылығандай болып: «Дәмі тәтті екен, қалай істейді?» – деді. Сүттен ондаған түрлі тағам дайындалады дедік:
- Вот тебе казахский шикалад! – деп мәз болды.
- Ал мынау тағамды жент дейді, түрлі азық қоспасы, қазақ еттің өзінен алпыс түрлі тағам дайындайды.
- Жақсы, сүзбе, сүр еті!.. Қазақтар шебер, аштан өлмейді, мықтылық деді. Әйіш оның сөзіне иланып қалды. «Қазақ малсыз да өлмейді» деген Голощекиннің қаскөй ойын Әйіш естіп, екіжүзділік болады екен-ау деп толғанды. Ұзақбай замандастарының билікте жүргендері қанша қарсылық білдірсе де, Голощекин милицияларға тапсырыс беріп, халықтың малын, жиған-терген азығын тартып алып, қырғын аштыққа ұшыратты. Осы кезде ел азаматтары күндіз-түні жол жүріп, аштыққа ұрынған балаларды жинап үйлеріне әкеліп, ішіндіріп, киіндіріп балалар үйіне тапсырып жатты.
- Әйіш киімдері алау-жалау, аш-арық талай баланы тамаққа тойындырып, киіндіріп, аналық мейірін көрсетіп бағып қақты. Мемлекеттік қордан азық-түлік алып, оны мігірсіз пісіріп ашты тойындыру оңай болған жоқ, ауру-сырқауы және бар.
- Атың кім?
- Бегімбет.
- Жақсы жігіт боласың. Үкімет бағады, оқытады.
- Сенің есімің кім?
- Айжарық.
- Тірлік жолың жарық болғай!
- Әумин! Апа, оқысам деймін. Оқымағасын әке-шешем өліп қалды.
- Оқып мықты азамат боласың.
- Әкең есіміңді қалай атады?
- Құндызбай.

– Е-е, мен Жұлдызбаймын! – деді сойдақ тісті қара бала мұрнын бір тартып. – Апа, мына көйлек маған құйып қойғандай екен. Сізге рахмет, өскесін еңбегінді ақтаймын.

– Еліңе адал қызмет етсең, жақсылықпен жарылқанасың.

– Ешкімнің ала жібін аттамаймын, адал боламын деп әкем өліп қалды ғой.

– Сенің болашағың бөлек, – деп Әйіш ойға батып, жетім қалып әр жерде қаңғыған балаларды болашақта қазақ елінің жұлдыздарындай көретін еді. Ақмола облысында шаруашылық басқарған Ахметхан Ниязбаев елу жетім баланы өзі бағып, өсіріп әрбірін үй етіп шығарды. Олардың бәрі де орыс, украин, қазақ, татар балалары еді, құжат аларда олар Ниязбаев деп атанды (қазірде үш жүзге жуық Ниязбаевтар Державин, Есіл аудандарында қызмет етеді).

Әйіш ел басына қайғының қара бұлты төніп, халық аштан қырылып жатқанда жетім балаларды бағып отырып: «Голощекиннің саясаты немене өзі? Қазақ топырағын басып, қазақ дастарханынан ас ішіп, киеден қорықпай қырғынға ұшыратуы түсініксіз. Мұны И. Сталин білмейтін шығар... «Малды, егінді үкіметке жина, түк қалдырма, қарсылық көрсеткендерді атып таста!» деп аласұруы неліктен?! Бұл сұмдықты Мәскеу білмейді, ә?» – деп алдағы күннен үміт үзетін еді. Балалар үйлеріндегі ірімшік, құрт, май, сүзбеге дейін милициялар мылтықпен қорқытып тартып әкеткенін айтады. Елге алдымен азық керек, социализмнің алды-артына ой жіберу үшін қарын тоқ болуы керек. Үкімет ертең жарылқайды деп алдап-сулау немесе мылтық төсеп, жиған-тергенін тартып алып жатса, әр бұтаның түбінде жұрт қырылса, социализмді кім алқалап, қолдай қояды?! «Самғай ұшатын қырандай ұрпақ бақытты болар ма екенсіңдер?» деген оймен қиналатын Әйіш ерінің туған жері Ырғыз халқының да аштықтан өліп, әлдісі босып кетіп жатқанын естіді. Жан күйзелісі қатты болса да, ағайын-туысының қайғысын естіп езілсе де Ұзақбай білдірмеуге тырысып жүрді... Әйіш қазан-қазан көже асып жетім балаларды тойындырып, сауап алғанына қуанып, шаршағанын ұмытатын еді. Анасының «обал болады, ұят болады, жаман болады» деген сөзін таратып миы-



на құйғанын ұмытар ма? Ұлт басына төнген нәубет, ауыр салмақты үкімет мүшелерінің түсінетіні аз, түсінбейтіні өзімшіл, Мәскеудің айтқаны заң дейтіні көп шығар. Тар кезеңнің ауыртпалығын қайткенде де жеңуді ойлаған аналардың мол мейірі қайталанбайтындай ма екен? Ұзақбай күн көсем Сталиннің «Отар елдерде революциялық кризис асқынды» деген сөзін еске алып, «Қазақстандағы кризисті қалай атайды?» деп толғанса да есеп-қисабына көңілі көншитін түрі жоқ. Голощекиннің астыртын әрекеті байқалып тұрса да үкімет басшылығындағылар дәрменсіз.

Жә, уақыт өтіп жатты. Қынадай қырылған халықтың төгілген қанының үстіне социализм баспалап шығып, саясатын қан жоса әрекетке байқатпай бұрған сықылды болды. 1920 жылдан басталған «тазалау» үдеп, атарын атып, түрмені толтыруға бағытталды. Осы кезде өлер жеріне дейін күліп баратын айтқыштар:

*Айналайын, үкімет,  
Бергеніне шүкір ет.  
Байлығыңды тартып ап,  
Бетіңе бір түкіреді.  
Айналайын, үкімет,  
Жақсылығы жарылқап,  
Тегін тамақ ішсін деп,  
Түрмелерге үкімет, –*

деп жырлап жүрді. Өйткені, 1932 жылы 7 тамызда ОАҚ-нің қарарына Сталин қол қойып, кедей шаруаларды ұрлықтан тазалауға бағыттады. Оны «Позорные столбы», «показательные процессы» деп атап 50 мың адамды ұрлық жасады деп түрмеге қамаса, 2 мың адамды атып тастады. Егін шаруасындағылар екі сабақ бидайдың дәнін үгіп алып, аш балаларын құтқарғысы келсе түрмеге жапты. Мұны егіншілер «бес сабақ бидайдың дәні – түрменің өні» деп келекелеп кеткен көрінеді. Қазақ даласында жүздеген мың балалардың аштыққа ұрынып қаңғып кетуіне себеп болған, Сталин қол қойған «Ұят баған» аталған қаулының қырсығынан талай адам тұзаққа түсіп, тіпті тоғыз жасқа толған балаларға дейін бір уыс бидайды қырманнан алға-

ны үшін Қарағанды түрмесінде отырған. Мұндай қасірет қоғам қайраткерлерін қанша ойландырса да, Сталиннің айтқаны заң еді. Одан кейін 1933 жылы 8 мамырда Молотов пен Сталиннің қол қойған «Барлық партия, кеңес қызметкерлерімен ОГПУ-дың барлық мекемелеріне, сот және прокуратураға» деген қаулыда елді мекендерде таптық шиеленіс болуы әбден мүмкін, сондықтан бай-құлақтардың тұқымын тазартып, түрмелер мен лагерьлерде Одақ бойынша 400 мыңдай қылмыскер ұсталып, үш, бес жылға үкім кесілгендер жазасын өтесін. Ал шындығында, түрмелерде 800 мың тұтқын, оның 30 пайызы контрреволюциялық қылмыскер делінгендер екен. Мұндай бет қаратпас сүргін қоғам қайраткерлерінің қай-қайсысын да ойландырып, жан сақтау амалы сарқылғандай сезінген де болуы... халықты тентірету тегін еместігін түсінді. Қорқыныш, үрей әр минут сайын пәлеге ұшыратып жатты.

1938 жылы Ұзақбай Құлымбетов «халық жауы» деп атылды. Қойын дәптеріндегі: «Жай-күйін біліп едім Ырғыздың, жоқшылық ойымды бұрғызды. Қалай жанын сақтар екенбіз, өсіп келе жатқан ұл-қыздың?! Жүрегімде ел азабы, мұңы бар. Шерлі, қайғы жазылмайтын түрі бар. Саясат құйыны, дауылы, шындығын түсініп, ұғып ал! Біз о дүниеде бақытты болармыз, келер ұрпақ, өмірдерегімізді біліп ал!» – деген ойтолғауы кім-кімді де бейжай қалдырмайды. Өз қолымен құрысқан Кеңес үкіметі, сталиндік заң жау деп тұрса, оққа байласа не шара?! Газеттер де: «Үкіметімізді құлатпақ болған жегі құрттар, азғын топтар атылды!» деп жар салып жатты. Бұл айтақтау талай ұлт ұлыларының қара шаңырағын ойрандап тынды. Онымен қоймай жанұясын, ұрпағын қаңғыту, әйелін түрмеде телмірту, зұлымдықтың не түрін ойлап тауып қорлау қанша ғасырлар өтсе де ұмытылмас, ешкім кешірмес. «Жауыздың балы ұртында, уы мұртында», – деуші еді бір ағамыз Сталиннің сүгіретіне көз қиығын тастап. Ұзақбай атылғаннан кейін Әйіштің де, оның ұрпағының да, жақын-жуық туыс-туғанының да көрмеген қорлығы жоқ... Көз жастарын көл етумен өлімші болып тірісі өмір сүрді, өлісі социализмнің жендеттерін қарғап кетті... Арамзалардан,

қанқұйлылардан тұқым қалды ма екен, Ібіліске өлім жоқ деген бар, кім біледі?.. Тарихымыздың әр бетін ақтарған сайын қан жұққан құжаттар көз алдына келеді.

\* \* \*

Зұлмат жылдарда еңселі халық езілді, еңіреп жүріп ажалынан бұрын өлді. Даналар мен ұлттық тұлғалар арманына жете алмады, көбінен тұқым да қалған жоқ. Елім деп еміренгендердің, ойлылардың, ақылдылардың шаңырағына қайғы бұлты үйіріліп, бүлік салынды, зұлымдыққа бөгет болған жоқ. Тарих ғылымдарының докторы, профессор, генерал-майор В.Ф. Некрасов «Комсомольская правда» газетіндегі мақаласында 1921-1951 жылдарда 3 777 380 адам сотталса, оның ішінде 642 980 адам атылып, түрмелерде 2 369 220 адам отырғанын жазады. Сонда арада өткен алпыс жылдай мезгілде халықтың үш буынға жуығы алмасса, жазаланғандар мен өлгендерді үшке көбейт, әрбірінен үш ұрпақ қалды дегенде тағы үшке көбейтсең, қанша адамнан айырылды, қаншама ұлылар мен даналар жанбай жатып сөнді, халықтың көшін бастайтын ақыл иелерінен айырылды, қаншама жастар қыршынынан қиылды. Сталиндік қанды қырғынды жылдардың шаңға көмілген шындық тарихы шығып болды деп айту ертерек те шығар. Өйткені, түрмелер мен лагерлердегі сотталғандардың нақты есебін дәлелдейтін кейбір құжаттарда қылмыскер санын азайтып көрсету де болмады деп ешкім айтпас. Қылмыс құпиясын әшкерелеу – ұрпақ міндеті. Бұл адамдардың сақтануын, сергектігін, еркіндігін, тәуелсіздігін құрметтеудің қажетіне жарайды... «Абақтыда айдан, күннен жаңылдым, сарғайдым ғой, сар даламды сағындым... Қарар болсаң терезеден темірлі, көздеп тұрып күзетшілер атады», – деген ұлы ақын Мағжанның жазықсыз жүрегі қақ айырылып, ажалынан бұрын зұлым саясаттың құрмалы болды. Халықтың зар-мұңы әлі талай ғасырлар бойы ұмытылмақ емес... Көне, Кеңес үкіметін, сталиндік саясатты ақтап алып көр!.. Үрейлі халықты басқару тиімді және оңай... Мемлекетті біреулер соғысу арқылы басқарады, кейбірі

халқын аштан қырып басқарады, біреу табындырып басқарады, қайткенде де халықтың ақыл-есін кемітіп, на-дан, есалаң, көлеңкесінен қорқатын үргелекті басқару ең оңай тәсіл болар. Езілген қорқақта ес қалмайды... оның ұрпағы да милау, су ми боп жағыну мен табынудан басқаны білмей өседі... Түрлі зобалаңнан тірі қалған ұрпағына «Сталиннің «жақсылығы» осы болды-ау...» деп кейбір са-насызды көрсең теріс айналып кете барасың...

## **ЖЫЛДАР КЕТТІ ЖЫРАҚҚА, ҰМЫТЫЛМАС ТАРИХЫМЫЗ БІРАҚ ТА**

– Құр сөзді оттай бермей жақсылықпен жарылқайтын ісінді көрсет?! – деп Арыстан бір туысына ақыл айтты ма екен? Жетпістен асқан қартқа дүрқара маңдайын тыржитып, сойдақ тісін ақситып күлгісі келді ме:

– Басым толған идея... Оның бәрі орындалады... Табынушы мен табындырушының заманы емес қой, идея орындалады...

– Мықты қалталы бар қозғалысыңды бағып тұратын, тірегіне береммен жағып тұратын, саған жол бере қойса!.. Түйіні біледі, тірлік жолы қатал. Ақыл айту бар, тәлім алу бар, озық ой бар, тозық ой бар. Ақылдың күйреуі бар, кейде алға қарай сүйреуі бар. Місе тұтатын іс бар, аққұла еңбек болатын күш бар. Қоғамдық әр түрлі бұғау бар, оған ақылмен ғана шыдау бар. Тарихымызда қанды қасап бұғау болған, үрейлі күшпен сынау болған. Әлсіздердің көз жасы құрғамай ағыл-тегіл жылау болған. Өзіне сенетін адамға өткеннің де, бүгінгі өмірдің де айырмашылығы жоқтай көрінеді. Табиғатта азу да болады, адам өмірінде де мәнсіз, бапсыз өзгерістер, атап айтуға тұрмайтын кездейсоқтықтар болар. Оны түсінетін ақыл да табылар. Кейде біреуді асыра бағалаудың өкініші барлығын өзі де, өзге де қапелімде түсіне қоймас. Ал жағымпаздың да үстемдікті паналайтын бекінісі бар. Әр нәрседе, әр пендеде өзіне лайық атты үйлесім бар, тіпті біреулер айтатын қандауырдай қалжыңның да пайдасы бар, жалмауыздардың да қай заманда болсын жұрттан озған айласы бар. Ұғым қозғалыста

пенде әр уақытта түрлі-түрлі оқиғаға кезігеді. Өмір жолы ауыр ма, жеңіл ме, басына түскенде ғана сезінеді, – деп Арыстанның айтқанын қаңбақтай тиянақ таппаған інісі түсінер ме? Сосын Арыстан жай жымия күліп:

– Компьютер, телевизор дегенің ақыл тұрған ыдысты сындырып түбіңе жетер. Сонда қайтер екенсің?! Сонда өгей оймен өкінгенінді сезіп, тынысың тарылар, бөлем! – деді де орнынан тұрып, жеке кітапханасында қандай шығарма оқылмай қалды дегендей кітаптарды ақтара бастады... Ауыр ойы – жастар тарихын түгендей алар ма дегені.

## ТАРИХТАН БІР ҮЗІК СЫР

Егемендік, еркіндік байсал тауып, тәуелсіздіктің орайлы болуы тарихымызды пайымдауға жол ашты. Ойсызға да сабақ болуы тиіс өткен өмірдің ащы-тұщысын дәл елестете аламыз ба? Міне, осынау сұраққа жауап іздеу – тірінің парызы, аруақ алдындағы қарызы. Сондықтан, ғасырлардың қойнауынан тірлік төркінін іздеуді ойлап, барыс-келісіміз жарасқан, бір кездегі Қазақ елінің алғашқы астанасы болған Орынбордан өткен тарихтың баршасына зейін қойып, біраз оқиғаның басын ашып, көп жайды түсінуге болады. Елікпей-желікпей шындыққа көз жеткізесің. Басараздықты да, өштікті де, қастықты да, қулық-сұмдықты да, үстемдіктің езгісін, отарлық дүлей күштің екпінін аңғаратын түрлі құжаттар архивтерде сақталған. Бас көтертпей баспалаған басқыншылықтың құйтырқы қимылының шындығына да көз жеткізгендей боласың. «Түйесі жоғалмағанның бөрі есті» дегендей, езіліп-жаншылып, үстемдіктің төзгісіз қорлығын көрсе де, жоғын жоқтауды, қақын қайтаруды талап ету, небір зұлымдықтан қорғауды қара халық билеушіден күтеді. «Сыр бойындағы Карпиннің 120 түйесін Бұқара байы ұрлаттырып алады... Әскери комиссариат іздеу салады» (ф.6. оп.10). Бұл қолымызға түскен бірінші папкідегі оқиға еді. Ел арасы ашылып, барымтаның басынуы, әлсізді әлдінің тонап-талап алуына, зорлық-зомбылыққа әскерилер басалқы ақыл айтып бітістірумен тынса ғой.

Жоқ, қарудың күшіне жүгініп, талай адамның өмірі қиылып тынады. «Қазақтан жолдасың болса, жаныңда айбалта жүрсін» деп сақтандырған қатыгез кезең еді.

Әбілқайыр 1732 жылы (ф.б. оп.7.) Орынборға келіп, Ресеймен одақ боламыз деп сөз байласқасын заң жүзінде халқының өмірі, байлығы, тірлігі, құқы қорғалуын екіжақты шешуді мақсат еткен. Армияның заң жүзіндегі бағыт-бағдары екі елдің мүддесіне сай болуын заңдастыру шаруасы екен. II Екатеринаның Орынбордағы басшы Ренсдаржуға жазған хатында: «Қырғыз-қайсақтармен тіл табыс, кінәсына қарай жазалауды түсіністікпен жүргіз!» – дегені де бар екен. Үстемдік оны ескере бере ме?

Айта кетелік, Ресейдің архив мекемелері 94 853 мекемелермен байланыс жасайды, оның 19 911 мекемесі мемлекеттік емес, жыл сайын 632 945 іс қағазы, түрлі құжаттар сақтауға өткізіледі. Ал архивтерде 5 миллион іс тұрақты сақталады. Қызметкерлері ұлан-байтақ жерді мекендеген халықтардың тағдырын баяндайтын деректерге мән беріп, көздің қарашығындай сақтауға бастығып алған. Отар елдерді басқару, олардың шаруасына араласу қақындағы белгілі бір құжаттарда, яғни Орынбордың генерал-майоры Бахметовтың төмендегіше рапортында: «1798 жылы Кіші жүз ханы Айшуақтың жиналысқа келуін, оның аман-есен жүріп-тұруын бақылау қамтамасыз етілді. Сол сықылды 31 октябрьде өтетін сұлтандардың басқосу жиналысына қатысатындардың өмірі қауіпсіз болуына түрлі шаралар қолданылды (ф.б. оп.13. 71 іс)...» делінген. Әрине, отарлық үстемдік егесу, таласусыз-ақ билік жұмысында бөсеңдік танытпаса да, түрлі бейбастақтықтан сақтануы хақ. Бейқам көңілдің де, бейпіл сөздің де сұрауы болатынын аңғарудың тетігі де белгілі. Мысалы, жоғарыдағы түйені ұрлап барымталауды заңдылықпен шешуде отарлық үстемдік екі елдің немесе рулардың тартысынан да өз пайдасын шығарады. Езіп-жаншу тәсілін пайдаланды. Ал түрлі шаруаны басқаруға да өздеріне жағымды адамдарды ғана тағайындады. Оны «Тургайская газетаны» оқып отырып байқағандай боласың. Газеттің 58-санында губерния секретарьлары Бубенов пен Тұяқовтың қол қоюымен орман шаруашылы-

ғын басқаруға Исақовты тағайындаса, «Красный крест» мекемесін басқаруға Ардашевті бекітеді. Газетте Ресей мен Қазақ елінің сауда қатынасы хақында да көптеген деректер орын алған. Ежелден қоңсы қонған көрші елдің өсіп-өркендеуі, ықылым тірлігі сауда байланысына қатысты болса, оған газет белсенділік танытады. Жөнсіз билеп-төстеуден гөрі емін-еркін сауда қатынасының жөні бөлек десек, газеттің 1895 жылғы 62-санындағы мақалаларда 25 августтен бастап 25 сентябрьге дейін Темір қаласында жәрмеңке басталып, қала табысына 1 миллион рубль кіріс кіргені айтылса, оған Орск, Орынбор қалаларынан жәрмеңкеге адамдардың көптеп келуі, оларға 125 сауда нүктесі қызмет еткенін тілге тиек етеді. Бұл әрбір ұлт адамдарының көрші елдік қарым-қатынасының дәнекері деп түйіндейді. Газет дерегінде айтылғандай, барлық жерде статистикалық комитеттер құрылып, негізгі мақсаты белгіленіп экономикалық және әлеуметтік, мәдени жағдайларға байланысты жергілікті жерлерде есеп жүргізіле бастайды. Бұл қазақтың тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын, өнерін, қолөнер шеберлерінің еңбегін басқа ұлттарға насихаттауға мүмкіндік берген. Осы мақсатта Торғай облысында да комитет құрылып, оны вице-губернатор В.В. Бельгардтың өзі басқарып, ерекше істер жөніндегі аға чиновник Дербісәлі Беркімбаев және Мырзағұл Шыманов, С. Асауов, С. Нұрмағамбетовтер қазақ халқының тірлігін жан-жақты көрсетуді қолға алып, 1896 жылы Нижний Новгородта өтетін өндіріс көрмесіне қазақ жерінде өсіп-өнетін 72 түрлі жануарлардың тірідей көнектелген терілерін, одан жасалатын түрлі өнімдерді көрмеге жеткізеді. Сөйтіп, қазақ халқының қолөнері, зергерлік түрлі бұйымдары, мәдени саладағы толып жатқан жетістіктері, спорт, ат бөйгесі, күрес сықылды үлкен шеберліктері бүкіл ресейліктердің марапатына ие болады (*Торғай облыстық статистикалық есеп, 1896 ж. – Оренбург, 1898. – 7-19-б.*). Содан-ақ, Дербісәлі Беркімбаев Торғай облыстық статистикалық комитетінің мүшесі болып тағайындалыпты. Торғай облысына қатысты қандай дерек, құжаттарды қарасаңыз, біразында Дербісәлінің заманында тарихи тұлға екеніне шәк кел-

тірмейсіз. Патшалық Ресей әкімшілігі оны ұлтын қорғай білетін ақылды, шешімді, айлалы, аз сөйлеп, өзінің құнды пікірін жүзеге асыра білетін, халықтың рухани қазынасын өзгелерге бағалата алатын биіктен көрсетеді. Ол 1896 жылы II Николайға императорлық тәж кигізу ресми салтанатына, сондай-ақ бұрынғы император II Александрге арналған ескерткішті ашу салтанатына қатысқан екен. Мұны біреулер құлдық ұрушы деп бағалауы да мүмкін, екінші маңызды мағынасы қазақ ұлтын басқа халықтармен тең дәрежеде сыйлау десе де артық болмас еді. Елінің басшысын сыйласа, халқына көрсеткен құрметі емес пе! Мәселен, «Тургайская газетінің» 1896 жылғы 4 мамыр күнгі 74-санында Торғай губерниясынан Дербісәлі Беркімбаев пен Сейіт Нұрмұхамбетов императордың құрметті қабылдауында болғаны, ағайын-туыстарымен бірге театрға барып, Петров сарайында қонағасы берілгені, сол кездесулерде Дербісәлі императорға күмістен құйып жасалған түйе скульптурасын сыйлағаны жазылған. Кездесуде қазақтың зергерлік өнерінің әлемде жоқ үлгісі барлығын айтқан. Император бұған аса ықылас танытқанын мақаладан оқуға болады.

Тағы бір мысал, 1896 жылы қазақ делегациясының құрамында 12 адам болса, соның бір-екеуі – Торғай облысы әскери губернаторы жанындағы ерекше тапсырмаларды атқарушы аға чиновник Дербісәлі Беркімбаев, Торғай уезі Тосын болыстығының болыстық басқарушысы Дәуренбек Бірімжанов екен (*Тургайская иллюстрированная газета. №27, 29 маусым, 1896 ж.*). 1876 жылы «Ресей империясының құрметті дворяны» деген атағын алған Дербісәлі Беркімбаев Географиялық қоғамның Орынборлық бөлімшесіне және Орынбор Мұрағаттық Алқасына толық мүше болып сайланыпты (*Труды Оренбургской Ученой Архивной Комиссии. Выпуск 1. – Оренбург, 1896. – С.7*). Айта кетелік, «құрметті дворяны» дегенің мағынасы «Патша сарайының сенімдісі» дегенге саяды. Демек, Дербісәлі заманында қазақ ұлтының жоғын жоқтаушылардың, өзге ұлттарға жақсылығын танытып насихаттаушыларының бірі болып, халқымыздың терең тамырлы тарихын, асыл қасиеттерін, ұлылығын өзге



ұлттармен тең танытуды қажет деп тауып, болашаққа болжам жасап, таптық қайшылықтан сақтандырушылардың қатарында аталады. Қазақ жаратылыстағы шын болмысынан кеммін деп айта алмайтынын үстемдікке жеткізе білген. Отарлық озбыр, басқыншылық саясаты бойынша «бөліп ал да билей бер, әлсізді нанша илей бер» деген қаскөй пиғылын сабырға шақырып, көрші хақы татулық екенін Ресей патшалығына айта білген оны ақыл иесі деп тануға әбден болады. Оған мұрағаттарда сақталған құжаттар мен деректер айқын дәлел.

\* \* \*

Бәрібір күшті күштілігін танытпай тұрмайды. Қазақта «Көп қорқытады, терең батырады» деген сөз қалған. Бағыну борышым деп түсінетін босаң бар, ашаңға айдаса, қуаңға қашатындай ақылы кем басшыға ерген ауыл-аймақ бар. Бөгденің сойылын соғып, өз туысын бөтенсінетін ақылсыз бар. Дігір салған дүлей күшке қарсы тұра алмай, дыраусығанның ашса алақанында, жұмса жұдырығында кететіндік – қоғамның дімкастігі. Ойлыда мақсат бар – жеткізе алмайды, ақылын көпке өткізе алмайды, көңілі талпынады – дәрменсіз, діттегенге жету жолы тар. Үстемдік иесі жәнсіз діңкілдесе әлсіз жым болады. Отарлық езгінің есалаң ететінін тарихтан діңкең құрып түсінесің. 1889 жылы Ахмет Кенесариннің қанын сорғалатып, отаршыл Ресей саясатын әшкерелеп жазған «Сұлтан Кенесары және Сыздық» шығармасы Ташкент қаласынан басылып шығып, жұртқа тараған екен. Оған қарап егесіп еркіндігін ала алар ма? Езілу мен езушіні түсінсе де дүлей күш беттете қояр ма? Дегенмен, езушіні сәл де болса жібітетін кез туатыны сықылды болатыны тағы бар.

«Дала уәлаяты газетінің» 1891 жылғы санындағы 18-құжатта Торғайда қыз балаларды оқытатын мектеп ашылып, онда біраз жастар білім алғаны туралы жазылған. Ал 1859 жылы Оралда Шалмұрат Құлыбеков орыс-қазақ мектебін ашады. Мектепті ұстауға 300 рубль күміс есебімен қаржы бөлінген. Мектепті ашуға, қажетті оқу құралдарын жабдықтаудың жай-жапсарына көмектесуге Ыбырай

Алтынсарин Орынбордан арнайы өкіл етіп жіберіледі (ф.6. оп.10). Ыбырайдың талап етуімен осындай мектеп Ақтөбе, Орск қалаларында да сол жылдары шаңырақ көтеріп, қазақ жастарына білім бере бастайды. Әрине, мұндай жебеу жайдан-жай емес, ұлт ойшылдарының орынды талаптары, ұсыныс-пікірлері екені даусыз еді. Әйтпесе, езуші оңайлықпен жәрдем беріп көркейте қояйын дейді дейсің бе? Қанша ғасыр өтсе де халқына сіңірген еңбегі тарих бетінен еш ұмытылмайтын адамдар болады. Қазақ даласында Ыбырай жаққан шырақтың куәсіндей болып, 1841-1869 жылдарда қаншама мектептер ашылып, көптеген жастар білім алды. Бір ғана Орск уезінде 1913 жылы 62 мектепте 90 мұғалім дәріс оқыса, 16 оқу орны қазақ, орыс жастарын ғылымға баулыған. 1887 жылы 3015 адам сауатты болса, 1897 жылы мектептен білім алғандар саны 14 016 екен, 1910 жылы 21 803 адам білімді маман атанған. Бұл – Орынбор губерниясы халқының 20-44 пайызына тең. Ал Орскіде Ыбырай ашқан мектептерді бітіріп білім алғандар саны, яғни халқының сауаттылығы 26-24 пайызға жеткен. Орск халқының саны 1861 жылы 1800 адам болса, 1917 жылы 18 230 адамға көбейген. Заманының ойшылы В.И. Даль 1801-1872 жылдары Орск, Орынбор қалаларын мекен етіп, сол жерде жұмыс істеген. Орскіні айтқанда Әбілқайыр хан еске түседі. Қазақ елі мен Ресейге ортақ әскери бекініс салуды қолға алған Әбілқайыр болды. Өлкелік музейде сарматтардың қару-жарағы, түрлі бұйымдар, мамонт сүйегі, тас дәуіріндегі адам бейнесі, домбыра, ыдыс-аяқ, қола айна, Әбілқайыр хан бейнесі, толып жатқан жиһаз-мүлік, қазақ ұлтына қатысты жәдігерлер жетерлік. Әбілқайырдың ұрпақтары, немере-шөберелері де осы өңірді мекен еткен. Нұралы ханның әйелі Орын – Сырым батырдың қарындасы, Жалтыр сұлтанның шешесі екенін айғақтайтын дерек Орынбор мұрағатының қорында сақтаулы (ф.5. оп.1, 59 іс, 192-б.). Сол Орын туыс-туғандығын пайдаланып, Сырым мен Есім Нұралыны татуластыруға әрекет еткен. Бірақ, Сырым алған беттен қайтпай, ақырында сарбаздар Есім ханды өлтіріп тынған. Жазушы, зерттеуші, орыс ғалымы Левшиннің жазбасын-

да айтылғандай, Нұралы ханның 16 әйелінен 40 ұл, 35 қызы болған екен. Солардан тараған ұрпақ әлі күнге Орск өңірін мекендеп отыр.

\* \* \*

Отарлық езгі жетесінде ақылы барды да, жетесінде саңылау жоқты да жеміріп, мысын құртпайынша тынбаған. Мына бір папкідегі деректе тама Жабалов, Кенізбаев және Үкібаевтар малына атақонысы жайылымдық жерін бермей, барымташыдан зөбір көріп отырғанын генерал-губернатордан өтінген. 1864 жылғы 21 қазан күнгі №6129 шағым қағазы бойынша дұрыс шешім қабылдау керек деп шешкен екен (ф.6. оп.6). Осы папкіде 1862 жылы Түркістан мен Бұқарадағы казак әскери құрамының бестен бірі қысқарып, қаржылық қиындықтың шеті көрінгенін байқатады. Дегенмен, Орынбор облысы бойынша 43 пұт алтын өндіріліп, жекешеден 84 пұт алтын жиналғанын, сонымен қатар Қаратау, Донск кен орындарының жұмыстарын баяндайтын деректер бар. Бірақ осынша байлықтың жол-жөнекей кедергілерге ұшырағаны да айтылады. Езуші күйзеле бастаса езілушінің іргеге тақалып, шыр жұқпайтын арып-ашуға тап болары тағы да белгілі. Оған дәлел ретінде Орынбор, Орск қалаларының инженерлік құрылысын ұстауға жылына 16 932 рубль, қазыналық үйді ұстауға 4434 рубль қаралып, жаңадан құрылыс салуға мүмкіндік жоқтығы құжатқа жазылған екен. Ал 368-папкіде Жиёмбет тана Байтеміров Жайық жағасындағы атақонысын қайтарып алудың дауы шешілмей отырғанын әкімшіліктен сұрапты. Мұндай жер дауы кейбір құжаттарда кездесіп қалады. Бұдан Ресей патшалығының басты мақсаты – қазақтардың мекендеген жерінен аластатуға, күшпен тартып алуға бағытталған әрекетіне наразылық байқалады. Сондай-ақ, II Екатерина патшалық құрған кезеңде Кіші жүздің ноғай тобы Волга, Астрахань хандығын құрып, 1552 жылы Ресейдің қол астына кіргендігі туралы дерек бар (ф.6. оп.6.). Ал сенат заңдарының толық жинағының 574-бетінде 14 682 қалмақтың Ресейдің қарауындағы халық есебіне

кіргені жазылған. Осы заң құрастырмасының толық жинағының 257-бетінде: «...Қалмақтар Ақтөбе аймағын игерумен айналыссын. Екіншіден, қалмақ полкі, полк командирі, шені барлар, Астрахань және Оралдағы казактардың әскери армиясы, оның басқарушысы генерал-фельдмаршал Графа Паскевич-Эриванскийге бағынатын болсын», – деген жолдар бар. Мұның өзінен қазақтың кең-байтақ жерін отарлауды әскери күшпен де илкітіріп алудың жөн-жосығы, айқын бағыты көрініп тұр. Отарлаудың жоспарлы бағыты 1863 жылы Орынбордан бастау алып, Созақ, Түркістанмен сауда қарым-қатынасын жөн-жобалап, Түркістанға 5 рота, оның екеуі казактардан жасақталған, 16 артиллерия жіберілген. Ал Хиуа хандығы мен Бұқара қалаларында да сауда қатынасын себеп қылып, казактар қару-жарағымен келіп орналаса бастаған. Бұл деректер де отарлау саясаты өз қанатын кеңге жайғанын дәлелдейді (ф. 6. оп.6). Оны азсынсаңыз, мынаған назар аударыңыз: 1756 жылғы патша жарлығы бойынша қазақтарға Жайық бойында қыстауға тыйым салынғаны турасында «XV-XVIII ғғ. қазақ-орыс қатынасы» атты папкінің 337-бетінде тайға таңба басқандай жазылған. Осы папкідегі Орынбор губернаторы И. Неплюевтің хатындағы: «...Сұлтан Барақты Орынборға шақырып байлардың қатарын көбейтуге, оған сенім грамотасын тапсырып, бағалы сыйлық беріп, үлкен үміт артатын», – деген жазба пікірге сүйенсек, Әбілқайыр ханды өлтіруге Неплюевтің қатысы бары аңғарылып тұрғандай. Сол құпия қимылды Әбілқайыр сезді ме, Орск бекінісінен кейін Орынборға соқпай, Неплюевпен кездеспей кеткенін де жазған. «На обратном пути встретились с Бараком, дрались немало... у Барака люди было больше, но Абульхайыр хан остался убит до смерти» (*Казахско-русское отношение в XVI-XVIII веках. – с.398*). Орыс-қалмақ қатынасына қатысты жазба деректің 147-бетінде Әбілқайыр ханның 1747-1748 жылдары ұлы Ералымен Торғай өңірінде қыстайтынын айта кетейік. Торғай аймағы ханға жайлы болғанға ұқсайды. Балаларын баулып Торғайды мекендеуге үйреткен сыңайлы. Сол арқылы үш жүздің татулығын қалыптастырғысы келді ме, әйтеуір ханның бір

жүйелі ойы болған-ау дейсің. П.С. Преображенскаяның жазбасына сенсек, Қаратау өңірін жайлаған арғындар «ақтабан шұбырынды» тұсында Торғай өңірінен қолайлы қоныс тапқан.

\* \* \*

– Жаныңда жүрген адамдармен қанша сырлас, қызметтес болсаң да, олардың жақсылығы мен жамандығын толық ажырата алмайсың. Пенденің ішкі сарайында өзге түгілі, өзі түсіне бермейтін белгілі-белгісіз қалтарыстары, ой-пікірлері жетіп артылады. Арам ой жекенің ісі болса ештеңе емес, дүйім халыққа зиянды болса, қайтіп кешіре аласың? – деді Арыстан ақиқатты бүкіл жұрттан тілегендей ниетпен.

– Қазақтың «Бес саусақ бірдей емес, сабырлы бол» дейтіні тегін дейсің бе? Алайда жағадан алып, төске шапқан, кеудесін керіп басынғанды, шаңырағыңды ортасына түсіріп, еліңнің іргесін сөгіп, берекесін қашырған бүлікшілдерді кешірмеген халықпыз. Досқа құшағын ашып ағынан ақтарылып, дұшпанын жер қаптырған мінез ата-бабадан қалған, – деп өткенді ойға оралттым. Сонау алыста қалған өмірлер елестейді...

Екі жүз жыл бойы қазақтармен соғысқан қалмақтар қалай жан сақтады деп біреулер айтады. Оны дәлелсіз дей алмаймыз. Дәмдеспіз, жерлеспіз деп отырып себепсізден-себепсіз қан төксе, «таспен ұрғанды аспен ұр» деп қалай бітуажаға шақыра аласың?! Дау-жанжалға үйір қып, мекендеген жерді қайткен күнде тартып алуға тырысса, қалмақтарды мұздай қаруландырып, ішіндіріп-киіндіріп, патша озбырлары айдап салып, қырғын салып отырса соғыс болмай қайтеді?! Қалмақтардан тұтас армия құрып, оларды әскери тәртіпке баулып, баскесерлерін даралап дайындап, далиып жатқан қазақ даласын еншіле десе, жұлдызы оңынан туатындай елірмей ме. 1848 жылы Астрахань қаласында қалмақтың ер балаларын дайындайтын училище ашылып, онда білім берумен қатар, әскери тәртіпті үйрету болғанын түрлі құжаттардан көріп-біліп отырмыз. Патшалықтың озбырлығы ұсақ ұлттарды бір-

біріне айдап салып, қырып, әлсіретіп ұпайын түгендеп отырған. Ресейдің әлемдік беделі жерін кеңейтумен байланысты деген қағида құпия сақталған екен.

\* \* \*

– Сөз құдіретін бағалаған халықпыз, «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген мәтел де тегін айтылмаса керек. Қызыл тіл жақсылығын да жарқыратты, түсінбегенді де отқа сүйреп салды, – деді Арыстан аққұба өңіндегі тереңдей бастаған әжімді бетін сипап.

– Өмірдің өзі сөзбен өрнектелген болса, пенденің бірінші қажеті – газеттің орны ерекше екенін қай ғасырда да байқатқан болатын. Басылған еңсені көтеруге, ұйыққа батқан ойды оятуға, төтті үмітті жалғауға құлақ астыратын газеттерде өмір шындығы жатыр, – деп тарихтан сыр тарттым. Бытыраған мал – бөрінің жемі, ауызбірлігі кеткен ел ажалдың жемі болатындай, ұлт бірлігін сақтап, жұдырықтай жұмылуға үн тастаған «Қазақ» газетінің 78-санында, жалғасы 79-санында жарияланған «Россиядағы ұйымшылдық» атты мақала 1914 жылы Ресейдің үстемдік иелерін біраз абыржытса керек. Пәленің шетін басса ортасы былқылдап жататындай, «мұнда отаршыл саясатқа халық қарсы тұрсын деген пікір бар» деп газет редакторы Ахмет Байтұрсыновқа екі жыл мерзімге жер аудару үкімін шығарады. Сондай-ақ, 1914 жылғы 91-санындағы газет бетінде жарық көрген «Бұл қалай?» деген мақала үшін Ахметке екі ай түрмеде отыру үкімін шығарылады. Міне, отарлық езгінің былжырап батпаққа батып бара жатқандағы жанталасы осындай.

\* \* \*

Қазақ ұлылары не үшін арпалысып, басын бәйгеге тікті дейсің? Олар езгіден құтылудың айқын жолы білімде деп ұқты. Білімді адам ғана өзімсінген, танауын көкке көтерген дүлейдің алдында жөнсіз бәйек бола алмайтынын ұғынды, ұлтына солай түсіндірді. «1884 жылы Торғай облысы бойынша Қазан қаласындағы жоғарғы оқу орындарына 6422 жас оқуға түссе, Торғайда екі кластық 2 училище және бір кластық 11 орыс-қырғыз училищесі білім

беруде, онда оқушылар саны – 600», – деп жазады «Дала уәлаяты газеті» және «Известия общества Археологии, Истории и Этнографии» (т. 18, вып. 6. с. 556). Бұл құжаттар мен деректер Ыбырай Алтынсариннің ұлтына сіңірген орасан мол қызметін дәлелдейді. Өсіп келе жатқан ұрпақ бірін-бірі баулып, бірін-бірі оқуға тартқан үлкен үрдіске айналған. Қазан университетінде оқыған (1895-1899) бидің ұлы М. Жасмағамбетов, сұлтанның ұлы К. Арынғазиев және 1900-1903 жылдары Қазанның мұғалімдік семинариясын бітірген И. Қарабаев, М. Қарабаев, А. Көгербаев, Ю. Ниязғалиев, М. Тунганшин, М. Сатбаев – барлығы Торғай облысынан білім алып шыққан 10 маманның алтауы сұлтан ұрпағы екен (*Интеллигенция. Власть. Народ.* с. 276-277). Осылардың қай-қайсысы да туған жеріне, еліне, қазақ ұлтына заманында қызмет етті. Мысалы, «Алашорда» ұлыларының қатарында Қазаннан білім алған С. Аманжолов, А. Бірімжанов, Б. Маметов, В. Танаев, М. Бекімов, М. Боштаев, И. Қашқынбаев, С. Нұралыхановтар Халық Советінің кандидаттары болса, олардың құрамында А. Алдияров, А. Иманбаев, Г. Ибрагимов, И. Тұқберлинов, Б. Жанқадамов, Г. Бердиев, Т. Есенқұлов, С. Әжігереев, Р. Мәрсекөв, С. Мангелдин сықылды жастар «Алашорда» жұмысына үлес қосқан екен («Жизнь национальности». 27. 02.09.1920). Ал Торғай облысы бойынша білім дамып, ұлт зиялыларының саны артқанын мына деректен көруге болады: «Тургайский областной съезд казахов (2-8 апреля 1917 года) высказался за демократическую, парламентскую и децентрализованную Республику» (*Мартыненко А. «Алаш-Орда». – Сб. документов, с. 27).*

\* \* \*

Арып-ашқан әлсіз елге не түрлі індет үйір болып жұтатып тастайды. Ондайды басынан талай кешірген қазақ: «Жұт жеті ағайынды, олақтықпен сегіз, салақтықпен тоғыз», – деп сақтандырған. Қанша қорғанып сақтанса да, шалғыдай орып түсетін оба, тырысқақ, күйдіргі, түйнеме, шешек, жегі, соз сықылды жұқпалы аурулар 1870-1880 жылдары малды да, адамдарды да жалмап кеткен.

Қазақ даласында миллиондаған мал қырылып қалған. Жегі, соз, сифилис, алапес ауруына шалдыққан адамдарды ертеде халық «Барсакелмес» аралына апарып тастаса, Ресей патшалығында жұқпалы аурумен күресу мақсатында арнайы комитеттер құрылып, жұмыс істеген. 1891 жылы Орал, Торғай, Ақмола облыстарында 29 малдәрігерлік пункт құрылып, 80 мал дәрігері және адам дәрігерлері қызмет істеген (Коропов В. История ветеринарии в СССР. – Москва, 1954 г.). Осы кезде Якут елінде алапес ауруы шығып, халықты емдеуге торғайлық ірі ғалым Мұқамбетжан Қарабаев барып қызмет істеп, елге оралғасын Жанкелдин отрядында, одан соң Бурабай курортында дәрігер болып ұзақ жыл қызмет еткен. Ал Қазан қаласындағы малдәрігерлік институтының түлегі, 1877 жылы оқуға түсіп білім алған М. Ақтанов Торғай облысының тумасы екен. Сондай-ақ 1881-1887 жылдары 15 студент малдәрігерлік мамандығын алып шығады. Атап айтқанда, Н. Рүстембеков, Ф. Имамбаев, У. Базанов, Т. Есенқұлов, К. Сермұхамедов сықылды би-сұлтандардың ұрпағы екен (69 ЦГА РТ, ф. 534. оп. 3. л.д. №2191, с. 4). Ғылым да, білім де қазақ даласына осылай аз-аздап жетіп жатты. Байлықтың бағыты білімге ауа бастады. Отарлық езгіге жаншылған ел озбырдың табанын жалаудан білім арқылы құтылып, қансорғыштықтан жан сақтаудың жолы ғылым-білім арқылы жалпақ жұртқа даритынын ұқты. Орыс, қазақпыз деп мың жерден бастас, қоныстас болса да, дүлейлерінің қорлығы бастан асып жатты. Одан қорғануға тырысып бақты.

\* \* \*

– Билікке жөнсіз табынудың қандай екенін біліп жүрміз, саясатты терең түсінбей шатасып алданатындар аз ба? – деді Арыстан.

– Ойсыздың ойына бой алдырып елітудің өзі сөкет, зияны тас төбеден дейсің ғой. Бәрібір айбар, дүлей күш әлсізді бүрсең қақтырмай тұрмайды.

– Бағындырушы қара халықты басқарудың оңтайлы амалын қайтсе де табады. Мемлекеттік машинаны тасталқан етіп, үлкен төңкеріс жасаған әрекетінің қатыгез,



қанды қырғынын, үлкен зобалаңын көзге елестетудің өзі қорқынышты ғой! – деп Арыстан алыстан ой тартуды күткендей еді...

Рас, Ресей патшалығының билеп-төстеген, емін-еркін жұлымын қырыққан зарлы күндер өтіп, Қазан революциясы халқымызды жарылқайды деген үн қалың елдің үмітін оятты. Жұрт бейсаясат деген жоқ, ел-елдегі бишікештер атқа қонды. «Лениндік партия жасасын!» деп жаңғырықтыра үн қатып, биіктікке қол созғандардың мұраты болып жатты. Орынбор архивіндегі «Степная правда» газеті саясат бағытынан талай сырды ақтарып тастады. 1921 жылғы 8 тамызда шыққан бүкілодақтық ОАК мен СНК-нің қаулысына сәйкес 1921 жылғы 14 қарашадағы НКВД-ның №448 инструкциясы бойынша бай-кулактардың мүлкін тәркілеп, жерін, байлығын түгел тартып алуды жүзеге асырған. Бай-кулактар бет-бетімен бас сауғалап қашып жатқан. Жаппай дау-жанжал, бетегеден биік, жусаннан аласа боп бұғып жүргендерін де аңдығандар алмай қоймаған кез-тін. 1922 жылдың 11 қыркүйегінде бүкіл қырғыздардың советтік съезіне 500 делегат қатысса, олардың 157-сі қазақ екен. Съезде аштыққа ұрынған адамдар саны 1 213 026 адам дегені 1921 жылдың желтоқсанындағы есеп болса, 1922 жылдың қаңтар айында ашыққан адамдар саны – 1 354 197, ақпанда – 1 625 386, наурыз айында – 1 714 327, сәуірде – 2 305 591 адам аштықтың қыл бұрауында екені айтылған. Денсаулық сақтау орындары бар болғаны – 9392, дәрігерлер жетіспейді, індет етек алу да делінген. Франция территориясына тең Адай губерниясында 270 000 халық есепте тұрады, бірақ медициналық көмек жоқ. «Степная правда» газетінің 1922 жылғы 17 қарашадағы санында: «1917 жылы Орал губерниясында адам саны 482 020 болса, 1922 жылғы аштық нәубетінен 247 457 адам қалған, яғни 48,8 пайызға азайған. Осы губернияда 1917 жылы мал саны 2 571 770 бас болса, 1922 жылы 307 535 мал қалған, яғни малдың 88 пайызы шығын болған, мемлекетке етке өткізілген. Бөкей губерниясында 1920 жылы 400 мың мал болса, 1921 жылы 195 000 мал қалған, аштықтан адам өлімі де көп. 1921 жылы осындай елдің күйзеліп аштыққа ұрынуына қарамастан, 400 мың

орыс эмигранты қоныстануға келген. 1922 жылы жетім қалған балалар саны 189 233-ке жетіп оларды орналастырып, өмірін сақтауда қиындықтар жетіп жатты. Съезге қатысқан делегаттар 11 450 соғыс, түрлі қақтығыстардан жараланған мүгедектерді де қорғау, оларға азық-түлік тауып берудің шаруасын айтқан. Тарих ғылымдарының кандидаты Зәкіратдин Байдосұлы 1922-1923 жылғы аштықта қазақ ұлты кем дегенде 800 мың халқынан айырылды деп дерек келтіреді. Бұны нақты дей алмаймыз. Орыстың ақын қызы Татьяна Невадовскаяның «Қазақстан трагедиясы» өлеңін тарих бетінен ешкім өшіре алмас.

*Көктем туып, бар тіршілік оянған,  
Қаумалаған қалың ойдан жеріп көр.  
Жер де, міне, жасыл реңге боянған,  
Көз алдымда... мұз құрсанған өліктер.*

*Кір-қожалақ, балақ биті басқа өрген,  
Бірақ оны елемеймін мен тіптен.  
Көрген сәтте сорлыларды босқа өлген,  
Ет жүрегім жүгірмей-ақ ентіккен.*

*Киімім көк, ашығуды білмеймін,  
Аш-жалаңаш бәрі-дағы олардың.  
Әйел, кемпір... нанға зәру тілдей бір,  
Соны ойласам, көкірегіме толар мұң.*

*Көрсетеді ол омырауын суалған,  
«Бір тамшы да сүтім жоқты» айта алмай.  
Құттай сәби құшағында қуарған,  
Сандалады ол үйіне бос қайта алмай.*

*Сұмдық сурет есте мәңгі сақталар,  
Айныдық па адамшылдық салтынан?  
Ашыққандар шөп-шаламды ақтарар,  
Табам ба деп, табам ба деп, жарты дән.*

*Нәсер шайып, жел кеулеген қар кете,  
Шөмелелер аштың көзін арбаған.*

*Түк шықпайды, жеткенменен әл кете,  
Шірік масақ тышқаннан да қалмаған.*

*Сорлы бала сабан астын ақтарып,  
Әлсіз қолға ілікті ақыр түйір дән.  
Қуаныштан өкіруге шақ қалып,  
«Сыбағаға» көз сүзеді бұйырған.*

*Жазығы не? Кімдер бүйтіп қорлаған?  
Туған жері өз елінде емес пе?!  
Қыз бала-ай тумай жатып сорлаған,  
Теңселеді үп етіп бір жел ессе.*

*Сүйектері шодырайған, тым арық,  
Іші деген кеуіп кеткен қампиып,  
Жас өскіндер түк көрместен қуарып,  
Кетіп жатыр өкінішті жан қиып.*

*Күздік қаулап шөп өскендей тасқа да,  
Қиқулаған құстың үні тынбайды.  
Балалардың ашыққаны масқара,  
Шыр айналды бұ қазақты мың қайғы.*

*Кім жіберді аштық деген пәлені?  
Кім жауапты? Білгім келер соны мен.  
Түйе мініп, атпен шапқан жан еді,  
Малын айдап, көшіп жүрген жөнімен.*

*Түгін қоймай сыпырды зой қастықпен,  
Болады екен осындай да сұм айла.  
Бүкіл жұртты қырып-жою аштықпен,  
Керек пе еді Аллаға, әлде Құдайға?*

*Азаптаудың ойлап тапқан нешесін,  
Есі ауысқан мигұла бір пақыр ма?  
Қойын-малын, киіз үйін, кесесін,  
Тартып алып отырғызғаны тақырға.*

*Қазақ түгел диқан емес, бақташы,  
Біле тұра ешкім жағын ашпайды.*

*Үйсіз қыста жанын қалай сақтасын?!  
Өлімге де мойынсұна бастайды.*

*«Қазақстан далалы өлке, тағы» деп,  
Табиғатқа жала жабу – мекерлік.  
Тартсаң да жұртшылыққа саны көп,  
Өнім-астық мол болды ғой, жетерлік.*

*Алқаптарда қадау-қадау сар сабан,  
Маржан бидай жөнелтілген қиырға.  
Аш-жалаңаш жандар әбден шаршаған,  
Бос алқапты айналдырды шиырға.*

*Малсыз қазақ – жансыз қазақ, қайрансыз,  
Аш-жалаңаш көрдік мұрдем қатқанын.  
Білмейді олар, Мәскеу жақта кей колхоз,  
Егін орып, астық жинап жатқанын.*

*Аштық жайын еске алудың өзі мұң,  
Шаншу сұрақ мазалайды: Неліктен?  
Бұл қорлыққа жетер қайтіп төзімің?  
Жер бетінде жүре алмайсың өліктен.*

*Көз алдымда тұрып алды көлбеңдеп,  
Сәбилердің аянышты бейнесі...  
Шәмелелер түбінде аштан өлген көп,  
Жел жұлмалар өрім-өрім жейдесін.*

*Аспан, міне, жарқырайды ап-ашық,  
Құстар сайрап, тырна қиқу салады.  
Аһ ұрғанмен арман, үміт адасып,  
Өз жолымен өмір көшіп барады, –*

деп орыстың дәрігері және ақын қызының жырлаған жүрекжарды зарлы үнін тарих еш уақытта ұмытпайды.

– Осы өлеңнің өзі аштық туралы қайғылы кино ғой, қандай аянышты кезең, – деді Арыстан.

– Ұлт болашағы – балалардың қырылуын әлемдік сотқа берсе, оған жүрегі дауалап, төуекел етегін табылар дейсің

бе? – десем де, арғы жақтағы ішкі ойым «Ой, қойшы деп әр түрлі себеп табуы ықтимал. Өткен заман өтті, сауық-сайранды кезең жетті, шүкір дер... Шүкіршілікпен ақылға жүгініп, кешірімді мінезді қуаттап келеміз...» деп басу айтады.

Жоғарыдағы жазба дерек бойынша 1 892 330 жетім баланың қаншасы өлді, есептеп үлгере алмаған да болар. Өйткені, аштық қырғыны алапат болса, Мәскеудегілердің иті май жемей жатты емес пе? Кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдарда-ақ қазақ елінің аштыққа ұрынуының себептері жетерлік. Өндірілген астық шетелге техника, құрал-жабдық алуға шығарылып жатса, тұқым қорына дейін Отанға тапсырыс деп зорлықпен жинап алғандығы белгілі.

Дүркін-дүркін оралған аштық қырғынын қарның тоқ, көйлегің көк, уайымың жоқ, жетіскен тұсында бір сәт ойға шомып көз алдыңа елестетіп көр? «1932-1933 жылдары аштықтан алты-жеті миллиондай адам өлді деуге негіз бар. Мұның үстіне 1,5-2 миллион кедей шаруалар масақ тергені үшін тұтқындалып кете барғаны, түрмеден өлі шықты ма, тірі қалды ма, толған сұрақты қосып көріңіз?» («Трагическая статистика». АиФ., №5, 1989 ж.) Жанымнан дәлелсіз шығарған дерек емес, құжаттардың құпия жазбасы осылай, – деп едім, Арыстан ойын толғап:

– Міне, осындай зұлмат жылдарда Шахан Мусиннің:

*Қайран елім, қарапайым қазағым,  
Тарттың, міне, ауру, аштық азабын.  
Налыма, күт... кезең берген тағдырың,  
Сыйлар екен тағы қандай мазағын?! –*

деп зарыққанын тарих бетінен ешкім сызып тастай алмас. Ойды ойға осылай жалғайсың. Ертеректегі бір жолсапарымда Кемерово қаласындағы архивтен біраз дерек тауып едім. Онда Батыс Сібір крайкомының бірінші хатшысы Әйхонның Сталинге жіберген телеграммасында: «Сібір өңірінде аштықтан іскен, қаңғырған қазақтар қаптап кетті, не істеуіміз керек? Көмектесіңіз!» – деген хаты өзіне «халық жауы» атандыратынын білді дейсің бе? Әйхо та-

лай қазақты жұмысқа орналастырып, жатақхананы баспана етіп жанын сақтап қалғанын білеміз. Оны архив құжаттары да растайды. 1989 жылғы 19 қыркүйектегі «Правда» газетінде: «Аштықтың себебі басқада, атап айтқанда, мынада болатын: Сталиннің басшылығымен колхоздағы, жеке қожалықтардағы астық түгелімен сыпырып алынды... Шетелге астық сату шектен тыс арттырылды. Колхоздар тұқым қорынсыз қалды. Сібірде, Поволжьеде, Қазақстанда, Солтүстік Кавказ бен Украинада аштық басталды деген шындықты қалай жасырасың?! Ауыл, елдің арасындағы қан сасыған адамдар өлігін жинап, көміп үлгері алмағанды қариялар айтып отыратын. Қырғынды көзі көргендердің сөзін қайтіп ұмытасың?! Классик жазушы Жиенғали Тілепбергеновтің шығармаларында қызын бір табақ етке, бір бөлше нанға сатқанын егіліп отырып жазып, өзі де аштан өлгенін ұмытамыз ба? «Степная правда» газеті 1921 жылғы 4 тамыздағы санында: «Қир-Совет Орал губерниясына сұраныс бойынша 250 мың пұт астық бөлсе, 120 мың пұт астық әлі керек. Аштықпен күрес қорында 50 миллион рубль бар, Орал губерниясы бойынша 29 детдом бар, оларға 5 мың жетім бала орналасты. Жымпиты ауданында 30 мың адам аш... көмек жетіспей жатыр...» – деп жазды. Бүкілодақтық ОАҚ мен СНК-ның (21.12.1922 ж.) қаулысы бойынша әрбір губернияда тұқым қоры құрылған. Мысалы, Ақтөбе облысы бойынша 10 000 пұт тұқымның өзі жеткіліксіз делінген. Газеттің осы жылғы 29 қарашадағы санында Қостанай губерниясындағы мал саны туралы салыстырмалы мәлімет бар: 1920 жыл бойынша жылқы – 306 373, түйе – 105 139, сиыр – 195 468, қой-ешкі – 609 374 бас. 1921 жыл бойынша жылқы – 113 718, түйе – 77 308, сиыр – 100 776, қой-ешкі – 213 634 бас. Оны газет 1917 жылғы мал басымен салыстырып, әрбір түлік түрі 80 пайызға азайғанын айтады. Қостанай губерниясында ғана осындай төзгісіз жай дейсің бе? Барлық губернияларда аштықтың аузын арандай ашқанын жеткізеді. Ал 25 800 шаруашылық, 49 мың шаруа қожалығы 1 500 000 гектар жерге егін егуге тиіс, оған тұқым қоры жетіспейді. Дүрбелең жайы қазақ елінде осылай қалың қайғы болғанын, Түркістан, Торғай

өңірлерінен тамақ іздеп Орынбор өңіріне шұбырған халықтың жолшыбай қырылып қалғанын түрлі деректерден байқайсың. Газет хабарында Лев Николаевич Толстойдың аштық туралы пікірі бар. Онда Ресейде 1898 жылы аштық болғанда, елдің азып-тозған кезінде не түрлі жұқпалы ауру тарағанын мысалдап, сақтандыруға меңзеп өтеді. Сол аштықта топырақты суға қайнатып, суын ішкендер аман қалыпты деседі. Газеттің 1921 жылғы 23 шілде күнгі санында Орынбор губерниясында тырысқақ жұқпалы дертімен 637 адам, барлық губерниялар бойынша 817 адам ауруға шалдыққанын тағы бір хабарда жазады.

Ауыр жылдарда «Қазақ» газеті де үнсіз қалмаған екен. Газеттің 48-санында: «Қазіргі қазақ мәселелерінің ең зор мәселесі – жер мәселесі. Бұл – қазақтың тірі, я өлі болу мәселесі. Бұл турасында түсініп жетпей, қателесіп, қазақты теріс жолға салғанымыз – 5 миллион адамның обалын мойнымызға жүктегеніміз», – деп ұрандаса, малынан, жерінің билігінен айырылған 1921-1922 жылдардағы аштықтан қанша халық қырылды, дөп басып ешкім айта алмас. 1918 жылы «Тургайская газетаның» 16-санында: «...Облыстық әкімдерге сенім жоқ, олар өздерін тым еркін сезінеді», – деп жазады тілші В. Наурызбаев. Еркін сезіну, жөнсіз зобалаң көп жерде лаңға айналды. Мал-мүлкін, азық-түлігін тартып алу белең алған. Басқа республикалардан көшіп келген орыстілділер шовинизмдік қаскөй пиғылын таныта бастайды. Мысалы, Қостанай ауданының «Броневик» кеңшарында БК(б)П-ның мүшесі Кочура ашыққандарға көмек астығынан қазақтарға 300 грамм, орыстарға 600 грамнан бидай бергенін ашына жазған дерек бар (ф. 13, оп. 2. 31-бет). Саясаттың дүмпуі қатты, оны жүзеге асырамыз деген көптеген әкімдердің әділетсіздігі қиындықтан көзді аштырмай, өмір сүруге еркін қадам бастырмай жатты.

Елде ақ байпақ киген, қару-жарағын асынған белсенділер халықтың соңғы үнеміне дейін қапысын тауып қағып түсіп жатқан кезде: «Бірден социализмнің жұмағына кіреміз десе, қария иегі кемсеңдеп: «Оған дейін бір жайлы болармыз, партия сәулетті болашақты орнатады дейсің-ау, сәулеті өзіңе бұйырсын, қолыңнан кел-

се нәубеттен құтқар. Бірді-екілі малымызды да үкіметке бердік, саясаттарыңа көндік, өлер жерімізге күліп баруға төндік. Құрманғазы айтыпты, патша жендеттері қырды не, табиғат апаты қырды не, қырылған қазақ қырылып жатыр деп. Енді отарлық езгіден өлдік не, партияның «рахатын» көріп өлдік не, өзекті жанға бір өлім екенін тездетіп көріп жатырмыз», – депті. Аштық он жылға созылып, 1932 жылы тағы да күшіне енген. Бұл екі ортада партия семсерлері қулықты ойлап тауып «Союзхлеб» дегенді ұйымдастырып, 1929 жылы 6 маусымнан бастап егін піскен бойда қамбаға құйдырмай, «Қызыл керуен» атандырып Отанға деп жөнелте бастаған. Күн сайын 7 мың 463 вагон толы астық қиырдан-қиырға, одан соң шетелге кетіп жатқан. Егер жоспарлы астықты тапсырмаса «Контр степных гигантов» деген қаулы бойынша түрмеге жаба бастаған. 1928 жылы Ақтөбе облысының кеңшарлары бойынша әрбір елді мекенде 40-50 диқан қалып, олар 70-200 гектарға ғана егін салыпты. Бұл облыстағы егіс көлемінің 50-60 пайызы екен. Өйткені көп шаруашылықтарда тұқым қоры болмаған. Бай-кулакпен күрес қызып тұрғанда, тәркілеудің топалаң көрінісінде Акулов, Гориенко, Огищенко және басқалары үкіметтің арып-ашыққандарына астық бергенше далада шіріп қалған астықты жасырған, олардан 5-6 тоннадан астық тартып алынған. Сол жылы 100 000 рубльге Жұрын элеваторы салынып, жиналған астықтың 80 пайызын Отанға жіберіп үлгеріпті. «Астық жинаудың мылтықсыз майданы жүріп жатыр», – деп жазады «Степная правда» газеті (1929 жыл, №25 (252)). Ал сол газеттің 29 (286)-санында: «...На вечернем заседании сессии ВЦИК 21 ноября были заслушаны доклады замнаркомфина т. Карпа, бюджет РСФСР на 29-30 годы составляет 159 миллионов 450 тыс. рубль...» деп халыққа қаржы беріп жарылқап жатырмыз демей ме? Бұл кезде қызыл жағалы, жырық етектерілердің өліп-өліп, өлім сарқытындай тірі қалған адамдарды түрмелерге жинап жатқанын Сталин сезді ме, болмаса оларға жігер-қайрат, айбат беріп желіктіре түскісі келді ме, газеттің 292-санындағы бас мақалада: «...В чистке Соваппарата неудивительно поэтому, что буржуа всех стран питают к ГПУ животную ненависть. Нет та-



кой клеветы, которую бы не распространяли про ГПУ. А это значит, что ГПУ правильно отражает интересы революций (Сталин)», – делінген. Көсем нұсқады, ГПУ айтқанын асыра орындады. Жоғарыдағы «Степная правда» газетінің 83 (290)-санында жазылғандай, терроршы кулактар үш ағайынды – Александр, Михайл, Андрей Пузанневті ОГПУ ұстап, он-он бес минут тексеріп, оларға Кеңес үкіметін құлатуға әрекет, астық дайындауға қарсы үгіт жүргізген деген айып тағып атып жіберген. Газеттің осы санындағы хабардың бірінде революциялық әскери кеңес басшысы Ворошилов жолдасқа «Астық майданы дайындаған вагондарды Ақтөбеден Москваға жөнелттік» деген телеграмма да кездеседі. Бұл газеттің 1929 жылдың 15 желтоқсанында жарыққа шыққан саны болатын. «Хлебный фронт» бойынша әрбір бес күн сайын 67 395 пұт астық дайындалып, Отанға жөнелтіліп отырған. Елде халықтың аштығын ескеру назардан тыс қалғаны өзінен-өзі түсінікті. Аштықтың бұғауы бұғананы үзіп жатса, не түрлі жыртқыштық оқиға да қылаң береді екен. Оған ОГПУ басшысы Кемердің Ақтөбе крайкомының жиналысындағы есебінде: «Батбаққара ауданында 1932 жыл мен 1933 жылдың ақпан айына дейінгі аралықта аштан 4781 адам өлген, өлім тыйылған жоқ. Азық жоқ. Аш адамдар көп. Ойыл ауданында 353 аштан өлген, 167 адам ашығып өлімші халде, шұғыл көмек керек. Ал Темір ауданында 566 жанұя адамдары аштыққа ұрынған. Көмек жетпеген. Торғай ауданының ауылдарында күн сайын 2-3 адам аштан өледі. Милициялардың тексеруі нәтижесінде үш адамды сойып, етін кашіге араластырып сатып тұрған жерінен Безматерный деген зұлым қолға түсіп, тергеу жұмысы жүріп жатыр. Батбакарин ауданында Қ. Абдрахманов, Ж. Ерғалиев дегендер қоймадан 160 пұт астықты ұрлаған. Ойыл, Табын, Темір, Ақтөбе, Ақбұлақ аудандарында үкіметке қарсы 107 бай, діншіл 10 адам елге іріткі салып жүр. Олардың 34 ұсталып түрмеге жабылды. Ақтөбеде Е. Қаналин «Союзплодоовощта» қызмет істеп, ұрлық жасап екі рет сотталған, мекеме бастығы коммунист Шілдібаев азық-түлік ұрлауға көмектескен. Олар да жазасын тартады», – делінген. Бұл есепке ОГПУ-дың облыстық бөлім бастығы Кемер және ОГПУ орынбасары,

СПО бастығы Бурдаков, Духовичтің қол қойған құжатын көресің (ф. 13. оп. 2. акт обкома 40391). 1921 жылдан бастап аштықта қырылған халықтың есебі туралы құжаттар сараң ашылады. Қызыл империя шу дегеннен улы тырнағын қазақ еліне батырып, онсыз да жартылай қырылған халықтың 1922 жылы жиналған жаңа егінінің 417 миллион пұт астығын салық есебінде тартып алған екен. Ауыл айтқыштары: «Айналайын үкімет, ажал бергеніңе шүкір ет, бетімдегі бес тесік үшін, жаныма біткен екі қолым үшін, артымда қалған ізім үшін, үйдің мұржасынан қисық түтін шыққаны үшін, қызыл жағалының қадірін ұққаным үшін, бір үзім нан таба алмай көзімнің шыққаны үшін, сүрінсем өле кетейін деп тұрған арса-арса түрім үшін, іштен тынатын үнім үшін, көретінім күн емес, қап-қараңғы қауіпті түнім үшін», – деп зарлаған халықтан 277 миллион сом салықты алтынға балағанға теңгеріп жинап алды. Соны орындаушы қызыл жағалылар ырқ-ырқ күліп: «Далада тышқан көп, соны аулап жесеңдер өлмейсіңдер, итті, мысықты жеп тауысыпсыңдар. Көлдің балығы үкіметтікі, оны ұстауды байқаңдар. Айтпақшы, мия тамыры, дән араластырған көк сабан, борық, доңызқоға түйнегін, тары кебегін, атқұлақты – бөрі-бөрін теріп жесеңдер, борсықтай аппақ боп семіресіңдер. Ақылды, іскер әйелдер адал шөп түрлерінен отыздан астам тағам дайындап, жанұясын аштықтан аман сақтап жүр. Өлмейсіңдер, ең бастысы, әлемді жақсылығымен жарылқайтын үкімет өлмеуі керек», – деп кейбірі үгіт айтпады деймісің. Сонда сақалын тарамдаған қарияның: «Далада тышқан құрыған. Тышқан аулау, терісін мемлекетке өткізу науқаны нені қойсын?!» – деген сөзінің жаны бар. «Актюбинская правда» газетінің (18 және 26 наурыз, №6, 12. 1932 ж.) сандарында: «Қазақстан 4 миллион штук тышқан терісін дайындауы керек. Әсіресе жеті ауданда тышқан мол. Торғай және Ақтөбе аудандарының құмды өңірлерінен тышқанды ерте аулап, жоспарды асыра орындауға болады», – дей келіп: «Облыста сүт өнімдерін дайындау наурыз айында 51 862 центнер ғана, бұл аз, сиыр қысыр қалған ба? Облыста көктем егісіне тұқым қоры 15 пайыз ғана, жұмысшы күші де жетпейді. Облыста 109 кеңшар бар, оларға Москва (РОСТА)

дәнді дақылдың тұқымын жеткізуі керек еді, әлі күнге тұқым келген жоқ. СССР қаулысы бойынша Қазақстанға 107 000 тонна, оның 49 000 тоннасы бидай тұқымын Мәскеу жеткізуді жобалаған. Бірақ 5 наурызға жоспардың 5 пайызы ғана орындалып, шаруашылықтар тұқым қорынсыз отыр», – дейді. Міне, халықтың өзі өндірген азық өнімін үкіметке деп жинап алып, шаруаның қарбалас уақытында көмек болмаса аштықты әдейі ұйымдастыру демей не дер екенсің? Қатайған қатыгездік жасырын түрде, қанішер зұлымдық заңдастырылған белгісіз күйде жүргізіліп жатқанда, аққу ұшып, қаз қонатын көлде балық жоқ, даласында тышқан жоқ, туған жердің ылдиды мен өрі, сай-саласы, жазық даласы өлікке толды. «Жүдегенді демеп, жылағанды жұбататын үкімет қайда?» деген зарды қызыл жаға тыңдар ма? Тірлігіне үнемдеген азығын тонайды, алдымен заң осылай деп айтады. Үгітке көнбесе қызыл жаға мылтыққа жүгінеді. Бермесін тартып алады. Сорлы халық «Ажал тау сыртында деп жүрсек, ту сыртымызда, іштен шыққан ұрпағымыздан болғаны ма?» деп естен танады. Елдегі ақыл иесі қариялар: «Аштық: «Қайдан табайын?» – дейді. Қайғы: «Мұңымды кімге шағайын?» деп тынады. Тірісінде бір-бірінің етін жесе де, сүйегін далаға тастамайтын халық дала толған өлікті, қала толған өлікті жерлеп үлгере алмағанын естігенбіз», – деп отырушы еді. Осы қалың қайғыны Қазақстанның Орталық Атқару Комитетінің тұңғыш төрағасы өрі аш халыққа жәрдем ұйымдастыру жөніндегі комиссияның төрағасы Сейітқали Меңдешев Бүкілодақтық Атқару Комитетінің төрағасы М.И. Калинин мен Ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.В. Сталинге халықты аштық қырғынынан сақтауды айтып үсті-үстіне хабарлап көмек сұрайды. Еділ бойындағы аштыққа ұрынған деп 23 миллион халықтың біразын қазақ жеріне қоныс аударуға шешім шығарып, олардың көшіп келіп кейбірі әлсіздерді тонап, талап зәбірлеп жатқаны, қазақ еліндегі аштықтың үлкен нәубетке айналғанын, кейбір ауыл түгелдей қырылып қалғанын, 460 мыңнан астам бала қамқорлықсыз қаңғып, біразы өліп жатқанын баяндайды. 1922 жылғы 25 шілдеде С. Меңдешев басқаратын комиссия атынан: «Қазақстанда

аштық ұлғайып шегіне жетті. РКФСР-дың орталық органдарынан ашыққандарға жәрдем көрсетуді сұраймыз, босқындарды қабылдауға мүмкіндік жоқ, келгендерін кері қайтарып алуды өтінеміз», – деп дабыл қаққанға ешқандай көмек болмаған. Бұл деректерді де тарих жоққа шығара алмас. Сол кезді есіне алған есті қарияның бірі: «Мәскеуде адамның қанына отырмаса дерті жазылмайтын антұрғандар отырған шығар!» – деп түңіліпті деседі. Әлді адам әлсіздің етін жеп жатқан оқиғаны жоғарыда айттық. Бүгін не ертең өзім де өлемін-ау дегендердің бір өулиеден жұмақ пен тамұқтың рахаты мен бейнетін сұрай берген соң:

– Асықпасаң, жұмағының да, тамұғының да қызығын тездетіп өзіміз көрерміз, – депті. – Қан су емес, жас емес, жүрек сорлы тас емес, бірақ тарихта әрбір көсемнің өзгенің көзіне көрінбейтін жетекшісі болады. Егер ол тасжүрек Ібіліс болса, халықтың қаны судай шашылудан кенде болмас, – деп ақын жүректі өулие жер шұқыпты. Ел еңсесін көтертпей есалаң қалыпқа түсіріп, үрейлі халықты басқарудың жолын тапқан сталиндік заманның 1921 жылы «Петроград жауынгерлік ұйымы туралы іс», осыдан кейін арасын суытпай «Әсерлер процесі», одан кейін мылтықты кеудеге тақап, қылмыскер жаппай атылсын деген ұрда-жық үнмен «Шахтинский процесі», «Промпартия ісі», «Меньшевиктер процесі», «Тухачевский ісі», «тексіз космополиттер», «соттан тыс органдар», «әйгілі үштіктің ерекше процесі», сайып келгенде, мұның бәрі тырс етсең тыраң еткізетін, кеңірдегіңді алмаспен қиып, о дүниеден қылаң еткізетін, қалың қайғы-қасіреттің зардабы қанша ғасыр өтсе де ұмытылмайды. Жоғарыдағы істерге байланысты деп ұсталғандардың көбін үштік он-он бес минут қана сұрақ-жауаппен істі жауып, атуға үкім шығарып, жазаны өтей салғандығы туралы деректер жетерлік. Сонымен, аштық отыз екінші жылдарға ұласты делік. Сол екі ортада Қазақстанда 1928 жылы 27 тамызда «Байлардың шаруашылығын конфискілеу туралы» декрет қабылданып, 630 бай тәркіленіп, олардан 140 000 бас мал тартып алынды. Сүргін кезеңдерінде 37 миллиондай малдан айырылу халықтың тірлігін обадай

опырып кетті. ОГПУ-дың 1933 жылдың 6 қыркүйектегі өлкелік кеңес хатшылығына тапсырылған хатта (ф. 13. оп. 2.): «Батбаққара ауданындағы 70 ауылдың 18-і қалған. Бәрі өлген. №1, 3, 5, 6, 7 ауылдарда адам етін жеу, өлген ит-мысықты жеп өлу фактісі бар. Темірде 30 адам өлген. Екінші ауылда ашыққандарға көмекке бөлінген астықты бай Айманқұловқа берген. Қылмыстық іс қозғалды... Бірғыз ауданында 60 адам аштан өлген, ашыққандарға дер кезінде көмек жетіспей жатыр... Екінші ауылда Дүрия Сүлейменованың төрт баласы бар, күйеуі өлген, бір қысыр сиыры бар, аштыққа ұрынған. Бір пұт тары бергіздік. Ол қаншаға жетеді?! Қарақұмдағы 35 шаруашылықты мекендейтін кедейлер аш, Жаңаталапта ТОО құрылыпты, бағымдарында 128 жылқы, 113 түйе бар, басқадай азық қоры жоқ. Сегізінші ауылда сельпо бастығы Ұзақбаев атқамінер, інілері – Танманбет, Бекманбет, Кеуімбет болып «біз үштікіміз» деп әлсіздерге зәбір көрсеткенін анықтадық. Ауылдардың бірде-біреуінде дәрігер жоқ. Ауру, түрлі індет бар», – делінген. Бұл – ОГПУ-дың бір ғана жолсапарындағы обкомға жазған құпия хаты. Бұдан талай ауыл-аудандарда аштық белең алған қалпынан тоқтау таппағаны байқалып тұр.

\* \* \*

Ұлтымыздың ойшылдары, даналары, біліктілерінің қай-қайсысы болмасын, дербес мемлекет болуды, басқа республикалармен экономикалық қарым-қатынас арқылы дамуды көздеп, сол жолда күрескендігі де белгілі. Олар қырғыз-қайсақ деген сөзден құтылып, РКФСР құрамында болса да Қазақ Автономиялық КСР-ін құру мақсатында 1920 жылғы 26 тамыздағы Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті мен РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің декреті бойынша әкімшілік-аумақтық шекара, қаржы, техникалық құралдар, басқа да толып жатқан істер тетігін белгілеген болатын. Оған Т. Рысқұлов, С. Қожанов, А. Байтұрсынов және басқаларының құнды ұсыныстары, қосымшалары тапсырылған. Бұған И. Сталин көнер ме? Егер Кеңес Одағына, бір партияға, бір ұлтқа негізделіп құрылмаса, лениндік идея да жүзеге аспасы

белгілі. Сондықтан Сталин ұлтшыл, солшыл, оңшыл деген сықылды саяси астар беріп басқыншылық тәртіпті нығайтпаса, онсыз да мешеу елдер бет-бетімен түйе айдағандай болады деп түсінбеді деймісің. Сондықтан Сталин: «Қырғыз партия ұйымдары ұлттық саясат негіздерін жете меңгермеген және оны практикада бұрмалайды», – деп бір тәртіптеп алса, 1923 жылы ГПУ-ға Алашорданың қызметінде нендей шикілік барын тексеруді тапсырып табыстайды. Көсем айтты, жүз пайыз орындалады. «Степная крестьянская газетаның» 154-санында, 17 наурызда Орынбор қаласының облыстық съезінде: «...На съезде стоял вопрос о форме будущей власти. Комиссар г. Оренбурга Букейхан, призывал голосовать за конституционную монархию», – деген сықылды мәліметтерден Сталин хабардар емес дейсің бе? Сөйтіп, Кеңес Одағында 1927 жылы қуғын-сүргін басталды да кетті. Онсыз да аштықтан еңсе көтермей, қырылып жатқан халықты осы кезде де түн ұйқысынан шошытатын үрей кезді. Ерлі-зайыптылар түнде ұйқыға жатар алдында таңға тірі шығамыз ба, жоқ па деген күмәнмен бақиласып жататын-ды. Тарих ғылымдарының кандидаты З. Байдосов 1922-1923 жылғы аштықта қазақтардың 800 мың адамы қырылып қалды деуі, қандай деректен алса да, тым аз деп жоғарыда айттық. Өйткені, ол кезде халық саны да нақты емес және далада босып, қырылып қалған адамды кім санап көмді дейсің?! Сондықтан екі-үш жылға созылған аштықта кем дегенде екі миллион адам аштан өлген болуы әбден мүмкін.

«Степная правда» газетінің 1929 жылғы 48 (255)-санында төмендегіше мәлімет бар: Ресей соғыстарда халқының екіден бір бөлігінен айырылды, 1 миллион 700 мың адам өлді, 300 мың адам жараланды, 500 мың адам шетел тұтқынында өлді. Германия 67 миллион халықтан 65 миллионға азайды, Австро-Венгрия 52 миллион халқынан 49 миллионға, Франция 39 миллионнан 35 миллионға азайды. Соғыстың үш жылында Англия, Франция, Германияда өлім 7,11 пайызға өсті. Бірінші дүниежүзілік соғыс зардабы осындай болуымен қатар, жер шарында испан тұмауы 12 миллион адамды жалмап кеткендігін газет жазады. Мұндай адам шығыны қазақ елінде де болды ғой. Ис-

пан тұмауы да талай қазақты ажалынан бұрын о дүниеге өкеткенін бабаларымыздан қалған сөздер нақтылай түседі. «Жылың тұман болсын, ауруың тұмау болсын» деп қарғаса, енді бір сөзін «Тұманның соңы жұт, тұмаудың соңы құрт» деп түйіндеген. Осындай аумалы-төкпелі кезеңде халық зарын шексе де тірілері болашақтан үмітін үзбеді. Кеңес үкіметі жарылқайды деген сенім мықты еді. Капиталистік қоғамнан көрген зәбірден түңіліп, буржуазиялық саясатқа жиіркенішпен қарады. Оған дәлел ретінде газеттің 1929 жылғы 22 тамыздағы санында жарық көрген М. Горькийдің «Если вспыхнет война» мақаласындағы: «Фашистердің «стальной шлем», «война родит героев», «бесстрашные люди» сықылды Американың сақтандыру ұйымы 1913 жылы ұрланған мүлік үшін 2 миллион доллар төлесе, 1927 жылы 17 миллион доллар төлеген. Банды мен ұрыларды мұндай ынталандыру, мемлекеттің сақтандыру қоры арқылы қаржыландыру буржуазияға тиімді әрі өте керек...» – деген ойын алға тартамыз. Демек, Кеңес үкіметі мұндай бандылар мен ұрыларға жол бермей, заңмен қатаң жазалайтынын санаға жеткізіп отыр. Газет 25 қарашадағы санында 33 кулактың 1000 пұт астықты халықтан жасырып, тығып қойған қоймасы табылғанын жазады. Демек, ұрлықпен күрес бастау алғанын оқушы түсінеді. Аштан өліп жатқандар обалымызға бай-кулактар қалып отыр деп ұғынады. Көп ретте өзі солай болғаны анық та шығар. Өмір-тіршіліктегі, ғаламдағы, бүкіл әлемдегі түрлі-түрлі өзгеріс бір елден екінші бір елге ауысып, жаңарып немесе азып-тозып жатпай ма? Кеңес Одағы бірегей біртұтас әділетті мемлекет атанып, дүлегей айбарын әлемге танытқан тұста еркіндік аңсаған халықтың бас көтерулері жиі екенін газеттің хабарларынан білеміз. «Степная крестьянская газетінің» 1927 жылғы 30 тамыздағы 142-санында электр столына отырғызылып, өлім жазасына кесілген Ванцетидің ұлы Саккоға: «Сенің өкең – қылмыскер емес, әлемдегі таңдаулы адамдардың бірі, еркіндік аңсаушы, адам құқын қорғауды заңдылықпен шешуді талап етуші. Өкеңнің адалдық жолындағы ісі жұмыр жердегі қорланушы халықты оятады! Сау болыңдар, еркіндік аңсаушылар, сау болыңдар, әйелім,

балаларым, достарым!» – деген сөзі бар. Кейін Сакко да электр столына отырғызылып өлім жазасын тартады. 28 тамызда әлемнің түкпір-түкпірінде Сакко мен Ванцетидің жерленген күнінде ереуіл толқулары болғанын жазады. Олардың есімімен талай көшелер аталады. Еркіндік туын көтергендерді өлім жазасына кескендерге қарғыс айтылады. Газеттің осы санында хабарланғандай, КСРО ОАҚ-нің сессиясы 1927-1928 жылдың бюджетіне 6 миллиард 88 мың рубль қаржы бөледі. Бұл қаржы еркіндік аңсаған елдің қажетін өтеді ме, өтемеді ме, оны уақыт тарихтың қараңғы қойнауына жасырды. Ақпарат құралдарындағы хабарларда Арал балық зауыты 500 000 центнерден балық өндірсе, оның өнімі де аш-жалаңаштардың өмір-тірлігіне бұйырмай, Отанға жөнелтіліп жатқан көрінеді. Жоғарыда Еділ бойынан қазақ еліне 23 миллион халықтың біразы жер аударылуын Сталиннің бұйрығы екенін айттық. Оларға азық-түлік, үй жағдайлары құпия тапсырыстармен нәтижелі қаралса, жергілікті жерлерде олардың тарапынан үстемдік, тартып алу, тонау, түрлі ұрлық, зөбір көрсетулер байқалып жатқан. «Актюбинская правда» газетінің бір санында: «Жетіқара ауданының РПС мекемесінің бастығы Молчанов: «Егер жұмыс істей алмасаң, аштан өл! Өлігіңді итіме жегізем!» – деп қазақтарды қорлады», – деген ақпар бар. Шовинизмдік көзқарас басқа жерлерде де байқалған. Аштық, зорлық-зомбылық, ар-намысты қорлау, өлімші ету, мазақ, түрлі жазалау сықылды дүмпуге шыдамаған халықтың наразылығы күшейіп, ақырында 1929-1932 жж. аралығында 372 көтеріліс болғаны аздап айтылады. Бұл толық зерттеуді, шындықты келер ұрпаққа ашық жеткізуді талап етеді. Орыстілділердің қазақ жеріне қоныс аударулары толассыз жүргізіліп отырған. Мәселен, Ақбұлақ ауданына 388 жанұя көшіп келісімен, билікті қолдарына алып, шаруашылықтардың азық-түлігін, мал-мүлкіне қожалық етіп, жергілікті қазақтарды шеттете бастаған (ф. 13. оп. 2. 31-бет). Осындай қорлық ереуіл, көтеріліс туғызбай қайтеді?! «Ұра берсең жылқы да шам шығарады» деп еркіндіктің нақты жолын аңсаған ұлт көсемдері Сакко мен Ванцетидің есімдерін тарихымызға алтын әріптермен жазу керек-ақ. Қызыл жендеттердің



жылтырақ саясатына малданғандар мен тесік құлқынын, орынтағын күйттегендердің шындық айтуға батылы жетпей, қайта ұлттың даналары мен ұлы тұлғаларын түрмеге тоғытып, атып, тіпті тұқымына дейін жойып жатты. Саясаты қарапайым халықты қолдау емес, қорлауға айналды. Оған дәлел сол, 1920 жылы елден аластатылған Әлихан Бөкейханұлы, Жаһанша Досмұхамбетұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұстафа Шоқайұлы және барлығы 47 адамға сот болып әр түрлі жаза алса, 1937-1938 жылдары «Алаштың» көш бастар көсемдері «халық жауы» деп атылып кетті. Халқымыздың данасы Ахметті жоқтаған ақын Уәлі Беспақұлы:

*...Айдарлым тұсті азапқа,  
Болатын тұтқа қазаққа.  
Ахметке қол салу –  
Көрсеткен бізге мазақ па?*

*Кетсем де белден тозағым,  
Досыма қолды созамын!  
Ахаң мен Жақаң айдалды,  
Кімнен мен сірә озамын?!*

*Өзіме-өзім оқ аттым,  
Өсекті қардай бораттым.  
Осылай жүріп мен сорлы,  
Абыройымды тонаттым, –*

деп зарлаған толғауы халық жадынан ұмытылар ма? Сталиндік зұлматты кешіре алар ма? Торғай екеш торғай да ұясын қорғайды, қорғанышынан айырылған ұяда не қалады?! Жылан жатады өз інінен безінген. Ұяға қайтып келіп қонақтайтын құсты аңдиды. Жылан ылаңы да құпия. Сол сықылды ессіздік, үрей, қорқақтық, сатқындық кеуделерге бір ұяласа, одан еркіндікті, азаттық ойды, ақылды сұраудың өзі қиянат. «Жатыпатар жалбаңбайым» деп іштен тынып күпінді бүркеніп, ажал қашан келер екенсің деп бүк түсіп жатасың. Халық аузында «Сужүректік... түбіңе сол жетеді, өлім, үрей – ағайынды екеуі» деген

мәтелге айналған сөз қалды. Оны түсінгендер күрсінер, түсінбегендерге бөрібір. 1931 жылы Батбаққара ауданында 46 246 жанұя болған, тәркілеу, тартып алу дүрілдеген тұста қару асынғандардан дірілдегендер малдарын сойып, етін жерге көміп, өзен-көлге тастап, қорқыныш-үреймен жаппай аштыққа өздері ұрынған. «Оқтаусыз мылтық та атылады, пышақты кезенбе» деп суық қару ұстамаған қарапайым халықтың өз ажалынан бұрын өлгендерінен 1932 жылы 12 884 адам тірі қалғанын, олардың иелігінде бар болғаны 8597 мал қалғанын айтып, аудан хатшысы Ибрагимов пен аудандық кеңес басшысы Торғаев амалсыздықтан жұқарса, оны кім тыңдапты?! Қарапайым есепке жүгінсек, 46 246 жанұяның әрқайсысында 4 адамнан болды дегенде, 184 874 адамның аштан қырылғанынан қалғаны 12 884 болса, ажалынан бұрын өлген 171 990 адамның обалы кімге? Қызыл жендеттерге ме? Бөрібір бір өлім деп, қайраты барлар көтеріліс жасамай қайтеді?! Бұл бір аудандағы, бір кезеңдегі қанды қырғынның көрінісі болса, қазақ еліндегі көптеген аудандарда қаншама халықтың қырылғанын айтып жеткізу қиын шығар. Өйткені шындықты айту мылтықтың қарауылына ілдірген қауіп-қатерлі кезеңде әркімге жан төтті. Бір күн болса да көрер жарықты қимау баршылық. «Кештік өмірің болса, түстік мал жи» деген қазақы пиғыл және бар. (ф. 13. оп. 2. 5 февраля, 1933 г.) Социализм, адамдарға жасалған қатыгез сынақ ерте ме, кеш пе, капитализмге айналып соғар деушілер де табылған шығар, ертеңін болжайтын естілер болмады деймісің. Голощекиннің нұсқауымен Сталиннің келісімі бойынша 1930 жылы 20 ақпанда Орталық Комитеттің: «Экономикалық жағынан артта қалған ұлт аудандарындағы коллективтендіру және кулактармен күрес туралы» қаулысын орындау мақсатында белсенділер жойқын зұлымдықты танытып, сүргінді бастаған. 1932 жылғы 7 тамызда Қазақстаннан қазақтарды тазарту үшін колхоз мүлкіне қол сұққан адам ату жазасына бұйырылатын болған. Мұны естіп үрейленбей, зәрең зәр түбіне кетпей көрсін. Қостанай ауданының Қызылжар ауылдық кеңесінің бастығы Жармұхамбетовтің жанұясы да көппен бірге аштыққа ұрынса, үрейлілік емей

немене? Ал Шалқар ауданы хатшысының мына хаты: «Шалқар ауданының 18 ауылында 58 шаруа, 733 адам «Нан бер, тойындыр, жұмыс жасаймыз, егін егеміз!» деп отыр. Ауданға БК(б)П крайкомының және КСНК-ның 1931 жылғы қаулысы бола тұра ашыққандарға көмек, азық жеткізу бес-алты айдан бері болған жоқ», – деген мәтінмен обком хатшысы Жармұхамбетовке, облысполком бастығы Ивановқа тіреп жазылыпты (ф. 85. оп. 1. 41-іс, 1932 ж.). Мұндай зобалаң, топалаң қырғында алдымен кісілігі мықты, ажалдан бұрын адалдығын ойлайтын елдегі жақсылар өледі. Халық сүт бетіндегі қаймағындай ардақтыларынан айырылғасын, сүм-сұрқия, жағымпаз, қорқақ, сатқын, қаскөй ойлы, өсекшіл ойсыз, есалаң ессіздер, дәрменсіз дәлдірлер көбейіп, ұлттың қадірі кете ме деп ойлағандар да болған. Дағдарған елдің саналы адамдары бүйте берсе азғантай ұлттар да жойылып кетер деп күмәнданбады деймісің. Көтерілістердің шығу себептерінің негізі «қарынның ашқаны емес, қадірдің қашқанына» тұяқ серпердей сүс көрсету болды ма? 1920 жылдары КГБ-ның қарамағындағы ғалымдар адам миындағы ақыл-есті, кісілікті жоюдың тәсілін тауып, тіпті адамның қабырғаларын титаннан жасатып, сезімсіз, тасжүректілікті құпия дайындап, іске асырып жатты. Қылмысы жоқ дегендерді ұрып-соғып, әбден қажытып, одан соң бір стақан химиялық қоспасы бар су ішкізіп, тергеуші не айтса соны қайталантқызып, қылмысы жоқ болса да қылмыскермін дейтіндей амалды да жүзеге асырды. Ал ірі ғалым Иванов негр әйелдің жатырына маймылдың ұрығын жіберіп қолшоқпар, аяусыз адамды дүниеге әкелмектің жұмысымен айналысты. Мұның бәрі тек Кеңес Одағының халықтарын ғана емес, әлемді үрей арқылы жеңіл басқарудың жолдары, жоспарлары емес пе екен?! Білікті ұлыларымыз қырғынның себептерін болжап, одан құтылудың жолын таппай дал болғаны анық.

Аштық қазақ елін бүтіндей қаусатып, үрерге ит, тігерге тұяқ қалдырмай жатқанын біле тұра, Мәскеудің тапсырмасымен көшіп келушілер тоқтамаған. Ақбұлақ, Қостанай және басқа елді мекендерге Ресейдің орта Волжский облысынан 3777 жанұя, былайша 13 427 адам

көшіп келген. Оларға бірден 3500 пұт астық бөлініп, үй жағдайына орналастырылған (ф. 13. оп. 1. 1932 ж.). Осы папкіде Тұрыстай, Жалмұрат, Бекмұрат Тынышбаевтар губернияның Адам ауданында тұрып, Орск қаласына көшіп кеткен байлар «Қазақстан керек емес, қорлау, өлу, не түрлі зәбірлеуге шыдамадық. Патша кезінде қалай жақсы тұрдық, Орскіде солай өмір сүреміз» деген сөз қалдырыпты. «Мал-мүлкін төркілеуге үлгермедік», – деген ОГПУ бастығы Титов пен СПО бастығы Духовичтің қол қойып, обкомға тапсырған мәліметі де, оған қоса «Торғай ауданында күніне 25 адам аштан өледі, Обаған ауданында 300 адам өледі, Батбаққара ауданында – 585 адам, Семизорда – 10-15 адам, Ойыл ауданында 181 адам аштан өлген. Меңдіқара ауданында екі айда халқының елу пайызы ісіп-кеуіп кеткен, өлім алдында», – деген ақпаратты да ОГПУ хатқа тіркеп көрсеткен. Азық көмегі жоқтығын айтқан. Мұндай хат-хабарлар Мәскеуге дейін жетіп жатқан. Бірақ тым-тырыс, үнсіздік, аштықтың лаңына тоқтау салып, көмек беруді Мәскеу қаперіне де алмаған. ОГПУ-дың шындықты айтып, шала бүлінуі де саясаттың мың қатпар қулығы деуге саяды. Өйткені, ашыққандарға көмек көрсету үшін адамдар жіберіп, жай-күйді нақты анықтадық, бай-кулактардың зымияндық әрекеті бойынша қылмыскерлерді түрмеге жауып, шара қолданып жатырмыз, социализмнің адал ісін бүлдіргіштерге жол бермейміз дейтін деректер көп. Айта кетелік, аштық 1934 жылға дейін тоқтамаған (ф.13. оп. 3. 1934 ж., 11-20-п.). «Ырғыз ауданында, – деп жазады аудандық партия комитетінің секретары. – 120 адам аштан өлді. Екі жетім балалар үйінде – 470 бала, Ырғыз интернатында – 300 бала бар. Оларды азық-түлікпен, киім-кешекпен қамтуға жоспар бойынша 419 039 рубль керек болса, алғанымыз 54 372 рубль. Тұрмыс ауыр, аш-жалаңаштыққа көмек жетпей жатыр... 1931 жылы 13 ақпандағы «Степная правда» газетінде жарияланған Голощекиннің баяндамасында: «...Астық дайындау компаниясында республика бойынша 182 аудан жоспарларын орындай алмады. Ет өндіру майданында да кешірімсіз кемшіліктер жетерлік, 1 апрельден бастап 700 000 тонна ет дайындап Отанға

жөнелтуге тиістіміз», – делінген. Революцияға дейін әр үйде 40-50 мал болса, кедейленіп аштық ауырлығын тартып, аман қалған үйлердің әрбірінде бірер бас мал қалғаны анық. Оны да белсенділер тартып алмай тынбаған.

\* \* \*

– Аймағамбет әкеміз түбінде бәрі жақсы болады деп, қиындықты сезінбегендей болушы еді. Күс-күс қолын уқалап отырып жалғыз биені аман сақтасам деп арман қып іштей тынатын. Сосын жаман-жұман киімдерін реттей бастайтыны әлі көз алдымнан кетпейді, – дейді Арыстан. – Ауылда өлім көп, жетісіне кемі екі адамды жерлейді. Қанша мұңайса да сыр білдірмейді. Жекендіде ірі тұлғалы, қайратты Айдос деген болды. Кісі өлсе сол қайрат көрсететін. Қыста жердің тоңы күрек бойынан асады, үш-төрт адам қабір қазғанда қатты қиналады. Шаршағандары: «Біздің Айдос тоңның жігін біліп қоарады», – деп мақтап қояды, ақкөңіл Айдос соған мәз бола ма, тоңға лом темірді ұрып қадап, кіршілдетіп опырып береді. Әйтеуір бір жеті сайын кейде үш, кейде төрт адам өліп жатады, оны орап көмегін мата да жоқ, кейбір әйелдер екі көйлегі болса біреуін береді. Өлікті қазақша жерлеу тәсілін үйренсін дей ме, көбіне ер балаларды молаға ертіп апарады, – деп Арыстан заман қайғысын булығып айтқанда ішім алай-түлей болады. Жұрт өліп жатыр екен, халықтың қырғыны көп екен деп уақыт бәрібір күтіп тұрмайды. Жаратқан өз билігін өзі біледі, тек адам баласы ғана қысқа ғұмырында өзгелермен қырқысып, пендешілікке салынады. Сүт бетіндегі көбіктей әр күн жоғалады, қайта оралмайды. 1932 жылы қазақ елінде бар болғаны еңбекке жарамды 657 000 адам делінсе, аштықтан қанша халықтың қырылғанын оп-оңай есептеп шығаруға болады. «Актюбинская правда» газетінің 1932 жылғы 4 қазан күнгі санында мектептерде – 927 000 оқушы, техникумдарда – 38 000, жоғарғы оқу орындарында – 9500 жастар оқыған деген дерек бар.

– Ана дүниеге бала әкелді – ел қуанды, өлді – жер қуанды. Өмір мәнін осылай түсінер едің, бірақ зұлым күшті қайтесің? – деді Арыстан күрсініп.

– Бүлдіріп, тас-талқан еткен жаулықты жойып, жаңасын жайнатамыз деген ұран бар емес пе? КСРО Халық Комиссарлар Советі мен БК(б)П Орталық комитеті және КСРО Наркомземі 1932 жылғы 5 сәуірдегі қаулысында: «1480 совхоз ұйымдасты, онда 2,5 миллион ірі қара, 4,7 миллион қой-ешкі, 850 мың шошқа өсіріледі», – деп жазады. Бұл жойылып кеткенді қаншалық жаңарта алады? Белгісіз. Ақтөбе облысы бойынша егістікке дән себу 9 пайыз орындалған, тұқым қоры жоқ, жұмысшы күші жетіспейді. Облыс бойынша 65 000 тонна ет дайындалып Отанға өткізілген. Елдің жаппай аштыққа ұрынуын ойлап, азық қорын сақтау мәселесі айтылмайды. Зұлымдықтар деректерден көрініп тұрса да, барлық пәле бай-кулактардан деп із кесіледі. «Жетіқара ауданындағы Ворошилов кеңшарының байы құл ұстаған, 300 ірі қарасы бар екен. Кеңшардың жылқысын ұрлап малына қосып алған, 20 центнер шөп, біраз астық ұрлаған фактілері анықталды. Үкіметке қарсы үгіт жүргізіп, елден қашып көшіп кетпекші болған екен. Қылмыстық іс көтерілді», – деп жазыпты құжатта.

– Пенде үстемдік иесі болсын, басқа болсын, көбі кінә кемшілікті өзінен іздемей сорлайды. Бір зауалдың, үлкен нәубеттің орны мың жылда да толмайды, қазақ ұлтын текті сапасынан айырған зор қайғы ұмытылар ма? Сегізінші атадан бастап қыз беріп, қыз алатын бабалар заңы, тектілікті сақтау ғылымы – дала құдіреті болған бірлік көзден бұл-бұл ұшып, асылынан айырылып, жасығы қалған, сұм-сұрқиясы жалмауыздай жұтынып, «жатыпатарға» айналғанын еске түсірудің өзі ауыр. Қазақ еліндегі аштық қырғыны қолдан күштеп жасалғаны ұлтты жоюды мақсат еткені түрлі деректерден белгілі емес пе? – деді Арыстан.

– Дұрыс айтасың, 1932 жылдың 28 қыркүйегінде өткен крайкомның төртінші пленумында: «Облыс бойынша Отанға астық тапсыру 31,7 пайызға орындалғанын кешіруге болмайды, – дей келіп Голощекин одан ары, – Развитие животноводства в ауле является задачей, которую нельзя изолировать от задач оцененных», – деп жиналғандарды жерге тірідей қазықтай қағып, зекіп өтпей ме. Жаны алқымға келген талайының аяқ-қолы дірілдеп,

малдың жоқтығын, егіннің шықпағанын дәлелдеп, бір ауыз сөз айта алды дейсің бе? Түсіністіктің болмағанын әрбір дерек айғақтайды. Құзғын-жалмауыздың үстемдігі жалындырады, тіміскілеуі түбіңе жетеді. Өмір мен өлім белдескенде өлім жеңеді. Аштықта жастығын қалдырған Ақан Ыбырайұлы былайша зарлап еді:

*Заман жаман ит боп қапқан балақтан,  
Имансыз ғып зұлымдарды жаратқан.  
Ар-ожданды санадағы кірлетіп,  
Адамдықты ит пен құсқа талатқан.*

*Шайтан кеулеп, көкіректі күпті етіп,  
Аузымызды айға қарай қаратқан.  
Татар дәмі таусылғанда адамдар,  
Үміт күпті ме екен, дорақтан? –*

дегенін кім ұмытар дейсің...

– Әлгінде тіміскілеу дедің. Ол да өзіміздің қорқақ адамдарымыз ғой, олардың ұрпағы өлмейді, тірі жүре береді, – деді Арыстан тағы бір ойдың шетін қозғап.

– Тіміскілеудің сорақысы аштық нәубетімен бірге келген ойран 1927 жылы басталып 1953 жылға дейін Кеңес Одағында 40 миллион адамды қуғын-сүргінге ұшыратып, қазақ елінде 103 мың адам ұсталып, оның 25 мыңы табанда атылып кеткен. НКВД жанынан үштік, «Ерекше мәжіліс», «Әскери трибуналдар» құрылады, оның төрағасы НКВД-ның бастықтары, олар Мәскеуден арнайы дайындықтан өтіп, бұйрық бойынша «қылмысты істің» үкімін ғана оқып, оны тез орындайды. Қарапайым пікірлесудің керегі жоқ, жоспар уақыт күттірмейді. Мәселен, «Темірбек Жүргеновтің ісін 1938 жылы 14 ақпанда КСРО Жоғарғы Соты әскери алқасының көшпелі мәслихаты 15 минут қана қарап, ату жазасын бірден кескен. Ақтөбе облысында 1789 адамның 30 пайызының қылмысты ісі осылай шапшаң қаралып, атылып кеткен», – деп жазады тарих ғылымдарының кандидаты З. Байдосов.

Таң атады, күн батады, табиғат уақыт керуенімен өзгереді, жақсы-жаманды да көз көріп, құлақ естіп жатады.

Ажал түү алыста емес, дәл қасыңда екенін сез мейлің, сезбе мейлің, өзің түсін. Өлгенді жоқтағанмен шер көңіл басылар дейсің бе? «Главгруппаның» №2 комбинат туралы протокол көшірмесін қарап көріңіз! «Варшава университетін бітірген «Қанды-ағаш – Гурьев» теміржолында қызмет істейтін Вацлав Антонович Богущкийді 1938 жылы 10 қазанда «Польша тыңшысы» деп үштік ұстап, сол түнде-ақ атып жіберген. «Актюбнефть» тресінде студент-инженер Трампау диплом жазып отырған жерінде ұсталып, дереу шетел шпионы деп атылған (ҚР ҰҚК архиві. №49 332, 28-том). Қазан айының 5-де Ырғыз ауданына жіберілген дабыл мынадай: «Аса қауіпті деп 1-категорияға – 21 адам (атуға – 3 адам), 2-категорияға 60 адамды ұстап, оның ішінде ұлтшыл-контрреволюционер – 40 адам, байлар – 20 адам, панисламистер – 15, шетел тыңшылары 5 адам деп тұтқындайсыздар! Бұл істерді жүзеге асыруды санкциясыз, ың-шыңсыз өткізіңіз!» Ақтөбе облыстық НКВД басқармасының бастығы Ф.П. Демидовтың бұйрығы осы. Ол жүз пайыздан асыра орындалады.

– Оған Мәскеуден берілген бұйрық та осы бағытта болды. Әр облыстың, аудандардың үштігі осындай темірдей тәртіппен «қылмыскерді» ұстауға кірісті ғой, – деді Арыстан әңгіме өзегін одан ары жалғап.

– Ойыл, Темір аудандарынан да талай жазықсызды о дүниеге аттандырып, қылмыскер деп таныған деректер жетерлік. Мәселен, ОГПУ-дың аса құпия делінген (ф. 13. оп. 2. 6 сентября, 1933 г.) дерегінде: «Карвинен Вильям Павлович – фин, 1915 жылы туған, НКВД СССР шпион болғаны үшін (2.04.38.) атты. Калашников Александр Андреевич – орыс, 1901 жылы туған, Орынбор қаласындағы бұрынғы НКВД қызметкері, НКВД-ның астыртын әңгімесін жариялап сөйлегені үшін сотталған. Қарабаев Жұма Орынбордағы астыртын ұйымға қатысы барлығы үшін сотталған», – делінген.

– Бір ауданда тұрып бір ауыл мен екінші ауылды көрмеген бір ағамыз: «Мен не көрмедім, Ботагөз бен Шиліні де көрдім», – депті. Сонда ел мен елдің арасы қырық-елу шақырым жер ғой, сондай ауылдың аңқау колхозшысын да жапонның шпионы деп ұстаса не жорық?! Бірде



өкем Бақаевтың ат жаратып жүрген нағашысын айдаладан ұстап, үштік түрмеге әкеліпті. Сонда өкемнің күпісін шешіп, қамыға айтқан: «Мерекеге ат жаратуды қоям ба, қайтем?» – деген сөзі кей-кейде есіме түседі, – деді Арыстан...

– Жоғарыдағы құжатта Жоғарғы соттың консультанты Нұртаз Байменшин, сондай-ақ Темір ауданының колхозшысы Әбілғазы Қарағұлов контрреволюциялық үгіті үшін, Ойыл ауданы «Жаңа талап» колхозының колхозшысы Хасан Қаражанов ұлтшылдық ұйым мүшесі болғаны үшін ұсталып, Хасан түрмеде өлген. Құлжанов Құсайын Ойыл өңіріндегі зиянкестік әрекеті үшін, Құспанов Жалғаспай контр әрекеті үшін, Мектепов Тұрғанияз лаңкес, терроршы, Мұхтыбаев Жанар саяси сенімсіз, Лим И Габ – кәріс жер ауып келген, шпиондық әрекеті үшін, осы сықылды толып жатқан адамдар 1937 жылдың 25 қарашасында үштіктің шешімімен атылғаны бар, түрмеге қамалғаны бар. Ал ОГПУ-дың 1933 жылғы 13 мамырдағы (ф. 13. оп. 2. 46-б.) жазбасында ОГПУ бастығы Бурданов пен СПО бастығы Духович: «Бай-кулактар 30 центнер астық ұрлаған, 10 адамды жауапқа тарттық. Тамды МТС-ында 70 адам астық ұрлаған, оларды түрмеге жаптық. Ақбұлақ ауданында 2 аш кедей 40 кг астық ұрлаған, астығын тартып алдық. Аштан өлетінін айтып жылады. Көмек берілмеді. Бірғыз ауданында Досанов, Баймұратов егін даласынан астық ұрлаған, оларды да түрмеге жаптық. Ақтөбе ауданында қойма күзетшісі Омаров 7 пұт бидай ұрлаған, үйін тінттік, азық жоқ, аштыққа ұрынған. Батбаққара ауданында Тәкібаев, Нұғыманов, Көшенов, Елемесовтер 2 ат, 2 өгіз, 4 сауын сиырды ұрлаған. Қылмыстық іс қозғадық. Ұрылардың қолына кісен салынды. Жетіқара ауданында Бойко, Чернуха дегендер байдың атын, сиырын ұрлап, байды атып өлтіріп, әйелін жаралаған. Қылмыстық іс қозғалды...» – деген. Демек, аштық зобалаңы 1934 жылы да тоқтамаған. Бір таңғаларлығы, қазақ халқының аштықтан қырылып жатқанын әлем білген, сөйте тұра «Қызыл крест» қоғамының көмек көрсетпеуіне Сталиннің ықпалы болды ма деген күмәнді сұрақ мазалайды. Тіпті теміржолмен жолаушылап жүргендердің 129 адамы аштан өлсе, не сүмдық

дерсіз?! Ал (9 сәуір, 1934 ж., №1 папкі) Ақтөбе обкомының секретары Досовтың Мирзоянға жазған хатында облыс бойынша құрқұлақ ауруынан 150 адам өлгенін, дәрі-дәрмек жетіспейтінін айтып, аштықтың тоқтамағанын, қосымша азық керектігін, Торғай, Жетіқара, Ырғыз, Шалқар аудандарына 450-455 центнер азық жеткізілгенін жазады.

– Аштық қырғыны «халық жауы» деген қырман сабақтасып жатты ғой, – деді де Арыстан ойын одан әрі жалғады. – Елге жолым түскенде мола басына барып құран бағыштап, дұға оқимын. Сонда ұрпағына туыстуғанының, ата-анасының моласы қалғанына да шүкір дейсің, ал зұлмат жылдарда қазақтың сүйегі айдалада шашылып қалды ғой. Соны ойлағанда көкірек қан жылайды. Бауыры бүтін пенде жоқ, сүйген жарым ерте дүние салды. Одан кейін ұлымды Астанада қаражүрек қаскөйлер өлтіріп кетті. Бәрі еске түскенде суға түскен қанттай езілесің. Қазақ тарихы қанмен жазылған деп іштен тынасың.

– Егер Сталиннің саясатымен халқымыз қырылмағанда, бұл күнде, ең кем дегенде, қазақтың саны жиырма алты миллионға жетіп, бөлкім одан да асып кетер ме еді?! Көсемнің қанды қырғынды саясаттандырып жасауына, қан теңізіне халықты білдірмей батыруына ойлап тапқан қулық-сұмдығының ептілігіне найза бойламас. Өзек өртейтін өкінішті жұртқа жариялап, кеңінен таныстырып, «кеше кім едік, бүгін кіміз?» деуде де салақтығымыз баршылық. Ұрпақ өсті, аспан асты тыныштық, бірақ жаралы жүректер ата-анасының қайғысын ұмытпайды. Сонау жетпісінші жылдарда Измұқанмен әкесі бір Сақыпкерей Мәжитұлы Құрамысовтың әйелі Қанапия, оның анасы Зылиқаны да көрдім, дәмдес болдық. Кейуана бұйығы, тым-тырыс күйінде отырады да, терезе алдында тоқтаған машинаның дыбысы шыққан бойда есікке тұра ұмтылады. «Қара машина... аман-сау қайта әкелген шығар. Қатты сағындым ғой, жүзіңді бір көріп өлсем арманым жоқ», – деп күбірлейтін. Сексеннен асқан кезде екі арысын іздеп: «Измұқан мен Сақыпкерей үйді таба алмай жүр ме?! Біз мұндамыз, Жамбылда», – деп көшеге шығып кететін еді. «Біздің бұл қалаға көшіп келгенімізді, ұлы Шапайдың басшылық қызметте екенін қайдан біледі. Ұлды өсірдік,

немерелерін көрсін. Нағима деген келініміз адал сүт емген енесін де, мені де өбектеп бағып отыр», – деген болуы мүмкін-ді. Сол ана қара жерге жамбасы тигенше «Ізмұқан мен Сақыпкерей тірі жүрсе келеді, түсім жақсы, олар келеді, көремін, сүйіп мауқымды басамын» деумен-ақ о дүниелік болды. Әйтеуір 1957 жылы ақталғаннан кейін адамдардың жүзіне ұялмай қарайтын болдым, – дейтін Сәуле Құрамысова. Ал Қанапия жан күйігіне шыдай алмай, көкірегінен өлең жолдарын да ағытатын еді. Сақыпкерей Шу ауданында бірінші хатшы боп жүргенде «халық жауының» тұқымы деп жазықсыз атылып кетті.

*Өкініштер қор көңілде тұрақтап,  
Жас сорғалап қара көзден бұлақтай.  
«Қара машинада» кеткендері келмеді,  
Таусылды үміт, сөніп қалған шырақтай.  
Тән қартаяр жан азабымен,  
Мезгіл өтті, жылт-жылт еткен сынаптай.  
Махаббатты қабірлерге әкетті,  
Қандыауыздар күндіз-түні құрғатпай, –*

дейтін өлең жолдары Сәуле мен Қанапия замандастарының қалың қасіретінің үніндей еді. Сол жылдарда Қазақстан мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің басшылығында отырған Сталиннің бажасы С.Ф. Реденстің қолынан 1938 жылдың 25 ақпан мен 13 наурыз аралығында қазақ басшыларынан 560 адамды ату жазасына үкім шығарылған. Сталиннің саясаты міне осы, үштік кімді аяпты дейсің? Ұлтты жою, тірі қалғанын құлдық есепте үреймен өлмесе де, өлімші етіп ұстаудың бұдан асқан зұлымдығын адамзат тарихынан таппайсыз. «Халық жауының» әйелдері, ұрпағы қоғамдық ортадан аластатылды. Қайғы-қасіретіне дауа таппай толғанған әйелдер:

*Қарашада қан бүркіп жауған жауын,  
Азаматсыз қалып тұр біздің ауыл.  
Емшектегі перзентке үміт етіп,  
Қиналсам да көтердім қайғыны ауыр.*

*Қара арғымақ аридды бел кеткен соң,  
Туған елім жүдеді ер кеткен соң,  
Арнасынан өзендер асып барады,  
Кілең жесір көз жасын көлдеткен соң.*

*Тербеймін әнге қосып бесігімді,  
Әкең аттап кетіп еді есігімді.  
Тыныштық деп атыңды атандырдым,  
Кем етпегей бір Аллаһ несібіңді!*

*Таң қаламын ұйтқыған заманыма,  
Әкең келсе, балам-ау, таланыңа.  
Жылдар өтіп барады хабар күткен,  
Жүрек күпті, жан жаралы, қара мына, –*

деп зарлағанда аналардың қайғысы адамзат тарихында бұдан былай қайталанбаса екен дейсің. Тағдырдың жазғанынан озған кім бар деп жаны түршігіп отыратын аналар да төбе басына кетті. Олардың: «Әйелдің көреген көзі алысты болжамаса шаңырағын шайқалтпайтын міндетінен жаңылады, бауыр етің – балаларыңның бақытын ойла!» – деген сөзін аманат қып жүктеп алғандай сезінесің кейде...

\* \* \*

Кейінгі ұрпаққа көргеніңді айтып жеткіз дегенді ұғып, сексеннен асқан Баян мен Гүлбайрам ой құшағында толғанып сөз бастар еді. Қалада жүрсе де даласын қимайды. Айнадай жарқырап жататын Ақкөлде қалдырған жастығын ойлайды. Пай-пай, Қанжығалы, Домбыралы, Қыздың төбесі, Толағай, Қыран шыңы деп аталатын өңірлерде Ұлы Дала аңызына айналған Асан Қайғы болыпты. Көл бетіндегі қызғылтым сәуле күн жарығымен ойнап, жаныңды баурап әкетеді. Кербез табиғат жамандықты ойлатпайын десе де, Баянның көзі көрген, өз басындағы және замандастарының өмірінен еш уақытта ұмытылмайтын қайғылы көріністер бар, аянышты үндер мен қуғын-сүргіннің қасіретке толы ащы мұңы, шері тағы бар. Оны көлден ескен жел айтады, қыздың жиған жүгіндей қатпар-қатпар тарғыл тастар айтады, жапырағы сыбдыр қаққан

қалың жыныс орман айтады. Елдің зары, ашу-ызасы, кеткен кегі, төгілген қаны, құнсыз еңбегі, жауыздықты кеше алмайтын аруақ үні ешкімді бейжай қалдырмас. «Өне, Ақкөлдің сыртындағы зират басынан ақ киімді, ақ сақалды қарт сарнап келе ме? Аштан қырылып сүйегі көмусіз қалғандарды жоқтай ма?» – деп Баян тірлік сүрлеуінен сыр ашты. Ақынжанды сол қария қарсы алдындағы қара мылтықты, қара киімдінің ажал боп көрінген үрейлі түрінен сескенбей термелей жөнелді:

*Ауданнан келген ақ байпақ,  
Үнем жоқты тұр байқап.  
Өлеңім – өлмес азығым,  
Қарайсың неге бас шайқап?  
Ауылдың тарқап базары,  
Сынғаны қашан назары?!  
Жөн айтқанға сірә да,  
Сегіз жыл үкім жазады.  
Адамнан совсем тазардық,  
Жаны барлар жазалы.  
Ауданнан келген ақ байпақ,  
Өле кетсем алдыңда,  
Көрімді кімдер қазады?!  
Тойған биттей быттиған,  
Сатқынның өтті мазағы.  
Дала қалды тазарып,  
Садақа қылып мал-жанды.  
Тарихқа жазалық,  
Кісі жегіштерді, қаралы.  
Қу бас толы жан-жағым,  
Асылдарым, ардағым,  
Ертеңім, елім қорғаным.  
Коммунизм деп жүрсең де,  
Статьямен сорладың.  
Заман неге тарылды?  
Өкіл біткен аш қасқыр,  
Қанға үймелеп жабылды.  
Тұрмедегі қызымды  
Бір көруге сағындым.*

Құрығы үштік ұзын-ды,  
Дегеніне бағындық.  
Қинайтын көрінеді лагерьде,  
Дүрен деген залымың.  
Жараттың Құдай адамды  
Ақылсыз ғып, надан ғып.  
Шошаңдатпа мылтықты,  
Ойлай көрме жамандық.  
Дымын қоймай тінткілеп,  
Сыпырып алдың адалды.  
Өкімет хабар берді ме?  
Аштан қыр деп халықты.  
Сталин айтты дегенің,  
Өтірік айтқан сөз бе екен?  
Қырылғандарды білмейтін,  
Жан-жағы толған ез бе екен?  
Күнде-күнде тінткілеу,  
Үрейленіп жалықтық.  
Шығындай сал оғыңды,  
Жақсылық күтіп тарықтық.  
О дүние жайлы екен,  
Жұмағы да қалыпты.  
Кеткендер бағы жаныпты,  
Кеңшілікті күтем деп.  
Жан қинадық, зарықтық.  
Өзің де көрге келерсің,  
Алдыңнан шығам, ұмытпа?  
Білтелі шамды жарық қып.  
Өлім күтіп өле алмай,  
Шықпаған жаным қор болды.  
Ақ байпақ киген белсенді,  
Құдайдан да зор болды.  
Байтақ дала қан сасып,  
Тарихта қалар сын болды, –

деп аруақ үн қатқандай еді. «Өлгеннің құны сұраусыз, бетін де топырақпен жасыруға шамасы келмей ел тоз-тоз болған, жарылқаймын деп жанын алатын саясатты кім түсініпті?!» – деп Баян толғанса, Арыстанның айтқан мына сөзі еске түседі:

– Қаскөй адамның тірі жүргені өлімнен де қорқынышты. Өкелеріміз айтатын, кісі етін жегендердің көзі қанталап, беті сиырдың желін майындай іркілдеп тұрады деп. Түйсігі бұзықтан адамдық қасиет таппайсың, ондайлардың қолына билік тисе ажалдан бұрын өлтіреді дейтін.

Баян сәл үнсіздіктен кейін: «Өткенге өкінбе деседі, бірақ ащы сабағын ұрпақтың құлағына құймасаң, тәуба мен шүкіршіліктен айырылып, бетімен лағып кетер еді. Аспаннан аяғы салбырап түскендей есалаңдар тәубені білмейтіндер ғой», – деп бүгінгі бейбіт өмірдің, тыныштықтың, барлықтың сұрауы қатты болғанын есінен шығарар ма?

– Жұрт біле бермейтін, білгендері ұмыта бастаған, қалың қазағым деп ар туын биікке көтеріп, намысын жыртқан талай боздақтың есімі архивтерде шаң басып жатыр. Көбі ұсталып атылған немесе түрмеде отырып, небір зымияндық қорлық көріп, өмірден өткен. Қ. Арғынғазиев, М. Атаниязов, Т. Жаманмұрынов, Ш. Хасанов, Н. Бермұхамедов, М. Сәрсенбаев, С. Хасанов, Ж. Арғынғазиева, М. Тұнғашин, А. Ақмұхамедов, Ә. Досов және басқалары елдегі қуғын-сүргінге, заңсыздыққа, ақ байпақтардың жаналғыштық әрекетіне қарсылық білдірмеді дейсің бе? Адамдар тағдырына араша түсемін деп жанын шүберекке түйіп тызақтағандардың өздері кінәлі болатынын тарихи құжаттардан енді көріп-біліп отырмыз, – деп Арыстан толғана сөйледі. Ақылға сыймайтын қырғынды көрген Баян да өткеннің бәрін сөге жамандап, тарихты кінәлағысы келмесе де, жақсылық та, жамандық та адамнан емес деп қалай айтсын?! Тасжүрек адам қан ішуді мақсат етсе, оған көнбеске амал қалмасы анық-тын. Құдағиы Баянның үнсіз отырғанына бір қараған Гүлбайрам ойын жүйеледі. «Кәкімжан бай деп танылып, мал-мүлкі тартып алынып, өзін атып тастады. Осы топалаңда жасырынып қашып шыққан Айдарбекті көрші орыс пешінің үстіне шығарып, жаман-жұман заттардың арасына жасырды. Содан аман қалған Айдарбек бала кезінде жүрегіне қорқыныш ұялатқан үрейлі көріністі есінен шығармай, кейде ұйқыда жатып шошитын-ды. Кейін оқыды, білім алды, прокурор болып қызмет атқарса да, 58-бапты көрсе әке-шешесі, ба-

уырлары көз алдына келе ме, әйтеуір қағаз арасынан ордалы жылан шығып, атылғандай сезінеді. Деректерді біледі, 1935 жыл мен 1941 жылдың 22 маусымы аралығының өзінде Одақ бойынша 19 миллион 840 мың адам «халық жауы» атанып сотталған. Оның жеті миллионы бірден атылып кеткен. Басқадай жазалылар тіптен көп. Түрмелер мен лагерьлерде өлгендерде есеп жоқ. Қылмыскерлер деп сотталғандарды түрмелерге сыйғыза алмай, мектептерді де түрмеге лайқаттапты. Сол жазықсыз атылғандардың ішінде Айдарбектің шаңырағынан он үш адам оққа ұшқан. Қазір олар тірі болса жүздеген Көкімжановтар өмір сүрер еді, тірлікте адамын жоғалтқаннан артық қайғы бар ма?» – деп Гүлбайрам өзінің немерелерінің шат жүзіне толқи қарады. «Ақтан тіле, ұрпағым!» дегендей көкірек үні бар-тын. 1917 жылы Ахмет Байтұрсынов қазақтардың саны жеті миллионға жетті деп жүрекжарды қуанышын білдірсе, содан бері тоқсан үш жыл деп есепке шағып, жылына екі жүз мың өсім болды дегенде, бүгінде 26 миллион қазақ болатын еді. Міне, бұдан кейін сталиндік қырғынды кешіріп көр, қан сасыған саясатын мойындап көр, оның үрейі әлемді теңселткенін, социалистік елдерде екі жүз миллиондай халық қуғын-сүргінге түсті деген деректі жоққа шығарып көр!

«Кейде өткенге өксіп налудан пайда жоқ деп түйеміз», – деген Гүлбайрамның сөзі менің есіме «Қаракөл» кеңшарының бір айтқышы Берияның түрмесінде болып қайтқан туысына:

– Түрме дей ме, қараңғы үй дей ме, әйтеуір қалай, жанға тыныш па? – деп сұрағанда, дым көрмегендей, дым білмегендей болған кінәлі:

– Бір байқағаным, түрмеден гөрі қараңғы үйде уақыт шапшаң өтеді. Өйткені, таңның атқанын, күннің шыққанын, айдың, жылдың нешінші күні екенін, тоқсан нешінші жыл деп санап әуреге түспейсің. Бар білетінің – статъянның тармағы, жазалаушылардың маңдайыңнан тиетін қару-жарағының, гүрзісінің ауыр-жеңіл салмағы, содан басқаға басың қатпайды. Сынған сүйектерің шор болып тез бітеді, кесілген сан етің тыртық болып қара қотырланады. Жаныңда өліп жатқанның сасық иісін



өтір иісіне балап, үйреніп кетесің, баланда деп аталатын дәмді тамағы қазы-қартадан кем емес, әкеміздің үйінде жатқандай шалжиып жатып ұйқыға батамыз. Тамақ түрмеден, ажалды ойласаң келіп тұрады үлгергенге. Шұжықтай боп семіріп, қара тасты да кеміріп, темірден де бал шығарып талшық табамыз. Адамдық жайбарақат тұрмыстан айырмашылығы сол, зікір салғандай тергегенде қаққан қазықтай қалшып, тағы қай сүйегімді сындырар екен деп ойлап тұрсақ та арымаймыз, тырнақ астынан ине жүгірткенде театрда отырғандай жанымыз рахат тауып кеңкілдеп күлеміз. Махабатын аңсаған жүрек от боп жанады, сағыныштан жылағанда көзіңнен жас емес, қан ағады. Еркіндік деген түрмеде, айтпақшы, түрмеде төрт бұрыш болмайды, үш бұрыш, кейде көзіңе қос көрініп бес бұрыш болады. Сол бұрыштарда жаналғыштар бір-біріне допша лақтырып, сілікпенді шығарғанда ақ құс боп рахаттанып ұшып жүресің. Денең түрлі түсті бояуға еніп, умаждалған қағаздай күйге түскенде бір жұтым су берсе, сайрап қоя бересің. Жаусың ба десе – жаумын дейсің, террориссің бе десе – дәл солай, менің лаңкестігім әлемде жоқ дейсің. Қазақ елін шетелге сатқың келді ме десе – әрине, қымбатына сатып пайда тапқым келді дейсің. Жапон шпионымысың десе – әрине, құмда ізім білінбейтін, суда жүзім көрінбейтін таңдаулы жапон шпионымын дейсің. Ал жалаңаш етіңе ыстық, қызған темір басқанда көзіңнің оты жарқ етеді, сосын «айналайын, жұмағым екенсің» деп жаныңда тұрған Ібілістерді құшақтап сүйіп аласың. Ленин де түрменің қорлығын көріпті дейді, біздің түрмеде көргеніміз оған қарағанда ойын-сауық мекені дегенді нендей пиғылда айтып отырғанын ұқпаған алаңғасарлау жігіт:

– Бәсе, елдің тайлы-таяғы қалмай және өңкей ақылды дейтіндерді түрмеге әкетуші еді. Біз сияқты ашыққан елдің жұртында қалған сорлыға түрме бақытын көруді жазбас, – дегені есімізден кетер емес.

– Ауылда еркек кіндікті тым аз қалды ғой. Әйелдер шаруаның қиындығын арқалап, алдаусыратқан саясатқа мәз боп жүре бердік, оның үстіне үрейліміз, – деді Гүлбайрам замандасы Баянға көз қиығын тастап... Түр-

медегілер ажал сағаты тақады ма деп түңілгенде адамдардың таза жүректі болуын Баян тілеген де болар. Қатал тағдырды жары Абдолбақи да басынан өткерген. Қуғын-сүргін зобалаңында бір ағайыны түрмеден хат жазыпты:

*Басымнан бақыт құсы кеткен ауып,  
Қу тақыс жаусың дейді, жала жауып.  
Пендеде алакөздік көбейген соң,  
Өлділерден әлсізге төнді қауіп.  
Тұс көрдім, осы жазда өлем шығар.  
Жалғызды бір Аллаға жарылқа деп,  
Тілегім аманаттап берем шығар, –*

дей келіп жалалаған замандасына арнап:

*Есенбісің, Түрге?  
Өсіп едік бірге.  
Түрмеге жаптың-ау,  
Тірідей кіргір көрге, –*

деп, ауыр ой үстінде өлеңді жатқа айтып, толғанып домбыра шертеді. Балаң жастығын жүрегі жылап отырып айтады. «Жатыпатар» Түрге араққа тұншығып өлді, әйелін әкесі Қорғалжындағы шалға бір шелек бидайға сатып жібереді. Тірліктің қара дауылында адамдар жыртқыш тәрізді болып кетеді екен, – деп іңгөлап жарық дүниеге келмей жатып әкесінен айырылғанын айтады. Одан соң бір үзім нан үшін, сәбиінің жанын сақтау үшін анасы Серікбаймен тұрмыс құрады. Бірақ о да сәтсіз, қайырсыз болады, тумаған баланы бақпаймын деп қыстың көзі қырауда үйінен айдап шығады. Зәре ана сегіз жасар ұлын жетектеп Ұялы ауылындағы туыстарына жаяу жол тартады. Ана жүрегі дімкас, оның үстіне ақтүтек боран басталады. Ауылдың қарасы көрінді-ау деген кезде күртіктеп болдырып, баласын бірде арқалап, бірде жетектеп келе жатқан ана аз-кем ыққа тығылып дем алады. Үстіндегі бар лыпасын балаға жабады. Біраздан соң ана жан тапсырады. «Елге жет!» деген соңғы сөзі-тін. Ботадай боздап бала нағашысының үйіне жетеді. Нағашым көрші-көлеңмен

шұғыл жиналып анамды әкелуге кетті. «Түнде түсімде тонымның жағасы жыртылып жүр еді», – деп нағашым жылап жүр. Сол жылау шындыққа айналды, анам о дүниелік болды, – деп отбасына келген зұлымдықты кешіре алмайтын еді. Сол қайғы ма, анасын жоқтап өлең шығарды.

*Анам тұссе есіме,  
Ақын боп жырлап кетемін.  
Анам тұссе есіме,  
Жаяулап елге жетемін.  
Жұмақта болғай тағдырың,  
Ұялы болды мекенің.  
Ақтүтек боран алдымнан,  
Шығар ма екен тағы да?!  
Рухың жүдеу жадымда,  
Тағдырға пенде бағынған.  
Үмітіңді үздің бе  
Қансорғышқа табынған?!  
Шикі жас едім, қайтейін?!  
Арқалап-ақ өтер ем.  
Ақтүтек сол бір ажалдан,  
Адаспай елге жетер ем.  
Өкініш болған өмірім,  
Анадан қалдым айырылып.  
Қаскөйліктің кәрімен,  
Қанатым қалды қайырылып.  
Анасы барлар жадымда,  
Отырар «айым, күнім» деп.  
Жетімдік жазды бағыма,  
Қайғырумен жүрдім тек.  
Жібектей жұмсақ үндерге,  
Анам дедім алаңдап...  
Жан жарым келіп жұбатты,  
Қарсы алатын күлімдеп.  
Ұрпағым өсті ұлағатты,  
Азамат болды біртіндеп.  
Аналар, тірісіңдер,  
Жарық бердің алау ғып!  
Қуанамын өздеріңе,  
Жүрегімді жалау ғып, –*

деген Абдолбақидың Төлеген, Балқия, Жомарт, Ғайша, Абылай, Нұржамал, Өтеген, Наурызбай деген балалары сегіз шаңырақ болып, Баянның немере-шөбересі өсіп-жетіліп, Астанада әр түрлі қызметте жүр. Абдолбақи Ақмола теміржолында машинист болып ұзақ жыл қызмет етті. Баян сексеннің сеңгіріне шықса да, ерінің өмірдегі жан қайғысына ортақ болғанын, сегіз перзентпен қуандырғанын айтып, ақылға сыймайтын зобалаң жылдардан көрген-білгенін ұрпағына жеткізіп, тәубесін естеріне салып отырады. Көкірегіндегі «Адамдар неге бір-бірін жау көріп жалалады екен?» деген сұраққа әр түрлі жауап іздейді. Адамдар тарихының болмашысы жоқ, ұсақ-түйегіне дейін маңызды деп ойын түйеді. Аштық... қырғын... түрме... соғыс – бәрінде де қан теңізі жатты. Қара қарғалар қонатын адам қаны қалың еді...

«Бірден атыңдар!»

– Ойылда лаңкестер революцияны құлатамыз деп дүрлігіп жатыр. Контрлар толып жүр деген қауесет те болған көрінеді, – деген Арыстан айтар ойына одан ары салмақ сала сөйледі. – Бәрін де құжатпен анықтаған жөн, әйтпесе бетімен лағып сөйлеу қай кезде де болған ғой...

– Құжат не дейді сонда?

– Оның ішінде ОГПУ-дың деректері нендей өткір оқиғаны мөлдіретіп баяндайды. Милиция бастығына кірген қызыл жағаның бірі: «Елде қара қасқыр адам жеп жатыр дейді. Қорқынышты, бірақ Құдай сақтар», – деп орысша айтпай ма. Әлгінің сөзін ауданға барғысы келмегенге жорыған бастық: «Құдайдың әке-шешесін айтып берші. Сол әке-шешесін айта алмайтындар көбейгесін Сталин көсем діншілдердің зиянды екенін айтқанын неге түсініп, ұғынбайсың? Үштікті қасқыр жемейді, оған оқ өтпейді. Суға батып, тереңге батып кетпейсің, қару-жарақ бар, ат арбамен зырлатып жетіп барасындар. Жоғал енді, көзіме көрінбей!» – депті. Сол зырлағандар Ақтөбеден шығып, күн-түн қатып Ойылға жетеді. Онда да үштік бар, онда да әр ауылда «жатыпатарлар» бар. Қылмысты тез табуға көмек беріп, атарын атып, түрмеге әкелеріне кідіріс болмас. Қара мылтықтың аузына кім ілікпейді? Мылтық тұрғанда бөгет жоқ. Неге кідіреді? Жолдары ашық. Ақ дегені алғыс бол-

майды, қарғысқа айналады. Кім жылап-сықтамай жатыр, ұсталғандар жылар, қарғар. Бәрібір. Аштықта азып-тозып, ісіп-кеуіп өлімші болғандар қарсы келмес. Жазған қағазға қол қой десең – қоя салады. Сосын ат, асып таста, өзің біл. Басты мақсат – жоспарды орындап, басшылықтан алғыс алу. Бәлкім, байрақ берер. Біреулер зобалаң дейді, қайдағыны айтады, бәрі заңдылықпен тәртіп бойынша істелетін істе қайшылық жоқ. Милицияның әрбіреуінің ойы осындай. Тәртіп, бағыну, бағындыру. Басқаның қажеті жоқ. Жұрт қырылып жатса да басы ауырмайды. Өлсе жер көтереді. Бағыт – мәңгілік социалистік қоғам, оны орнату үшін адамдардың жан дүниесі, ақыл-ойы, ми қауашағы түп-түгел тазаруға тиіс. Ескіні түгел қиратып, жаңалықты дамытуға жанталас тұсында өзің де қатал талап қойып, өлімнен қорқу емес, жаңа адамдарды тәртіптеудің амалын тауып ширыға түсуді міндетім деп түсінуге тиістісің. Аяушылықты ұмытып, мейірімсіздікті жан дүниеңе сіңіре білмесең, өзіңе қауіп төнеді, басың екеу емес. Қылыштай қиып түс. Қанды тізеден кешіп жүрсең де селт етпе! Өйткені сен – болашақтың халқын азат етушісің. Іс-әрекетіңнің бәрі де жұмыр жердегі бүкіл пенденің қараңғылықтағы сезімін оятып, жарық күн шапағатын дарытатын болады. Қырылып-жойылудың соңы үлкен жаңалықты туғызып, көрсоқырдың да көзін ашады. Сақаудың да тілін шығарып сайратады, таскереннің де бітелген құлағының жарғағын жаңартып, жаңалықты естіртіп қуантады. Іріп-шірігендер құрып бітіп, күннің көзімен құлпырған кезең келеді. Сосын да халықтың аштықтан қырылуын заңды құбылысқа балайды. Сәулетті жолда тазалығымызға кедергіні табанда жойып тастауға тиістіміз. Ең қауіптісі, БК(б)П қатарына кіріп, революцияның жетістігін талқандауға әрекет етуші ұлтшылдарды тазарту қажеттігі жөніндегі құпия жұмыстарды анықтайтын Ақтөбе облысындағы ОГПУ-дың ерекше бөлімінің аса құпия (№2, 8.06.33 ж.) хабарлама жазбасындағы «Ұлттық-буржуазиялық, байлардың төңкерісшіл контрреволюциялық мақсатындағы қылмысының ашылуын» жаның шошымай оқи алмайсың. «Бұл ұйымның көптеген мүшелері алашордашылар, саясатпен қаруландырып, тұтқа-тірегі болып отырған, байдың

тұқымы, бұрынғы Жер басқармасы бастығының орынбасары, Алашорда ұйымының мүшесі Қажығали Жұмабаев БК(б)П мүшелігіне өткенде контрреволюциялық ұйымды басқару үшін жасырын жұмысын білдірмеуді мақсат еткендігі, оған экономикалық құлдырауды, қайыршылықты, жаппай аштықты себеп етпек арам ойы болғандығы анықталды. Кеңес үкіметін құлату үшін халықтың басқа жаққа көшуін ұйымдастырып, елдегі ұжымдық бірігуге, шаруашылық құруға 1931 жылдан бастап қарсы үгіт жүргізген. Бұл кезде ол ауылдар бойынша хатшылық қызмет атқарған. Байларды төркілеудің зиянды екенін, соның кесірінен халық аштыққа ұрынды деп үгіт жүргізген. Жұмабаев өзінің қызмет бабын пайдаланып, партия, кеңес жұмысында жасырын жүрген алашордашылар – Нәренов, Молдағұлов, Нүрпейісов, Көптілеуов, Жұмағалиевтарды қанатының астына алып, қорғап, үгіттеп халықтың жаппай елден көшіп, мал-мүлкін аман сақтауға тапсырмалар беріп, орындалуын қатаң қадағалап отырған. Жұмабаевтың жауабының түрін қараңыз:

– Төңкерісті дайындаудағы мақсатыңыз неде?

– Халықты аштықтан аман сақтау қажет, басың іс-темесе, аяққа күш түседі, байлықты сақтауға да бас керек. Байларды төркілеуге, жартылай көшпелі халықты бірден кеңшарға ұйыстырып, малды ортаға салып, кедейлерге ерік беруге қарсымын. Кедей ұқсатымсыз, қор сақтай алмайды, бір күн ашықса көзіне көрінген азықты жеп қояды, ертеңін ойлауға миы жетпейді. Ортақ байлық деп жиналсын-ақ, бірақ сол ортаға түскен малды жоспар бойынша етке өткіз деп неге қыстайды, қайда әкетіп жатыр? Малсыз қазақ өледі. Малдың өнімі ғана қандай жұттан да аман алып шыққанын білеміз. Әбілқайыр ханның қырық жылға жуық ел басқарған тұсында да жұт болған, халық малдың өнімін азық етіп аман қалған. Бас амандығына қатысты тәртіп-тәрбиені неге ұмытамыз?! Қазіргі саясаттарың бойынша бүкіл қазақ елі қайыршы, аштықпен қырылып жатыр. Мұны тоқтатпаса қазақ қалмайды, сондықтан шетелге қолынан келіп, күші жеткенін көшіріп, ұлтты сақтауымыз керек.

– Мұның Кеңес үкіметінің саясатына, теңдік, еркіндік идеясына қарсылық екенін түсінесің бе?

– Идея жақсы, оны орындаудың жолдарында кешірімсіз қателіктер толып тұр, соның мысалы халықтың аштан қырылуы тоқтамай тұрғаны емес пе? Қайшылық көп, түсінік аз. Бағыт-бағдар тіл табысумен емес, қарудың күшімен, озбырлықпен жүріп жатыр, – деген Жұмабаевтың тергеу амалындағы жауабы ОГПУ-дың ызасын келтіреді. Одан кейін Табын ауданының бұрынғы райком хатшысы Имандосовтың, одан соң мал дайындау мекемесінің бұрынғы бастығы, БК(б)П мүшелері Жұбанқұловтың жауаптары да қазақ халқының өмір сүруі, бүкіл тірлігі малға байланыстылығын айтып, малды ортаға жинап, жоспарлы түрде етке өткізіп құртуға қарсылықтарын ашық білдірді. «Кеңес үкіметінің саясаты қазақ халқы үшін жақсылыққа негізделмеген. Себебі, байлардың малын ортаға салып, оны түгелдей етке өткізіп, тартып алуы аштық қырғынын әкелді. Байлар қарсылықсыз малын ортаға салды, оларды атып, түрмеде шірітпей малды өсіруге ақылшы, кеңесшіесебінде ұстауға болмайтын ба еді? Халықтың мойнына түскен салық мөлшері шамадан тыс күйзеліске ұшыратқанын неге білмейсіздер?» – дей келіп Өтепбергеновтің: «Халықтың малын тартып алу – еуропалықтардың пайдасын ғана ойлау, басқа халықтың мұң-мұқтажымен санаспай қырғынды ұйымдастыруы екеніне көзіміз жетті. Көшіп келіп қоныстанғандарға сұраған малын береміз, үй-жайын қамтып, тіпті көмекке жеткен азықты оларға екі есе көп беріп жатырмыз. Отарлық езгінің шарықтау биігі адамдардың ажалынан бұрын қырылуына әкелді. Шындық осы, мұндай сұмдық қылмысты Сталин білмейтін болар, «оларға бәрі жақсы, «Кіші октябрь» жемісін беруде» деп Голощекиннен бастап хабар жеткіздіңдер, қанша халықтың аштан қырылғанын жасырып отыруға кім шыдайды?» – деген сөзін үкіметке қарсылық демей көр. Түсінік жазбасында Имандосов та, Өтепбергенов, Тілегенов те ауылдың айтқыштары жырлап, жер қойнына кеткен мына өлеңді ішінде сақтайды:

*Атаңа нәлет Николай,  
Жал мен жая жегіздің.  
Айналайын үкімет,  
Шөп-шөңгені жегіздің.*

*Өлсең – орның қара жер,  
Жасасын көсем дегіздің.  
Әбілқайыр тұсында,  
Халқы тұрды тарықпай.  
Айналайын үкімет,  
Өтірікке жарытты-ай.  
Өзгертемін деп ит әлек,  
Тірлік еткен қалыпты-ай.  
Өліп жатқандар әнекей,  
Құс боп ұшты қалықтай.  
Өлгендер де жазықты,  
Төлей алмаса салықты-ай.  
Айналайын үкімет,  
Тынысты әбден тарылтты-ай, –*

деген қағытпада тарихи шындық жүректен-жүрекке жетіп, тірілердің құлағында қалды. Оны қызыл жағалы естісе де өлеңді кім шығарғанын таппай, еңбегі еш болды. Бос әуремен тынды. ОГПУ-дың қармағына ілінген Қырылдақов, Қолдыаяқов, Шопанов, Бекмағамбетов, Жұбанқұловтар тергеу жауаптарында Қарақалпақ және Түрікмен елдеріндегі Кеңес үкіметіне қарсы бандылық топтарды айтып, аштыққа ұрынған ауыл халқының жанын сақтап, құтқарудың амалы таусылғанын, сол жаққа көшіп барудан басқа мүмкіндік жоқтығын ел арасында насихаттағанын растайды.

Ал болыстық басқарманың ұлы, «Овцевод» кеңшарының бұрынғы директоры БК(б)П мүшесі Айсин «Кеңес үкіметі ұйымдастырған шаруашылықтарды қарулы көтеріліспен басып алып, малды, азықты ашыққандарға бөліп беру керектігін, онсыз халық түгел қырылады» дегенді айтыпты. Н. Шамғоновтың түсінігі бойынша, малды құртып, үкіметтің жинап алуынан қырғын басталды делінген. Кеңшарларды бандылық жолмен тартып алуға құрылған топта Бүребаев, Бекбауловтар Темір аудандық партколлегия хатшысы Есенғариннің туыстары екенін, «Олардың азғырғанына еріп топқа қосылуымды кінәлімін деп есептеймін, бұдан былай СССР-дың адал азаматы болуға ант етемін», – депті Айсин (5.06.33 ж.) қорытынды жауабында...



Контрреволюциялық қозғалыстың дем берушісі, ұйтқысы өлкелік орталықтан басталғандығы анықталған. Оның құрамында БҚ(б)П мүшесі, бұрынғы Ойыл ауданының прокуроры Нұрпейісов, бұрынғы Алашорда ұйымының мүшесі, бұрынғы Ойыл аудандық атқару комитеті председателінің орынбасары Жұмағалиев және байдың тұқымы, СССР Ішкі сауда жөніндегі Қазақстан бойынша өкілі Наренов Кеңес үкіметін құлатудың түрлі жолдарын қарастырған. Ерпейіс Нұрпейісов өзінің түсінігінде: «1932 жылдың қаңтар айының басында сот қызметкерлерінің Алматыдағы жиналысына барып, «Наркоматтан» Жұмағалиевті кездестіріп, бос уақытымызда Нареновтың үйіне бардық. Жұмағалиев аштық қыспағын айта келіп халықтың біразы Волга бойына, Башқұртстанға көшіп жатқаны, егер азық іздеп көшпесе қырылып қалатын түрі бар. Халық ет, астық тапсыру жоспарын орындаудан бас тартып отыр, мүмкіндік жоқ. Наренов көшіп кеткендердің елге қайта көшіп келмеуін ойластыру керек. Өйткені, түрлі жоспар, салық халықты қырғынға ұшыратып отыр (8.06.33 ж.).»

Осыдан кейін Наренов Табын ауданына келіп, Нұрпейісов, Көбеновтермен әңгімелесіп: «Біздің қазақ мынадай ауыр жағдайда тірі қалып, өмір сүре алмайды. Бандылардың жұрттан тартып алған малын қайтартып, бандиттік ұлттық саясатымызға жатпайды», – деп түсінік берген. Одан кейін Қожахметов Ойыл ауданының күйі барлары қашып көшіп жатқанын, Ыстыбаев басшылығындағы қызметкер астық тапсыру жоспарын орындаудан бас тартып, қоймадағы астықтың біразын рұқсатсыз ашыққандарға таратып бергені үшін партия қатарынан шығарылған... Одан кейін «Қожахметовтың үйінде Нұрпейісов, Медетов, Көпжасаров, Жұмағалиевтар жиналып, бас қостық. Мәселен, Қарақалпақ еліне жаппай қоныс аударудың жөн-жобасын талқыладық. Ал мен Қарақалпақ және Түркімен елінде кеңшарлар мен кооператив басшыларын, коммунистер мен активтерді бандылық топтар өлтіріп жатқанын естідім, мен ол жаққа

бара алмаймын», – деп Жайынов түсінік береді. Сондай-ақ үштіктің тергеушілеріне Д. Нұртілеуовтің жазбаша пікірі былайша екен: «Ойыл ауданының «Сартоған», «Күпсен», «Құмсай» ауылдарында Әлиев байдың баласы, арғы аталары Әбілқайыр ханнан тарайды. Боранбаев кеңшарды құлатуға үгіттеп контрреволюциялық ұйымға мүше болды. 11 ауылда Ермұханов, Ажайықов сықылды байлар, молданың ұлы, қойма меңгерушісі Тілекешов, байдың ұлы, кеңшар хатшысы Дарыбаевтар көрші кеңшарлардың малын ұрлаумен айналысып, көктем егініне қажетті тұқым қорынан 50 пұт бидайды өз топтарының қажеті үшін жасырды. Нұрпейісовтердің үгітімен екі жүзден астам жанұя басқа жаққа көшіп кетті. Қазір жұмысшы күші жоқтың қасы».

Бұрынғы Ойыл ауданы «Колхозодақ» мекемесінің бастығы, БК(б)П мүшесі Хасен Жауынбаевтың түсінігі: «Ойыл ауданы орталығында контрреволюциялық топ жұмыс жасады. Оның құрамында Нұрпейісов, Қожахметов, Аманов, Алшынбаев, Шектібаев, Амантүрлин, Жұбаев, Ишанов, Жұмағалиевтер болып, олардың әрбір ауылда топтары құрылып, қажетті тапсырмалар алып тұрды (22.05.33 ж.).

Темір аудандық партиясының бұрынғы хатшысы Абдуғали Акимовтың жазбаша куәгерлік сөзі: «М. Наренов маған туыс болады. Туғанның айтқанын орындама-саң, қиянат деп түсініп байлардың малын тәркілеуден сақтадым. Оны мойындаймын. Басқадай Кеңес үкіметіне қарсы ісім болған жоқ (15.06.33 ж.). 8 ауылда 300 сауын сиырдан – 80, 210 жұмыс көлігінен 85-і ғана қалған, мал ұрланған, сойылған. 41 шаруашылықта тұқым қорын ұрлау орын алған. Ал Шалқар ауданының 3 ауылдық партиясының хатшысы Марқа Құбалдиннің түсінігі: «Кеңшардың қырманынан молда Нұртайға 21 қап астық берген. Бақбергенов хат жазып Кемелов арқылы Аралбаев, Шүкіров оқып танысқасын, Қарақалпақтағы бандылық топтың бастығы Бөлекбаев пен Дәрібаевқа тапсырылмақ еді. Мақсаты Бижан-Ханды қарумен қамтамасыз ету, ол үшін пойызды тонау, Жалғасов арқылы оқ-дәрі, қару ұрланғанын білемін, өзімнің оған қатысым жоқ».

Сонымен БК(б)П-ге кандидат, облыстық соттың бұрынғы мүшесі Кәптілеуовтің өтініш жауабы: «Өзімді жауаптымын деп түсінем, контрреволюциялық ұйымға Жауынбаевтың үгітімен қосылып кеткенімді мойындаймын. Кешірім өтінем (19 наурыз, 1933 ж.)».

Облыстық ОГПУ бастығы Кемер, сосын Титов қол қойып, куәландырған (9.06.33 жылғы 988841-3) құжаты бойынша контрреволюциялық ұйымдардың қылмыстық ісі аяқталып, Табын, Темір, Шалқар, Ойыл, Ақбұлақ аудандары бойынша және Ақтөбе облысының 6 ауданының орталығынан 45 адам тұтқындалғаны белгілі болады. Күрделі де қайғылы оқиға. Ұсталғандар атылды ма, түрмеден аман шықты ма, оны сөз етпегенде халықтың ағыл-тегіл төгілген қанының үстіне социализм қызыл жалауын желбіретіп, дым білмегендей, дым көрмегендей жып-жылмағай саясатты дамытып, көпшілікті тарта жөнелді. Бүкіл Одақтың еңбекшілерінің ұлы көсемдері В.И. Ленин мен Сталиннің саясатына шаң жуытпай, «коммунизм ана қырдың астында» деп тартып кеткен қазақ халқының жүрегіндегі шемен шерді қашанғы бүкпелейміз?

\* \* \*

Ел аузында тарыққанда, ескіні аңсап зарыққанда әр түрлі сөз қалған. Бірі ханды жоқтаған, енді бірі патшаның жақсылығын айтып мысалдаған.

*Әбілқайыр бабамыз,  
«Қара қылды қақ жар», – деп,  
Айтқан оған Данамыз.  
Төле бидің ақылын  
Әбілқайырдан табамыз.  
Кеңес үкіметі жасасын! –  
деуге жетпеді ғой шамамыз.  
Аштан өліп барамыз,  
Жан шығар алдында,  
Хан-сұлтанды еске аламыз.  
Қансорғыштар көбейді,  
Қалай тірі қаламыз?!*

*Күн көсемге сиынып,  
О дүниеге барамыз!  
Бүйте берсек ақыры,  
Коммунизмге жетпей қаламыз, –*

деп тақпақтатқандар әр елде, әр ауылда айтқыштарға айналды. Әлсіз халық тірлік тұтқасын ұстап, тырмысып бақты. Бірақ социализмнің рахман нұры жетпеді. Ажал өткелінен көбісі өтпеді. Ой бөлінді, опасыз саясатқа алданғандай сезінді.

Сонымен коммунизмге жете алмай, капитализмде баспаған төбелер қалды деп қоғам жаңаша өзгеріске ұшырағанда да қиындық етектен алып, ұры-тонаушылар шығып, барды бүлдіріп, құртушылар да табылғанын көзімізбен көріп, әйтеуір еркіндігімізге ештеңе тең келмес деп шүкірлік еткен мезгілді де ұмыта қоймаспыз. Сонда деймін-ау, бұл күнде әлемде бір адам зәбір шексе не өлімге ұшыраса араша түсіп жататындар бар. Ал Сталиннің заманында тұтас халық қырылып, жер бетінен жойылып кету қаупі туғанда әлемнен бір жылы үн шықпапты. Бұрқанып теңіздей толқып жатқан адамдардың төгілген қанына аяушылық болмағаны ма? Әлде сталиндік зұлмат жұмыр жердегі халықтардың бәріне үрей туғызып, жүректеріне қорқыныш ұялатып, іштей тұңғыық тереңге тартты ма екен? Орыстың ақын қызының қазақ елінің аштықтан қырылып жатқаны жайлы жазған өлеңі де шет тіліне аударылмапты. Су орнына қан ішіп, сусынын қандырған көсем саясатының қанды қасіретінің қалыңдығын әлі талай деректермен, құжаттармен масқаралауға болатын шығар. Бірақ, оның бәрі жау кеткесін қылышыңды тасқа шаптың кері деп түсінсек, тарихымызды түгендеу қиынға түсері күмәнсіз. Қаралы заман саясатындағы күмән мен күдікті, жақсылық пен жамандықты, ескі мен жаңаны, белгісіз бен белгіліні, бар мен жоқты, тапқанымыз бен жоғалтқанымызды, өткен замандағы қанішер тасжүректердің ұрпағының кім болғаны, тағдыр оларға не сыйлады, бар етті ме, жоқ етті ме, қайғылы ма, қуанышты ма, жамандық неге тіреп, ұрпағының алдынан шығып өкіндірді ме, осындай сұрақтарға жауап та-

уып, халқымыздың тарихына қажеттілікті толықтыра беру үмітсіздің де үмітін жалғап, бір толқып ойға батырар еді. Тәуелсіздіктің мәнін түсінер еді. Қан қақсаған халық зары санасын оятар еді, ұлтым, қазағым деп сілкінер еді. Мейірімділік пен зұлымдықтың мәңгілік бітіспес арпалысын жүрегімен ұғынар еді. Намысты таптаған езгіден құтылған кезде кейбір пенденің болдым-толдым деп тасыраңдауы қандай жиіркенішті! Кейбіреудің көңіліне ауыр тиіп қалды ма?.. Мейлі. Ұлтымның ұлылығына ешбір байлықты, ешбір мансапты, лауазымды, бақ пен тақты айырбастамаймын. Ұлы халықтың бір перзенті болғанымнан артық бақыт керек емес... Мен қырып-жойып өлтірем десе де өлмейтін қазақпын! Әлемге осылайша жар салуға еркін құқым бар!.. Асқақ үнім 2020 жылдары жапондар Айға қала салам дейтін кезде де естіліп тұрады... Ал егер ұйқыға кетсем, Қазақ аспанынан төгілген таң шапағымен қайта оянам. Өйткені, көп күйзелдім, көп қайғы жұттым, енді Аллаһтың берген мейірімімен қуануға қақым бар. Қалың ұлтыңмен бірге қуануға не тең келуші еді! Оны, оқушым, өзің де түсінетін шығарсың... Адамның бір бақыты қуанышын сезінуі болса керек... Баяғыдай қанішерлердің «Бірден атыңдар!» деген сөзін ешкім естімей-ақ қойсын. Бәрің де тойға келіңдер деп қуанып жүрелік әрқашан...

## ТІРШІЛІКТІҢ ҚАЙҒЫЛЫ ПАРАҚТАРЫ

Шаңқай түсте аптап күйдіріп барады, қаннен-қаперсіз бүкіл ауыл, әркім өз тірлігін күйттейді. Киім киісі, жүріс-тұрысына сырттай қарап, мұңсыз ел деп қаларсың. Ой түбінде бұғып жатқан арыстандай шер бастан өтсе де ешкімнің білдіргісі жоқ. Оқтай түзу көшелерге асфальт төселген, адамдардың тұрмыс-тіршілігі бірқалыпты. Ішпесті ішіп, киместі киіп отыр деуге болады. Шаруашылықтың экономикалық кірісі облыста алдыңғы қатарда. Кеңшардың еңселі биік кеңсесінде директор Сұлтан Насыров ауыл адамдарының ол-пұл сұранысын орындап, күнделікті шаруаны жайғап отыр. Ұзақ жыл басқару ісінде бастықтың қызметін атқарып келеді. Халық алдында беделі

жеткілікті, тұрмысы көзге шыққан сүйелдей елден ерек емес, халықпен бірдей, шағын үйде тұрады. Кеңшардың байлығы есебінен күн көруден аулақ, қажеті болса қаржысын кассаға төлеп жаздырып алады. Бастық таза болғасын, мамандары да тал шайнап, қыл жұтпайды деуге болады. Жері жомарт, топырағы құнарлы, ағаш қазық қақсаң көктеп шығатындай дерсің. Егін шаруашылығы дамыған, мал өсімі байлық негізіне айналған. Ал осындай жомарт жердің байлығын біле тұра халқы қалай бұрын аштыққа ұрынды дерсіз... Өзен-көлдерде тайдай тулаған балығы, еркін жортқан аң-құстары асырамайтын ба еді? Өткен ел тарихының ақтандақ беттеріне нақты жауапты елдегі бірен-саран қарттар ғана айтар. Әйтпесе, жастар «байлығым бұрыннан баянды болған» деп өте шығар еді. Шындық бастарынан өткеріп, көзімен көргендердің аузында ғана:

– Аштық жөнінде басқа түскен, халыққа тап болған нәубет, зауал деп қысқа қайыра салуға болар. Бұл тұра-сында әркім әр түрлі бөсер де. Өмірде шындыққа не жет-сін! – деп бір сөт терең ойланып алып, іздеп келген шаруа-мызды білгесін Жәпек қарт жан сарайын ашып әңгіме тиегін ағытты:

– Байтақ даламызда теріп жегенге де, ұқсатып жегенге де ризық көп. Қолын қағып, кісен салмаса кім аштан өледі?! Өзен-көл жетеді. Мына іргеде тұрған кеңшарды «Қызыл жұлдыз» атандырды. Екі ел іргелес, қалың қазақ мекені. Қорғалжын өңірі. Қайырсыз жер жоқ, қайырсыз уақыт, зұлым адам болады, тірі жүргенінді көпсінетін имансыз адам болады, олар беті күйсе заманды жамандайды, заман кінәлі емес, кінәлі өзі. Сұрағыңа қарай айтпағым, отыз екінші жылдың аштығы ғой, өлім аузында жатқандарды көрдік, олардың басын сүйейтін, аузына су құятын жан болмады. Осы жерде елуден астам жанұя бар еді, бар малын ортаға салды, әуелі ТОЗ, одан соң серіктес атанды. Мал балағынан өспеді, бәрі құрыды, етке өткізілді. Үкімет бұзау, қозы әкеліп берді. Ойша есептегенде үш жүзден астам адамның жұмырына жұқ болатын азық жоқ, қапқа да сыймайтын уәде жетіп жатты. Жұрт үнсіз, өлетін бала молаға қашады деп өлерде тіл байланады ғой. Аштық ел

шетіне келді. Азыққа деп жинаған ірімшік, құрт, сүзбе, майды милициялар тартып әкетті. Салық деп адал асты жинап алды. Аз-кем азығын жасырып қалғандар аштан адам өле бастағасын үреймен жалмап қойды. Үрейдің өзі өлім екен. Қазір сондай көргенімізді еске алудың өзі қорқынышты. Түсіме кіргенде талай шошып ояңғанмын. Адамның арса-арса сүйегі, бақырайып ұясынан шыққан көзі, аңқиып жатқан ауызы, аяқ-қолының сіңірі тартылып, кейбіреуінің ашылып-шашылып жатуын көру оңай емес. Есім кірген сегіз-тоғыз жастағы баламын, үйімдегі он жаннан аман қалған менмін. Анам «жаныңды сақтайды, анда-санда аузыңа салып сор» деп екі шақпақ тұз берген. Ауылда орыстар балық аулайды, солардың қасына барғанымда әйтеуір қиқымын, сүйек-саяғын, кейде аяп балық береді. Соны талғажау етіп жүрдім. Басыңды көп ауыртып қайтейін?! Айналасы бір-екі айда халықтың біразы қырылып қалды. Өліктерді көмуге үлгере алмаған соң суы тартылып қалған ескі құдыққа тастай бастады. Үш үйлі орыстар көшіп келіп қоныстанды, қазақтарға көп жолай бермейді. Оларға азық беріледі. Үйлерге орналасты. Әке-шешем, бауырларым өліп қалғасын, сол орыстардың жұмсаған жұмысын атқарам. Отын шауып, тасып әкелем. Адамдары өліп қаңырап қалған үйлердің тезек отынын тауып берем. Ауылдың басшылары, белсенділері халықтың дені өлгесін жүктерін тиеп басқа жаққа көшіп кетті. Иесіз үйлер құлап жатты... Бұралқы иттер қуыс-қуысын паналап еді, оларды да кейін ашыққандар жеп қойды...

– Қазақтар неге балық ауламаған?

– Молдалар айтыпты, көлдің құрты – балықты жеген адам о дүниеге барғанда ауыр соққыға тап болады. Балықты тірілт деп күрзімен қабырғасын күйретіп, денесін отқа қақтап тастайтын көрінеді дегенді молда айтты ма, қаскөйлер ойлап тауып зұлымдық жасады ма, малдан айырылғасын ажалды тып-тыныш күтіп алайын деген ғой. Тұяқ серіппей, онсыз да сақтаған азық-түлігін милициялар тінтіп әкеткесін ажалды күтіп жатпай ма. Аңғалдық, адалдық, ешкімнің ала жібін аттамаған бейкүнә мінез сол. Үйіміздегі он жан шетінен өле бастады. Әлгінде анам берді деген екі шақпақ тұзды аз-аздан сорып, шаңырақта бір өзім аман қалдым. Анамның тілегі де сол

еді... Тірі жүргенінді көпсінетін қаскөйлер сұрқиялығын көрсетпей қалған жоқ, Жаратқан Иемнің құдіреті ғой, солардан тұқым да қалмады. Алайда құдықта денелері ашық-шашық жатқандардан бір артықшылығы – мола-сы бар. Басына барып ит те симейді. Аштық адамдардың қастандығын, жыртқыштығын көрсетіп берді, – деп орамалымен жасаураған көзін сұртті. Көкірек кере күрсінді. Бойында қалған үрейді қабірге бірге әкететіндей ойын сездірмеді. Көкірегі шерге толып, көз алдындағы көрпекөпшік, төсеніш, кілем қып – қызыл қанға боялғандай көрінді ме, тұнжыраған күйі басын төмен салды... Біраздан соң терезеден төгілген күн сәулесіне қарап, сол жарықтан қуат алғандай боп:

– Адамды өзезіл шайтан азғырды ма?! – деп Қожабеков қарт азапты жылдарын есіне қайталап түсіргісі келмеді. Аштықтың себебін саясаттан көрмейді, адамды кінәлі деп таниды. Онысы да жөн шығар, бар байлығын қаруларын кезеніп келгендер тартып алды. Тонады, талады. «Үкімет жарылқайды, ешкімді аштан өлтірмейді» деп бұлбұлдай сайрады. Соңы бөлду-бөлду, бөрі өтірікке айналды да қазаққа ажал жетті. Қоғам өзгеріп, саясат құбыла бастағанда жалғыздан-жалғыз бұғып жүрген сұм-сұрқиялар жойқын күшін салып, өз пайдасын шығарып, мұралы болып қалады екен. Ел тарихын ерекше құрметтейтін Сұлтан Насыров Кеңес үкіметі құлағаннан кейін әкімшіліктегі әлдекімде: «Зейнет жасынан астың, ордендеріңді ал да, орныңды босат», – дей бергесін, туған жері Қимаға көшті де кетті. Облыстағы бірден-бір ірі әрі экономикасы нық шаруашылық нарықтың талапайына түсіп таланды, жүнін жұлған тауықтай жұтаған күйге түсті. Басшыдан соң басшы ауысты, байлықты, малды, техниканы, құрылыс материалдарын тынымсыз жан-жаққа тасып жатты. Банкрот дегені қанкүрек болып, «Жапалақ келіп жалп етіп, жарымын ішіп ол кетті, сауысқан келіп саңқ етіп, сарқытын ішіп ол кетті», – деген сатиралық жырды шертті. Сол нарық басталған жылдарда ауыл сыртындағы молалар да көбейді, Жәпек қарт та мәңгілік мекеніне жайғасты. Бір ғасырдың қайғылы тарихын, шемең боп қатқан шерін денесімен бірге жер қойнына әкетті...



О дүние демекші, отыз екінші жылғы аштық қырғынының себептері жетіп жатыр. Оны көзімен көріп, құлағымен естігендердің жазба дерегін саясат үрейі көп жерде қалдырған жоқ. Ақпарат құралдарының, заң орындарының дерек-құжаттарының шындығын он екі де бір нұсқасынан толық қалпында таба алмайсың. Саяси басшылар түрлі жиындарда аштық туралы еш уақытта тіс жармады, абайсыз сөз айтпайтын. Ал милициялардың елді күн құрғатпай емес, ай сайын аралап тұратын көлігі жоқ, ауданның бірінші хатшысы ауыл басшысынан көлік сұрағанда: «Сіз түгілі милиция да жаяу кетті», – деген сөз қалған. Жер шалғай, қатынас қиын, елдің хабар-ошарын «жіп телефон», аздаған пошта тасушы ғана баршылық. Ел мен елдің арасы жүздеген, мыңдаған шақырымға созылып жатса, Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында Қазақ елінде 53 уезд, 1127 болыстық басқару, 8136 ауылдық кеңес, ондағы халық саны (нақты деуге болмас) 5 212 651 адам болса, сонша өзекті шаруаны, мұқтаждық пен кіріптарлықты көлікпен жүріп қамтып, жай-күйді бес саусақтай біліп тұруға мүмкіндіктің жоқтығын түрлі құжаттардан білесің. Дегенмен, «жатыпатарлар», пысықайлар үкімет орнына не түрлі оқиғаларды да жеткізіп тұрған. Өштік, қастық, кек сақтау, әлсізді басынып тұқырту, өзін белсенді танытып қалпағын қақырайтып көрсетуде көбіне шындық болды дейсің бе?! Қиян шеттегі елдерде халық аштан өліп жатыр ма, бірін-бірі сойып жеп жатыр ма, оны айына, жылына келіп-кететін өкілдердің жазба дерегінен іздей бастайсың. Бірақ, өзінің қу құлқыны мен бас пайдасына бола Мәскеуден осындай тапсырма бар деп, көлдің балығын аулауға, аң-құс қағуға лұқсат бермеген, елдегі мылтықты жинап алған сұм-сұрқия қаныпезерлер еді. Бірде қаламгер ініміз Сәбит:

– Мына Ереймен халқының біразын аштық жалмап кетті дегенге, кейде ойға қаласың. Қытайлар: «Қазақ неге қырылып жатыр, жерінде жусан көп, адал жусанды жесе өлмейді ғой», – депті деседі. Сол айтқандай, Күншалған таулы өңірі аң-құсқа бай, көлдері балыққа толы, шөбі де не түрлі дәрілік өсімдіктер ғой. Ашыққандар мал-

дан айырылғасын табиғаттың байлығын алуға, дәлірек айтсақ, балық аулап жер еді, құралы жоқ, аң қағар еді, мылтығы жоқ. Тіпті көсеу болар дейтін темірді де табу мүмкін емес. Егістік жерді ағаш соқамен жыртады. Тірлікке қажетті жылтыраған құралды милиция қағып әкетеді. Олар да өлшеп берген азыққа жарыды деймісің. Сонымен Айжарық деген аңшы жанұясын асырау үшін Күншалған етегін мекендейді. Аң қағады. Оның хабарын елдің тыңшыларынан білген милициялар андуға түседі. Себеп көп, үкіметке қарсы сөз айтты, бандылық топ құрып жүр десе қағаз көтереді. Бәрі сыйымды заңға жатады. Ең бастысы, өзін өлтіріп, жүйрік атын, қаруын, үй-мүлкіне қол салып, байдың тұқымы дейді, алтын-күмістерін тонап алады. Айжарық өзін милицияның аңдигынын біліп, жасырынатын орындарын алдын ала дайындап қойған. Содан не керек, Айжарықтың үйіне жақын келгенін милициялардың көзі шалып қалып, үйді, оның маңын тінте бастайды. Таба алмайды. Жер жұтқандай жоқ деп ойлаған милицияның бірі қазан астына от жағып жатқан әйелдің қасына келіп:

– Айжарықтың кінәсі жоқтығын біліп, үкімет кешірді, «мал ұрлады, бандылық топта» дегені бекер болды, ақталды. Күйеуіңе айт, бізден құжаттарын алсын? – дейді. Сол кезде аңқау әйел дауыстап:

– Айжарық, жасырынба, шық, үкімет ақтапты, ел ортасына барамыз, – дейді. Сол кезде от жанып жатқан қазандық астындағы шұқырдан атып шыққан оны милиция қақ маңдайынан атып түсіреді. Балаларын, әйелін қаңғытып, үйіндегі бар мүлкін, байлығын сыпырып әкетеді. Міне, осындай дүлей күшті зұлымдардан үрейленген адамдар оққа ұшып өлгеннен «жайыма жатып өлейін» деп өздеріне үкім шығарып ажал күтеді. Елді мекеннің аштыққа ұрынып осылай үні өшіп жатады...

Кейде қанішердің ұсқынсыз суық түсін көргенде шошынасың. Елдің аузына азық тиіп, зар-мұң бөсеңсі бастағанда, елуінші жылдарда Ойыл қаласында қара Василий деген жүрді, есі кіресілі-шығасылы. Тіл алмай тентектік жасаған балаларын жұрттың «милиция келе жатыр, қара Василий жеп қоямын деп келе жатыр» деп қорқытатынын еститінбіз.

*Аса құпия, Ақтөбе облысы, УНКВД, үштіктің кеңесі, №5 протоколдан көшірме. 3 қыркүйек, 1937 жыл.*

Баймағамбет Айназаровтың қылмыстық ісі. Ключевой ауданының Сазды елді мекенінде 1874 жылы туған. Байбанды, 1929 жылғы төркілеуге ілігіп, 40 ірі қара малы, 10 жылқы, 4 түйе, 100 қойы ортаға салынған. Үкім жазасынан жасырынып жүрген. 1932 жылы өзіне төрт адамнан топ құрып колхоздың екі жылқысын сойып жеген. Қылмысын мойындағасын сот 3 жылға үкім шығарған, денсаулығына байланысты 1933 түрмеден шығып тағы да мал ұрлайтын топ құрған, «Искра» кеңшарының екі өгізін, бір жылқысын сойып жеген. Ұсталды, түрмеге отырды, тағы да қашып кеткен. 1937 жылы екі өгіз, бір түйені ұрлап сойып базарда сатып тұрған жерінен ұсталды. «Кеңшарларда «колхоз ештеңе бермейді, азық-түліксіз аштан өлесіңдер, малды ұрлап сатып өздеріңе қор жасандар, сосын шетелге көшесіңдер» деп үгіт таратқан», – деген айыпты өзіне мойындатып, қолын қойдырып, байбандыны бірден атуға үкім шығарады. Одан кейін шұғыл түрде «Аса құпия» актісі бойынша Айназаров Баймағамбет Ақтөбе облыстық НКВД басқармасының үштік қаулысы бойынша 10 қыркүйек, 1937 жыл, сағат 3-те атуға деген үкім орындалды. Қол қойып құжатты заңдастырушылар мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің сержанты Молчанов, кіші лейтенант Ягунков және милиция сержанты Ивченколер екен. Міне, тағы да бір қазақ 63 жасында қара жерге сыймай атылып кетті. Ойласаң, бұрынғының байы жиған мал-мүліктің құны бүгінгі ұрының «Джип» автокөлігінің құнына да тұрмайды. Кеңес үкіметі қалай тазартса да ұрлық тыйылмай, бүгінгі күнге де сыбайласа отырып танаулап жетіп үлгерді. Жә, әлемде жемқорлық тоқтар емес, сабыр сақталық. Одан бұрын Айназаров өз өмірін өзіне көпсініп қылмыс жасауға өзі барды ма екен деген ойға қаласың. Бөрінен ауыры, алпыс жастағы әйелі мен екі ұлының тағдыры қыл үстіне ілігіп, жел айдаған қаңбақтай басымен қайғы болып кетпеді деймісің. Аштыққа ұрынып өлдекімнің жуындысын ішуге

зар болды ма екен, әрине, бұндай жағдайдан кейін оларға кең дүние тар болғаны анық... Ойнарсың ажалмен деп бармақ тістеп отырғаның сосын...

\* \* \*

Тергеуші зілді сұрақ қойды. Онсыз да жанының амандығын ойлап қайғырып отырған Қабыш Алмағамбетов «жындандың ба?» деген дөрекі сөзге шыдамай:

– Жұрт өлді деп өлуім керек пе? Мен атадан жалғызбын, ұрпақ қалдыруым керек. Соғыстың қырғынын өзің барып көрсен, қалай қашуды білер едің? Бір жыл соғысып жүрдім, қырғында, қалың өрттің ортасында тірі қалу некен-саяқ, – деп тергеушінің қаперсіз, түтіккен жүзіне таңырқап қарағандай болды.

– Есің дұрыс емес... Отанын сатқан сатқын екеніңді мойындайсың. Бітті шаруа, не түрмеде шірісің, не майданның алдыңғы шебінде оққа ұшасың. Бітті шаруа. Үкімді күт!

– Рас, қашып шықтым, қара шыбындай қырылған өліктің арасынан тірі қалған адам аз. Өлсем туған жерімде өлейін дедім. Және әйеліммен үйленгеніме бір ай толмай жатып соғысқа кеттім. Әкеден жалғызбын, аштықта бәрі қырылып қалған. Жүрегіңде әділдіктің тамшыдайы болса ойлашы, әйелімнің қасында жатып, бір ұрпақ қалдырсам деп армандап едім. Ұрпақсыз өтем бе деген қорқыныш шыдатпады, – деді де Қабыш көз жанарын төмен салады. Көзінен домалаған жас еденге тамып жатты. Оны кім ұғынып, ақтайды дейсің?! Қаштың бітті, мойындадың, тергеуші басқадай жауапқа тартып мазаламайды. Қорғаса теріс түсінетін, секем алатын басшылары бар. Сондықтан тергеуші әскери трибуналдың заңдылығына, тәртібіне көнеді. Сонымен Қабыш Алмағамбетов әскери трибунал шешімімен 197-статьяның 7-тармағы бойынша он жыл үкім алып, егер 1942 жылдан 1943 жылға дейін соғыста болғаны ескеріліп майданға кетуді сұранса алғы шепке жіберіледі (Аса құпия іс. №83, №6-0-2035). Сонымен қазақтың тағы бір қара шаңырағына қауіп төнді, отағасы соғысқа кетсе оққа ұша ма, түрмеге барса өлім құша ма, белгісіз. Тағдырдың күнілгері әзірлеп қойған ажалы ма,

бейнеті ме, одан қашып құтыла алмайсың. Еріксіздіктің, қырғынның қайғысы сіресіп жатқанда томашадай басыңды қорғар пана таппассың...

\* \* \*

– Тыңда мені, жаның шықпай тұрғанда айтасың, бұл ауылда кімнің малын ұрлауға болады? – деген Данил артынша: – Өзің отқа қақтап не жеп отырсың? Ет пе?

– Тышқан жеп... ашпын, қақпанға түсетін тышқан да қалмаған...

– Қарныңды тойдырам, малды қай жерден, қалай ұрлауға болады?

Тышқан жеп отырған әлсіз селт еткен жоқ. Шайнадап жұтынып алды да:

– Бұл ауылда тышқақ лақ қалған жоқ, бәрін үкіметке тапсырды, – деп көз жасын тамшылатты. Данил аяп кетті. Адамды сойып жегендер бар деп естіді. Ашықса қайраты бар адам нені жемейді деп те ойлады ма? Қайткенде де аштықтың жаман түрінен шошыды. Сосын да қалайда қор жинауға бекінді. Егер күшпен қимылдап ұрлап, тонап қалмаса мынадай аштыққа ұрынудан жүрегі сезік алды. Зражевский Данил Ивановичтің туған жері Астрахань губерниясы еді, кулактардың бірі болды, мал-мүлкі тәркіленді, 1930 жылы Ойыл ауданынан жер аударылды. Байлығы есінен шықпайды, 50 сиыр, 150 қой, 5 ат, 6 түйесін екі кедей бағып, содан түскен қаржыға тарықпай өмір сүрді. Сол күндерін ойласа жүрегі шаншиды, өз-өзінен өгейлеп қалады. Мал-мүлкіне салық төлемеген деп 5 жыл еркінен айырған, сайлауға дауыс беруге құқығы жоқтық айыбы және бар. Ойыл өңірі аштықтың құрсауынан шықпаған, күнкөріс жоқ болғасын ұлдары Иван мен Григорийді ертіп мал ұрлау, мүлік тонау, кеңшарлардың астығын тартып алумен айналысты. Ойыл және Орынбор облысының «Бөрте» кеңшарының мал-мүлкін, азығын тонап қоймай, қарсыласқанның жанын қиды деді ме, «Кеңес үкіметі халықты аштан қырады» деп үгіт жүргізді деді ме, қылмысы жетерлік болыпты... Шетелге қашамыз, байланысым бар деп талай-

ды азғырғанын «жатыпатарлар» жеткізгенге ұқсайды. Байлығынан айырылғасын кешіре алмай, Кеңес үкіметінің ісін бұрмалап, қисық түсінік таратпай тұра ма?.. Семсер пышақ бар, мылтық бар, күш бар, малынан айырылған ыза-кек бар. Мал ұрлығы, астық ұрлығы үстінде Орынбор облысының үштігі бұларды қолға түсіреді. Данилдің үлкен ұлы Иванды бірден атуға үкім шығарып, дереу жаза орындалады. Григорийді он жыл түрмеге қамайды. Ал 69 жастағы Данилді түрмеде өлмелі ауруға шалдыққасын алты айдан кейін бостандыққа шығарады. Міне, Ресейден жер ауып Ойылға қоныстанған Зражевскийдің шаңырағы 1937 жылғы 15 қарашадағы үштіктің шешімімен өлгені өліп, тірісі түрмеде жазасын өтейді.

Жалпы айтқанда, жеке адамның, қоғамның мал-мүлкін ұрлап, түрлі қарақшылық қылмыс істегенді қай қоғам болсын, оны ақтай алмайды. Қазақтың ескі дала заңында жылқы ұрлаған ұрыны өлім жазасына кесу болған. Қалай ойласаң да, ұры-қарақшы, лаңкес, бұзақы, содырды бүріп түсетін заңға ешкім қарсы тұра алмас. «Ұры кісі басқаның малын жейді, өзінің арын жейді» дегенді түсінбегенге қай кезеңде де обал жоқ.

Айта кетелік, Молотов пен Сталиннің қол қойған (8 мамыр, 1933 ж.) қаулысы бойынша таптық тазартуда Одақ бойынша 12 мың кулактың жанұясымен басқа жаққа жер аударуға ілігіп келгендерінің қылмыс істеуден аман қалғаны аз шығар. Бір жерде қылмыс болса, алдымен солардан күдіктену болмады деймісің...

\* \* \*

Баста билік жоқтығын, әркімнің жанын аман сақтауына дәрменсіздігі болғанын айтпайын десең де, «халық жауы» атанып бірден атылғандар ұлттық алтын қор, мықты кадрларымыз екенін тарих біледі. Құжаттардан көресің. Үкімді де, тәртіпті де Мәскеу шығарады. Көбісі орыстілділер. Олардың «Ұлттық кадрларды атып тауысар емеспіз, олардың орынтағына кім отырады?» деген сұрақпен шаруасы да болмаған шығар. Айла табылады, құтылып көрсін. Шап беріп ұстайды да атады, көбіне

қылмысыңды мойында деп қыстап та жатпайды. Алғыр ойлы, елдің өркендеу тұтқасына керек болар демейді. Ғалым болсаң да санаспайды. Қазақ даласының түрлі кен байлығын зерттеп, игеру жөніндегі жұмыстары Одаққа белгілі, Қазақ ССР жергілікті өнеркәсіптің халық комиссары Қалменов Аташ Алпысбайұлы жұмыс орнында тұтқындалып, сол күні 1938 жылдың 8 наурызында атылды. Үкімді КСРО Жоғарғы соты әскери коллегиясы шығарды. Қуынуға, қайта қарауға жатпайды. Ғалым екен демеді.

– Не үшін жазықтымын, республикаға ғылым керек емес пе?

– Ғылым керек, сен керек емессің! Ататегің таза емес, әкең Алпысбай Қалменов Ресей мемлекеттік думасының депутаты болып еркін ел, тәуелсіз мемлекет құрғысы келген. Бай болған, тәркіленген. Бәлкім, өзің де Орынбор арқылы Алматыға жер аударылған Л.Д. Троцкий мен Зиновьевтің үгітін тыңдап шетелмен байланысып жүрген боларсың. Кеңес үкіметіне қасақана ойың бар деседі, – деп одан әрі сөз шығындамайды, бір оқ жалынсын деп өлікті актілей салады (Қалменов ұрпағы – Арқалық боксит кенін ашушылардың бірі). Сол наурыз айының 2 жұлдызында Қазақ КСР совхоздар халық комиссариатының басқарма бастығы Нұрмағамбет Шамғоновты «Ет тапсыру майданының жоспары неге орындалмайды? «Халық жауысың», – деп кабинетінде тұтқындайды. Оның жауабы: «Елде мал қалған жоқ, аштық жылдарында қырылып қалды, тартып алынған мал етке тапсырылып кетті», – деп шындықты айту болса керек. «Ендеше өзің де жоқ боласың!» – деп КСРО Жоғарғы сотының әскери коллегиясы шұғыл үкім шығарып атып тастайды. Заңсыз тұтқындауға Қазақстан Орталық комитетінің дәрмені жоқ па дерсің. Оның ретіне қарасаң КСРО Жоғарғы соты әскери коллегиясының тәртібі ешкімге бағынбайтынын көрсетеді. Әйтпесе, Қазақ КСР прокурорының аға көмекшісі Сабыр Қашин 41 жасында «халық жауы» атанып атылып кетпес еді ғой...

– Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Саяси репрессия құрбандарын ақтау туралы» за-

ңына сәйкес заңсыз, дәлелсіз репрессияға ұшырағандар ақталды, – дейді Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Еркін Құрманбек. – Басқасын айтпағанда, сол жылдары 1615 ақтөбелік атылып кеткен, ал контрреволюциялық үгіт-насихат жүргізгені үшін делініп 1378 адамға үкім шығарылып, түрмелерде отырған.

Бұл – бір облыстағы асыра сілтеу, қырып-жоюдың қанды сойқан түрі. Міне, КСРО Жоғарғы сотының әскери коллегиясы мен үштіктің өрттей жалмаған қырғынымен ойнап көр... Одақ бойынша 1921-1954 жылдарда 642 980 адам атылып кеткенін 1954 жылы Одақтың Бас прокуратурасы, Ішкі істер министрлігі және КСРО Юстиция министрлігінің Н.С. Хрущевқа берген анықтамасында көрсетілген деректі қате деп ешкім айта алмас. Дала қызыл қанға бөккен, әркімге жан қайғы болған кезеңнің қайғылы оқиғалары жетерлік... Оған қағаз парақтары да шақ келмес. Бүгінде халықтың өткен замандағы көрген азабы түс сықылды көрінеді. «Өлдім, құтқар!» деп ойбайлап жатқандардың зарлы дауысы естілсе жаның шошыр еді...

\* \* \*

Саясат үйреншікті. Жебір әйелдің күніне жеті рет киінетініндей өзгеріп, құбылып, толығып, қым-қиғаш тіршілікпен ойын ойнап, той тойлап жатқандай болады. Оны біреулер саясат сайқал дейді, айта берсін, ауыз өздерінікі. Қайткенде халықты уысында ұстаудың амалын тауып, бұлтақтағанның сазайын тарттырып оңтайына түсіріп, тәртіп-тәрбиесімен тәж-тақтың беделін арттырып, ұтысқа шығып отыруға тиісті. Сосын ғой, көсемдер бір-бірімен кездесе кетсе сүйісіп амандасады. Ұсақ-түйек реніштері болса кешіріп, шешілмейтін істер де оңай шешіліп жатады. Көсемнің жел жағынан шығып, қателігін айтқандар Тескентау асып қуылып жатты, қажет болса қанына қол бұлғанып жатты. Қан кешу де, жан кешу де саясатқа қызмет етеді.

«Оу, Кеңес үкіметін аяғынан тік тұрғызып құрысам, оның қарсыласына кеудемді оққа төсегендей қатар тұ-



рысам», – дегендер бір сөзінен қателік жіберсе, олардың да шүлдікше ұшқан кезеңдері болғанға ұқсайды. Троцкий мен Зиновьевті халықтың бір тобы қайраткер болыпты деседі. Сөйте тұра бай-кулактарды жақтағаны қара табан кедей халыққа, пролетарларға ұнай ма? Ұнамайды. Өз пікірлерін арқалап елден қуылуы керек. «Социализм менің ісім емес екен», – деп өз кінәларын өздері біліп, еркімен кетсе кім қарсы тұрады?! Қай заманда, қай қоғамда да билікпен ой-пікірлері қабыспағаннан кім қайда кетпей жатыр? Сонымен социализмнің іргетасын қисық қалаймын дегендерді айыптап, Одақтың жер-жерінде, бұрыш-бұрышында у-ду көпшілік қатысқан жиналыстар өткізіліп, партия ұйымдары «арамызда жаулық пікірлі болмасын» деп хаттамалар мен даттамаларды толтырып іске тігіп жатты. Оны Мәскеу оқып, біліп жатты. Керауыздылардың үнін өшіруге, Кеңес үкіметінің құрыштай күшін дөріптеуге газеттер қырағылық міндетті атқарды. Беделі де орасан өсті. Газетте сыналғандар басымен қайғы боп, құйын арасындағы шаңша ұшты. 1937 жылдың 25 қазан айында Шалқар аудандық партия комитетінің секретары Бермұхамбетов қол қойған бюро мәжілісінің қаулысында: «Аудандық газет сын мен өзара сынды өрістете отырып, ең бастысы ұлттық, фашистік көзқарасты әшкерелеу, партия мен халықтың жауларын тауып, олардың бет-жүзіне қарамай сынға алуға тиісті! Троцкийшілер большевиктік колхоздарды таратып, шаруаларды бай-кулактардың қолына бергісі келеді. Біз фашистік мұндай идеяға жол бермейміз!» – деп тапсырады. Мұндай жиналыстар, мәжілістер, құпия отырыстар Одақтың барлық жерінде өткені тарихтан белгілі. Содан-ақ жамандық ойладың ба, идеяға біте қайнасады, жақсылық ешқайда қашпайды, әуелі арамызды тазартып алалық. Тазарту кезінде қаламгерлердің де жаңсақ қадам басып, айшығы ауып, тіміскі кешірімсіз қатесін тауып жатқаны аз болды деймісің. Троцкийшілді табу керек деген тапсырыс және бар. Сонымен 1937 жылдың 4 қыркүйегінде үштік Паршин Иван Михайловичті қара тақтаға іліктіреді. Ол троцкийшілердің ұйымына дем беріп, А.П. Мельников, М.Ф. Богдановты мүшелікке тартып, түрлі листов-

калар таратуларын жөн көріп, Кеңес үкіметіне қарсы саяси жұмыстар жүргізген. Ол газет шығару жұмысында бұғып жүріп, жасырын пәлелі ойын жүзеге асыруды ұғып жүрген. 1919-1920 жылдары «Красная звезда» газетінде, 1920-1921 жылдары Псков губерниясында «Псковский набат» газетінде редактор, 1923-1924 жылдары «Степная правда» газетінде редактор болып қызмет істеп жүріп, Троцкийдің идеясын таратумен айналысқан. Үгіттеп таллайдың құлағын сарсаң етіп, ұйымға мүше болуға ылықтыра білген. Сөйтіп, 1937 жылдың 20 қарашасында УНКВД үштіктің шешімі бойынша үкім шығарылып, үш күннен соң үкім орындалған...

Ақтөбе облыстық КГБ мекемесінің бастығы, полковник Шалтақбаевтың 1969 жыл, 26 мамырдағы №2005 анықтамасында: «Паршин тұтқындалғанда әйелі Юлия Паршина (қазір II топтағы мүгедек), ұлдары: Юрий – 15 жаста, Владимир – 14 жаста, Анатолий 2 жаста болған. Паршинді тұтқындағанда дүние-мүлкі төркіленген жоқ. Ал қылмыстық іс делосы мен жеке құжаттары сақталмаған», – деп жазылған. Демек, кейбір қылмыскер дегендердің тергеу құжаттарының сақталмай қалу деректері де болған. Бәрінен де ең қиыны, сотталғандардың жанұясында тірі қалған ұрпақ тас төбеден зәбір көріп, жан дүниесі ойрандалып жатты. Ал қылмысты делінгендердің шетел азаматы болса, түрлі құжат-деректері табыла бермейді. Бірер беттік үкім қағаздары тіркеліп қалатыны да кездеседі. Мына бір қылмыстық іс делосында Түркияның Измир қаласында туған, өмір сүру жағдайымен Ақтөбеде суретші-қолөнерші болып қызмет істеп жүрген Муссапиф Ниязнови ұсталып, «шпиондық қызмет еткен» делініп 1938 жылы 17 қазанда үштік үкімімен атылып кеткен. Ақтөбе облыстық прокуратурасы 1989 жылы 23 маусымда қылмыстық ісі дәлелденбеген деп ақтаған екен. Демек, шетелге шпиондық қызмет етті деп бірқатар қылмыскерлерге тағылған айыптардың қатарында сейфуллиншіл, рысқұловшыл, есқараевшыл, троцкийшіл деген саяси астар беру де кездесіп жатады. Айта кетсек, репрессия жылдарында Қазақстанға саяси сенімсіз делінген адамдар легі Ресейден, Украинадан, Молдавиядан көптеп

жер аударылуының негізгі мақсаты жұмбақ. Ал көрістер, шешендер, немістер «әлеуметтік қауіпті элементер» делініп мың-мыңдап Қазақстанға ағылуының себебі тарихтың қара көлеңкесінде шындығы әлі күнге толық анықталмай келеді. «Басқа республика жоқ па?» деген сұраққа нақты жауап белгісіздікпен тынады. Кім білсін, қателіктер қай кезде де, қай елде де болмады дейсің. Әйтеуір сол жер ауып келгендер қазақтармен бауыр басып, тар жолдарда бірігіп тірлік етіп, әй-шәй деспегеніне көңілің көншиді...

– Адам өмірге келеді, кетеді, қауіп-қатерді басына түскенде ғана біледі, – деді бірде Қымыр. – Кейде қансорғыштық, түрлі-түрлі қулықтар да жаңарып отырады... Оның бәрі халықтың тарихы, оған сақтықпен қарап, жөнін құрметтеп, жөнсізіне ойлылықпен ұғынып, түсіністік білдіру керек. Жазмыштың ырқына бағынбау қиын, тірлік алақұйын, – деп ойға шомады кейде. Күтетіні көп, бірақ барлық өткінші күндерін күйкі тірлікпен өлшегісі де келмейді... Кеңес үкіметінің іргетасын бұзбай, болаттан берік қалыпта деп ұстап тұрған кезде жұртпен бірге жұлқынып еңбек етті. Қариялардың сыбырлап қырғын өлімді айтатынын еститін, саясаты тереңге батырып тұрғанын білгесін дерек-дәйекті мысалдамай, тірі жүргенімізге шүкір ғой деп іштей тынатынын да көрді. Басшылықта ұят болса бәрі орнынан келер деп үмітін үзбейтіндерін аңғарды.

«Ұят жоғалса пәле жолығады» деген сөз сол заманнан қалғаны анық. Қымыр бүгінде кейбіреулерден түңілсе, сол мақал есіне түседі.

*Ұят деген немене өзі,  
Бұйырмағанды алуға бөгет пе?  
Қызығып тұрса көзің,  
Ұяла қалу керек пе?  
Желігіп кетер сезім,  
Алмауға жетпес төзім.  
Ісі түскесін жұрт береді де,  
Алыс-беріске сенеді де.  
Орынтақты да сұрап алдым,  
Паралап тұрып, жылап алдым.*

*Орынтаққа қонжиып,  
Бергенімді басқадан ала алмасам,  
Құса боп ағаң өледі де...  
Қаржы небір істі жеңеді де! –*

деп Қымыр өмірдің қатыгез шағынан өткесін, қаржы басқарудың кезеңіне жеткесін қанға бөккен даламыздың өткеніне көбіне ой жүгіртіп ойлануға көбіміздің қолымыз тимей жатыр. Толғаныс болмаса да асқақтық бар, толғаныс болмаса да осыншама байлықты оп-оңай өзім тауып алдым дейтін тасқандық бар. Осыншама бейжайлық қаншаға дейін созылар екен? Жә, бәрі жүйесін табады дегенге сеніп мына бір оқиғаны еске алған дұрыс шығар. Аманғали ініміздің: «Талшық іздеп тентіреп кеткені бар, азыққа қолы жеткені бар, ажал құшып о дүниеге өткені бар. Тарихымыздың қайғылы парақтары жетеді ғой», – дегені бартын.

## ЦИКЛОН

Оңай тимей отырған, әлсізді опырып жатқан тірлікте екінің бірі кездесе кетсе оңаза ойларын ақтарып, кейбірі азық тапқанына мақтанып, өздерін-өздері жұбатады. Мына екеудің сөз төркіні жүдеу өмірдегі жүнжіп жүргендігін кімнен көрерін білмегендік сыңайлы еді. Тәтті ұйқысын қимайтын ұйқылы-ояу жүріп, жалқаулықпен құты қашқан деуге болмайды. Төстеп көтерсе таудай ауырды да қозғап, қақын төлесе апаратын жеріне жеткізе алатындай күштері бар сияқты. Ондай таусоғармын деп қарны тоқта айтатындар аз ба? Қазір бірі жауыр болған иығын зіл басқандай ауырсынады. Оған тесірейе қараған екіншісі:

– Ей, кімге қитиып отырсың? Басқан ізіне шөп шықпайтын шық бермес Шығайбайыңды жоқтап тұрсың ба? Баяғыда байдың құны сұраусыз деп бір оқпен пашпыртын бітірді. Бүгінгілерге оқ дарымайды, қамалы мықты алынбайды. Бермесе де керіле есінеуге тарылмайды. Сондайларды ойлап шаршама. Одан да ойыңды жібер жұрт қостайтын басқаға?

– Заржақтанып қақсама. Қиынды-жиындыны бойыма сіңіріп, тегімнен жаңылып, жетелейтіннің жетегінен табылып, күлкіге қалып қағынып, қиын-қыстауда қалған шаңша ұшырып жіберген өмірімді қиялдап отырмын. Басыңа іс түссе, денеңе күш түседі, қымс етсе қия баса-тын, бір тойынса көңілі тасатын, сұп-сұр бетім ызғар шашатын, қатені өзімнен көрмейтін, гүжілдеп бой бермейтін, орынтақта одыраңдап сөйлейтін өзім де бір соқырмын. Кейде қасимын жан азабының қотырын. Біреулер бетіме түкіргесін есім кірейін дегені ме? Қызықпын...

– Өйтіп құйтырқыланба! Түк бітсе қалтырайды жылан да! Еркің бар, басыңда құндыз бөркің бар, орынтағың олқы емес, өткен елес, алдағыны ойлап қабырғаңмен кеңес. Сондықтан күңгірттенбей күлім қағып жүрмейсің бе? Кекейіп кімді мұқатасың? Бәрін уысыңда ұстайтын кімнің шікіресісің? Баяғыда бір тентек: «Атаңда жоқ арғымақ, анаңда жоқ арғымақ, қайда бара жатырсың қарқын ап. Жырық етегіңді желеңдетіп, жамбасыңа байлаған көрі жілігіңді (пистолетті) жылтыңдатып, еліңнің шаңырағын дірілдетіп аспаннан аяғың салбырап қай күні түсіп едің?» – депті. Оқтан өткір қазақта сөз қалған. Соны білсең, есіңе түсіріп күле білсең, торлаған қисық оймен мұқалмас едің, жөнсіз жұқармас едің. Өзіңе-өзің мәздікпен келісті тірлікте кердең басып жүрер ең... Еркін өмір сүрер ең. Өттеген-ай, қайғы-қасіретін төндіріп тұрған, алпыс екі тамырыңның қанын байлап тастайтындай «адам тағдыры – ойыншық» деп дүлей жүр. Үміт етіп көр одан. Саясатты түсіндіреді. Көзін сығырайта қарап, аларын алып түседі. Адал асыңа дейін қағып түседі.

– Саясатқа өкпелімін.

– Оныңыз бекер. Содыр-сойқанды арам өлтіресің бе, олардың да бала-шағасы бар, саясат желіктірсе сұм-сұрқия орасан мол пайдаға шығады. Саясат – біле-білсең циклон. Оңды-солды соғып тұрады. Байқамағандар өкініп санын соғады. Ығын таба білу керек, иесіне жаға білу керек. Періште емес, пенде ғой, айла-амалмен он орап, жүз шырмап ала білу керек. Сонда сан соқпайсың, біраз биікке барып тоқтайсың. Құласаң шатың айырып жақсылық таппайсың. Барар биікке жете алмасаң жігерің құм боп ты-

нады. Ар-ожданың шөлмекше сынады. Құлап құм қапқан күні жағымпазың желкеңе мініп кекетіп тұрады. Биіктен құлағанның өзі тірі өлім, оған жүрек жоқ тұратын шыдап. Тірлігің базарлы, өзің ажарлысың, жаман ойды, жаңсақ пікірді ұқпай-ақ қой, түсіңе де енбесін, тірлігіңе қажетті заңдылықты сақтап, тек жүрсең жетеді. Кең дүние бірде тарылып, бірде кеңіп басымыздан құйындатып өтеді.

Ішкі істер басқармасы бастығына шаруасымен кіргелі отырған екі зейнеткер ескі заңның көнесін атқарып, тарихтың жаңғырығы ғана есінде қалып, кейде қайғы-шерді болдырмауға тырысса да, қолдарынан келер қайраны жоқтығын біліп қойыңыз. Ділмарсып қанша қағытқың келсе де, саясат астарымен жазылып қалған тарихқа жүгінесің. Сүрінді ме, сүрінді. Қанды оқиғалардан түңілді ме, түңілді. Біреулері жақсы аталды, біреулері жамандыққа басын матады. Қараңыз. Қазан төңкерісінің дүмпуі әлемді дүрліктірді. Езілген тап көзінің сорасы ағып, жыртық етігінің жұлымынан қан сорғалап тамып, қабырғаға жабысқан қарны бір тойынбай налып жүрген кедейлер саясат циклонынан пайдаға шығамыз, мемлекет қарық қылады, жақсылықты жақсылап ұғамыз деп, үлкен үміт күтті. Ығыр қылған, мойынын ырғайдай, битін торғайдай қылған капиталистік зорлық-зомбылықтан құтыламыз деп қуанғандардың жүрегі жарылып кете жаздады. Арқа еті арша, борбай еті борша болғандар бай-кулактарды құртамыз деп ұрандап шықты. Ілгергі тілегі игілігін көру еді. Сол жолда жан пидә, өлуге барды. Сөйтіп, 1918 жылы 28 ақпаннан бастап, 2 наурыз аралығында Ақмолада бірінші уездік съезд ашылды. Көкірегі күпті, жауыздыққа дықты, үстемдікке кеткен еңбектің есесін қайтарам деп үміттенген шаруалар Кеңес үкіметі жарылқайды дегенге имандай иланды. Саясатшылар қолына нан ұстап ант бергендей сезінді. Байқамады ойнақшып тұрған көзін, тыңдап ұйыды сөзін. Үстем тап қирады. Ұран саясаты ескі қоғамды құртудың өткір семсеріне айналды. Онсыз жемістілік жоқ. Жорғалаған жыланның да аяғын көре алмаймыз, шашылған ырыздықты теріп жей алмаймыз. Ұранды жүзеге асырудың сара жолын табамыз, бай-кулактарды бақталастығын пайдаланып қырамыз,

байлығын олжа қыламыз. Ұзында өші, қысқада кегі кеткенді өшіктіріп, яғни өлмесе де өлімші болған кедейге ерік беріп: «Капиталистер мен байларды талаңдар, тонаңдар, атыңдар, қарасын батырып, көзін жойыңдар!» – дегесін кім-кімді аяйды? Көкжиектен көтерілген сұсты бұлт қар емес, қан жауғандай циклонды пенденің басына қасіретімен арқалатты да қойды. Қара қарғалар қанға бір тойды. Кегімді аламын деп қуанып, екі иығын жұлып жегендей елірген кедейлерде ес жоқ. Дөңгеленген дүниеде белдеу жоқ, көз алды бұлыңғыр көрінеді елес көлбеу боп. Алдағыны аңғаратын көріпкел ақыл миға оңға ойлайтын етіп қонбаған. Ол да надандықтың белгісі. «Болсайшы көпшіл, болмашы кекшіл», – деген Абай сөзін кім тыңдап жатыр? Бәлкім тоқ адам кек сақтамас, ал аш-жалаңаштар, отарлық езгімен көзі ойылғандар нені тыңдайды? Босағада көрісеміз деп етек-жеңін қағынып безіп шықпай ма? Жаңа заманның ырқына көніп кегін қайтарып аптығын басып, көп нәрсені ұтпай ма? Ескілікті ойрандаған сайын сайрандау басталды.

– Байдың бүгінін көп етіп, көзіне көк шыбынды үй-мелетеміз!

– «Капиталистерді арам шөптей отап, үрім-бұтағын, тамырынан қырқып құртамыз. Олардың байлығын тартып алып, олжалы боп ұтамыз!» – деп езілушілер өздерін бақытты сезініп, алдыңғы шепте алғыр болғаны да анық еді. Тіпті көзге күйік болмасын деп байлар отырғызған орманды да өртеп жіберді. Оған күлсең де, жыласаң да өзің біл. Болары болып, тарихқа бояуы сіңген. Сөйтіп, осындай дүрілдеген саясат кезінде уездік Ақмола қалалық милициясының комиссары болып Михайл Грязнов, көмекшісі Павел Шлюшенко тағайындалыпты. Бастық қазақ болмағаны құпия, Мәскеу ұлт кадрына сене бермейді, бұратана халыққа жоруын қоймаған. Қызылгвардиялық топты Авдеев басқарады. Мақсаттары дүрбелең алақұйын кезде қоғамдық тәртіпті сақтау болады. Қандайда қылмысқа жол бермеуді қарастырады. Өйткені, қоғамның екі дай кезінде, ескі саясат пен жаңа саясаттың арпалысы тұсында милиция араласпаса қантөгіс, сойқан болар еді.

Оның үстіне, әлем капиталистеріне социализмнің қауіптілігі аса қатерлі екені көрініп, жаулық сырттан да, іштен де лап ете түсті. Сібірді Колчак басып алып, қанатын кеңге жая бастады. Орынборда Дутовтың атты казактар әскері қырып-жойып, тіпті Орскі қаласын өртке орап, қанды қырғынға түсірді. 1919 жылдың 1 қаңтарында «Правда» газеті Кеңес армиясы Дутов армиясын талқандап, олардың жауынгерлері Қызыл Армия құрамына өткенін, Орынборда Дутовтың қан шеңгелді қарақшылары болған 250 казакты атқанын жазды. 1919 жылдың 22 қаңтарында түркістандық I армиясы дутовшылармен бірнеше күн атысып, ақырында Дутов әскерінің қалдығын қаладан қуып шыққан. Өліспей беріспейтін осы қырғында Сұлтан Жантуаров Байтұрарұлы Сүйіндік, Қайыңды, Құмақ болыстарынан құралған кедей қазақтар отряды асқан ерлік көрсеткенін, бұл отряд сол жеңістен кейін төтенше комиссар Жангелдиннің армиясына қосылғанын тарихтан білеміз. Кеңес үкіметін орнатудағы ерліктері туралы Жантуаров өзінің «Қолымызда қару» деген естелік кітабында айқын жазған екен. Орск қаласын дутовшылар өртке орағанда Қызыл Армияге Ақтөбеден қару-жарақ жеткізген София Бажанова, Дария Лопина ерекше ерлік көрсеткен. (Ұрпағы бар ма екен?) Кеңес үкіметінің тағдыры қиындап тұрған кезде, Атбасар, Мариновка селоларын ойрандап жатқан шақта Ирченко мен Белаш басқаратын халықтық әскердің штабы құрылып, оның құрамында 7000 қаруланған кедей үлкен ерлік көрсеткен. Атбасар, Көкшетау, Петропавл, Ақмола уездерін Колчак бандыларынан тазартуда талайдың қаны төгілген. Қара халық ел мен жерін қорғады, саясатты жарылқайдыға сенді. Бұл қанкешулерді ерлікпен өткізген милициялар аз болған жоқ. Жиырмасыншы жылдарда милициялардың тәртіп бағдарламасы жарық көріп, міндеттері кеңінен қамтылды. Оны орындау, әсіресе 1921-1936 жылдардағы бандылармен күресу оңай болған жоқ. Ишимде кулактардың қарулы көтерілісі бұрқ ете түсті. Жазықсыз халықты қырып салған. «Қолдарыңа қару береміз, үкіметті құлатуға қатысасыздар!» – деген тәртіптері болған. Халықты кенеше сорып байығандар құлдарын аясын ба? Милициялардан



құрылған отряд барып кішігірім соғыспен тыныштық орнатты. Қантөгіс Алексеев ауданының территориясында да осал болған жоқ. Глазунов деген нағыз баскесерлер тобы селоларды өртеп, қарусыз адамдарды атып өлтіре берген. Осындай айқаста атбасарлық милиционер И. Пяттеркии оққа ұшады, қаза болғандар жалғыз дейсің бе? Ойда да өлік, қырда да өлік, өзенде жайрап жатқан өлік, көлдің маңында толған өлік, тірі қалғандар оққа ұшып арманда кеткендерді жинап көміп үлгере алмай жатыпты. Айта берсе үкіметтің қызыл жалауы адам қанымен боялып, қан шашылған дала бөгіп, қара қарғалардың мықты тойынған кезі болса керек. Саясат циклоны талайды құрбандыққа шалған, адамдардың тірлігін жойған, бұл да милицияның, Кеңес үкіметінің тарихы. Қуанышы аз, өкініші қалың кез. Қырғын тасқыны, айқай-қиқу, кімге сенерін, қай тасадан жан сақтарын білмей басы шыр айналғандар тыныштық тұсында: «Байдан кек алынып болды ма?» – деп жыларман боп тынады. Ел ел болғалы, адамдар өз қотырын өзі қасып өмір сүргелі, ұрпақ өсіргелі, тұс-тұстан тепсініп қаруын кезеніп, атып өлтіріп жатқан сұмдықты көрмегендер шынымен құрыдық па деп, екі қолын тас төбеге қойып қаңғып кеткендері де жетіп жатты. «Мынау жер қан сасыды-ау», – деп қариялар үрейі ұшып, үргелектеніп жүрді. «Милиция алдымен халықты қорғайды, саспаңдар!» – деген сөзге қайғысын ұмытқандай болғандар да бар шығар. Елдің есін жиғызуға көмек үшін Одақта сол жылдарда милиция қызметкерлерін дайындайтын 23 мектеп қызмет етсе, Ақмоладан Шаронин, Винокуров, Казакевич, Ғабдуллиндер сол мектепті алғашқы бітірушілер екен. Соғыс, қырғында адамдардың қаны судай аққанын саясаттың құрбандары дейсің де тынасың. Ондай жеңіс болмаса бүгінгі өмір тұл болар еді. Тарихымызда еңсе көтертпейтін қайғының оқиғалары қалды. Оның астарында ырықсыздық бар, бұйрық бар, сақтану бар, қорғану бар, мәртебе бар, қорлану бар. Үміттену бар, шошыну бар. Күдік бар, сенім бар. Кім қайсысын түсініпті, кімнің маңдайына не жазылыпты. «Көресіні көрмей көрге түспейсің» деген қазақ сөзі содан қалды ма екен?

Әлдеқандай тыныштықтың қуанышы сезіле бастағанда Екінші дүниежүзілік соғыс басталды да кетті. Суыт қимыл. Милициялардың күн-түн қатқан мігірсіз еңбегі. Ақмола әскери бөлімдердің жасақталатын орталықтарының біріне айналды. Осы жерден дайындалған милициялық жауынгерлер Мәскеу, Ленинград, Сталинград, Курск және Украина, Белоруссия, Балтық жағалауы, Шығыс Еуропа, Берлинді азат етуге қатысып, асқан ерліктерімен танылды. Дәлел-дерек дейсің бе? Жетерлік. 1943 жылғы 6 ақпандағы «Правда» газетінің санында: «Қазақтар майданда ерліктің үлгісін көрсетсе, тылда да тамаша еңбектерімен көзге түсуде. «Жолымбет» кенішінің бұрғылаушысы Бақыт Жүнісов бүкілодақтық жарыс жеңімпазы атанды», – деп жазды. Мұндай марапаттау аз болмаған-ды.

Ал соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіруде милициялардың сіңірген еңбегі аз емес, ондай тарихи кезеңге ешкім де топырақ шашпас. Сәулетті ауылдар, қалалар, өндіріс орындары мен толып жатқан игілікті істерді ұры-қарыдан қорғауда өздерінің антын орындап, қызмет сіңірмесе өркендеу болар ма еді? Қайткенде де қоғам, оның саясаты түрлі өзгерістерге ұшыраса да, жалпы қалың халықтың тыныштығын сақтау, содырлардың бүлігінен қорғау кешегі әкелеріміз бен апаларымыздың бел шешпей тік тұрып, толарсақтан қиындық кешіп, не айлыққа, не асқа жарымай атқарған қызметіне, олардың бәрінің бірдей өмір тарихына сығырая қарауға қақымыз жоқ. Қоғам түгілі, әрбір жанұяның өзінде қателіктер, қырғиқабақтықтар өтіп жатады. Ал өмір заңдылығында қателеспейтін пенде жоқ. Бірақ қоғамдық саяси қате басқаша.

– Табиғаттың алақұйыны, мезгілсіз тасыр-тұсырлаған қырсық құбылысы аз ба? – деп милиция генералы Өмірзақ Болсамбеков тарихты қаралағысы келетін кейбір індеттің байқаусыз қимылына таңырқайды. – Әкем Қапан, анам Сақып Баршын өңірі аштыққа ұрынып адамдарды өрттей кесіп жатқанда туыс-туғаны болып соңғы үнемдерін түйіп алып, жаяулап, қалың босқынмен бірге жол бойғы өліп жатқандарды көріп, Ақмолаға іліккен екен. Өндірістің

жұмысына орналасып адам басына беретін жүз грамм нанмен аман қалғанын білемін. Одақ бойынша аштық қырғынында 20 миллион адам өлді дейді. Олар тірі болса бүгінде қанша миллионға жетер еді? Қатыгездікті кім ақтай алады? Қырғынға қойша айдап апарған тәрізді болады. Саясаттың қанға толы парақтары осы шығар... Шынында аш өзекке түсіп, ашаңға беттеген халықты қуаңға тықсырып ала жөнелетін қара дауылды өмірші-көсем бастайды. Оны үкіметке орындатады. Былайша біреудің қолымен от көсесе, қолы күймейтіндей сезінеді. Осындай оқшаулыққа қаншалық айран-асыр қалсаң да үлкен топ амалсыздан саясаттың соңына ереді. Пиғылы қисық көсемнің қимыл-қыбырына, оның теріс болжамы мен қаскөй ойына жантайып жалбақтамаса әлсідің күні не болмақ? Ондай індет дауылы оқтын-оқтын адамзат тарихында соғып, циклонға айналып тұрған. Саясатшылардың ызы-қиқы өміршілік мінезінің ыңғайына қарап, қиқуларына заңсыз елікпеуді айтуға көбіміз жасқанамыз. Бедел қуу, төж бен тақтың абыройын ойлау, көбіне халықтың жағдайын бес саусақтай дер кезінде білгізбей жатады. Саясаттың тұңғиық құпиялы циклонына қарсы келетін тарихта күш болған жоқ. Пенденің шамына тиетін сімтігінен өзін арашалап қалуға халық қай кезде де сылбыр. Тыныштықпен асын ішіп, бойына сіңірсе жетеді. Басқа байлықты қажетсінбейді. Пенде өмірінің сүйретіліп өтіп жататын күндері түрлі оқиғаларға толы, оның бәрі қоғамға, саясатқа қатысты болмаса да тарихтың елеулі парақтары... Қанжардағы жазуда: «Қан төгуден артық қасірет жоқ», – деседі. Халқымыз ежелден «Білегі жуан бірді жығады, білімі мол мыңды жығады» деген... Мұны ұғатын ми керек, түсінетін саналы жүрек керек. Сонда қандай да циклоннан сақтана аламыз...

Қымыр көз байланғанды көріп, тіл байланғанды сезіп, ақырының қайырын тілеп толғанды:

*Біріңді-бірің бөтенситін жөнің жоқ,  
Бүгінгі күн киім бүтін, тамақ тоқ.  
Ұлттық сана арзандалып барады,  
Тіршілікті өлшейтұғын ақша боп.*

*Адамдығым ақыл-ғылым делінген,  
Ойшылдарым жұрттан озып көрінген.  
Не боп кетті, ұрпақтары заманның,  
Өз тілінен, ататектен безінген?..  
Тіл циклоны ұлт басына төніп тұр,  
Мәңгіұрттердің айла-амалы жеңіп тұр.  
Өңеш созып басқа тілде сайрағыш,  
Қыл бұрауға өз еркімен көніп тұр.*

## **ЖАНСЫЗ САЛҒАН...**

Қия басқаныңды жатқа біліп тұратын, аузыңды ашсаң көкейіңді көріп тұратын, бір күндік өмірі қалғанша тобасына келмей біреуді қараламаса іші ұлып тұратын, қылмыскер де жазықсызға қармақты іліп тұратын, түрменің бос орнына адал жанды да апаруға делдал боп жүріп тұратын, мейірі ешкімге түспейтін, елестей көлеңдеп жүріп жауыздығын істейтін жансыздар болған. «Құдайдан безген, жатып атар» деп қазақтар кімнің кім екенін айырса да, Жаратқан Иемнің алдында жазасын өзі алар деп тынған. Біреудің қаны ағып өліп жатса, саусағын батырып, тілімен дәмін татқандай болатыны бар. Жансыз діншілдердің де соңына түскен. Қараңыз, «Қазақ» газетінің №230 санында 1917 жылы жарияланған мақаланы «Қара жүз қажы, яки «Қорғанский» деп атапты. Демек, жансыздың ертеден басталғанының дерегін оқырман білсін деп жазбаны сол күйінде көшіріп алдым.

Авторлары Жұмағали Тілеулин, Жанұзақ Жәнібеков, Ысмайыл Турин:

– Бұл кісі басына шалма орап, қажылыққа барып, қалтасына бір кез таспиқ салып, жұрттың басы қосылған жерде екіленіп сөйлеп, қара халықтың көзіне дүние һәм ақырет ғылымдығын шеңгелдеген болып көрінетін еді. Түсін бояп жүргенді көп халық білмейтін еді. Бірен-саран білгендер ептеп айтса, қажекеңнің маңына шаң жуытпайтын еді. Турановтың сырына бармай, сыртына ғана мөз болып «қажылығына» жығылып алданған Қызылжар халқы енді адасып арашасы бола қоймас, болса – оңбасқа қарай

бет алғаны. Қажекең әлі де болса көлгірлігін қоятын емес. Абақтыдан Қызылжарға жазған хатында: «Жұртым үшін отырмын, арманым жоқ», – деп, жұртты мүлде ойыншық қылып отыр. Ата-анасының қойған аты Дүйсенбай болса да, тыңшылық мекемесінің мойнына қарғы қылып таққаны «Қорғанский» деген аты өзіне бір сәнді ат деп жүрсе керек. Әзір Л.А. Кузнецов деген докторды көрсеткені мәлім болды. Қазақты да шарпымай қоймаған. Жұрт ісіне кіріскен азаматтарды, өзіне ләппай демеген ақсақал-мырзаларды жамандап қауіпсіздік бөлімшесіне хабар беріп тұрған. Жемге таласып, жемтіктес жолдасынан жығылып қалғанда жұрттан жиған ақшамен Николайдың баласына тарту қылып «тұмар» апарған кісіге Қызылжар қазағы болысса, жаңа үкіметке жек көрінішті болуы анық. Бұрынғыдай жұрт жұмысы дегенде: «Дүйсенбай қажыдан басқа кім бар?!» – деуді Қызылжар қазақтары қоятын кезең келген шығар, – деп жазды.

Кеңес үкіметі тазартуды ататегінен бастап кеп жібергенде діни адамдар қоғамға қастандық жасаушылар болып шетінен айыптала бастады. Тергеу құжаттарында «жатып атарлардың» пәленше қажы, түгенше молда, ана бірі әулие, бақсы деген сияқты нұсқаулармен қатар Мәскеу арқылы қажылыққа барғандардың тізімдері де көдеге жарап жатты. Орыстардың шіркеуі бұзылды, мұсылмандардың мешіті талқандалды. Ойыл қаласының мешітінің басындағы алтынмен апталған айды аламыз деп дүрілдеген дүлей табанда жан тапсырыпты. Бұғалықтаған темір арқан үзіліп, миын талқан қылыпты десетін-ді. Талай жерде мешітті бүлдірушілердің оңғаны болмапты, киесі ұрған көрінеді. Бірақ, әр ауылдағы «Қорғанскийлер» Аллаһқа қарсылық үгітін үдетіп жүрген-ді. «Ақ қойдың келдесі, қара қойдың келдесі, мен үкіметтің пендесі, жаңа заман құрамыз, коммунист қатарына енгесін. Аллаһқа қалай қарсылық сөз айттым, көзім ілінген бойда рухым жаныма жайғасып жатып, рахатқа батып, әкең-анаң осындай еді, өзіңді бәрі де жарылқайын деп жүр. Ұйқыңды аш, тездетіп тұр, діннен бездір адамдарды, жақсылыққа жетіп қалсын, сәулелі ғұмырдың тамашасын көріп, өзін бақытты етіп қалсын. Тірлікте шырағың сөнбейді, саған

ажал төнбейді. Жоққа жалынғанша партияға табын, ашыққанды тойындырасың, демі біткенге дем бересің, дәрменсізге әл бересің, заман сенікі, армансыздың ауылындасың деп рух аян бергенін шын ниетіммен айтып отырмын», – дейді екен. Халықтың бір тобы жансыздың жақсылық ісіне осылай иланып, атылып кеткені бар, түрмеде азап шеккені бар, бірақ «жатып атарға» жаза бола қоймаған кез еді. Оған кінә тағуға ешкімнің өресі де жете бермеді. Сан алуан айламен сырғып жүріп жатты. Естіменен егескен, көкірегінде жынның желі ескен, есебі – оңай олжа, шайтанымен тілдескен Дүйсенбай Аллаһты ұмытты. Жазықсызды жазғырған ол Қожа Ахмет Иассауидің: «Сақина тілеп алса сау басына, түспесе адал жолда тәубасына, сене бер Аллаһ нұры жаумасына», – дейтінін түсінді деймісің? Азаматынан айырылып күңіренгендердің қарғысы да дари қоймады. Талайлар жанын сақтау үшін үрейден қорқып діннен безді. «Жатып атарлар» қайдағы-жайдағыны ойлап тауып, жұртты пәлелей бастады.

\* \* \*

Партиялық тазалаудың өзен жарына соққандай асау толқынды күшін тоқтатар дәрмен қайда? Тазалаудың құпия мақсаты қазақ ұлтын түп тамырымен жойып жіберуді көздеген жоқ па? Мыңдаған сенімсіз ұлттарды осында әкелді. Аштық қырғынын ұйымдастырды. Одан бертін келе атам бомбасының сынағын өткізді. Л. Берия 1949 жылдың 30 тамызында «аса құпия» деп белгі соғып атом бомбасын жарған сынақты нәтижелі екенін Сталинге жазбаша мәлімдеді. Сол Семей даласын ойрандаған 752 атом жарылысының қасіреті әлі талай жылдарға созылар. Ойлап қарасаң, қара жамылып, қайғы шегетін, қан кешуде ғұмыры өтетін қазақ даласынан басқа жер құрып қалды ма? Осындай қуғын-сүргін бас сауғалап босу жылдарында өзбек елінде – 620 мың, Ресейде – 518 мың, түрікмен елінде – 80 мың, қырғыз елінде 27 мың қазақтар мекендесе, Қытайда – 840 мың, Моңғолияда – 70 мың Ауғанстанда – 5 мың, қазақтардың жалпы саны – 7,5 млн. делінген дерек бар (*Турчанинов Н.В. Население*

*Азиатской России: Статистический очерк. Т.1.* – СПб, 1914). Атом дегеннен шығады. Семей жерін таңдаудың мәнісі шығыстан соққан жел қазақ аспанына түгелдей жайылып радиация қалың жұртты құртады делінді ме екен? Американың соғысқұмарлары жұмыр жерде болып көрмеген сұмдықты бастап, 1945 жылы 6 тамызда, таңертеңгі сағат 8-ден 14 минут өткенде Хиросимаға атом бомбасын тастап, жазықсыз халықты қас қағымда қырып салғанын қалай естен шығаруға болады?! Б-29 самолетінің ұшқышы Клод Изерли тастаған қуаттылығы 12,5 килотонна атом бомбасынан 78 150 адам өліп, 13 938 адамның белгісіз жоқ болғанын, 37 427 адамның мүгедек болып қалғанын әлем тарихы ұмыта алар ма, сірә?! Іле сала Нагасаки қаласына қуаттылығы 22 килотонналық тағы бір атом бомбасын тастап, көзді ашып-жұмғанша 23 753 адамды тағы қырып салған жоқ па?! Қазақтардың қан кешуде қырылғандары жапон еліндегі өлгендерден аз ба екен? Даламыздың әрбір бұтасының түбінде адамның қаны жатыр. Оны әлемге жариялауға сталиндік саясаттың құзғындығы жол берді ме? Қара сандықта құжаттары құпия сақталып енді-енді шындық ашыла бастағанына шүкіршілік етесің... «Коммунизмде ақшасыз өмір сүреміз, бәрі тегін болады. Барлық ұлт жойылып, бір ұлт боламыз, бір тілде сөйлеп, төлқұжатымызды «Кеңес Одағының азаматы» деп аламыз!» – деген желөкпелердің желіккен кездері де болды. Сөйтіп, тасқұдайдай табынғандар Әмір Темірдің мына сөзін есіне алды деймісің: «Шын патшаның құзырына уақыт ғана бағынбас. Өйткені ол – Адамның ұлы, Құдайдың құлы. Жаратушы Ием маған да сондай тағдыр сыйлаған. Қарамағымдағы халық қармағымдағы балық емес. Қарызым да, парызым да, өмірім де, сол пенделердің пешенесіне жазылған. Қиямет-қайым күні солардың тым болмаса біреуінің етегіме жармасып, қайыр тілеп, қарғыс айтып қалмай қойғанын қаламас едім...» – деген екен. Осы сөздерді ойлап тұрып И. Сталиннің пешенесіне қырғынды жазған ба? Көсем амалсыз, Одақ бойынша елдердің экономикасы тым әлсіз. Дамуға пәрменсіз. Оның үстіне, капитализмнің бай капиталистері, ішкі-сыртқы жаулары анталап, қалаларды, елді мекендерді өртеп, бүл-

діріп, адамдарды қырып-жойып жойқын күшін қарсы қойды. Отан басына төнген қасіреттен құтылып көр... Қоғам төңкерісі оңай емес. Амандықтың амалын тауып көр. Адамдық парызды да, қарызды да алақұйын тұсында қалай ұмытпайды. Одақтың тірегі де, тіренері де үрей деуге тоқтады ма екен? Қанды қырғыннан құтылудың басқадай жолы жоқ деп ұқты ма екен? Кремльдегілердің де пікір алысында берік тоқтам қырып-жою болды ма? Көсемнің қасындағы пәтуасыз пасық ойлылардың да жетегі болмады деймісің. Аштан өлгендер де, түрмеде өлгендер де, соғыста өлгендер де соңғы сөздерінде: «Сталин білмеді ғой, онда кінә жоқ, көсемге жаулық ойлаушылардың қиянаты, Сталин жасасын!» – дегенінен жұрт айнымаған. Қырғынды да, тазалауды да, жазаалауды да НКВД-ға тапсырып, республикамызда 18 мың милицияның біразы көсемнің саясаты жолында қолын қанға батырған екен. Ақиқат алдында сүрін, одан ақтал, азабын өзің тарт, жазықсыздың көз жасын өзің арқала, обал-сауапты айыра алмаған бөріне кінәлі – Адамның өзі. Жауластырған – Ібілістің жетегі... Жансыз да, «жатып атар» да шайтанның құлы болды....

## ҚҰЙЫН ҚАҚҚАН

– Қалпақ киіп қақырайған ессіздер бүгінде толып кетті, – деп Тымыр Өндіріс ауылына барып келгендегі көрген-білгенін баяндады. – Кеше кешкісін ауданнан келген өкілге жанына батқан жарлылығын айтуға барған Кәжік ағамыз қазақша сөйлеп, дырауды түсіндіре алмай қорланыпты. «Ақылсыз басқа адырайған көз бітеді, бақыты қайтқан тұқымға ез бітеді, дуасыздың аузына өгей сөз бітеді» деп ренжіпті. Әжептәуір орынтағы бар басшы бір ауыз қазақша білмейді екен, саңырау-сақау адамдай, дым деместен тыңдауға шебер екен. «Подумаем старик» деген жырын айтып, басқалай шаруасының ыңғайы болмайтынын танытқан. Бейқам отыратын мәңгүрттің қайырымы жоқтығына налыған Кәжік үйге кірген бойда кемпіріне:

– Шай қойшы, таңдайым кепті? – деп ескі диванға отыра кетеді. Бүгежендеген бүкір кемпірі:



– Күн қағу, неғып шөлдейсің? – дейді. Онысы – мезгілсіз ішетін асқа тарымшылығы.

– Не сұмдық, мемлекет қызметінде жүріп, қазақ шаңырағынан өсіп-шығып тілін білмеуіне пәлекет неменің ұялмауын-ай! Намыссызға ұят тұрмайтын бедірейген бет бере береді екен-ау. Осындайды көрсе ағаларымыз «Құйын қаққан» деп шошқаның қорсылын естігендей тыжырынып қалатын еді. Құйын қағып ауырғандарды көзі көрген, аузы-мұрны қисайып, тілін жұтып алғандай тұтығып сөйлей алмай қор боп жүретін-ді. «Құйын адам түгелі самолетінді де алып ұрады, жын құйынға дауа жоқ» деп аяйтындар да болатын-ды. Тіл дағдарысы да құйын ішінен аман шығуы кейбіреулерге оңайға соқпас. Тілімді құтқара көріңдер деп жалынғаннан не шығады, мидың үш бөлігі сықап тұрған өзге тіл, қазақшаға орын жоқ. Дағдарыстың құйын қаққанның қайғысы сол...

– Дағдарыс әлемнің қайырын күтемін деген жұмысын қайырсызға айналдырып, дамуды тежеді. Капитализмнің құрсағында бола беретін дағдарыс «ауруы» талай елді шарпыды. Қазақтар дағдарысқа қалай қарайды, беретін бағасының жобасы нешік? – деді Қымырдың ескі танысы орынборлық Иван Красин. Көкейінде кекесін бар сияқты көрінді ме, Қымыр езу тартты да:

– Біз тәуелсіздік алғанша 260 жыл ақ патшаның, сосын кеңес басқыншылығының дағдарысында тұрып, әбден шынығып, біраз буын бекітіп тынығып, талай қым-қиғаш саясатқа ұрынып, бір тұрып, бір жығылып, қаскөй пиғылдыны тез танып, түсініп, ерекше ұғынып қалғанымыз бар емес пе? Жолында жүк қалдырмайтын нар емеспіз бе? Иығымызға зілмауырдай жүк түссе де, дағдармай көбіне қуанып қаламыз. Таппайтынды тауып, алмайтынды алып, барымызды базарлап, шүкірлігімізді анттай айтып, байлыққа жарып қаламыз. «Жоқ деме, жоғаласың», – деген баба сөзіне нанып қараңыз?! Қанша жоғалдырғысы келсе де басымыз аман, малымыз түгел.

– Қоғам құлағаннан кейінгі талапайдан да амансыңдар ма?

– Шығын шықпай, кіріс кірмейді. Мал – бас садақасы, еліміз аман, жұртымыз тыныш. Сөзімді бөлме, айтайын

дегенім, айналайын ақ патшаның да, садағаң кетейін социализм, ерте ме, кешпе бір айналып соқпас па екенсің дейді көкейім. Кеңес үкіметінің қызыл жендеттерін де бауыр басқандай мәпелеп, әке-көкелеп, еншісі алынбаған емшектестей өбектеп едік. Біздің жүрек тілейді кеңдік! Одан кейін демейін күн көсемдеріміз Ленин мен Сталинның алақұйын саясатына жылынып, бірақ жүрмеп едік құрынып, өлгендерді көме білдік жұлынып, сол кездің дағдарысына кейде жылап көріскендей кейбіріміз жан алыстың қайғысын тарих таразасына салып қараса дейсің. Ей, маңдайға жазғанды көреміз, қиындықтың қандайын да білек сыбанып жіберіп жеңеміз, – деді де Қымыр өзіміз сықылды ақ жарқын, шовинистігі жоқ Иванға қарап, – кеңестік саясаттың бәрінен бұрын тірідей өлтіргені қиындау болды. «Арқасына ер батса ат аяңшыл» деп жанымызға батқан мазаққа да шыдадық. Кісі есебіне санамай, ақыл-ойымызды бағалап қарамай «туземцы» десе бір шовинист, екіншісі аузы-мұрны қисаймай кеңкілдеп күліп «қырғыз-қайсақ», «инородцы» деп кеуде басқысы келген зәлімдік зәбірі ит орнына шошқа үргендей мазақ еді. Ар-ожданды талқандап азап етті. Тілді, дінді, ділді кескілеп, құпия түрде орыстың отымен кіріп, күлімен шығатын есалаң құлына айналдырудың түрлі амалын қолданды. Басқаны айтпағанда, милиция қорғаның дейтін қызыл жағалылар тобырын бір қазақ басқарып па? Жоқ. Неге? Қазақ сенімсіз ұлт деп танылды. Шовинистер зымияндығының түрлі айласына дәлел жетерлік... 1911 жылдың 21 қыркүйегіндегі №995 құпия нұсқауда Ресейдің қазақ еліндегі ұлт саясатының негізгі ережесі бойынша орыс патшасының өкілі: «Біз бұратана халықты мұсылман дінінде болса да, оларды жақын арада орыс шаруасына айналатын материал есебінде қарастыруымыз қажет. Сондықтан оларды орыс дегеннің бәрін жаны қалмай жалбақтап, сыйлап құрметтейтін рухқа жеткізуіміз керек», – деп жазғанын оқыдым. Он тоғызыншы ғасырда жер ауып келген орыс тілділердің жоғарыдағы кулак Говцель, Ходяков сияқтылар мыңдап саналды, 770 ауыл құрап, 550 187 қазақ мекен еткен Ақмола өңіріне 1900 жылға дейін патша әмірімен 1 мил-

лион орыстар келіп қоныстанса, олардың біразы әлсіздің жонынан таспа тілетін казактар болса, заңға бағынар ма? Олардың бәрі Мәриям Жагорқызы емес қой. Қазақтың тілін, ділін, дінін меңгеріп, қазақ ақыны боп өткен Мәриям қыздарына: «Моңғол шежіресінде келіннің үш күйеуі болады деседі. Алғашқы күйеуі – алтын елі; екінші күйеуі – ар-намысы; соңғы күйеуі – алған жары. Қазақ жерінде тудым, еліме адалдығымды сақтап өтем», – деп «үш күйеуі» алдында да кіршіксіз тазалығымен дүниеден өтіп, Жантай қажының қорымына Дүйсен Үкенұлының ата-бабасының зиратына жерленді. Немере-шөберелері ұлтымыз қазақ деп Мәриямның өсиетін орындады, мәңгүрттеріміз Мәриямды білер деймісің, – деп Қымыр өзін ауыр сезініп ойын бөліп еді. Жанында тыңдап тұрған Тымыр:

– Мәңгүрттердің рухы орысша емей немене? Олардың ұрпағында да қазақи рух, ар-намыс болмайды. Тілі кесілгендерді қарғыс қана атады. Тіл дағдарысы – ұлттың қалың қайғысы. Заң керек, тілді жақтамастарға жаза керек. Зұлымдықты о баста рухты өлтіруден бастамақтығы шовинистердің жүрекке бірден қанжар сұққандай екенін түсіну керек.

– Кеңес үкіметі патшалық қылмыстан қалысты ма, қазақ мектептерін жауып, банкрот деп тауып миға бомба қойған жоқ па? Қазақ тілінің бақытсыз боп, соры арылмай қалғанының түп тамыры тереңде. Ұлтты жою үшін түрлі нәубетке ұрындырып, тіпті ашығып жүргендердің балаларын сатып алуды, әр баланың бағасы 75 рубль болғанын Дальдың жазғанынан да көргенбіз. Жазбаны оқыңыз: «В.И. Дальдің «Северная пчела» журналына 1834 жылы, 101-санындағы жазбасында: «Шекара бойынша қазақтар осы қыста тағы да өз балаларын сата бастады. Жақында мен 75 рубльге сатып алынған төрт ер баланы көрдім», – десе отарлаудың езгісін, оның шынжырлы бұғауы халықты жүдетіп құртып тұрғанын көрсетеді. Ресей 1737 жылдан бастап 85 жыл құл саудасы іскерлігімен айналысуын фашизм үлгі тұтты ма, Одақтың басып алған жерлеріндегі балаларды, тіпті қара топырағына дейін еліне тасыды. Отарлық езгінің сұрқия қылмысын, соғыстың, аштықтың қырғынын тарихтан ешкім сызып тастай алмайды,

ұмытуға да қақысы жоқ, тәубеміз үшін керек. Сақтану үшін керек.

Пенде жайсыз пікір, жаманшылықты өз басынан өткермесе, біреудің жағдайын біле бермейді. Орыс шовинистері көкірегіне нан пісіріп, әлсізге қасірет шектіруді мақтанға балады. Қысқасын айтқанда, казактары кедей қазақты ұрып-соқса, атып өлтірсе, мүлкін тартып алса рахатқа кенелгендей болмады деймісің? Казактардың негізгі мақсаты – өз пайдасы жолында бүлдіру, құрту, өлтіру, жою. Кәдімгі Теккерей шығармасындағы Бекки Шарптың құзғындық бейнесі тәрізді. Тымыр:

– Философ Эрнст Кассирер: «Біз өркөкірек өзімшілдігімізден күнәға батамыз, сол үшін де табиғат жазасы жылдам... Тіл, көркемөнер, миф, дін кездейсоқ, дербес жаратылмаған, бәрінің тамыры бар», – дегенін кері түсінген өркөкіректер қазақ жерін отарлауда ұлттың тілінен, дінінен, ділінен айыруды, сонда орыстану нәтижелі боладыны бірінші кезекке қойып, маңызды шаруаға айналдырғанды. Оған тағы бір дәлел 1887 жылдың 11 қарашасында Макинский деген шенеунік Далалық генерал-губернаторға жолдаған хатында төмендегідей тұжырымды білдіреді: «Әкімшіліктің басты шаруасы даладағы қазақ жұртын біртіндеп орыстандырып, мақсатқа жету үшін, ең бастысы қазақ тұрғындары мен орыстарды мидай араластырып, қазақ даласының белгілі мекендерін отырықшы орыстар арқылы отарлау болып табылады», – деген екен.

– Төбеңмен жүргірдің зіркілі, арам ойы қандай зұлымдыққа толы? – деп Қымыр пенденің басына түсетін бақытсыздық тікелей үреймен қабаттаса келетінін ойлады. Халық азасы қандай ауыр, қандай қатты еді? Қасірет пен қан шашқан зұлымдықтың соңында не қалды? Жамандық қана...

– Қазақ ұлты үшін кешегі Хрущев заманының қайғысы қабырға қайыстырмады ма? «Ресей патшалығы қаншама жылдар бойына Қазақстанды отарлауды нақты жүргізе алмады, мен тың игеру саясаты арқылы белден бастым, орыс тілділердің жаппай қоныстануына есікті айқара аштым», – деп Одақ мінбесінен бөсті. Тың игереміз, әлемдегі қазақтарды жинап беремін деуге аузы келіспеді. Бірінші

басшы шовинист болған соң басқасынан не үміт, не қайыр? Қазақ жеріне түрмедегілерге дейін ағыл-тегіл келіп, талайдың ажалына жетті, күңіренген қайғылы үн толас тапқан жоқ, – деді Тымыр.

– Ұйғыр халқында «Көп картоптың ішіндегі пияз күйіп кетеді» деген мәтел бар. Сол айтқандай, күйіп кетудің аз-ақ алдында тұрдық. Үрейлі күш дегенін істеді. Өзбек ағайындар: «Орыс болу үшін алдымен қазақ болып ал», – деген әзіл-оспақ сөзінің зілі қандай аянышты екенін сезгендер бар, өзі үшін ұйықтап, біреу үшін түс көргендей болатын елден безгендер бар. Жанына үңіліп: «Не болып барамыз?» – деуге дәрменсіздікпен ес жиюға күш таппаған қазақтардың ақыл-есі шатасып, орыс тілінсіз күн көру қиындығын түсінді. Тірлік бірінші қажеттілікке байланысты деп ұғынды. Орыстарға үстемдік берілді, тірлік мүмкіндіктері жоғары болды. Қазақ онсыз да қырсықтан арылмай, шырқы бұзылып әр нәрсеге сескене қарайтыны Ф.И. Голощекин басқарған (1925-1933) жылдардағы қынадай қырған қалың аштықтан кейін тірі қалғандар бас амандығын тілеумен тынды. «Үкіметтің жауысың» деп итере салудың лаңын көргендер сәл нәрседен қорқа бастайтыны және бар...

Күн көсем деп жатпай-тұрмай сыйлаған В.И. Лениннің билік қолына тиген бойда: «Тұтқында, қажет болса атып жібер!» – деген қағида тың игеру жылдарында да маңызын жойған жоқ. Коммунистердің жүрегіне дем беретін, айбарын нықтайтын қаталдық болса керек. Ленин томдарын оқығандардыңесіндеболар, өзқолыменжазып, 1918жылғы 21 ақпанда жарық көрген «Социалистік отанға қауіп төнді» деген Совнарком декретінің 8-бабында: «Дұшпан агенттері, алыпсатарлар, баукеспелер, бұзақылар, кері-төңкерісші үгітшілер, герман тыңшылары қылмыс жасаған жерінде қолма-қол атылсын!» – делінген емес пе? Бұйырушы кінәлі болса, бұйырушының үкіміне иілуші де кінәлі емес пе?! Бір есептен заңға бағынуды түсінсе, тәртіп нығайса, жақсылықтың жолы болғаны, ал зиянды жағы қылмысты дегеннің анық-қанығын нақты тексермей, жаппай қуғын-сүргінге ұласты да кетті. Ленин бастап берді. Оны Сталин көсем идеясына адалды-

ғын танытып жаңартып, жалғастырды. «Жапон шпионы», «Отанын сатқандар» деген сияқты тараулармен заңды орындау, үкімді билеу әскериленгендердің шұғыл әрі қатаң жазалауына тапсырды. Осындай үрейлі кезде қазақтар қорғансыздың күйін кешіп, ұлттық қасиеттен қол көтеріп, үстемдіктің қыл бұрауын шыбын жаны шырқырап қабылдады. Жөнін айтуға оқталса, «ұлтшыл» деген жаза дайындығын біліп, бармақ тістеп қала барды. Сұмдық қырғын, қатыгездікті мойындағысы келмегендер түрмеден орын тапты. Орыстың зерттеуші ғалымы В.Н. Земсков «Аргументы и факты» журналында ГУЛАГ-қа қатысты 53 лагерь, 425 еңбекпен түзеу лагері, көмелетке жетпегендердің 50 колоннасы лық толып тұрғанын жазды. Жалпы тұтқындардың 30 пайызы саяси «адасқандар» депті. Құйын қаққандар топтасып алып қуғын-сүргінді қолдан жасады ма деп қаласың. Мысалға айтқанда, 1919 жылдың 10 қаңтарыдағы РКО Советінің қаулысы бойынша: «Темір жол жабдықтарын қаскүнемдікпен қиратушылардың жауапкершілігі қылмыскер деп қолға түскендер ұсталған жерінде атылып, ал күдікті-ау деп сезікті болғандар кінәсі айғақталмай-ақ соғыс уақытының заңымен 24 сағатта сотталуы тиіс», – делініп тергеусіз, сотсыз үкім орындала берген. Осы заңның үрейінен шошығандар темір жол маңында шашылып жатқан керексіз бұрауды да алмай, күні кешеге дейін аман сақталуға қол жеткізілді (Қазір вагон тонау, жемқорлық, банкрот болды деп ауыл шаруашылығы зауыттарының құрал-жабдықтарын кесіп-кесіп Қытайға жөнелтіп, жекелеген тонаушылар пайдасын көріп жатқанына қынжылып, баяғы заңның қажеттігі келді-ау деп қаласың). Сұмсұрқияның опырып жеп, ойрандауына соттың қағазы шақ келер ме екен?

– Сабыр ет, – деді Тымыр. – Ескіні қайтіп жоқтайсың? Қалтырап қорқып жүргенді басыңа бермесін...

– Мына бір деректі қараңыз, генерал-майор, тарих ғылымдарының докторы, профессор В.И. Некрасов «Комсомольская правда» газетіне жазған «Десять железных наркомов» деген мақаласында 1921-1954 жыл аралығында Одақ бойынша 3 777 380 адам қуғындалып, оның 642 980

атылып кеткенін жазады. Ал Дмитрий Волкогонов 1929 жылдың наурызынан бастап, 1953 жыл аралығында СССР бойынша 21,5 миллион адам құғын-сүргіннің зәбірін шеккенін жазады. Бір деректе 40 миллион адам айыпталды дейді. Әйтеуір, аз емес. Осындай деректерге сүйенсек, жазаланбаған жанұя, айыпты аталмаған адамдар өздерін бақытты сезінген шығар. Қан теңізіне, теңізге құйылған көздің жасына құйын қаққандар кінәлі десе, оны қариялардың кейбірі Ібілістің қылмысы дейтін еді. Мұншалық қыспақ, қазақпын деуге жүрексіндірмей қояр ма? Көсемнің атын білсе де көкесінің атын айтуды ұмытқандар құса болып күн кешті. «Сталин салған сара жол – коммунизмге жетер дара жол!» – деп тас құдайға табынғандар кісіліктің бәрін ұмытты.

Тәуелсіздікке зорға шыққанда о заманды ойлау да ауыр. Көсемнің жетекшісі сайтан ба, Ібіліс пе, неміс ғалымдары сықылды тексерсе шындығы шығып қалар... Адам қаны киелі... Қанішерге кесілген үкім ақталуға жатпайды...

*Көрдік біз обырлар мен жалмауызды,  
Тасжүрек тебіренбес қанды ауызды.  
Қырылған адамдардың қайғысына,  
Жер қайысып тыңдады-ау жоқтауыңды.  
Сезген болар аруақтар, көсемім деп,  
Тірлігіңде жақсылыққа соқпауыңды,  
Ессіз шулап барып, әншейін тоқтауыңды...*

## ГИТЛЕР МЕН ШАЙТАН

Бұл Берлин түн атасына тып-тыныш, үнсіз өлі тірлік, жүдеулердің қанша жұлқынса да кеудесінде қысар теңсіздіктің қайғысы бар. Әлсіздердің жұлдызы сөнгені қашан, сосын қыбыр етпей ұйқыға кетеді. Мәнсіз меңіреулік таң ата қыбыр-жыбырға қайта ұласып, жөндем жұмыс тауып азыққа қолы жетсе – тірлігінің жетіскені, әркімнің өз өмірінің жаңа парағы сәтті ашылғаны. Ашық аспаннан көтерілген күн сәулесінің шашылғаны. Алдымен шіркеулер маңында жетім-жесірлер жүреді, сыбыр-күбірі

қолының молдыққа жетуіне Құдайдан көмек бола ма деу ғана. Құлшылық етіп табынып, адамдардың әрқайсысы өзінің қара көлеңкеге батып бара жатқан мұңын шағады. Қайырлы жақсылық тілейді. Жуас пенделер шоқынған сайын денесін жеңілдетіп, қатыгездіктің меңдеткен ауырлығынан құтылғандай болады.

Адольф Гитлер барша жұртпен бірдей қиыншылықты басынан өткізді. Тірлігі түп-түгел сәтсіздікке құрылғандай тауға-тасқа басын соғып, әбден қажып, жүрегі қан жылап жүрген кезі-тін. Жоғарғы мектепте оқып жүр еді, қандай қылығы жақпағанын өзі түсінсе де, қателестім дегісі келмейді, жаңсақ қадамын кім мойындағысы келеді. Бірбеткей мінезі жақпаса, байқаусызда ашу қысып аузынан балағат сөзі шығып кетсе, белгілі біреудің шамына тисе, мектептен қуылады. Жұрттың алдына түсіп бап табу қиын. Кеу-кеулеген туыстары жазықсыз еді, бір шайтан азғырды деп көңілсіздікпен іштен тынатын-ды. Одан соң Гитлер өнер акедемиясын жағалап, жанын жалдап, көз майын тауысып, ой-сезімі өнер құдіретіне ауысып, есі кетіп ынтықса да екі дүркін сынақтан өтпей қалды. Қиындыққа қаны қарая бастады ма, жұртты дүрліктіріп жеңіл-желпі қылмыс істеді ме, шайтанның құйрығын тістеді ме, бауыр басайын өзіңе деп күштеді ме, бір елеске бойы балқып, түсіп тұрған мол мейірді байқағандай болды. Сол тәтті елес ізін бағып еліктірді, күндіз есінен, түнде түсінен шықпады. Балапандай бауырына басып, қауіп-қатерден сақтап бақылауын күшейтті. Жын соқты не, мың соқты не, түрмеде отырды деген жаман атақпен тірі жүрсе де, өмірдің бағасын түсінді. Үстемдік иесінің қасқабағына бағынышты боп, қараудың ауырлығын ұқты. Алды-артын байқап, қайткенде де дүлей күш иесі болуды армандады. Миы үстемдікке әккіленгендей еді. Ой-санасы сан саққа сүйреп, шым-шытырық тірлікті бағалатты. Мұның қайратына да, айбатына да ешкім төтеп бере алмады. Күлетін жерде күлдіріп, бүлдіретінді бүлдіртіп, сынаққа салып жүрген шайтаны семірді. Ұқтырды бұған сұрқиялық өмірді. Бұрын-соңды өзінен басқа жұмыр жерде күш-құдірет болмайтындай әдісқойлықты тапты. Өзі ғана әлемді уысында ұстайтындай дәреже-биліктің



тізгініне жабысатынын шайтаны сендірді. Бұрынғыдай емес, Елес шайтан жанына жақын келіп:

– Жұрт қабырғасымен кеңеседі, шаруасын келте тындырады, назарын босқа сындырады, сен миыңмен кеңесе біл. Әлем байлығы өзіндікі ғой, қорықпа, ала біл!? – деп ақ халатты Елес шайтан әуелі құлағына өктемдікпен сыбырлайды. Гитлер миының барлық бөлігі, ондағы қан тамырлары жыбырлап, денесін қыштап, аруақ ұстағандай он екі мүшесін қыздырып ысытып, ерекше күш дарып, өмірге құлшынып бір қылықты бастағандай, қанат бітіріп жұмыр жерді шарлатып тастағандай сезінеді. Оның жойқын күшін байқаған Шайтан ақ халатының қалтасынан алтын сапты кездігін шығарып теріс қарап тұрған адам сықылдыны бауыздап, ыдысқа құйылған қып-қызыл қанды әуелі өзі ұрттап, сосын Гитлерге ұсынды:

– Түрмеден жүрегің қара тастай қатты, енді мына қанды ішіп аздап жібітіп ал. Бұл аяушылық сезімді өлтіреді. Өмірлік азығың, еліңнің байлығы жалпақ жұртты жаулап алуыңа байланысты. Жұмыр жердегі халық азып-тозып, керексіз адамдар көбейіп кетті. Ондай қоғамға басы артық пендеге шара керек. Өкпе құрт, сифилис сықылды жұқпалы ауруды емдеп азаптанудың керегі қанша? Жұрт алдына шығарып дарға асып асып өлтірт. Әлсіз, ауру-сырқау, шөп басын сындырмайтын жалқау, өлімтік адамдардың барынан жоғы жақсы. Олар – мемлекет машинасына тежегіш, ілгері бастыртпайды. Құрт бәрін. Әлем билігін қолыңа алу алдында жолыңа кедергіні қырып сал. Осы заңдылықты орындасаң құдірет күш қолыңда болады. Байлық, табыс, алтын теңізі аяқ басқан сайын жолыңда болады! – деп әр сөзін қадап Елес шайтан ұйыта сөйледі.

Гитлер ыдыс толы қанды сіміріп салып, көзі шайдай ашылса да абыржып:

– Қалай, қалайша мемлекет басқарамын?.. Тірлігім сәтсіздікке толы... Ең үстіңгі, бірінші билікке жоғарылаудың жөн-жобасы қиын.

– Қадамыңды үнемі қадағалап сынақтан өткізіп жүрген менің қызметіме сен. Тұр, айнаға қара. Өзің сықылды екінші бейне жетекшіңмін. Қалың халықты соңыңа ерітетін, жай көзге көрінбейтін, миллиондардың бірі, ақыл-

ойы әлемдік биіктен де жоғары. Құдайдың сүйген адамы, бірен-саран киелілер жетекші бейнені (*двойник*) байқауы мүмкін. Басқалары түгіне түсінбейді, – деп Шайтан шын сөзін құбылтып жүрегіне құйып тастады.

– Келістім... Орынтақ қайда?

– Асықпа. Алдындағы қолымда билік бар деп қопайып жүргендерді біріндеп ұйқыда жатқан жерлерінде бауыздап таста. Ештеңеден жасқанба. Өзіңді тәрбиелеп, саяси күш беретін ұстазыңнан бастап өлтір. Қайырымдылықты қатыгездік қалай жеңетінін жұрт білсін!

– Ойлану керек екен.

– Несіне ойланасың? Ешкімнің маңдайына бақыт, орынтақты тұрақты жазып қойған жоқ. Мұлт кетсе мұрттай ұшады және жанындағы сенетін адамы құртады. Айтпақшы, қалың қара мұртты, үнемі етік киіп жүретін бәсекелесің бар. Олар қан теңізіне қайықты он алты жыл бұрын салып еркін жүзіп барады. Жұмыр жерді басқарудан үмітсіз емес. Оның жетекшісін Ібіліс атапты, талай дананың сазайын тарттырып, жолына кедергіні тазартып бітірер емес. Бас көтеретіннің басын қырқып, алғыр ойын кескестейтіннің кеңірдегін қиып, саясатын мойындағысы келмегеннің мойнын үзіп, ұрыншақты ұрып өлтіріп, көбін түрмеде телміртіп тастады. Көсем құдіреті – үрейге байланысты. Сталиннің жойқын күресінен сен де қалыспайсың, қайта асырып жібер. Оның Ібілісі шебер, әскери қолбасшыларды да түрмеге тығып жатыр. Соғыссаң жеңетін бұл да өркенді жолыңа тиімді екенін түсін, – деп меңзеді.

– Мен әлемді қайтіп үрейлендіре аламын?!

– Оған асықпа, Герман елін 7-8 жылда тазартып, бұл-тақтағандары табаныңды жалайтындай билік биігіне шық. Бағыныштың кіршік қағысыңнан зәресі зәр түбіне кетіп тұрсын. Ешкім жақсылықтың үмітін күтпесін, ажал күтсін. Өзіңнің білгеніңді емес, өзімнің айтқанымды істе, – деп Елес шайтан 1933 жылдың қаңтарында Гитлерді мемлекет басқару тағына отырғызып, келісімшартқа қол қойғызыпты. – Түрлі жұқпалы аурулар дарға асылды.

– Дұрыс, дені сау таза тұқым өсуі керек, – делінді.

Ғылым-білімнің биігін меңгергендерді өлтіріп, көптеген кітаптарды кері үгіт насихаты деп өртетті. Білімсіз

надандарды басқару оңай деп есептеді. Орынтағына тіміскілеп көзін салатын бөсекелсетерді құртты. Қалың жұртқа нан керек. Пенде – өңештің құлы. Әскери зауыттарды көбейтіп неше түрлі қару-жарақ қорын жасауды қолға алды. Жұрт нан табу үшін уақытпен шынығып санаспай еңбек етті. Қару жасаудың небір шеберлері жұлынып шықты.

Халық айлық алып, асқа тойынғасын, соңына еріп айтқанын екі етпейтін сенімге кенелді. Гитлер әлемдегі адамзатты басқарудың амалын түсінгендей болды. Елес шайтан басқару бағытын аңлағанға жұмыр жерді дүр сілкіндіруге мықтап кірісетінін байқап: «Бөсекелесің Сталиннің алдына түспесең жаның қорланады. Азаптанасың. Сондықтан өзгенің қайғы-қасіретінен де қуаныш тауып тарихта есіміңді қалдыруың керек. Оған шартымыз бойынша 13 жылға мұрсат бердім... Бір елді жаулап алсаң, олардың қару-жарағын, жауынгерлерін екінші, үшінші, төртінші елдерді ойрандап жаулауға саласың. Өз әскерің сақтықта тұрады...» – деді.

...Сөйтіп, дүниені билеп-төстеуге бағытталған бұрынсоңды болмаған соғысты бастаушы Гитлер Елес шайтанмен 30-40 жылдары қол қойып жасасқан келісімшарттың түпнұсқасын Портал Кредо Берлиннің шеткі көшесіндегі ескі үйдің сандығынан тауыпты. Шайтанның шарты тым қатал екен. Гитлердің 1945 жылы өзін-өзі өлтіргені де, алды-артында жүретін пенденің бөрінің көзін байлағандай жұмбағы шешу таппайтын өлімді байқатады. Шайтанның адамзат түсіне бермейтін сиқырлы жазба дерегі азып-тозса да, оқуға болады деп неміс ғалымдары қалалық тарих институтына тапсырыпты (*«Ел-бесік»*, 49-б).

Шайтанмен одақтасып Екінші дүниежүзілік соғыста елу миллиондай адам қырылды десе, олардың тірі қалған жанұясындағы кемінде екі жүз миллиондай халықтың қара жамылып, қайғыдан көкірегі қарс айырылып соғысқа лағынет айтып қарғаумен дүниеден өтті. Қазақта: «Шайтанмен ымы-жымы бар адамнан безе біл, біссімілданғы айтқан сайын шайтан өлімші болатынын сезе біл. Ібіліс, жын-шайтан кеудеңе мінсе оңдырмайды, басыңа бақыт құсын қондырмайды», – дейтінін дала ойшылдарынан та-

лай тыңдап едік. Жұрттың біразынан имандылық кеткен кезде, дінсіздер бес жылдығы талайды түрмеде өлтіріп, өлімші еткен кезде Сталин Ібіліс сезіміне еріп, діннен бездірген кезде, шайтанға өлім келмейтін, адам қаны төгілген сайын сайран салып қым-қуыт жамандыққа шайтан жол бастаған-ау. Әлі тыным таппай қиянаты мол жерлерді ойрандап, ислам дінін жамылып терроршы, лаңкес талайдың шаңырағын ортасына түсіріп жүр. Шайтанның жер бетіндегі ойраны қашан тоқтар екен. Белгісіз...

– О дүниеде орның жұмақта, қират, бүлдір, өлтір! – деп ақымақтарды сықылықтап күліп азғырады. Ілгері кеткендерді: «Бүкіл дүниенің байлығы өзіндікі!» – деп ақылынан адастырып, жанын жазғырады. Небір жемқор, жалмауыз, қанішер, сұм-сұрқияның қасында келісімін жасап оңтайына түскенді оңбайтын жолға бастап жын жүр...

«Бұл тірлікте шайтаннан басқа өледі, адалдықтан адаспа», – деп әулие қарттар қақсап жүр. Шайтанмен келісімшарт жасасып, жұмыр жерді қанға бөктірген фашизмнің көсемі Гитлердің қылмысы әлі талай құжатпен делелденер... Тыныштық баяны мәңгілік болғай...

Тастай қараңғы тап-тар үйімізде тыныш ұйқы қайда? Төсегінде дөңбекшіп жатып әкем: «Інілерім-ай, соғыстан қашан аман келесіңдер!?» – деп жынданып шығатынын ұмытармын ба? Бұл қайғы менің замандастарымның бәрінің басынан өтті...

## ҚАЙДАСЫҢ, МӘДІ?

Сұрапыл соғыс жылдарын: «Жылан жылы – қатты жыл, атақты майдан атты жыл», – дейді. Киімге де жару жоқ, ескі-құсқыны иыққа іле саласың. Түрлі-түсті жамаулы болса да ешкім күлмейді. Өзінің үстіндегі киімі оңып тұрмаса қайтіп күледі? Кім несіне жетісіпті? Біреуі дөрекі сөйлесе: «Атаңда жоқ арғымақ, анаңда жоқ арғымақ, маңдайын отыр ұрғылап. Нең артық менен? Алды-артыңа қарамай жұмысыңа жөнел», – деп қоятындар да бар.

Бекқазы әкемнің дөң мінезінен көбі қаймығады. Сол жылдары күн тұтылды. Жұрт дүрлігіп: «Ақырзаман келіп қалды, жер аспанға, аспан жерге айналып, тірі жан ортасына қыстырылып құрып кетеді», – деп гулеуде. «Пенде біткенді аждаһа-тажал жалмап жатқанда Мәді деген алып апаттан құтқарады», – дейді... Бекқазы у-шуды тыңдап тұрып:

– Оу, тажал деп тұрғаның қанды қырғынды бастаған Гитлер шығар, жер орнында, аспан орнында, кім өлсе соның басында ақырзаманы, – деп ойының деңгейін білдіреді. – Ары таза адамды аждаһа жұтпайды. Өне, қырғын соғыста өлгендердің дәмі таусылып, көрер жарығы бітсе ақыр заманы... Бір тайпа ел едік, тірі қалғаның қанша? Бәрі қырылды... Елде де қабір қазудан қолың босамайды. Біз кімге тұтқа боламыз? Әр шаңырақта қалған біреу бозөкпе балалар ауру-сырқау, аш-жалаңаш...

Бекқазы шикі жасында тырысқақ ауруынан қырылып қалғандарды біледі. Әкесі түз ішкізіп аман алып қалыпты (*Рас, тарихта қалған дерек бойынша 1892-1893 жылдары Қазақ даласының бүкіл аймағына тараған жұқпалы аурумен ауырған 20722 адамның 13127-сі өлген. Қаз.мем. архиві Ф-25, Рн-1, 1833-і, 29-бет*). Оба, тырысқақ ауруы көршілес Орынбор облысында да екі дүркін 1848 жылы және 1892 жылы біраз халықты жалмап кеткен. Ал соғыс жылдарындағы жұқпалы індет, әсіресе балаларға аса қауіпті болып тұрды. Бекқазы үш шаңырақта қалған жалғыз ұлының амандығын ойлайды. Бойындағы ашу мен ақылы тайталасса, көбіне ашуы жеңеді. Бойына сіңген сол мінезі түрмеге отырғызып келді. Бәрібір басынан сөз асырмайды, кеудесін ешкімге бастырмайды. Қорқатыны үкімет қана. Қорқытатыны – «жатып атар». Басқасынан тайынбайды. Күштімісіп сөзі өтсе тіресіп жағасынан ала кеттіні білетіндер байқап сөйлесіп ашуына тимейді. Жоқтық асқынып тұр, ас-су – тірінің қайғысы.

Ауыл тозды, аштан өлуден құтқаратын – біреу сиыры мен көлдің адал шөбі, балығы. Бірыңғай ет жеп, су іше берсе, ісіп-кебеді, ауыл нанға балап тары жейді. Бидай егісінің көлемі аз, орып жинаған бойда бір дөнін қалдырмай отанға өткізеді. Келдек теріп қолға түскені сотталып

кетеді. Сүтін таңдайға тататын сиырларын соқаға жегеді, табан ет, маңдай тердің қайтарымы жоқ. «Бәрі майдан үшін!» Кеңшарда отыз-қырық өгіз бар еді, оны Қонғанбай Әулиенің мешітіне қамап қырып алды. Әулиенің ұлы Хамза соғыстан жаралы болып келді. Егін, мал шаруасында жұмыс істейді. Топырақ құнарлы, жаңбыр тамбаса да бидай өсіп-өнеді. Астық науқаны – мылтықсыз майдан. Еңкейген көріден бастап, балаларға дейін еңбек етеді. Нанды өндіреді, бірақ жеуге болмайды. Сосын да болар Бекқазы Қожакөлдің көзге түспейтін, тіміскілер таба алмайтын үй орнындай жеріне көң шашып, айырмен қопарып тары егеді. Су жақын болғасын айналасындағы жас құрақтай жайқалып өседі. Жеке адамға егін салуға рұқсат жоқ, қоғам жерін ұрлаған боп есептеледі. Тары піскен кезде ай жарығымен орады, оның үстін құрақпен жасырып үйге жеткізеді. Науша анамыз келдектеп тоқпақпен соғып, екі-үш қапшық тарыны бір бөлменің ірге тасынан суырдың ініндей қазған тесік арқылы өтетін ұраға салады. Тышқаннан қорғап екі-үш қақпан құрып тастайды. Сөйтіп, Бекқазы аштықтан аман қалудың бар амалын өзінше алады.

Ел азаматтары майданда, шал-кемпір, балалар жұмыс істейді. Бригадаир әр күнге таяқша толтырады. Ауырып жұмысқа шықпай қалса, бригадир ұрып-соқса да ешкім үн қатпайды. «Енесі тепкен құлынның іші ауырмайды» деп ағайын ғой деу емес, соғыс заңы қатал. Маңдайынан бақ тайып, күш-қуаты кетсе де Бекқазы:

– Соғысқа үш бірдей азаматымызды әкетті, ең болмаса біреуін қалдырмай ма екен? Тұқымды сақтауды ойламайды, – десе, белсенді манаурап паңсып:

– Жөнсіз, қылмыстық сөзді айтасың, тіліңді қырқу оңай! – деп қорқытады. Бекқазы бұрылып жөніне кетіп бара жатып: «Екеудің бірі өлсе бірі қалар, жалғыздың өзі өлсе несі қалар» деген. Артында қалған ұрпағы жоқ, Кенжеғали, Мұса, Қуан інілерімнің тұқымы құри ма?» – деп жаман ойға беріледі. Бойжеткен қызы Оңай кеңшардың есеп жұмысын жүргізеді. Кейде тұла бойы дел-сал бола ма, әйтеуір, іштей толқып: «Қожакөл Шоңқайлымен қосылады, шуылдап желмен бірге басылады, әскердегі

ағаларды ойлағанда, көзімнен жас тамшылап жосылды», – деп күпті көкірегін басқандай болады. Ағиба апасы тұрмысқа шыққан, жарынан қара қағаз келгесін қызын төркініне тастап, Аманқос деген ұлын қолынан жетелеп келіп еді. «Әйел қырық шырақты» деп әйелі өлген Мырзағалиға тұрмысқа шығып, Бекбике өндірісіне кетті. Мұның бәрі – Бекқазы мен Наушаның жан күйігі, қайғысы. Оны азсынсаң, келіндері Қалила, Мәнет, Меруеттің ерлері соғыста. Қалиланың ері Тұрсынғали түрмеде. «Есімханның бас биі, жыршы-ақыны, әскери қолбасшысы болған. Жиіембеттің тұқымы» деді ме, «Жапонияның тыңшысы, үкіметті мойындамайды» деді ме, он жыл үкіммен сотталды. Хат-хабар үзілген. Меруеттің ері Кенжеғали соғыста (06.06.1942 ж. өлген). Мұса мен Қуан да майданда, хабарсыз. Осындағы елу үйдің талай боздағы соғыста жүр. Меңіреу ауыл, өлі тірлік, рахым етер, жылы сөз айтар өзді-өзі болмаса ешкім жоқ. Бөрінің қайғысы ортақ. Екі жүзде жесір әйел, бойжеткен қыздар бар. Ал бастауыш мектепте қырықтан астам бала оқитын-ды. Олар да азайып барады. Неше түрлі ауру жабыса кетіп, жалп еткізеді. Ашқұрсаққа дерт табылады. Үміт жібі үзілуге тақаған төрізді. Мұсадан, Қуаннан қара қағаз келді. Ағыл-тегіл жылау. Бекқазының онсыз да шытыр мінезі өршіді, біреу жұбатқысы келсе өзінен:

– Шаңырағымызда үш бірдей ақырзаман. Қайда әлгі құтқаратын Аллаһтың Мәдісі? Қайдасың, Мәді? – деп еңкілдеп жылайды. Оңай егіліп отырып майданнан келген хаттарды оқиды:

*Қаракөл жері қандай-ды,  
Көргендер қағар таңдайды.  
Жұмағы осы дейтуғын,  
Іргесі берік елтуғын.  
Жібек жел сипап маңдайды.  
Сағыныш сезім қозғайды.  
Туған жерім қандай-ды.  
Амандығын тілеймін.  
Отанды қорғау борышым,  
Отан десе самғаймын.*

*Фашистер жолы болмайды,  
Ақ ниетті біздерді  
Жаратқан Ием қолдайды.  
Соғысшыл құзғындар  
Екі дүниеде оңбайды, –*

деп жазған Мұсаның хатын төсіне басып тебіренгеннен басқа не қалды? Тірі пенденің ажалды мойындамасына амалы жоқ. Қайтеді, ауылдан киініп, екі жеңін сұғынып майданға аттанған жүз жігіттен он-он бесі ғана жаралы болып елге оралды. Қалың қайғымен жылап-сықтап жүріп елдегілер де біріндеп о дүниеге аттанды.

– Қайдасың, Мәді? Біздің ауылда ақырзаман деп тағдырдың мұқатқанына мұңайып, қайғы-шердің зілін көтере алмай Науша, Бекқазы, Оңай, Ағибалар да дүниеден өтті. Ортасына түскен бес шаңырақтан ошақ оты сөнгесін жалғыз өзім қалдым... Өлмегенмен өлімшіліктің азабын замандастарым сықылды аз тартпадым... Күнмен тілдескендей болсам, мұңсыз пенде жоқ дейді. Аймен тілдес, мұңсыз адам жер бетінде болмаған дейді. Жел ызыңдаса шерді қоғайды. Дала күрсінгендей болса, қан теңізін ауырлығын көтерер емеспін дейді. Өткен өмірдің парақтарын ақтарсаң: «Қайдасың, Мәді?» – деген мола жақтан үн шығады. Ол үнді төрт құбалам тең, бақытты да сатып алам деп шіренуші тыңдамауы мүмкін... Қан теңізі қорықсыздардың түсіне де енбес, енбей-ақ қойсын. Қырғындарды көргендердің соңы біз болайық!..

Өмір болды қаталдығына көндірген, қапастан да шығасың деп сендірген. Күйінсең де талайыңа тоқтау бар, шемең шерді өлгеніңше жоқтау бар. Үстемдікке қарсы тұрмау, мінезім бар болымсыз, сұрқияның сөзі болды қонымсыз дей келіп, қабір басында тұрып ой толғайды екенсің:

*Қаламыма қу тірлікте тыным жоқ,  
Жамандықпен арпалыстым жыным кеп.  
Сұм-сұрқия қаулап өскен заманда,  
Ата салар көк тиындық құның деп.  
Періште емес, менің-дағы күнәм көп,  
Тарихымды отырамын түгендеп.*



*Ағайынның араздығы кесепат,  
Аяғыңнан шалады ғой, жығам деп.  
Жауыздардың ұсқынсыз-ау мүсіні,  
Құлығына көзің жетпес түсініп.  
Тірлігіңді жүрер ылғи мүйізден,  
Дүрдиеді қанішерлер ісініп...  
Шындық іздеп жан дүнием шаршады,  
Жалғаншылар ұйытып тұр баршаны.  
Шындық таққа нығыздалып отырса,  
Ашық болар еді, адамзаттың аспаны.  
Қара дауыл соғып тұрса шошынам,  
Адал ойды айтуға да тосылам.  
Өтіріктің боданы боп жүргесін,  
Кісі атына қалайша бір қосылам.  
Адам емес дейді жұрт бетке қарап,  
Көп сатқынның біріне жүр ме балап.  
Ессіз басым ұмытты мұң мен шерді де,  
Шындық дейді отырған қаржы санап.  
Шындық іздеп таба алмадым, қажыдым,  
Жасым жетпей ақылымнан алжыдым.  
Өлсіздігім жалғаншыға жалбақтап,  
Кәне, ажал, жанымды ал, кел бұгін.  
Мәңгірді миым, жынды болған шығармын,  
Туған топырақ – бойымдағы тұмарым.  
Өтірікші жоқ дейді о жақта, рас-ау,  
Бақытымды өлген күні сынармын! –*

деп бүгін кемеліңе келсең де, парасатсыз надандардың елге салған бүлігінің арнасы толар ма? Молалардан шыққан зарлы үн соны айтады... Бекер өмір сүрдік дей ме екен? Езіліп табанда сұлап жатса да аяныш білдіретін кім бар дейсің?..

## **ТҮТҚЫН**

– Қызылқоға өңірінен нендей өзгеріс көрдің, – деді Сансызбай сабырлы қалпын сақтап. Елге, жерге, адамдарға құрмет көрсетуі ерекше, өткен-кеткен өмірдің жақсылықтарын білуге құштарлығына көзім жеткен оған:

– Райымның жолы оңғарылып бабаларының туған жерімен кеңінен танысты, көкірегін қуаныш кернеп, азаматтық борышын өтеді. Туған жерге ықылас-ниет – ерліктің белгісі, пайдасын тигізу – зерденің ісі. Ескі сүрлеу жолда талай өмір хикаясы бар ғой. Түрлі ойлар билейді. Сағым сыртынан тарих парағын оқығандай боласың. Бердештің Түрбегінің әулиелік көзқарасы, сонау Бекет атадан бергі ұлылық жолдың тамыр тартуынан хабар береді. Білгің келіп әрекеттенесің. Шым-шымдап көкірегі ашыла түседі. Соған қуанасың...

– Е, Бекет ата мектебінен түлеген Хасан қазірет мешітінің орынын, басына қауіп төнгенде көмген араби кітаптарын екі жыл демалысымда бел баласы Ахметбек екеуіміз шарқ ұрып іздегенбіз, таппадық. Әулиелік адам өмірін сақтаудың дауасы да, дұғасы да Хасан қазіреттің бойында болыпты, – деп Сансызбай оның ұлы Ахметбек көп пікір айтатынын меңзеді. «Аты аңызға айналған Хасан қазіреттің жақсылық шапағаты Күнбаев әулеті, оның замандастарына дарыған шығар. Әлемнің мұсылмандары алдында Қызылқоға өңірінен шығып ағылшын тілінде тұңғыш рет философиялық ой толғаған Хасан қазірет екен. Заманында бірнеше ұлттың тілін білген Әбу Наср әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Абай Құнанбаев және басқаларының ұлылығы, мәңгі өлмес шығармалары ислам өркениеті арқылы ашылғаны белгілі. Хасан қазіреттің елге қалдырған ісінің маңызы діни білгірлігінде болғаны анық».

\* \* \*

Ахметбек аман-саулықтан кейін сәл бөгеліп қалды. Әдетте көлденең көк атты күліп отырып, ашық сырла-сып отырып шатағын тастап, тұнық суды лайлағандай қапаландыратынын талай көрген. Өмірінде өліп көрген жоқ, өлімшіліктің небір зұлымдық түрін бастан кешірді. Қылаусыз көңіл, адал ниеттінің аздығын біледі. Сәл үнсіздігі содан болар. Кісіні зерттеу қасиеттілігі – өмір көргендігі. Күле кіріп, күңірене шыққаннан сақтан де-

генді есінен шығармағандығы. Бозбала кезінде әкесін тұтқындаушылар: «Өзіміз ғой, есік аш?» – деп келген екен. Қару-жарағын асынып, «жаусындар» дей бастады. Сол үрей есте. Қойын дәптерін ұсынды. «Мені өлім қорқыта алмайды. Менің ақындық және адамдық рухым менің опасыз денемнен әлдеқашан бөлініп кеткен. Ол анда, менің кітаптарымның беттерінде, әрбір жолдарында қалды. Ал мұнда – менің өлі қабығым, тұлыбым, көлеңкем», – деген Мағжан Жұмабаев сөзі жазылған.

Оның ойлы жүзіне қарап отырып:

– Шынында да елге өлі қабығыңыз келді ме? – деп Ахметбектен сұрауға болар еді. Сексеннен асса да тым ширақ, өзін қазақи тәртіпте ұстай білетін, еңсесі түсіп езілмеген, қартпын деп қақалып-шашалуы сезілмеген оның әңгімесін ұрпақ алдында шындығын айтудан бастауды өтіндім. Өлім зауыты, адамның сүйегі, еті, терісін пеште өртеп қорғасын құйып жатқан, бас сүйегінен түрлі бұйым істеп, өлекседен бөлініп шығатын газдан граната жасап соғыс өндірісіне пайдаланған фашистік зұлматты көзімен көргендердің бірі болғасын меңзегенімді ұғынып, шындықты жаны қалайтыны, оның тым ащылығын білетіні, соны айтуға көбіне жүрексінетіні байқалды. Бірақ қанағаты да өмірбаяны болғасын күмілжімей сөз тұрқын жастығынан бастады.

– Туған жерім Қызылқоға, әкемнің он шақты сиыры, он шақты түйесі бар-тын. Кәсібі молдалық еді. 1901 жылы Бұқар қаласындағы жоғарғы діни оқу орнын бітіріп, араб философиясын меңгерген. Діни ағартушы, қайраткер атанған. Қызылқоға, Ойыл тіпті Батыс Қазақстан өңіріне білім шырағын жағушылардың алғашқысы, адами тәрбиенің құндылығына үйреткен ұстаз, – деп бір күрсініп алды. Әкесі Хасан қазірет тарихы ұмытылғандай болғанына өкінеді ме? Бұл – мыңдардың, миллиондардың өкініші, бүгінгі арақ «соғысының» тұтқыны боп діннен безгендердің қалың қасіреті.

– Кеңес үкіметі дін адамы десе әзірәйілді көргендей, мемлекетті құлататындай қатал жыртқыштықпен жазалай бастады. Әкеңіз сол зұлымдықтың азабын тартқан шығар?

– Ол – бөлек әңгіме. Өкініштісі, ұрпағына да оңай тимеді ғой. Сырттай жылмиып монтансығандар ізімізді бақты, түрлі пәлесін жапты. Шынжыр бұғаудан құтылып көр, – деп Ахметбек әңгіме бетін бұрғысы келді де, – өкем Қызылқоға мешітін ашып бала оқытқан. Дін сірә да ұрпақты тазалыққа, басқасын айтпағанда өтірік-өсек, сұмсұрқиялық, басбұзарлық, түрлі қиянаттан аулақ болуға тәрбиелейді. Оны Кеңес үкіметінің мұндарлары түсінбеді. Дін иесіне заразап көрсетті.

– Неге түсінсін? «Дін – қараңғы ін» деп саясаттандырып, шулатып жатса. Сөйтіп, Хасан қазіретті Атырау түрмесінде ұстап, одан соң босатып, қылмыс құрсауын алыстан құрып жатпай ма? Тәркілеуге де іліктіреді. Ақтау қағазында бай деп көрсетілмеген, салық төлемеген деп айыптауы және бар. Ақырында Ойылға жер аударады. Алғашқы үкім осылай кесіледі.

– Өкемнің бай кітапханасы бар еді. Мен естияр баламын, сол кітаптарды арбаға тиеп апарып таса жерге көмдік. Мал-мүлікті, үкімет белсенділері сыпырып алды. Сосын Көкжарға мүсәпірлік жағдайда көшіп келдік. Жанұяда тоғыз баламыз. Күнкөріс қиындады. Ауыртпалық – азық-түлік жоқтың қасы. Өбден зарықтық. Бір-екі сиырдың сүті асырады. Мүсіркейтін ел де күйсіз. Үй-жай шаруасын тығырыққа тірегесін, жылы орыннан бездіргесін абыржу, қорқыныш байқалмай тұрмайды. Үнемі жүзі жұмсақ, жаны жайдары жүретін өкемнің мінезі күрт өзгерді. Тірліктің қатал сыны өз алдына, кітаптарын жерге көмгенде көзіне жас үйіріліп, бүкіл ақыл-есінен айырылғандай күй кешкен-ді. Ұлт имандылығы, мейірі, ақыл-есін жоғалтқандай ойқанды. Жер шұқып, бар бақыты қайтып, мақсат-мүддесі, қуанышы, көңіл жұбанышы таусылғандай селсоқтанды. Қылта тірлікте қылғынғандай өзек жара өкінді. Білімді шын құрметтеуді сол әке мінезінен көрдім, – деп Ахметбек алыста қалған жылдардан мағлұмат бергендей болды.

– Дұшпандары тасадан сынай қарап өзіне сол керек деп әдейі кекетуі де мүмкін ғой.

– Кім білсін, бас қайғы болған тұста және балалықпен көп нәрсені байқамадық. Ішімізден өкенің соншалық

қайғылануын ғана аяп, ақырында Ойылға келгесін де бұрынғы бақытты өмірді жоғалтқандай аштық апшыны қуырды. Аштықта інім, екі қарындасым дүние салды. Терезеден батып бара жатқан күнге әкем үнсіз қарап бақытсыздықтың себебін ойлай ма, әлде өмір сүруге ықыласы жоқтай күй кеше ме? Құпия толқуы жұмбақ еді. Рухы жүдеп, мәнсіздікке жорыса да, ұрпағы үшін қабағын түйген күйі біраз тұнжырап: «Бір реті болар, ақырының қайырын күтелік», – дейтін күбірлеп. Өмір сүруге құмар, адамдармен сөйлесуді жаны қалайтын. Стамбул, Ресей қалаларынан газет-журналдарды алдырып үзбей оқитын Хасан қазірет басына үйірілген қайғының уын жұтып ертеңіне сенімді жоғалта бастаған тұста «отыз жеті» ойраны да бұрқ ете түсті. Жан сырын сыртқа шығарудан қалып тұйықтық па, жасқанып үрейлену ме, жанұяда ашылып сөйлеуді қойды. Сол бір қарғыс атқан түн, – деп Ахметбек сөзін сабақтады. – Қара киімділер үйге қару-жарағын асынып сұсты жүзімен тіріні қуырып кіріп келген-ді.

– Сіз тұтқынсыз.

– Үкімет жауы, – деп аузы-мұрны қисаймай сөйлеп тұрған өзіміздің қазақтың шен-шекпенділері.

– Қазіргі заманда Ленинді, оның ұстаздары Маркс пен Энгельсті пайғамбар деп айтуға болады деп халыққа түсінік бергенімнен жазықтымын ба? – деді Хасан қазірет. Еңсесі биіктігі, білгірлігі, азап алдында жүні де жығылмағаны әулиелігі, небір қаскөйлікке қарсы шыдас беруі қазақи ұлылықтың қанында сақталуы еді. Оны саясаттың жалдаптары ұқсын ба? Итаршыға сөзі де шығын еді.

– Пайғамбар деген дін сөзі, көсем деуге аузың келіспеді ме? – деп қарасұр шөңк етті.

– Міне, діни кітаптар, – деп екіншісі үй ішінің астанкестенін шығарып өлермендене тінтіп жатты.

– Шырағым, ана кітапқа тиіспе. 1359 жылы шыққан Ахмет Хорезмидің «Махаббат кітабы», – деп әкем қызыл жағалының қолына жармасып еді. Анау бетбақтырмай:

– Дін насихаты, – деп әкемді өңменінен итерді. Содан соң алтын-күмістен істелген зергерлік бұйымдарды төсіне тыққылап, ұлттық өрнек бар деп жымысқыланды. Олжалау мен зұлымдықтың өктем үні. Мұншалық зөбір,

қорлау балалардың жүрегіне қатты әсер етіп, қорқыныш үрей, түн атасына шошу, ондай өксікті басу қайда? Жауыз адамдардың мүлде күтпеген жерден қасірет төндіретінін кім ұмытады. Қабірге бірге кететін қайғы. Әсіресе, ағайынның өктемдігі естен шығар ма? Әкем кетерінде: «Ұлым, жақсы оқы, адам бол, адалдығыңнан жазба, – деді. Сосын бір дұғалық қағазды беріп, – бас киіміңе тігіп ал, аман жүресің», – деді. Білім, төзім, адамдық...

Сол жан түршігерлік минуттар Ахметбектің өмірге көзқарасын қатты өзгертеді. Саясаттан адамгершілік, жақсылық күтпейді. Басқасын айтпағанда, адамдығын сақтау қиынға түсетінін байқайды. Зұлымдық болатты да сындырып, темірді де тоздырып, шегіршін ағашты тамырынан қопарып жатқандай еді. Өңкей сүргін, пәле өрбіту, қисынсыз жала, ел басына төнген қатерлі кезде Күнбаев әулеті де бұтаға қонған торғайдай пана іздеп тұс-тұсқа босып кетті. Бірін бай десе, екіншісін діндар деді, орташаларды да тықсырып басымен қайғы етіп жатты. Аштықта қырылғаннан қалған халық қара мылтықтың қарауылына ілініп, Қызылқоға, Ойыл өңірі, бүкіл Қазақ даласы қан түкіріп жатты...

\* \* \*

Өлімші күндер, шерменде жылдар. Қара жамылдырған уақыт ауыр өтті. Ахметбек жүрегіңде әкеге берген анттай уәде бар. Тойынып ас ішпесе де, бүтін киім кимесе де, жоқтық қуалай соғып қуырса да әке аманатын орындауға белді бекем буған. Ойылдықтардың көбісі басымен қайғы. Ессіз кезеңде Ахметбек әкесінің атын өзгертуге мәжбүр болды. Өйткені, «Амандықтарыңды ақылмен сақта», – деген әке сөзі бар.

...Жалған дүние өтерінде шындық бар, жақсыда да мұңдық бар, дауылдан кейін тымық бар. Сәнсізде де сән бар, көркөкіректе де ән бар, тіршілік түбі сұраулы, есебі жұмбақ мән бар. Көріксізде көрік бар, адамдықта да жамандық бар, күлдіре білген өмір, жылататынын ұмытпа. Жауыздық ойлы жанын Аллаһқа тапсыра алмай жатады. Қиянат о дүниеге кетпей азабы жанына батады. Сол қанішерлер мен зұлымдарда ұрпақ қалған жоқ.

Соның өзі – Жаратқанның жазасы. Қиянаткердің азабы о дүниеде артады. Кеңшілік көрген тірлігің, кейде жаман жолға тартады. Не нәрсенің де қайырын тілеген атамыз. Қаскүнемге берген теріс батаны. Күншіл болса ағайын, қабырғаны қақыратады. Бәріміз де наданбыз. «Атымды адам қойған соң, қалай надан болайын?» – деп Абай да зарлап өткен. Тілеп алып жүреміз-ау кейде азаптану шатағын. Кешірімсіз надан кісі қанын жүктеген, дүние-мүлкіне зорлық жасап үптеген. Қара жүрек адамдар, толып жүрді қанжұтпалы кезеңде. «Өкімет кедей шаруалардікі», – деп өршілену өрттей өріп жатты. Абайдың: «Өршілдікпен лағынетке болған душар», – деген қайғылы кезеңі басқа жарымаған қазақтың басын да алды. Өсер елдің ұрпағы аман қалсын демей, бозөкпе жасын да қыршынынан қиып кетті. Соның бәрін Ахметбек замандастары көзімен көрді. Шерлі көкірек қайғыны көтерді. Әр қасіреттің өз жұбанышы бар.

*Адамда сан жетпес шығын,  
Кім ұмытар қырғынды жылын.  
Тиынға тұрмаған құның,  
Қасірет толы кезеңді айтып,  
Үзіле жаздайды жұлын.  
Әлі де жер басып жүр,  
Қарақшы, соғысшыл зұлым... –*

десем, Ахметбектің жан азабын жеңілдете алармын ба? Кеткен келмеді, өлген тірілмеді. Оның жүзінен сексен алтыға келсе де қасірет-қайғының азабы көрініп тұрғандай еді. Рух мықтылығы өжеттікпен тамыр тартып, зерделі ойы басын аман сақтағанын танытады. Кісілік келбеті жоғалмаған. Ойыл орта мектебінің бірінші түлегі екенін айтты. Бірге оқыған замандастарын мақтанышпен еске алды. Андріов, Сәлиев, Қабдешов төртеуі алтын медальға ие болыпты. Мұндай жетістік мектеп тарихында кездесе бермеген. Кейінгі жылы Қуатов Ғабдолдар үздік оқығаны, сол кездегі жастардың білімге ерен құмарлығын мысалдады.

– Сәлиев деген досым ойшыл, қиын есептерді тез шығаратын-ды. Ленинградтан Кировтің өліміне байла-

нысты жер ауып келген ұстазымыз оған «Болжау құдіреті» дейтін. Фазыл Андiров адамгершiлiгi мол, парасатты, спортшы едi. Данил деген досымыз да ешкiмдi жатырқамайтын. Анасы атақты пианист, әкесi ұстаздық еттi. Елазаровтар Ойылға салт басты, сабау қамшылы дегендей, дүние-мүлiксiз келген. Байлығы тәркiленген. Әйтеуiр, үйi толған кiтап едi. Осылар туған жерiнен, байлығынан айырылып, қылмыскер атанып, намысына өшпес таңба қапасын салғанға өкiнiшiн бiлдiре бермейтiндi. Қайта батыл, өмiр сүруге iңкәр, қазақша тез меңгерiп, бәрiн жеңемiз деген сенiмдi бiлдiретiн-дi. Сары уайым байқалмайды. Үстемдiк алдында пыштай болмаған, еркiн. Ауырлық қажыта алмаған. Ойылда ешкiмдi танымаса да, кейбiреулер салқын қабақ танытса да, өздерiнiң қараниеттi еместiгiн, адалдығын, кiнәсiздiгiн бiлдiретiн едi. Жұрттың пыш-пыштаған қаңқуын Ахметбектiң жанұясы да құлаққа iлген жоқ. Көкiрекке ұйыған дiн ғылымымен рухтанып өмiр сүру жолында батылдық танытты. Дүлей күш сағын сындыра алмады.

– Данил Василеевич, – деп Ахметбек сөзiн жалғады. – Бiрге оқығасын кейде бiздi үйiне апаратын едi. Сонда анасы Елазарова бар дәмiн ұсынумен қатар, үйiндегi кiтаптарын оқы деп беретiн. Содан кiтапқұмарлық басталып, жүректегi шемен шердi ұмытып, сiлкiндiк. Өкiнiшке орай Данил досымыз соғыста оққа ұшты. Ұстаздарымыз сол кезде аса мейiрiмдi. Әсiресе, ленинградттық Усова сабақ беру тәсiлiне еркiн елiктiрiп, бiр ауыз орысша бiлмейтiн бiздi тез орыс тiлiн меңгерттiрдi. Украинадан жер ауып келген К. Илдишев математикадан сабақ бердi. Ғылымның зәулiм биiгiне шыққандай, әрбiр тақырыбы жаңалыққа толы едi. Тәртiптi болуды қалайтын. Қазақтардың бiлiмге алғырлығына қайран қалатынын айтатынды. Бiрде Бақытжан онымен Мәскеуде кездесiптi. Сонда бiздiң аты-жөнiмiздi ұмытпай сұрағанын айтты. Ұстаздың адамгершiлiк құдiретi сол. Олар бiзге сұрапыл жылдардың өзiнде адамды қадiрлеудi, өмiрдi қорғай бiлуге, тату болуға үйретiп, қанымызға сiңiрiп тастады. Жүректегi қайғыны ұмытып, рухты қылаусыз таза, биiк ұстауға, бiлiмге берiлуге қалыптастырды. Оныңыз қалай естен шығады.



Замандастарымда Абай айтқан: «Санасыз, ойсыз жарым ес, өз ойында ар емес» дейтіндер болмағанына мақтанам. Ондай байлық ұстаздар арқылы санаға сіңді...

\* \* \*

Айбар төккен жасырын саясатты көбіне жастық жігер ұмыттырады емес пе? Қабдеш пен Фазыл Саратовтағы жоғарғы оқу орнына, Ахметбек Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түседі. Оқы деген әке аманаты жүрегінде анттай еді. Студенттік қызулы шақ, білімге жан құмарлығы ерекше өскен тұста Ахметбек Кеңес Армиясы қатарына шақырылады. 1941 жылы Украинада әскери міндетті орындап жүреді. Ақымақты да, бұзықты да тәртіптеп, тәрбиелейтін, Отан деген ұлы сезімді меншіктеген кез. Ахметбек артиллериядағы шеберлігімен әскерилер арасында беделін өсіріп адалдығын, ұлттық намысының жоғарылығын танытса да әкесінің тұтқындық тағдыры жүрегінде құпия жататын еді. Жүрек түпкірінде сағыныш үн бар, оқуға түскенін, азамат болғанын әкем көрсе қуанар еді деген ой бар.

*Өзіңді ойлап жүргенде  
Түсіме, әке, енбейсің.  
Ақ батаңды ақ жолға  
Аманаттап бергейсің, –*

деп толғанғанда жауынгерлер үні: « Мұрат-мақсат ортақ », – дейді.

– Дұрыс екен.

– Коммунистік идея салтанаты.

– Жөн ғой, – дескен сөздер, бәлкім ертең айтыла ма, жоқ па, беймәлім тағдырлы кезең еді. Ахметбек ешкіммен пікір таластырмайды. Айтысып шала бүлінбейді. Шалқақ мінез танытпайды. Замандастарынан оқығанының молдығы, жігерлі қимылы, әскери жаттығудағы шеберлігі таңғаларлық болғасын шен-шекпенділерді де ойландыратын еді. Қазақи ұлттық жетістікке түсініп, отандық борышты адал атқаратынына тілекшілер жетіп жататын-ды.

Рухани тазалығына күмәнділер тергеп-тексергенде болар, оны Ахметбек біле бере ме? Білсе де шарасыз.

– 1941 жылдың мамыр айында «тревогамен» шырт ұйқыдан оятып казармамыздан алып шығып жолға бастады, – деп Ахметбек тарих парағын ақтара бастады. – Артиллерияшылар түгіне түсінбедік. Ақырында еліміздің Батыс шекарасына орнықтырды. Саясатшыларымыз соғыс болмайдыға әбден сенулі сияқты еді. Кейбіреуде шүбә да бар шығар. Арада уақыт өтіп жатты.

Қаралы күн әлі есте. Командиріміз сасқалақтап, жылдамсырағандай жетіп келді. «Соғыс басталды, соғыс», – дейді. Сол сөз жанымызға қандай ауыр тиді. Соғыстың жауабы өлім мен өмірдің қырқысуы екені белгілі. Қырылуды айтпай-ақ түсінесің. Шегініс басталды, неге екені жұмбақ. Бақсақ, бізді фашистер қоршап алыпты. Қоршаудың ішінде бір айдай арпалыстық. Оқ таусылды. Бұзып-жарып шығудың мүмкіндігі болмады ма, көмек келе ме, жоқ па, бәрі белгісіз. Бір күні полк командирі бәрімізді жинап:

– Ертең жаудың қоршауын бұзып шығуға күш саламыз. Көмектің келетін түрі жоқ, – деді. Сөйтіп, таңғы бестен атыс басталды. Амал не, оқ бітті. Қолдағы винтовкадан қайран жоқ. Қырылып қалдық, менің командирім белорус жігіті Стержинский еді, қарны жарылып, ішегі жерге түсіп ойбайлап жатыр. Дәрігер де оққа ұшқан, сол қырқысуда қырық шақты адам тірі қалыппыз. Содан полк командирі:

– Менің соңғы сөзім, берік болыңдар, жеңіске жетеміз, тажал жау жеңіледі, – деді. Соның арасынша фашистер тірілерді тұтқындады. Шені барларды бөлек алып кетті, біздің қатарымызға мыңдаған қарапайым тұтқындарды әкеліп жатыр. Оқ тиіп әлсірегендерді фашистер көзімізше атып тастайды. Су жоқ, ашпыз, аптап кептіріп барады. Вагонға тиеді. Бес күннен кейін Польшаға әкелгенді. Маған 45980 деген қолыма номер берді. Біле беріңіз қанша мың адамдарды соғыстың алғашқы айларында фашистер тұтқындағанын. Фашистік лагерьде ас-су жоқ. Тамаққа жақындасаң атып тастайды. Тәулік бойы жұмыс, тамақ кездесе қолымыз жеткені ұрлаймыз. Не басыңды ауырттайын өлімші күн, тағылық зәбір. Сөйтіп, желтоқсан айында:

– Түркістандықтар, бөлек шығындар! – деді лагерь қожасы. Мұсылмандар ілініп-салынып бөліндік. Бәрімізді пойызбен әкете барды. Екі-үш күннен кейін Польшаның тағы бір қаласына түсірді. Баракқа қамады, төсегіміз ағаштың ұнтақ жаңқасы, жамылғы жоқ. Монша көрмей аздық. Бес жүздей адамның тең жартысы осы жерде өлді. Біреу өлсе өзіміз көмегіміз, қақаған қыс, жерде тоң бар, күрек ұстауға күш аз. 1942 жылдың көктеміне дейін өлік көмумен болдық, әрі фашистердің жұмысын атқарамыз. Тамақ іздеп фашистердің итіне таланып өлгендер қаншама? Қашып шығуға талай оқталдық. Темір тор, күзет, қабаған иттер тырп еткізер ме? Арпалыс. Шықпаған жан бар. Көктемде ептеп тамақ бере бастады. Бірде ас ішіп отырып:

– Соғысты кім бастайды? – деді бір тұтқын қалың қасіреттен ақыл-есі ауысқандығы байқалып.

– Соғысты қорқақ, әлсіз, адамның құбыжығы бастайды. Өзінше кісі еместігіне даңқ алу үшін қан төгеді, үрейлендіреді, – деді екіншісі.

– Соғыста әділдік бола ма?

– Кісіні қыру, жазықсыз пендені өлтірудің қай жерінен әділдік іздейсің? Қорқақ жиіркенішті Гитлер соғысын әлемге үлгі етіп ұсынғысы келеді.

– Сталин ше?

– Құзғыннан жерін қорғайды. Осындай тұңғық сырлы сөздер кейде айтылып қалады. Фашистер жүздеген, мыңдаған еврейлерді шалбарын шештіріп, сүндеттелген болса газкамерасында өртеп жатты. Қосақ арасында түсі ақшыл, көзі көк сүндеттелген мұсылмандар да өлім зауытында кеткенін Мұстафа Шоқай біліп, Гитлерге айтып тұтқын мұсылмандарды оқшауландырғанын олардың бірде-бірі білмейді. Бір күні Ахметбектің түсіне әкесі енді. «Шыда, төз, жаныңды сақта. Әкең етінен ет кескенде, дегеніміз біз сұққылағанда, басымды жарғанда да осалдық танытпадым. Мұстафа Шоқайдың «Бәрінің ақыры бар, төзім керек, мойымау керек, езіліп, уайымдап, үргелектенбеу жаныңды сақтайды. Ұлтымызға қорқақтық жараспайды» дегенін есіңде ұста?!» – деп саусағының арасына ине шаншығаннан қаны сорғалап тұрғандай көрініс, сосын

жарқабақ басында дұғасын оқығандай сағым арасында кете барды.

Сол түсін жақсылыққа жорыды. Мұсылмандарды оқшаулауы Мұстафаның әсері ме дейін десе сөзі келіспейді. Еріні кеберсіп әлсіз жыбырлайды. Тұтқындық қорлыққа әбден жаншылып сілкінейін десе де дәрмені аз. Жұмысқа салады, тәуліктің жиырма сағатына дейін еңбек етеді. Тұтқындардың өлімі, жан түршігерлік азаптан аман қаламын деу қиын-ды.

– Фашистік лагерьде, – деді Ахметбек. – Өңкей мұсылмандар Кеңес Армиясының киімін өзгертіп, түрме киімімен алмастырды. Осы жерде ойылдық Есқайыровты кездестіріп қатты қуандық. Өлсек дұға оқып жөнелтер деген ой ғой. Айлар, жылдар өтіп жатты. Тірі қалғандарымызды Италияға жеткізді. Бұл жерде аты-жөніміз, ұлтымыз, туған жеріміз туралы құжаттар толтырылды. Жорамалымыз әртүрлі. Әрине, тұтқындардың еңбегін одақтастарға сатып жататынын біліппіз бе? Әйтеуір Италияда тамаққа тарықпадық. Мұстафа Шоқай түрмелердегі қаншама қазақты аман сақтап қалды. Қаншасын түрік жеріне өткізді. Теңдесі жоқ ерлік еді. Уақыт, айлар, жылдар, тұтқынсың, тыныс тар. Қашқың келеді, дәрмен жоқ. Жұмыр жерде тұтқыннан артық бақытсыз жан жоқ шығар. Адам бөрібір өлгісі келмейді. Өзіне төніп тұрған ажалмен арпалысады. Олай емей неме-не, тік тұрып жан тапсырғандарды көресің. Арпалыс сол, тірі жүруді қиялдайды. Тұтқын да тәтті ойға беріліп, махаббатын тапқысы келеді. Ұрпақ өсіруді аңсайды. Бірде елшіліктен бе, КГБ-дан ба, әйтеуір жаны ашығансығандар келіп:

– Соғыс бітуге айналды, елге қайтындар, қираған қала, өртенген елді қалыпқа келтіруге жұмысшы күші керек, – деп қояды. – Кім едің, қай жерденсің, әке-шешең бар шығар? – дейді. Сымпың қаққанның сынақ сөзіне сену қиын, сенсең де үнсіздік қажет. – Түрме, азап, тұтқындық қорлыққа сынбаған екенсіңдер, – десе де, ым қағып жайыңа отырасың. Сұңғыла қулардың жүзі бірде жылы, бірде суып тұрмай ма? Лагерьде ондайдың талайын көрдік.

– Біз фашистердің концлагеріндегі тұтқынбыз, қашайық десек қаша алмай, әлейік десек өле алмай жүр-

генімізбен кім санасады? Сатқынсың деп соттайды, – дейтіндер де болды.

– Атады.

– Өлім жазасына бұйырады, – десе кейбірі сөзге араласып:

– Біз соңғы оғымызға дейін атыстық, фашистерге өз еркімізбен берілген жоқпыз. Кінәміз қанша, қоршауда қалдық, құтқаратын көмек болмады. Қарусызбыз, құр сүлдерімізбен қандай қайран қыламыз?

Осылай қан жұта айтса да, біразы елге қайтуды ойлады. «Туған-туысымен сағынысып бір көріп өлсек армансызбын», – деді. Жазмыштың бұйрығына дауа жоқ. Ахметбек, одан басқа жиырма адам елге қайтатын боп шешті де, ағылшын кемесіне отырды. Жүрек туған жерді асыға күткендей. Отанымызға келгенде дүние есігін жаңа ашқандай болғанын айтарға сөз жетпес. Қуанышта шек болмаған шығар.

– Бірақ, – деді Ахметбек бір сәт тыныстап тағдыр соқпағы күтіп тұрғанын айтуға жүрексінгендей сыңай танытып. – Зұлымдық атаулының шексіз екенін білдірді. Кеңестік түрмеге кемеден түскен бойда күтіп алды. Концлагерьден кемдігі жоқ, азап, тергеу, тексеру, көмір шахтасындағы ауыр жұмыс. Арада екі жыл өткесін Ахметбек ҚазМУ басшыларына хат жазып, оқуын жалғастыруға рұқсат алады. Сөйтіп, түрмеден босанып Ойылға келеді. Сондағы көз жасының төгілгенін көрсең...

Қуаныш ұзаққа бармай, қуғын-сүргін басталып кетеді. Күн демей, түн демей қызыл жағалы тергеп есін шығарады. Құрқылтайдың ұясындай шағын бөлмедегі әкесіз жетім іні-қарындастарымда зәре жоқ. Жыламсыраған қос қарашықтардағы қайғы, жүректеріндегі мұң өлең болып өрілетіндей еді.

*Әкенің зары өтті ғой,  
Қасірет-қайғы жетті ғой.  
Сталиндік қиқу саясат  
Кәріге, жасқа епті ғой.  
Ашығып халқы қырылды,  
«Тазала жауды», – депті ғой.*

*Көздің жасын көлдетем,  
Надандар бізде көп екен.  
Жақыннан шықса жауыздық,  
Қатерлісі мол екен.  
Ошағының оты өшті  
Алғыр ойлы талайдың.  
Иесіз қалған жұртыма  
Қимай-қимай қараймын, –*

деп күңіренген бауырлар Ахметбек соғыстан келгенде әкесіндей тірек көріп еді. Сол тіректі де тентіrete бастады. Тергеу есін шығарды.

– Кәне, Нұрманов Кеңес үкіметін фашистерге қалай сатқың келді? Шпиондық топқа кімдер басшылық етті? – дейді Жансейітов.

– Соғыста екі-үш ай болдым, полкіміз қоршауда қырылып қалды. Қайдағы шпиондық топ?..

– Сен неге амансың? Қандай дәлел, қандай негізге сүйенесің?

– Өлтіріп үлгере алмады. Полк командирінің жауабын оқыңыз.

– Мойында. Шпиондық әрекетіңді біз біліп отырмыз. Жазаң жеңілдейді, мойында?! Шоқайдың құйыршықтарысыңдар... Фашистерге қызмет еттіңдер. Әскери шенін берген шығар, Мұстафа Шоқай нендей ақыл берді? Мойында, жазаң жеңілдейді.

– Нені, концлагерьде болғанымды ма?

Ақырында Жансейітов шақыруын қойды. «Отанын сатқан опасыз» дегенге дәлел таба алмай шаршады дей көрмеңіз. Арада біраз уақыт өткесін бір қолын фашистердің жерінде қалдырып келген мүгедек ағамыз екеумізді арнайы ұшақпен Ақтөбеге әкетті. КГБ-ның кеңсесіне келдік. Өзін Тоқсанбаев деп таныстырғаннан кейін:

– Қалай, келдіңдер ме? – деп бауырсырағандай үн қатты.

– Тұтқындап әкеліп отыр ғой.

– Е, солай ма? Тіліңнің қыршаңқылығы бар, ә? Біз бала кезіңізден кім екендеріңді білеміз. Әкеңді апрельде алдық, сендерді де апрельде алып отырмыз. Әскерден қашыпсыздар. Ол рас қой енді...

- Концлагерьден қашыпсыздар демейсіз бе?
- Мұсылмандар бөлініп жаулық ойлағыларың келді.
- Әскери құжаттарды қараңыз. Көп жағдай көрсетілген.
- Қылмыстан бас тартып, ештеңені мойындамауға төселгенсіздер. Ол білімді адамға дұрыс емес қой...

Тұтқынның күні құрысын. Күндіз де үрей, түнде де үрей, ешкімді де сендіре алмайсың. Қуаныш жоқ, күлкі жоқ. Бойыңа ас батпайды. Ойласаң күнөң жоқ, сатқындық жоқ. Фашистердің қолына түскенше өзінді-өзің атып тастамаған екенсің деп өкінесің. Соңғы оққа дейін жауға ат деген соң атасың. Әскери басшы бұйрығы – қырқыс алаңында заң. Қарапайым жауынгер, шынын айтқанда, тәртіпке бағынышты. Әйтпесе, фашистердің жаралыларды атып кетуі ештеңе емес, басын кесіп лақтырғанын көріп тұтқынға түсер ме еді. Адамдық сезімді жоғалтқан жыртқыштардың талай қорлығы аз дегендей Тоқсанбаевтың тергеу азабы жан шыдатар ма? Жоңыңнан таспа тілгендей азап.

– Бұлардың тіміскілігінің сұмдығын ағам қатты тартты. Жарымжандығына аяушылық білдірмей: «Сен білесің, Мұстафа Шоқаймен әкең байланыс жасаған. Үйіңде болыпты, көзіңмен көрдің. Не айтты? Құлағыңмен естігеніңді айт?» – деп соққыға жығып қорлық көрсеткен. Расында кейін сұрасам ағам Мұстафаны білмейді екен. Тарихи құжаттарда әкем Хасан 1917 жылы Мәскеуде өткен мұсылмандар съезінде Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқаймен ашық сөйлесіп, пікірлері ортақ болыпты. Оны кейін білдік қой.

Содан тергеу біткесін Арқабаев Базардың, Шираев Бәшірдің түсінігі және соғыста қоршауға түскендіктің себебін көрсеткен құжаттар бар екен, бәрін оқып шықтым. Кінә жоқ, бәрі дәлелді. Ағайды соттатуға жалған жала жазғыштар «үкіметті жамандады» деген сықылды. Соғыстың басынан аяғына дейін қан кешіп келген ағама он жыл үкім шығарды. Әлгіндей жалалаушылар қанша жазықсыз адамға сатқындық жасады, шындықты іздесе бәрі табылар еді. Коммунистік басқыншылық әр мекеме түгілі, әр адамның ізін бағатын «жатып атарларының» өтірікті шындай етіп көрсеткендерінің кесірінен талай

арыстар көресіні көрді ғой. Және саясатымыз демократия дегенге күлкің келеді. Соғыс, қырғын, сатқындық демократиямен үш қайнаса сорпасы қосылмас...

Ахметбек ауыр күрсінді. Итсілікпе тірлікті одан әрі ойлағысы келмеді ме? АҚШ жұмыр жерде демократия орнатамыз деп, Жапонияға соғыстан кейін екі атом бомбасын тастап, 240 мың адамды қырды. Ұшқыштары Эноло Гей мен «маленький мальчик» бомбасын тастаған капитан Гатанец не ойлады? Демократия мақсаты қырғын емес, тыныштық, адалдық, адамдық дей алды деймісің? Саясатқа ықтады. Амалсыз. Жұмыр жерде соғыс әлі тоқтаған жоқ, надандықтың ең сорақысы осы.

– Коммунистік қоғам нағыз әділ, біз демократтармыз, қылмысты ісіңізді шындыққа негіздеп тексердік, – деді тергеушілер.

– Сонымен, сізге неше жыл үкім шығарды?

– 25 жыл, – деп Ахметбек буыны босағандай сыңай танытты.

– Елге қай жылы оралдыңыз?

– 1956 жылы Хрущев заманында елге оралдым.

– Түрмені қай жерде өткіздіңіз?

– Қиыр Шығыста. Тұтқындар жер қайысатындай, күнде пароходпен тасып үлгере алмай жатты. Қорлық, зәбір. Тамақ жоқ, мазақ қылғандай тұздалған шабақ береді, сосын бір стақан су – күндік қорек. Ұрып-соғудың айтары жоқ. Тамақ ішпей ашыққанда жағың қарысатынын фашистердің концлагерінде көріп едік. Қолымда талайдың ашығып өлген сүйегі шашылып қалды. Адам өлімнен қорықпайды. Жаныңды ине сұққылап шабақтағандай қорлықтан қорқады. Жарық сәулені қимай қиналады. Кейде рухтың мықтылығы ажалдан алып шығатынына сенеді екенсің. Рухы әлсіздер өзін-өзі өлтіруі де кездесті. Мұсылман тәртіп-тәрбиесінде Аллаһ өзі берген жанын өзі алады деген ұғым болғасын өзіңе қол сала алмайсың. Тұтқындардан байқағаным, ажары сөніп, құқыл тартқан жүзі өлімге бет алса да жылағаны сирек шығар. Жылау түгілі күрсініп көп мүжіле бермейді. Ермегі – жұмыс, күн санау. Сосын бір-біріне қайырымшыл, татулығы мықты, маған үйренгесін бе солай көрінді.



Бәрі де тірі қалуға тырысады. Титықтатқан ауырлыққа төзеді. Пайдасыз әрекет жоқ. Айта берсе түрме өмірі қаны сорғалаған, төбе шашыңды тік тұрғызар, қасіреті қалың кітап қой. Елге келген соң да түсімде талай шошып ояна-тын едім. Әкемнің амандығыңды сақта, білімді бол деген өсиеті, дұғасы талай ажалдан сақтап қалды. Бірақ әкем 1956 жылы түрмеде көз жұмған екен. Өлгеннен кейінгі ақтау қағазын алдық, ол әке болар ма?

Ахметбек елге келгесін Мәскеу, Орал қалаларындағы жоғарғы оқу орындарын бітіріп ұстаздық жұмыспен зейнетке шыққан. Адалдығы, өнегесі биіктікпен рухы жасымаған оның өмірді жан-тәнімен жақсы көруі талай зұлымдыққа төздіргеніне қайран қаласың. Тірлігінің көбі ақмылтық боранда өтсе де, қажымағаны аруақ берген қайсар қайрат еді.

## КӨКЖИЕККЕ СІҢІП БАРАДЫ

Қымырдың есіне әсерін қалдыратын оқиғалар аз емес-ау. Соның бірі ежелгіге айналған Нұралы ханның кіндігінен тараған 75 ұрпақтың өсімін есепке салып жобалап білгісі келетінін қайтерсің.

– Шындығы шықпайды, бос әуре, – деп Тымыр жеңістік бермейді.

– Жұқаруың жөн, нақты есеп бола қоймас. Дегенмен, оймен шолып, өсіп-өнудің жобасын байқап бәрі бірдей жуадай солмаған деу керек. Опасыздық, зұлымдық көрмегенде қаншасы тірі жүрер еді деудің қандай оғаштығы бар? Орск қаласының маңында Нұралы тұқымы баршылық қой... Мысалы, 75 ұрпақтан төрт буында 300 адам болса, оның өсімін әр жанұядағы төрт реттік санға көбейтсек, кем дегенде 1200 ұл мен қызы жарық дүниеде жер басып жүреді екен. Жобайы келсе одан да көбірек болуы әбден мүмкін. Бірақ қас-қабағынан қан жауғандар кеңестің зұлым саясатымен жойқын күш қолданып:

– Тыпыр етпе, ханның тұқымысың, үкім кесіледі. Ату ма, түрме ме, тағдырың шешіледі, жиған-тергенің бізге бұйырады. Алшаң-алшаң басып едіңдер, дүние кезек, енді абыржып сасып көріңдер! – деді.

– Рас, бабаларымыз хан болған, халқын өсірген, жазықсызға тиіспейтін заңы болған. Тәртіп-тәрбиесі маңыз болған.

– Ол сөзің тыңдалмайды. Тағы қандай туыстарың бар?

– Қазақтың бәрі туыс. Туғанды өздерің тауып алыңдар, – деп үреймен жуаси тіл қатады.

– Жүрген жерін, мекенін айтпайсың ба?

– Қасірет есін жиғызбағасын басының амандығын сақтау үшін тұс-тұсқа тарап кеткен. Жағасы жыртылмаған, жері қайысқан ел едік...

– Сонша көп пе?

– Жүздеген, мыңдағандарының күніне ұрпақтары дүниеге жамандықты көрем-ау деп жылап келіп жатыр.

– Өтірік айтасың.

– Шындыққа да, өтірікке де сот бар ғой. Өтірікті кім көп айтса, сол бақытты. Зұлымдықты кім көп жасаса, сол абыройлы бола бермей ме? Өтірікшінің бойы жеңілдеп, шалқыған шаттық көңіл деп жүрмей ме? Армансыз өмір сүрмей ме?

– Сөзің біртүрлі.

– Сіздің сұрағыңыз да сан түрлі.

– Түрмеге отырасың, атыласың.

– Бүкіл тұқымды құртып бола алмассыңдар.

– Жекелеп құртамыз.

– Қиянатсызды да құрта бересіздер ме? Жасым жетпістен асты, моламды қазып өзім де ажал қашан келесің деп, есікті ашып қойып сағына күтіп отырмын.

– «Ханның тұқымына, байларға рахымшылық жоқ. Олар жер басып жүруге тиісті емес», – деген Кеңес үкіметінің заңы бар.

– Дала заңымен өздерің де өсіп-өніп едіңдер. Шайтанның қарны емес, адамның қарнынан шыққандарыңды ұмыттыңдар ма? Жауаптаспай-ақ атқың келсе, ата сал. Жүгенсіздікке жүрек сірә де шыдамас, біздің байлығымыз қайырлы дәулет боп өздеріңе құралмас, – деп қабырғада ілулі тұрған Нұралының алтын сапты қылышына көзін салды.

«Қаскөйлеріңді қиып тастайтын қайратым жоқ», – дегендей ойда болды ма? Жауығу дейсің бе, аштық дейсің

бе, ханның тұқымынан қаншасы қырылды? Соғыстан оралмағаны нешеу? Тірісінің жүрегіне қалың қайғысымен қанын төгіп Ор өзенінде елесін қалдырып, Қызыл тау сілемінен іліккен сағымды көкжиекке сіңіп бара жатқан оқиғалы өмір. Тұқым сапасының құрдымға кетуінің дәлелі десек жетеді. Сол сұрапыл соғыста теңдесі жоқ ерлік жасағандардың біразы тектілердің тұқымы, батырлықтың қанында ойнауы. Кектілік. Жауына мейірімсіздік. Оған мысал жетерлік. Өртке оранған ұшағымен фашистердің топтасқан танкісіне құлап, күлін көкке ұшырған теңдесі жоқ ерлік иесі Маслов экипажының бір ұшқышы, кіші лейтенант Бақтыораз Бейсекбаевтың әкесі тәркілеудің зөбірін көрген. Қуғын-сүргіннің қасіретін жұтқан Шәмбектің ұлы сегіз жасынан талшық іздеп тентіреп жүріп, ақыры балалар үйінен оқып, білім алғаны түрлі дерек-құжатпен дәлелденіп отыр. Бақтыораздың батырлығы аңызға айналды. Кек, ыза, ұлттық намыс ерлік туғызды. Әкесінің абыройын сақтады. Осындай ерлік иелерінің өмірбаянында жалалаған жаулық, қаралаған қастандық, өсектің қызыл өрті кездеспеді деймісің. Әскерилердің қатаң заңы жеті атасына дейін тексеріп жатпады деймісің. Соғысқа Қазақ елінен кеткендердің 602 939-ы қанды қырғында ерлік туын ұстап: «Жасасын, Сталин!» – деп оққа ұшты. Егер осылар қыршын кетпей өмір сүріп жүрсе, қазірде үш буынға таяп қалғанда ағалардың әрбірінің шаңырағында үш перзенттен өсті дегеннің өзінде 3,5 миллионнан астам адам қазақ елінде өз бақытын өзі табады екен. Тектілерден талай озық ойлылар өсіп-өнер еді.

Фашистердің әлемдік ойранында Кеңес Одағында 1 710 қала, 70 мыңдай село, жүз мыңнан астам кеңшарлар талқандалып, қаншама халық қырылды. Үш миллиондай жауынгер Мәскеуді қорғау, Курск доғасы, Польшаны фашистерден тазартуда өлсе, жоғарыдағы қалалар мен селолардың халқының қырылуын есепке салсаңыз, қаншама миллион болар еді? Осындай қан кешуде талайдың ерлігі ауызға іліге алмай, зұлмат саясаттың жымысқылық қатпарында елеусіз қалды. Қайдағы бір қорқақтардың, окопта басын қорғап бұғып жатқандардың

атаққа ие болғандары жоқ деймісің? Кейбіріне: «Байдың, ханның, діншiлдiң, үкiметтiң жауының тұқымы», – деген өсек өмiрдерегiне жапсыра салынды. Кеңес саясатында күнi кешеге дейiн жоғарғы награда Еңбек Ерiне бiр орынға екi адам ұсынатыны, ататегiн құпия сүзгiден өткiзгенде бiреуiне түрлi сенiмсiздiк себеп табылуы мүмкiн екендiгiнен болатын-ды. Неткен теңсiздiк! Неткен үрей! Ауылда жаны күйзелген қариялар: «О, жасаған-ай, үстемдiктiң қолына қаратқанның азабы о дүниедегi тамұқ азабынан да ауыр шығар», – деушi едi. Сол айтқандай, талай ерлер есiмi саясаттың қара көлеңкесiнде көкжиекке сiңiп бара жатқанына қынжылып, қалың бұлт арасындағы жұлдызды жарыққа, ашыққа шығаруды мақсат еткен Айгүл Кемелбаеваның «Сұрмерген» шығармасын оқып, аруақты еске алудың сауабына не тең келер дейсiң...

## СҰРМЕРГЕН

Елдiң атын ер шығарады.

Бала кезiмнен есiмде, Ұлы Отан соғысының сұрапыл ауыртпалығын бастан өткерген бiздiң елдiң ұраны «Ешкiм ұмыт қалмайды, ештеңе ұмытылмайды» деу болатын. Алайда соғыс тарихының ақтаңдақ парақтары мұның да жел сөз екенiн ауық-ауық жаңғыртып жадымызға салады. «1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысы» атты 1985 жылы Мәскеуден жарық көрген соғыс энциклопедиясында бұл кiсiнiң есiмi мүлдем жоқ. Нағыз қаһарманның өлi күнге өз елiне елеусiз, белгiсiз солдат болып қала бермегi қалай?

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Әдiлеттiң ақ жолы» атты кiтабында кеңес халқының фашистiк басқыншыларға қарсы соғысын қасиеттi соғыс деп атап: «Жеңiстiң бiз үшiн қаншалықты қымбатқа түскенiн бәрiмiз де жақсы бiлемiз», – деп жазады.

Ұлы Жеңiстiң 40 жылдығына арналған «Панфиловшылар» атты кiтапта Т. Әбдiбековтiң есiмi жинақтың ең соңындағы – «Құраманың ескерткiш күнтiзбесi» атты соғыс хроникасында екi жерде жай ғана аталынып өткен: Т. Әбдiбеков 400 фашистi жойды; және қаза тапқаны ту-

ралы дерек. Панфиловшылардан 34 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атанған.

Ұлы Отан соғысында ерен ерлігімен аты шыққан бұл адамның туысымыз екенін бұрыннан білетінмін. Бірақ етжақын туыс екенін «Страна и Мир» газетінде (№7. 18.02.2000.) орыс тілінде жарық көрген «Снайпер Тулеугали» атты деректі мақаладан өз ата-бабамның нақты есімдерін оқып білгенде қайран қалғаным рас. Авторы – тарих ғылымдарының докторы Тілеу Көлбаев: «О Тулеугали Абдыбекове на всех фронтах ходили легенды, фашисты боялись его и называли «черной смертью». За свои ратные подвиги он должен был стать трижды Героем Советского Союза». Т. Әбдібеков батыр мәртебесін қатарынан үш мәрте алуға лайық ерлік көрсетсе де, белгісіз солдат тағдырын құшып, есімі әлі жабулы күйінде жатыр. Сол алапат соғыс біткеніне 65 жыл таянса да марқұмның рухы қапаста жатыр. Т. Әбдібековтің асқан атқыштығы аңызға айналып, немістер оған қарсы ең үздік мергендерін салатын. Соңына мықтап түскен қарсылас жақтың атқыштарын жасырын жекпе-жекте Төлеуғали бір-бірлеп құртып отырған. Аңдысқан жау алмай тынбайды, ол 1944 жылдың 23 ақпан күні 26 жасында қаза болған, сүйегі Калинин облысының Новосокольнический ауданының Насва станциясының түбінде жерленген.

Рас, әлсін-әлсін 9 мамыр күні қарсаңында қасиетті Ұлы Отан соғысының ең үздік мергені туралы мақалалар шоғыры жарық көре бастайды: В. Гуцин. О снайпере Тулеугали Абдыбекове («Иртыш» газеті, 7.05.1994); Ж. Ашуұлы. Мергендердің мергені («Егемен Қазақстан» газеті, 21.03.2009); С. Әмірбекұлы. Атақты мерген неге атаусыз қалды? («Айқын», №56. 2.04.2009); А. Мұсаұлы. Сұрмерген. («Сарбаз» газеті, 7.05.2009); т.б. Ал Тілеу Көлбаев былай деп жазады: «Жауынгерлік ерліктері үшін Әбдібеков Қызыл Жұлдыз, Қызыл Ту ордендерімен, Отан соғысының 1-дәрежелі орденімен, Ленин орденімен марапатталды. Командование оны Кеңес Одағының Батыры атағына өмірбаяндық анкетада Төлеуғали өзінің немере ағасы Кемелбай Насырханов репрессияға айдалып кетке-

нін жасырмай жазғаны үшін ғана ұсынбаған». Сталиндік саясаттың қылышынан қан тамған кезеңі, халық жауының інісі саналған соң оны көпе-көрнеу бағалағысы келмеген. Мерген жас қыздарға 10 шақты дұшпанның көзін құртқаны үшін өлгеннен соң батыр атағын берген. Ал 1937 жылғы саяси қуғын-сүргіннің құрбандарының бірі, жаладан итжеккенге ұсталып кетіп, Магаданның су түрмесінде сүйегі қалған атам Кемелбай өзі үшін немере інісі күйетінін әсте білген жоқ. Саяси мүдделердің құрбаны, туған елі мен жерін фашистік басқыншылардан азат ету жолында ғұмырын қиған, соңында жоқтайтын ұрпағы қалмаған қыршын батырдың деректерін Подольскідегі әскери архивте сақтаулы түпнұсқа құжаттар арқылы алудың амалын қарастырып, осы іске көмегі тиеді-ау деген адамдарға хабардар қылуды енді өзіме парыз санадым. Белгілі жазушы Медеу Сәрсекке полковник Төлеуғазы Жылтыровқа Т. Көлбаевтың «Снайпер Тулеугали» атты мақаласын берген екен, ол кісі шындық жарыққа шығып, жоқтаушы керегін іздеп табудың жолын қағазға ыждағаттап жазып беріпті. «Архив арқылы сөйлеу керек. Москва жасанды дүниеге, өтірікке әбден уланған, беталды сенбейді, шынның өзін дәлелдеу оңай емес. Нағыз қаһарманды шығара алмайсың. Сондықтан нақты құжаттар қажет. Жасым 80-де, менің бұл іске араласуға халім жоқ», – деп шынын айтқан ақсақал арада бір-екі жыл өткен соң дүние салды. Әскери тәртіпті бес саусағындай білетін полковниктің нұсқауын қаз-қалпында беруді хош көрдім (*ол кісі орысша жазған екен*): «Факты об Абдибекове Тулеугали фантастические... Легендарный снайпер Зайцев уничтожил 255 фашистов, стал Героем Советского Союза, его ежегодно чествуют на Малаховом Кургане Сталинграда.

1. Главное, найти в архивах представления к награждению этими орденами. Все документы искать в архивах Минобороны и Наградного Управления Верховного совета тех лет.

2. Ехать в Москву в архивы Министерства обороны СССР и Государственный архив СССР и найти хотя бы наградные листы (снять копии).

3. Поискать и найти публикации в газетах «Правда», «Известия», «Комсомольская правда», «Красная звезда» и сделать фотокопии.

4. Общественное мнение нужно...

5. Составить краткий хронологический список о подвигах героя со ссылкой на источники публикации и на авторов (если они есть). Кратко, всего на одной странице. Без официальных документов добиться ничего невозможно. Это аксиома. Нужны официальные документы и только документы» деп 18 ақпан 2006 жылы қол қойып, Медеу аға арқылы маған беріп жіберген екен.

Әдетте мергендер екеу болып қимылдаған, нысананы көздеудің дәлдігін арттыратын оптикалық көздеуіші бар винтовкалармен қаруланған. Қорғану шебінің алдыңғы шебінде, қолайлы орында мұқият жасырынып, біреуі жоюшы, екіншісі бақылаушы болған. Мергендердің жұптасып отыратын бір себебі, дұшпан жағына шығып кетіп, ту сырттан атуы мүмкін екенін де ойлаған. Мергендік қозғалыс 1941-1942 жылдары Кеңес әскері жаппай шегініп, қорғаныс ұрыстарын жүргізуге мәжбүр болған Ленинград үшін шайқастарда туған. Тек қыздардан жасақталған мергендер бөлімі 12 000-нан аса дұшпан солдаттарын жер жастандырған. Соның бірі – өзіміздің Әлия Молдағұлова. Мергендерден В.Г. Зайцев, Н.В. Ковшова, М.С. Поливанова, Л.М. Павличенко және т.б. Кеңес Одағы Батыры атағын өлгеннен соң алған. Солардың ішінде Ф.А. Смоллячков 125, В.Г. Зайцев 255 жауды жойған. Т. Әбдібеков 395, яғни бір батальон жауды құртқан. Бірақ оған саяси қитұрқы себептермен ресми атақ еш бұйырмаған.

Қазақстандағы саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар қауымдастығының төрағасы Жұмабек Ашуұлы 2007 ж. қазан айында Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық әскери мұрағатына сұрау салып, 12.03.2008 жылы жауап алды. Подольск әскери мұрағаты екі мұрағаттық анықтама салған, гвардия аға сержанты, мерген Т. Әбдібековтің соғыс деректерін растаған. Ж. Ашуұлы мақаласында былай деп жазады: «Мұрағат деректері қолмен көшіріліп, наградалардың қандай ерлігі

үшін берілгенін тізіп шығып, соңында: «Прославленный и непревзойденный снайпер. Хитрый, осторожный, выдержанный, хорошо знающий повадки врага довел свой снайперский счет до 395 уничтоженных гитлеровцев. Подготовил 32 снайпера... Умер от ран в медсанбате 23.2.44 г.» деп тайға таңба басқандай анық жазылған. Қол қойылған, мөр басылған, бәрі заңды түрде рәсімделген. Даңқты жерлесіміздің соғыстағы асқан ерлігін дәлелдейтін бұдан асқан қандай құжат керек? Ал біздің қандасымыз Төлеуғали Әбдібековтен асқан бірде-бір мерген жайында дерек кездестірмедім». Жастар отансүйгіштік қасиетті туған елі өз ерлерін ардақтай алмаса қайдан тапсын? Рух сөнбесін.

Мен белгілі жазушы Әзілхан Нұршайықовтан дерек көздерін сұрағанда 16.02.2006 ж. жазған мына жауапты алдым: «...Тілеу Көлбаевтың «Снайпер Тулеуғали» атты мақаласында 1944 ж. шілдеде Қазақстанға жіберілген делегациядан мергеннің №2916 винтовкасы елге жіберілгені, оның қазір Орталық мұражайда тұрғаны баяндалған. Бұған қарағанда дивизияның 3 жылдығы қарсаңында Төлеуғали Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған болуы тиіс. Дивизия елге делегация жібергенде қолдарына Қазақстан үкіметіне арналған хат ұстатады. Батырлыққа дивизия ұсынады. Содан кейін ол құжат Мәскеуге кетеді. Дивизияның Қазақстанға жазған хаты Алматы архивтерінің бірінен табылуға тиіс. (1944 жылы майданнан дивизия делегациясын басқарып келгенімде біз дивизияның хатын Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне тапсырғанбыз).

Жұмабек Ашуұлы Саяси қуғын-сүргін қауымдастығы атынан Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Ресей Федерациясының экс-президенті В.В. Путиннің атына Т. Әбдібековке батыр атағын сұрап ресми өтініш жолдаған болатын. Ұлы Жеңістің 65 жылдығы қазақтың іздеуі жетпеген ер ұлының таудай атын жарыққа шығарып, ұлттық мәртебемізді асқақтатады деген үкілі үміт сөнбейді. Сонда ғана өлген тіріліп, өшкен жанады.



## ШАЛЫСЕСЕП

– Мен бір нәрсенің басын аша алмай дал болдым, – деді де Қымыр автокөлігінің есігін жауып Тымырға жақындады да ашық қабақпен: – Ертеде ауыл айтқышы: «Шама, шамадан артық емес, Жайықтың су бір бөшкі. Есеп есептен артық емес, өтірік айтып қайтейін, түсінерсіңдер толып жүрген кіл есті, толып жүрген жер үсті, тоғыз айдың перзенті... басқа іс түсті, көшті, қонды, өлді, жітті, бәрі де жақсылықты сағына күтті», – деген екен.

– Есілдің арғы беті, бергі беті, Астананың құлпырған күн келбеті, талай қиын-қыстауда кең байтақ даланы ерлер қорғады, – деді Тымыр.

– Басынғысы келгеннің басы кетті, өзі қазған қабіріне өзі жетті, – дейсің ғой.

– Әрине.

– Бақабас жауыз, фашист құзғынына атқан оғым қате кетпейді, туған жерімнің киесімен оқтағам. Зұлымдық ұясын талқандауға батыр бабалардың аруағына сиынам, фашистерге атылған әрбір он оқтың тоғызы қазақ жерінде жасалған, елімнің намысын қорғап қалуға ант еткенмін десе кең байтақ жері еске түспей ме? Әркімнің бағыт-бағдары бойынша бағзы заманнан бері туған жеріне ештеңе тең келмейді. «Туған жеріңе туыңды тік» деген сөз қалған. Сол Қазақ АКСР-нің 1-құрылтайшы съезінің әкімшілік мәселелері бойынша 1920 жылдың 12 қазанындағы қарарында: «Қазақ ССР-ның территориясы 2753,8 мың шаршы метр, бұл көлемде 16 облыс және республикаға бағынышты – 21 қала, 15 қала ауданға бағынышты, 203 аудан, оның 109 қала типті, 2672 село бар», – делінген. Ал 1936 жылғы 5 қазанда республикалардың қайта құрылымы бойынша: «Қазақ ССР-ның территориясы – 2717, 3 мың шаршы метр, адамдар саны – 15842,1 мың, (есепте қанша ұлт бар, олардың ұлттық құрамының көрсеткіші көрсетілмеген) олардың қалаларда тұратыны – 9044,7 мың, селоларда тұратыны – 6797,4 мың, 19 облыс бар, аудандар саны – 222, қалалық типтегі аудандар – 35, сондай-ақ 83 қала болған» делінеді (*Издат. Москва. 1947 ж. 1 қаңтар*). Жауынгерлер бұл есепті бөліп-жармаса да

Отан ортақ деп жандарын шүберекке түйіп гитлерлік фашистерден қорғады. Тыныштық заманға ештеңе теңгермеді.

– Сонда айтпағыңды түсінбей қалдым? – деді Тымыр ойына кідіріс беріп. – Статистикалық есеп бойынша халық саны – 15842,1 деп көрсетілуі, онда қазақ қанша, орыс қанша, басқа ұлттардың саны неге көрсетілмеді? Құпия. Аштан қырылғандардың есебін жасыру. Кеңес саясатының бұл деректеріне сену екіұшты көрінеді. Сергей Залесскийдің тарихи зерттеу мақаласында: «3,5 миллион адам сенімсіз деп танылып Қазақстанға жер аударылды. Олардың 27 пайызы қоныстанған жерінде қайтыс болды. Сондай-ақ, 4,8 миллион адамды жер аударып, еріксіз жұмысқа салды. Он сегізінші ғасырдан Поволжьяны мекен еткен халықты және Қызыл Армияны орналастыру мақсатында деп жүк вагондарына тиіп қазақ даласына төгіп салды, орналастырды...» – деп төбе шашың тік тұратын деректерді жазған-ды. Күрделі-күрделі оқиғаның бетін ашады. Демек, аштықта қырылған қазақтардың санын сенімсіз ұлттар деп жер аударылғандармен толықтырып тұрғаны айтпаса да түсінікті десек қателеспейміз.

Қанша халық аштан өлді. 1917 жылы 7,5 миллион қазақ болған дедік (құжатта көрсетілген). Сонда төрт миллион қазақ өлді, оның орынына түрмедегісі бар, лагерьдегісі бар, жер ауып келгені бар сегіз миллиондай адаммен халық саны толықтырылды. Көрдің бе, жымысқы саясаттың күштілігі. Соғыс та, талай қырғында да саясат алдымен халықты дүрліктіреді.

Сол байтақ даламызды, қайғысын ішке бүккен жерді күн-түн демей қорғау ерлердің қасиетті ісіне айналды. Мәскеуді қорғаудың өзінде бір жарым миллион қызылармияшылар мерт болса, Польша жерін фашистерден азат етуде алты жүз мың адам оққа ұшқан, олардың қатарында қазақстандықтар да бар еді. Оған дәлел сұрапыл соғыс жылдарында республикада әрбір төртінші адам майдан даласына аттанды. Қан кешті. Еврейлер алты миллион еврей қырылды десе, соғыста бүкіл Одақ бойынша өлгендердің санында шындыққа күмән туады. Сталин соғыс бітіп, жеңіске қол жеткеннен кейін: «Немістерден

қанша шығын болған, соны алдын-ала біліп, одан кейін біз аз шығынмен жеңіске жеттік», – деуіміз керек деген сыбысты естігенбіз. Жә, оған жұқармайық, тарих шындығын табар, күллі әлемдік соғыстың нақты есебі шығар, әйтеуір тілерсектен қан кешіп жүріп ағаларымыз, апаларымыз болашақ ұрпақтың тыныштығы жолында жан пида деп бүгінгі күнге қол жеткізді. Кеңес үкіметі қазақтарды төртінші сорт деді ме, кісі қатарына қосуға қомсынды. Қазақ мемлекеті деуге аузы келіспегендер толып жүрді. Шовинистер әкесінің түнеп шыққан төбесін біздің жер деуге дейін барды. Ұяттан безгендерге дауа жоқ.

– Асқақтама, бауырым, аяғыңның астында қанға бөккен жер бар, төбеңде аспан бар. Бір үзім нанды аузыңа апарарда аруаққа тие берсін деуді ұмытпа, – десек артық емес. Тымыр майданнан оралмаған ағаларын есіне түсірді ме, мұңайып қалды...

\* \* \*

– Тымыр, мен бір аңыз айтқым келіп аузым жыбырлап тұр, – деді Қымыр Есілдің арғы бетінен баспалап көтерілген күнге қарап алыстан ой тартты. – Аталарымыз жер киесін қадірлеп, «Жақсыдан – шарапат, жаманнан – кесапат» депті. Адамның құзғын жаманы Гитлер жұмыр жерді ойрандаса, ерте, ерте, ертеде қан жұтпаса көзіне ине тірелгендей ұйқы көрмейтін хан болыпты. Оның жарлығы бойынша 60 жастан бір күн асқан бойда әкесін ұлы арқалап биік құздан құлатып өлтіретін болған. Хан құзырын орындамауға жұрт дәрменсіз, шардақ, былқ ете алмайды. Содан бір күні алпыс жасты толтырған әкесін арқалап шыңға көтеріліп келе жатқан жігіт шаршап тарғыл тастың үстіне отырады. Сонда әкесі: «осы тастың үстіне мен де отырып, әкемді шың басынан құлатып едім. «Атаңа не қылсаң, басыңа сол келеді» деген осы», – депті. Содан ұлы ойға қалып, тобылғы, шеттік, шеңгелдің қысқарған көлеңкесіне әкесін жатқызып:

– Әке, мен өзінді шыңнан құлатпаймын. Мына тобылғы-шеңгелдерді кесіп, соған орап үйге отын арқалап қайтқандай боламын. Сосын үйдегі кебежеге жасырып, жан баласына көрсетпей бағамын, – депті.

Күндердің күндерінде, жылдардың бірінде хан көрші елді жаулап, мал-мүлкін, сұлу қыздарын әкелуге өмір береді. Жігіт көзінен жасы сорғалап, зар илеп тұрып кебеже ішіндегі әкесінен ақыл сұрайды. Сонда әкесі: «Хан жарлығы екі етілмейді, оған ешкім қарсылық жасауға қақысы жоқ. Мені кебеже ішінде жатқан күйімде бірге ала кет», – дейді. Жігіт әке сөзіне төк тұрып соғысқа кете барады. Содан көзге түртсе көргісіз меңіреу түнде сарбаздардың арбалары қиқалаңдап жүре алмай тоқтап қалады. Жұрт аң-таң. Қария баласына: «Осы жерге түнеңдер, бұл тас емес, алтын!» – дейді. Оны жігіт қолбасшыға айтады. Таң атады. Сарбаздар күн көзімен шағылысып мың құлпырып көздің жауын алған алтын тауын көріп қуанады. Арбаларына тиеп-тиеп алады. Қазына белгілі, одан әрі тағы көрші ханның еліне жол тартады. Оларды жаулап сұлу қыздарын, үйір-үйір жылқыны, басқа да байлықты әкеліп ханға тарту етеді. Бас сарбаз ханға жолшыбай құм дауылы қуырған шөлге қамалып қалғанын да, одан аман құтылуға жас сарбаздың ақылы болғанын да айтады. Сарбаздың кебеже ішінде әкесі болыпты: «Өгіздерді қамытынан босатып жіберіңдер, суды табады», – дейді. Ақырында не керек, алтын тауын тауып, шөлден аман құтылып, көрші хандықты жаулап еліне үлкен олжа салған жас сарбазды хан шақырып алып:

– Осыншама ақылды қайдан таптың? – дейді. Бас сарбаздың сөзіне сенбегендікпен. Ханға өтірік айтуға құқы жоқ жігіт оқиғаны бүкпесіз нақты айтады. Содан зұлым хан райынан қайтып, шындықты көзімен көріп, қолымен ұстағандай болғасын:

– Қарты бар ел қазыналы екен, енді адамдар өз ажалымен өлсін, – деп жарлық шығарады... Сол аңыздағыдай елден майданға аттанған азаматтар қариялардың алдында тізесін бүгіп, батасын алып, ақылын тыңдағанын көргенбіз. «Ажал алдында да абыржып-саспаған адам ерлік жасайды», – деген дала даналарының сөзін естігенбіз, – деп майдангер Ерғали Мұқанов соғыстағы тағдырының өкінішке толы тұсын баяндап еді. «1956 жыл, 21 қазан, СССР-дың Әскери Жоғарғы сот коллегиясы Ерғали Мұқановты ақтайды...» деген сөйлем жазылған

№023757 құжат қолына тигенше ол өзінің жер басып жүргенін, тірі екенін, не өлі екенін сезбегендей еді. Осы бір жапырақ қағаз тағдыры болатын-ды.

### №0233757 ҚҰЖАТ

«№023752 құжат». Бір жапырақ қағаздағы осы сөздерді оқығанда Ерғали Мұқанов еңкілдеп жылай берді. Буыны босап, ес-түсінен айырылды. «Құдайым-ай, мұндай қуанышқа жетемін деп пе едім? Жаратушы жарылқайтының бар екен-ау», – деп күбірлейді де жылайды. «Еркінмін, кінәсіз, тазамын. Ақтығымды көзім тірісінде білдіргеніңе мың да бір рахмет!» – деп үй ішіндегі балаларын құшырлана сүйді, әйеліне қайталап айта берді. Ағайын-туыстарына жар салды. Әйтеуір, қуаныштан жүрегі жарылып кете жаздады. Қайтеді, «Әне атылам, міне атылам, әлде мәңгілік түрмеде шірімін бе? Сүйегім далада қалатын болды ма?» – деп көлеңкесінен де үрейленім жүретін-ді. Көз алды – қараңғы тұман, еңсесін басқан – қапырық үрей, қызыл жағалыны көрсе жердің жарығы болса кіріп кете жаздайтын-ды. Түн ортасында ұйқыдан шошып ояну, адам болып кісі бетіне тура қарай алмау, артық сөз айтпау, қаншалық толып жатқан зәбірмен жанын жеп, тым мүжіліп бітіп еді. Міне, жоғарыдағы құжатты қолына ұстағанда Ерғали 38 жаста еді, арада сегіз мың түн мен күн, қайғыру, қамығумен өтті. Төсіне екі қолын айқастырып, үйдің төбесіне қарап іштей егіліп жататын уақытты ұмытар ма? Ағайын-туыстарының өзі есен-саулық сұрағанда: «Фашистерге өзің сатылып кеткен жоқсың ба? Біреулер күдіктенеді, шын ба?» – дейтін сыңай танытатындай көретін. Адам болып рахаттана күле алмайды. Пенделікпен орынды жерінде қуана алмайды. Сүлесөк, әйтеуір тірі жүр деген атақ еді. Күбір-күбір сөздерді тыңдағысы келмейді. Ақталар еді, куә қайда, құжат қайда?

Басына түспеген, көзімен көрмеген адам басқа біреудің жан азабын, бейнетін, қасіретін, көңіл күйін ұға алар ма? Бала кезінде отбасындағы тыныштықты ұзағынан бере көр деп тілейтін ата-анасы: «Ұйқыларың тыныш

болсын!» деп жатарда тілек тілейтіннің терең сырын біле бермейтін-ді. Ойлап қараса, түн атасына елдің бас көтерер азаматтарын тиеп әкетіп жататын қан кешулі 1937 жылдың үрейі екен-ау. Ата-анасы жоқ-жұпынылықтан қалай құтылам демейді. Арманы – адамдық. Өйткені, қалың елді бір тарының қауызына сыйғызып дүрліктірген «жаусың» деген қасірет ұйқы түгелі күлкіні де бұзатынын басынан кешірді.

Ержетіп, ат жалын тартып мінісімен соғыс деген үрейлі үнді естіді, қалың ел қан жұтқандай күрсінді. Көкті торлап сірескен қара бұлт ажал оғын сепкендей еді. Адамдардың тіл қатысқаны да ауыр салмақ, зіл батпан қайғымен араласты.

Көкшетаудың Құрөзек өзені бойындағы «Ұялы» кеңшарындағы Мұқанның қара шаңырағынан ағайынды үш жігіт майданға аттанды. Жауды жеңеміз, аман келеміз деп кетті. Үміттерін күйретіп абыржыған жоқ, «Батырлар аруағы қолдасын!» деп ата-ана ақ батасын беріп, дұғасын оқып арнады. Ешкім шошынған жоқ, өлеміз, денеміз бейтаныс жерде қалады деген бірі де жоқ. Қылт еткен мұң да жасырылды, ақ жолға кедергі деп көз жастарын да көрсеткендері де некен-саяқ еді. «Елмен бірге көрген қасірет, қайғы, ұлы той», – деп кейбірі жігерлерін жаныды. Мақсат-мағынасы фашистерді жер бетінен аластатсақ тамаша өмірге қолымыз жетеді деу еді. Бұл кезде Ерғали Зеренді аудандық оқу бөлімінде инспектор болып қызмет істеген-ді. Көзі ашық, көңілі ояу, надан емес, адамшылығы мол, өзін емес өзгені бақытты етсем дейтін. Құпия тазартудан да өткен. Бір басына оқыған-тоқығаны жетерлік, отбасынан алған имандылығы, шүкіршілігі жастығына жарасым тауып жататын. Оқу бөлімінің меңгерушісі Данилов өзі майданға сұранып бара жатып:

– Ерғали, броньмен қалсаң қайтеді? Мектептер иесіздікке ұшырамас еді, – деген-ді. Тылға да мұғалім керек, адамдар білімге мұқтаж. Алғашқы да Ерғали ойланyp қалды. Ел әлсіресе майданда да күш азаяды, аштықтан қырылып ауырлықты бастан өткізе бастаған да... 1935 жылы астық жақсы шықты, бірақ ындыны кепкен кедейлікті жарылқай алмады, бірден мемлекетке

жөнелтілді. Келдек теріп астық қорын жасағысы келгендер сотталып кетті. Енді елге үрейдің үстіне соғыс үрейі қосылды. Жо-жоқ, Ерғали броньмен елде қала алмады. Тайқұлындай тебісіп бірге өскен достары аудандық газеттің редакторы Ж. Рахымжанов, Е. Қабиболин, С. Мұқанов, барлығы 50 жас жігіт майданға кетеміз деп тілек білдірді. Сөйтіп, олардың 31-і Ақмола қаласында байланысшылар курсына оқыды. Оны бітіріп 1942 жылдың наурыз айында майданға аттанып кете барды. Қазақстаннан жасақталған Жандосов басқаратын 106-дивизия жауынгерлері Сталинград бағытымен қара жамылған соғыс өртінің ішіне енді. Содан Харьков түбінде фашистердің қоршауында қалды. 6-Қызыл Армия жаудың бетін қайтарып, тезінен көмек бере алмай қалды. Бірақ бұларға көмекке ұшақтар, танктер келмекші еді. Қоршауды бұзып шығатын бағыты да анық болатынды. Соғыста нендей кесел аяқ астынан тап болып жататынын қарапайым жауынгерлер біле бере ме? Оның үстіне, жаралы, ауру, сырқау жауынгерлер жетіп жатты. Армия дәрігері кірпік ілместен: «Днепропетровскінің казармасына жетсек, бір тыныс алар едік», – дегені есінде.

– Аты-жөнін білмейсіз бе?

– Сол дәрігер мені ажалдан алып қалды. Есімі – Иван, әкесінің атын ұмыттым. Алматыдан еді. Тірі ме екен. Оны қанша іздедім, кездестірмедім ғой. Өлі мен тірінің арасы... – деп Ерғали жасаураған жанарын сипап ойға қайта шомды.

Тұтқында жау қолында қалды, алтыншы армияның жауынгерлерін фашистер қоршап алып, қарусыздандырды. Дені сауларын Екатерина салдырған түрмеге қамады. Жаралы, ауру-сырқауларын бір шұңқырға апарып лақтырып тірідей көміп жатты. Ерғалиды да зембилмен өкетіп құртпақ еді. Дәрігер: «Бұл адам емделіп жазылады!» – деп қарсылық білдіріп жібермеді. Ажал аузынан алып қалды. Бірақ шектен тыс көретін зәбірден құтқара алмады. «Менің Қазақстаным... Сені тірідей көмдіріп өзім аман қаламын ба?» – деп қалай ойламайын. «Өлсек бір шұңқырда бірге жатқым келді». Дәрігердің сөзі осы еді. «Өмірге екінші рет әкелген лебізді өлсем ұмытамын ба?»

Қиратуды, өртеу, опан-топанын шығарып жою, өлтіру, сұмдық қанқұйлылықты Ерғали айтып тауыса алар ма? Өліктердің үстінен қан жосытып, мейлінше зәбірмен тұтқындарды Львовқа әкелді. Аяқтарында ағаш бөтіңкі, тұтқындар бірін-бірі қолтықтасып сүйеген болады. Өрбір жүз адамның жанында қасқыр иттер, сәл қимылдасаң жарып салады. Адамдық қасиет ұмытылған, күнәсіз тұтқындардың әлсірегенін сол бойда атып тастайды. Адам тағдыры шыбын ғұрлы емес. Пенде ауыр минуттардың өзінде жарық күнді қимайды екен, үміті үзілмейді екен, жеңіске жетеміз деген сенім жоғалмайды. Бұлдыр сағым арасынан еркін өмір қол бұлғап шақыратын төрізді. Оққа байланып тұрғанда да тірлік қымбат. Әлде әлемде бұрын-соңды болып көрмеген патриоттық сезім күші ме? Дұрысы сол шығар. Ұлтымыздың намысы, имандылығы дер шағындағы кезең еді. Мыңдардың тілегі – ерлік, адам деген атына кір келтірмеу, шын арманы – намыс, адалдық. Қаймағы бұзылмаған қазақи қасиет жаралы көкіректерде күмбірлеп тұрды. Сатқындықты білген жоқ. Оны өліммен бірдей деп есептеген-ді. Бір күндері Иванов деген екеуі қуысқа тығылып қашып кетуді ойлады. Амал не, фашистер тауып алды. Соққыға жығып жұмысқа қосты. Содан тұтқындарды Польшаға әкелді. Өрбір тұтқынның мойнына темірден номер байлады. Бұрынғы әскери киімдерін шешіндіріп алып, жыртық-жыртық киіммен алмастырды. Барлық тұтқынның ішінде екі жүздей ғана қазақ қалды. Көбі өлді, атып тастады. Содан Ерғали Мұқанов, Байділ Қожықов, Балдер Әбішев және басқаларын Франция жеріне неміс армиясының жұмысына апарды. Үлкен қорғаныстар қазды. Тәулігіне жиырма төрт сағат бойы жұмыс. Жерорта теңізінің маңында фашистердің ДЗО-тын салды. Күндердің бір күні жоғарыдағы үш жігітті асханада тамақ пісіруге қалдырған кезде күзеттегі немістерді өлтіріп қашып шығады. Содан түнделетіп Францияның партизандарына өліп-талып қосылады. Оларды Бессеж деген қаланың маңынан табады. Әрине, бұл үшеуін олар шпион деп біраз тексереді. Ақырында командирлерінің алдында Интернационалды айтып сенімге ие болады. Ал Валанс, Лион қалаларында америкалықтар тұрады. Со-



нымен Ерғалилар екінші майданға қатысып, Франция жеріне орналасқан фашистердің ұясын талқандайды. Марсель портында америкалықтармен бірігіп, екінші майданда жүрген қазақтармен танысады. Зеренділік Құрманқожа Ысқақовты көріп, туған жерінің қасиетті топырағын сүйгендей болғанын айтсаңшы. Олардың киім-кешегі, жағдайлары тәуір екен, жақсы киімдерін беріп жарылқап тастайды.

– Туыстар, 1944 жыл аяқталып қалды. Фашистер жеңілді. Бірақ сіздер елге оралмаңдар, барсаңдар соттайды, құртады. Одан да Америкада қалайық, – дейді Құрманқожа.

– О не дегенің, біз француз коммунистерінің басшылығымен фашистерге қарсы соғысып біраз қаланы тазарттық, ол ерлігімізді ескермей ме?

– Ай, қайдам... Сталиннің «Отанын сатқан опасыз» деген қағидасы шырмап тастамаса? Дегенмен, қатты ойланыңдар, саяси бағытты байқаңдар.

– Франция партизандарымен бірігіп фашист құзғындарының талай ордалы жыландай болған құзғын ұясын талқандап, кек қайтты. Оны Отан ескерер.

Сонымен соғыс аяқталысымен Франция жеріндегі 24 партизан қазақтар елге оралады. Оларды Одесса түбінен КГБ күтіп алады. Содан сот, әскери трибунал, Магадан түрмесінің азабын маңдайларына жазады. Ерғали Мұқанов қатардағы жауынгер болғандықтан атылу жазасынан аман қалғанымен, 11 жыл түрменің есігін тоздыруы, қуғын-сүргін, туған-туыстарының жазықсыз жапа шегуінен артық тірі өлім бола ма? Жоғарыдағы құжат қана үбірлі-шүбірлі болып тоқсанның белесіне көтеріліп, оның отыз жылын Алексеевкіде орман шаруашылығында қызмет етуімен жалғасты.

Алып тұлғасы тік, жүрісі де ширақ. Немерелерін ерітіп серуендейді. Ара-тұра оларға француз тілінде есінде қалғандарын айтып оқ пен өрттің ішінде өткен өкінішті жастығын ойлайды. Сөйтеді де, тыныштыққа ештеңе теңгермейді.

– Бар бол, қуғын-сүргіннің, қан кешудің талайынан аман өткен аға! – дейсің. Төгіліп тұрған тірі тарих дегеннің

қүдіреті осы. Бір арнаға құйылатын шындық көз көрген, құлақ естігеннен басталады.

## ҚЫСАСЫ КЕТКЕН

Жылы-жұмсағын тарықпай жеген халық, барына Пайғамбар да риза деп, қанағатын қанға сіңірген ел адамдары еді. Жалпақ жұртқа қаныпезерлер қанқұйлы қастандық жасайды деп ойлап па? «Социализм қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын алтын заман орнатады», – деп даурыққанға үміт артуы, көрініп тұрған ауылдан көрінбеген бұлт жақын дегенді сезді деймісің. Үкімет аузыңнан ақ май ақтарады, ақ бөлкеге тойынып ақ маржандай құлпырып шығасыңдар, малдарыңды бермесеңдер атылып кететіндікті ұғарсыңдар дегесін тышқақ лақ қалдырмай санап берді. Бәлду-бәлду бәрі өгірікті, аштық қысқасын бір-ақ білді. Қазақстан Орталық Атқару комитетінің төрағасы С. Меңдешов: «3 миллионнан астам адам аштыққа ұрынды. Қазақстанда аштық басталып күшейіп барады. РКФРО-ның орталық органдарынан ашыққандарға шұғыл жәрдем көрсетуді сұраймыз?» – деген арнаулы хатқа Сталиннің құлақ аспағанына қандай қысасы кеткенін кім білсін? Құжатта 1921 жылдың төрт айының өзінде әке-шешесі аштан өлген 480 022 бала қаңғып қалғандығы, Орал губкомының баяндамасында айтылып: «1921 жылдың қыркүйек айында губернияда аштық кеңінен етек алды. Мұны жөндеуге мемлекет көмегі жетпеді. Губерния халқының әлдісі өлмеуі үшін адам жеуге дейін барды. Тек қана төрт уезде үш жүз елу адамды сойып жегені, төрт жүз отыз жеті мүрдені тамаққа пайдаланғаны тіркеуге алынып, анықталып отыр. Губерниядағы халықтың бес-тен бірі, яғни 48 802 адам аштан өлді. Елде мал қалмаған», – делінген баяндамада. Мұны Сталин де, Калинин де, Свердлов та білді. Хат-хабарды оқыды, жұтты қолдан ұйымдастырудың алғашқы нәтижесіне көңілдері толды ма, 1922 жылдың 26 қаңтарында Сталин мен Калинин қол қойып құжаттандырған деректе «Бір ғана Еділ бойынан

23 миллион адам аштыққа ұшырады... Бұл апаттан халықты құтқару үшін ашыққандарды Қазақстан мен Түркістан республикасына қоныс аударылсын» деген қаулысын оқысаң Еділ бойынан көшірілгендер қазақтарды сойып жесе де өлмейді деу ме? Өйткені, көшірілгендерге қанша азық жеткізіледі, үй-жаймен қамту айтылмаған. Көшсін, бітті шаруа. Жоғарыдағы дерек бірғана губкомның төрт уезіндегі аштық қырғыны, ал республикада 16 облыс, 21 қала, 203 аудан, 2 672 ауылдық кеңестегі аштан өлгендердің есебін шығарсаң миллиондаған халықтың қырылғанына көз жеткізер едіңіз (Тарихшылар бұл есепті компьютермен нақты шығарып алады. – Т.Қ.).

– Ойыл қаласының көшелерінде аштан өлген адам қырылған қара шыбындай еді. Комсомолдар жинап, көміп үлгере алмайды да, Сегізсайға адам қаңқаларының арасына тастай салады. Бауыздап өлтіргендер, етін кесіп, сүйегін қалдырғандарды көргенде жаның шошитын еді, – дейтін қарттар. Бұл аштық ұзаққа созылды, бөсеңсіген жоқ. Аштық қырғыны, ату, түрмеге қамау заңдандырылып жүзеге асырылды. Оған дәлел 1932 жылы 7 тамызда ВЦИК пен Совнарком «Мемлекеттік кәсіпорындарын, колхоз, кооперация мүліктерін қорғау және қоғамдық (социалистік) меншікті нығайту туралы» қаулыны Сталиннің нұсқауымен қабылдап, қоғам мүлкіне қол сұққандар оққа ұшты, атылды. Түрмеге жабылды. Саясат үрейі осылай дамыды. Аштық жұты өрттей өршіді. 1933 жылы ауданның «Тамдыкөл» мұнайын бұрғылау басталып, онда геологтар Жолмағамбетов, Балмағамбетов, Құтмағамбетовтер мұнай көзін бұрғылайды. Олардың бұрғылау станоктары германиялық фирмадан шыққан «Ганэль-МОЭГ» маркалы болған. Шет елге астық, ет өнімдерін беріп алынған құрал-жабдық, техника осылар ғана деймісің. Экономикасы мешеу Одақ өндірісін өркендету үшін өз халқының аштан өлуін қайтеді. Геолог Қалиханның күнделігінде: «Анамның аштарға аспісруден қолы босамады. Мұнайшыларға азық-түлік беріліп тұрды. Айлық ақша да аламыз. Тарыққан жоқпыз. Бірақ ашыққандарды, олардың өліп жатқандарын көрудің өзі жаныңа үлкен азап әкеледі екен. Көңілің босап,

аяйсың. Көз нұры тайған, алба-жұлба киімді, денедегі еті тартылған, әбден арыған, кейбірінің беті ісінген, сөйлеуге тілі келе бермейтінін, қолын жайып, аузын ашып тамақ сұрайтындар босып жүрді. Өмір сүруі көмескі-күңгірт, соңғы арманы бір тойыну тәрізді. Бір үзім нан іздегендер, босып жүргендер, бұралып жолшыбай өліп жатқандары қаншама? Тіл жоқ, үнсіз өлім, жан тапсырғандары да кінәні ешкімге артпайды... Үнсіз... Құлай кетеді, жан тапсырады. «Тамдыкөлден» жолаушылап Ойылға бара қалсаң жолшыбай құзғын құстар үймелеп жатқан жерде толған өлік...» – деп жазылыпты.

Бірде әкесі Жолмағамбетке танысы кездесіп:

– Аштықта алдымен кімдер өледі? – дейді.

– Әлсіздер, ақылдылар, адал ойлы, ешкімнің ала жібін аттамаймын деп қазан қайғысынан ұлттық қасиетті артық бағалайтындар. Бұлардың күнкөрісіне жиғанын жауыз ойлы дүлейлер тез тартып алады, не алдап, не ұрлап алып тақыршаққа отырғызады. Шамалы күнкөрісі барлар жұтап бітеді, ажалды күтеді. Ашықтырудың ретін, жөнін, жағдайын білетін қуларға дауа жоқ. Саясаты белгілі, заңы түсінікті.

– Обал-қиянаттың жамандығын білмей ме?

– Өзі аман қалуы үшін зұлымдыққа барады. 1922 жылы Атырау өңіріндегі елге Кеңес үкіметін орнатамын деп облыстық милицияны басқардым. Жаңа үкіметтің ішкі-сыртқы жауы аз болған жоқ. Егес, өліспей беріспеу. Арамдық, жауыздық жасырын, аңғару қиын бүркеліп қалған. Толстовтың казактарынан құралған бандылары, Орынборда біразын атқаннан кейін ызалы бір тобы Атырауда бүлік-ойранды салды. Адамдарды өлтірді, ауыл-елді тонады, әйелдерді зорлады, кеңестік мекемелерді өртеді. Колчактың құйыршықтары бандылық топтың қанқұйлыларын жоюда оңайлық болған жоқ. Қарияларды, балаларды айуандықпен өлтіргенін кім кешіреді? Қырғын қақтығыспен жауды құрттық. Жеңдік, Кеңес үкіметінің жұмысы жолға қойыла бастады. Ал аштық қырғыны неге тоқтамады? Мәскеуден азық-түлік жеткізіледі деген уәде бар, сөз көп, нәтиже жоқ. Аз-кем келген азықты ұрылар, жымысқы топ талап алады да, жалпы халыққа жетпей

қалады. Жанұяма азыққа рұқсат қағаз береді, адам ба-сына өлшеулі, тарыға бастағасын милиция жұмысын тастап мұнай өндірудің барлау геологиялық экспедициясына басқарушылық жұмысқа ауыстым. Білім бар, үш ағайындының балалары да ер жеткен шағы. Сөйтіп, «Асанкеткен» кенішіне тұңғыш рет бұрғы салып едік, мұнай қоры көптігін біліп едік, – деп Жолмағамбет інілері Еркеқара, Ғалымжан, Мәтжанды және балалары Қасқырбай, Қалихан мұнай жұмысына кірісіп кетті. – Қатпар-қатпар, бүрме-бүрме жер қыртысындағы мұнай көлемін нақты есептеп шығарудың шеберлігі табиғаттың бүккіш құпиясын білу аса аңғарымпаздықты қажет етеді, – дейтін Жолмағамбеттің мұнайшылық жолы, Отанға қызметі, халқына адалдығы ұзаққа бармаса керек. Бір күні кешкісін қара машина есік алдына тоқтайды. Үш адам түстері ызғарлы төрге енеді.

– Жоғары шығындар, кешкі асымызды ішейік деп отырмыз. Дастанхан жаюлы... Дәмнен үлкен ешкім жоқ, – дейді Жолмағамбет.

– Біз үштікпіз. Сіз тұтқынсыз!

– Ау, Отанға мұнай керек емес пе?

– Ауқатты Бөлекбай атаңыздан енші алыпсыз, байларға арыз жазып беріпсіз.

– Енші алу ұлтымыздың заңы емес пе? Сауатсыз адам арыз жазып бер десе, ол бай ма, кедей ме, ішіне кіріп шығыппын ба?

– Еншіге нендей байлық алдыңыз?

– Көк ат пен көк алақан дойыр алдым. Сол көк ат, сол көк дойырмен бандыларды ұстадым. О да байлық болып па?

– Ататегіңізде Көпберген деген бай болыпты. Оны неге жасырасындар?

– Өліп қалған, көр жасырды. Балалары барлық түйесі мен қойларын үкіметке тапсырды, өздері аштан өлді, тұқым жоқ.

– Балаларымның бетінен сүйейін. Тоғыз баланы кім бағады?..

– Үкімет бағады.

Жолмағамбет он жылға сотталып кете барды. Ажалы түрмеде болды. Мұнайшылар тірлігі жалғаса берді. Соғыс

жылдары түрлі ауыртпалық, індет, «халық жауының» тұқымы деп көзге шұқу зәбірі өлшеусіз. Ағайындылардың иығына түскен зіл, көкіректеріндегі шер-мұң езіп-жаншитын еді. Бертінде Қасқырбай Жолмағамбетов Еңбек Ері атағына ұсынылды ма, әлде басқаша ма, әйтеуір Ленин орденін омырауына тағып әке есімін ақтағандай қуанышты болды... Қазірде үш ағайындыдан тараған отыз шақты ұрпақ Атырау мұнай өндірісі саласында еңбек етеді. Жүздері ашық, емін-еркін, баяғыдай кейбіреу кекетіп: «Аяз, әліңді, құмырсқа, жолыңды біл» деген кім екеніңді білеміз», – деп намысқа тиетін ешкім жоқ.

Мұнайшылар өмірінде де осындай сталиндік заманның қиқуы өтіп жатқан-ды... Бабалардың ауыр кезеңдерден көрген иттігі өзімен кетсін дейікші?!

## АСПАННАН ТҮСКЕН ЖАСЫН-ДЫ...

Құс тұмсығы өтпестей қалың жыныс орман қара дауыл соқса қайғылы жандай сыңсиды екен? Дүн-дүние зары ма, дің қарағай қай заманның сырын шертпек. Пенденің басына келіп кеткен күндерде не болмады? Адам жел айдаған қаңбақ, дүр еткен дүрбелең жайсыздық етсе, қаңыраған жер қалады, иесіз ел қалады. Ағаш жапырақтары қалтырағанмен кезіккен апатқа дәрменсіз. Кәрі тарих дұрыстығын да кешең айтады. Пенде сәтінде неге душар болғанын айтып үлгере де алмайды. Діңкесі құрып тынады. Сол дүр еткен дүрбелең алдында 1905 жылы Құлынды даласында 13 ауыл болған өзін-өзі асырауға ебдейлі қауым болған. Табиғатымен емін-еркін «сырласқан» 187 жанұяда бабалар тірлік тазалығына елтіген болар. Өлмес күнін көрген болар. Қайырлы жердің нәрін емген болар. Жаз жайлауы ың-шыңсыз Таулы Алтайға дейін (Алтай қазақ сөзі ғой), қыс-қыстауы Керей көлі маңы екен. Бай-манабы түгін түтетіп, жерді жерлеп, суды сулап, ертеңін байқап, бүгініне байламды тірлік еткен. Көші-қонуына жайлы табиғаты ғаламат өңірде ендей қоныстанып байсал тапқан. Қысыр қалатын жылқысы болмағасын ба, қазақтар тұтас шұрайлы өңірді Құлынды атаған. Жер атын қоюда та-

лай аңыз бар, оған тоқталмай-ақ қоялық. Өмір сүрудің қолайлылығына байланысты бертінде Белағаш болысы деп байы бар, байсымағы бар бірауыздан ұйғарым жасаған мезгіл де болған-ды. Еркін іс, еркін күш ортақ десе керек. Отарлық езгідегі халықтың аңсағаны еркіндік болмай қайтеді? Қайран ер көңіл-ай! Өмір болғасын бағынысу бар, бағындыру бар, сүс көрсету бар, жым болу бар. Бағыт-бағдарды түсінген бар, енжарлықпен түсініксіз өткен бар. Бақытқа қолы жеткен бар, маңдай терін рәсуа еткен бар, құлша жүріп рахатын көрмей өмірден баз кешіп кеткен бар. Есті, епті, барын базарлай білетін Байдәулет байда 1800 жылқы болса, одан қалыспаймын деген Самайбайда – 900 жылқы, Исада – 500 жылқы, Мұздыбай, Қазанғап, Құдабай, Сағындықтарда – 100-150-ден жылқы болыпты. Ірі қара, қой-ешкіні мал екен деп есептеп қағазға түсірмегенге ұқсайды. Жылқының еті, сүті жанға дәрі, қысы-жазы ерттеулі аты, қару-жарағы елінің түрлі дұшпаннан қорғаны. Жарлысы байға жетемін десе де жете алмай, ырыздық, байлық өлшеулі деп тынған да болар. Шыр етіп жерге түскенде маңдайға жазған перзент те, байлық та құралуынан, бәрі өлшеулі деп түсінбеді деймісің? Олардың қай-қайсысы да иегінің астында тұрғандай жердегі Обь өзенін игерудің 1542 жылы жиһанкез ғалым Антония Вида жасаған картасынан хабардар бола қоймаған шығар. Бірақ «Өзен жағалағанның өзегі талмайды» деген сөз қалдырған ғой. Әр кезде, әр қилы тірлік, әрі-беріден соң бүгінгі ұқсамаған өміріне өкіну, ертеңіне күмәндану бастан өтпей ме? Мың жылғысын айна-қатесіз біліп, болжайтын пенденің бәрі әулие емес қой. Қазақ бірақ: «Үш күнгісін ойламаған әйелден без, үш жылғысын ойламаған еркектен без», – деп ұрпағының құлағына құйып отырғаны бар ғой. Оны жадына кім тұтты, сол тірлігінде ұтты. Тірлікке әрекет етіп жүріп келешекке қаншалық әсері тиеді, оның пайдасы мен зиянын байқау көптің ойына кіріп-шыға бере ме? Орыс ғалымдары мың жылғысын, одан да әрісін ойлап жайлы қонысы, байлығы мол мекен іздесе, қазақтар әншейін күнделікті тірліктен аспай, жылқы санына місе тұтатын байларымыз да болған. Бірақ халқының тамағын аш етпей, киімін жыртық етпей,

жесірін жатқа жібермей, жетімін жылатпай әлсіздерінің жай-күйіне қарасып жақсылықтың жолын салып отырған. Сол байлар мен кедейлер ұрпағы 1920 ауылдық кеңеске Рақымсадық Дауытовты бірауыздан сайлап алса, Кеңес үкіметі жарылқайды деген көп тілегі, сенімі болған. Кейбір жырық етік белсенділердің залымдығын байқай қоймаған. Сөйтіп 1926 жылы Керей ауылдық кеңесін Есләм Досымбеков басқарып ел шаруасын саясатқа икемдеп, қабат-қабат келіп жатқан ұсыныс-бұйрықтар бойынша жүргізе бастайды. Одан соң үлкен дүрлігумен ТОЗ құрылады, оның шаруасын жан-жақты жүргізуді жалпы жиналыстың пікірімен санасып Сағат Жансергеновке тапсырады. Қаймағы бұзылмаған ұлттық намыс бар, ұят бар, арлылық бар, көрші шаруашылықтардан қалыспауды ойлайды. Елде тамағын асырай алмайтын әлсіз бар, ауру-сырқау бар. Аштықтан аман шыққаны елдің татулығы болса, «Сақтықта қорлық жоқ» деп өздерінше қор ұйымдастырып, жұмыла жұмыс істеп, үкіметтің тапсырмаларын орындап елеулі табыстың есігін айқара ашады. Өлке бойынша біріншілікке ілігіп 1939 жылы №77314 куәлік беріліп, Мәскеудегі Бүкілодақтық көрменің «Құрмет кітабына» жазылады. Демек Алтай өлкесі бойынша екі бірдей аштық әл бермей, жай соққандай жайпап тұрғанда, жұрт жұтап әл үстіне іліккенде Құлынды халқын басқарушылардың әлібі түзу, халқым аман болғай деп еңбек еткені күмәнсіз еді. Әділшілік әдібі түзу болса, түйсігі бөлектің түтіні бөлек делінбесе, түгін тартсаң майы шығып тұрған, сыңсыған орман іші жеміс-жидек, адал өсімдіктері мол және өзен-көлі балық, аң-құсқа жеткілікті жерде қолы қимылдаса, аузы қимылдап, аштан өлу мүмкін емес екені белгілі еді. Бірақ, аштықтың өрттей жалмауының себебі әр алуан және құпия жүргізілді емес пе? Қызғаныш, егес, көре алмаушылық, зұлымдықтың не түрі аяқтан шалды ғой. Ең ауыры, бес күндік беделді орынтақта деп ойлайтын басшыларға Мәскеуден түсіп жатқан лимит, түрлі қиянатқа толы нұсқау, бұйрықтарды орындау амалсыздыққа тіреді ме екен? Басшы өзімшіл болмаса жұрт аман болар еді. Қарақан басты сақтау үшін арпалыста бірлік-тірек болмаса кім жай тасындай жал-



тылдап шындық деп суырылып алға шығады дейсің? Бір жайды айта кетелік. Құлынды өңіріне белгілі Байдәулет сықылды байлар Кеңес үкіметінің тәртіп-заңын алдынала түсініп, ың-шыңсыз мыңғырған малдарын ағайын-туыстарына, дос-жарандарына бөліп беріп, одан артығын ортаға ұйыстырып кедей қалпына түсіп жан сақтағанға ұқсайды. «Байлық – қолдың кірі, жусаң кетеді. Ағайын-туыстың амандығына не жетеді? Жігітке қырық жыл дәулет – қырық жыл бейнет. Феодализм байлығын да ұстадық, бірақ құс болып ұшпадық, социализмнің жаппай кедейлігін де көрелік, сөзімізге берсе болды төрелік. Жұрт капитализм жақсы болды дейді, ұрлайтыны көп болған-ау, шамасы. Не жетеді дейсің елдің соңына сөз қалдыратын данасына делік те, бір нәрсеге ұрынар көп желіккен, әр нәрсеге еліккен деп тыналық. Жаппай кедей болып шығалық!» – деп ұйғарымды ақылдылар айтып, долы күшті де елмен бірге жеңерміз деген ақылға келген-ау. Долбар солай, едіреңдеген белсенділердің алдында пыштай болып есінен айрылығысы жоқтығын егжей-тегжейлі ойластырса керек. Маңдайға жазған байлықты да көрді, енді жұртпен бірге кедейліктің күйін кешіп туған топырақта адал ниетімен өлудің өзі бөрінен де қымбат. Кедей болсын, бай болсын, пенденің жақсысы бар, жаманы бар. Әркімнің қарнына бір аяқ кеспе көже сыяды. Кімнен кімнің несі артық?.. Ойлысы бар, ойсызы бар. Тірлігінде еліңе қадіріңнің кетпегеніне ешбір байлық тең келмейді. Кер ауыздының қаңқуынан құтылып, заманға билігін де, мал-мүлкін, байлығын да бере білді. Өйткені, кедейлердің қоғамы біз байлыққа иеміз деп діңкеге тиіп жүргендерді көріп ақылға салған өнегелі қариялар шешімі елді тоналудан сақтап, жұрттың аман-саулығын қорғаған сықылды. Өйткені 1920-1921 жылы Алтай өлкелік соты 34 адамның қылмыстық ісін қарап, 1 адамды атуға, 2 адамға 5 жыл мерзімге үкім шығарса, революциялық әскери трибунал 525 қылмыстық істі қарап, 15 адамды атуға жылдам үкім шығарған екен. Жүре-бара бұдан да зоры болатынын байқатып тастайды. Әйтеуір, Құлынды өңірінен бірде-бір адам қылмысты делініп жанұясы зарлап қалмаған

(Ф. 204. Оп. 2. Д. 10). Бұл ел ақылдыларының ертеңіне жіті көз жеткізуі еді.

Қоғам өзгерісінің ауыр-жеңілі болмай тұрмайды. Пенде ескі тірліктен айнады, жаңа жарылқайды деп үміт етеді. Айла-тәсіл өзгереді, айт-үйт деп ұйтқытушылар өз пайда-сын шығарады. Түрлі айқас, барымталы басқыншылық, қарапайым халықтың миы жете бермейтін қулық-сұмдық анталап шыққанда амалсыздыққа кім ұрынбайды? Осындайда қоғамның аужайын байқап аужар айтуға да шеберлік, көрегендік керек. Аумалы-төкпелі 1922 жылдың тұсында Поволжьяда 1 миллион адам аштыққа ұрынады. Кеңес үкіметі бұл хабарды естіп, 12 миллион пұт астық көмек бермек болады, бірақ 500 мың пұт астық жеткізіледі де кулактарды, үкіметке сенімсіз көзқарастағы адамдары тазартып Қазақстанға көшіруді нұсқайды. «Қазақстанда аштық басталды, босқындарды қабылдауға мүмкіндік жоқ!?» – деп С. Меңдешовтің батыл түрде Сталинге хат жазуы осыдан басталады екен. Мәскеудің өзімшілдігі мен теріс пиғылы кесірінен Глазовскінің 37 елді мекенінде аштан өліп жатқаны, өлімші боп әлсірегендері түрлі шіріген ас қалдығын жеп түрлі жұқпалы ауру тарап жатса, кейбір елді мекенде әлділері әлсіреген адамды сойып жеудің сұмдығы кездескен. Бұзылық уезінің Ефимовка селосында ашыққан шаруа өзінің қызын сойып жеген (Ф. 169. Оп. 1. Д.1). Осы сияқты төмендегідей жазылған жан түршіктірер сөйлем бар: «В селе Андреевке голодающими съеден труп женщины... В селе Любимовке ночью раскапываются могилы умерших, из трупов варится пища», – деген мұрағат дерегін оқығанда төбе шашың тік тұрып, аштық қырғынында мал-мүлкін тартып алып, жер аударып тірлігінен бездірген кім дер едің? Орал губерниясында әлділер әлсіреген үш жүз елу адамды сойып жегенін жоғарыда айттық. Аштықтың авторы кім? Өзірге бет перде сыртында тұра тұрсын. Мұрағат-мұражайлардың талай дерегінен кейін оқушы өзі түсінеді. Бөрік астында жатқан бөлтірік те көрініп қалмай ма?

Бір өкілдерлігі, Кеңес үкіметінің халқы аштан қырылып жатқанда Америка, Канада тұтырудан артылып қалған астықты төгіп-шашып, өртеп құртып жатса, Аргентина

паровоздарына астық жағып жүргізгені тарихи шындық еді ғой. Демек шетел Кеңес үкіметіне капитализмді тамырынан жұлып, социализмнің туын желбіреткеніне жаны ашыған жоқ, қаны ұйыған жоқ, қайта кектенгенге ұқсайды. Бұқпантай пікір жаңа үкіметі құласын деу ме? Аразқұраз болмаса да арғы-бергіні ойлайтын пенделік арамза пиғыл іште бұ-йығып жатқаны болар. Әйтпесе, аштықтың қыл бұрауынан аман шығуға көмектескен болар еді. Мына бір дерек ойға қалдырады. «Жизнь Сибири» журналының 1922 жылғы №3 санында Сібір өлкесінде қоныстанған 6 105 254 адам, бұлар 14 ұлт өкілдері, 200 мыңнан астам қазақ болған. 1918 жылғы есепте Уранхай өңіріндегі елде 4 508 ірі қара, 1 360 жандық, 750 жылқы, 1 348 марал өсірілген. Алтын өндірумен айналысатын Уранхай-Усинск жылына 700 тонна алтын өндіріпті. Сондай қаржылық байлық арқасында Ачинск-Абақан темір жолы тартылып халыққа қызмет еткен. Демек, өндіріс орындары Кеңес үкіметінің алас-қапасында біршама жұмыс атқарып Одақ қазынасын нығайта бастаған. Солай бола тұра 1921 жылдың қаңтар-наурыз айы аралығында халыққа қажеттілік ұнның бар болғаны 27 пайыз мөлшерінде ғана жеткізілген. Ал 1922 жылғы наурыз айындағы есепте өндіріс орындарына жан сақтауға жанталасып қоныстанушылар 8 703 249 адамға жетіп, мемлекет азық-түлік көмегін беріп үлгере алмай, Сібірде аштықтың басталуының бір себебі осы болса керек. Журнал дерегінде 40 000 бала аштыққа ұрынып қаңғып қалған, өлген, ісіп-кешкен, ата-анасы өлген. «Алтын-күміс тас екен, арпа-бидай ас екен» деп зарлау басталған. Былшыл батпақ сөз ас болсын ба? Қабақ қағу қиындап, аштан бұралған тұста:

*...Аспаннан түскен жасын-ды,  
Қорғай алмаспын-ау  
Томашадай басымды.  
Былдыр-былдыр былығу,  
Саясат дауыл басынды.  
Ажырата алар емеспін  
Досым менен қасымды.*

*Жинап алып, жеп жатыр,  
Ажал келіп еріксіз,  
Елге сыйлы асылды.  
Орынтаққа қонжиттық  
Сұрқия мен масылды.  
Аспаннан түскен жасын-ды,  
Байлық қайда шашылды?  
Үрейсіз ішер емеспін  
Аз-кем адал асымды.  
Сұмдығы мол белсенді  
Айласын әбден асырды.  
Өліп жатқандарды  
Мәскеуден неге жасырды? –*

деп зарлап өлгендер де болған. Өлу қабақ қағудай сәттік кезде қаланың ұн тарту кооперативіндегі жұмысшы Лукьян Черкасов ауырып өледі. Асқа жарымағанға не түрлі ауру тап болады. Содан кедей жанұяның қожасын жерлеуге 5 рубль көмек көрсетуге мекеме бастығы бұйрық шығарады. Есепші шот тасын біресе олай, біресе бұлай қағып, Лукьянның баласының қолына 9 тиын ұстағады. Басқа ақша өлген әкеңнің берешегіне ұсталды деп есепшотын тарс еткізеді. Міне, біреу өліп жатқанда, екінші жымысқының жымқыратын құлығын «Степная правда» газетінің 17 қазан 1925 жылғы санынан оқып қаламгерлердің қай кездерде де халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтағанын танысың, білесің. Өліні де жеп қалудың ұятсыздығына өкіне күлесің. Шындықты шырайландырып батыл жазған қаламгерлердің кейбірі жазасыз қалмағаны белгілі. Ондайда «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» дегенге де үкім бар-тын. Олардан да ел аузында сөз қалған, бір үзім нанға жарымай жүрсе де, айтарын тайсалмай айтқандар кездескен.

*Заманым мұнша неге қиын болды,  
Тірлігім алай-дүлей құйын болды.  
Қымс етсең қимылдатпай қиып түсер,  
ОГПУ жан алатын ұйым болды.  
Қалғыдым қашан жаным шығар екен,  
Қақ шекеден соққымен ұрады екен.*

*Бірегей түрмесінде қалшитқанда,  
Жөн сөзді қақас қылып тұрады екен.  
Үштігің қайғы-шерді білер ме екен?  
Соңыңда кісі ілесіп жүреді екен.  
«Жатып атар» кіндіктес туысың да,  
Кінәсізге кінә қойып күледі екен.  
Күн сайын құпиялы жиын болды,  
Қолыңа кісен салған сыйың болды.  
Аузыңа темір қақпақ орнатып ап,  
Бұралқы сөз айтуға тыйым болды.  
Дақпырттың біреу көріп пайдасын-ай,  
Бір күні гапыл кетіп қалмасым-ай.  
Дариға дархандықтан айырылғасын,  
Дау-жанжал тексіздікте болмасынба-ай.  
Дорба сақал долданып отыр екен,  
Жазықсызды жазғырған қоқым екен.  
Төбеден жай түскендей толықсисың,  
Арманым ізгілікке қашан жетем?  
Өмірден дәл осылай құтым қашты,  
Жалмап жатыр халықты қалың аштық.  
Жалпақ жұрт сенімінен айырылғасын,  
Ажалдың есігін де айқара аштық, –*

деген зар үн тарихтың әрбір парағында жазылғандай елес береді. Билік иіріміне иілу бар, көбінде күйіну бар екенін сезесің. Имансыз деп қаскөй ойлыдан безесің. Ол төбеде отырса қайтесің? Бас изеп қойып басыңды жұтатындар неге иландырмады? Жоқтан өзгенің бөріне дәлел таба білді. Пәлесін өліге де жаба білді. Газеттің осы санында «Қарасу» кооперативінің шаруасы Щербинин тарығып жалғыз сиырын саудагер Якутинге сатады. Арада екі-үш күн өткеннен кейін Якутиннен коопреатив басшысы ымдасып-жымдасып екі есе бағаны артық төлеп ортаға сатып алады. Саудагер ұтады, шаруа ұтылады, адамның қақын адамның жеуі бар, делдалға да дем берушісі бар. Құпия келісім заңсыз делінбейді. Адалдығын жарастыратын иман жүзді бар, иіні келгенде іліп түсетін қара ниетті бар. Ондайлар: «Құдай аямағанды адам аяуға тиісті емес», – деп ой түйеді. Тірліктің қай кезде де дұрысы бар, зиянды

бұрысы бар. Ұлы дүбірге ілесу бар, оның жөнсіз тұсымен өзінше күресу бар. Бәрі де адамдардың тарихына жатады. Бірақ қоғам, үкімет халықтың ара-жігін ажыратпай пиғылынан табатын пендені бөлектемей, қайткенде де азықпен асырауға амал тауып ойластыруға тиіс десек, осы «Степная правда» газетінің 21 қазандағы санында Алтай өлкесінің халқына 1 500 000 пұт астық дайындаудың керектігін жазса, СССР бойынша бюджетке қардарлық жоқтығын, шаруашылықтар 550 миллион рубль қаржыны жұмсауға мүмкіндігі барлығын айтып, бұл жоқшылықтан құтқаратынын білдіреді. 1-округтік Советтер съезінің делегаты, Родин ауданы, Вознесенко селосының депутаты П.А. Сучкова:

– Әр жұмысшыға 3 пұттан астық бердік, кедейлерге 350 пұт астық үлестірдік. Халқымыз аштықтан қорғанатын шығар деп жазады. Шіркін, түсінгенге кедейліктің де, байлықтың да өзіндік қайғысы жетіп артылады екен ғой. Әсіресе, қысылшаң кезде бәрі айқын көрініп қалады. Бұл кезде ауыл шаруашылығы өнімдерін арзандату үшін Мәскеу, Ленинград, Харьков қалаларында 44 миллион рубльдің зайымын тарату жүріп жатқаны қақында да газетте хабар берілген. Газет деректері мен құжаттарында Одақты қамту назардан тыс қалмаған. «Тульск губерниясы 1925-1926 жылдары 12 миллион рубльге 65 мың ат сатып алып жұмыс көлігіне қардарлықты жойды десе, Одақта 17 мың трактор, 19 мың соқа, 1 620 мың дискі, тырма, 900 тұқым сепкіш, 1 500 шөп шабатын машина, оған қосымша ауыл шаруашылығына 10 миллион рубль несие берілді», – деп жазады. Ал Америка Кеңес Одағы саудасы бойынша 10 мың трактор Қаратеңіз арқылы жеткізіліп, оны РСФСР мен Украина алады. Америка алпауыттары, әрине, техниканы тегін бермесі белгілі болса да, барлық республиканы астықпен қамтитын Одақтың мешеулігі халықтың аштыққа ұрынуының бір себебі десек, салық қыспағы, кулактар мен байлардың социализмге теріс көзқарасы, саясаттың осал тұстары азып-тозуға соқтырғаны белгілі. Тоталитарлық басқыншылық шындықты жасырып пендені басымен қайғы етуінің зұлматы және бар. Табындыру мен табыну жақсылыққа бастаған жоқ. Мұндай кезде

қылмыс түрлері де белең алып ажал оғын кезеніп жатады. «Степная правда» газетінің бірінші ноябрьдегі санында Катеринославскі соты тәртіпке шақырған милицияны ұрып өлтірген қылмыскерлер Ражков, Конченконы ату жазасына үкім шығарады. Газеттің әрбір санында келеңсіз оқиғалар жұртқа жарияланып тұрған...

Біреулер: «Алтай өлкесінде аштық болуы мүмкін емес. Аяқ-қолы аман, дені сау адам табиғат байлығынан өлмесі үшін азығын таба біледі», – дейді. Нанымды сөз. Кежегесі кейін тартпаса, ешкімге сенбесе, өзінді асырау билігі өзінде десе кім ашығады? Үкіметтің жері, үкіметтің байлығы деп тыйым салу болмады деймісің? Тазалаудың үрейі басымдық көрсетіп, кулактардың кедергісі, өштігі, зұлымдығы жетіп жатқан да болар. Жұрттың кейбір тобы кедейшіліктен қорықты. Өндірілген астықты үкіметтің жинап алғанына күмәнді болды.

– Славгород ауданының халқына арналған 5,5 миллион пұт астық қорымыз бар, бірақ бұл жеткілікті емес, әр адамның қажетсінуін қанағаттандырмайды, – дейді округ басшысы Бекболатов «Хлебпродукты» мекемесінің басшысына өтініш хатында. Демек, азық-түлікті Кеңес үкіметінің жеткізу қажеттігіне мұндай сұраныс-білдірмелер бола тұрса да, Одақтың сөзбұйдалыққа салынуы бірден байқалады... «Кейінірек қарық қыламыз», – деп ысыра салу болғандығы анық-тын.

Кедейшілік – пенденің соры. Бас мүлгігенде, аяқ сүрініп, балақтағы бит басқа шығып, банды, зұлым, сұмсұрқиялар екі аяқты бір етікке тығып езіп жанши бастайды десек, Алтай өңірінде Карман Чугурекөвтің бандылық тобы ойранды салған көрінеді (Ф. 949, Оп. 2. 191-25 г.). Олардың Кеңес үкіметі ғана емес, жазықсыз халықты қыруы, тонауы, өртеп бүлдіруі шектен шыққан. Банды тобы Пермск дивизиясындағы қызыл армияшылардың кейбірімен келісіп, әскерилердің құпиясын да пайдаланған. 1919 жылғы ВЦИК РСФСР-дың 12 сәуірдегі Декреті бойынша революциялық трибунал (Ф.109, Оп. 1,95, л.3) негізінде дивизияның жауынгерлері М.А. Литвинов пен Т.Р. Шумалин бандыларға әскери құпияны хабарлағаны үшін ауыр жазаға тартылады.

Қарапайым халық қабырғасы қайысып, қиындыққа майысып күйзелген кезде кеудемсоқ қаскөй, зұлым кез келген жерден бас көтеріп, әлсізді басынуы кездеспей тұрмайды. Сібірде Кеңес үкіметіне жаулық ойлаған, көзқарасы, кейіп-кескіні келіспеген, өліспей беріспеген, тосыннан киліге кетіп бүлдіруге дайын тұрған, ызалы, кекті 209 мың кулак есепте болыпты. 1918 жылы 40 губерния, 365 уезд бойынша ВЧК құрылып, ол Алтайгубчека боп аталып, Алтайгуборгбюроның РКП(б) қаулысы бойынша 1919 жылы 26 желтоқсаннан бастап жұмысқа кірісе бастайды. Олар шүү дегеннен 25 мың кулактың мал-мүлкін, иелігіндегі жерін, кәсіпорындарын, бар байлығын тартып алып, басқа республикаларға, Қазақстанға тездетіп көшіруді қолға алады. «Сен кулаксың, халықтың қанын сордың, енді капиталистік қоғам болмайды, кедейлердің мемлекеті әлемді билейді», – деп кеңескенге көнбесең сүс көрсетіп, қарсыласқанды нанша илейді, көзге шұқып жаңа қоғамның көзайымы екенін мәлімдейді. Аяушылық білдіргендей байлығын жалаңаштаған ортаға салғанына қарамай, 44 мың кулакты уақытша отырған мекендерін тастатып өлкенің басқа аудандарына күштеп көшіреді. Қарсыласқандары болса әскери жаза қолданылып көзіне көк шыбын үймелеуге де рұқсат бар. Байлығынан, жиған-тергенінен айырылып, қу тақырға отырғандай кедейленген елу мыңдай кулак қоймадағы азық-түлік қорын өртеп, байлығын құртып, қарауындағы халқының аштан қырылуына жаны ашымады, бақастығы Кеңес үкіметіне қастандық деп есептеді. Жөнсіз күш көрсету деп ұғынады тағы. «Мал ашуы – жан ашуы» деген қазақ мақалы күш-қайраты мұқалғандағы ыза-кек тәрізді ғой. Тартып алуды, төркілеуді кулактар кісі төзбес қастандық деп түсінді. Кішігірім бас көтеріп, қарсылық көрсету кулактардың өлім жазасына соқтырды. Русанов Петр Фокеевич 1889 жылы туған, орыс, Тизек станциясын мекендеген кулак. Оны Родинск ауданындағы үштік тұтқындап, мал-мүлкін төркілеп мемлекетке өткізді. Өзіне 58-11 УКкВМН статьясы бойынша үкім шығарылып, 1930 жылдың 3 қыркүйек күні Славгорд қаласында атылды. Кулактың қарауындағы жұмысшы құлдары аңырап қалды. Бірі:



«Еңбекақым кетті», – деп сан соқса, енді біреулері: «Азық-түліктен айырылды, бізді енді кім асырайды», – деп жер соқты. «Адам сияқты есеп айырысу неге болмады?» – деп күңіренгендер адыра дүниеге түсінбей аза тұтып жатты. Айқай-шу, дүрліккен оқиға қалың жұртқа құлақтанып жым болатыны жым болды, «жатып атарлар» кімнің нендей байлығы барын сыбырлап айтатын ым болды. «Менде ондай байлық жоқ», – деп орта ауқаттылар да ақ безер де көк безер болып бұлтақтай алмай қалды.

Кезек кімдікі дейсіз ғой? Скворцов Павел Федорович 1901 жылы туған, ерекше үштік тергеп-тексеріп, тұтқындап, 1931 жылы 31 қаңтарда Новосібір қаласында атуға бұйырылған үкімді орындаған. Сонымен қатар Торбенко Андрей Корнеевичті кулак болып шаруалардың қанын сорған, аса көп байлық жиған деп ерекше үштік ұстап айыбын мойындатып, байлығын үкіметке өткізіп атуға шығарған үкімді шұғыл орындаған. Айып тағу да оңай, оны орындау да оңай, пролетариаттан артық дүние-мүлкің болса қылмыстысың. Үштікке ақыл айту, қарауындағы адамдардың қақымен есептессін деу, шағымдану, оны тыңдау деген бола бермейді. Тазарту да, тазалау да шұғыл жүргізіледі. Пендеге көрін тіккен заң бар, Мәскеуден келіп түсіп жатқан, оны орындамауға болмайтын, басыңмен жауап беретін лимит бар. Сосын да болар халықты азықпен асырайтын диқандар да жазасыз қалмаған. Данилин Борис Абрамович – «Аврора» кеңшарының бригадирі, егін өсірудің төселген маманы. 1922 жылғы аштықта шаруалардың азық-түліктен тарықпауына қызмет еткен. Әрбір килограмм астықтың жиырма пайызын халыққа қалдырып, сексен пайызын үкіметке өткізудің орнына, сексен пайыз астықты кеңшар халқына үлестіріп берген. Әрине, еңбеккүн есебіне қарай. Одан кейін 1932 жылы егін алқабаның өнімі ойдағыдай болмағанға ұқсайды. Өзінің жауабында: «Көрші кеңшарларға асықтай бұлт шықса жаңбыр құйып өтеді. Бізге Құдай уақтында жаңбыр бермеді», – десе керек. Сөйтіп, егін шығымының төмендігі бар, Құдайды ауызға алуы бар, әйтеуір көпжақты кемшілік табылып, қылмысты делініп 10 жыл үкім кесіледі. Одан тірі келді ме, өлді ме, белгісіз

қылмыстық ісі дәлелсіз делініп, 1958 жылы ақталады. «Переможец» кеңшарының колхозшысы Деркач Яков Петрович, «Земледец» кеңшарының колхозшысы Жарков Николай Науымович үштіктің шешімі бойынша атылып кеткен. Ауылда бір айтқыш: «Пенденің маңдайына жазылып, салымына түскен алақөздікті, алауыздықтың кесапатын еске түсіріп қайтем? Кісі-місінің кісі-місіге ісі түсіп тұр, алақұйында әлсіздің көкірегін үрей қысып тұр, тәйт десе иманы ұшып тұр, місінің мылтық кезеніп кімді атам деп алқаны қышып тұр. Аласапыранның кісі төзбес қанды оқиғасы осындай, тірлік етіп көр жаның шопшымай, аңдушы алып түседі, басыңды допша домалатып қағып түседі. Шен-шекпен киген місі апшыңды қуырып, жаныңды кеңірдегіңнен теп-тез суырып алады, үкіметтің бас-көзіне баскесер деп айта алмайсың, статьяңды арқалап алдына түсіп байпаңдайсың», – деп кекетуші еді. Кісі қайғысына қайғыра білмейтін тасжүректік пайда болған кезде «Трусова» кеңшарының тұрғыны Л.А. Жарков «халық жауы» аталатын қылмыстық ісімен 1931 жылы атылса, әйелі А.Е. Жаркова ОГПУ-дың 58-8,11УКк статьясымен 5 жылға сотталып кетеді. Балалары болса жетімдер үйіне тапсырылады, тірі деген атағы болмаса, өмір бойы жаудың баласысың деп бетіне баттитып айтатын жаладан құтыла алмайды. Ішкені ірің, жегені желім боп көзтүрткі тірлік кешеді. Ондай жетімге бауырсырап маңдайынан сипайтын ағайын-туысы да болмайды. Өйткені, жандары төтті, қорқады. Мұндайлардың қаншасы тірлігінен безіп жүрді. Ал Кеңес үкіметінің негізгі мақсаты кіршіксіз таза адамдарды дайындау болғасын, тырнақ астынан кір іздеу Мәскеуден басталып, шап-шағын ауылмен аяқталып, бір сәтке де бәсеңсімей жүріп отырады. Капиталистік қоғамның кулактардың, байдың, орташалардың мінез-құлқының мазмұнында: «Қансорғышсыңдар, ұры, тонаушысыңдар, безбұйрексіңдер, кісі еңбегін жедіңдер, сұмсұрқиялықпен байыдыңдар, қара халықты алдап, табан еті, маңдай терінің қақын бермеген обырсыңдар, алдауыш, алаяқсыңдар, зұлымдықпен байыдыңдар, енді жиған байлықтарың үкіметтікі болады, қайырын жаппай кедейленген теңдік алған халық көреді», – деген қағида бар.

Қалың халық социализмнің біртұтас адалдығынан үміткер, сенімдері нық-тын. Бірі бай, жүздеген, мыңдағаны күнін әзер көретін кедейлікті түсінулі-тін. Ортаға жиналған бірыңғай байлық ортақ игілігіміз дейтұғын. Бала кезімізде облыстан, ауданнан дөкей бастық келгенде қой сойып, қонақасы беру үшін колхозшылардың жиналысын ашып бір бас қой союға да қаулы шығаратын еді. Жұрт аштан бұралып жүрсе де, қой үстіне бозторғай ұя салатын коммунизм келеді деп үміттенуші еді. Оның үстіне тоталитарлық темірдей тәртіпті Сталин өзі ғана ұстағанына, әсерлі саясаты жарылқайтындай болғанына аса мән беруші еді. «Кулак атылды ма, ерлі-зайыпты сотталды ма, жаулық пиғылы барлар түрмеге кетті ме, олардың туған-туысқаны қалай тірлік етеді?» – деген сұрақтарға ешкімнің басы ауырмайтын еді. Ұсталдың ба, заңнан қайырым күтпейсің. Мойыныңа қара тас байлап қара тереңге тастаса да арашашы жоқ. Тағдырыңды бір оқпен шешеді. «Жалмауыз патшаның жанындағы қолшоқпарлары қанды ауыз болады», – деп қариялар қоңырайып отырушы еді. Өйткені, тас құдайды пенде өзі қолдан жасап ала ма? Құдайсығанға құлдық ұру сойқаны кімді тыңдасын? Заң қолында түймедей кінәң болса түйедей ғып пәлелей салу қиын ба екен?

М.Ф. Полетаева 1894 жылы Финляндияда туыпты, Яков Яковлевичпен жанұя құрыпты. Күндердің бір күнінде Яков Полетаев шетел шпионы деп аталып, тайып тұр о дүниеге деп атылады. Әйелі Кеңес үкіметінің жауымен тұрмыс құрып, бала тапқаны үшін деп 5 жылға үкім кесіліп түрмеге айдалады. Міншіл үштік Мәскеуден келген міндеттеуді орындайды. Мәскеуден ыммен де, құпия қағаз телефондық дүммен де жетіп, әйелдер өсек айтады, біразы түрмеде отырсын деген тәртіп және бар. «Аштан қырылатын шығармыз, бұрынғы күніміз күн-ақ екен. Кулак оң көзімен қараса оңалып қалушы едік», – деген «Қызыл тіл қыршын басты желге ұшырар» деп, балаларын өсіріп ұй шаруасында отырған Д.М. Поршиева 3 жыл үкімді арқалап түрме қайдасың деп кете барады. Пенде болғасын оқшау сөз, бірін-бірі зиянсыз қағытуы, әзіл-қалжың, омыртқамен ойласып, қабырғамен кеңесетін тіршілік қақындағы пікір

айтылмай тұрмайды. Біреу кулакты оңдырмай сынап отырып, Кеңес үкіметі қашан жарылқар екен деп қалса, оны мың құбылтып жеткізе қоятын жанындағы дос-жолдасы, туыс-туғаны үштікке жеткізе қояды. Кәдімгі ордалы жыланның ұясын тапқандай сендіреді. Ондайда шындықты анықтауға беттестіру үзілді-кесілді болмайды. Бір адамның растаған бір жапырақ қағазы жетіп жатады. Басқа құжаттарды жалғандықпен реттеп сөздің астарында қоғамның қадірін кетіру, капиталистік қоғамды аңсау бар, саясатқа кір жұқтырып, басқаларды теріс үгітке тарту бар деп түрмеге жөнелте салады. Бұл жалпы халықтың бір-бірінен секем алып, кісілік қасиеттен жұрдайлыққа еріксіз апарғаны еді. Халықта әр нәрсеге селқос қарап, пәлеге де, жалаға да мойынсұнып, өмір сүру дағдысынан айырылып селт етпейтін есалаңдық пайда болғандай еді. Қоғамның жыртқыштық түрінен қауіптенгендер аяулы, адал туысы қылмысты атанып жатса да, мейлі сеспей қатсын деп қарақан басының амандығын тілеуден басқаға дәрменсіздік қалың көптің санасына орнағаны Кеңес үкіметін басқаруды оңайлатты. Аузы дуалы, халқының алдында беделі бар, қоғамның бағыт-бағдарын жақсы білетіндерді атарын атып, ажалсызын түрмелерге сығылыстырып қылмысты деп жинап қойды. «Статьяң суып қалмасын, тезірек жет!» – деп ОГПУ шұғыл шешімдерін күн-түн қатып шығарып жатты. Ел болсын, аудан болсын, облыс болсын көпке сөзі өтімді кім бар деп, шен-шекпенін сілкіп-сілкіп киіп, лимитті орындаған сыйын құрметін алып, сыйақысын қалтаға салып, бұйырған жұлдызын пагонға тағып, жемтікке семіретін құзғындай жұлқынып жатқандар да жетерлік емес дейсің бе? Олар Мәскеу не айтса соны орындауға тиісті, сол жолда ант берген. Антты бұзу – өзінің басын жұтумен бірдей. «Ажалды шақырма, өзі келеді» дегендей, «Киров» кеңшарының колхозшысы М.П. Свиридова, Плешковск селосының тұрғыны Е.С. Холодова, «Черная курья» кеңшарының шаруа әйелі П.Е. Пелегая үштіктің тексерісімен ұсталған. Шетелшіл болды ма, Отанға опасыздық етті ме, Кеңес үкіметін балағаттады ма, түрлі құжат дайындалды да 58-10,11 УҚкВМВ шешімі бойынша атылып кетті. Оның ба-

лаларын Ежов баға ма, Берия ер жеткізіп, тәрбиелеп бере ме? Әйелдерді атқан Кеңес үкіметінен басқа жұмыр жерде мемлекет болды ма екен? Сұраққа тарих кешігіп, нақты жауапты уақытында бере алмайды (*Ф.П.4. Оп. 4. Д. 28. л.13 об., Ф.П. 4. Оп. 3.224*).

Ғасыр солай, мылтық үні тынымсыз гүрсілдеп нысанаға іліккен адамын құртып жатқан (Мәскеуден келген Одаққа белгілі ірі ғалым Жұмахан Күдриннің қызы, мұрағат-мұражайларды зерттеуші Ларисаның айтуынша, кітаптарында көрсетілген аштық жылдарында статистика есептерінің бірінде үш миллион қазақ қырылды делінсе, алты миллион адам аштық, түрлі жұқпалы індеттен өлді делінеді дегенді айтты). Сол аштық Алтай өлкесінде де болғанына күйініп айтылатын сөз де есепте. «Есуастың екі мың түрі бар» дегендей, жала да жабылады, айтпағаның айтылған болып, сатпағаның сатылған болып, өлшемнен асқан кінә қоғамға, күн көсем Сталинге зиян екенін тәптіштеп түсініп, істің ақ-қарасын нақты анықтауға ешкімнің басы ауырмаса керек. Халық үрейден қорқып, дәрменсізденіп дәліп жүрсе, социализм тез орнайды деген түсініктің қиын кезінде кім кінәлі, кім кінәсіздігін айыру бейнеті де аз болмаған шығар. Кімнің ішіне кім кіріп шыққан, басты мақсат – әлсізді табындыра білу керек, үндейтіннің үнін өшіріп, ешкімнің ешқашан да үнін шығармай, жағын қарыстыра білу керек. Сталиннің үрейінен қорқып, Берияның қанды қақпанына түспес үшін өтіріктің де өркендеген кезі еді-ау. Ауылда бір айтқыш: «Жайсыз жылда мал жұтар-ау, бірақ кеңшар бастығының өтірігі жұтамас», – деген сөз қалдырған-ды. Оқтаулы мылтық минут сайын атылып жатқасын бастыққа да жан керек. Қымс еткенде ажал, түрлі жаза арнап жатқан сүргін жылдардың өтірік жаланы біліп қарсылық білдірді ме, дереу жазалайды. Алтай өлкесінде 1938 жылы 30 прокуратура қызметкері қылмыскер атанып жазаланған екен. Оның ішінде Бас прокурор Н.Я. Позняков та бар. Оған да себеп табылған, 1938 жылғы 17 желтоқсандағы Сталин мен Калинин қол қойған №00447 қаулысы бойынша тазарту жүргізілген. Тазарту жайлы И.А. Гридунов пен В.Н. Разгонның №227 баяндама мақаласында:

«Прокуратураға түскен арыз-шағым 1940 жылдың тоғыз айында Алтай өлкесі бойынша 27 253-ке жеткен. Оның біразы қуғын-сүргінге түскендердің үкімі жөнсізге саяды. Кеңес үкіметіне ашыну бар. Шағым кешігіп қаралады. Әрбір прокурор күніне 7-8 арыз-шағымнан артық қарамапты, заңдылықты сақтап үлгере алмаған. Соның салдарынан 4 194 арыз қаралып болмаған, себебі түсініксіз деген сықылды кінәрат тағыла кетеді. Жаза дайын, Сталин мен Калининнің қолын қойған қаулыға селқостық болған деп Мәскеуге құпия түрде хабарланып тұрған. Демек, Сталиннің әр сөзі, әрбір нұсқауы жоғарыдан төменге дейінгілердің алқымынан алып, тұншықтырып жатқанын осыдан-ақ көруге болады. Кәне, көсемді ақтап көр. Алуан түрлі зұлымдығын кешіріп көр. Мақтайтын да, кешіретіндер де табылар, онда шаруамыз жоқ. Осы сапарда Өлкелік прокурорының аға көмекшісі Давидова Елена Юрьевнадан: «Заңгерлердің тағы қандай жазаланғандары бар, олар ақталды ма?» – деп сұрағанымызда: «Қуғын-сүргінге түскен прокурорлардың қылмысты делінгендерінің ісі қаралып, барлығы дерлік ақталды. Жанұясындағы ұрпақтарының қолына ақталу қағазын бергенде олар қуаныштан көздеріне жас алды. Ал қиянаты мол жылдардың бүкіл дерек-құжаттары, қылмыстық іс қағаздары сараптан өткізіліп, егжей-тегжейлі зерттеліп болысымен мұрағатқа тапсырдық. Ақпарат құралдары арқылы жұртқа хабар берді. Қазір қуғын-сүргінге тап болғандардың ұрпағы күн сайын мұрағатқа барып тиісті мәліметін алуда», – деді. Алтай өлкесі бойынша сұрапыл жылдардың жазалы болғандары жайлы бес томдық кітапты қала қаржысының демеушілігімен шығарыпты.

– Бұл кітапта кейбірінің фотосуреттері, қолмен жазған қағаздары да қамтылды. Бұл ұрпағына ата-анасының бейнесін көріп, көңілдегі шерін жеңілдетуге сеп болуда, – деді КГУГААК-ның бас мұрағатшысы Тюленова Татьяна Григорьевна (Бұл – Қазақ елінің тиісті орындарының да есінде болатын шаруа. Көршінің жақсы ісінен үлгі алудың артықтығы жоқ). Өйткені, осындай кітап заңдылық сүзгіден өтіп шықса зобалаң жылдарда аяулыларын жоғалтқан ұрпақ хабарын біліп, әкесі ме, анасы ма, туыс-

туғаны ма, өмірдерегінің шындығын аңғарып көңілі тыншу табар еді. Жетім көңілді жұбатқанға тірлікте не тең келуші еді?

Сол сұрапыл жылдары Қызыл империяның жарлығы қатал, айтылды орындалуы тиіс, бірін-бірі қайта-қайта тексеріп отырады, бірін-бірі аңдып жүреді. Жатпай-тұрмай өсек аңдуға, өтірік айтуға, жала жабуға жаттығып себеп тапқыш-ақ. Біреу дабы көйлек киіп көлектесе де күндесі табылады, пенде емес пе? «Пәленше байдың құйыршығы ғой», – деген қызғаншақтың аузынан сөз шығады, оны жатып атары қағып алады. Сұмырайдың бір көзі мың көзге топырақ шашады. Қараңыз 1930 жылы 30 қаңтарда ЦКВКП(б) Саяси бюросы бекіткен кулактарды жер аудару жайлы №10 ОГПУ қаулысы бойынша концлагерьге 60 000 адамды отырғызу 15 000 кулакты 15 сәуірге дейін үкімін шұғыл кесіп: «Сібір өлкесінен Қазақстанға жанұясымен жер аудару жүзге асырылсын. Әрбір кулактың жанұя мүшесіне өте аз мөлшерде 500 рубль жол шығынына ғана берілсін. Бұл жұмыстарды қапысыз қамданып атқаратын бірегей күш ОГПУ-дың 800 адамы, сол сықылды әскерилердің күш көрсетуі үшін 1000 штык, жеткілікті етіп қылыш қарулары берілсін!» – деген бұйрық орындалмай көрсін (История компартия совсоюза. – М., 1971.Т.4. Кн.2. ст.54). Кулактармен бітіспес күрестің беті ашылды, оларды аштық шырмауынан құтылмай өліп-өшіп жатқан Қазақстанға жіберетіні белгілі болды. Кулактардың бүкіл байлығын тартып алып, 500 рубль берілетіні және көрсетілді. Бұл қаржы кімнің жұғынына жұқ болады? Жер ауып барған жерінде ұйжай, азық болатыны айтылмаса, аштан бұралғанда көзіне көрінгенін жейді, әлсіз адам болса оны да сойып жейді. Міне, Қазақстанда адамды адамның сойып жеу сұмдығы осылай пайда болған екен. ОГПУ жоғарыдағы бұйрықты орындамайтын амалы жоқ, әркімнің басы екеу емес қой. Алғашқы күндердің өзінде халықты барлап жүріп, осының жүріс-тұрысында бір шикілік бар-ау деп 6 113 адамды тұтқындап тезінен түрмелерге жөнелткен. Онда тегін жұмыс жасайды, азық-түлік шығыны мардымсыз. Тұтқын еңбегі қоғамға таза пайда әкеледі. Көсем айтқан Кеңес

Одағы әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінен елу, жүз жыл кейін қалып, оны он жылда қуып жетеміз деген қағидасы бойынша қан кешу теңізіне социализмнің қайығын салып әркелкі пікірліні тазартып, Горбачев заманына дейін әлем таңғалған Одақ болғанымыз, бүкіл жеңістерімізді баянды еткенімізді неге ұмытамыз? Тарихтың табысты беттерін ашық қалдыруға қақымыз жоқ. Бірауық ақылға тоқтап өткенімізді, бүгінгімізді ой елегінен шынайы қалпында өткізген ұрпаққа өмір-мектебі емес пе? Аталарымыздың «Мың қайғыны бір қуаныш ұмыттырады» деп айтатынын еске алған артық па екен? Сонымен, бірді айтып бірге кетпей, мұрағаттың мына бір дерегінде Бийский ауданы ОГПУ-дың 1930 жыл, 12 ақпандағы қаулысында: «Талдин селосының кулактары П.О. Тесленко, Н.Ф. Сарычев, Ф.А. Смагин, И.М. Ащеулевтер астық жинау науқаны кезінде контрреволюциялық үгіт жүргізген. Халыққа үндеу тастап: «Хлеб государству не сдавайте, все забирают... Это не советская власть, а грабители, все имущество забрали, всех разорили» деп шу шығарады», – деп жазылған. «Қасқыр дөң асқанша, ұры түн асқанша» дегеніндей байлығымызда қиянат жоқ, адал еңбегіміз деп зарлайды, төркілеудің ауыр тигеніне шамданады. Тірегі халық болатындай көріп атойлайды. Осындай үкіметке қарсы үгіт таратқандарды дереу құжаттандырып 58-11 ст. УК дайындап дереу үкімді орындайды (*ОСД. УАДАК Ф.р.2. Оп. 7. Д.19300 Л.33-35 ст*). Астық дайындау майданы аштық зауалымен күресу екені, бұл бірінші маңызды міндет деп түсінсек, 1932 жылы Одақта 467.485.5 мың центнер астық жиналса да, бұл халықтың жан басына шаққанда жетпейтін еді. Астық өндірушілер халқына жетерлік қор құрай алмай үкіметке өткізіп, арып-ашатынын ойламай, жоспарды қиқумен орындады. Содан 1933 жылы Сібірде аштықтан 220 мың адам өлген, бұл 1928 жылмен салыстырғанда 1,5 есе көп өлім екен. Біз 1922 жылы Одақта басталған аштық қырғынының ұзақ жыл жүріп отырғанын тарихымызға енгізіп, сараптап болған жоқпыз. Аштықтың астарындағы қулықты да біле бермейміз. Мәселен, кеңшарларда 34582 еңбеккер болса, оған әрбіріне күнкөрісіңе деп өлшеп 84 килограмм азық



берілсе, оныңыз кімнің жұмырына жүк болады? Оны аз десеңіз, әр отбасына ақшалай, астықтай, ет және басқа да түрлі салық салынып тартып алу өмір мен өлім арпалысына соқтырмай тұра ма? Айта кетелік, 1932 жылы Қазақстанда 1 килограмм өндірген астықтың еңбеккүнге шаққанда 22,4-57,4 пайызы ғана халыққа қалдырылып, артығын үкіметке жинап алған. Міне, аштыққа ұрындырудың қалың қайғысы осылай басталған-ды. Осы кезде Қазақстанда 278.2 мың ірі қара, 549.4 мың қой-ешкі, 63.5 мың жылқы, 48.9 мың шошқа, 16.6 мың түйе болса, тонналаған үкіметке ет тапсыру мылтықсыз майдан есебінде жүрген емес пе (*Ф. 141. Оп. 9. Л.65-64,69*)?

Ежелден қоңсы қонған Ресейдің Алтай өлкесінің қазақ елімен қарым-қатынасы, бір-біріне қам жасауы қалыптасқан. Алыс-берісі әркімнің басына түскен ауырлық кезінде әлсірей бастайды. Қоғамның зұлымдығы пендені жуасытып, есінен адастырады. Өйткені, жан-жағында қансорғыш бар, қанау бар, жоқтықтың қамытын кию бар, үстемдікке басын июі бар, қан жылау бар, қан жылатушы бар, қанағаттық шүкірлік қалған. Тірлік алдану болған, қаны қарайған бар, дорбасын арқалап қайыр тілеп қаңғырған бар. Қанды қасапта қаскөй бар, қатыгез тірлікте қолайы келсе әркім амандығын ойлайды. Ұрпағын сақтауды армандайды. Одан басқаға лаж жоқ. «Алдау-арбаудың құрбаны болдық-ау», – деп кімге шағынады? Айтса да тыңдаушы жоқ.

В.С. Познанскийдің түрлі деректердің қыбын тауып зерттеу кітабында 1920-1930 жылдардағы Сібір өңірі халқының бастан кешкен аяулы да, ауыр тағдырын тарихи дерек-құжаттармен баяндаған екен. «Сібірде 1920 жылы ақпан айында 100 миллион пұт астық қор қамбасында болса, ол Омбы, Алтай, Томск, Енисей губернияларының халқының жан басына шаққанда түк емес, жетпейді. Аштықтан құтқара алмайды. Одақтың жарылқаймыз деген құр сөзі ас болмайды. Алдын-ала сақтанып, халықтың амандығын қорғау мақсатында көкек айының алтысында Сібірревкомның жиналысында М.И. Фрумкин жекелеген шарауашылықтардың азық-түлік саудасын тоқтатуды сұрап: «Әскери бұйрық бойынша тексерісте

кулактарда 70 пайыздық азық молшылығы барлығын, оны Продкомиссариат 5 күн ішінде бір орталыққа жинап алу керектігі кезек күттірмейтін тығыз шаруа екенін айттамын», – деп түйген. Оған арқа сүйер заңды себеп бар. 1920 жылы В.И. Ленин мен А.Д. Цюрупа қол қойған декреттердің міндеттеуі бойынша: «Сібір халқын аман сақтау үшін әлі де 110 миллион пұт астық, 6,7 миллион пұт ет және басқа азық түрлерін кулактардың қоймасынан тездетіп өндіріп алуымыз – басты міндет», – деп көрсеткен. Алтай Одаққа алтын-күміс басқа да түсті металл өндіріп отырған тірек өлке екені түсінікті. Қуыс-қуысқа жасырған кулактардың астығы оңайлықпен қазына қамбасына құйыла қойса? Сөйтіп, 1921 жылдың қаңтарында басталған аштықтың алдын алу пәлендей нәтижелі болмағанға ұқсайды. Бәрібір кенеуі кеткен тірлікте аштық жан-жақтан қусырып ала жөнелгенде, әлсіреген халық арасында оба, тырысқақ, іш сүзегі, тағы басқа жұқпалы аурулар Сібір, Көкшетау, Петропавл, Омбы, Самар, Саратов, Қазақстанның тағы да басқа қалаларында қауға түскен өрттей дүр ете түспей ме? Жол қатынасы жөніндегі санитарлық дәрігер Б.И. Иофаньның күнделігінде Омбының өзінде бір күнде 400 адам тырысқақ, оба ауруымен тіркелгенін жазады. Ал 1933 жылдары эпидемиолог С.А. Арбеневтің күнделігінде жұқпалы аурумен 200 000 адам ауырғанын құжаттап тіркеген. Құты қашқан ауыр жылдар қыбырлаған пендеге ажал құштырып жатқанына дерек жетерлік. Мәлімсіз тірлік өлі түске ұрындырып бейнетке де, ажалға да мойынсұндырады. Шындықты айтып Одақтан көмек сұрағандар қуғын-сүргінге ұшырап, басымен қайғы болады. Құбылған саясатты көсем бастады, пайдасын сұрқиялар көрді, халқым деген шыншылдарды түрмеге тықты, атты, зәбірмен өлімші етті. Үрейлі жұртты басқарудың мызғымас көпірі тұрғызылды. Қорқақ, надандар үштікке жағынып, үстемдікке теп-тез бағынып жан сақтау, кесер кеңірдектің амалын тапты. Жаны қорланған ел ақыны :

*Қыдың-қыдың етесің,  
Түбіме өзің жетесің.*

*Жау дегенді жапсырып,  
Мазақ етіп кетесің.  
Құты қашқан тірліктің  
Жайын сұрап не етесің?  
Құтырынған кезеңде  
Статья берді есесін, –*

деп өзін-өзі асырауына басында билігі жоқ, қолы қысқа жұрт құлазыған елде ошақ отын сөндіріп жатты. Өйткені, 1920 жылы Одақ бойынша астық дағдарысы 30 пайызға құлдыраған кезде Сталин: «Біз алдыңғы қатарлы елдерден 50-100 жыл артта қалдық, 10 жылда міндетті түрде алға шығуға тиістіміз!» – деп халықты сөндіріп, шындықты мойындап, аштық сұмдығының кінәсі өзінен еместігіне дәлел айтып тынады. Одақ бойынша халықты асырай алмайтындықты білгесін саясатқа негіздеп тазарту, қара тақта, қызыл тақта дегенді ойлап тауып талайдың көзінен сорасын ағызып, жеті атасына дейін дүрліктіре тексеріп сілкілеу «Халық жауы» деп талайды атудың басты баспалдағы еді. Оған тағы бір себеп 1920-30 жылдары құрылған коммунаның жұлымы қырқылып, өміршең болмағаны, халықтың қолын молдыққа жеткізбей, кері кеткізгені де шындық. Ауыл шаруасының қолында техника жоқ, ағаш соқа, митың-митың өнімсіз іс кімді жарылқайды? Тірілер мұңды-зарлы, өлілердің қаңқасының үстімен қан кешу теңізіне батып бара жатқандықты байлықтың мұрагері кулактар мен байларды құртып, қалың халық мұқтажын өтей алмай, тал қармаған суға кетердей қиянкестіктің торына түскені де аян еді. Мол астықты жинап үлгере алмай, артығын теңізге төгіп-шашып жатқан капиталистік мемлекеттер социализмді көзге шыққан сүйелдей көріп қитығып, кірпіше жиырылып көмек қолын созбай, қырылған халықты мүсіркей алмады. Қайта жығылғанға жұдырық деп, мырс-мырс күлген де болар. Сталинде де көкірек бар, капитализмнің мысын құртқысы келмеді деймісің. Өйтпесе, мыңдап трактор берген Америка астық сұраса мырзалық танытуы кәдіксіз еді. Нансыз қалдық деп наз

айту да намысқойға ыңғайсыз-ау. Науқас қоғамның азық-түліксіз халқын қаңғытып алуы талайдың наразылығын туғызды. Нәубет қайғысы қалындағанда үстемдікке нәлет айтып, обалсынбаған билік басындағыларды қарғап-сілесе де Сталин есіміне шаң тигізбеді. Көсем аштықты естімей жатыр деп көз жұмды. Қара жер жұтқанынқайтармайды. Аштан өлгендерге қаупиып тұратын моланың топырағы да бұйырмаған-ау... Пенденің жанына бататыны сол қайғы...

Халықтың өлі-тірісін біліп отырған Ф.П. Грядинский мен РСФСР совнаркомы Д.Е. Сулимовтың шындық жайлы жазба сөздері Қазақстандағы аштық өрттей күшейіп тұрғаны, Батыс Сібір өлкесінің балалар үйі қаңғып жүрген 1 500 баланы, жер аударылғандардың 2 500 балаларын, 1000 жас сәбилерді ата-аналары аштан өлгендіктен бағуға орналастырғанын айтады. Сол жетімдердің әкелері өлер алдында ұрпағының аман қалуын тілеп зарлады ма екен?

*Обырлардан обығып күшім тайды,  
Ұрпағымды сақтау болған қайғы.  
Белсенділер нысапсыз тонап алды,  
Өлсең мейлі, ешкімнің жаны ашымайды.  
Озбырлықтың елдегі түрі жаман,  
Ойран-топыр үрейлі, басылмайды.  
Өлгендер көп есігі ашылмайды.  
Опасыздар тұс-тұстан анталады,  
Кім көріпті, зұлымдық осындайды, –*

деп өксігенін үкіметтің оң көзімін деп тақта отырғандарға жеткізе алды деймісің. Өткен қоғамның жақсылығы да, жамандығы да өз тарихымыз болғасын ақыл айтудан аулақпыз. Өмірге қара дүрсін қарамай әр кезде сақтық болса деу ғана. Кейде қапас-түнек мезгіл дейміз, бірақ революцияға дейін халқын бағып отырған кулактар мен байларды социализм ісіне қызмет еткізіп, өрескелдікпен қырып-жоймағанда өңкей кедей аштыққа ұрынбас па еді деген долбар ғана. Қазақ ауылында бір ақылды қария азық-түлігін тауып, бір ақылды ана әйелдерді төртіптеп, тәрбиелеп отырғанын еске алмай тұра алмаймыз. Кулактар мен байларға сонша өшігіп, жанұясына күнелтетін

қаражат та бермей қаңғытқасын әлі барында адамды сойып жеуге дейін барған сұмдық оқиға адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған да шығар. Адамның құнсызданғаны соншалық, ұрпағын аман сақтау қиынның қиынына айналып, 1933 жылы Батыс Сібір өлкелік атқару комитеті жетім балалар үйіне 11 500 балаларды орналастыруға, Нарымск округіне 2 000 балаларды қабылдатып, оларды бағып-күтуге 6 650 рубль (бұл жоспарланғаннан екі есе көп) қаржы бөліпті. Одан кейін 1 200 ересек балаларды ФЗУ-ға орналастырып түрлі мамандық алысымен қаладағы өндіріс орындарына, кеңшарларға жұмысқа жіберуді дйттеген екен. Осы жасөспірімдердің біразы Қазақстаннан барған жетімдер, 1933 жылы басталысымен 1 312 ересек қазақ балалары бұрынғы есептің үстіне қосылған. Сосын да өлке басшысы Әйхоның тапсыруы, қамқорлығымен қазақша 5 арнайы балалар үйі және Ново-Омск, Славгород, Бийск, Алейск, Покровскіден 480 балаға арналған қосымша орын бөлініп жұмысқа кіріскен. Сондай-ақ, қазақ балаларына арналған қосымша екі балалар үйі ашылған. Мұндай шексіз қамқорлық өлке басшысы Әйхоның кісілік ісі болған. Қазақстаннан шұбырып барған жетім балалардың көбейгені соншалық, 1933 жылдың мамыр айында 13 мыңға жеткен. Бәрі де үкіметтің жетімдер үйінен пана тауып аман қалған. Ал балалар яслилерінде 1 079 бұлдіршін есепте болса, олардың 62-сі сәбиді далаға тастап кеткен жерінен тауып алынғандар екен. Осының бәрін Сібір өлкелік партия хатшысы Әйхо өзі қадағалап отырған. Неткен мейірімділік. Міне, халықтың үреймен реңі қашып, рухы түсіп сал сүйектенудің қабырға қайыстырған қалың қайғысы. Қазақ еліндегі аштық күшейгені соншалық, Голощекин үкіметі адамдардың қайда қаңғып кеткенін білгісі де келмеген. Сталинге жағдай жақсы деумен тынуы ұлтты жоюдың құпия зұлымдығы емес пе? Сібірдің денсаулық орны мамандары РСФСР-ға дабыл қаққан: «Станцияларда дорбалы қайыршылар қаптап жүр. Бәрі ашыққандар, жұқпалы ауру асқынып тұр, шұғыл көмек керек. Қазақстаннан босқандар аштықтан, аурудан өліп жатыр», – деп жеделхаттар беріп жатқан.

В.С. Познанскийдің архивтік және басқа мемлекеттік орындардың нақты құжаттары бойынша зерттеу еңбегінің (224-бет) бір парағында: «Карповск селосында 1000 жанұя түгін түтетеді. Көше, үйлер маңы қоқысқа толы, адамдардың ішетін асы шіріген, борсыған қалдық, басқа тамақ жоқ. Адамдар көлеңке сықылды жүреді, есуастанған, ештеңе ойламайды, қабақтары түсіп кеткен. Сөйлескісі де келмейді, ұйықтайды, тоңады, қалтырайды, аштық есін алғандар көп. Жұмысшы К. Сидельников кеңшардың еңбек озаты екен, төрт баласы бар, олар аштықтан ісінген. Үйі лас, едені, үй қабырғасы ылғалмен көктеп, иістеніп кеткен... Оған көрші отырған Ф. Бородиннің бес баласы бар, әйелі ауру, пештің жанында жатыр, қасында үш баласы отыр. Олар аш, жылайды, ісінген, қу сүйектері тамырға ілініп тұр. Көздерінің нұры тайған, бір-екі күнде өледі. Кеңшарда үздік еңбек жасап 650 еңбеккүн тапқан жанұяның бәрі қырылмақ. Бұдан екі күн бұрын арам өліп далаға тасталған шошқа торайының бұзылған етін жепті. Басқадай адал ас татпаған», – деп дәрігер аудандық партия комитеті мен аудандық кеңес басшысына жазбаша мәлімдеген екен. Іле-шала басшылары И.П. Жуков пен Б. Силаев, Ф.Д. Шугеев: «Аштық мәселесін шешуге өлкелік басшылық көмектеспей отыр, ауданда қуаңшылық болып астық шықпады, біздің ауыр жағдаймызға шұғыл көмек керек», – деп өздерін қорғау мақсатында И.В.Сталинге хат жазып, көшірмесін Батыс Сібір өлкелік комитетіне жөнелтеді. Дереву өлкелік бюро мәжілісі шақырылып: «Көсемге шағым жазу коммунистік этикаға жатпайды. Аспанға ұш, жерден қаз, халқыңды өзің азықпен асырауың керек!» – деп арыз иелерін жазалайды. Бұл жеке адамға табынудың Мәскеуден басталып, терең тамыр тартқанының дәлелі еді. Өл, тіріл үн шығарма деу Одақтың барлық жерінде қалыптасқанын көрсетеді. Халық қорғансыз, кем-кетігін айта алмайды. Босып кетеді, үреймен өледі, амандық жөнінде үкіметтен әрекет жоқ. Егер дәрігер елді аралап қайғылы оқиғаларды аудан басшыларына жазбаша мәлімдемесе, ауданның да, өлкенің де басшылары бейхабар болып, құлақты мақтамен тығындағандай отырар еді. Демек, қай шаруашылық-

та қанша адам аштықтан, қаншасы аурудан өлді нақты дерек уақытында болмағанға ұқсайды (Бүгінде 1922 жылдан басталған аштық жылдарында төрт жарым миллион қазақ аштан өлді деген дерек, кей есептерде алты миллион өлді деп айтылуы сондықтан). Адам тағдырына кейбір елді мекенде селсоқ қарау болғаны, ондай төзгісіздікті шұғыл білуге телефон байланысы, түрлі көліктің жеткіліксіздігі тағы бар. Ел аузында: «Райком түгілі ауылға милиция да жаяу келіп, жаяу кеткен, көлік жоқ», – деген сөз қалған. Сол Сталинге жазылған хат Эйхоның төбесінен қара бұлт үйірілмеді деймісің. Жеке күн көсемге табыну зұлматы шындықты айтуға тыйым салып, басшы алдында тайлықтырып тастамай ма? Зұлымдыққа бетпе-бет келіп кім батылдық таныта алады дейсің. Талан-тараж талапайды да, қырылып өлуді де талқыға салып, талап ету партиялық тәртіпті бұзу деп үстемдікке тәуелді етсе не жорық?

Айта кетелік, 1921 жылы басталған аштық зардабы негізінде кулаксың, орта шаруасың деп халықтың жиған-тергеніне қол салып, азық қорын тартып алғаннан кейін жұрт ішер асқа жарымай, екі саусағын мұрынға тығып сымпиып қалған. Кей жерде ыза-кекті халық көтеріліс те жасаған. Қараңыз: «Кремль. Ленинге, көшірмесі Азық-наркомы Брюхановке. Омбы. 9 мамыр, 1921 жыл. Аса құпия делінген жеделхатта : «600 мың пұт астықты Новониколаевка уезінің қоймасында сақтап, Орталыққа жібермек едік. Шаруалар, әйелдері балаларымен қойманы күндіз-түні күзетіп, маңына жан жолатпайды. Қызыл армияшыларға күш берер емес, темір жол бойы әскери жағдайда. Қауіптісі Мәскеуге қатысатын темір жол қатынасын тоқтататын түрі бар. Сібір ревкомының бастығы Смирин». Міне, шаруалар кулактарды тап ретінде жойып, төркілеуді тоқтатуды талап еткені де, Томскінің Азық комиссары К.А. Данилов халықтың тәртіпсіздігіне жол бергені үшін қызметінен босатылғаны да құжатта айтылады. Сондай-ақ, «Темір жол станцияларында, Челябинскі станциясында – 2 000, Петуховада – 900, Лебязьяда – 850, тағы басқа станцияларда дорбалы қайыршылар толып жүр, олардан тырысқақ, оба, іш сүзегі аурулары тарап

жатыр», – деп Сібір денсаулық бөлімі бастығы Гречишев дабыл қағып, РВСР №2115 бұйрығы бойынша бүкіл темір жолда жұқпалы аурулармен күресті күшейтуді талап етеді. Одақтан көмек керектігін жазған...

## ҰЛЫЛЫҚТАН ҰЛАФАТ ҚАЛҒАН

Тарих деректері бойынша, Құлынды өңіріне қазақтардың табаны тиіп мекендей бастағаны 1542 жылы Антония Виданың Обь өзенінің картасынан көрініс тапқан. Демек, Алтай өңірінде халық тірлік еткені белгілі ғой. Ауыр-жеңіл өмір болған. Өткенін ойлап, ертеңін болжайтындардан сөз қалған.

*Байтақ дала – ырысым,  
Жұртымның өлең-жырысың.  
«Құлынды», – десем әр кезде,  
Ашылып кетер тынысым.  
Замандар өтті әр кезең,  
Саясаттың құлысың.  
Пендені бірақ жарылқар,  
Аллаһтың берген сыйысың.  
Алтайдан соққан самалға,  
Кеудемді керіп тұрысым.  
Әркелкі Адам, әркелкі,  
Жамандық ойлау құрысын! –*

деп қаракөз қыздар өн салды ма екен? Өмір бастауы әріде деп ой салды ма екен? Жалпы Құлынды аймағы XVIII ғасырдан бастап қағазға түсіріліп зерттеле бастайды. Вида картасында Каспий теңізі, Еділ, Жайық өзендері көрініс тапқаны және бар. Рейн қаласында туып өскен жиһанкез суретші Видадан кейін, неміс географы Себестьян Мюнстер өзінің «Космография» шығармасында Виданың сызбаларын пайдаланса, негізгі деректерді Ресейден Польшаға кеткен Иван Васильевичтен алғандығы анық делінеді. Шығармаларда түрлі ұқсастық болса да, Обь өзенін зерттеу «Московии» картасын толықтыруда



австралиялық маман Сигизмунд Герберштейн Ресейге екі дүркін келіп, 1546 жылы картаға түсіргенде төменгі Обь өзені Ресей мемлекетіне өтеді. Ал жоғарғы Обь өзенін мекендеушісі күңгірт көрініс береді. Жазбасында: «Обь өзені басын Қытай көлінен алатынға ұқсайды, жағасында қара нәсілді, қысық көз адамдарды көрдім. Ертіс қорғаны бар, оған таяу Қытай көлі... Көл маңындағы адамдардың сатымға дайындаған тауарлары көп, асыл тастар бар, түрлі металл бұйымдарын сатуға шығарады екен», – деп жазылған. Ал орыс ғалымы М.П. Алексеев Обь өзені бойындағы қорған маңында сауда шаруасымен айналысып толып жүрген адам қара қытайлықтар, моңғолдар, индустар, бұхарлықтар, жалпы бұл өңірге азиялықтар көптеп орналасқанын айтады (*В. Кордт. 1906 г. Карта XIX в.*) Қытай көлінің оңтүстігінен үлкен өзен Орта Азияға ағып жатады, оны «зиг» (Сырдария) деп атаған. 1562 жылы толықтырып жасаған Дженкинсон картасында көрсетіліп, Арал теңізіне де орын берілген. Ал 1683 жылы Джакомо Кантелли жасаған картада Ертіс өзені Сібірге қарай бұрылысында Обь, оның жағасында қала көрініп, Обьтың жоғарғы бас алуында «Изсеро золоте» көл атауы Алтын (золотое озеро) пайда болса, Зайсан (аудармасында – Бизилбаш) көрініс тапқан. Қара қытай, индус, моңғол дегендердің арасында алтайлықтар ма, қазақтар ма, Таулы Алтайдың Катунь өзені бойындағы Чепаль ауданында алтайлықтар және маялықтар тұрады екен. Олар Алтайды жер кіндігі деп дәлелдесе, біз Байқоңырды атамзаманғы атауы бойынша «Жер кіндігі» деуіміздің ара қатысы жақындай түсуіне ұқсайды. Әлем ғалымдарының ой-пікірі, түрлі тұжырымдарына тоқтай келіп, сенатор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әділ Ахметов мақаласында: «Ғалым И.Ф. Никоновтың пікірінше, түркі тектес халықтардың жақындығын лингвистикалық дәйектерге кезінде «Азия – Берингия – Америка» атты монографияда арнайы тоқталып, жеткілікті материал берген болатынбыз. Олардың басты-бастысын айтқанда байырғы америкалық «үндістердің» азиялық, археологиялық, палеонтологиялық, генетикалық, лингвистикалық және басқа ғылымдар тұрғысынан жан-жақты сарап-

талды. Кезінде Христофор Колумб ашса да, атауы ұлы жиһангердің өзіне бұйырмай, жаңа әлем немесе Америка атанып кеткен алып құрлықтардың сыры шындықтан мүлде аулақ жатқан еуроцентристік көзқарастан аршылып, оларды мекендеген түбі түркі халықтар орнықтырған ұлы өркениеттің тарих пирамидасынан алатын заңды орыны ең соңғы ғылыми деректермен түйінделді. Ең бастысы, о баста, бағзы замандарда да, Алтайдан басталған ұлы көштің тек Батысты ғана нысанаға алмай, кезінде Қиыр Шығыстағы екі алып құрылысты жалғастырып жатқан, кейін су астында қалған жермойнақты басып өтіп, жаңа әлемге де алғашқылардың бірі болып ат ізін салғаны бұлтартпайтын ғылыми айғақтармен дәлелденді», – дегенді автор мысалдап өтеді (Е.Қ. 22 мамыр, 2010ж.).

Сонымен, Алтай өлкесін ертеден мекендеген Құлынды өңірінде жиырма мыңнан астам қазақтардың тарихи деректері XVIII ғасырдан бастап зерттелген екен ( *Ф.Р. 1. Оп. 1. Д. 100. Л. 2,5*). Әуелде Павлодар облысы бойынша 15 қазақ Ертіс бойын мекендеп, көшіп-қонып жүреді. Табиғаттың ұңғыл-шұңғылын байқап, қонысқа лайқаттысын таңдап ұлтанды жерге қоныстанады. Үме салып, асарлап баспана көтереді. Ұр жаңа үйлерде ойын-тойын жарастырып тірлік еткен 1 089 қазақтың жанұясында 3539 ер адам деп есептеліп, 1907 жылдың 5 тамызында орыс империясының жарлығымен Сібір өңірі бойынша Ресейдің құрамына өтеді (*проект №06-01-00504*). Еуразия құрлығының тең жарымын уысында ұстап басып алған, отарлықтың шынжырымен бекіткен адам санын анықтап, бас көтере қалса қаншалық күш керектігін алдынала білу емес пе? Сөйтіп, 1909 жылғы есепте Құлынды өңірінің адам саны 100 мыңға дейін өседі. Оларға жан басына шақтап жер бөліп иеленуді қатаң бақылайды. Халық аз-кем бөлінген меншікті делінген жеріне егін егіп, мал өсіріп, тарықпай тұрсаң өмір әдемі деп, ақырында Кеңес үкіметін орнатуға қатысады. Жұрт жаңа қоғам қайырлы болады деп сенеді. «Тұтас кедейлер боламыз, үстемдік қысым болмайды, езгіден құтылды, көзіміз ашылды», – деп қол-аяғын еркін жазғандай болады. Даңқымыз аспандар деген есек дәмемен ілгері тілекті меншіктеп 1937 жылы

28 қыркүйекте аудан аталады. Ауданға 62 елді мекен қарайды, шекарасы белгіленеді, кәсібі егіншілік және мал шаруашылығы екен. Сібір өңіріндегі табысты аудандардың қатарына бірден ілігіп, бірден орташадан ойып орын алып ел елденіп, шаруа жөнделе бастайды. Жұрттың қасқабағы ашылып, қуанышымыз ұзағынан болғай деп тілек тілеп жүргенде 1930 жылдың 2 наурызындағы Сталиннің «Табыстан бас айналу» деген мақаласы дүбір туғызбай тұрмайды. Саясаттың қатаңдығы байқалады. Асыра сілтеп жіберді деп бөкенеден пәле өргізетіндей кемшіліктер мен кедергілер сын мен өзара сын арқылы заңдылық таразысын тартыла бастайды. Тірліктері де, шаруа шамасы да қарайлас Ключевск ауданы таратылып, атқару комитетінің бастығы сотқа тартылады (Ф.Р. 443. 0п.1. Д. 60. Л. 196). Осы тұста Құлынды ауданы «Сақтықта қорлық жоқ» деп асыра сілтеуден қарадай қалтыраса да, аман қалады. Байлар ызғындай малын ауылдастарының басбасына бөліп бергесін бе, болар-болмас өкпе-наз сақтап, қызыл жағаға сыбыр жеткізу сап тыйылған-ды. Аштықта аздаған жүдеушілікті де ауылда болса ауызға тиедімен өткізді. Босқын қайыршыларға да қайырым, азыққа тойындыру болған. Бірәлі деген арып-ашыққан босқынның бірі осы ауылда біраз болыпты. Ақынжанды, домбырашы екен. Бір аяқ ас алдына келгенде алдымен домбырадан «Аштық» күйін төгілдіріп отырып:

*Үкіметтің құлқы неге тарылды,  
Кім тыңдайды мына менің зарымды?  
Бір ұзім нан жүрек жалғар болмады,  
Жинап алды құмыққандар барымды.  
Құмай құйын көз көрсетпей барады,  
Тәркілеуші құмардан шығып қарады.  
Ойда, қырда қырылғандар жетерлік,  
Өліктердің шыға қоймас санағы.  
Жайлау қалды малсыз жұтап қаңырап,  
Голощекин саясаты сандырақ.  
Тарихта ұмытылмай қалса екен,  
Аштық қырғыны жайлы ән бірақ, –*

деп бір аяқ көжені қолына ұстай бере булықпа жөтелмен жанын қинады. Әркімнің бұйымтайын сұрап, мейманын жылы қабылдап, құрметпен шығарып салатын қазақи қалыпты халықтың өткенінде талай оқиғалар қалды. Тыныштық аспанында орыстардан қалыспай жастары жоғары оқу орындарынан білім алды, мектептерде қазақ ұлтының салт-дәстүрі, өнері ұлағатты тәрбиесі бір пән есебінде оқытылды. «Бұл қалай?» – деушілерге: «Лениннің «Әр ұлт өз тілінде оқып, өз тілімен сөйлеп, мемлекеттік жұмысты атқарсын!» дегеніне қарсы емес шығарсың?» – деп айтып ықтыра салады.

– Бай, кулак жоқ па?

– Біз – бірыңғай кедей халықпыз. Бұзаулы сиыр, қозылы қойдан артық дәулет керек емес, – деп шығарып салады. Милиция келсе қазанда бір жілікті бүлкілдетіп, табақ тартып бүйірін шығарып, асқа тойындырады... Қызара бөрткесін: «Соседний район... Там кулак жадный...» – деп әр түрлі әңгімемен сайрайды. Расында, көршідегі көзі жерге түспей жүрген күшті кулактар Е.Е. Балки, Я.Е. Сидеренко, М. Разгон астық дайындау майданына қарсы әрекеті үшін мал-мүлкі төркіленіп, сотталған. Кулактардың бас-басында 3-тен үйі, шошқасы, ірі қарасы, қойы, егін шаруасына 5-тен құл ұстаған. Бірақ, құлдарын асқа тойындырып, әдемі киіндіріп, мұң-мұқтажын өтейді екен. Жанұясының да ішіп-жемі мол, киім-кешегі жеткілікті көрінеді. Сол Ключевск ауданында 8 510 шаруаның 917 кулак тізіміне ілінген, орта шаруалары да төркіленген (Ф.П. 38-06. Д. 44. Л. 29). Ал Құлынды өңірінде де бай да, орта шаруа да болған шығар. Бірақ олар ақсақалдар ақылымен артық мал-мүлкіті төркілеу дүбірі басталысымен ағайын-туысына бөліп бергенге ұқсайды. Үкімет өз халқын мұнша қыса бермес... Іштен шыққанды жау көріп шайқасып жақсылық таппайды ғой. Мұндайда сақтанбаса, жазықтының отына жазықсыз күйіп кетеді. Шаңырақ шайқалмағай. Бір тайпа ел едік, тілігіміздің бірлігінен айырмасын деген... Көрші-қолаңның шай-суы ортақтықтан жаңылмасын... Шала бүлінбей, сабыр сақтап қазақи қалыпты қанға сіңіре білген. Шарасыздықтан да шаршамай өтіп ұрпағын аман өсірді. Жесірі қаңғып,

жетімі жылаған жоқ. Көптің ақылы елдің амандығына қорған болды.

Саясаттың түтек бораны жоғарыдағы көрші ауданның парткабинетін басқарушы Т.Ф. Суслова, екінші хатшы С.М. Розенблом, үшінші хатшы Р.Я. Андрен (Суслованың ері), Серебропольский МТС-нің директоры Ленков барлығы 16 адам партия қатарынан шығып оның сегізі «халық жауы» деп атанып және 30 адам «Отанға жат пиғылды элемент» делініп қатаң жазаланса, арада біраз уақыт өтісімен 88 адам №58 статьямен атылатыны атылып, түрмеге сыйғаны қамалады. Оны азсынсаң, 1938 жылы 441 адам қылмысқа тартылып, әр түрлі жазаны мойынға іліп шығады. Заң бұғалығы бұғананы сындырғанының нақты себебін жұрт түсінбесе де, үнсіз қалады (*Ф. 484. Оп. 4. Д. Л. 13.*). Ал Құлынды ауданының 18-ші ауылында ежелден қоныстанған 3 308 немістердің біразы тұтқындалды. Ал Алтай өлкесі бойынша туып өскен, жерін жерлеп, суын сулаған немістердің 21 пайызы атылып кеткен (*Жертвы политических репрессий в Алтайском крае. – Т.4. ст.13.*). Міне, Сталиннің табыстан бас айналуының масқаралағы өз халқын қырып-жоюға ұласқанының бұл тартпас дерегі. Саясат былғанышы «Бүгінгі тірлік ертең бар ма, жоқ па? Үштік ата ма, екілік, бестік ата ма, өліміз бе, тіріміз бе?» – деген мәлімсіз үрейге толы боп жатқан. Бұл үрейден Құлындыны жайлаған халық кенде болды дейсіз бе? Бөлежара қаскөйлік ой ойламаса да, бір ауыл, бір бауыр боп той тойласа да, Алтай өлкесінің бір бөлшегі атанса да, көштен қалмаса да, үреймен естен тана қоймаған. «Бөрі жоқ деме, бөрік астында» деп сақтана білуді ұмытпаған болар. Бықпырт тигендей бүліну кездесіп, алақұйын етсе де қарапайым халық төзе білді. Сыр шашпады. Тарихын сақтаудан жаңылған жоқ.

\* \* \*

Барнауылдың өлкелік кітапханасының кітап қоры 3 миллион дана боп есептелсе, С.Н. Южаковтың редакциясымен шыққан «Большая энциклопедияда» Барнауыл қаласының деректері молынан қамтылған. Дәлірек

айтқанда өсу, өрлеуін де дәріптей білген. Барнауыл Томск губерниясына қараған тұста Ресейдің өндіріс маманы Акинфия Демидов алтын-күміс өндіретін зауытын 1745 жылы ашып, Пимен Старцев өңір картасын, оның қазба байлықтарын көрсетсе, Сібір губернаторы М.П. Гагарин үлкен демеушілік көрсетіп қаржыландыра білген. Картаны сөйлеткенде Оңтүстік Сібір орыс қорғаны аталады. Красноярск-Кузнецк, Бийскіге майор Лихарев шекара қорғандарын орнатып Ресей игілігін заңдандырады. Одан кейін Өскемен, төменгі Ертіс, Тары, Алтай, Құлынды, Ямышевская, Железинская, Омбы, Таулы Алтай шекаралары белгіленіп 1725 жылы жоңғардың оңтүстігін, қазақ елінің батысын шекаралық белгілермен бекітеді. Қара дүрсін жұмыс емес, ғасырларға кететін Ресейдің отарлық езгіні заңдандыруының тапқырлық амалы еді. Одан кейін Алтайдың зауыттары орыс империясын XVIII ғасырда алтын-күміс қорымен байытып жатқандығынан шекаралық қызмет нық, қауіпсіз болуын қажет еткен. Алтын-күміс өндіруде талантты ғалымдар А. Порошин, Г. Качки, В. Чулков, купецтер Пуртов, Сухов, Морозов, Құлмаматовтер екпінді түрде қызмет атқарған. Олардың есімі тарихта алтын әріптермен жазылып, бүгінгі Барнауыл қаласында көшелер сол ұлы тұлғалар есімімен аталады.

Негізінен Сібір тарихы әріден бастау алса, 1701 жылы толық картасы жасалып, ғалымдардың талқысынан өтеді. 1717 жылы Телту князы татар Манза Байдонов Барнауыл қаласын игеруге қатысады. Ал 1730 жылы Демидов алтын-күміс өндіретін зауыттың іргетасын қалап, жұмысын жүргізуге Алтай өңірінен 200 шаруаны жұмысқа тартып, 1735 жылы Екестеринбургтен 500 адам, Иркутскіден А. Бутреев, В. Попов басқарған 300 адам зауытты шұғыл көтеруге еңбек сіңіреді. Сөйтіп, 1750 жылы зауыттың 17 пеші іске қосылып 694 пұт күміс, 55 пұт алтын өндіріп, таза пайда 586 248 рубль 45 копеекке айналады. Табыс молайғасын газет-журналдар жарқырап шығып, 1859 жылы Г.Н. Потанин «Русская слава» журналына өндіріс орнының болашағы ғасырларға кеткенін мақтанышпен жазады. Мұнда шығыстанушы В.В. Радлов 1837-1918 жылдары түрік тілі тәсілін үйретумен тірлік етеді. Бұл түрік

тектес халықтың мол болғанын айтса керек. Ал 1874 жылы Санкт-Петербургке 109 302 пұт күміс жөнелтіледі. Сондай-ақ, Колыв-Воскресенский зауыты 20-40 пұт алтын өндіріп, «Ең бақытты зауыт атанса», бұл Санкт-Петербургте әуелі Тау-кен училищесін, одан кейін Тау-кен кадет корпусын ашуға мүмкіндік береді. Күміс өндіру зауытында караванды басқаратын И.И. Ползуновтың іскерлігін бағалап, Ломоносов инженер-капитан шенін береді. Өнертапқыш, жаңашыл Ползунов кен қорыту машинасын жаңартып, оны «от машина» атандырады. Өлкетанушы ғалым Н.С. Гуляев: «Тірі Ползунов – Ресейдегі емес, Алтайдағы өлмейтін есім», – деп бағалайды.

1905 жылғы қаңтардағы халық санағында қалада 33 600 адам болса, оның ері –16 600, әйелі 17 000 болыпты. Осыншама халық үшін А.А. Ершов «Алтайская жизнь» газетін шығарады. Бұл кезде қалада адамдардың дені өндіріс орындарында жұмыс істеп, тұрмыс тірліктері биікке көтеріледі. Қай жерде табыс бар, байлық бар, сол жерге халық құлақтанып, ағыл-тегіл келіп жатады. 1911 жылы қала халқы 52 075-ке жетіп, оларға 5 кітапхана, 5 баспахана, 5 театр, 4 аурухана, 6 дәріхана, 4 банк, 9 өндіріс мамандарын дайындайтын училище қызмет етеді. Капиталистік заңдылық бойынша бөрі жекеменшік, қожалары – атақты көпестер, өндіріс алпауыттары. Олардың ұрпағы, туыс-туғандары кулак болмағанда қайтеді? Халқын киіндіріп, ішіндіретін де сол кулактар, алпауыттар. Қоғамның жай-жапсары 1919 жылы өзгеріп, басқаша дамуға әрекет басталады. Қалаға батыс губернияларынан қуғын-сүргінмен жазықтысы бар, жазықсыз қосақ арасында босқа жазықсыз кеткені бар 27 232 адам қоныстанады. Оларға дайын тұрған үй-жай жоқ, дайын тұрған азық-түлік жоқ. Жайғасқаны жайғасып, айқасқаны айқасып, өндіріс орындарына қара жұмысқа кіріседі. Әрі айтып, бері айтқанда Алтай өңірі өндіріс орындарының тарихымен мақтана алады. Ұлылықтардан ұлағатты тәртіп-тәрбие білімдарлық жұғысты болып, небір қиын кезде де төзімділігімен танылады. Өлемнің біраз ғалымдарының қолтаңбалары, еңбектері де осында жанып-сөніп, әртүрлі өмірді бастан өткергені байқалады. А.В. Безр швед

ғалымы, 37 жыл алтын өндірісінде қызмет еткен (СПб, 1908. с.12-13). Михаил Федорович Розен – швед генералы, инженер-геолог, Балтық, Белого, Баренцева, Каспий, Арал теңіздерін зерттеуші әлемге танымал ғалым. Бір өкінерлік жайы, Киров өлімінен кейін «Отанға сенімсіз адам» деп ОГПУ-НКВД 1924 жылы әкесімен екеуін тұтқындайды. 1942 жылы Алтай өлкесіне жер аударады. Осы өңірде «Веселый» руднигін ашып, алтын кенінің жаңа көзін табады. 1953 жылы ғалым ақталып, қуанышы қойнына сыймай бүкіл ақпарат құралдарына: «Алтай табиғаты ерекше, мұндай байлығы мол, табиғаты ғаламат өңір жер шарында сирек, мұнда ғылыммен шұғылдануға мол мүмкіндік бар», – деп жазады. Ұлы ғалым 1989 жылы дүниеден өткен.

\* \* \*

«Мұндай таза табиғат еш жерде жоқ», – дегенді естігенде Қымыр келді де:

– Алтайлық көршілеріміз саф алтындай өңірдің тұнба, жанға жайлы, жұпар ауасын ешкімге айтып дабыра қылмай, рынокта бүкіл өндіріс орыны жұмыс жасап, азық-түлігін, киім-кешегін өздері жеткілікті өндіріп жарқырап жарастықпен өмір сүруі де бөлекше әңгіме екен, – деп еді. Жолсапарласы жазушы Қайырлы жұмсақ күлкісін жарылап:

– Біздің Катонқарағайда болмаған екенсіз, ауасының өзі тойындырады, жасыңды ұзартады. Өз басым аштық заманында да аштан өлгендер көп болды дегенді естіген жоқпын. Табиғаттың құдіретті жасауы осы өңірде, Жаратқан Ием мырзалық жасап бере салған. Орманы, өзені, көлі – таусылмас қазына, ала білгенге, еңбек ете білгенге құнарлы азық, – деді.

Қымыр тірліктегі ішер асын жөнімен табуды тайғанақ кез, сұрапыл тұста, басында билігі болмағасын бармағын тістеп өл десе өліп, тіріл десе тіріліп, үстемдіктің дүлей күшіне шыдамай, жел айдаған қаңбақтай сүйектері айдалада шашылып қалды. Сталиннің темірдей тәртібімен кімді тентіретпеді, зар-нала ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, жүректерінде шемен шер боп жазылмастай орнап,



өзінің халқын қырып салған Сталинді ақтаймын деп желігетіндерге лағынет деп ауылдағы ақынжанды ағаның:

*Темір тәртіп қатты ғой,  
Көзімнен қан ақты ғой.  
Сұм-сұрқия еліріп,  
Не пәлені тапты ғой.  
Сталин берген бұйрық бар,  
Тергеусіз-ақ атты ғой,  
Талай асыл ойлылар,  
Жер жастанып жатты ғой.  
Аспаннан түскен жасынды,  
Тасқа соқтым басымды.  
Толарсақтан қан кешкен,  
Маңдайға жазды ғасырды, –*

деп топалаң тигендей өткен ғасырдың жаншошырлық оқиғаларына топырақ шашып, енді қайтып еске алмауға бекінді. Өйткені, Барнауылда зобалаң жылдардың кінәлі, кінәсіз жауапталған адамдардың ісін түрлі сүзгіден өткізіп том-том кітап етіп мұрағатқа орналастырып тыныштық тауыпты. Көрші заңгерлердің бұл қызметінен үлгі алып, Сталиндік замандағы Қызыл империяның қалың террорында жазықсыз жазаланғандардың ақ-қарасын анықтап, кітап етіп шығарса, әкесінің, анасының, туыс-туғанының өткен қоғамдағы тірлігінің себебін түсініп, торыққан көңіліне тоят табар еді... Талай ұлыларымыздың қара сандықта құпия қалған өмірдерегінен, түрлі еңбегінен ұлағат алуға жол ашылар еді...

### **«КІМ ӨЗІ? АТЫЛСЫН!»**

– Теріскейден соққан өкпек желіндей саясат дірдек қақтырып күшейіп барады? Заңдылық па? – деді қария. Шоқша сақалын тарамыстанған саусағымен сипады. Қарияның сөзіне жиналғандардан ешкім үн қатқан жоқ.

– Өкпек жел ештеңе емес, көз аштырмас қара дауыл ғой, – деп тағы бірі күңк етті. Белсенділер теріс қарап

ұнатпағандық танытты. Тетігі ауызындағы жыртық көйлекті, тері шалбар киген ақ сақалды қария жүресінен отырып жер шұқыды да:

– Қазақ халқын асырап отырған байларды құрттық. Ортаға жинаған малды «үкіметтің ет майданына керек» деп қан сасытып сойып салдық. Мал құрығасын тас кемірсін бе, аштан өлді қалың жұрт. «Кіші қазанмен» отырықшылыққа отырғызып, шаруасын жаңартып, жағдайларын бірқалыпты тегістеймін деген Голощекинге тегеурін болмай түбімізге жетті. Қазақтар Мырзажан деп әндетіп жүрген Мирзоян не дейді?.. Айтпақшы, өлгі Троцкий кулактар мен байларды тәркілеуге қарсы болды дегенді естіп едік. Алматыға да келіп кетіпгі ғой. Мейлі... Ендігі таянышымыз – үкімет. Тастай түйініп, саясатқа сүйініп, жағдайсыз қиқулаған белсендіге күйініп, іштен тынып еңбек етіп жатырмыз. Салық көп... Еңсені езіп барады. Айшығымыз ауды, төлей алмасақ дейді жау ғып. «Тұяқ салығы, түтін салығы, ауыз-мұрын салығы» деп қырып барады. Кезек дүние... Жұмыс істеген жүдеулер де түбінде теңелер... Жыртық тақия киген, сойдақ тіс, бөкене бойлы қаба сақалды әндетеді: «Апыр-ай, мына аптаптың қатаңын-ай, түрмеде шырып жатамын-ай. Туған жер сағынғанда есім шығып, көз жастың теңізіне батамын-ай. Жаусың деп жалалайтын ағайын жүр. Отарлық езгіден запыс болған жұрт зар-мұңын айта алмайды. Сатқындық, дым білместің шатағын-ай», – деп есі ауған адамдай сақсақ күледі. Шамасы, түрмеде отырып келгенге ұқсайды. Ақылы ауысқан деп ақтаған болар.

Жә, күтпеген сөздерге белсенділердің бірі де жауап берген жоқ. Таршылықты біліп тұр, көріп тұр, көзі жетіп тұр. Есқараев аштық жылдарында бес жүз мыңдай әкешесі өліп, жетім қалған балаларды панасыздар үйіне орналастыруға, олардың бағым-күтімін қадағалауды жол сапармен қайда барса да есінен шығарған жоқ. «Жерде жетім налыса, көкте періште қайғырады» деген бабалар сөзін жүрегінде түйген. Жұрт көзі көреген деп білген. Халықтың ауыр тұрмысын көріп жүйкесі құрып жүргенді.

Қазақстанның заң жөніндегі тұңғыш халық комиссары және прокуроры болғасын барған жерінде заңдылықты қатаң талап етеді. Билік басындағы белсенділердің қатесін көрсе кешіре қоймайды. Неше түрлі кесір бар, жөнсіз бірін-бірі қаралау бар. Анық-қанығына жетіп, тәртіпке шақырады. Ал қателіктің себебі белсендіге байланысты болмаса, үкімет алдына мәселе қойып шұғыл көмектесудің амалын айтады. Кеңес үкіметінің болашағы үшін күн-түн қатып еңбек етеді. Сосын да халық алдында беделі өсті. Жастардың дарынды жетекшісі Ғани Мұратбаевпен пана-сыз балалардың жағдайын көргенде, олардың күлкісіне ештеңе теңгермей:

– Болашақтың нағыз мықтылары осылар болады әлі! – дейді екен.

– Дегенмен, жетімкөкірек бақытты болса... Жеген нанның ауырлығын сезініп өссе, әдепті ұрпақ ер жеткенде әділдік жолдан таймас, – деп Ғани толғанбады деймісің. Ондайда Сүлеймен ой қозғап:

– Жоқшылық, жетімсіздік кезеңі де өтер. Бірақ шындықты тарих кешең айтар-ау... Анасын ойлайтын балалар... «Совет әйелдерінің намысына тиіп, адамшылығын қорлағандарды қатаң жауапқа тарту қажет», – деген ЦҚП бесінші съезінде сөз бар. Ал анасының аштан өлуіне себепкерді аяп қаламыз ба? Талай жағдай құпия, оны дер кезінде ашып айтуға болмайды. Жоғарыдан түсіп жататын тапсырманың өзі бас көтертпейді, – деді ме екен. Қоғамның жегі құртындай әлсіз адамдарға килігіп қастандық ойлаушыға, жемқор, алаяқ, ұры, тонаушыға қаталдық мінезі де болған. Адамды адам аштықта сойып жеді, қызын бір табақ етке сатты. Оны білмейді деймісің. Қоғамдық қылмысқа кешірім жоқ. Жұрт оны қатал дейді, оны өзі де сезеді. Біреуді біреудің заңсыз басынуына, әлсізді зәбірлеуге жол бермеу – кісілік борышы.

Ал өзім деген адамына өзегін үзетіндей жаны жылы, қабағы ашық, жүрегі жұмсақ екенін көбісі байқап біле бермесе керек. Кісілігі молдығын классик жазушы Сәбит Мұқанов «Өмір мектебі» кітабында: «Есқараев мені өз пәтеріне жатқызды, бірақ маған алданаруақыты жоқ, үнемі күзет шабуылда жүреді», – деп жазғаны оның ой-санасы

жоғары, жүрегі кең екенін, Кеңес үкіметіне беріле жұмыс жасап, болашағына сенімді болғанын дәлелдесе керек. Тарымшылық кезде тарыққанға қара шаңырағы пана болды, бір үзім нанды бөліп жеді. Оның қызмет істеген кезеңі тартысқа толы, керісу, дауласу, сенім мен күмән арпалысы, тырнақ астынан кір іздеудің сүреңдігі. Таласа қалса бірін-бірі түтіп жердей ашыну бар, талап ету, үміт етудің жолы – қым-қиғаш, дүдәмал тірлік. Әркім әр түрлі демені меңзеп орынсыз даурығу, біреудің адасуы, екіншісінің жалалап қаралап, есесі кеткеннен кек қайтарғандай болып қалатын қатаң кезі. Қоңыр төбел тірліктің өзі жайсыз күйде. Бір сапарда Жамбыл қаласындағы жетім балалар үйіне бөлінген азықты, қаржыны қымқырып базарға сатып жас ұрпақты аштыққа ұрындырған оқиғасы бар-тын. Тексерілді, өзі басы-қасында жүріп бақылады. Кінәлі жазаланды. Бұл біреуге ұнаса, кейбірі ішін басып, қатал кетті-ау деп қалмай ма? Қоғамда азық-түлік тақыл-тұқыл боп тұрғанда ұрлық қылмысы, жетімдердің қақын жеуі, обал-сауапты білмеудің одан өткен масқаралығы болар ма? Оны кім ақтап алады? Кінәлі өз отына өзі күйеді. Қазақстанда 480 022 жетім балаларды ұлтымыздың басшылық орнындағылар қорғай білді. Қаншасын үйлеріне алып, бағып-қақты. Есқараев замандастарының осындай қайырымдылығы болмаса ұлт болашағы тығырыққа тірелер еді. Бірде Сібір өлкелік Прокурорынан телефон шалып: «Ата-анасы өлген, бағусыз жетім қалып, далада қаңғып жүрген қазақ балалары өлкемізде көбейіп кетті. Өлке басшысы Әйхоның тапсырмасымен оларға бюджеттен қосымша ақша қаралып, екі қазақша жетім балалар үйін аштық. Төрт-бес мыңдай қазақ балаларын үкімет үйлеріне орналастырдық. Ең ауыры, темір жол вокзалдарында 20 мыңдай қайыр сұрап босып жүргендер түрлі жұқпалы ауру таратуда. Ашыққан халықты бақылауға алуды білмей отырсыңдар ма?» – дегенін бір жиында Голощекинге айтқанынан не шықты?

– Қазақтар «Кіші Қазанды» түсінбей көшіп-қонып жүретін ескі дағдысымен босуды, революцияны мойындағысы келмейтінін Сталинге түсіндіргенмін. Партияның жаулары ұққысы келмей отырғанын да айтқанмын, – деп

бетбақтырмады емес пе? Аштық қырғынына талайлар үн тастап, жария етсе де Голощекиннің ішкі қаскөйлік ойы, арам пиғылы, зәлімдігі қазақ жерін қазақтардан тазартуды көздегенге ұқсайды. Өйткені, 1920 жылдан бастап қазақ даласын мекендегендердің кім екенін, олардың өмірдерегі қақында «қара тақта», «қызыл тақта» аталып тазалауы тоқтаусыз жүргізілген еді. Ал байларды төркілеуден түскен талай алтын-күміс, ұлттық қымбат мұраларды Голощекин Ресейге, туыс-туғандарына жіберіп жатпайды деймісің. Оған себеп төркілеуде алынған мүліктердің актілерін ешбір мұрағат-мұражайдан таппайсың. Жер жұтып кеткен жоқ, Ресей асты.

ОГПУ дейсің бе, НКВД дейсің бе, жалпы үштіктің құпия есептері, түрлі дерек, дәйек, хабарламалары облыстар, аудандар бойынша жинақталып, Мәскеуге, ЦК және ЦИК-ке хабарланып халыққа танымал басшылардың атқарған ісі, қателіктері болса айрықша көрсетіліп бақылауға алынғанын Есқараев біледі. Өзіне де қауіп барлығын сезеді. Тірлік тарылса алдау-арбау күшейіп, еріксіз елірме қауіп-қатерді төндіруде. Әйелін, балаларын аман сақтау мақсатында құпия есіктен шығып қашып шығуын ойластырып қойған. Өйткені, жаламен жазаланғандарға да талай рет араша түскендігі баршылық. Мысалы, қоғам қайраткерлерін әбден сүзгіден өткізіп басшылық жұмысқа бекітеді, көп ұзамай «жаусың» деп атып тастайды. Түсініксіз. Шындық түйіні шешілмейді. Бәрі асығыс, адамды жазалау үстірт қаралады. Байқа дер еді, ондай ақылды кім тыңдайды? Тап беріп ұстайды, үкімі дайын. Мәскеудің әскери сотының бұйрығына дауа таппайды. Жөнді-жөнсіз деп айтуға да құқылы емес. Үкім Мәскеуден дайындалып келіп оқылады, жазасы кесіледі. Өйткені, Берия кімді қалай жазалаудың тізімін жасайды, Сталин кейде оны қарайды. Рұқсатын береді. Лимит Одақ бойынша әр республикаға жіберіледі, олар облыс-аудандарға аса құпия деген белгімен табыс етіледі. Мысалы, Барнауылда 30 прокурордың бірден жазалануының себебі бар. Кейбір милиция жазықсыз, тіпті көшеде жүрген адамдарды ұстайды. Шап беріп тергеуге әкеледі. Немесе үш-төрт адам ас ішіп сөйлесіп отырса жанына жетіп барып:

«Үкімет саясатын жамандап отырсыңдар», – деп жала жабады екен. Түрмеге салады, ұрып-соғып мойындатады екен. Бұл дұрыс емес деп прокурорлар қарсылық білдірсе, үштік өре түрегеліп Мәскеуге хабарламай ма? Қазақстанда да үштіктің тәсілі көрші Барнауылға ұқсас. Одақ бойынша солай. Кейде үштік емес, екілік құжат толтырып қылмысты делінгенді жазалай бастайды. Заңсыздық белең алса, прокурорлар жөнсіздікті айтпай тұра ма? Осыдан Кеңес Одағындағы барлық прокурорларды тазарту қаулысы қабылданып, жазалай бастаудың науқаны жүріп кетеді. Оны Есқараев Мәскеу хабарламасынан алдын-ала оқып, танысқан-ды. Міне, сол сықылды қаулыларға байланысты ма, әлде басқадай сұрқиялықпен бе, алғыр ойлы, талантты заңгер, ірі қоғам қайраткерлерінің бірі Сүлеймен Есқараев 1937 жылы тамыз айында кешкі мезгілде қара машина мінген қарулы топпен тұтқындалады. Үш баласы мен әйелі қашып кетеді. Мараты әкесінің мойынын қысып жібермейді, баланың қолын жаналғыштар да жаза алмайды. «Әке менікі, әкеммен бірге өлемін!» – деген Мараттың егіле жылаған көз жасын аяп, ескеру сезімі Берияның дайындығынан өткен баскесерлерде болмайды. Қандай қорқынышты. Өмірін заңдылыққа бағыш еткендегі көрген рахаты осы ма? Тергеуші едірейіп: «Жау екенсің!» – дейді.

– Мен кінәсізбін.

– Қоғамға қауіптісің.

– Марксизм-ленинизм ілімін меңгеріп, заңдылықты қоғамда атқарғаным үшін бе? Заң ғылымына бағалы пікір, ұсыныс айтқаным теріс болғаны ма?

– Троцкий сөзін насихат еткен ауыл адамына қатаң жаза қолданбағансың. Демек, оның саяси көзқарасын жақтап, төңкеріс жасауға жоспар құрып, Ораз Жандосов, Сәкен Сейфуллин және басқаларымен байланыста болғансыз. Оларды қорғадың, қылмыстарын жасырып бүгіп қалғың келді, әрекетің қоғамға қауіпті, – демеді деймісің.

– Былшылды айтпаңдар. Менің мақсатым, өмірлік қасиетім – принципіалдық, партиялық, лениндік идея. Ленин өзін атқан адамды емес, оны ұйымдастырғандарды табыңдар, жазықсыз ешкім жазаланбасын деген жоқ па? Заңдылықты сақтауға Ленинше күрескер болуым

жақпай ма? – деп қанша айтса да ерекше үштік ескере қоймас. Бағыныштыны кім тыңдайды? Сүлеймен басы аман қалмайтынын түсініп, төрт баласының тағдырын ойлап жүрегі қан жылады. Түрменің күзетшісі Маратты шығарып жібере ала ма? Түн атасына шошып, ұйқы көрмеген баланы қазақша ем-доммен елге барса сауықтырып алар ма екен? Сүлеймен түрмеде қарап жатпай Сталинге де хат жазар еді, оны кім табыстар дейсің. Үлкен қызы Әлия он жаста, Мариям төтесі екеуі жалынып жүріп НКВД-ның рұқсатымен сәл уақытқа кездескен де еді. Қан иісі шыққан, ауасы тыныс тарылтатын күңгірт бөлмеде өң-түс жоқ, алау-далау, беті көк ала, көзінің алды ісік, жақ сүйегі шодырайып, өлімші күйдегі Сүлеймен: «Мариям, балалар өзіңе аманат. Тірлік оңайға соқпас. Өсек-аяң, жаланың қасіретін тарттым. Білімсіздік... Бір езу... Тапсырыс. Сірә, аяғы жақын шығар. Қызым, өмірде адалдыққа да жаза болады екен. Жанымдағылардың жаласы күйдіріп барады. Әкең өлгенімше ақ жолдан таймас деп еді. Жазығым адал қызмет ету еді, заңдылықты қорғауды талап етегінмін. Небір сорақылықты көзім көрді. «Жапон шпионын ұстау керек» деген Мәскеудің тапсырмасына бола, вокзалда қайыр сұрап жүрген өлермен шалды ұстап әкеліп төпелеп, зөбірлеп жатса жөнсіздікті тоқтат демей тұра алмадым ғой. Тіпті баламмен бірге атпақ болды ма? Қайран Маратым-ай!» – деп жүрегі егілсе де сыбырмен сөйлейді. Жан-жағында жендеттер бағып тұр. Қоғамның түрін-ай, сотын, прокурорын осылай қорласа... Осындайға ұқсас талай қылмыстар, жазасызды жазалы етуге жыртқыштық күш көрсетуге қарсылық білдірмеді деймісің. Тергеу, тексеруде туралық болмаса, миға қонбайтын заңсыздықты талайға ұғындырса да ұғынушы аз еді, оны да мына әйелі мен қызына айта алмайды. Кездесу кезінде ешкімге де қағаз-қалам берілмейді, жақын отырғызылмайды. Әр сөздері есепте, бақылауда. Уақыт та санаулы. Тірі өлім. Тәртіп темірдей. Сүлейменнің айтары көп еді, бәрі ішінде кеткен. Халықтың мұңын шындық айдынына шығарып шерін тарқата алмады. Көп білетіндерді жоғарыдағы қылмыскерлер куә етіп қалдыра алмайтынын өзінің басына түскен зұлымдықтан іші сезеді.

Еңсесі түсіп өкінеді. Амалы жоқ. Билік Мәскеуде... Әділдікті аңсады, Мәскеу әділ болмаса, басқасы далбаса. Десе де Лениннің айтқанын Троцкий, Вышинский, Сталин тыңдады ма? Ұзақ жыл түрмеде отырған соқыр Каплана Ленинді атты деп жариялады, бірден атты, сүйегі жойылды. Дәлел, дерек қалмады. Оны Есқараев нақты білмесе де: «Лениннің қастандық жасауға жұмсағандарды табыңдар! Мені атқан адамды емес, қаруды кім берді, кім жұмсады, терроршы топты анықтаңдар? Соны тауып барып қылмысты істі қозғаңдар!» – дегенін Есқараев есінен шығармайтын еді. Көсем өтінішін тыңдамағанға күмөні жоқ деймісің. Мемлекеттік террор басталды... Қоғамды тазалауды Сталин қолға алысымен үрей баса-көктеп қалың елге еніп кеткен-ді. Бас прокурордың түрмеге түсерін алдын-ала хабардар еттік, енді түрлі оқиғаларға маңыз беріп шегініс жасалық.

\* \* \*

Қандайда пәле-жаланың мән-маңызын анықтап, ең алдымен оқиғаның себептерін көріп-білмей тұрып жазалай беруге қарсы-тын. Адам – қоғамның теңдесі жоқ байлығы екенінен айырылып қаламыз. Өртке салатын өсек бар, біреуге пәле жабыстырса кегі қайтып, рахаттанатындай «жатып атар» бар. Ондайға нанып қылмысты іс қозғау масқаралық, сорақылық деп талай айтты. Ал Ақтөбе облысы Қобда ауданының дүкеншісі жасанды ақша жасаумен айналысқан. Қылмыс үстінде ұсталып, прокурорлық рұқсат беріп, өзі бірге қатысып үйіне тінту жүргізгенде жасанды ақша жасайтын құралы табылды. Бұлтартпайтын мемлекеттік маңызы бар қылмыс ашылып айыпты жазасын алды. Тәжірибелі заңгер: «Бәрін осылай тексеріп пайымдап, аңғарымпаздықпен іс атқару керек», – деп әріптесіне ақыл айтқан да шығар. Кейбіріне Сүлеймен:

– Жапон шпионы дейсің, Қазақстанда бір жапон адамы жоқ, ұсталған қазағың жапонша түгілі орысша екі сөздің басын қоса алмайды. Картадан Жапонияның қайда екенін де білмейді, ауылда жүріп, облыс орталығын да көрмепті. Қылмысты істі бұлайша жүргізу келер ұрпақ алдында



күлкіге, мазаққа қалу деп ойламайсыздар ма? – демеді деймісің. Ондайда үштік қарап қалмай:

– Шпион дегенің бейшара тәрізденіп, пұшайман күйге түсіп, Кеңес үкіметіне зұлымдығын білдірмей аяғын мысықша басып жүрмей ме? Ретсіз ешкімді де тұтқындамаймыз, – деп ақталып қалар еді.

Өзіне қатал талап қоя білетін Есқараев өзгелерге де қатаң талап қойды. Заңдылықты бұлжытпай сақтауды талап етіп жүруі, әріптестеріне де, Мәскеуге де ұнамады. Оны өзі де сезді. Іштей ойқанып зиялы, алғыр ойлы, қоғам жұмысын алға сүйрейтін оқымыстылардың жаппай жазалануына қарсы пікірде болмады деймісің. Мұндай сүргіннің аяғы немен тынар екен, жақсылық бола қоймас деп ойын түйіп жүретін еді. «Бекерден-бекер пәле жапқаннан Тәңірім безер», – деуші еді. «Қап, бөлем сазайыңды тарттырамын» деп кіжініп жүрген, әншейінде дос, жолдаспыз деп ақылдасатын әріптесі Мәскеуге түрлі-түрлі пәлені қарша боратып, қанды шеңгелге ұстатып бергенін Есқараев түрменің тар қуысында аңғарды. Бірақ амалы қанша?

Сонымен 1938 жылдың наурыз айында газетте Қазақстанның таңдаулы, ойлы, елім дейтін 19 қоғам қайраткерінің аты-жөні жазылып, оған қоса, жексұрын, сұмырайлар, нағыз жауыздар деп қаралағандарының бірі С. Есқараев еді. Артында ботадай боздап төрт баласы Әлия, Марат, Мариэтта, Ерігі қалды. Үй мүлкі тәркіленіп, балаларды жетімдер үйіне тапсырып, әйелі Марияны «халық жауының әйелі» деп 8 жыл үкіммен Ақмоладағы әйелдер лагеріне жіберді. Осылай түйіндеуге де болар еді. Жоқ, шегініс жасап қоғамдық зауалды барынша түсіндіре кетелік. Алшаң басатын қаскөй жоқ деп қалмаңыз? «Күндестің оты да күндес» деген сөз қалған. Бақ талас, тақ талас бар. Саясатты жамылып аласұру бар... Үрей басым, тірі қалу қайғы. Әркімнің адамынан айырылған мұңы жетерлік. Бүгін бар адам, ертең жоқ. Тастай батып, сендей ағып жатыр. Жау деген үкімді тағып жатыр. Жанымызда жүрген сұрқиялар өз пайдасын тауып жатыр. Сүлеймен жүрегі жырлайды:

*Мені жоқтап заңгерлер жыламайды.  
Қабірімді: «Қайда?» – деп сұрамайды.  
Бір шұңқырда шашылған сүйегімді,  
Қайтадан Адам етіп құрамайды.  
Ұрпағым іздеу салар өлгенінше,  
Ісімді айтып жүрер білгенінше.  
Көсем де құлап түсер қазған орға,  
Зұлымдық жағы талмас үргенінше.  
Адалдық айнымайтын амалымнан,  
Ажал келді өсекшіл жаманынан.  
Кезеңнің құрған торы заңсыз болса,  
Құтылу бола қоймас зауалынан.  
Бұзу жоқ ұштік құрған қамалды да,  
Саясаттың мың түрлі амалы бар.  
Қолына жазатайым түсе қалсаң,  
Қан құйлы ататұғын адамы бар, –*

деп ақырғы демін алғандай күрсінді. Ақыретін де бұйыртпаған зұлымдықты айыптады. Байлық талас, бақ таластың қасіретін әлі талайлар көрер деп күбірледі.

\* \* \*

Демек, пайдаға деміккендер:

– Осындағы тәуір үйлердің бірі генпрокурордың үйіне мен кіремін. Үй-мүліктерін иеленемін! – деп жанталасқан санасыз да бар-тын. Оған дәлел жетерлік. Қоғам қайраткерін құрттық, ендігі билік өзімде деуші де табылғаны анық-тын. Өзі жұтынып жүргендерді де байқайтын. Дәреже, даңқ – у. Оның дөмін татқан мансапқор жойқын күшке айналып маңындағыны жойып тынады. Ешқашан да ісім жолсыз демейді. Бұл – мемлекеттік қылмыстың жасырын түрі, ең қауіптісі.

«Көңіл тарлығы – қорлық, одан күтіп жүргейсің зорлық», – деп Есқараевты аттырғаны, қорлағаны аз-дай заңгерлер бірін-бірі ұстауы үшін немесе басқа да қылмыстық іс қозғау мақсатында небір қылмысты саясаттандыру үшін Республиканың барлық жерінде НКВД-ның іс қағаздарында түрлі шаруашылықтар мен

кәсіпорындарда арнайы жиналыс өткізіліп оған қатысушылардың қолын қойдырып: «Халық жауы, мемлекетке қауіп төндіруші есқараевшыларға аяушылық болмасын! Біз Сталинмен біргеміз!» – деген жиын қаулылары мұрағат, мұражай құжаттарында жетерлік. Күлкің келеді. Өкінесің, күйіктің күлкісі. Өйткені, бір қолын балға батырып, бір қолын қанға батырудың жалмауыз қимылы.

Ақтөбе мұрағатының тәжірибелі қызметкері Қалила: «Қуғын-сүргіннің сұрапылдығы соншалық, әйелдерді жауапқа тартса серебряковашыл деген пәлелу қаулылары бар. Сонда ол әйел балаларын өсіріп отырған немесе шаруа, сауатсыз, кімді танып-біліпті? Соған қарамай ойсыздықпен: «Отанына опасыз», – деп қаулы қабылдайды. «Сейфуллиншіл, есқараевшыл, троцкийшілдер, көсеміміз Сталинге қастандық ойлаушылар, Кеңес үкіметін құлатуды көздегендер, оларға қатаң жаза қолданылсын» деген сөздер жазып, саяси мән берген болады, – деді сөзін жалғап, – Троцкийшіл-зиновьевшіл, белсенді қайраткерлер саяси кәззаптар, саяси екіжүзділер болып шықты», – деген емес пе БК(б)П тарихында сұрапыл жылдардың кейбір мәліметтерінде. Ал бір-екі жылдық үкіммен айыпты болғандардың іс құжаттары сақтала бермеген де болар. Егер ондай аз мерзімді жазаланғандарды есептесе тым көбейіп кетуі де мүмкін.

Көптеген қылмыстық іс құжаттары Есқараевтың қолынан өтті. Жазалы делінгендердің бірде-бірі кінәні Сталинге жаппайды. «Бұл сұрапылды Сталин білмейді, білсе өз халқын қырып-жойып қорлатпас еді, Сталин жасасын!» деушілер мыңдап, миллиондап саналған шығар», – деп Есқараев талай толғанды. Кейде өзімсініп шындығын айтушылар: «Көсемнің жанындағы сұрқиялардың көксегені халықты зар қақтырып, бар байлығын тартып алып өз мүддесіне пайдаланудың иттігі тәрізді. Қастандық, зұлымдық жасап саясатқа қара күйе жағудың жасырын қимылы. Кейбіреу біреуге кектенсе немесе қыжағы болса жаламен қылмыскер атандырып, пәлелеп бағындырып табындыруға мәздіктің иттік тірлігі. Райком хатшысының столының үстінде тұрған көсем бейнесін асығып отырып, газет-қағаздарды аударыстырып отырып жерге

түсіріп алады. Соны көріп тұрған екінші хатшы, бөлім бастығы үштікке арызданып: «Көсем бейнесін лақтырып қорлады», – депті. Содан бірінші хатшы сотталды да кетті. «Бұл не қыжақ? Орынтаққа таласу емес пе?» – деушіні де естіп, мұңын шаққанына да байқап жауап беретін еді. Есқараевтың ел арасында түрлі қылмыстарды тексерістерде көріп-білетіні – арыз, арыздарды оқығанда байқайтыны – жұртта күдік басым. Әбігер, үрей бар. Қанды өктемдік байқалады. Мазасыздықтың басқа төнген қатерінің негізгі сырын білуі де баршылық еді... Қариялар қойдың жасындай жасым қалды деп толғанады. Қысқа айтса да нұсқалы сөз айтады. Тұрмысы күйсіз болса да ойлары өткірлер де бар. Оралды аралап жүргенде бір қария:

*Қонақ үйге алдымен ас келеді,  
Сыйлысына арналған бас келеді.  
Қорадағы малымды тартып алған,  
Мәскеуден кім жіберді таскенені, –*

дей келіп, – інім, үкіметтің жоғын жоқтаушы, қоғам мүлкін көздің қарашығындай сақтаушы екенсің. Халықтың мал-мүлкін кім қорғайды? «Алаш» партиясының мүшелері малдан айырылса халық өледі деп еді, жаусың деп түрмеге әкетті, – дегенде Есқараев жұрттың малынан айырылып іргеге тақалғанын көзімен көріп білсе де, сөзден тосылып қалып та жүрді. Қария Голощекинді меңзеп отыр. Оның жеке билігіне Сүлейменнің сөзі өтпейді...

Жазықсыз жазаланғандар бар, оларды Есқараев жақсы біледі. Амалсыз. Мұңын шаққанына да байқап жауап беретін еді...

\* \* \*

Әрі айтып, бері айтқанда қуғын-сүргінді ойлап тапқандарда, қаныпезерлікпен ататынын атып, түрмеге қамайтынын қамап жатқандар да Сталинге халықты қарсы қойғысы келген зәлімдер деп жұрт түсінгені анық. Оны Есқараев ұққан. Бірақ, үнсіз. Ішкі сырды ашып айтпайды. Ауыздан шыққан сөзді бағушы көп, аңдушы

жетерлік. Өзінше өлшеп-пішіп кейде жанын азаптайды. Әділдіктің, жақсылықтың әлсіздігі ме? Солай сезінеді. Орынтағына, тұрмыс-тірлігіне қолым жетсе дейтіндер де табылады. Алайда қылмысты деп ұсталған Одаққа белгілі ірі қоғам қайраткерлерінің қызметін, атақ-даңқын әлденеше ой елегінен өткізіп, «іскер, адал басшы» деп ұйғарым алысымен «халық жауы» дей салу қандай қисынға келеді? Есқараев қалай ойласа да, шындығы – жұмбақ. Сол жұмбақты тарих кешең айтқанын көріңіз. «Репрессияға ұшыраған адамдардың 398 тізіміне ең қатал жаза қолдануға рұқсат етіп, Сталиннің жеке өзі қол қойған екен. Ал бұл тізімдердің әрқайсысында жүздеген фамилия болған», – деп ғалым Х. Маданов жазады («*Лениншіл жас*», 23 қараша, 1988 жыл). Қара сандықтағы мұндай құпия деректі кезінде ешкім білмейді, оны Есқараев түгілі Сталиннің жанындағылар түсінді деймісің. «Қылмыстық іс хатталды, шұғыл шара алынды. Бұл қалай?» – деуге ешкімнің қақы жоқ. Мемлекеттік машина билігіне қарсы тұру қайда? Ләм деспей ығына жығылып тынады. Ойлы пікір айтылмайды.

Есқараевтың білетіні, кейбір қылмыстық іс құжаттарының қолынан өтетін деректері көрсеткендей, зобалаң жылдарда Қазақ еліндегі екі жүзден астам аудан болса, кейбір ауданның басшылары түгел қылмыскер атанып, басшылық таратылып кетсе, басты кінә жоспардың орындалмауы делінсе, Республикада наркомдық орынтаққа отырғандар Мәскеудің талай кадрды іріктеу сүзгісінен өтіп, республикада бекіп социализм орнатуға ерекше еңбек етіп жатқан қайраткерлер деп бағаланған. Кенет олардың қылмыскер атанғанына қайран қалмай-ақ қойыңыз. Өмірдеректі бағдарлауда өркімнің жасы, денсаулығы, мамандығы есепке алынып, қылмыс көтерілген кезде ататынын атып, қалғанын Одақтың өндіріс орындарында тегін жұмысқа қосады. Олар күндіз-түні жұмыс істеп, талай зауыт-фабрикаларды тік тұрғызады. Сондықтан Қазақстанда да ауылдан бастап республика басшылығында ақыл-ой айтатын, жөн сөйлеп қызметті адал атқаратын, коммунистік саясатты мойындаған, жұртты жаңа істерге жұмылдыра білетін бірде-бір азаматтарды қалдырмай түрлі жаламен

түрмеге жинап жатқанына деректер Есқараевтың қолынан өткен. Төлкекке түскен тағдырларды ойлау оңай болған жоқ. Кейде заңсыздық дей алмай, тілі байланғандай үнсіз қалады. Сондай сәттерде Сәбит Дөнентаевтың: «Бұл заман байқағанға күштінікі, азулы, тырнақты мен тістінікі», – дегені көкірегінде сайрап кетеді. Азу өткір талғаммай жұтады, тырнақ улы жер қаптырады, тіс қылыштай қиып түседі. Қайсарлығы, алғыр ойлылығы кектендіреді. Бірақ дүлей күшке қарсы тұрар дәрмен жоқ. Мәскеуден тәртіп боп жеткен, әскери сот шұғыл орындап кеткенін білсе де ұқпайтыны бар-тын. Халыққа кім жау? Сұраққа жауап таба алмайды. Бәлкім қоғамның қылмысын жасыру ма? Түсініксіз. Парасаттының өкініші көп қашанда. Заман осы, шаш ал десе бас алған. Бас сауғалап жүнжіп жүрген бар адам...

\* \* \*

Голощекиннің «Кіші Қазан» даурықпасының қырсығынан аштан қырылған қазақтардың санын кейбір ғалымдар 1 млн 750 мың десе, екіншілері 2 млн 200 мың деп айтып жүр. Бәлкім 4 миллион болар, сол заманмен салыстырсақ адам санағында нақты дерек жоқ. Қазақ балаларының санын, малының санын дәл айтпайды. Бұл – бір. Екіншіден, санақшылардың жаяу-жалпы жүріп, үй-үйді, ауыл-елді аралайтын көлігі жоқ. Жол қатынасы қиын, барар жеріне бара алмаған санақшы жобамен қағазға сүйкей салады. Сондықтан 1922 жылы басталған 1932 жылы жалғасқан аштық қырғынында кемінде 4-4,5 млн қазақ өлгені шындыққа келер еді. Бұған бірден-бір кінәлі Голощекин екені анық. 1923 жылдың тамыз айынан Қазақстанды басқаруды қолға алғанда Қазақ АССР-інің V съезінің мәліметтерінде дөңді дақылдар 92 миллион пұт, мал басы 1922 жылмен салыстырғанда екі есе өсеге өсіп, тауар айналымы 4 есеге артқаны айтылса, халық неге аштан қырылады? Демек, бар жиған-тергенді үкіметке өткізіп жіберген. Түркістаннан Орынборға азық іздеп босқандардың жолшыбай қырылуы, Ақмола, Көкшетау, Қарағанды, жал-

пы солтүстік аймақтан Сібір өлкесіне босқандар жол-жөнекей аштан өліп қалуына деректер жетерлік. Бұл не? Себеп неде? Қазақстанды қазақтардан тазартудың құпия тетігі, айла-амалы ма? Барлық қылмысын Голощекин Кіші Қазан қозғалысына сыйғызып өзін даралап көрсетіп, ақталғысы келді. Оған Сталиннен қолдау тапты. Екі сөзінің бірінде: «Көсеммен сөйлескен едім, менің саясатымды қолдады», – деумен алдына ешкімді шығармауға тырысты. Оған дәлел қазақтың ірі ғалымдарының бірі Манаш Қозыбаевтың «Голощекиннің саяси портреті» (*Нәубет. – Алматы: Жалын, 1990., 74-б.*) шығармасында: «Ауылда Қазан болған жоқ, тап тартысы байқалмайды, кедейлер комитеті де, кулактардың мал-мүлкін ортаға салу да болған емес, тіпті ауылда коммунистер атымен жоқ», – деп жар салды. Беті шімірікпей өтірікті соқты, дауырықты. Сөзін Мәскеуге тыңдатты, қолдау тапты. «Өтірік айтқан өрге құлаш сермейді» деп, республикадағы 31 910 коммунист барлығын есінен шығарды. Әдейі сөйтті. Негізгі мақсаты қырғын жолындағы айланы байқат пай, қылмысты жасырып негіздеу еді. Сталинге жазған хаты бәрінен де сорақы-тын. «Қазақтар босып жүрегін халық екен. Табиғаты – тағылық. Таза киім кияді, үй салып, оған терезе қондыруды, от жағатын мұржа орнатуды да білмейді. Топ-топ болып, табақ-табақ етті қолымен жейді, қасық ұстамайды. Аяқ-табақтары кір, лас, оны жумайды. Бұл ауылда жүргізілетін үлкен саясат болып табылады, қиындығы көп екен (*VI Всеказахстанская конференция ВКП(б), стенографический отчет Кзыл-Орда, 15-23 ноябрь, 1927 г. стр. 94*).

Мұны естігенде Есқараевтың және басқа да ұлттың басшы азаматтарының жаны қаншалық күйзелмеді дейсің. «Аузыңды жап, өтірік айтпа!» – деушіге Сталинмен пікірлескенмін деп қайта-қайта жекіре айтуы жұрттың үрейін алуы еді. Оның тарихи деректер түбінде шындығын айтатынын қаперіне алмағаны қылмыскердің қылмысына айызы қанатыны ма екен? Сақталған құжаттар кімнің кім екенін айтады. Міне, Манаш Қозыбаев Сталиннің Голощекинге берген жауабын сөзбе-сөз келтіреді: «Товарищ Голощекин, я думаю, что политика, намеченая в на-

стоящей записке, являеся в основном единственно верной. И.Сталин».

Міне, осыдан артық Голощекин мен Сталиннің тікелей ұйғарымымен Қазақстандағы аштық қырғыны талайлардың шаңырағын ортасына түсіргеніне дәлел керек емес. Көптеген тұқым жойылып кетті. Әуелі қазақтың малын тартып алды, сосын жанын шығару қиын еместігін білді. 1929 жылғы төркілеуде 40 миллион бас малдың 1933 жылы 4 миллионы ғана қалса, малмен тірлік еткен қазақтар қырылмай қайтеді? «Ет тапсыру майданы» деп жариялап малды жинап алып, сойып пойызбен Мәскеуге уақытын-да жөнелте алмай, шіріп-бүлінген ет тау-тау боп үйіліп, Жезқазған өңірінде мұнай өнімін құйып өртегенде бір жыл бойы жанып жатыпты. Бұл жалғыз Жезқазған өңірінде емес, талай темір жол станциялары маңында шіріген етті өртеу болды деседі. Мәскеу және басқа қалалар ет таситын вагондарды уақтылы бере алмауының қылмысын темір жол басшыларынан көріп, талай жазықсыздар сотталып, кейбірі атылып кеткендігін Есқараев жақсы білетін еді. Білсе де Мәскеудің әскери көшпелі сотына ештеңе айта алмайды.

Табындыру мен бағындырудың қылмысы қалыңдығын Есқараев зерттеді, ой елегінен өткізді. Голощекин астық тапсыру майданында жоспарды орындады, ет тапсыруды орындады, белсенділер маймаң қығып оның сөзін екі етпеді, күш көрсетті, қару кезенді. «Қайдан тапсаң, одан тап. Қаптың түбін қақ», «Социализмде сотқа тартылмаған адам болмайды» деген ұран қандай жан шошырлық еді?! Бұл қырылуды, дүлей күштің заңсыздығы қалың қайғы екенін жиындарда елбасшылары ашып айтып дабыл қақты. Бірде Есқараев Жамбыл қаласын аралады. Көшелерде аштан қырылып жатқан халықты көзімен көрді. Өлілерді жинап жүрген комсомол жастармен сөйлескенде күн сайынғы осындай қайғыны баян етті. Жаны күйзеліп Сталиннің: «Совет өкіметі өндірістік қатынастардың өндіргіш күштер сипатына міндетті сәйкестігінің экономикалық заңына сүйенеді», – десе, «Басты байлық Адам, өндіргіш күш осылай қырылып жатса, мұның аяғы неге душар етеді?» – деп Есқараев толғанбады деймісің. Жиын-



дарда дерек-дәйектеп айтпады деймісің. Кеудемсоқ Голощекин қан кешіп отырғанына неге алаңсыз? Бір жиында Егіншілік наркомының қызметкері, азамат соғысының жауынгері З. Төреғожин: «Жолдастар, жол сапарларда бәрің де көріп жүрсіңдер, түрлі мәліметтерден біліп жүрсіңдер, аштық қырып жатыр. Бұл не қылған кесел? Құлақ керең, көзіміз соқыр ма? Одақ неге көмектеспейді? Халық басына төнген аштықпен күрестің амалы қайда? Мәскеуге хабар тимей отыр. Неменеге именеміз, шындықты одақтық басшыларға жеткізбес болар ма?» – деп айтқанына Голощекин дауылдатып:

– Бәрі өтірік, коммунистік саясатқа жала жабу, Сталиннің ісіне қарсылық, аштық жоқ. Өлсе өлгендер пешенесіне жазылған ажалы болар. Мына Төреғожин нағыз оппортунист, өзінің айналасына топ құрып социализмге қастық ойлауда екен! – дегенінде үштік стенографиялық есепті сақтай білді. Есқараев пікірін іште тұншықтырды. Голощекиннің сол конференцияда, – Маған диктаторсыз деулерің жөнсіз. Сталин Қазақстанды жеке-дара биле деп ерік берді. Оны біліп қойыңдар... Сондай-ақ, Зиновьевтің: «Қазақстан Голощекиннің жеке билік құруы үшін басыбайлы берілді» дегенін білсеңдер, маған қарсы пікірлі кезкелген топтың күлі көкке ұшады. Оны естеріңде ұстаңдар! – деді.

Троцкий мен Зиновьев Алматыда ең таңдаулы санаторийде жатып, мотоциклдерімен шарқ ұрып жүргенін Есқараев біледі. Бұлардың жүріс-тұрысын бақылау жөнінде Мәскеуден хабар түскен жоқ. Соңында қандай зіл бар. «Жер аударылды десе де бір құпия есеп жоқ па?» деп Есқараев кейде ойлап қалатын еді. Енді Зиновьевтің биік мінбеде Голощекинге беріп тұрған бағасы, есімін дардитып көрсетуі әлгіндей. Сонда қалай, жеке биледі, ұлт болашағын жойды, қырды, тоз-тоз етіп тынды. Иесіз далаға басқа жақтан халықты көшіріп әкеле ме? Зұлымдығы құпия. «Капитализм қансорғыштарының түрлі зәбірінен құтылып, енді социализм теңсіздерді теңейді, еркіндігіміздің жолы кеңейді, тарықпай өмір сүреміз, еңбегіміз қаналмайды, байлығымыз тоналмайды» деген халықтар сенімі қайда? Саясаттың ажал майданы інге

тығып, бір тарының қауызына сыйғызып жан сауғалатып, қайғы бұлтын төндіріп тұр. Есқараев қоғамның кірісі кәрлі, сәтсіздігі көп зәрлі екенін ұғып жүр. Сөйтсе де бәрі уақытша деп өзін-өзі ақтайды... Өлім тоқтаса деп күпті көкірек тоқтамға келеді. Шегініс жасалық ендеше?

\* \* \*

Мақаш Тәтімовтің дерегінде: «1937 жылы да халық санағы болған еді. Сталин ол санақтың нәтижесін дұрыс емес дегенді сылтау етіп, оны мүлдем жойып жіберуге тікелей нұсқау берген. Өйткені, санақ қорытындысы коллективтендіру нәубеті мен репрессия қасіретінен бүкіл еліміз бойынша 10 миллион адамнан айырылып қалғаны көрінген. Мәселен украиндардың – 14 пайызы, қазақтардың 50 пайызы кеміп кеткенін санақ нәтижесінен көруге болады», – десе, мұндай қалың қайғыны көзімен көріп, жан дүниесі қопарылған Есқараев қоғамдағы өрескелдікке жеңіл қарамай, мінбелерден талай айтқан да болар. Қоғам өзгерісінде тұнық лайланып, бақа-шаян, неше түрлі жыртқыш, аждаһаның қаскөйлігі оңғарылып, қылмыс түрі көбейетінін Сүлеймен біліп, келешекке сеніммен қараса да күдік-күмәні көп. Іштен тынады. Иілетін жерде иілмей, заңсыз деп түйілетіні және бар. Өйткені, «Новосібір, Омбы станцияларында қазақтар аштан көп өліп жатыр», – деген сөзді айтушылардың өзі жауапқа тартылып жатқан масқарасына шыдар ма? Бірақ, бұл сұмдықты Сталиннің кеңесімен СССР НКВД-сының айрықша кеңесі әй-шайға қарамай жазалап жатқанына Есқараев пікір айтуға, араша түсуге құқы жоқ. Сібір өлкелік прокурорының босқындар мен қазақ балаларының аштыққа ұрынғанын телефон шалып өтініш еткенін айтса да, Мәскеу тәртібі тыңдамайды. СССР-дың Бас прокуроры Вышинскийдің тергеу амалындағы: «Шындығыңды айтпасаң өлесің, із-түзсіз жоғаласың. Ит өлімінде өлгеніңе әктілей салынады. Ешкім іздеп таппайды. Ақтауға жатпайды... Контрұйымды кім басқарды? Мақсаты үкіметті құлату ма? Мүшелері кімдер? Бәрін мөлдіретіп айттып берсең, бәлкім тірі қаларсың. Өмір қымбат, жарық

күннің несін айтасың? Өз басыңның амандығын ойла», – дейтініндей қорқынышты тергеулер. Қисынсызды қиыстырып, жаусың деуге түрлі сөйлемді сыйыстырудың амалын айрықша қимыл көрсетушілер табады, бет қаратар емес. Осылай ойлап Есқараев тебіренбеді деймісің. Сталиннен бастап, Ежов, Берияның қолдауымен құрылған СССР НКВД-сының айырықша кеңесі дейсің бе, әскери соты болсын, олардың құпия жұмысының көбін Есқараев біле де бермейді. Дереву қимыл, зіркіл, зәбір-жапа. Одан зәуде бір құтылып амандығын сақтау мүмкін де емес...

\* \* \*

Сүлеймен Есқараев кейде оңаша ойда қалғанда Сәбит Мұқановтың әңгімесіндегі сөзді есіне алады: «Тас жауса таңдайдан, мұз жауса маңдайдан» деген, шындық жолы тым ауыр. Оны жастық жігер жеңетін болар», – деді. Қалай жеңеді? Тірлікте пенденің бірді-бірге айдап салып шағыстыруы бар, опасыздық бар. Әлек салу бар. Жаңа қоғамның тасқынында жаншылу бар. Жөнін білмей жаны шығуы және бар. Құтырынған бүлік бар, ерегес бар, текетірес бар. Бәрі-бәрінің себеп-салдарын біліп, жамандықтан бойыңды аулақ сала біл демеді деймісің. Жазушы зерттелген ұлылардың ойынан хабар береді. Жымысқы жыртқыштан сақтандырады. Сәбитпен пікір ортақтастығы болды. «Адасқандар» романының кейіпкерлері Бүркіт пен Бәтес махаббаты, ағайындардың туыстық жақындығы болуынан қарсылығы, тартыстың шиеленісіп кісі өліміне дейін баруының себептері, қоғамдағы түрлі түсінбеушілік, бәрі-бәрі де заңгерлердің қылмыстық істі тергеу амалдары бойынша жазылған шығармада Сүлейменнің де ой-пікірі, дерек-дәйек жағдайлары болған да шығар. Замандастары сықылды Есқараев та әдебиетті қадірлегені кәдіксіз. «Бесік жырынан» бастап сөз өнерінің киесін бағалаған кезең ғой. Бірде Сәбитпен әңгіме үстінде:

– Қазақ әдебиеті, ауыз әдебиетін жер-жерден жинап алуға «Социалистік Қазақстан» газеті арқылы ұн тастағаның құптарлық екен. Оған үлес қосамыз, жүрген жерімізден

халықтың қолында нендей шығарма бар сұрастырып жүреміз, – деп Сүлеймен қуана айтпады деймісің. – 1934 жылғы Қазақстан Жазушылар одағының бірінші съезі қарсаңында талай жазушылардың шығармалары жарық көретініне сенемін. Аштықты көрдік. Сананың аштығы бәрінен де ауыр екен, отарлық езгі алдымен сананы жаншды, – деп Есқараев сөзін үзіп ойға берілді ме екен. Онысы 1922 жылғы аштықта Төтенше комиссия дерегінде Қазақстанда 417 500 адам аштыққа ұрынды десе, солардың бәрі дерлік өліп қалғаны күмәнсіз. Мемлекет көмек бере алмаған, әскерилердің қоршауына келіп ас сұрап үздіккендерді атып өлтіріп, оқ тимегендерін қуды, ұрды зәбірледі деген қылмысты оқиғаны да Сүлеймен білмеді деймісің. Сібір өлкесіне ашыққандардың ағыл-тегіл баруы, Кемерова қаласының өзіне он бес мыңдай аштар барса, жолшыбай өлгендерінің санын дәл айту қиын. Өлсіздер аштықты тілеп алып па? Мал-мүлкін, азығын тартып алды. Кезенген мылтық, дүлей күшке қарсы тұратын кім бар? «Ұлы Ұрымға, қызы Қырымға кетті» деген астарлы сөз босқындық, үрейлі халықтың үрерге иті де қалмай азық іздеп азып-тозуын ұқтырмай ма? Өлемде артта қалған ел екені де түсінікті. Көсемнің соған мазасы кетуі де жөн. Қалың халықта қысасы кеткендей лаңдатуға себеп қайсы? Сталин: «Азық-түлік өнімдерін керексіну, өнеркәсіпке шикізатты керексіну өсіп отыр», – деп амалсыздықты да білдірген-ді. Осындай ауыр мезгілде кері тарту үгіті, жаулық ойлау ниеті, қастандық, не түрлі зымияндық та бой көтерді. Расында, мұныңыз – қоғамдық қылмыс. Оның зілкөтерем салмағы халықтың мойнына түседі. «Былай жүрсең арба сынады, олай жүрсең өгіз өледі» деген сөз қалған. Жан сақтау қиындайды, керкіл, жанжал, топтасып барды тонау, бүлдіру сықылды қастандық ес тандырады. Қорқау қасқырлар болар ма, қорқытып үрейлендіру белең алады. Тонаушы кердеңдейді, тоналған әлсіз ербеңдейді. Реңі қашқандарда рақымдық білінбейді. Сырт көзге күлкілі тірлік. Күйіктің күлкісі, өкінудің белгісі. Жойымпаз бірін-бірі мадақтап, кәдімігі батырлардай шіренеді, түбі тесік шелектің даңғыры дерсің.

«Сүрінген жығылғанға күледі, жығылған құрынғанға күледі, жұғысқан тұрысқанға күледі, тұрысқан бет жыр-

тысып ұрысқанға күледі» деп қазақ өлер жеріне дейін күліп барып жатқаны аздай, саяси түрленудің түрткісі де басталмай ма? 1935 жылы Ленинград, Мәскеу және басқа қалаларда «таптық жағынан жат» элементтерді жер аударып, қуғын-сүргіннің науқаны жаппай басталып кетеді. Айналасы екі-үш жылда 5-7 миллиондай адам қуғын-сүргіннің құрбандықтары болды. Осыншама адамдардың 1 миллиондайы партия мүшелері болған екен. Ал олардың 80 пайызы революцияға дейін партияға өткен алғыр коммунистер және басым көпшілігі Кеңес үкіметі кезінде қызметі жоғарлатылған партиялық-мемлекеттік және шаруашылық белсенділері, әскербасылар, зиялылар өкілдері-тін. 1937-1938 жылдары тұтқындалғандардың 1 миллиондайы ату жазасына кесілді... Жалпы зорлықпен көшірілген мұсылмандар саны – 3 миллион адам. Жер аудару науқаны кезінде 1 миллиондай балалар, әйелдер, қарттар мен науқастар қайтыс болған. Бұл не? Байтақ кеңістік, жер аумағы адам иланғысыз өлікке толы. Сөйте тұра өрлеп келеміз, серпілдік деп кергіміз. Сана сарғайды, барынан айырылып жер соғып қалған қазаққа мал қайғы, ұмытамыз ба мұң-шерді. Қалың халық үрейлі, майдан үдеп барады. Кеңестің кеңшілік заңында кепілдік қайда? Желпінгенді үстемдік жерге тығып жатыр. «Қазық қылып қағамын, құдіреті жетеді қызыл жағаның» деп қалшылдау бар.

Жалпы алғанда, сталиншілдік құрбандығына ұшырағандардың ұзын саны – 40 миллион адам («*Трагическая статистика*», АИФ, №5, 1989 г.). Сталиннің ақырғы демі шыққанша зұлымдық тоқтаған жоқ. Асқа тойыну жоқ, өмірден баз кешіп жойылу оңай болған ауыр кезеңді тарихтан білгенде төбе шашың тік тұрады. Адалдықты айтуға ауызды аштырмаған үрейлі мезгіл. Құзғын құстар адам өлігіне тойынып, кенелді. Семіріп, «қанатын қағуға ерінді». Ақылды қариялар:

– Жанықпа, аяғыңды аңдап бас, аяғыңның астында адамның өлігі жатыр, – деп кейде сақтандырады. Жаңарған қоғамның жаңғырығы оны тыңдатар ма? Даладан аптап ыстықта адам қанының күйген иісі шығады. Қырғын дерегі жерге сіңіп, ауаға тарап бара жатыр. Осы-

ны білсеңіз, мұқым жұрттың зары құлағыңызға келгендей болса дұрыстықты айтып:

– Сталинді әділетті еді деп ақтап көр.

– Саясатының әдісқойлығына түсініп көр, ұйып тыңдап көр.

– Әрине, аяқтан шалғыштар, жатып атқыштар әлденіп, көкіректері желденіп тіршілікті әлем-тапырақ еткені қылмыскер қоғамға жағып тұрды. Сұрқиялар кемеліне келіп, аларын алып, барар жеріне барып, мылтық кезеп тонап олжасын алып тұрды. Иә, жоғарыдағыдай деректерді Сүлеймен Есқараев жақсы білді. «Әу» дегенді жау дегізетін қисынсыз тұтқындалғандарды босатып жіберуге де күш салды. Әулеттіні тонап, дүние-мүлкін жөнсіз, заңсыз талап алу деректеріне де жол бермеді. Бірақ, көптеген құжаттар әскери бөлім, ерекше бөлім, әскери сот арқылы: «Лимитті орындаймыз!» – деп жазықсызды қылмысты атандырып әшкерелеп жатты. Орал губерниясындағы әлділер әлсіздерді сойып жеудің жыртқыштық қылмысын тексеруге де қатысты. Адамның етін базарда сиырдың еті деп сатылған дерегін анықтады. Каннибализм сұмдығы аштықтың зардабы еді. Мал құлағы саңырау, пенде басына түскен қыл бұрау. Қоғам неше түрлі қылмысқа кезікті, кәніккен қылмыскер бұғып жүрді. Әлсіз тұсты ұғып жүрді. Кісі етін жеген сұмдық жұмыр жерде болған ба? Болған, бағзы заманда... Кеңес үкіметінде адамды сойып жеген жыртқыш болды дегенге нанбассыз. Кәне, мына деректі оқыңыз? Жиркенішті, ө?! Солай болған...

«...Ата мен ана балаларын жеді, балалар атасы мен анасын жеді, үй иелері қонақтарын жеді...» (С.М. Соловьев. *История России*. - Т. 2. -740-742 б.)

Сәбит айтқандай, Есқараев уақытпен санаспай күн-түн қатып жолсапарларда жүріп, жаңа қоғамның түрлі қылмысымен күресті. Партиялық саясатты насихаттады. Қылмысты делінетін істі қолмен қойғандай, көзбен көргендей, бұлтартпайтын деректермен дайындаудағы өзінің тәжірибесін заңгерлерге үйретуден жалыққан жоқ. Талай қанды оқиғаларға күйінді, көңілі жүдеп, бармағын тістеп, үнсіз өлі түске ұрынып жүрді. Онысы қоғамнан болған, шалағай басшы шатастырған жөнсіздікті байқағыштығы еді.

Бірде СССР Бас прокуроры Вышинскийге 9-15 жас аралығындағы балаларды қырманнан бір уыс бидай ұрлағаны үшін қылмысты деп Қарағандыдағы балалар колоннасында жазасын өтетіп жатқаны, болашақ ұрпақты түрмемен тәрбиелудің зияны көп сықылды. Жасөспірімдер адамды адам сойып жегенді, неше түрлі қанішер, зұлымдықты естиді, көреді. Содан қаны қараяды, бұл олардың өміріне зиян дегенді де айтпады деймісің. Өйткені, осы колоннадан сотталғандардың ішінде пионерлер бар көрінеді. Қамай береміз бе деп Қазақстан басшыларына, прокуратураға хаттар жазылғанын айтты. Және ондағы бес барактың әрбірінде 100 баладан орналасқан, жағдай мәз емес. «Нан, бидай, келдек ұрлады деген ұсақ қылмысқа үкім кесу жасөспірімдерді қорлау, тым ауыр жаза емес пе?» – деп Есқараев араша кешірім сұрамады деймісің. Жас баланың мамалап жылғанын көріп жүрегінің қатты ауырғаны еді. Ойын үзді. Шыдаңыз, оқиға кейін жалғасады. Кәмілдікке жету үшін қылмыстық істі қарап көріңіз. Ақиқатқа қоғам жеткізе ме, адам жеткізе ме? Жылап-еңірегеннің кінәсі ауыр ма, жеңіл ме? Көптеген тергеуші көзіне қарады деймісің. Заңға жүгіну алдамын арыңа байланысты. Ал осы балаларды соттатып жүргендер – өз туыстары. Алауыздық, бір-біріне кектенудің қалың қырсығы. Өсек былығын түсінді ме, Қазақстанның басшы қайраткері Л.И. Мирзоян: «Қазақтар-ау, бір-біріңнің тірі жүргеніңді көпсініп, елге сыйлы, халыққа қадірлі ардақты азаматтарыңды, ойлы, ұлағатты даналарыңды жөнсіз қаралап құрта салуды қашан қоясындар?!» – дегенін Есқараев өз құлағымен естіген-ді. Жұрт аузында «Мырзажан» деген сөз осындайдан қалды ма екен? Тоқтап қал, «Бал тамған тілден у да тамады» деген қазақи қағида, өнегелі ой бар.

Сөйткен Мирзоян Қазақ елін басқару билігі өзінің қолында тұрғанда Сүлеймен Есқараевты қорғай ала ма? «Есқараевты жау десеңдер, мен де жау болғаным», – деп жоғарғы мінбеден көптің алдында айта ала ма? Мемлекет басқарған адамға батылдық, шешімділік, ақ пен қараны айырғыштық қажет-ақ. Бірақ, «Мәскеудің тапсырмасына төтеп беру қайда?» – дейсің де тынасың. Көсемге

табынудың үрейі ешкімді батырсындырмайды. Үстемдік алдында жым боласың. Есқараевтың жазалану оқиғасын білетін Ғабиттің төмендегі сөзін оқып көріңіз («*Нәубет*», 165-166 б).

– Сүлеймен Есқараев бұрын республика прокуроры болған. Қызылорда-Қазалы жігіті. 1937 жылы Қазақ ССР Совнаркомы председателінің орынбасары еді. Қазақстан Компартиясының сол жылғы бірінші съезінде оны халық жауларымен байланысты деп айыптап жатты. Тұтқындағылардың жауаптары оқылды. С. Есқараев: «Мұны тексеріңдер, бұл өтірік, жала. Комиссия құрыңдар, комиссияны Л. Мирзоян, не О. Исаев жолдастардың біреуі басқарсын», – деп тұрып алды. Орталық партия комитетінің екінші секретары Садық Нұрпейісов басқарған комиссия құрылды (Демек, Мәскеудің лимитін орындаудың амалы, алдын-ала дайындалып, ақталуға жатпайды деп ұйымдастырудың тәсілі. – Т. Қ.). Мен орталық комитеттің бөлім меңгерушісімін. Мені де комиссия құрамына қосты. Сүлейменді қасымызға алып, оны тұтқындағылармен беттестіргелі, мойындаттырғалы НКВД-ға бардық. Сүлейменді бізден бөліп, сөйлескен дауыстары естілмейтіндей бір қара көлеңке, бірақ шамы жанып тұрған бөлмеге алып барды («Біз сөздерін естиік немесе стенографияға жаздыр, жұртқа шындықты жариялаймыз», – деп Нұрпейісов айтпаған-ау. – Т. Қ.). Көріп тұрмыз, арғы жақтан біреуді әкелді. Сүлейменмен тілдестірді. Біріне-бірі бірдеме дейді (Бәлкім, Есқараев: «Менің орынтағым, үй-жайым керек болып қаралап, жала жауып тұрсың ба?» – деді. – Т. Қ.). «Сен мені танысың ба? Білесің бе?» «Иә, танимын, білемін», – дейтіндей. Біз екеуінің сөзін естігеміз жоқ. Сүлейменді қасындағылар арғы ішке алып кетті. Бір кезде оны беттестірген шені бар милиция бізге келіп: «Ұйымда бар екенін Есқараев мойындады, ол тұтқынға алынды», – деді (Еріксіздік, үрей, комиссия мүшелері беттестіргендегі сөзін естімесе, алдын-ала келісіп Есқараевты құртудың айласы емей, немене? Комиссияны басқарған Нұрпейісов: «Біз екеуінің сөзін неге естімедік?» – деп айтпаса, бұл – жазықсызды жазалы етудің құпиясы. – Т. Қ.).



«Қалайша жау болады? 19 мемлекет қайраткерінің өмірдерегін өзім қайта-қайта оқып сүзгіден өткізіп, сұрастырып едім. Бұл мүмкін емес», – деп биік мінбеден Мирзоян да аузын ашпайды. Өзінің жаны тәтті. Кім жанын далаға тастай алмай жүр дейсің. Сталин уақыты келгенде өзін де «халық жауы» деп аттыра салатынын сезбеді ме екен? Араларынан қыл өтпейтіндей, пікірі жарасқан, қызғыштай қорғап: «Іскер талант иесі, ақылды мемлекет басқарушысы Қазақстанды тазартып жатыр», – деп құдіреттей көрген Голощекинді 1941 жылы «халық жауы» деп аттырғанда Сталин кімді аяйды дейсің. Қоғамның өз кадры, өз адамдарының бес тиындық құны жоқ деп осыдан-ақ түсіне бер. Тоталитарлық басқыншылық тәртібі солай. Табынғаннан жаның қалса табынып көр!

\* \* \*

Сонымен, жоғарыда шет-жағасын айтқан қара машина Есқараевтың да үйінің астан-кестенін шығарып тінтіп жатты. Суық түстілер сазарып, күні кеше «Сіздің ақылыңызға, іскерлігіңізге борыштымыз» дейтіндер ақ мылтық борандай түтігіп:

– Әйелің, балаларың қайда? – дейді.

– Еліне кеткен шығар. Жоғалтқандарың – мен, алдарыңда тұрмын. Қару-жарақты тапсырдым...

– Мына баланы...

Осы кезде Марат әкесінің мойнынан қолын тарақтап жібермегенін милициялар да босата алмады. Әрі-бері жұлқылап еді, Есқараев ызаланып:

– Тиіспе балаға, өздеріңде де бала бар шығар. Оларға да бір зауал боларын ойла. Өмір – дөңгелек ойыншық... Дүбірмен айнала береді... Баламмен өлсек бірге өлеміз, балалар лагеріне жіберетін қылмысы жоқ. Ұждан сатылмайды, өлімге де бас ұрмайды, қорқау болатын қорқақтар ғана.

Сөйтіп, Есқараевты қан иісі шыққан тас камераға салды. Әйтеуір, атылатындардың камерасы емес. Тергеушілері Богданов па, Бабкин бе, әлде Бектеміров пе, кім болса да, олар тұтқын бұрынғы генпрокуроры Есқа-

раев екенін біледі. Концлагерьге талай келіп, қатал тәртібінен қалтырап тісін қайрап жүргені болса, ыза-кекпен аяушылық етпейді. Ойланды: «Өмір преферанс ойыны емес, бірде ұтып, бірде ұтылатын. Түрме кісі екеніңмен есептесе бермейді», – дегендей болып еді. Бір милиция ұлына бір стақан су әкеліп берді. Марат ерні кезеріп шөлдесе де, әкесінің жүзіне қарап рұқсат сұрағандай болды. Кісі көзіне қарап жалтақтап, үрейлене бастау түрменің қуықтай тар бөлмесінде басталғандай сезінген Сүлеймен:

– Ише ғой, ұлым. Сендер бақытты боласыңдар. Еңсеңді ешкімге бастырма. Әкелеріңнің адал қызметін сонда бағалай аласыңдар, – деді. Су ішіп алғасын Марат:

– Әке, «жаусың, жаулық ұйым» дейді. Нендей жаулық істедің?

– Өмірде өтірік, жала жабу кімнің жанын жемейді? Мен адалдықты, шындықты талап еттім. Дұшпанға, сұмсұрқияға ол ұнамайды. Оның үстіне менің орынтағым, үй-мүлкім, бүкіл жиған-тергенімді тартып алуы керек. Мен адалмын, ұлым.

– Түсіндім, әке. Тәуекел, өлсек бірге өлеміз.

– Жоқ, өлмейміз... Сен анаңа, бауырларыңа қосыласың. Олар Әжібек нағашыңның үйінде. Сосын мені қорғап алып шығасыңдар.

– Түрме жаман ғой, темір есік, сасық бөлме.

– Адал адамды қаралау одан да жаман. Шындықты ұқпайтын, заңды түсінбейтін зұлымдықпен көніккен қаныпезер, тасжүректер бір күні осындай зәбірді көреді. Дүниеге неге келдім, обал-сауапты білмей арам өлдім деп өкінеді. Аңғарымпаз бол, пайымдылықты жүрегіңде сақта. Жанымда дұшпан күліп жүріп бір күні жаулық ойлайтынын білсем де, ақыл-ойыма салып дер кезінде тиянақтай алмаған екенмін. Есуастың қолынан не келеді деп қате түсініппін, – деді Сүлеймен ұлының бетінен құшырлана сүйіп. – Ауылда туысқандар бар, нағашыларың Әжібек, Нәкеш бар. Келіп сені әкетсе, анаңа айтасың, Сталинге тездетіп хат жазсын! Сосын менің кінәсіз екенімді ақтап шығарады...

Қайткенде де Маратын құтқарып, қорғауды ойлады. Бала түнде өксіп шошиды, сол минуттарда болаттай берік,

қайсар болса да Сүлейменнің көзіне жас келеді. Құшағын жазбай жатқан ұлын сүйген сайын буыны босайды. Осы кезде камераға қайыстай қара, бұжыр бетті тергеуші келіп:

– Біз «халық жауы» екеніңді білсек те жақсылық жасап карсетке қамамай мына бөлмені бергенімізді ұмытпассың. Құтырынған жаулар карсетте аласұрып жатыр, ажалы жақын тынышталады ғой, – деп қыбыжықтап келіп кетті. Сүлеймен тіл қатқан жоқ. Ұлымен құшақтасқан күйі ажал уақытын күтіп отырды. Әлгінің сөзі жүрегін алмаспен тілгендей болса да дәрменсіз.

Содан келесі күндер өтіп, түннің бейуағында ұлына су, нан әкеліп беріп, қайырымдылық танытқан түрме күзетшісі Сүлейменді оятып:

– Елден Нәкеш деген нағашысы едім, баланы әкетемін деп келіп тұр, – деді. Сүлеймен оған:

– Осындай жақсылық жасағың келетін өзің кімсің? – деді.

– Сізге қарыздар адаммын. Менің есімім – Танай, інім бар Жанай есімді. Соны ана жылы «Жапон шпионы» деп ұстағанда, «Орыс тілін де білмейді, сауатсыз, мал бағып жүрген адам шпион бола ма?» – деп босаттырып жіберіпсіз, – деді.

– Жұмысыңа кесел келмей ме?

– Оған саспаңыз, қорғаушым бар. Балаңызды оятыңыз, тез шығарып жіберейін, – деді. Әкесі мен баласы ұзақ сүйісті.

– Әке, сағынам тез кел... Анама айтып Сталинге хат жаздырамын, – деген Марат әкесінің құшағында соңғы рет болғанын, соңғы рет өкенің сүйгенін қайдан білсін. Нәкеш нағашысы түйе жүнінен тоқылған шекпенге Маратты орап, арқасына таңып алып құстай ұшып, мұңлы-зарлы даланың таса-тасасымен, күн-түн жаяулап жүріп ұлды анасына, бауырларына қосты. Көзінің сорасын сұрткен Нәкештің әкесі Мараттың бетінен сүйіп: «Қайыры жоқ заманнан қорқам, кісілігі жоқ адамнан қорқам, мүсәпірсіген пасық наданнан қорқам, сатқындықпен пайда табатын жаманнан қорқам, қан ішкен сайын мейірі қанатын зұлым бар, мейір-шапағатты ұмытқалы тұрған ұл-қызың бар, жазылмайтын шемен шерім бар, келмеске кеткен дана ерім

бар, мына менің де қазулы тұрған көрім бар, – деп күбір-  
леп күңіренді. Зарлы жыры көмейден төгілді:

*Жүректі қайғы қозғайды,  
Боз дала желмен боздайды.  
Бозарған үміт алыстап,  
Жамандықтан жазбайды.  
Зұлымдық толы айналам,  
Жақсылық неге озбайды?  
Көгімде құзғын құстар жүр,  
Жүрегім көріп мұздайды.  
Баянды бақыт тұрмайды,  
О да тірлік заңы ма?  
Қайғыма ешкім қыңбайды.  
Қоғам неге тарылды,  
Зұлымдар жүр қағынды, –*

деп Сүлейменнің суретін төсіне басты. Күн санап, жыл са-  
нап, жол қарап теңселіп жүрді қария.

Сүлейменді жоқтауы еді. Лаңдатып жатқан ауыр ке-  
зеңнің себебін білмесе де жаны күйзелуі еді. Ақыл ай-  
тар, көш бастар кімім қалды деп өкінуі еді. Пенденің бір-  
біріне жауығып қырын қараған қасиетсіздігіне күйінуі  
еді. Дұшпаны жаза бастырды, 19 қоғам қайраткерлерімен  
бірге аты-жөні жазылып, атылғанын айтып 1938 жылдың  
наурыз айындағы газетте хабар жарияланды...

«Генпрокурордың еңселі үйіне қолым жетті», – деп үй-  
мүлкін олжалағандар той тойлады ма, кім білсін? Әйтеуір,  
үштік дамылсыз ізге түсіп, әйелі Марияны: «Халық  
жауының әйелі», орның түрмеде тұр», – деп 8 жылға үкім  
кесіп Ақмоладағы әйелдер лагеріне жібергенін жоғарыда  
айттық. Онысының құпия есебі үй-мүлкін дауламасын  
деуі ме? Әрине, солай. Тірі куәні қалдыруға болмайды.  
Мария адамын жоғалтып, еріне құт болмаған дүние-  
мүлікті, үйді қайтсін? Қалған өміріндегі тілегі төрт бала-  
сын аман өсіру еді... Тасжүректер оны да қимай балаларын  
тірідей жетім етіп қорлауы бұрын-соңды әлемде болмаған  
зұлымдық шығар... Лагерьде күніне 40 бау қамыс орып  
жазаланып тарығып жүрсе де, күніне төрт-бес тұтқын

Әйел өліп жататынын көрсе де, балаларына қосылуға үміт үзбей, «Сталиннің суретін кілемге тоқып салып, хат жазып Мәскеуге жіберсек кешірім етер» деудің далбаса екенін қайдан білсін? Әйелдер сәл босаса жанын жалдап кілем де тоқыпты... Кілем де, хат та Сталинге жетер ме? Түрменің басшыларына олжа болады. Талай жазықсыздың зарығып өткен қайғылы күндерін ойлаудың өзінен жаның шошиды. Залымдықтың біте қайнасқан зардабы тарих бетінен өшпек емес...

Әйтеуір, сталиндік қым-қуыт кезеңде Берияның болсын, Ежовтың болсын, Вишинскийдің болсын, халық басына төндірген зұлымдығын тарих кешіре алмас. Ұлт ұлылары, қоғамдық қайраткерлер түп-түгел атылып кетуі Мәскеудің тарих алдындағы қылмысын жасыруы жолындағы айла-амалы тәрізді. Тірі куә қалдырмаудың құпиялы жағдайы... Сөйтіп, Сүлеймен Есқараевтың қылмысы жоқтығы анықталып, ақталды... Бірақ жазықсыз атылғаны, балалары мен немерелеріне әке, ата болар ма? Қайғысы көкіректен кетер ме?..

\* \* \*

Шегініс жасап, өткенге өкінгенде, бүгінгі тәуелсіздік арқасында кеткеніміз келіп, тарихымыздың беттері түгенделіп жатыр. Қазақ елінің Бас прокуратурасы Есқараев атындағы жұлде ұйымдастырып, ең үздік заңгерге Есқараев бейнесі бейнеленген төсбелгісімен марапаттап тұрса, артық болмас еді. Ескерткіш орнатып, көшелерге есімін беріп, мұрағат-мұражайлардан орын берсе үстемдікке езілгендерді қорғаған ерлік іс жоғалмас еді. Сүлейменнің әке-шешесі аштан қырылған жетім балаларға тигізген жәрдемі, қамқорлық жасаған үлкен адамгершілігі, адал заңгерлігі ұмытылмақ емес. Ал Мәскеуге тайсалмай айтарын айтқан, заңдылық жөніндегі құнды пікірлері терең зерттеуді қажет етеді. Мәскеуде Берияның: «Кім өзі? Атылсын!» – деуі аса талантты, ұлтшыл, білікті заңгер, қоғам қайраткері, ірі тұлғалардың бірі екенінен құты қашып сескенуі деуге де болады... Бериялық қан кешуде көніккен әккі топ, ананы

жесір, балаларды жетім етудің ауыр қайғысын ойлаған жоқ. Жылап-еңіреген халықты тасжүрек елер ме? Әкесін сағынып зарыққан балалар қайғысы... «Жетімдерге жасаған жақсылығымыз ғасырларға кетеді, еңбегіміздің ұйытқысы, мәйегі – ұрпақтың есінде қалуымыз», – деуші еді Ғани Мұратбаев. «Арып-ашып жүздеген шақырым жол жүріп тарыққаның да қиындықтарға жолыққаның да қоғамның жақсылығына атқарған қызметің де, еркіндік, тәуелсіздігімізбен ақталады», – дейтін Сәбит Мұқанов. «Өмірде бәрі ұмытылады, тірлік алақанға қонған шаң тәрізді жел соқса ұшып кететін. Адам – жел айдаған қаңбақ, қай жерде тоқтап тынарын білмейді. Сөйте тұра пенде бірін-бірі күндейді, өш-қастық, кек жинап жүрегін күпті етеді. Кім болса да жаны бар, өмір сүргісі келетіндер үрейден қорқады. Жасып есінен айырылады. Өзінің қара басын діттеп сатқандыққа барады, қылмыс жасайды. Соның көбі білімсіз надандықтан өрбиді. Ел аралап жүріп халық қазынасы билер сөзін, жырларды жинап едім. Сәбиттің қолына тапсыра алмадым... Мария жеткізер. – Есқараев үкім қағазын қолын ұстап санаулы минуттарды күтті... – Заман келер, қоғам өзгерер сонда жанымда отырып көзіме қайта-қайта назарын салған, беттестіруге апара жатқанда да жаныма жылулық бергендей болған Ғабит Мүсірепов, қос қарашығым да әділдіктің маздаған шуағын түбінде жазар, халқыма жеткізер... Ай, қайдам... Адам саясатпен ықтай береді... Пенде басына шындық айтатын билік тиер деймісің?

Қазір мені де атады... Атылғандар соңғы сөзіңіз десе: «Сталин жасасын, мына жауыздар көсем абыройына кір келтіріп тұр!» – дегенін талай естіген-ді. Ал қазір өзі иманын үйіріп Аллаһтан тілегі өз иманын өзіне бұйыртуды ғана тілейді. Ар-намысым адал, оң иығымда періште, сол иығымда періште. Қыршын өмір. Е, ажал адамды зұлымдықтан құтқарар... Жамандықтарды көп көрдім, әбден мезі болдым... шаршадым. Қатыгездік, мейірімсіздік бәрібір таусылмас. Одан ажал пендеге бұйырғаны... Өттең, кісі қолынан жазықсыз өлуің ғана өкінішті... Қазір атады. Дәм таусылды. Дабыра жұрт не десе, о десін. Өлі денеге бәрібір. Соңғы тілегім – ұрпағымның амандығы».

## «ӨЛСЕ ӨЛЕР ТАБИҒАТ...»

*Біздің көз алдымызда өркениет өліп бара жатыр.  
Пауло Коэльо*

Түс ауып барады. Терезеден сынып түскен күн сәулесі мың құбылады. Тірі жан жарықтың сөнбеуін тілейді. Түн қараңғылығы сіресіп қарсыласса да күн шығуын қоймайды. Жаны бар табиғаттың «тойы» – күн жарығы. Сапырылысып жатқан қыбыр-қыбыр тірлік. Жарықты тосып, шымырланып түлеуде бар, азып-тозып жүдеуде бар. Алысып-жұлысқан да бар, жамандық жолда мен атайын, сен тұр деп тұрысқан да бар. Өтірікті өрген, оның рахатын көрген де бар. Шындығын шырайлы етіп, жақсылығын жұртқа берген де бар. Өмір – қас пен көздің арасы, адалдықпен тұратұғын жарасып. Оған пайым қылмай, жалғаншылар әдейі таласып күледі. Қақы желінген пақыр бөріне ызаланады. Жөн айтсаң да, теріс айтсаң да, булығып тұрғасын балық торсылдағындай жарылып кетуі әбден мүмкін-ді. «Ашу қысқанның алдында тұрма, тебеген аттың артында тұрма» деген ойдағылар бөріне аң-таң.

«Тірліктің қулық-сұмдығына әбден кеңірдектеп тойдым-ау, осымен бітетін шығармын», – деп талайлар булығып, терезеден түскен жарыққа мәлие қарап жалбарынды. Кім-кімнің ойындағысын тап басып сезеді дейсің. Сонда да ауыр күрсініп, зәбірінің ұшығын шығарып сарғайған мұңын ашады. Шәміл басшы болғасын, келушінің наласын шағып айтқанын тыңдап, қолдан келген көмегін заңды түрде аяған жоқ. Алғыспен жаны көркейе берді. Сондай сәтте Өтемістің 102 жасаған анасының: «Жетім-жесірге, арып-ашқанға күн-түн қатып жақсылық жасай бергенімнен үйіп-төгілген алғыс алып едім, содан шығар көп ғұмыр кешуім. Қылдай қиянатым болса, Алла кешпес еді-ау. Көзімнің жеткені, анамның есім кіргеннен «қызым, қарғыс алма, алғыс ал, өмірің ұзақ болады» деуші еді», – дегенін есіне түсіріп, өзі де сексен жыл жер басып жүруі күннен құйылып жататындай дала даналарының, ұлт жақсыларының жанына дарытқан жақсылығы, ұлағатты өнегесі деп түсінді Шәміл толқып.

Осы жасында әккі зұлымның да қаншама түр-түрін көрді. Быттиған беттің тасасында обыр бет сынасып тұратынын да байқады. «Сәті түссе пайдама жаратармын дегендей сұхитып жүретін сұмпайыларды да аңғарды. Күйген терідей бырысқан, жұдырығын түйген күйі болса да сыпайы сөйлеуге тырысқан, көзі қанталаған, күші жеткенді жарып тастауға дайын тұратын, зәлімдер де алдынан өтті. Ондайлар әлсіздің жүрегіне салған мұз қайғыны елеуді білмей, шеттеп тұрып, дараланып, қипақтап, ештеп тіл қатады.

«Біза да бір, мұз да бір, жылулық жетпей жібімес» деген ұлт даналығын сезбейді, жамандық жолы өзіне тура, абайлап тұрып опыра салуды көздейді. Ібілістің қыр соңынан қалмайды, алдайтынын алдайды, жалмайтынын жалмайды, содырдан сойқан туады, обырдан шайтан туады, әке жолын қуады. Әкелеріміз күңіреніп: «Дүние өтерінде шыр айналды, бай болу, кедей болу құдайдан-ды, қанды ауыз адалдықты жоймаса тұра алмайды. Зұлымдар қақ қасыңда толып жүрсе, айтқаны екі етілмей болып жүрсе, әлсіздер өмір сүріп оңалмайды. Қанішер өлтірсе де адамдарды, рухы тірі қалып жоғалмайды. Майыспайтын шарболат асау мінез, қызыл қаны көлдетіп төгілсе де, шындық семсерінен ауытқып шыға алмайды. Ондайды ақ шел көзді пітiне қара ниет өліп тірілсе де ұға алмайды. Тайқып кетіп тайраңдай береді», – деуші еді.

Шәмілдің томашадай көрі жүрегі таңмен бірге атып, күн сәулесіне құмартып толғанады. Көкірегіндегі сіресіп қалған мұз ерімек түгілі, жібімейді. Ұзақ жылдардан бері орныққан қайғысы бар. Тағдырласын көзіне қарап таныса да, шешіліп айта алмайды. Әркім өзінің шыбынын қаға алмай жүргенін біледі. Қазақтың «Біреудің жоғын біреу өлең айтып жүріп жоқтайды» дегені және бар. Шіркін, ақылды сөздің әлемдік жарысы болса, қазақ біріншілікті жанға бермес еді деп тоқтайды. Мұз, шер. Егер өзін өзгеге білдіргісі келсе, жұрт қатарлы еңбек еткеніне, ұрпақ өсіргеніне, жүздеген адамдарға жақсылық істегеніне оның қатысы жоқ. Көкірегінде жасырынып жатқан қамырық шер өзіне ғана, жанұясына ғана тән. Тірлігінде өліп көрген жоқ, басқадай қым-қуытты көре-көре әбден тойды. Бір



өкенің кіндігінен жеті ағайынды еді, үшеуі шикі жасында жұқпалы індеттен көз жұмды. Жарты әлемді жалмаған испан тұмауы дейсің бе, сүзек, безгек, қызылша, шешек дейсің бе, жүдеу халықтың өмірін қиды. Адам өмірге өлу үшін келмейді, ұрпақ қалдырып, бақытты болу үшін келеді.

«Өтеген-ай, қыршын жас кетті, ұрпақ қалмады. Ажал кәрі ме, жас па, талғамайтын болды», – деп туыс-туғандар қатты қайғырса да, амалсыз. Айтарын айтып қояды, күресуге дәрменсіз. Ертеңгі өміріне көзі жететін ешкім жоқ. Кейбір қара шаңырақтың түтіні біржолата өшті. Тұяқ қалмады деп тағдырға налып күйінсе де, мүжіліп іштен тыну бар. Қу бас атанып өмірден кеткендер қаншама? Осындай шемен-шерді Шәміл жұмыс уақытында ойына алмауға тырысатын-ды. Қалың жұрттың басына түскен қасірет деп тынатын. Қазақ кейде ондайды күрсініп отырып «Көппен бірге көрген ұлы той» деп кекетіп қояды. Біреу өліп жатса, екіншісі күліп жататын тойыңа болайын. Қаншалық жабыққанда да кімге мұңын шағып жеңілдетеді, «Әр алуан қайғы-қасірет жұмыр жерді теңселтіп тұр» дей бергенде алдына келгендер биліктің тепкісінен көрген зөбірін айтып шағынады. Кейбір дәрежелілер маңына жуытпайтынын, арызына мән бермейтін дәрекілігін айтады. Солардың біразының оқиғасы көз алдына оралады. Ана жылдары алдына келген қисық мұрын, бітік көзді, жағына пышақ жанығандай жүдеу біреу өлердегі сөзін ақтарып айтты. «Автобаза директоры «Өкең халық жауы болыпты, саған жаңа автокөлік беруге болмайды. Ескі-құсқыны құрастырып жүргізіп, жоспарды орындамасаң сотталасың» деді. Бес баламды қалай асыраймын деп жалынғанымды құлағына да ілмеді. Жұрт біледі, пара алғандарға су жаңа автокөлік беріледі және ол жүргізуші өзінің берген қаржысын ақтағанша мекемеге көк тиын пайда түсірмейді», – деп мұңайып, тығырыққа тірелген тірлігін айтты Қорғалы: «Рас, әкем сотталған. Қара шаңырақта менен басқа ешкім жоқ, анам қоғам жұмысының отымен кіріп, суымен шықты. Зарыққанда «екеудің бір өлсе, бірі қалар, жалғыздың өзі өлсе, несі қалар» деп жылай-жылай дүниеден өтті. Бойымдағы бар

кемшілігім басшылыққа жағына алмаймын, жиындарда кемшілікті айтып салатын жаман әдетім бар. Шыдамай кетем, күйіп кетем. Шындықты айтқан көпке жақпайды ғой, өзіңнен көмек күтем, құтқар мына азаптан!» – деді естүсінен айырылғандай болып. Шәміл түсінді, автобазаның қиқуынан бейхабар емес-тін. Тергеушілер көз қырына алған-ды.

– Әуелі терінді сұрт, көзіңе құйылар.

Ол қол орамалын алып:

– Өмірім де осы төгілген тердей қадірсіз. Сүртгіліп жатыр. Сымпыып барымнан айырылдым. Алдауыштың да жемі болдым. Әбден шаршадым, тірлік мезі етті, өтемі жоқ маңдай терді ойлап қайтем..

– Тынысыңды аш, еңтіңді бас.

– Еңтік басылар-ау, тыныс тарылып біткен. Өлсізге қырсық үйір, жүдеуге жел де қарсы.

– Немене, сонша адам сияқты тірлік етпей? Басыңа не түсті, құтқара көр деп жалынардай?

– Жоғарыда жағдайдың шет жағасын білдірдім ғой. Әбден шаршап-шалдыққан адам жалынбай қайтеді? Өтілін тыңдата алмаса, безінбей қайтеді? Суға батып бара жатқан адам жыланды да құтқарушы көреді деп. Жалғыз мен емес, жұрттың көбінің сенімі өзіңізді айтады. Автобазадағы парақорлық, жемқорлықты облыстың бірінші хатшысына да жазғандарға шара қолдануды мекемеге жіберіп, көптеген дерегі анықталмады, кейбір кемшілікке шара алынды деп жауап береді. Бірде кәсіподақ басшысы кемшілікті тергеп-тексеру дұрыс жүгізілмейді деп қарсы пікір білдіріп еді, арада біраз уақыт өткесін жалғыз қызы жоғалып кетті. Облыстық советтің басшысы Күшеновтің баласымен бірге той тойлап кетіпті дейді. Содан жоқ қой, әкесі милицияға да хабарлады. Қыздың өзі де бір пәлеге ұрынбаса, пенде байқас болуды ұмыта береміз. Жоққа сенеміз, сол сеніммен өлеміз. Мекемемізде шағым да, домалақ арыз да көп. Соның бәрі өтірік емес шығар. Шындықты шығарудың амалы өтірікті жете зерттеуге байланысты болмай ма? Бізде мынаның мынаған қатысы жоқ, мынаны анау қорғайды деп қарау етек алған. Бастығымызға жағдайымды айтып шағынғаннан жазалы

болып, көз түрткіге айналдым. Автобазадан кеткім келеді, басқа мекемеден жұмыс табылса. Басқасы құрып кетсін, басымның амандығы керек. Сөзге онша әуестігім жоқ еді, қорлыққа шыдай алмағасын. Қамшылай берсе жылқы да шам шығарады ғой, біз жылқы мінездіміз, айрықша таза болатынымыз да содан. Осал тұсымыз – шындық іздеу.

Арызданушының көрген-білгенін тыңдаған Шәміл автобазаның күдікті істері тексеріле бастағанын есіне алды да:

– Шағымыңды жазбаша қалдыр, – деді.

Ал ол бойын жинап, жақсылықтан үмітін үзгісі келмесе де сәл абыржып:

– Мені өштесіп құртады ғой.

– Өзіңнің кінәң жоқ болса, неден қорқасың? Өзіңнен басқаның да біраз деректері бар, бәрі тексеріледі. Ешкім кедергі келтіре қоймас.

– Ұмытып барады екенмін, – деді Қорғалы тілімен кезерген ерінін бір жалап, – басқа тартсаң аяққа, аяққа тартсаң басқа жетпейтін жоқшылыққа шыдамай, кассирден жүз рубль жаздырып алып едім. Бастықтың тіміскішілері сұмдық, кассирді қорқытып ақша алыпсың, қылмыстық іс көтереміз деп шүйлігіп, бүркітше бүріп жатыр. «Оу, айлығымнан ұстайды» десем бет бақтырмай, «Автокөлігің бұзылып тұр, табысың жоқ, қоғам кассасына кассирді қорқытып қол салғансың, сондықтан түрмеге отырасың, балаларың әкем түрмеде отырған, оның әкесі де «халық жауы» болыпты деп сүтке тиген күшіктей етеді. Кассир қорқытты деп қол хат берді, енді өзің қылмысыңды мойында деп бастықтың кабинетінде отырған қорғаушы милициясы қағаз толтырып, қол қой деп жағамнан алды.

– Қол қойдың ба?

– Жоға! Алысып, жұлысып қашып шықтым. Не деген сұмдық, тірі өлім. Сойылын соғар тергеушісінің беті былш етпейді, кассирді беттестір десем, сотта беттесесің деп кергиді. Бастықтың түрі, тергеушінің түрі әлгі. Басыма үлкен қауіп төніп тұр, сосын да басқа жұмыс болса, автобазадан кетер едім.

– Тергеуші ақ қағаздай таза болып, өзгеден тазалықты талап етеміз деді ме?

– Қашаннан да лас, қоқыс, зәлім, жемқордың, парақордың өздері де минәтінде сүттен ақ, судан таза бола қалмай ма? Қақы желінгендер, қорланып, түңілгендер шындық шын өлген деп айтса, шындық өлмес деп ерісемін. Бірақ тоқтау табар тобыр емес. Шындық өлгенге пара-пар. Жоғарыдан қолдаушысының пәрмені мықты.

– Рас, ондайлар ебін тауып есебін шығарады, кеңесе де біледі, келісе де кетеді. Құжаттарды мінсіз қатырып жасай алады, есеп қағаздары тап-тұйнақтай, тергеп, тексеріп көрсең қателік таппай, басынды шайқайсың. Жұртқа мәлім қағаз бәрін көтереді, жасыратынын жасырады. Күндеп, айлап жүріп талан-тараждың құпиясына жете алсаң жақсы, жете алмасаң жөнсіз пәлеледі деп қыр соңыңнан қалмайды. Ұрлыққа белден батқандарды шындық айдынына шығару оңай емес, – дей келіп Шәміл қылмыскердің беталды құла дүзде емес, қасымызда екенін білетінін сездірмесе де, Қорғалыға қарап, – туыстуғандарың бар ма? – деді.

– Әкемнің жалғыз немере інісі бар еді. 1945 жылдың қаңтарында соғысқа кетті. Австрия еліндегі ұрысқа кірдім деген бір-ақ рет хат келген, содан соң хабарсыз. Жалғыз жігіттен ұрпақ қалмады, шын өлім деген сол. Анасының жылай-жылай көзі ағарып, ақырында ауруға шалдығып, өмірден озды. Тірі болса келер еді, опат болған шығар. «Бауыры бүтін пенде жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ» деген, азаптанып көнесің. («Австрия аумағындағы қанды қырғында фашистердің соңғы демі біткенше жанталасуынан 30 мыңнан астам қызыл армияшылар қаза тапты» деп мәлімдейді Австрия Республикасының Федералдық ішкі істер министрі Мария Фектер. Қаза болған қазақтарды зерттеген Петер Секел 500 адам шамасында дегенмен, ізденіс нәтижесінде ол көрсеткіш екі есе артып шықты. Исшаралар әлі жалғасуда десе, Қызылорда облысының өзінен Алилев Абықар, Аманжолов Қожабек, Баймағамбетов Сексен, Бекенбек Әкежан, Ысқақов Садуақас, Құлғарин Жармағамбет, Мергімбаев Маратбай, Нұрпейісов Бегімбай, Нұрмаханов Аманжол, Османов Бештай және басқалары «хабарсыз кеткендер» есебінде жүрсе, Австрия жерінде қаза тауыпты. – Т.Қ.)

Адамын жоғалтқандардың қайғысы басы жерге жеткенше ұмытылмайды. Соғыс деген ащы сөзді естісе Шәмілдің жүрегі қан жылайды, жас кезінде әкесін бір көруді армандаса, ержеткесін әкенің моласына зар болып, армандаумен зарығып қалады. Аз уақытқа толқып отырғанын Қорғалы сезді ме, ойын бөлгісі келіп:

– Өлгендердің сүйегі әлемде шашылып қалса да рухы туған топырағына оралған шығар. Бүгінгі қара ниеттілер соғыстың жазылмайтын жарасын қаперінен шығарды. Төрт құбыласын тең санап, құдайдан да кем еместей асқақтап барады. Алпамыс жырындағы Мафия деген әйел қос үйді қатар қондырмай, қонғанын оңдырмайтын жалмауыз болыпты дегенін оқып жағамды ұстап едім. Бүгінгі сұм-сұрқиялардың мұрнына адалдықтың иісі бармайды, олжалап, тонап, барды жоқ етіп жәукемдеп тастайды. Ештеңеден сезіктенбей, заң бар екен деп именіп тайынбай, аяғын алшаңдап басады, көзі жерге түспейді, ойына келгенін істейді. Қазақтың «Қорғаушысы мықты мұраға ие» дегені осы ма? Өздерінің опырып жегенін ұмытып, менің қарызға жаздырып алған жүз рубліме қылмысты іс көтермек. Бәрінен бұрын абыройымды төкпек. Олжаны бөлісе қалатындар ұтарында ұтып, жұтарында жұтып, қаржыны тарбиған саусағымен қағып алады. Заңсыз жерде заңдылықты тауып алатындар қоғам байлығын үптемей ме? Биіктен нұсқау түсіп, қылмыс түрін түптемей ме?

– Рас, ондайлар есебін білсе түк демейді, берген перде бұзадымен тарта береді, – деп Шәміл жік-жапар болған ашылып, ашынып сөйлесе де біраз қылмысты істің жобасын жазбаша қалдырған Қорғалыға аяр көзбен қарап, – бәрін түсінемін, бес бала өсіріп отыр екенсің, жаман атаққа ұрынып қалудан үрейленесің. Жүз рубль беремін, тездетіп мекеме кассасына өткізіп, түбіртегін маған әкеліп бер. Арызыңа қосып қоямын, одан кейін жұмыс жағдайын көрерміз. Шағым жалғыз өзіңнен емес, заң орындары тексеріп болсын, шындық шықсын.

– «Пәленің шетін бассаң, ортасы былқылдап жатады» деп тергеу, тексеру басталса зәбір көргендер өре түрегеліп, талай кемшіліктердің құпиясын ашып, қылмыскерлердің бетін аймандай етер еді. Ондай күн келер ме екен?

Әйтеуір, ақылымыздан танар болған үрейден құтылсақ. Темір адамбыз деп шіренетіндер тұтылса.

– Айтпақшы, өзіңді қысымға алған тергеушінің аты-жөнін арызыңа кіргіз.

– Басымды қатерге тіккен адаммын, енді аянарым жоқ, аты-жөнін жазамын, – деп Шәмілдің жүзіне қуана қарады. – Көкірегімдегі ызамды тарқаттым, жүз жаса, Шәміл, жақсының жанына бар, жылу аласың деген осы ғой. Қарапайым халық зәбірге бұйығып, көніп, қорғана алмай жанын азаптайды. Ондайда жылы сөзге зар болады. Қоғамдағы заң бізді іздейді, біз заңды іздей алмай, қорғанатын саңылау таппай, сандалып қаламыз. Өзіңе жұрт сенгесін келгенім жөн болды.

Әрине, қандай да қоғам халқын жүз пайыз жарылқап, олардың мұң-шерін қорғап үлгере алмай жатады. Жоғарыдағы билік ырық бермейді көбіне. Шәміл ана жылдары бақылау комитетінің төрағасы қызметін атқарғанда талай адамның басына төнген қауіп-қатер заңсыздықтан қорғады. Талай қоғам мүлкін талан-таражға салушының жазалануына әділ үкімін айта білді. Өйткені бүкіл заң орындарының жұмысын халықтық бақылау комитеті мүлт жібермей қатаң түрде қадағалап отырды.

\* \* \*

Шәміл таң атып, күннің жарығы үйге ене бастағанда ұйқысы шайдай ашылып, ұшып тұратын қалыптасқан әдетінен жаңылмайтын. Әрбір күнгі таң сәулесі жүрегіндегі әкеге деген сағыныш мұңын жібіткендей жылы хабар күтеді. Жұмыс орнында да тағдырлас адамдардың талайы кездеседі. Жұрттың көбі бір көргеннен пікірлерін ашылып айта алмай, көбіне көкірегін қысқан саясат өктемдігінен қорқып, сақтанып қорғалақтайды. Оның тамыры тереңде, кімнің басынан аштық, қуғын-сүргін зұлматы өтпеді дейсің. Одан әрірек отарлық езгі және бар. Ана құрсағынан, қаршадайынан билік алдында өзіндік пікірін айта алмағандар жалтақ болмай қайтеді. Оның бәрін Шәміл түсініп, кейбір келушіні балалығы, жастық кезеңіне байланысты, ата-анасының қызметі, өмірін әңгімелеумен

емін-еркін сөйлесіп, арыз-шағымының мән-жайын айрықша анықтап алады. Бұл елде өскен, халық өмірін толық білетін асқан ақылдылықты көкірегіне түйгендіктің белгісі еді. Шаруасымен келгендерді өңменінен итермей, басына түскен әлек-шөлегінің себептерін өзінің көзімен көргендей анықтап бұлтартпайтын деректерді ұдайы мұқияттап қаттайтын-ды. Бірде елуді еңсерген қос жауырыны қақпақтай, өткір шегір көзді кісі қабылдауына келді. Аман-саулықтан кейін бас киімін шешіп Шәмілге сынай бір қарады да:

– Өзіңді жұрт аңыз етеді, қабылдауы жеңіл, шағымыңды ойдағыдай тындырады, көмегі көп, нағыз адал да, ақылды дегесін келдім. Менің шаруам саясатқа да, қоғамдық басшылыққа да соқпайды. Заңнан да, өкіметтен де қорқатын жағдайым жоқ. Бағымымдағы қой аман, төлі көп. Шопанмын. Қарын тоқ, киім көк, әлгі айта беретін коммунизм менің отарымнан басталатындай сезінемін. Он шақты балам бар, бөрі де малсақ. Екі әйелім, балаларым болғасын сақманшы, тағы басқа көмекшіні керек етпеймін. Шаруам таза пайдаға құрылған.

– Өте жақсы екен.

– Енді өте жамандығын айтайын, – деді де бір жөткірініп алып жымыып күлді. – Ауылымызда қуғын-сүргін жылдарында Өшпек деген қастасса қағып түсетін, ізіңді бағып түсетін атақты жатыпатар болған-ды. Біраз жыл бұрын марқұм қайтыс болды. Жаназасына бірен-саран адамдар ғана барды. О дүниеде қалай қарсы алғанын кім білсін, бұл жарық дүниеде екі болған жоқ, жаназасына да жан келмеді. Қатыбас туыс-туғаннан суыса кім қайғырсын. Жә, өз күнәсіна өзі күйсін. Соның баласы Тықыр, бақа болғыр, төбесін көрмей кеткір неменің шағымының түрі: «Жетпісбайдың әкесі соғыс жылдарында егіншілікте соқамен жер жыртып жүріп тұқым астығынан бір-бір уыстап үйіне тасып, аштыққа ұрынбапты. Таза адам емес, халық жауы деуге болады. Баласы Жетпісбай әкесіне тартады, тіпті деймін-ау, жетпістегі шал бала тудыра ала ма? Күмөн көп, өкіметтің азығын тоя жегесін қуаты тасып кеткені ме?» дегенді айтып, жатыпатар әкесі Өшпектің былғары сөмкесіндегі жазуды мысалдап: «Бүгінде сол Жетпісбай

партияға өткен жоқ, екі әйелі бар, әрбір бесжылдық сайын орден, медальдар алады. Жаудың тұқымы неге масайрайды, совхоз бастығы қорғайтын болар. Менің әкем таза өкімет адамы бола тұра мен қошқар бағып сорлап жүрмін» дегенді жазып, облыстың басшысына тапсырыпты. Осындай жағдайды өзіңізге тәптіштеп айтып отырғаным, арыз тексерілер, өзім қалай қорғана аламын, өзіңізден ақыл сұрай келдім.

– Екі әйеліңнің бары рас па?

– Рас болғанда қандай. Екеуінен он төрт балам бар. Өкіметтің ең мықты байлығы адам емес пе? Адам өсіріп отырмын.

– Әйелдерің арызданудан аман ба?

– О не дегеніңіз? Бірі үйдің шаруасын оқсатса, екіншісі мал бағысады. Күн ұзаққа мігір таппай малдың қамы, оның таусылмайтын шаруасын атқарамыз. Мұның бәрі қоғамға пайда, басқадай шығын шықпайды. Ер жеткен балаларым үйленіп, өз алдына отарға ие болмақ.

– Расында коммунист емессің бе?

– Әкем жатыпатардың жаласымен Берияның түрмесінде бес жыл отырып жазасын өтеп келген-ді. Партия қатарына өтпекші болып барғанда құжатта әкең сотталған ба, шет елде туыстарың жоқ па деген сұрақтардан шошып, арыз жазбадым, табанымды жалтыратып шығып кеттім. Қоғамға ең қажеті де, маңыздысы да – адал еңбек етсем жетпеген бе дейтінмін.

– Әйелің екеу екен, олар зәбір көрдім деп шағынып жатқан жоқ. Жұмыс көрсеткішің мықты. Табан астында тап қазір облыс басшысына жазылған арызды кім қалай тексереді, қандай жауап болатынын білмеймін. Дегенмен, ондағы жігіттермен жазғыштың арызын нақтылап оқып көрейін. Менімше, өзіңізге келетін жаза болмас, жазғыш қанша қараласа да, өткен қоғамдағы адам шошырлық оқиғалар ескірді ғой. Өшпектің баласы әдейі көре алмаушылықпен төлкек етпек қой. Өзің де солай ойлайтын шығарсың.

– Әрине, солай. Қазақтың «Ит үреді, керуен көшеді» дегені осындай зәлімдерге арналған ғой. Зәлім біреуді қапқара ғып жалаламаса, ішкен асы бойына батпайды. «Екі қолы жерге жетпегір» деген қарғысқа тап болғандар солай.



– «Екі қолы жерге жетпегір» деген қарғыстың мәнісі қалай?

– Емеуірмен айтқаны, өліп кет дегені. Өлген адамның қолы етегіне жете ме? Іштарлық, көре алмаушылық қаннан қанға тарап жалғасып жатады. Оған бола апшымас едім, иттен ит туады, қозы тумайды деп тынар едім. Өзінің түрі, сиқына қарамай, кейде кездескенде түк білмегенсіп ыржия күліп сөйлескісі келіп амандасады. Сәлемнің садақасы кеткір деймін-ау. Қағаз жазатын қолың таза ма десем, аңырая қарап өгірік күле береді. Жорта күліп алдайтындар сойқан зәлімдігімен талайдың шаңырағын ортасына түсіріп еді. Нақақ бәлелегіштерге өлім болмас. Шәке, бұл жәй ашуым ғой. Кектенуге тұрмайтын адамға кектеніп, реніш білдіруім де артық. Жатыпатар әкесінің тәрбиесінде жоқтық көрмей өсті, тұяқсыз тұқым болса да өкінууді де білмейді. Жұрт аштан өліп жатқанда жатыпатар күліп жүрді, «өзіне сол керек, о дүниеде бақытты боларсыздар» деп кекеп мошқаудан басқа кісілікті білді ме? Рауаят айтар ақылы миында емес, көзінде сорлының, – деп ызасын тарқатқандай сыңай білдірді.

– Рас айтасыз, ғасырлардағы тарихымыз ауыр. Өткен қоғамның бәріне жирене қарау да жараспас, – деп Шәміл көре алмаушы, ішмерездің тұзағына түскен Жетпісбайды шығарып салды. Домалақ арызшылардың мезі қылғанына да кім төзбеді дейсің. Шәміл өткен тарихты есіне жиі алатыны да бар. 1921 жылғы басталған аштыққа ұрынған адам саны қазақ елінде 1213026-дан айналасы төрт ай ішінде 2305591-ге жеткен екен. «Авангард красного востока» журналының 1-7 санында 1917 жылы Қазақстанда мал саны 2571770 бас болса, оның 1922 жылғы есепте 88%-ы өкіметке тапсырылып жойылған екен. Аштық өрті өршіп тұрғанда 1921 жылы 400 мың орыстар қазақ жеріне қоныстануға жер аударылғаны және бар. Шындыққа бұлтартпастан жақындайтын деректерді білгендер ішінде құпия сақтады. Коммунистік қоғамға тап-таза пейілмен еңбек сіңіруден басқаға алаңдауға рұқсат та жоқ еді. Сонда да ауыл, елде айтқыштар «Рахымсызды сыйлап «рахмет» күтпе, қисая кет молаңа уһ деп» дегенді ащы мысалмен санаға жеткізіп отырды. Жер бетінде

қаншама адам бар, солардың көбі жақсылық күтіп, жардан ұшқанын да аңғармай қалатын еді. Өлгені өліп, тірі жүргені қазақша сөзінен айырыла бастады. Жер тарихын, ел тарихын ұрпағының құлағына құйғандар жоғарыдағы жатыпатарлардың құдалау, өрескел азабын аз шеккен жоқ.

\* \* \*

Туып-өскен жері, білім алған құт мекені Сарбиеде де екі Керей болды, жұрт бірінің лақап атын «жазғыш Керей» десе, екіншісін «айтқыш Керей» деп жүрді. Жұрт абайлап сөйлейді, аяқтарын аңдап басады. Жазғыш Керейді көрсе сескеніп, маңынан қашқақтап, қасына жуымайды. Үш-төрт ауылды қамтитын ауылдық кеңесте Аманғали деген милиция бар. Егін орағы кезінде, астық піскен бойда милиция көзінің шырымын алмайтын шығар, бір уыс келдек дейсің бе, бір уыс бидай дейсің бе, ешкімге ұрлатпай, қырманнан «қызыл керуенді» өзі басқарып, жатыпатарларына қатты тапсырып жатады. Жазғыш Керей жұртың күңкіл-сыңқылын да, бір сабақ бидайды кім жымқырды – бәрін біліп, милицияға жеткізіп, жазалатып отырады.

– Түрің құрсын өлік сияқты болған!

– Жауыздың көзі алайып кеткен бе? Ордандап жүрісі бұзылышты.

– Адамның қанына тоймай жүрген шығар, – деп сыбыр-күбірмен айтылған ащы сөздің өзі адам кейпіндегі құбыжықтардың кім екенін түсіндіретін еді. Саясат үрейлендіре түскен сайын адамдарда мейірім азайып, қатыгездік күшейе түсетінін түп-түгел жұрт қатты ұғынған. Жоқ нәрседен қылмысты атанып, жатыпатардың құрбаны болғандардың туыс-туғандары жер соғып, қарғап жатады. Қара ниет залымдар оған қыңбайды. Жұрттың үрейленгенінен масайрап шығады. Қызыл жағаның да, жатыпатардың да айтқаны жүріп, түкірігі жерге түспей тұрғанда жұрт аузында, «милициядан байым болсын, үнділік шайым болсын, тыныш жататын жайым болсын, қоспасыз қанға қоса адал арым денеме сіңсін, келер ұрпақ шындығымды айтып жүрсін» деп әндетеді. Тоқсан

шықырымдық Сарыбиеге сирек қатысатын көлікпен анда-санда келетін райком өкілдері ауданға қайтарға көлік сұраса, райком түгілі, милиция да жаяу кеткен деп сөзді тікесінен қайырып жатады. Ел жүдеу, ондайға сын-мін тағылмайды. Соғыс жылдарындағы аштық, жоқтық талайды іргесіне тақаған-ды. Сонда да жұрт аспай-саспай, шаруаны ретімен түгендеп, жақсылықтан үмітін үзген жоқ. Еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін жүректерінде ұйытқан «Бәрі де майдан үшін!» деген ұраны болды. Өңірдің жүздеген азаматтары сұрапыл соғыста жүрді. Солардың бірі Нұрымгерей еді. Майданнан анда-санда хат келеді, ұрпағы, туыс-туғаны өзі аман келгендей қуанысады. Осы кезде жылқышылар Қилаш пен Қашет майданға сөйгүліктерді дайындап, өздері жеткізеді. Жұрт: «Елден кеткендердің тақымына құт болып, жауды жеңсін!» деп шын пейілмен тілеп жатады. Қашет мақау, бірақ оның қайраты сұмдық, бесті асаудың құлағына қолы жетсе тырп еткізбейді. О да үрейден сескене ме, милицияны көрсе қорқып тұрады. Үрейдің қолшоқпары, жағына да білетін, табына да білетін жатыпатардың тағы бірі – есерлеу Тырбық ештеңеден сескенбейтін ерлігін көрсеткісі келіп, Қашеттен де қайраттымын деп, алдына барса тістейтін, артына барса тебетін жирен асау атқа жабысқанда, тепкіден ұшып, жан тапсырды. Оны естіген әйелдер «Бидай ұрладың деп ышқырымызды тінтетін жалмауыздан құтылды» деп қуанып жатты. Тостағандай ауылдағы қулық-сұмдыққа төзең төздің, төзбесең түрмеге кетіп өлдің. Ауылдың кеңесті басқаратын, ақсақ болғасын соғысқа жарамаған Құттығали қырманнан «Төрт балам аш отыр» деп жұрттың көзінше бір тостаған бидай алған әйелді қорғайды. Ұрыны көрер көзге Құттығали жақтады, қылмыскерді сақтады деп милицияға көрсеткен әлгі Тырбық еді. Кеңес басшысы «халық жауы» делініп, сегіз жылға сотталды. Елге жазған хатында:

*Арнадым адал достар, құрдасыма,  
Елдегі қатар өскен сырласыма.  
Жата алмайтын аунап-қунап мамық төсек,  
Қара жер қатты батты жамбасыма,  
Тақымдаған тақсірет зіл боп түсті бір басыма, –*

деп зарланғаны ел жадында жүрді. Жан баласына жамандық жасауды білмейтін қалың көптің мұң-шерін түсінген боларсыз. Мылқау-соқырға дейін үрейден шошыса да, сарғайып жақсылық күтті. Жүздері сынық, қайғы тұр ұлып, жаны мұздай, көрмеді жылып. Билікке кімнің өресі жетеді, қоғам солай, тірі болсақ көрерміз деп тынады. Өйткені тірілер түгілі, өлілер шопитын үрей беттетпейді, жүректерді мұздай қариды. Шәміл замандастарының елдегі тағдыры осылай уақытпен алмасып жатты. Қырық жамау киім, тойып тамақ ішу ұмытылған, балалық сезім жоқтықпен кірігіп, сабақтан бос уақытта шаруашылықтың жұмысын атқаруға арналған ауыр кезең. Еститіні әйелдердің зар үні:

*Қамысы Қожакөлдiң желмен шулап,  
Жүрегiм соқты қатты неге тулап?!  
Майдандағы ағалар еске түссе,  
Көз жасым омырауға ағып тұрмақ, –*

деп әндетеді. Періштедей пәк апалардың қайғысы.

– Оның бөрің ағыңнан жарылып еске алудың өзі жаныңды ауыртады, – деп Шәміл өлімшілікпен күн кешкен кезді тереңдеп айтуға көбіне құлықсыз. Бірақ жүрегіндегі мұз боп қатқан әкені жоқтау жадынан шыққан емес.

\* \* \*

Шәміл көп оқыды. Бос уақытында қолынан кітап түспеді. Білігі, білімі адамдарға шарапаты тисе жетер еді. Кейде саясат тірлікті мүлдем танымастай өзгертіп жатады. Ондайда ойын ерте дүние тарихына тастап, жәй жымия күлді де: «Грек пен Рим мифологиясында сиынатын, табынатын құдай аз болмағанға ұқсайды. Гея мен Ураннан өсіп-өнген, биікке жеткен 12 құдайды ерекше атайды. Жаны қысылса, соларға жалбарынып іздей бастайды. Онсыз көр қараңғылықтан шыға алмайтындай сезінеді. Ең күштісі Атлас болса, ақылы асқаны Прометейді аңызға айналдырады. Әр түрлі әуресі көп қоғамда қалың көпті тірлік сүрлеуіне түсірдің деседі, табынса өмір сүруі

жаңарып шыққан сияқты түсінеді», – деп толғанды. Бірде «Құдайдың басқа салғанын күтіп алдық, дүлейсіз де күн көрерміз» деген Кәжен ақсақалға қамшысын үйірген Бекбол бригадир:

– Қайдағы жоқ құдайды айтасың аузыңды ауыртып, қазіргі құдайымыз Ленин, Сталин, Маркс, Энгельс емес пе? Бұл сөзіңді менен басқа біреу естісе түрмеде шірісің, білдің бе?! – деп тұқырта сөйледі.

– Е, жаңа білдім, дүп-дұрыс сөзің, өзің айтқан құдайларға жатсам-тұрсам сыйынамын. Осылардың есімін атамасам, ішкен қатықсыз көжем бойыма жұқпайды, шақшадай басы түскір тірлік етуді ұқпайды, онсыз шиқ етіп жаным да шықпас әлі. Пенде болғасын арамыздағы құдайсынғандардың арасында бір қайшылық бар ма деп күмөнданып қалатынымды өзің сезген нағыз кереметсің. Біліп қой, олай-бұлай кейде ойқастайсың, өте дұрыс, мен болсам Ленин, Сталин есіміне сүйсініп, құдайдай көріп атасам болды, жүрегімдегі атамзаманғы қатқан мұз ептеп-ептеп жіби бастайды.

– Қайдағы мұз?!

– Е, немере інім-ай, сені туғанда анаң ұлды болдым, елдің қорғанын өмірге әкелдім деп қуанып еді. Жарайсың, қоғам мүлкін қорғап жүрсің, алуан түрлі бастықтың қасына ердің, жарайсың. Бірақ, менің бір жарамайтыным, әнеу күні соқаға жегіп жүрген тарғыл өгізім арам өлген жоқ па? Қатты қызылсырап, аузымның суы аққанда жасық болса да еті бұйырмады. Өкіметтің өгізі, оны бауыздауға жатпайды, жау атанасың дегесін қорқып, денем құрыстап, белгісіз жын ұстап, ақыры оңбай қамығып, содан жүрекке мұз қатты. Бірақ сол өлген өгізді қоймаға сүйреп кеткені несі? Мейлі не болса, о болсын, ит-құсқа не желінбей жатыр.

– Байқап сөйлеңіз, сөздің кесірі көп.

– Кейде кесірлігім айтқыш Керейге тартқаным шығар. Құлағыңды қойып тыңда! Керей ағамызды НКВД-шылар қолын байлап, төңірдің талтүсінде алып кетеді. Атақты банды Құныскерейді ұстадық деп өздері мәз болып, Ойыл түрмесіне жабады. Тергеушілері алма-кезек ауысып жауап алады. Керей үнсіз, біріне де тіл қатпайды. Қағаздарын

умаждап қайта-қайта жыртады. Өйткені Керейге өздері жазған қылмысты сөздерге қол қой десе, жұмырығын ашып қалам ұстамайды. Қарысқан қолын күштеп аша алмай қамап тастайды. Бөлмеде аяқ-қолын бауырына алып тоңқайып жатады. Онысы ұрсаңдар, құйрығым сендерге садақа дегені болар. Үштіктің соты жүпелдемде ғой. Содан сотқа апарады. Нетүрлі жабылған жалған жаланы тергеуші сотта судыратып оқып береді. Ақырында сот Керейге соңғы сөзіңді айт дейді. Ыңғайлы сәтін тап басқан Керей «Өздерің білесіңдер, Ленин мен Сталинді патшаның түрмесінде отырған деседі. Түрме киіндіреді, ішіндіреді, кісілігіңді қалыптастырады, мәпелеп күтіп, ақылсызды ақылды етеді. Онда біраз халық бар, солардың ішінде болсам деп ықыласым ауады кейде. Жансызың бар, қызыл жағалы бар, қорқып, қалтырап өмір сүргенше, түрмеде еркін тірлік еткеннің несі жаман? Дегенмен мені ұстаған милициялар Құнысын таба алмай, Керейін қылмыскер деуін түсінбей ұйқым қашып, есімнен тандым. Кеңес өкіметінің мөрі өтірік құжатқа басылмайды, туған жылым, аты-жөнім Құныскерейге ұқсамайды, сот жолдас, мына құжатты оқып көріңіз» деді. Жұрт сот процесі кезінде басымен қайғы болып абдырап тұрса, Керей өзінің қылмыскер еместігін дәлелдеп берді. Осы кезде прокурор Төлей ұшып тұрып, «Бұл не деген сұмдық? Үш милиция Құныскерейді атын шідерлеп, айдалада ұйықтап жатқан жерінде қамшымен түртіп оятады. Шап беріп ұстамайды. Анау тұрып атының шідерін алып, атына мініп, «жігіттер, менде шаруаларың болмаса кеттім» деп зытады. Енді бүгін Кеңес өкіметінің дайындаушы жұмысын атқарып жүрген Керейді бандысың деп сотқа тартады. Бұл бір оқиға емес, анада мерекеге ат дайындап жүрген адамды Алаш екен, жапон шпионы екен деп, Жапония түгілі, Ақтөбені көрмеген адамды соттатып жібереді. Мәскеудің лимитін орындаймыз деп ешқандай қылмысқа қатысы жоқ жазықсыздарды жазалауға болмайды. Милицияның жауапсыздығы бірінен-бірі өтіп, тіпті кімді аңдып, кімнің қандай қылмысы барын түптеп тексермеуі, шалағай іс атқарғанды, заңды мазаққа қалдырғанды жазалау керек дейді. Міне, осыдан кейін үштіктің арасында Төлей жөнінде пікір өзгеріп, бандыны,

шпионды қорғады дейтіндей «екіліктің» ұйғарымы болатынын сезіп, ол тұрған үйінің есігін ашып, мал-мүлкін тастап, отбасымен сытылып елден кетеді. Үрейлі саясат Төлейді өлтірейін десе де, шын өлген жоқ, ұлы Аман Төлеевті Кемеров халқы өлгенінше губернатор етіп сайлап алды, Ресейдің белгілі қоғам қайраткері, ұрпағы бар. Керей де өлген жоқ, ұрпағы қалды, сөзі қалды. Дегенмен Керейдің қырсықтығы милицияның әрбір ісіне екі шұқып, бір қарап, жазықсызды жазалаудан сақтандырады.

Жұрттың бәрі біліп, отбасында әңгімелейтін оқиғаны есіне алып тұрып бригадирге қадала қарап:

– Ақиқатты білетін адамның көзі ашық, байқап сөйлейді. Жаманның зияны жеті жұртқа тиеді деп кесірімді ешкімге жуытпай, көкірегімде сақтаймын, інім. Бәсең бол, шалқақтау жараспайды, – деген Көжендер аш-жалаңаш жүрсе де адалдық ауылынан табылып жүрді. Шәміл ауыл өмірінің кейбір сәттерін есіне алып, сол бір сұрапыл жылдарда кімнің қара шаңырағы ортасына түспеді деп өкінді.

Нұрымгерейдің кіндігінен өрбіген жетеу едік. Үшеуі түрлі жұқпалы аурудан жастай өмірден озды ғой. Адам өмірге бақытты өмір сүру үшін келеді, тірліктің сыр-жырын түсінбей жатып, былайша жанбай жатып сөнуіне қоғам кінәлі десек артық емес. Өйткені, аштық, түрлі індет, зөбір, қорлықтың түр-түрі мезгілсіз ажал арнаса, не шара?! Аш-жалаңашты, денесіндегі еті сіңіріне іліккен әлсізді төңіректен, қара жерге жұтуға ажал дайын тұратынын қайтерсің. Қайша анам үш бірдей перзентінен айырылғасын, зәресі қалмай тымаумен түшкіріп жүрсек, қатты секемденіп, қабырғасы қайысып, көз жасын сығатын-ды. Жұмыстан қалт еткенде аз-кем асты өзі аузына алмай, бөпектеп оқып жүрген төртеуіміздің қарнымыз аш қалмауын ойлайды. Бірде көлеңкеде майдангерлерге қолғап, шұлық тоқып отырған анамның қасына келген айтқыш Керей: «Қалған төрт балаңды тарықтырмай жеткізу сенің міндетің. Майданнан әкесі келгенше қарынын аш қылма. Әйел сезімтал келеді, тұяғы бүтін тұлпар жоқ, қанаты бүтін сұңқар жоқ, үш баланың қайғысына езіліп кетпе. Олар жастай өлгенімен, жаны тірі ғой, әкесін, анасын, бауырларын ойлайды, шыр-пыр

боп тызақтап жүреді ғой. Дене өлсе де, жаны ешқашан да өлмейді. Періште болып өмірге келіп, періште боп кетті. Нұрымгерей оқымысты еді, балалары да білімді болып елді қуандырар деуші едім. Кеңсеге жұмысқа бара жатыр едім, өзіңді көріп әдейі сәлем беруге бұрылдым. Майдандағы ерің, қолдағы балаларың аман болса, бірте-бірте қайғы ұмытылар, қандай да қайғыны қуаныш ұмыттырады дейді ғой. Қуануды да, қайғыруды да білмейтін жатыпатарлардан сақтасын. Басқан іздері өртеніп, елді ауық-ауық дүрліктіріп қояды иттер. Олардың да көрер жарығы, таттар дәмі таусылар. Өттегенесі, солардың түп-тұқиянына дейін зәлімдікті кәсіп етпесе жарар еді. Екінші әйелдерге шүйіліп, уыстап бидай ұрлайды деп кеше кеңседе екіленген жазғыштың сыбағысын бердім. «Майдангердің жанұясына тиіспендер!» деген Сталиннің сөзіне қарсы шығып жүрсің, өзің сотталасың!» дегенде жым болды», – деді. «Өлсіздерді, жетім-жесірлерді қорлауға күштері жетіп тұр ғой, – деп, ел адамдарының нені ойлап, нені қоятыны, бар тілегі амандық, майданда жеңіске жету екенін ана білдірді. – Бәрібір ел болғасын қалың жұрттың анда-санда шырқы бұзылып, өш-қастық қылаң беріп жатады. Шындап келгенде, қазақтың бұрын-соңды тегінде болмаған сүрең бар. Жұрт тыныш жүріп, тылсым қауіптен үрейге шырмалды. Екіден бір нұсқасы жоқ, өтіріктері өрге басып, қырлардан қырлар асып тұрған есірік, өрлік бар. Содан ертеңге деген наным жойылады. Іштен толқып, Нұрымгерей тез келсе деп кіжінемін».

Шәміл әкесінің елге сыйлы болғанын, халыққа білім беріп, ақыл-кеңесін аямағанын Керей сықылды ағаларының аузынан талай естіп, әкең нағыз адам еді деген сайын марқайып қалатын-ды. Кейде Керей айтатын жан тірі, сағынғанда түске ене ме деп ойлайды. Бірде әкесі қалың өрттің ішінде ақ боз атпен қылышын жалаңдатып шауып бара жатады. Ондай түс көргенде «сағындым, әке, тез кел!» деп шырт ұйқысынан оянады. Сол түстен де жүрегі жібіп, уайымды ұмытып, қуанады. Әкенің хатын қайталап оқи береді. Иә, ел адамдары аштыққа да, ауыр бейнетке де төзе білді.



Ауылдағы жасы үлкендер мектепке бара жатқанда немесе келе жатқанда көре қалса қосарлана төк тұрып: «Нұрымгерей талайға жақсылық жасап еді, соның балалары, тіл-көзден аман болыңдар. Тілегіміз сіздердің амандығың», – деп маңдайынан сүйіп, арқасынан қағып жатады. Елдестердің мол мейірі әкенің білімдар болғаны, қалың көпке жаққаны біртүрлі еркелетіп жіберетінін Шәміл ұмытар ма? Естіді, білді, талай тіміскілер қаншама сұқтанып жау атандырғысы келсе де, нақты дерек таппай, білгірлігіне, іскерлігіне тоқтаған. «Жұрттың көбі қорқақ болғасын бекер айтып, жала жабуға шебер келеді. Шындық – ақ алмас, оны ұстауға жүректілік керек. Ленин, Сталин шыншылдықты қалайды, оның сөзін қорқақ дұрыс түсінбей, идеясын бұрып ойран салғысы келеді деп талайды ақылға шақырмады деймісің. Бәрібір базбіреулер түн жамылып аласұрып, кейде жынды адамша өзімен-өзі сөйлеп, ел ішінен жау іздеп әбігерленіп жүреді. Өйткені, мезгіл-мезгіл түннің бейуағында ауданнан, әрісі облыстан қара машина келіп, есігін қағып, тиын-тебен беріп, азығын ұсынып, Мәскеудің лимиті бойынша молда бар ма, жапон шпионы бар ма, қоғам мүлкін бүлдіруші бар ма деп қыздырмалап, тыныштық таптырмайды. Көзге түрткісіз түн қараңғысын жамылып, көрші-көлем жетілік керосин шамның жарығымен ас ішіп отырса болды, есік қағып кіреді де: «Өкіметті жамандап отыр екенсіңдер, терезеден тыңдап естідік, жаусыңдар!» – деп қара машинаға тиіп өкетеді. Сол кеткенінен жазықсыз ерлер қайтып келе қоймайды. Өлі-тірісі белгісіз. Сотталғандардың ұрпағы да қайғы-қасіретті аяусыз шегеді. Жеті жылдықты бітірісімен комсомолға өтерде сотталғанның баласының алдынан құжаттағы сұрақтар: «Сотталдың ба?» деген жазба маңдайыңа сарт еткенде: «Е, сотталдым» дейді мазаққа басып.

– Қай жердің түрмесінде отырдың?

– Анамның қарынындағы қараңғы үйде тоғыз ай, тоғыз күн сотталып отырдым.

– Өкіметті кекетесің, комсомолға өтпейсің.

Бітті шаруа. Қоғамдық үрейдің саясаты аса шебер ұйымдастырылғаны соншалық, жазықсызды жазаға

байлап, адалдықты адамзаттың қас дұшпаны етіп, оның ұрпағына дейін мұң-шерді көкірегіне ұялатып, пендені ауыз аштырмай тұншықтырып, қоғамға қызмет еткізудің себебін түсіну қиын-ды. Ал бірен-саран көреген ойлы, түсінігі молдар опасыздыққа қол соқпаса да, жүздеріне таңырқаумен қарап, бетіне түкіре алмай, іштей мүжіліп тынатын-ды. Үрейлілер топ-тобымен жиналып, бір-бірін қуаттап, орағыта сөйлеп, қол соғып жатады.

Шәміл оқыған-тоқығанын, елде жүріп көріп-білгенін жүйелесе Сарбиенің сары желі ерте замандағы пенделер тірлігін жеткізер ме? Талай батырдың жаны, рухы тірі жүр. Адал жандардың түсіне еніп, болашағына нұсқау белгісін беретіні баршылық. Бұл өңірге адамдар сармат дәуірінен, тіпті одан әріректен бе қоныстана бастаған сыңайлы. Адамдар жер бетіне бірінші аяқ тигізгені Африка болғанға ұқсайды. Ниеті бұзықтар жақсылық көрген жерін бүлдіруге, қиратып талқандауға әуес келетіні байқалса, Африканың сапырылысқан халқының тарихта көрмеген теперіші бар ма? Ала бөтен арам ойлылар дархан мінезді, көңілі дариядай жомарттарды бұқтырып, обал-сауап дегенді елемей, жүнше түтіп жатпай ма? Жазба деректерде Африкамен еуропалықтар 1500 жылы танысып, білісіпті деседі. Ал одан арғысына күмөнданады. «Бабыр мырзаның шағатай тілінде жазғанында қазақтың сөзі бар» дейді орыс тарихшысы О.Ю. Сенковский. Бұған қайран қаламыз ба, қайранбыз. Қазақтардың алғысының бірі: «Жақсылыққа үйір екенсің, жер тұрғанша тұр!» деп бата беруі де тегін емес. Ал Левшин жазбасында «Каспийден – Алтайға, Оралдан – Тянь-Шаньға дейін қазақ рулары» десе, Міржақып Дулатов Арыстан патша заманында 400 мың әскері болғанын айтады. Әскер болғасын, демек, іргесі берік мемлекет қалыптасқаны даусыз. Тарихты алдау қиын, алдағысы келетіндерге қарсыласуға да шыдам керек. Тілін безеп орайсыз сөзді орғытып отыратындар қай кезеңде болмады дейсің. Пікірлерді айнұтпай қайталап ойлап көрсек, 940-1020 жылдары өмір сүрген Фирдоусидің тарихи жазбасында қазақ жұрты болғаны, олардың хандары болғаны, билік құрғаны кездеседі. Соғыса кеткенде алдымен найза ұстаған, әскери

құрамында қыпшақ, керей, дулат, наймандар болған. Осылар Айса пайғамбардан бұрын өмір сүргені ықтимал. Еділ-Жайық, Жошы елі, Жошы ұлысы аталған халықтар өмір сүрген дегені бұрынғылардың тарихын көзімен көріп, жазбаша қалдырғаны ғаламат емес пе? Сарбие жөнінде жұрт бар білгенін құлазыған көңілін көтергісі келіп: «Бірінші ғасырдағы екі иығына екі кісі мінгендей бабаларымыз болыпты, түске еніп, неге ұсақталып барасындар деп ұрысқанынан шошып ояндым», – деп өзілдеп, мысалдап отыратын. Шәміл Сталинград майданында жүрген әкесін, оның замандастарын жауын жапырып бара жататын батырлардай сезінетін-ді. Қызыл іңірде батыс жақ қып-қызыл өрт боп көрінетіні – Ойыл өңірі Сталинградқа пәлендей қашық емес қой. Сол өрт ішінде ерлік жасау бабалар рухының мықтылығы, ендеше неге ұсақталады? Түс қой. Дегенмен бұл тегін емес. Рухтың сұрауы ма? Әлде пендені жаратқанның жебеуі ме? Тірлігі игілікке толы пенде неден жазықты? Адам бағыныштылықпен құлшылық еткен сайын, бірін-бірі жақсы көріп ықыластанған сайын, кең пейілі дархандыққа толған сайын жақсылықпен неге жарылқана алмайды? Неліктен? Кенет төсегінде терезеден түскен жарыққа құмарта қарап жатқан Шәмілдің ойына ой түсті. Әлемде құпия көп, білгенінің бөрін миына қабылдап, ұғынғысы келді. Соғыстан бұрынғы жылдары Жақсыкөл елді мекеніне жарқыраған үлкен табақтай, көлемі киіз үйдей түсініксіз бірдеме қонып, ішінен түскен әйел Барбол деген шопанның далаға шыққан жігіт бола бастаған баласымен қой қорасының түпкірінде құшақтасып, некелі адамдардай біраз жүріпті. Ақырында содан ұл бала дүниеге келіп, оны әлгі әйел тастап кетіпті. Бет-бейнесі адам шошырлық, екі көзі тостағандай, оның өзі құлағына жақын орналасқан, үйрек тұмсығы иегімен бітiскен, ауызы, тісі түсініксіз сол жігіт соғыстан кейінгі жылдарда Жекенді өзеніне қой тоғытып жүргенде суға кетіп өліпті. Қазіргі ұшқыш тарелка дегеніміз сол болса, ерте дүниеден орныққан Ойыл өңірін басқа әлемдіктердің зерттегісі келгені ме? Шәміл жүрегін түрткілеген жұмбақ құбылыстардың сырын білу қиын екеніне басын қатырғысы келмеді. Десе де археологтар Қарауылтөбеден

ерлі-зайыптының қаңқасы екі жарым метрге дейін жететінін теледидарда көрсетіп қалды. Сонда басқа әлемдегілер Ойыл өңірінің тарихын зерттегісі келгені ме деп таңғаласың. Қисық ағашты тез түзетеді, қисық адамды көр түзетеді деп, бұл дүниеде болмаса, о дүниеде жаның азаттыққа жетсе, пенде тілегінің орындалғаны болар. Тірі жанға бұйыратыны тартыс, арпалыс шығар. Қалың ел не көрсе де, нені білсе де жұртқа дабыра етпей іштен тынады. Кезең солай. «Ой түпкіріндегіні анықтап білудің ауыр мезгілі-ай», – деп күбірледі де Шәміл нағашысын есіне алды. Қазақ «Адамның үш жұрты бар, туған жұрты – міншіл, қайын жұрты – сыншыл, ең абзалы – нағашы жұртың» деседі. Неткен ғаламат тәртіп, тәрбие!

\* \* \*

Керей айтқан сұм-сұрқиямен арпалыс, тартысты нағашым Дүзелбай Жұмабайұлы аз тартпаған еді. Түрлі құжат, деректерін Атыраудан іздеді, тапты. Атырау облысы бойынша жиырма төрт байдың бірі болып мал-мүлкі тәркіленген екен. Белсенділер, қызыл жағалылар қара мылтығын шошандатып:

– Мал керек пе, жан керек пе, қансорғыш?

– Мен де өкімет адамымын, қансорғышқа теңеме. Қансорғыш маса, сона, таскене болады. Әр нәрсенің атауымен айтпайсың ба? Жұрт қатарлы малымды ортаға беріп жатырмын, қарсылық көрсетуден аманмын. Әрине, сонау сармат дәуірінен бастап бабаларымыздың босағасына біткен байлықты өзің болсаң көзің қияр ма?

– Енді бәрін де о дүниеден табасың, Құдайыңа сыйына бер. Діншілдігің мықты деседі.

– Асқақтамай абайлап сөйле, дін – ғылым. Лениннің «Оқы, оқы» дегені де сол ғылымды құрметтегені, білгені.

– Құдай жоқ, дін жалған деді ғой.

– Басқалардың қосып айтқаны шығар. «Адам баласы ұйқыда, өлгенде ғана оянады» деген Хазіреті Әли. Өзің тірімін деп діңкілдеп, мылтығыңды шошандатып сүкініп тұрсың. Ұйқыдағы адамдар көбіне не айтып, не қойғанын білмейді. Көрген-баққаны ұрып-соғу, тауалы қайтқан

әлсіздің дүние-мүлкін тартып алу. Қиянатына арлануды да білмейді.

– Кеңес өкіметінің адамы қиянат жасауды білмейді, жаңа қоғам, кедейлердің мемлекетін құрып жатқанымызды білесіз бе?

– Білгенде қандай, баскесер дейсің бе, қолшоқпар қанішер дейсің бе, осы тәрізділерді түсініп болдық. Ал енді мал-мүлкімді қарсылықсыз алдыңдар, жанымызға тиіспендер. Біз де қоғамның адамымыз. Тірінің ісі Аллаға аян. Лұқман сүресінде «Күмәнсіз Алла Тағала барлық нәрсені толық естуші әрі көруші» депті. Әкелеріңнен, аталарыңнан ондай сөзді де естіген шығарсыздар. Бүгінгі еліргендер бұған қанша қайран қалғанымен, о дүниеде бәрі алдарынан шыққанда қатесіне өкінеді, қиянатынан қорлық көреді. Адам екенсіңдер, адамды қорғауды ойласа, қорлауды ұмытса дейсің.

– Атақты байсың, 824 бас малың болды, алтын, күміс бұйымдарың өз алдына. Құлдарыңды қорлаған жоқсың ба? Екі әйелің бар екен.

– Бірін әкем әперді, екіншісін өзім сүйіп алдым. «Сүймей алған сұлудан сүйіп алған сумұрын артық» деп екеуі де жарыса туып, өкіметке адам өсіріп отыр. Мал – бір жұттық, адамнан артық байлық бар ма? Қазақ әйелді сыйлаған, бірі де зәбір көрген жоқ. Қарауымдағы халқым – бәрі де туған-туыстарым. Малдың арқасында ішпесті ішті, киместі киді, Араб, Парсы, Үнді, Иран, Грек және басқа елдермен сауда жасады, өнер, оқу, білім қатынасын жалғастырды. Кімнен кем өмір сүріпті. Өздерінен сұрап біл. Ақымақ болып қалған бірі жоқ, – деп Жұмабайұлы аузын жиып болғанша үш жігіт кіріп келеді.

Қара мылтығын қозғап қойған шықшыты шығыңқы, салпы ерінді милиция әлгі үшеуіне тесірөйе қарап:

– Мына бай қожаларың еңбектеріңді елемей, қақтарыңды жеп қан қақсатыпты ғой. Сол рас па? – деді үстемсіп талтайып тұрып.

– Дүниені билеп-төстеп тұрғандай сұрақтарың айдап салу ма? Осындай да айлакерлік, зәлімдік болады екен-ау. Бір қазаннан ас ішіп, бір жайлауда бірігіп малымыз-

ды өсірдік. Байлығымыз бәрімізге ортақ. Кеңес өкіметі барлық малды түп-түгел алмай, қырық шақты үйміз, еншімізді заңдандырып берсін. Ортаға жинаған малды да өсіретін адам керек шығар. Ұзын құлақ сөзіне қарағанда, малды жинап алып, сойып Мәскеуге жібереді деседі. Ал Жұмабайұлы Дүзелбай болса қарауындағыларды өзінің ішінен шыққан балаларынан кем көрген жоқ. Біз үнді еліне дейін барып өнерімізді танытып, керек-жарағымызды алып тұрдық. Қайсыңның ағаң ба, әкең бе үнді еліне барып па?

Екі милиция сөзді естімегендей саусақтарын сипап, пұшайман күйде үнсіз қалды. Бар тапқандары тәркілеудің қағаздарын толтырып, шаруашылыққа ұйысады деген басшыға бір жапырақ қағазды есептеп берді де, Дүзелбайды қара машинаға отырғызып, Атырауға әкете барды. Дүзелбай балаларын бетінен сүйіп, ағайындарына «Бақыл болыңдар» деп ұзаққа кететінін білдірді. Әкесіне ілесіп Меккеге екі рет қажылыққа барған сайран өмірі, халқына жасаған жақсылықтары өңірдегі қабырғалана сусып көшкен құмдай бірте-бірте ұмытыларын іші сезеді. Бақас адамдар үдеп, басынудан ел жүдеп, мүкі-тақы тірлік ажалға тіреп қояр деп өкінді. Көкірегі күмбірлеп дұғасын оқып, «Мен ажал жетсе өтірік өлем, ұрпағым қалды, елге сіңірген қызметім қалды, Алла жолына арнаған ісім қалды» деп ойлайды. Қызылқоға ауданының құм белдеріне дейін қимай қоштасқандай болды. Бір кездескенде айтқыш Керейдің: «Саясат – дауыл-құйын, оның саябыр табарын өзің көрмесең де, ұрпағың көрер. Адам – құйынның тұтқыны, сілейтіп тастар мықтыны. Беталды бұрқылдамай, ақырын күтіп, ауыздан аңлаусыз сөз шығармаған жанын сақтар, бөлкім», – дегені көрегендік екен деп жорыды. Ауданнан тұтқындалған Байтілеу Көмесаев, Демеу Меңдалиев, Әлжан Игіліков, Жұмағұл Жұлдызов, Бабас Елубаевтар 1928 жылдың 27 тамызындағы Қазақ АССР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің «Ірі байлар шаруашылығы мен жартылай феодалдардың шаруашылығын конфискациялау мен жер аудару туралы» декреті бойынша мал-мүлкі, байлығынан айырылып, отбасымен бірге жер

аударылып кете барды. Дүзелбай сол кеткеннен Петропавлск қаласында табаны күректей он жыл жазасын өтеп, өкіметке тегін қызметін атқарып, Қызылқоғаға үлкен ұлы Оңғардың қолына оралады. Өкініші көп, қуанышы аз, ештеңені жасырып-бүкпей ашық сөйлесуші жоқ, өлгені көп, көптің бірі болып еленбей жүруші жетерлік, сақау адамдай сорлылардың бар арманы жазадан құтылу ғана. Жазалылар тірі жаннан жақсылық ықыласын күтпейді, басшының үнін тыңдайды, ымына дейін түсініп, атқаратын жұмысын біледі. Дәрменсіз, кәдімгі ұйқыдағы өлік тәрізді тіршілік Дүзелбайды қажытса да ақтарылып ештеңе айта қоймайды. Көкірекке қатқан мұз, ыза белгілі бір уақытқа дейін бе, әлде басы жерге жеткенше өзінің денесімен қара жерге бірге сіңе ме, бәрі белгісіз еді.

– Кедейлердің өкіметіне байдың керегі жоқ, көзіне көк шыбын үймелеп, байлықтың рахатын көріп едің, енді ажалын көресің, – деген тергеуші куәгерлер сөзі ұмытылмайды.

– Өкіметтің халыққа беремін деген азаттығы қайда?

– О дүниеге тездетіп барсаң азаттық емей немене? – деп қызыл жаға өлтіргенінше асығып еді.

«Сонда рахаттанып күліп тұрып, «Қазақ өлер жеріне дейін күліп барады» деген едім. Солар аман келгенімде ұялмады ма екен?» – деп Дүзелбай жәй жымыятын да қоятын еді. Қиындықты күліп жүріп жеңгеніне ештеңе теңгермейтіндей болатын. Күлгенің – өмірің, тірлігің, дұшпаныңа сесің деп түсіндіргені есте. Ауылдасы Сағи Ермұхановтың өлең жолдарын ойына оралтты.

*Уақыт өтті, күлдірсін!  
Жақсы, жаманды кім білсін.  
Ел ортасында жүргенді  
Аман-сау деп бір білсін.  
Тәсі қайтып зәлімнің,  
Ішін өртеп күйдірсін!  
Өттеген-ай, арамызда  
Жүргендер бар көлгірсін.  
Досым, досым, дос кісі,  
Таңменен күліп жүрмісің?*

*Тірлік толған күлкі,  
Түсінбей қалма білгішсіп, –*

дегеніне сөзді қадірлей білетіндер тоқтайтын еді. Рас, адамдар көбіне-көп өзін аңғара алмайды. Бағдары әлсіз, болжауы мәнсіз. Кісіліктің сан түрлі қасиетін түсіне алмай, бұлыңғыр сезімнің жетегіне еріп, кескін-келбетін өзгертіп, әуре-сарсаңмен бейшаралық күйге түседі. Қалың тобырдың мақсатын алдын ала түсіну қайда, алтыншы сезім, үшінші көреген көз жүйелеуді ұмытады. Көзді ақ шел басқандай түк көрінбей, түнектенуге арсыз шайтан кіріседі. Шайтан не үшін жаратылған? Елді адастыратын ондай азғырушының керегі не? Өзінің тозаққа баратынын біле тұра ол неліктен кінәсін мойындап, тәубеге келмейді? Алланың құдіретімен шайтан да періштелердің арасында болса да Алланың сынағынан қатты сүрініп, бұйрықты орындамай, нағыз қырсық шалған, нәпсінің құлы болғандықтан қуылды. «Шайтанның азғыруына ерсең, басыңды жұтарсың» деген қазақ. Соған қарағанда шайтанның зұлымдығы арқылы адамдар сақтана білуге, жақсылық жолдан ауытқымауға, ой-санасының кемелденуіне, жан тазалығын сақтауға мүмкіндік туды. Кеңес өкіметінің бірден саясаты дінді жоюға бағыт ұстағаны шайтанның түрлі зұлымдығын нажағай ойнайтын сұсты қара бұлттай түнеріп, халықтың басына қалың нәубет зілін салды. Пендені түрлі қасірет шегуіне еріксіз мойынсұндырды. Үрей көз аштырмады. Сол тергеушіге Дүзелбай:

– Пендені тергеп-мінеу оңай, ертеңгіні болжау қиын, қазақ «Қайта кірер есігінді қатты жаппа» деген. Оны құлағыңның тосабы болмаса естіген шығарсың. Абай бол, – деген.

– Ақылыңыз өзіңізге, ондайды тыңдамаймыз, біз коммунизм адамымыз.

– Кім болсаң да жаратылысты ұқпай ма екен? – деп Дүзелбай күңірене ойланып, тарттыратын жазасын күліп отырып, қабақ шытпай қабылдауды ұйғарып еді. Қызылжарда өзімен жылдастар да табылды, сырласатын жазалылардың тілектері бас амандығы еді. Өндіріс



орындарының құрылысын салуда күн-түн қатып жұмыс істеді. Ресейден жер ауып келген кулактармен де сөйлесті. Олардың қолында мал-мүлкін тәркілегенде алтын бағасымен сөйкестендірілген рубльге шаққандағы қаражаты көрсетіліп, акт берілген. Иван Сергеев деген кулак кісі жатырқамайтын, адамдармен жанасып сөйлескісі келіп тұрады екен. Сол айтып еді: «Ажалдан бәріміз де қорқамыз. Ол түсінікті ғой. Егер өле кетсек адал еңбекпен жиған байлығымыз ұрпаққа бұйырар деген үміт бар, тәркілеудегі түрлі құжатты балаларыма мұқияттап түсіндіріп тастадық», – дегені бар-ды. Ал Дүзелбайдың қолына түк құжат берген жоқ. Байлығынан біржола тоналғаны ма? Шынымен ақ адал байлығы ит-құсқа жем боп кете бере ме? Жиған-тергенін бұйыртпауды қазақтың маңдайына жазған ба? Саясат та, өмір, тіршілік те алма-кезек ұйытқып, бірде қазанға салған тарыдай қуырып, бірде шыққан күндей жадырап қалмаушы ма еді. Ей, тыртысып жан беріп, жан алып жиған мүлік, байлық қайда қалмаған? Жартқаннан тілейтінім, ұрпағым шайтан мінезділерге қысылып-қымтырылып көзін сатпай, жағынып, табынбай өмір сүрсе екен. Билік басындағының табалдырығын тоздырып жағымпазданбаса екен. Ерлік мінезбен көкірегің ешкімге бастырмаса болғаны. Әй, қайдам. Көзге түскенін қолма-қол ұстап, байдың тұқымысың деп итсілікпелеп зәбірлемесе өз тірліктерін көрер еді деп ойлануға да мұрсат бермейтін қызыл жағалы діңкілдеп:

– Тездетіп жұмыс істендер! – деп қызынып дауыстап жатады. Сілесі қатып құлағаны болса тепкінің астына алады. Жазалы адамдар өлсе де, оны қорлаудың шектен шыққанын көрсетсе де ешкім тергеп, тексеріп жатпайды. Өлгендерін бір шұңқырға лақтыра салады. Әркімнің күйініш, күйігін, жәбір-жапасын ешкім елемейді, бәрі сұраусыз. Бүкшеңдеп жүріп тапсырған жұмысын атқарасың. Осының бәрі өлгенінше санасынан өшер ме? Тұтқын, жазалы, тыныш ұйқы жоқ, күлкі жоқ. Көз алдында сұлап жатқан өлі денелер, біріндеп тулақша сүйреп әкетеді. Аяныш сезім жойылған, қанталаған көздер оларға ештеңе айтуға болмайды. Адам құнсыз. Соның бәрін елге келгесін Дүзелбай ұрпағына да айтып олардың жаны-

на жара салғысы жоқ, көрген, баққанын жүрегінде сақтайды.

– Ақтарылып айтса шері тарқар еді.

– Жоқ, олай емес, ешкімді шошытқысы келмейді. Өзінің өмірі, өзгеге білдірмеуге шыдайды.

Жазалы болғанда көргендерін қылқылдап сұраса, «Жұртпен бірге жұмыс атқардық. Әр түрлі істі, шаруаны меңгердік, ол жаман ба?» деп Дүзелбай өзінің қанына біткен тазалығынан тынбай. «Болаттай беріктік, мінез сынбайды. Өлгендер тіріліп, өмір сүретін мезгіл келер деген айдауда жүргендегі үмітін жоғалтпайды. Қаншалық қорланса да, қаншалық зәбір шегіп, жүрегіне кек мұз боп қатса да от-жігер төзімділігін танытудан жаңылған жоқ. Алла жолына адалдығын сақтады», – деп Шәміл жан-жүйесін босатты.

\* \* \*

Дүзелбай кіндік қаны тамған жерге, қайратының барында айбатымен кедейлерін үбірлі-шүбірлі етіп теңестірген еліне келгеннен бері ұйқысынан ерте оянады. Арада өткен он жылда біраз өзгерістерді байқады, лақтырған таяғын әкеле алмайтын сорлылар атқа мініпті. Жалпылдап шауып, бір қолымда мылтық, бір қолымда кеңестің мөрі деп жер астынан жарып шыққандай зікір салып жүр. Көздері аспандап, көкірек желі дауылдатып, екі иығын жұлып жердей ащу шақырып, «Жаусыңдар ма, жұмысқа шығыңдар» деп ақырып сөйлейді. Ешкімнен жасқанбайды, тым тасынып кеткен. Өйткені қарсы тұрғанның қарасын батырып дөніккен. Ойыл өзенінің тұнық суындағы таңғы самалы ғана жанға жылылық сыйлайды. Басқасы озбырлық қиянат еңсеңді басатын, шындыққа ырық бермей дүрілдеген үрей үдеген мезгіл. Сезеді, көп ұзатпай ізіне түседі. Кіммен сөйлеседі, қайда барады – бәрін аңдуға алады. Жалаланып бұлай тергелсе, әуелгі он жылдан да ауырлап кетеді. Әйтеуір маза бермесі анық. Белсенділердің аужайын байқады. Көрдім, білдім деген көп сөз, қылмысты деуге жарайтын дөп сөз, білмедім деген бір сөз деген жұртта үрейлі ой қалған. Меңіреу маң,

айғай-шу, белсенділер қиқуы соншалық дүлейлене түскен. Өлсіз халық мал, егін шаруасын атқарады, үнсіздікпен ымырт үйіріліп, қас қарайғанда жатаған үйіне оралып пеш түбінде қорқыныштан жүрегін тоқтатып, өзіне әзер келіп, аманбыз ба деп бәдіктене күбірлеседі. Бесікте жылап жатқан бала болса, «милиция келіп қалады, үніңді шығарма» деп қорқытып тастайды. Қуғын-сүргіннің зұлмат зілі жас сәбидің де ұйқысын бұзған, ажал арбаған қатал кез.

Адамдар үрейі ұшқан кезде абдырап күлуді де ұмытады екен. Кейбірі тілін жұтқандай ерінінің ұшымен амандасады. «Көріп тұрсың, Дүке, біздің жағдай осылай, бір түйір тарының қауызына сый деді, сыйып кеттік. Тіріміз ғой, өлмеспіз әзір» деушілер Қызылқоға аспанын сирек бүркейтін сұсты қара бұлтқа қарап, ләм деместен телміреді. Қимас достары неге екені белгісіз, солқылдап жылап, «Сағындық қой, аман-сау келдің бе?» деп күңіренеді. Онысы елде өлімнің аз болмағаны, қуғын-сүргінмен сотталғандарды жоқтауының үнсіздікпен білдірген белгісі. Ал белсенділер болса қарсы келіп кездескенде қабағы қатып, әкесін өлтіргендей кектілікпен:

– Жаулық ойың жоқ шығар, жазаңды толық өтедің бе? Өліп қалды деп естіп едік. Тірі екенсің. бізге мешаает етпе, өйтсең қараңғы үйден бір-ақ шығасың, – деп мықтымысып, пәлені қалай жабыстыруға болатынын, сотталып келген таза емес деуге дайын тұрған арамдығын бетіне тура қарап біледі. Онысы әбден түсінікті. Дүзелбайдың шамалауы солай. Байқаусызда қолға ұстаған айырын немесе күрегін аңдаусызда сындырса, өкімет мүлкіне жаулық әркет деп байбалам салады. Бағымы келіспей мал өлсе, өкімет жауы жасырын барып қарнына қара пышақ сұққан деген сықылды жалалап қылмыс көтеруге белсенділер оңтайланып төселіп алыпты. Көп ойланып, бас қатырып, обал-сауапты ескеріп жатпайды, жатыпатарлары бәкенеден де пәле өргізудің сан түрлі сұрқиялық жолын меңгеріп, шаруаларды бір шыбықпен айдаудың тәсілін әбден игеріп, ешкімнің аузын аштырмайды, тырп еткізбейді. Қолхоз шаруасы осылай дамып жүріп жатыр. Басшылар жиындарда «Өмір бақи жетпеген жетістікке жеттік, социализм қара халықты

жарылқады, жасасын Сталин!» деп өтірік-шыны аралас мәліметті пысықайлары толтырып, жоғарыға жөнелтіп жатады. Жазба дерекке иланбай көрсін. Арғы тегі бай болған, құл ұстаған, елді қанаған деп әупірімдеп соттата салу оңайланған. Басшылық Дүзелбайды жылы қабылдай қойған жоқ, оқты көзбен атып, тірі келгенің түсініксіз дегендей зіл білдіреді. Осындай сәттерде Дүзелбай еркін күліп: «Айтқыш Керей «адамды адамның сыйлағаны жақсы, бірақ қорқыш сыйлағанға ештеңе тең келмейді» депті. Көкірегімді шалған жазалы деген қылауды адал еңбегіммен ақтармын деген сертім бар еді», – десе түрлене бастаған тобыр түксиген қалпы үнсіз қалып жүрді. Көзге көрінбейтін жау, айқастың белгісізденуі тым қауіпті.

– Осындайда адамдардың қатты өзгерісіне, ағайын-туыстың мінезінің мың сан құбылуына жылауға көзіңнен жас шықпайды, есесіне қарқылдап күлесің. Мазақ күлкінің өзі оқтан өткір, түсінгенді жерге тығып жібере жаздайды, – деп Шәміл қиюы қашқан қилы заманды ойлап өзінше баға беріп көрді: «Дүзелбайдың туған жеріне, ағайын-туыстарына жаман ойы болған жоқ. Бірақ, қоғамның ықпалымен өзгерген сұм-сұрқиялар тірлік жолын кес-кестеуге әбден тырысып бақты. Кейбірі кергіп тәсілқойлана «Жат жердің тамағы дәмді ме екен, оңалып келісің» деп кекете бастағанда «Жақсы адамға қай жерде де бір орын бар және құрметтеліп тұрады, ақылсыз жаманға орын жоқ, тірлігі тар қапас, масқаралап күлкіге айналдырады. Өзіңнің түріңді көргенде ішегім түйілгенше күліп қуанып тұрғаным-ай. Менің күлгенім ұйқының батпағына батқаныңды байқап, сезіміңді оятсам, тағы да күле берер едім» дегенде әлгі әрлі-берлі сенделіп, күйіне ойқанып бетімен кете барады. Тіпті кейбірі Дүзелбаймен бірге егін, мал шаруасында бірге жүруге сезіктенетіндей сыңай таныта бастаса, өзінің туған жерінде болған-болмағанын ұмытқандай назалы күйге түседі. Өйткені өмірінде көрмеген сұмдықтарды көріп, жанын қинағаны аздай, елдегі дос-жарандарының да кейбірі жалт бұрылғанына күлкімен ғана жауап береді.

Бірде бірге өскен жолдасы Сәдір шопаның үйіне барды. Киіз үйінің алдында төбет итін қыңсылатып ұрып жатыр.

– Оу, не болды, өзгеге әлің жетпегесін иттен өшінді алып жатырсың ба?

– Бұл ит бұзылған, менің үйімнен асқа тойынады да, анау-у ақ боз үйдегі бастықтың інісі шопанның үйіне әдейі барып үреді, – деп басын шайқайды.

– Ит иттігін жасайтын шығар.

– Неткен жағымпаздық. Күшік күнінен асырап асқа тойындырып бағып, күттім, еңбегімді, жақсылығымды неге ит басымен түсінбейді? – дегенде Дүзелбай оған қарады да:

– Итмінез адамдар да да бар емес пе? «Ит те иесіне тартпай тұрмас» деген, елдің иесіміз дейтін оजारлараға бейімделе бастағаны ғой. Ұрып түзете алмайсың, одан да «күшім, күшім» деп күліп қайта тәрбиеле.

Қайта тәрбиелеуге көнбейтіндер қалпағын қақырайтып, аяғын алшаң басты. Сөйтіп, Дүзелбай ескі досының қонақасын ішіп, біраз әңгіме-дүкен құрып, өткен өмірлерін еске алып, ішінде жатқан оқиғаларды ақтарып бір жасап қалып еді. Арада біраз уақыт өткесін Сәдір шопанды кеңсеге шақырып бастық: «Сотталған адамды жақсы құрметтепсің, сенің де қоғамға жаулық ойың болып жүрсе жақсылық күтпе!» – деп әмір етіпті. Осындай сұмдықтардан кейін Дүзелбай қарапайым туыс-туғандырыма кесірім тимесін деп буынып, түйініп, жақсы ит өлімтігін көрсетпейді деп әлденеше толғана ойлап, ақыры Қазалыға көшіп кетуге бел байлады. Бірер ағайынына «Мені өледі деп ойламаңдар, Алланың берген жасын жасаймын, басқадай таудай қиындық болса да күліп жүріп жеңемін» деп қоштасты да, ата-баба қорымына барып дұға тигізіп, туған жер топырағын маңдайына басып, «Қазалы, қайдасың?» деп тартып отырады. Сәдір досын қимай тұрып: «Ар кірлесе, айыптаушының не керегі бар?» – депті. Басшылардың қауырт қимылдарына, тосын тәсілдеріне арымды кірлетпей, ешкімге залалымды тигізбей, жер кең ғой, бір пана табылар. Өлді деп ойлай көрме!

\* \* \*

Нағашымның «Мені өледі деп ойламаңдар» дегені еске түскенде Қырым ханы Жәнібек Гирей (1477-

1478) уәзірлеріне әрқашан да жорықта жүргенде «Мен қастарыңда тірі жүремін, өлді деуге қақыларың жоқ ешқайсыңның» депті деседі. Сол сықылды әлдекімдердің қолындағы ойыншығы бола алмай, көзтүрткіден шыдамы таусылып, басқа жерге қоныс аударып кетсе де, дос-жолдастарымен «Әрқашан да қасыңнан табылармын» деп төс түйістіріп, саулық тілесіп, Қызылқоғаның құмдауыт топырағын қимай кеткен-ді. Жанындай сүйген ата-баба мекені, киелі босағасы кімнің көзінен бұлбұлдай ұшпады дейсің. Басқыншылықтың шешімі жоқ қиын түйіні кімді тентіретпеді. Дала толған мұң-шер, қалың қайғы. Құбылай хан (1216-1204) – Шыңғыс ханның немересі ата жұрты Моңғолия мен Қытайға дейін билік жүргізіп жүріп: «Байқандар, денем өлсе де, билігім, тарихым өлмес. Шын өлудің де, өтірік өлудің де маңызы, құндылығы, тәсілі бар» депті. Алланың ісін толық аңғаруға кім-кімнің де қабілеті толық жетпейтін шығар. Пенде күнделікті көрген, баққанына риза боп жайбарақат күй кешеді. Осы жағдайға анық-қанықпын деп ештеңені кесіп-пішпес. Үзілмейтін үміт қайда, азбайтын, тозбайтын ақыл қайда? Ақылға ақыл қосатын алғырлық қайда? Жалпы пенде өмірге қаталдау қарап, тапқырлықты, болашақты болжағыштықты нақтылау жағынан кемдік көріп жатамыз.

– Жаратқанның жарылқауын күттіңіз бе?

– Бәрі де Аллаға аян, кімнің жаны таза, жаны ағарғанның ақтан тілегені елеусіз қалмаған. Егер үмітінен, сенімінен айырылған адам от көбелек боп ажалды да, бейнетті де өзі тілеп алады. Пенде өзін кінәлаған сөзді өз құлағымен естімесе, опық жеп өкінер. Онда тұрған не бар, әркім періштемін деп ойласа да, періште емес. Кейбіреудің қателігі шашынан көп шығар. Өйткені қандай қоғамда өмір сүрсе де жоғарыдан дауылдатқан сұрау түсіп, мазалап жатады, ал төменгілер ақылмен, тапқырлықпен іс атқаруға мән бермейді де, есесіне суайттар мен парақор, жалақор, нетүрлі зәлімдер киіп-жарып пайдалы істің де тас-талқанын шығарады. Ертедегі түріктердің мемлекеттік тәртібінде шонжарлар кедейлерді зәбірлесе, мырзалардың мүлкін тәркілеп, тіпті өлім жазасына кесуге құқық берілген. Қазір де үстемдік иесі кімді

зәбірлемей жатқаны айдай анық-тын. Оны күн құрғатпай алдына арызбен келгендердің түрлі дерегі көрсетеді. Партия комитетінде қызмет атқарған жылдарында талайдың қорлық көрген оқиғасы көз алдынан өтіп жатты. Бірде кеңшардың дәйт, дүлей айқайшыл директоры шопанды «Дұрыс құрметтемедің, араққа тойғыздадың» деп соққыға жығып кеткен. Бюро талқыға салып қатаң ескерту берді. Одан әлгі басшының ұрда-жық мінезі өзгере қойды дейсің бе? Адам қырық жасына дейін жүрген жолым, тірлік ету дағдым дұрыс десе, содан таймайды. Қазақтың «Ер жігіт қырыққа толып, қырқасына шыққасын ойланады» деуі тегін емес. Ауылда айтқыш Керей жастарға: «Жігіт атанып, қырқадан асқан сайын артыңа бір қарап, өмірден көрген жақсылық пен жамандықты түгендеп, күш-қуатыңды жақсылық жолына таңдап-талғап қуалай салып отыр», – дегенін құлаққа құйып едік. Ақыл – қазына миыңа бірден қона қалмайды, арып-талып іздеп табасың. Ұлттық өнеге, қасиетті жанкештілікпен игересің. Игере алмасаң басыңды тауға, тасқа соғып, өзің қорлық көресің. Көңілдің аласы да бар, шаласы да бар, дәлірек айтқанда, уақ-түйек дейтін кикілжің ірі қылмысқа кейде ұрындырады. Осылай ойлайтыны, халықтық бақылау комитетінің төрағасы қызметін атқарған соң алдына кімдер келмеді. Бірде орта бойлыдан биіктеу азамат есік қағып кірді де, сәл бөгеліп, қалтасынан арызын суырып Шәмілдің алдына тастайды. Шағымның мазмұны нағашы ағасы салып жатқан қора құрылысына көмектеспегені үшін сойылға жығыпты. Оны милиция тексермепті, ауыр қылмыстыларды тергеп үлгере алмай жатырмыз деп кабинетінен қуып шығыпты.

– Рас нағашың ба?

– Әрине, рас. Туған нағашым.

– Оның басқа адамдармен де төбелесетін әдеті бар ма еді?

– Басынан сөз асырмайды, жұмырығын түйіп, кіжініп қаһарына мініп шығады. «Іздегенде табылмаған төбелес» дейтін мөтелі бар.

– Таяқ жегендері милицияға бұрын шағынып па?

– Өшіктіргісі келмей жанынан ұдайы қашып жүреді.

– Жиенім деп жылы шырай көрсетіп, еркелеткен кезі болды ма?

– Арақ ішпесе «жиенжан» деп бауырына тартады. Сосын «дүкеннен жүгіріп барып бір жарты әкеле ғой» деп жұмсайды. Тілін алмасам, жағымнан бір тартады. Өзі қызық адам, сосын «ауырып кеткен жоқ па?» деп бетімнен сүйеді.

– Менің де нағашым бар, кейде ұрып-соққанын қатты сағынамын.

– Нағашыңның жұмырығы жұмсақ шығар. Менің нағашым осы сапарда кеспелтек таяқпен ұрып, басымнан қанды бұрқ еткізді. Адамның қанын көрсем шошимын, түнімен көзімді ілмей жылап шықтым. Сізбен ақылдасып, осы арызымды енді сотқа бергім келеді, – деп әлсін-әлі көзін жыпылықтатты.

– Көзің неге жыпылықтайды, өтірік айтып тұрған жоқсың ба?

– Оллаһи, шыным, – деп төмпек танауын сипады.

– Нағашы-жиендінің, өтірікшінің арызын сот қарамайды.

– Енді қайтіп кегімді қайтарамын быдық немеден?

– Нағашыңа қарқылдап күліп барып құшақтап, менің ауырмайтын құйрығыма ұруды білмей, дорақ емессің ғой. Ашу шақырғаныңды айтсаң, алдыңа жақындамайтын едім, басымды қатты ауырттың. Ендігәрі өйте көрме, нағашы, жиенім деп басқа біреудің басын жарып, сотталып кетсең, түрмеге тамақ тасып шаршап, қатты қорланамын ғой деп жынды адамша қарқылдап күле бер. Сосын сенің мазағыңды түсініп тиіспес.

– Өзі жалғыз нағашым. Анам өліп, тіріліп шаң жуытпайды.

– Кім бауырын жек көреді, сенің де бауырың «Енесі тепкен құлынның іші ауырмайды» деп өзіңе елден ұят, нағашысымен сыйыспай соттасып жүр деп, қатар құрбыңның мазағына қаласың. Ондай абыройсыздық жаза сот жазасынан да ауыр. Енді түсіндің бе?

– Түсіндім, рахмет! – деп орнынан тұрып күлімсіреп шығып кетті.

Шәміл осы оқиғадан соң қорытынды ойға берілді. Өзінің кіндігінен тараған төрт ұрпағына «Ұлтыңды сүй,



адамдарды құрметте, нағашы жұртыңды ардақтай біл» деп шикі жасынан тәрбиеледі. Шындығында, қазақ әйелдері үш жүздің бірлігін сақтауда әлем тарихында болмаған қызмет атқарды. Қазақтың нағашы, жиен, аға, іні, апа, қарындас, келін, ене, әже, ата деген сөздері ешбір ұлт тіліне аударылмайды. Орыстар болса брат, сестра деп өте шығады. Ұлт татулығының мұндай оқиғалары Шәмілге бала күнінен қанық. Жоғарыдағылардың басқарушылығындағы үлкен сөтсіздігі, қалың көптің көңілін суытқаны, тіпті кейбіреулерді өмірден баз кештіргені ұлттың қалыптасу жүйесіндегі құдіретті қасиеттерді елеусіз қалдырып, бірді бірге шағыстырып, үрейлендірумен мақсатты орындаймыз деуі қандай қателік. Сүттей ұйыған татулыққа жік салып, талайды азаптандырды. Содан күні үшін біреулері жағымпазданды, кейбірі сатқындықтан есебін тапты. Бас аман болсын деп өмірге қатал, қатыгездікпен қарау қалыптасты. Жалпақ жұрты ойлаудың орнына өзіншілдіктің азғындық мінезі қалыптасты. Ұлттық құндылықты сақтап ұтып шығу ұмытыла бастады, зорлықпен ойдан шығарылған ортақ қазына, жақсылыққа жаппай халық жетеді, барлығымыз бірдейміз деген саясат желі ұйытқыды, бұл ұлттық қадір, қасиетті тіпті де салыстыруға келмейтін еді. Ел айтқыштары «Социализмде бір қазаннан ас ішіп, бір көрпенің арасынан өріп жатамыз, рахатқа батамыз» деп сайқымазаққа айналдырды. Тегін білмейтін тексіздер өзге жұрттан ерекшеленіп, бәрін де саясат шешеді деп желікті. Шындық ұмытылып, жалғандықтың айтқаны екі етілмеді. Жақсылық күткендер жалықты, зарықты, санамен сарғайды. Ақиқат, шындық жоқ деп мұңданды. Одан сайын әлемді шырмайтын жамандық үрейі үдей түсті. Басшы адам қалың қауымның сырына қанығып, алдағы тірлікті болжап, бағдарлап, айтқанын, нұсқауын жұртшылық құлақ қойып қолдады ма, жоқ па зерттеліп жатпады. Бірақ Шәміл өзіне ерекше және қатаң талап қоюы билеушілердің тапсырысын мүлтіксіз орындауы ғана емес, екі иығында тұратын зіл жүрегіндегі мұз-шерге сабақтас еді. Зіл деуі – кейбіреулер Ойылдың азаматы ұқсатпады дуден, екінші иығындағы зіл Ойылдың азаматы алым алады, дүниеқор

ғой деуден қатаң түрде сақтануы еді. Біздің қазақ талай жамандықты кешіреп, бірақ тегіне тіл тигізгенді кешіре бермейді. Ал көкірегін кернейтін, бір тыныш таппайтын қайғысы әкесінің өлі-тірісін анықтап білуіне зарығуы еді. Отбасында қанша бала болса да, солардың біреуі өкені ерекше жақсы көретінін балалы болғанда түсінген-ді. Өн бойындағы ізгі мінез-құлық, алғырлық, қабілеттілік, арам пиғылсыз өмір сүруі өкенің қанынан дарыған деп ұғады. Сол игіліктің бәрі алған білімі, ұшқыр қиялымен, еңбекқорлығымен қалың жұрт алдында абырой, атаққа бөледі. Кейде пенденің мың жақсылығын бір жамандығы оқыстан жуып-шайып кететіні де бар. Сондықтан қым-қиғаш тірлікте ақиқатын жарқыратып көрсеткенге не жетсін. Игілікті еңбек етіп, мейірімділігінен жаңылмай, қоғам мүлкін, адамдар тағдырын қорғап, сақтауда халықтық бақылау комитеті орасан мол жұмыстар атқарды, заңгерлердің ісін де бір жүйеге келтіруге үлесін қосты.

Бірде Бүкілодақтық Минитрактросельмаш министрліктің жобасындағы Қызылордадағы ауыл шаруашылығы машиналарын шығаруды қолға алған болатын. Зауыт құрылысын тездету туралы 1980 жылы 6 наурызда №209 санымен шыққан КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің қаулысында көрсетіліп, қаржы бөлінген құрылыстың бірінші кезегі 1981 жылы іске қосылуға тиісті еді. Қажетті 2 миллион сом қаржының 350 мың сомы ғана жетті де, жұмыс мешеулеп қалды. Осындай жауапсыздық салдарынан бір миллион сомның түрлі станоктары ашық алаңда шашылып азып-тозып жатты. Мұндай қырзыдықты бақылау комитеті дер кезінде тексеріп, тергеп, Мәскеуге дейін дабыл қақты. Осындай жағдайға назар салып көріңізші, егер уақытында мәселе қозғалмаса, қаржы да, қымбат мүліктер де игілікке жарамай, жауапсыздықпен жоқ болар еді. Шәміл өзі басқарып қызмет істеген кезінде жоғарыдағыдай талай қиын шаруаларды жүзеге асыруға мұрындық болды. Игілікті шаруаның орындалуы мүмкін еместей көрінген көптеген өндіріс орындарының мәселелерін шешіп, сыртынан қуанғандар Ойылдың азаматы деп құрметтеп жататынын да естігенде туған жерінің атағы көрініп, өзінің

абыройы өскендей сезінетін-ді. Өзгелерге көп ұқсамайтын тазалық қасиеті талайдың алғысына да бөледі. Рас, біреулер қатал көреді. Онысы да бар. Өйткені, кейбір пенде жамандығын ой тұңғиығына жасырса да аңғарып қалып, жиреніп, өз отыңа өзін күй деп төтесінен қайырады. Дүниеқоңыздықтың пәлесі де жетеді. Қарнына пышақ айналмайтын қызғаншақтар да табылады. Туа біткен тентек болмайды, жамандықты қуа-қуа еті үйренген тентек болады. Елдегі айтқыш Керейдің: «Бостандық пен еріксіздікті шатастырып, шыншыл тілдінің шырайлы бетіне қарай алмай жүрмесек жарар еді», – деп отыратыны Шәмілдің есіне оралса, кейбір басшының сөзі жасанды, айтқанына есеп бере алмайтынын да талай көріп, білген-ді. Басшының әрбір сөзі ақылға негізделіп, істі зеректікпен байқағыштығы көпке танылса, ешкім Мәскеуге дейін шағымданбас еді. Сосын да халықтың жалғыз-ақ үміті тыныштықты тілеумен тынады. Мұнша торығу ерте ме, кеш пе әрі-сәрі күйге ұшырауы әбден мүмкін-ді. Бірде коммунист шопанды мал басы кем деп аудандық бюро мәжілісінде мәселесін қарамай ма? Бюро қорытындысымен партиядан шығарып, ісін сотқа бермекші. Содан шопан сөз алып: «Айналайындар-ау, шындық малшыға ғана жарасып қалды. Басқаларыңа ай дер ажа, қой дер қожа жоқ па? Төрт көздерің түгел отырғанда ойлаңдаршы, ауданнан, облыстан келген өкілдердің бәрінің де машинасының артына бір-бір қой салып бермедім бе? Кәне, қайсың ауылдан тегін қой алып жемедім деп айтып көріндерші, нанбасандар қойын дәптерімдегі кімге қай күні қой бергенімнің тізімін оқиын ба?» – дегенде бюро мүшелерінің бастары салбырап, бір-біріне қылмыскердей жасқана қарап, сәттік үнсіздіктен кейін бірінші хатшы «Бәрің де боссындар» деумен тынған кездер де болған. Шындық қылмысқа белшесінен батқанның қандайын да әрқашан аямайды. Халықтық бақылау комитетінің негізгі мақсаты түрлі жамандықтың жолын бірден кесу еді. Шыншылды еркінен айыру зұлымдықтың түр-түрін бойға сіңіріп, жазылмай дертке ұшыратады. Сондықтан да Шәміл асыл сезімін, ар-намысын тек қана адалдықпен көркейте білді, қоғамға да мол пайда тигізді, мемлекеттің игілігіне өзіндік үлесін

қосты. Кейбір өндіріс, шаруашылық орындарындағы тексеріс пен кемшіліктің шаң-тозаңын қаққанда небір басшының көзқарасына жақпаса, іштей «қап, бәлем, бір оқсатармын» деген кіжінісін байқаса, езуін тартып күліп, бетіне тіке қарап: «Өзіңді-өзің кім екеніңді, өзгеден алшақтап кеткен одағай ісінді жатып-тұрып ойлап, қателескен екенмін десең, жаның тазарып, маған рахметінді айтып, телефон шаларсың», – дейтіні біраз адамдарды ойландырып, ел арасында аңызға айналды. Бірақ бәрін өзім істеп жатырмын дегенді қаперіне де алмады. Өйткені комитет мүшелерінің барлығы да адалдық жолдан ауытқи алмайтыны түсінікті. Өріптестеріне жақсылықты, шындықты елден алуға мұқтаждықпен, билікке табынуға ұрындық. Шындық атом бомбасынан да қуатты қару, кемшілікті көріп шыжғырып айта білгенде нетүрлі қылмысқа ұрынбас едік. Кейбір шолақ белсенді қарауындағыларға менің айтқаным заң, менің айтқаным өкіметтің талап етіп отырған саясаты, коммунизм мүдесі деп, әдеттен тыс бөсіп, бетіндегі пердесін көрсеткісі келмей сайрайды. Ұлт ұлылығында халық көзіңдегіні ғана емес, көкірегіңнің түпкіріндегі ойыңды да көріп, біледі деген. Рас, партия саясаты халық шаруашылығының даму барысында өндірісті комплексті механикаландырып, адамдар еңбегін жеңілдетіп, оны өнімді ұйымдастыруды, олқылық жібермеуді талап етті. СССР-дың 1990 жылғы дейінгі кезеңге арнаған азық-түлік программасы және оны жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы, КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л.И. Брежнев жолдас КПСС Комитетінің 1982 жылғы май пленумында жасаған баяндамасында: «Бірақ біз басқа бір нәрсені жақсы білеміз: біздің жоспарымыздың ойдағыдай орындалуы – бейбітшілік ісін нығайтудың маңызды алғышарты. Совет адамдарының еңбегі – біздің Отанымыздың қуатын нығайту мен оның гүлдене түсуінің ең сенімді негізі», – деген. Осыны кейбір басшы жағын жаппай ауызбен айтты, нақты істі орындаған жоқ. Ауыл айтқышы: «Заманның қызыл түлкісі даламызда толып жүр. Түлкі аулаған басшының қалтасы қалың болып жүр. Жақсы екен деп жүресің. Күнің түскенде мүлдем басқаша деп білесің. Сұрқиялық жолынан тынбасын дегін

күресім. Шындық шырайланып, үдесін-ау, үдесін», – дегені кейбір жалғаншылардан жалыққанын күйіндіріп отырып білдіретін еді. Кейбір тәп-тәуір саяси құжаттарды да қаптесер кемірді, ақыры жыртылып қалды. Кейбір шіренгендер билігі асып, байлығы тасып, шарасы майға толатын, шаңырағына күн күлімдеп, тасыну мерзімін асырып, қоғам дәулетін тонап жатты жасырып. Жоғарыда айтқан облысты басқарушының бірі Күшенов жазасын өтесе де, сыбайластарының аман қалғаны, мұндайда бұққан озады мен тасада қалады дегенді меңзеп тұр. Ондайларды да қорғаушылары тығыл деді тығылды, жығыл деді жығылды, тасада тұруды ұғын деді ұғынды. Алла деп адал асын ішіп отырған адаммын деп мүләйімсіп қалды. Заң құрығына ілуге дерек жетпегесін өйтпей қайтеді. Айқыштар іліп алып, сіңісті өзілмен: «Көз көргенін, көсеу түрткенін істейді, зұлымдықпен ауызданғандар өлсе де адал жолға түспейді, өзінің сұрқиялығын жақсы ұғып, үстемдіктің ми батпағына мұрсат бермей күштейді», – дейді.

\* \* \*

Бірде сөске түс кезінде қария келіп өкінішін баяндамаққа бекінді. «Шырағым, басшының алдында зейнетке шыққанша жұмған аузымды ашпаған едім. Қоғамның малын бақтым, өкінішім жоқ, орден, медальдарын алдым. Жалғыз ұлым қалаға жұмысқа кіріп, үй-жай алғасын көшіп келдім. Бір күні бастығы ыдыр жоқ, мыдыр жоқ, айылын жимай, әкең-шешен деп боқтағанға шыдамай ұлым жұмырығын жұмсапты. Жұмыстан шығарып, тіпті басына қауіп төне ме деп қорқамын. Өйткені Күшеновтің сотталып кеткен баласының автокөлігіне үш қызды мінгізіп, өзен бойына кеткенін көзімен көргендікті айтып, сотта куәгер болғаны бар ғой, қатты қатесі сол», – деп мүжілді.

– Жазбаша шағымың бар ма?

– Жазбаймын, өзіңіз ретін тауып, Жалбыровқа ешкім қысым жасап жатқан жоқ па десеңіз жетеді. Ей, қандай зәлімдік, қараулық та, азап та, мазақ та, жанжал да құдайдан шығар дей алмаймын, шайтан азғырады. Билігі,

байлығы бар адамдар көзге көрсетіп езбейді, жаншымайды, теспей сорып, өзгенің қолымен от көсеп, жаныңды да, қаныңды да сығып алып, сахараға салған сүйектей қуартып тастайды. Үрей биліктен, ажал құдайдан деп қорсынып тынамыз, бұғуға үйренгенбіз. Жолы болмағандар, қорлыққа ұрынғандар пәлені өзінен көрмей, Құдайға жабуға шеберленіп алды. Құдай жолы да, дін жолы да кісілік ғұрыптың таза болуына негізделгенін ішімізден түсінсек те жария түрде айта алмаймыз. Әйтпесе, дінде бір кісіні өлтірген қанішер рулы елді өлтіргендей жазалы дегенді түсінсе, Күшеновтің баласы қыздарды зорлап, қорлап, мойнына тас байлап қара тереңге батырмас еді. Пенде кейде көп білгендіктің, халыққа жағымды болғанның да азабын шегеді. Ал сұм-сұрқия ізгілікті ұмытып, өзгеден асамын деп жалған намыспен ұрлыққа, түрлі қылмысқа барады. Тез жарылқана қоймаса, оңбай сүрінсе, құдайға тіл тигізеді. Кісілік тазалығын сақтамағанын ойламайды. Зәлімнің оқыс қимылы, шалағайдың шатасуы, қоғаммен бірге жасасып тоқтамасы сірә да белгілі. Үнсіз адам болмас, мінсіз қоғам болмас. «Қандайда мықты қамал ішінен қирайды» деген бабаларымыз тыныштықты бұзбай сақтануға байланыстылығын меңзеген ғой. Жанымызда жүрген жексұрындардан қатты қорқамын. Биліктің үрейлі азабынан құтылу да қиын шығар. Кісі өлтірушіні көрген жалғыз менің ұлым емес көрінеді, көрмейсің бе, жүрек жұтқандай болып басқасы үнсіз қорқып қалғанда, ұлым куә болғанына қатты ұрыстым. Күшеновтің зұлымдары бәрімізді қырып кетеді деп қақсадым. Баскесерді көзіммен көріп тұрып қалай шындықты жасырамын дейді. Енді, міне, жұмыстан қуып шықпақ, бөлкім қылмыскердің азулы құйыршықтары ізін бағып, қапысын тауып өлтіріп тастар. Ұйқым қашты.

Шәміл өмір бойы ұстаздық еткен қариялардың пікіріне ой жүгіртіп, қойын дәптеріне жазып қояды. Ең алдымен басқасынан бұрын үлкендердің арыз, шағымын орындауға көңіл бөледі. Жүзбай сықылды талай қарттардың зөбірін заңдылықпен қорғап, алғысын алды. Үлкендерді көрсе Дүзелбай нағышысын көргендей болып, мейірі мен жан шуағын білдіреді. Көпшіліктің аяқ аттаған сайын жан

азабына түсетіні шен-шекпеннің, орынтақтың, саясаттың жөнсіз үрейінен сезіктілікпен сенделіп сорлап қалатыны. Бір жерде төбелес болса, шенді милиция алдымен сол маңда жүрген бұрын сотталған адамды тауып алып, қылмысты істі тездетіп жабуы үшін жазықсыз болса да жазықты етіп, ұрып, соғып, қорлап тастайтыны да бірен-саран көрініп жүр. Пенденің басына тиген бір соққы қайталана берсе қандай ауыр. Қазақ даналығында «Ұра берсең жылқыдан да шам шығар» дегені жылқы мінезді көнгіштігімізді баяндайды. Ертеде Ойылдың қайраты бар халқы түгел жұмылып, Жекенді өзенінен бөгет салды. Қол күрек, қол арба, қап, қапшықпен құм топырақ тасып салған бөгет игілігін ел көреді деп қуанып жүргенде тасыған су бұзып кетеді. Қызыл жағалылар жарғақ құлақтары жастыққа тимей сабылып жауды іздейді. Ауданнан шыққан үш-төрт милиция, оған Сарбиедегі Аманғали қосылып, Дүзелбайдан да жауап алуға барады. Жатыпатарларынан сұрастыра бастайды.

– Қай жерден, қандай бөгет салғандарыңды көрген де жоқпын, естіген де жоқпын.

– Біреулерің суық жүрісін, қоғамға деген қисық ойын байқаған жоқсыз ба?

– Кімнің ішіне кім кіріп шығыпты, ал Жекенді қайда, мен отырған Қызылқоға қайда? Бұрын жазалы болғасын ізім аңдулы екенін білмейтін мені ақымақ көресіңдер ме, әлде сезіктенетін өздерің ақымақ емес шығарсыңдар. Талмай іздеп, табандарыңды тоздырып қылмыскерді таба қалсаңдар, менің құқымды қорлағандарыңа кешірім сұрайсыздар ұялмай.

Сонда Аманғали қанын ішіне тартып тұрып:

– Он жыл үкімді орындадым, қоғамның тең азаматымын деуге әлі ерте. Әлі тексере түсерміз.

– Е, сөйте-сөйте тиянақты тексеруді үйреніп кетесіңдер. Тексер, қалың көптің бетіне топырақ шаша алмассыңдар. Ел қатарлы еңбек етіп жүргенімнен басқа тексеріп немді табар екенсіңдер?

– Түймедей кемшілігіңді білсек, лажсыз мойындатып, түйедей етерміз әлі.

– Тергеуде ғылым, білімге сүйенсеңдер қуанар едім.

Кейіннен тергеушілердің есіне Дүзелбайдың ғылым дегені оралса керек, түрлі мамандар ақылдаса келе бөгет құрылысына сынап тастаған болуы керек деген шешімге тоқтайды. Сынап кімнің қолында болуы мүмкін, тек қана химиктер мен дәрігерлердің қолында тұруға тиісті. Малдәрігерлік станцияда түрлі сынап болған. Мұнда кім сезікті, жауап алына бастады. Кімдер бөгет жұмысына қатысты. Жалғыз Коля Зражевский Жекенді бөгетінің басынан аяғына дейін ат арбамен қызмет еткен. Бұл азамат кім, әкесі бала-шағасымен Астархан облысынан жер ауып келген кулактар. Әкесі қайтыс болған, Иван, Сергей деген ағалары кісі өлтіріп, кісі етін жеп, жиырма бес жылға сотталып, түрмеде жазасын өтеуде. Ақырында Коляның бөгетке сынап қойғаны анықталып, қылмысы мойындатылады. Ал еңсесін басқан көз түрткілікке шыдамай Дүзелбайдың туған жерін тастап кетуінің осындай да себептері болған-ды. Айта кетелік, Дүзелбай жер аударылып жазаланып кеткеннен кейін екі әйелі – Фатима, Нұрыш, екі баласы Теңел, Жеңісбай және қызы Тәкіш Нұрымгерейдің үйінде тәрбиеленіп, аштық қырғынының ауыр жылдарында аман қалды.

\* \* \*

Дүзелбайдың тергеушілерге ғылым, білім дегенінен шығады. Шәміл өмір бойы ұстаздық еткен қариялардың пікіріне ой жүгіртіп, әкесі Нұрымгерейдің де білімдар болғанын ойлайды. Болмыс-бітімі, мінез-құлқы әкенің қанына тартқаны анық, бала кезінде жүріс-тұрысың да әкеңе ұқсайды деуші еді. Туыс-туғандарының сол сөзі ылғи да есіне түседі. Әкем «ғылым – дін, құран – білім» деді ме екен. Әкесінің көзін көргендер әкесі туралы жақсы ой айтса қуанып қалады. Шәміл соны ойлап отырып Жүзбай сықылды қарттардың әңгімесінен соң жан толғанысына түсе отырып, Франко Сакетидің (1333-1400) шығармасындағы дінді түсінбеушінің бірі шіркеудің көмек ыдысын сындырып, ақшасын олжалауы, о дүниені қайтем, осы дүниеде рахатын көрейін деген мағынадағы есерлігін түспалдайды. Бізде де есерлер аз болды ма?



Ойыл мешітінің алтынданған айын жұлған бұзық тіл тартпай кетті деседі. Соның өзі дінге тиісудің еш уақытта жақсы жолға бастамайтынын түсіндірмей ме? Айтыс-тартыс, қатып-семген жат көзқарастың өзі ұшқыннан өртке айналады. «Жұмыр жер пайда болғалы даналар, жазушылар өлмес ойын қалдырып келеді» деген пікірге Шәміл тоқтаса да жаны күйзеледі. Қызыл империяның жұғымсыз саясаты, түрлі құжаттары халықтың ойынан түпкілікті өшті, кейбір көсемдері де шын әлді деген сол. Бірақ Майлапестің: «Сталиннен бастап көсемдердің бәрі де ішсе асқа тойып жүретіні некен-саяқ. Кисе киімге, үйлерінде тұтынатын ыдыс-аяққа жарымайтынын Свердловтың үйіне барғанда өз көзіммен көргенмін», – деген желдіртпесін жоққа шығаруға болмас. Шындыққа ұқсайды. Ертеде қарапайым халық аштықты, жоқтықты күле жеңіп отырып ұрпаққа: «Жабықтағы нанды құранға шығып алуға болады, ал нанға шығып құранды алуға болмайды, баланың балалығына өкенің даналығы жұғыспаса, тірлігі насырға шауып, ақыры өкінішпен тынады», – дейтін-ді. Ашу-ыза, кегінің өзін ұрпаққа да, басқаға да тұспалдап жеткізіп отыратын ұлттық тәртіп-тәрбиенің өнегесін саясат қанша санадан өшіріп жоямын десе де жойылмады. Бірақ олар қазақтың «Зұлымның жеңісі ұзаққа бармайды» дегенін түсінген жоқ. Бір үзім нанды бөліп жейтін татулық нан киесін Шәміл ұрпағына түсіндіріп отырады. Нағашы атасы Жұмабай бұдан 150 жыл бұрын Меккеге екі рет барған, мұсылман дінінің құдіретін бағалап, дін ғылымын жетік меңгеріп, қиындық көрген сәттерде бір үзім нанды иіскеп, әлсіреп, шаршаған денесіне қуат алады екен. Халық – терең су, оның тілін, дінін, ділін ешкім ойрандай алмайды деген сенімі замандастарына жеткені анық. Бірақ қызыл империяның саясатымен тайрандаған Күшенов ел байлығын да жымқырды, әлсіздерді де қорлады. «Өзім асыраған күшігім есейе келе балтырымды қанатты», – деп әлем ойшылдарының бірі Абай айтқандай, халықтың тәрбиесін ұмытып, өзі де, сыбайластары да, ұлы да нетүрлі қылмыс істеді. Ал Жұмабай атамыз да түрлі басқосуларда: «Ақылды, білімді, алғыр ойлы адам көкірек көтермейді, ешкімге қиянат жаса-

майды, кісілігінен жаңылмайды, әрқашан да кішірейіп көрінеді. Қалың көпке ұқсамайтын таза мінезі ажарланып, жанындағыларға жылуын арнап тұрады», – дейді екен. «Сонда елдегі қуыс кеуде, ұшқалақ мінезді, не болса соған желігіп тұратын желөкпелерді емеурінмен тәрбиеге шақырудың тетігі деп түсінемін», – дейді Шәміл адамды тани білудің қажеттігін ойына түсіріп. Жұрттың бәрі ақылды болса, ақымақтар өмір сүруден қалмай ма? Ала-құла тобырдың халық арасында өйтіп-бүйтіп жүруі де қызық шығар. Қылмыскер болмаса милициялар жұмыссыз қалады. Ойран-топыр соқтығысу, қақтығысу, түрмеге түсу, одан шығу, өз өмірінің құны бір тиындық деп тірлігінен безу, түрлі қылмыскердің сипаты да әр түрлі. Мұның бәрі ұлттық қасиеттен жеріп, әдет-ғұрыпты тәрк еткеннен шығатын тәрізді көрінеді. Әр түрлі мінез бар, әр алуан қабілет бар, дүниетану түрлі, пиғыл түрлі. Қазақ зәлімді көрсе «Пиғылына қасқыр шапқан оңбас» дейтіні дұрыс шығар. «Ерте заманында жұрт Аристотель, Сенека болғысы келмеді деймісің» деп ой толғайды жазушы Джованни Боккаччо (1313-1375). Қалың көптен озған дана, ақылгөй, жүрегі таза, адал, қайырымды болудың тоғыз жол торабы – жалқаулық, намыссыздық, қырсық, қыңырлық, безбүйректік, зұлымдық, күнәліні, опасызды көре тұрып кешірімпаздық, ақылды тыңдамаушылық, сатқындық, содырлық, сұрқиялық. Егер адам өмір сүргісі келсе осындай жамандыққа жоламауы керек депті. Оны тыңдамаған есер ертеде: «Христос о дүниеге барғанда жарылқағанша, осы дүниенің қаржысын, байлығын үштеп дегеніме жетпеймін бе?» – дегеніне шіркеу басшысы: «Денсаулығың пілдей жігітсің, адал еңбегіңмен өзіңді асырай алмай, жетім-жесір, мүгедектердің тірлігіне көмекке беретін қаржыны тонағаның дұрыс болмаған, ауыр күнә», – депті. Сонда қызара бөртіп тұрған қисық-қыңыр:

- Шынымен сорладым ба? – деп кеңкілдеп күледі.

- Ақыл жетпегендік аянышты, бірақ шын күлсең, Христос көкірегіңде бар болғаны, – деп шіркеу басшысы аяныш білдіріпті.

Сол күлгеннен дегеннен шығады, атам заманнан адамдар әр түрлі күле бастаған-ау. Ұлы жазушы Л. Толстой

күлкінің тоқсан жеті түрі бар депті. Қазақта күлкінің жүзден асқан түрі болған шығар. Жылы шыраймен де толып жатқан ой-пікірді жеткізсе, жамандық жолға түсіп, оңбай бара жатқан жігіттен қауіптеніп, қабағын түйіп, кірпігін қақпай, ызғарлы күлкімен «Кісілік қалыпқа түсіп түзелуден кеткендігіңе жаза бар» деп елді басқаратын ақылды қариялар: «Әкең ұйықтап жүріп бесіктен бастап тәрбиелей алмаған екен. Енді жалғыз өзің елден кетесің, оған көнбесең Барсакелмас аралына басыңа ит терісін қаптап жібереміз. Ол жазаны қаламасаң, әйел алып береміз, – дегенді рет-ретімен айтып, әкесіне, – балаңның қалағанын білдір», – дейді екен. Жазаны және ұзақ күтпейді. Есірік ұлы әкесінен қайсысын таңдаудың жолын сұрайды қылқылдап. Баласына анадан жаңа туғанда тәрбиелеуде жіберген қатесіне өкініп: «Елден жалғыз қуылсаң, жат жерде жұртқа сыйысып өзіңді-өзің асырауың қиын. Барсакелмеске ит терісін басыңа қаптап жіберсе, күннің ыстығында ауа өтпейтін иттің терісі бас сүйегіңді мыжғылап, ажалыңнан бұрын өлесің. Әйел алсаң, балаларыңды асыраймын деп көз шырымын алуға мұршаң болмай, тер төгіп, еңбек етесің. Ауыл биінің үш түрлі жазасын осылай түсіндім, мисыз неме. Басыңа тиген осындай соққының қайсысын таңдайсың, айт жылдам?» – депті.

– Бәрі қиын екен. Түрлі қауіп-қатерден алаңсыз құтылатын болсам үйленейін.

– Нақты жауабың ба? Арты насырға шаппасын.

– Басқа айтар түгім жоқ, тірі жүрсем болды.

– Ойыңа келгенді бүлдіріп, кез келгенмен төбелесуді ұмытасың ба?

– Ұмытуға тырысам.

– Досқа күлкі, дұшпанға таба етіп, ата-тегімізге сөз келтірдің. Соққан неме, ақылың кіре ме?

– Қатын алсам кіріп қалар. Анттай айтқан сөзіме ақырғы рет сенсін.

Әкесі өсіріп, өндірген жалғыз ұл деп еркелеткен еңбегі босқа кетпеуін күтті. Қарғысқа тап болмай, шаңырағын көтерсе, кісілік қалыпқа түсер деп ойлады. Сосын да ұлына:

– Қазақта «Әке қарғысы – оқ, ана қарғысы – боқ» деген бар. «Ел алдында ар шыңынан құлаған өмір бойы оңалмайды» деген бар. Сөзді түсінесің бе?

– Түсінермін.

– Түсінемін де.

– Сөзіме сеніңіз, бәрін түсіндім.

Пенденің басында болатын түрлі сойқан кемшіліктері қай заманнан бері сақталып, кейбірі дамып келеді. Жамандықтың түп тамыры тереңде екенін ойлап отыр Шәміл. «Автобазадағы парақор басшының және сауда саласындағы түрлі қылмыстар, тіпті облатком басшысымен жіктесіп, ұйымдасқан жемқорлыққа, оның аяғы өлім-жітімге қатыстығы Мәскеуге белгілі болып, «Правда» газетінде (1974 жылғы 8 шілде) «Обкомның көз алдында» деген тақырыптағы сын мақала республиканы дүрліктірді. Атышулы оқиғаны нақты тексеру Республикалық Халықтық Бақылау Комитетіне тапсырылды.

Оны Шәмілдің өзі қадағалап, тергеу орындарымен қоян-қолтық іс атқарып отырды. Шындап келгенде, үй тірлігі, тұрмыстық байлығына дейін коммуналдық шаруашылық мамандары арқылы не бар, несі жоғы анықталып жатты. Үйіне кім келеді, кім кетеді, әйелі кіммен жолығып сөйлеседі, ұлы немен шұғылданады, ары таза адамбыз, ешкімнен қорқатын жағдайымыз жоқ деген сықылды телефондағы сөздеріне дейін есепке алынғанда, байқап-байқап сөйлесе де шүбәлі пікір кездеспей қалмайды. Жасырын тыңдау қызметінің де еңбегі еш болып жатқан жоқ. Осы жұмыстар басталған кезде Шәміл кеңсеге ертелеп келіп жүрді. Өйткені, арыз-шағымдары қарап шығуға да біраз уақыт кетеді. Бірде есік алдында қол таяққа сүйеніп тұрған азамат амандасқан бойда қиқылдап сөйлеп: «Милицияға бара-бара шаршадым, әл-дәрменім бітті. Ақырында біреуі сенің жоғалған жылқың түгелі жоғалған адамдарды іздеп таппай басымыз қатты деп бет бақтырмады. Соғымға семіртіп отырған жылқымды қорадан ұрлап кетті. Нансаңыз, жылқының ұшты-күйлі ізі жоқ, етіктің ізі жатыр. Шамасы төрт аяғына етік кигізіп ұрлаған», – деді оқушының тор көз дәптерінің бір парағына жазылған арызын Шәмілдің қолына ұстатып.

Шағымға көз жүгіртіп шықты да милиция бастығының номерін теріп:

– Заңгер өз ісін қатты қадірлейтінін білеміз, қарапайым халықтың ісін қара немесе қарама деп ешкім сіздерге нұсқау беруге тиісті емес. Бірақ Пәленшиев жоғын жоқтаған адамның арызын алмай қолын бір сілтепті. Қазір өзіңізге барады, – деп шағымгердің арызының шекесіне қолын қойып берді. Өтініш білдіріп келгенді жылы қабылдау қызметтік қана емес, азаматтық міндетім деп түсінетін Шәміл биік лауазымы бола тұра шіренуді, мастануды көкірек керуді білмейтіндіктен, есігі әрқашанда ашық болды. Зәбір көрушілер, қақы желінгендер, түрлі әлсіздер шағымдарын айтып, бірі келіп, бірі кетіп жатты. Бірде «Правда» газетінің сынынан кейін қияқ мұртты, бүкір, ақ шашты қарт келіп: «Облыстық кеңестің бастығы Күшеновтің баласы қызымды зорлап, өзеннің тереңіне мойнына тас байлап тастағаны жайлы анықталған қылмысты милициялар кешеуілдетіп, соттың қарауына жібермеуінен сезіктенімін. Мафия шындықты бүркемелеуге шебер, қылмыскер жазаланады деуді ұмытуға қалдық. Адам беті күшәла, естуімше, Күшенов күн сайын әйелімен екеуі сүтке шомылып, оны қайтадан балалар бақшасына азыққа жіберетін көрінеді. Менің нағашымның баласы – жүргізуші, сүт зауытында қызмет істейді, аузымнан шығып кетті, ешкімге айтпа, мені құртады деді, бұл не деген масқара?!» – деп сөзімді біреу естіп қалған жоқ па дегендей жан-жағына қорқа қарады.

– Сіздің айтқан бұл дерегіңізді тексертеміз, жоғалған қыздар үшеу, тергеу орындары іздестіріп, олардың өлітірісін анықтағанша уақыт созылып тұр. Бәрі бақылауда, саспаңыз, қылмыскер жазасыз қалмайтынына шөк келтірмеңіз, – деп шығарып салды. Расында, халықтық бақылау комитеті қоғамдағы ірілі-ұсақты қандай қылмысты да көзден таса қылмай зерттеп, нақтылықты қадағалайтын-ды. Шәміл біледі, сәр-пәл кемшілік жіберсе, «Өзің перісің, кімге пір боласың» деген сөз тірідей өлтіреді және қазақ айтқан отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге кетеді деп. Ондайды естіген бойда Ойылдағы туыстарының назары сынып, жер шұқып қалады. Бақылау жұмысының ауыр азабы осы.

\* \* \*

Біреудің баласы зәбір көрсе, өлім-жітімге ұшыраса, жүрегі дір етіп, қатты қобалжып, аяныш сезімі аян болатын-ды. Өйткені өзі өсіріп отырған төрт баласы бар, өзгенің ұрпағы да балаларымнан кем емес деп санайтын таза жүрегінің мөлдірлігі теңдесі жоқ-тын. Бәлкім жастығында жетімдіктің, жоқшылықтың зардабын аз шекпегендігі болар. Жастық сезімін сақтай алмайды, ерте есейіп, қайткенде де тірі жүруді ойлады. Айзада апасы өзі ішпесе де, өзі кимесе де бауырларына шексіз қамқорлық көрсетті. Елдегі аз да болса жақсылардың өнеге, тәртібін жүрегіне сақтай білді. Бұл жетім-жесірді, әлсізді қорғау жолын сабақ етіп, тағдыр маңдайына жазды. Жоқтықтан, қуғын-сүргін, аштықтан қабырғасы қайысқан халықтың күйзелісі, бәрінің де себеп-салдары жоғарыдан, өкімет билігінен екені жұртқа түсінікті болса да, қуыс кеуделі биліктің зұлымдығы тоқтаусыз жүретінін сезгендіктен, лажсыз көнбістікті қанына сіңірді. Бұл адамның туғаннан ана сүтімен бойға сіңетін қасиеттерді тәрк етуге бағытталды. Қасиет дегеннен шығады Шәмілдің зайыбы Ғалия балаларының кіндік шешесінің ұлттық мінез-құлқына мән беретін-ді. Онысы тоғыз ай көтерген бала әкесіне тартпайды, жерден көтеріп алғанға тартады деп анасының айтқанын жадынан шығармайтын. Үлкен ұлы Германияда ООН бөлімшесінің қызметкері болса, Эмили Мәскеуде ғалым, Қанышы да Мәскеуден оқып білім алды, ғалым, Ләйласы дәрігер. Бәрі де ұлттық өнегемен өсіп, көркейді. Өкенің қабағымен басқаратын қатаң талабы, ананың мейірі ұрпағының адалдығымен қуантып, еңбегін қайтарды. Қазақ «Балаң жақсы болса – қолыңдағы қобызың, жаман болса – доңызың» дегенінің ұғымды терең мәні сол.

\* \* \*

Кейбір шағынушының пікірі түкке тұрғысыз, татымсыз сөзі күлкі шақырып жататын-ды. Өлгінде кіріп шыққанның өзінің тойда болып, мас болғанын кейбіреу-

лер мазақтапты. Осы оқиға Шәмілдің соғыстан кейінгі жылдарда қазақ даласына кіре бастаған, дастарханнан орын алған арақ «соғысының» күлкілі жағын есіне түсірді. Шаруаның қызы еді. Әкесі қызына осыдан басқа ұнамды жігіт таппайсың, еркек аз деп еріксіз ұзатады. Сонда қыздың елімен қоштасу зары:

*Есіктің алды талды ғой,  
Төрімнің алды қалды ғой.  
Бермеймін деген ақ көкем,  
Бір қапшық астық бергесін,  
Машинаға салды ғой.  
Есіктің алды бұлақ-ты,  
Бұлаққа лағым құлапты.  
Аманғали нағашым  
Тойымда мас боп сұлапты.  
Бермеймін деген ақ көкем,  
Мұнша неге жылатты?!  
Есіктің алды қараған,  
Өле масты көрдік-ау,  
Бірін-бірі итше талаған.  
Ауылдың сырты обаған,  
Есалаң мастар әнекей,  
Қазылған көрге құлаған,  
Әлсіздер болса мінекей,  
Өлгенін жоқтап жылаған, —*

дегені ауыл өміріндегі жоқшылыққа байланысты пайда-күнөмдік пен әрекетсіздік, маскүнөмдіктің масқаралығын үзілді-кесілді баяндап тұр еді. Қасіреттің жұбатуға келмейтін қалың зары, үрейленудің сұсты қара бұлттай тұтасуы, қалың жұрттың қорқынышы, көздің жасын көлдетіп өзен-көлге құйылуы қаншалық ауыр болса да, жақсылық күтіп шаршамау, рухтың күшімен қиялға берілу өмірдің аумалы-төкпелісі өтеді, кетеді деумен тынатын-ды. Әркім сәттік болса да ар алдында ойланып, ұятсыздық пен арсыздықтан сырғақтап сақтанатын. Кейбіреудің керең үрейлі үнсіздігі ұлт даналығын жоқтап, мұңайғаны болар. Өжеттік қайда, батырлық қайда, дауыл

үрей алдында, үмітінді үз. Қарын тоқтығын армандаумен тайғанап тынады. Тірлік ұйытқып тығырыққа тіреліп тұр. Құрту, жою, түрлі қысым, оны да өзіміз ұйымдастырудан шаршаған жоқпыз. Көп алдында ұятын жоғалтпаған басшы сирек те болса бар. Әдетте әр ауылда аттас адамдар бола береді. Жетікөлде екі Аманғали болды, бірі – милиционер, екіншісі «Қаракөл» кеңшарында билікке араласып, ұзамай Орал қаласындағы басқармалар дайындайтын оқуға барып білімін көтерді. Елдің әлсіз адамдарына азық-түлік, киім-кешегін тауып беріп, жылағанды жұбатты. Сөзуар әйелдер бірінің лақап атын «зәлім» десе, екіншісін «сәнім» дейді. Зәлімі егін орағы кезінде әйелдердің ышқырына тыққан бір уыс бидайына дейін тінтіп жазаласа, сәнімі әлсіздің аузына нан тигізді. Ішпей-жемей қоғам үшін өмір сүргендер қалыптасып, кейбір басшы өліп жатқан адамның аузына қара су тамыздырмай, коммунизмге жетудің амалы осы деп ұшқалақтана түсінді. Халқына іш тартпайтындар өздерін ойлауды ұмытқан жоқ, есебін тауып ұтырлы тұсында жымқырып алып жатты. Ел аузында айтқыштардың «Бастық кесектеп жейді, бухгалтер есептеп жейді, парторг сұрап жейді, бермесе құйрығын бұрап жейді» деген әжуа сөзі қалды. Демек, халық тап-тазалықты қанша аңсаса да болмағаны белгілі, түсінетін адамға ондайлар нағыз жексұрын, зәлім боп көрінді. Шәмілге дәлел айтқыштар екі сөзінің бірінде «Мұндайда бұққан озады, үстемдікке жағынып ұққан озады, шындық іздеген арып-ашып тозады, табаны тесіліп, көзі ойылғанша табынып шыққанның орынтақ десе арқасы қозады» деген сөз қалдырды.

Шәміл қалай толғанса да, өткен өмір мен бүгінгіні қалай алмастырса да қоғамдағы жат құбылыстар, сан түрлі қылмыстар, орны толмас олқылықтар өтіп жататынын бақылау комитетінде қызмет істегелі көзімен көрді, құлағымен естіді. Кезеңдердің қашан болсын қайнап жатқан тірлігінде жоғарғының қойған талаптарының орындалатыны бар, іске алғысыз боп құлдырайтыны бар. Шәміл тергеу, тексеру жұмыстарындағы құпиялы, ауыр, азаптай шындығы қиын жұмыстарды да нәтижелі атқарумен беделі өсіп, республикаға танылды.

– Бала кезімізден елде сөз тыңдап өстік қой, өмірге қажетті ақыл қазақша сөзде екенін білдік. Әрбір ойынның



әдібін мақал-мәтелмен айқыштап отыратын ағалар дәлдікпен айтып, бейнелеп түсіндіріп, ұқпайтынды да ұқтыратыны талассыз құдірет еді. Түрлі басқосуларында үлкендер балаларды жанына отырғызып, әңгіме тыңдаттыратын-ды. Сонда ақпа құлаққа айтқан ақыл құлағынан ағып кетеді, құйма құлаққа айтқан ақыл жанына жағып кетеді. Ақылды бейнет, қайғы-қасірет, азапты көп көргенін айтады, жақсылықтан басқа түк көрмеген несін айтады, зымырап өткен мыңдаған жылдардың тірлігі құпия, өткен кезеңдердің жұмбағын мақал-мәтелімен шешесің, оның ұзынырғасын ұқпайтындар жіберіп алар есесін. Рухты жоғары көтеретін де аталы сөз, жүрекке жылы тиіп, жадында өшпей қалатын бабалар үні өлмейді. Биікке жоғарылағандар да ақыл болмаса құлап жатады, ұрыншақ есалаң есірмін деп сұлап жатады, бөрінің де сұрауы бар, қуануы, жылауы бар, – дегенді Шәміл қалай ұмытады. Жоғарыда мысалдаған өндіріс орындарының шаруаның сұрауының жоқтай көруінен ұпайластар өтірік мәліметпен басшыларын алдап, оңбай сүрінгенде өкінерін білмеді. Лауазымды адамдардың бетімен ләйліп жүруінің қоғамдық кесір, ем қонбайтын ауыр дерт екенін Шәміл өзінің күнделікті жұмыс барысында қатты ұғынды. Ешкім тәуекел ете алмайтын құпиялы мафияның істерін де ебін тауып атқарып, шындығын анықтап шықты. Сондай сәттерде бала кезіндегі адалдыққа өмірімді арнаймын деген анттай сөзін есіне алады. Бұл өзгеге тіл тигізбеген, ақылгөйлер өзінің ойының дұрыстығын дәлелдеп, өзгенің жат пікірін байқаса, қайырып қосылмайтындығын нақтылай білудің шеберлігін ұққыштықпен жадына ұялатқаны еді.

\* \* \*

Шәміл бала кезінен көрген кейбіреудің жамандығын күйіне ойлайды. Сарбие елді мекенінде әлі жеткендер қанша құдық қазса да тұщы су шықпады, ауылдың күншығыс бетіндегі Жәбектің құдығынан басқа. Су бермеді деп шелегін бос ұстап бара жатқанды көрсе айтқыш Керей: «Сараң иттен сорпасын қызғанады деген бар, біздің Жә-

пек бұлақ суын қызғанып, құдық түбінде ұйықтайды, шық бермес Шығайбайдың тұқымы өлмес әлі», – деп сөгеді. Жәпек милиция Аманғалидан басқадан сескеніп, қорқа қоймайды. Аманғали оған жер өкіметтікі, су өкіметтікі, халық та өкіметтікі, жұрттың су алуына тарлық жасама демейді. Шегенделген құдықтың ағаш қақпағы кілттеулі, кімге қанша шелек су береді, есебін өзі біледі. Әйтеуір, Айзада апасы екі шелекпен қай уақытта барса да Жәпек шелегін бос қайтармайды. Құдық басында сексиіп тұрып: «Әкең Нұрымгерей аштық жылында қақпаныма тышқан да түспей өлімші боп жатқанда үйіне арқалап әкеліп тойындырып, ажалданқұтқарыпеді», – деп мейірленетіні барды. Одан кейінгі өмірі ешкімге тәуелді болмай, оқшау сыпа басы өмір сүрсе де жақсылықты ұмытпауына шүкіршілік білдіресің. Тірлікте қандай сұмпайы болса да бір сәтке жақсылыққа жақсылық жасағысы келетіні байқалады. Талай жексұрын, тақыс қу басынан өткен азапты да ұмытып, ойланғысы келмейтіні толып жатпай ма? Бірде Шәмілге колхоз басқарып жүрген Хасен кездесіп айналып, толғанып: «Әкең жүрегіме жақсылықтың шырағын жағыш еді, ұлым Сайынмен бірге оқып жүрсің, туған ұлымнан кем көрмеймін!» – дегенін жадынан шығарар ма? Адам туады, өледі, ол – жаратылыс заңы. Дене толған химиялық, физикалық, биологиялық құрамалар, оны соңғы нүктесіне жеткізіп физик те, химик те шешкен жоқ. Дене тірі кезінде өзіңе қызмет етеді. Өлсең табиғатқа араласып кете барады. Бірақ осы жүз килоға жетер-жетпес салмағы бар адамның бәрі бірдей үнемі жақсылық жасап өте алар ма? Керейше айтқанда, тірліктегі досың өзіңдікі, пенде өмірге келгенде де жолдасымен келеді, өмірден өтерде де жолдасымен қоштасады. Бірақ, алдымен дұшпаныңды танысаң, соған тас төбеден жақсылық жаса. Өйткені арсызды да ар алдында жығуың керек дейтін-ді. Ақылдылар өршіп асқақтаған жоқ, Хасен болса жоқшылық тұсында қоймадағы аздаған азықты, жетімдерге, ауру-сырқауларға бөліп беріп отырды. Тағдыр оңай тиіспейтінін де көрді, тұңғыш ұлы Зекен соқыр ішегі жарылып қаза тауып, қайғы қайыстырды. Тірі жүргеннің бөрінің амандығын тілейтін оның екінші ұлы Сайын Мәскеуден Ломоносов атындағы университеттің

химия факультетін бітіріп, Жамбыл қаласындағы фосфор зауытында инженер болып қызмет етті. Оның дипломдық еңбегі әлемге танылды. Сондай сәтте Хасен көкірегін кеңітіп, алғашқы қайғыны соңғы қуаныш аздап болса да ұмыттырды. Кенжем Садаш та өмірден өз орнын тауып, үйлі болып, немере сүйдірді дегенін Шәміл ұмытар ма? Кейде Керей адам ойламаған жерден қате жіберіп алса, тездетіп себебін анықтап, екіншілей қателеспеудің амалын алған адам адаспайды дейтін-ді. Соғыс жылдарында аш-жалаңаштық, түрлі індеттің өлім-жітімін бастан кешірудің өзі өмірлік сабақ. Қазақтар «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деп тәубаға шақырып отырады. Мұның өзі ғылым. Ұлттық қасиетті сипаттап, қандай да нәубетке шыдауға меңзейді. Керей толғанып: «Дегенінен басқаға көнбейтіндерге, өзінен өзгеге сенбейтіндерге, мәңгілікпін деп құлаш сермеп, тәж, тақ билігін бермейтіндерге, мансап уын ішсе де қанып, бір күні ажал келері анық, – дей келе ойын жалғап, – бәсекемен бөстесіп күндейтіндерге, ағайынмен ащы болып, әлсізін жүндейтіндерге, екі сөзінің бірі өтірік үндейтіндерге, шындықты мүлдем білмейтіндерге, бір күні бір бүйірден бүріп ажал келеді екен. Қатесін білмей өледі екен, адам – табиғаттың перзенті, шаң-топыраққа араласады екенсің, неге қиянат жасаймыз?» – дегенін Шәміл есіне алса: «Республикалық халықтық бақылаушылар анықтаған сексен қаламыздағы 2,5 мың өндіріс орындарының табиғатты ластаудан аман еместігін анықтап, өтірік мәліметтердің ауыр зардабы нақтыланды. Керей айтқан сөздер шындықтың нұсқасы емес деп ешкім айта алмайтынына кезінде ауылдастардың көзі жеткен-ді. Шәміл қандай да шаруада елден алған жақсылығын елге берді, жамандығынан жиреніп жүрді. Ақылдылар көзден таса болса да алғыр ойы зерделінің жадында қалады. Егер самарқау тыңдаған болса тірлігінде қиналмай қалмайды.

\* \* \*

Кейбір пенде көкірегіне нан пісіргендей асылық жасап, өзін-өзі қорлағанын білмей қалады. Ондай ағат кеткенді ойлылар «Ей, соны қойшы, арам сүт емген. Сүт-

пен кірген мінез сүйекпен кетеді деген, бәтуасыз» деп маңынан қашық жүреді. Бұл да қазақтың қасиетсіздің бойына сіңген зұлымдығын тәрк етуге бағыттаған тәртібі. Көптен шеттеп қалу – тірі өлім екенін түсіндіру. Залымға үнсіздікпен қатал қарап, шеттетуді көргесін өзгелер де сақтанады. Қорғана біледі. Толыны төгіп, ортаны шайқағысы келетіндер аяғын аңлап басады. Әккі алаяқ, сатқындар қулығын кенет өзгертіп: «Мұндайда бұққан озады, үстемдікке жағынып ұтқан озады, саясаттың құлдығына бейімдігін көкірегіне тұтқан озады, табаны тесіліп, көзі ойылғанша табынып шыққан озады», – деп іштей күбірлеп, өзінің ағаттығын мойындайтын, көптің көзіне топырақ шаша алмайтынын түсінетіндер де болады, керісінше алған бетінен қайтпайтындар да кездеседі.

Адал болсаң, ақылды болсаң, тірі жан оған тиіспейді, құрметтеп отырады. Шәміл бала кезінен соның бәрін тыңдап өсті. Әр сөзін мақал-мәтелмен әдіптеп, өзгеге тіл тигізбестен, айтарын емеурінмен жеткізіп, ақылгөйлер ой-пікір дұрыстығын дәлелдеп, сезікті жат пиғылды қайырып, нақтылай білу шеберлігі қазақтан басқа ұлтта кездеспейтіндей сезінетін Шәміл. Сөз шеберлігі, оқтан өткір пікір жадына ұялап, досқа күлкі, дұшпанға таба болмаудың барлық амалы ақылмен айтылатын-ды. Соғыс жылдарында аш-жалаңаштық, түрлі індеттің қалың өлімге ұшыратуын бастан кешіріп отырса да ажалсызға өлім жоқ дейді. Ұлттық қасиетті сипаттап, нәубетке шыдауға меңзейді. Елде өлім көп, Айдос, Қашет сияқты ағаларымыз қабір қазудан қолы босамайды. Жерлеу жұмысына ер балаларды қатыстырады. Онысы қазақи тәртіппен өлік жөнелтуді көріп, білсін деу, тұмақ бар, өлмек бар, басқа түскенге көнбек бар, заңдылықты ұғып шыдамдылыққа көздері жетсін деу екенін балалар біле бере ме?

– Туды – ел қуанып еді, өлді – жер қуанды. Қайтеміз, тағдыр ғой... – дейтін Айдос көрді қазып жатып.

– Біздің Айдос қайратты ғой, тоңның да жігін біледі, нанға тойса күші жетеді.

– Нанды кім беріпті?

– Берер, жарылқар.

– Өттең, жас бала шын өлді. Шын өлді, шикі жас еді, өмірдің қызығын көремін, бақытты боламын деп келіп рахатын көрмеді, шын өлді, – дейді кейбірі буыны босап. Тәжіаяқ көзін шылайды, Қисымбет өзіне-өзі келе алмай жыламсырайды.

– Жыламаңдар, өліге ауыр.

Керей толғанса: «Қандай жақсы, жастай ешкім өлмесе, қартайғанда ешкім жоқтық көрмесе, жолда ауырып, жат өлкеде көмбесе» деген бар ел аузында. Небір зұлымдық іштен шығып төнбесе, опық жей беретін шығармыз, ақылдыға сенбесе, желкілдеп өсер жас өркен, бағым жетпей өлмесе», – деп қалды. Жасы үлкеннің де, ақылдының да сөзін ешкім жағаласпай үнсіз тыңдайды. Айтар ойы барлар күтіп, рұқсат сұрағандай болатыны заңдылық.

Өркім пікірінше өлімнің себебін түсіндіре алмайды, тағдыр деп тынады. Осы Қисымбат соғыстың ауыр жылдарында ауылдастарын жалаң аяқ қалдырмады. Өркімге жазда, қыста киетін киімді ірі қара терісін илеп, алабота шөбінен бояу жасап сықитып тігіп беретін еді. Еңбегі тегін, алатыны алғыс қана. Бақытжан деген ұлы Шәмілмен бірге оқыды, кейін милиция жұмысын таңдап қызмет етті. Құрдастары әзілдеп, Аманғали милиция біраз адамның обалына қалыпты, сен обал-сауапты есіңнен шығарып алып, Бақытжан сұм жазықсызды оқсатты десе, өскен еліңе сын келеді деуші еді. Милиция дегеннен шығады. Олар да туыс-туғанын оққа байлағысы келді деймісің. Мәскеуден түсетін лимит жандарын мұрынның ұшына тіреп, өлітүске ұрындырды. Ойыл НКВД-сын басқарып тұрған Құбай Берқалиев түн ортасында Сарбиеге жетіп, бай есебінің тізіміне іліккен Мерғалиевтерге хабар салып, Орынборға көшіп кетуін айтқан. Оның себебі осы әулеттің келіні Зылипа апасы болатын-ды. Қайсар, бір бетінен қайтпайтын Құбайдың өзі де сезіктеніп, басына төнетін қауіптен сақтануы үшін ауданға оралысымен әкесін түрмеге жауып қойғаны бар. Сонда қарауындағы кейбір жымысқы:

– Өкең не қылмыс істеді, мұның не? – дегенде Құбай іркілместен:

– Балық аулап пісіртіп жеп отыр. Өкіметтің балығын жеуге болмайды ғой, – депті. Сөйтіп, ізін бағатын сұмдар,

өкесін аямай түрмеге жапқан басшымыздан әділетсіздік шықпайды деп іштен тынады. Мерғалиевтер әулетін зобалаңнан құтқарып Құбай алғыс алса, Қисымбет ауылдастарын киіндіріп алғыс алып жүрді. Құбай ағамыздың өкесі Берқали мен Жұмабайдың дәмдестігі, алыс-беріс сыйластығы болған. Содан шығар, милиция бастығы Құбайдың Дүзелбаймен де қатынасын үзбеген Теңелдің естелігінде: «Құбай мамаммен нағашы-жиендідей әзілге кірісетін. «Фатима, ақылың көп адамсың, мені түсінесің ғой кім екенімді» деп қоятын. Аштықтың «әзілі» қатты, баланы өлтіріп жеп жатқан әйелді милициямыз атып өлтіріпті. Аштық ақылдан айыруда.

Тап осындай сәттерді Шәміл ойына оралтқанда, зұлымдығымен қылмыскер атанған Күшенов және қанішер баласы қалың жұрттың қарғысын арқалап о дүниеге кеткенде шын өлім деген сол шығар. Қазақ сөзінде жауыздарды «Жаназаңа жан келмесін, тамұқ отына өртенгір!» деп қарғап жатады. Алғыс өзінің сыпа басының ғана емес, ұрпағына да жұғысты екенін білеміз. Ал Күшеновтің лауазымын пайдаланып, адам айтқысыз Мәскеуге дейін өшкере қылмыстарынан жиіркенесің, тәрбиесіз, қасиетсіз, осындай оңбағандар да нан жеп арамызда жүрді деп түңілесің. Осындайда:

– Безбүйректер, зәлімдер қай заманда болмады дейсің, – дейтін қабір қазушы Айдос қақ маңдайынан аққан терін сүртіп. – Жауыздықтан қорлық көргендер көз жасым, қаным қабіріңе құйылсын деп қарғайтындар жетіп жататын. Адам баласы сұм-сұрқиялыққа, зұлымдық, жауыздыққа оппалап үреймен тұншығып, еркінен айырылғасын ажал табады.

– Аузыңа келгенді айтып былшылдама, тыңшының құлағына жақпай түрмеге кетіп қалсаң, өлгенді көмуге қабір қазатын қайраттымыздан айырылып қалармыз, – деп жасы үлкендеуі, сөзі өтімді тыйып тастай-тынының өзі қызыл империяның үрейінен мола басында да сақтандыруды қажет ететінін байқайсың. Ауылдастар елдегі бірен-саран жатыпатарларды да, милиция Аманғалиды да жақсы біледі. Олардың көзі көреген, құлағы естігіш. Айтқыштар: «Біздің Аманғалидың Сталин үшін жаны

құрбан, бірақ кісілігі сырдаң, қылмыскерді іздегенде етеді жылмаң-жылмаң, онысыөзінше адамды өлтіруге құмартуы емес, түрмеге апарып жұбатуы. Көзін шел қаптағанда туыс-туғаны көрінеді бөтен боп, өзін-өзі ұмытып жүрегін билер секем боп, аз күледі, ортаға қосылмайды сытылып, орағыта сөйлейді кейде жұтынып, уәделесіп қойғандай түнделетіп қара машинаны күтіп жүреді», – дейтін.

\* \* \*

Бірде Ақтөбеден шақыртумен келе жатқан НКВД үштіктері жолшыбай Қобда дүкеніне соқпай ма? Арақ, шылым алып, ақша айыртқанда сатушының жүз рублінде Лениннің сүгіреті болмай шығады. Сол бойда сатушының үйін тінткенде ақша жасаушы жабдығын тауып, халық жауының қолына кісен салады. Сөйтіп, желігіп келе жатып жолдан бұрылып арақ-шараптарын жайғасып отырып ішеді. Бірі ініне жете алмаған суырды ұстап, құйрығына шүберек байлап от тұтатып қоя береді. Біраздан соң өрт қау шөптен бұрқ ете түседі. Сол кезде түйеге мінгескен екі адам ұшырасады. Қызыл жағалылар жалма-жан оларды тұтқындап, өртті сендер салдыңдар, кәне қайсыңның қалталарыңда оттық бар деп тінткілей бастағанда бірі: «Мына оңбағыр шылым шегеді, қалтасында оттық жүреді, кез келген жерді өртеп кететініне өзім күәмін», – демей ме? Іздегенге сұраған, қоғамға қастандық деген құжат толтырылып, қол қойылады, табан астында дәлелденеді. Лимитте көрсетілген екі бірдей тапсырыс орындалып, Ойыл сапарынан қызыл жағалылар олжалы қайтады. Әлемдік соғыспен қатар елде де мылтықсыз майдан күн-түн демей дамылсыз жүріп, түрмедегі өлгендердің орнын жаңа адамдар толықтырып жатады.

«Соғыс» деген сөзді естісе Шәмілдің жүрегіндегі мұз денесін қалтыратады. «Дүниежүзілік соғыста алпыс екі миллион адам опат болды» деседі бір ғалым. 1940 жылы 14 июньде фашистер Парижді қоршап алады. Осы кезде Сталиннің тапсыруымен Молотов Гитлерді жеңісімен құттықтады деседі. Онысы Кеңес Одағына соғыс ашпасын деген пиғылы ма, қанқұйлы соғысқа қару-жарағының

әлсіздігін сезгені болар, қайткенде де соғысқа ұрынғысы келмеуі бәлкім шындық шығар. Соғыста өлгендердің шындық санын шығару да қиын. Өйткені фашистер қаншама қаланы, елді мекендерді бомбалады. Әрбір бомбаның астында өртеніп кеткендердің саны белгісіз. Сталин соғыс біткесін фашистер жағынан қанша адам қырылды, біздің шығынымыз содан асып кетсін деп ескертті деседі. Мұның жөнін ойласаң, соғыста халықты орасан көп қыру арқылы жеңіс емес, соғыс техникасы, қолбасшылардың шеберлігі арқылы жеңіске жеттік деудің маңызды екенін меңзеу болса керек. Және өлгендердің сүйегін жинап алумен қатар орман ішінде, тау-тас арасында оққа ұшқандарды кім нақты санап тұрды дейсің. Соғыс біткеннен кейінгі Гамбург ғалымдарының есебі бойынша, 1945 жылдан бері 108 соғыс, соңғы жылдары 50-ден аса соғыс әлемде жүріп жатты. Оның біразына АҚШ араласты. Ең қайғылысы, осы соғыстарда, мысалы, Вьетнамда 80 мың, Югославакияда 21 мың мұсылман әйелдері зорланды. Зұлымдардың ұрығынан фашист, қанішер бүгінде ержетіп шығып, зұлымдықтың қылаңын көрсетіп тастады. Әлемді сақтандырып отырған терроршы, лаңкестен де ұрпақ өсіп-жетіле берсе жұмыр жерде тыныштықтың мәңгілік сақталуы қиындай бермесіне кім кептіл?! Шәмілдің ойынша адамзат пайда болғалы байлық таласы, бақ таласы, әлемді басқару жанталасы соғыссыз, түрлі қырғынсыз өтпеген. Қазақтың «Ұрыншақ орға құлап өледі» дегені содан-ау. Байлыққа масығады, көзіне қара көрініп ұрынбасқа ұрынып жойылады. Бәрінің себебі өмірге есеп беріп қарау, шындықты бұзбай сезіну, жасандылықтың түрлі құлығын аңғара білу жетіспей жататындықтан бірлер емес, мыңдарға, миллиондарға ауыр залал келтіріп, үрейді күшейте түсеміз. Жоғарғы тақтағыларға халықты үреймен басқару өте тиімді, қатты ұнамды, таптырмайтын тарихта жетілген тәсіл. Залалы қатты бірақ. Оны көппен бірге нағашысы Дүзелбай да басынан кешірді.

Екеу.

*Адам ата, Хауа ана да екеу.*

*Маркс пен Энгельс те екеу.*

*Ленин мен Сталин де екеу.*



*Социализм мен капитализм де екеу.  
Бейбітшілік пен соғыс та екеу.  
Жақсылық пен жамандық та екеу.  
Ажал бұйырмаған шайтан – біреу.*

Айта берсек, екеуге мысал жетерлік. Құдай біреу, он екі ай, жыл біреу. Қазақ айтатын «Екінің бірі, егіздің сыңары» деп жалғыздың тілегін тілеу бар. Қайткенде де санның мәні бар. Қайырлысы, қайырсызын айтам. Бұл – 1928 жылғы атышулы тәркілеу, яғни жиған-тергенді кеудеге мылтық төсеп тартып алудың қалың қайғылы жылы. Талаурап шыққан күн зұлымдықты тас бүркей алмайды. Айтыс-тартыс аш қасқырша ұлыды, қатып-семген, барын ұқсатуды білмеген кедейлер белсенді боп, талтаңдап басып, өзді-өзі серіктесіп, «қырамын, жоямын, байлардың қанын ішіп тоямын, қарсы келгенін соямын, көнбегенді көндіріп, аяғыма жығылдырып, жалындырып қоямын» деп тайраңдап діңкілді бастады. Түсі суық қалың қара бұлт аспанды басты, найзағай шатырлап тұрған. Жасыратыны жоқ, қысастық күшейді. Ағайындар бірімен-бірі өшігіп, жауығуы үдеген-ді. Біреулердің өлердей өштігі кеткендей тісін шықырлатып, зығырданы қайнап тұрған. Біреулері қуыс кеудесінен өріп шыққан қызыл итін айтақтап, қолы жетпеген байлықтан олжа тапсам деп ойлап төңіректей бастаған. Бай байлығының астан-кестені шыққанда жымқырмашының суық қолы жүріп кетеді. Сұм-сұрқия сатқындардың көзі найзағай отындай ойнап тұрған. Дүзелбай болса байлық қолдың кірі, жусаң кетеді, мал бір жұттық, басы аманның малы түгел деген сөзге қонақ беріп, жаны тынышталып, көңілі кең жайлаудай, ертеңіне сенімі, үміті болашаққа бойлап тұрған. Шынтуайттап келгенде біреуге өмірдің алды қуаныш, соңы өкініш, екінші біреулерге алды өкініш, соңы қайырлы, ұзағынан сүйіндіретін қуаныш дегенге тоқтайтын. Ойын бөлген бір көзінің ағы бар, мыртық әкіреңдеп: «Жазаң ауыр, атылатын шығарсың, не түрмеде шірісің», – деп еді қоңыр көзін тіке қадап. Оған Дүзелбай тайсақтамай:

– Екі өмір жоқ пендеде, тірліктегі бірінші өмірімді жаратқанның өзі берді, өзіне тапсырам, мәңгілік мекендегі екінші өмірімді барғасын көрермін, – деді.

– Түрмеден бе? – деп милиция тайқы маңдайын быртық саусағымен сипап өтті.

– Шырағым, шындық пен өтірік екеу. Шындық жеңсе, өтірік өлер. Уақыт келер, асықпа.

– Байлығыңмен қоса өміріңді бізге, Кеңес өкіметіне тапсырасың. Сот үкімінің шығуына асығып тұрмын.

– «Асыққан – албастының ісі» деуші еді. Байқа, басың жас, асығу да екі түрлі, адалдық асықтырады, албасты қостайтын жамандық асықтырады. Бірі өрге шығарады, екіншісі көрге апарады. Қазақтың «асықпа, өміріңді қысқартасың» дегенін ұқпаған екенсің.

– Біз бәрін ұққанбыз. Іштен оқып шыққанбыз.

Дүзелбайдың әкесі Жұмабай: «Қуана білгендер өкінгенде шыдайтынын ұмытпаса, жақсылықтың да сұрауы бар, жамандықтың да жазасы бар, тірлік арбаның қос дөңгелігі тәрізді қос ізбен жылжиды. Ел болғасын маңда қасқыр ұлиды, ит үреді, зәлімдер оқсатамын, ата кегімді қайтарамын деп білегін түреді. Жиркенішті небір сұмдықтар жүреді. Ондай оңбағанның талайын көрдік. Сондай кезде кең пейілің ғана бәрін жеңеді. Түзу жол ақылдыға ұнайды, қисық жолдың айла-амалын зәлім тексеріп, тергеп өз пайдасына қолайлы деп санайды. Жақсы біреу, жамандық көп ағайынды болса да, айтылуы біреу. Жақсы біреу болса да, құндылығы мыңдарға татиды. «Ақынның хаты қалады, жақсының аты қалады», денесі өлсе де, есімі жұлдыздай жарқырап тұрады. Жаратқанның құдіреті, періште де екеу, оң иығыңда, сол иығыңда, тірлігінді топшылап сынап тұрады, жолың жақсы болса оған ұнап тұрады. Шайтан о дүниеден қуылып, тек қана зұлымдықпен одақ құрады. Ерлі-зайыпты да екеу, ұл өсіреді, қыз өсіреді, олар да екеу-екеу боп жұптасып кетеді. Адам өмірге келгенде де екеу, жолдасымен келеді. Кетерде де жолдастары жөнелтеді. «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды» дейді қазақ. Пендеге мүмкіндік те екі мәрте беріледі, үлгере алмасаң, үшіншіден үміт етпе», – дейтін. Дін ғылымын зерттеген Жұмабайға аспандағы Ай мен Күн де екеу. Сол екеулердің де серіктері бар. Жұмыр жердің де серігінің серіктері де екеу-екеуден болар. Қай жөнінен алсаң да қазақ ерте заманнан бері тарихында екі өзеннің

бойынан қоныс табады. Екі өзен халық үшін қатар ағады. Қалтарыс-бұлтарыс та екеулеп кезектеседі, аяғыңды аңдап басасың. Екеуді тереңдеп зерттеп қарасаң өлі тоқырау бар, екіншісі шарықтап жарқырау бар. Сол екеуді тең ұстай алмайтындар сасып сабалап, қатеге ұрынып, тірі өлерін білмей, шайтанның жамандық одағына кіруге мәжбүр болады. Жақсылығымен жұртты жарылқағың келсе, алдымен дұшпаныңа қызмет етіп, оның жоғын түгенде. Меzi қылатын сыпсыңнан құтыласың. Қазақ жауды іздеме, өзі келеді деген, зәлім қасыңда жүреді аяғын мысықша басып мияулап. Дүзелбай әкесінің өмір бойы толқытатын ақылын көкірегінде қайталап үйіне келді. Бәйбішесі дым болмағандай кіршіксіз күлімсіреп қарсы алды. Киімін шешіндіріп, асы әзір тұрғанын айтты. Қосағы жаман қайда озар деп, Дүзелбай әйеліне күдік-күмән келтіре алмайды. Ақылшы, жан серігі. Балаларының анасы.

– Бәйбіше, мал-мүлікті тапсырдық, байлықтың әбігерінен құтылып, өкіметтің бағып, тарықтырмай асырауына тіркелдік. Аталарымыз «Бай байлықтың машақатын көреді, рахатын көрмейді» дегені рас қой. Бір кезек кедейлер машақатын көрсін, рахатын біз көруге жазсын. Олар ұйқы көрмей далақтап шауып, өздеріне жымқырудың ретін тауып, ортаға түскен байлық жанына жағып жүр. Ұзаққа барса, «әкемнен олжа дәулет еңбек сіңірмегенге дәулет болмайды» деуші еді.

– Басымыз аман қалса жетер, бір құйын айналып-айналып өтер, – деп бәйбішесі Кіші жүздің ас мәзірі бойынша қаймағын молдау қатып, шайды кесеге жұқтыра құйды.

– Бас амандығы да қиын болмаса. Малды, үйдегі тырнақтап жиған мүліктен қол көтеріп бердік. Ата-бабамыздан қалған мұрадан тесік тиын да қалдырмадық. Соны алып жатып: «Су аяғы – құрдым, бай құрыды, бітті» деп масайрағанын көргенде, кешегі өзіміздің туыстың бетсіздігіне қарап жүрегім айныды.

Бәйбішесі қосыла сөйлеп:

– Мұралыққа қалған алтын, күміс, қымбат заттарды алуға келген тобырлардың қолдарын қақпай жинап бердім. Анамның анасы, одан арғыдан қалған көзі есебіндегі алтын жүзіктерімді, білезіктерді сыпырып,

сиырып сөзге келмей қолдарына ұстаттым. Өлгі тісі сойдақ, қыли Жәдік кекете күлгендей өзгеріп, бетіме қайта-қайта тесіле қарап жұтынып, езуінің суы жылтырап қолын уақалап «Байлардың көбісінің әйелі кісісі өлгендей дауыстап, алысып, жұлысып байлығын бергісі келмей арпалысып жатады. Сіздің байлығыңызды керексіздей көріп бере салуыңыз, қабақ шытпауыңызға таңырқап түгіне түсінбедім. Қабағыңды да тырыстырған жоқсың» деді. «Бастан садақа, қайырсыз мың теңгеден қайырлы бір теңге артық деген. Қазақта қайырлы, қайырсыз деген екі сөздің мәні терең. Тапқан табысыңнан бастап, тұтынған затыңа дейін қайырлы, құтты болатыны бар, керісінше қайырсыз болатыны бар. Қарғыспен келетіні бар, алғыспен өнетіні бар. Егін бітік шықса аталарымыз қайырын тілеп, мал сойып, қанын шашып садақа беретін еді. Сол тәртіпті сақтадық, қайтеміз, алдамшы шығар бәрі, көз тиіп, сөз өтіп құритын кезі болғаны ғой. Өлгенімізше қайырын көруге жазбаған екен, оның несіне ақылдан адасқандай ренжимін. Қазақтардың байлығының ит пен құсқа жем болып шашылағаны осы деймісің. Түкке тұрмайтын бірдемелерге көзімді суарып, саулығыма салмақ салғаным бекер, садақам кетсін. Тек қана мылтығыңды шошандатып зәремізді алма» дедім.

– Дұрыс істегенсің, бұлардың лаңы бір күн, бір жылмен бітпес, ұзаққа созылып, көрген түсім қате кетпесе жантүршігерлік сұмдықтар қайталана берер. Жаратқанның көзге көрінбейтін күші қорған болып, отбасымызды аман сақтайтын сықылды. Бұлардың бағыты жазасыз қалдырмас, – дегені аумай-төкпей келіп, он жыл мерзімге үкім кесіліп, Дүзелбай жер аударылды. Міне, қайғы даекеуболды, мал-мүліктен айырылса, екіншісі үкім жазасы. Ал жазасын өтеп жүргенде нелер жайсаңдармен кездесті, дәмдес болды. Жазасын өтеп жүрген Жүзбайға Орск түрмесінен хат келді. Хатта: «Жүзеке, жазамыз да өтеліп елге барармыз. Тегін тамақ, тегін киім, ауыр жұмысқа да үйрендік, орыс тілін де қағып алып жатырмыз. Өзің білесің, Жүзбай, Қызбай деген ағайынды екеуіміз баймен бірге туған бауырлары деп милицияның жансызы соттатып еді. Ата-бабамыздан қалған үйдегі алтын табақ,

күміс қасық, күміс құмандарды тінтіп өкеткенде әйелім «Қарын шашым алынған жоқ, қарғысым қате кетпейді, сідігің мен боғыңа тұншығып өл!» деп қарғаған ғой. Бізді көрсеткен залым Тарғылды жанындағы жатыпатарлары дүниеге таласып, сотқа көрсетіп, тәркілеген қымбат мүліктер Тарғылдың үйінде деген ғой. Сегіз жыл үкіммен сотталып, түрмеге түскенде кімнің қандай статьямен түкенін білетін түрмедегілер оны бөлмеде сиетін шелекке басын тығып тұншықтырып өлтіріпті. Түрме милициялары тексерсе ұрып-соққан белгі жоқ, кімнен көреді, жүрегі тоқтап өлді деп көпке қазылған шұңқырға лақтырып тастапты. Қазақ «Біреуге ор қазба, өзің түсесің» деген сол», – деп жазыпты. Қарғыс та екеу, жеңгелеріміз көбейгір деп жататын-ды. Мақтау, тілек. Тұқымыңа күл шыққандай құры дейді, ауыр қарғыс, қате кетпесе өсіп, өркендеген тұқым бірінен соң бірі өліп, қос-қос өліммен жойылып жатады. Қазақтың өлім жөнелтудегі денесі суыған адамның кейбірінің мойыны бос жатады, сол бойда денесімен бірге қабірге қазық қағып тоқтатады. Ал ел-жұртты безіндірген нағыз қанішер жауыз өлгенде өштескеннің біреуі кегін кешірсесе, қабірінің басына қазық қағып кетеді. Онысы – тірі қалған балаларына әкесінің жауыздығы дарымасын деудің құпиясы.

Дүзелбай жазасын өтеп жүргенде әкесін сағынады, туған жері – Ойыл, Қиыл – қос өзеннің самалын сағынады. Әкесін есіне алса: «Ештеңеден, көңіліңе жақпаса да безіне көрме, ыза, кекті көкірегіңде ауырлатып сақтап сезіне көрме, ғұмырыңды қысқартады. Алланың есебі бар, жақсылығың да, жамандығың да елеусіз қалмайды. Жаратушы екі көз, екі құлақ, екі аяқ беріп, бір басты иығыңа қондырды. Денеңде қызмет істемейтін артық бірде-бір мүше жоқ. Ми құтысын арқалап жүрген кейбіреудің ісінен жиіркеніп, шаригі төгілген деп жатамыз және басы істемегеннің аяғы сорлайды дейміз. Ми құтысы, ақыл мөлшері жақсылыққа түп-түгел бейім бола алмай шатасса, шайтан иектейді де жөнеледі. Содан зұлым бір қолын балға батырып, бір қолын қанға батырады. Ми не болғанын білмей есалаңдыққа ұрынады. Бас қауашағындығы миы да екі бөлік деп, қазақ миы көп, миы аз деп жатады.

Жамандық бөйге алғандай бүлдіруге құмары артып, жан-жал дейсің бе, пәле дейсің бе, небір сөлекетті ойлап табады. Миы аздардың зұлымдық үні бір сәтке де сейілмей, тірі жан көріп білмеген обадай опыратын қасіретті төгіп салады. Өкінішке қарай, алданбасына кімнің көзі жетіпті. Алланың ерлі-зайыпты етіп жаратуы біреудің ақылы шолақ, екеудің ақылы мол-ақ дейтіндей небір зұлымдықтан екеулеп ақылмен шешіп қорғансын дегені болар. Немесе екі жақсыны бір қоспайды деседі. Тірлігіңді ұзартатын бір ғана амал – адалдығыңды сақтау. Сары уайым – шайтанның ажалға бастайтын қияңқылық жолы. Басыңа қиындықтың қара бұлты үйірілгенде қайрат-жігеріңді шыңдай түссең, шайтанның басы кесіледі. Елді сағынғанда көпке топырақ шаша алмайды, әлсіз пендеге өкпесі де жоқ. Әжім деген бала кезден бірге өскен досы ұзақ жолына қарап, көз жасын сығып, қатты мұңайып қалды. Міне, достық та екеу екен, өзі мен Әжімі. Жалған тірлікте біле-білгенге асыл сөзден өткір ештеңе жоқ. Адам өмірінің ажырағысыз түрлі-түрлі құбылысын жаныңа өшпес жарығын салатын сөз құдіретіне не жетсін?! Қазақтың әлемдік биіктерден қалыспаған биік рухын да екі нәрсе – бірі жікшілдік, екіншісі кекшілдік кісілігінен айырып, бөсін түсіреді. Құғын-сүргін заманында ағайынның жікшілдігі мен кекшілдігі талай тектінің қазасына жетті. Одан жікшіл де көсегесі көгерген жоқ, кекшілдің жапырағы жайқалып бақытқа бөленген жоқ, тұқымы гүлдей солды, шаңша ұшты, шын өлімді меншіктеп, есімдері ел жадынан біржола өшті. Дүзелбайдың есінде: «Нобобагат аулында Жармағамбетов Ерғалидың мал-мүлкі тәркіленді. Жиында кедей Жақып Жантазиев: «Бай Ерғали 1916 жылы старшин болып тұрғанда тылдың қара жұмысына қулық жасап, бармай қалған. Сондықтан тап жауы ретінде жаза тағайындауды сұраған, Қаралаушы өлді, бірақ Ерғали өлген жоқ, қазақтың атақты ақыны Хамит Ерғалиевтің өлеңдерін қалай өлтіресің», – деген.

Атырау мұрағатының құжатында мал-мүлкі тәркіленген 24 байдың 20-сы Дүзелбаймен бірге Петропавлскіде жазасын өтесе, сол жиындарда Теңіз ауданы мемлекеттік балық тресінің қызметкері Аполихин ком-

миссия өкілдерінің тәркілеу жұмыстары тонаушылық, барып тұрған қастандық, мұның қоғамға пайдасы болмайды, қалың жұртты тәркілеуге қарсы болуға шақырамын деп жар салған. Кейін жауапқа тартылып, оған сот үкімі шыққан. Міне, жамандық көп, жақсылық аз деудің мысалы осы емес пе?

Сотталғандарды жұрттың көбі жауыз, зәлім, шеннен шыққан жаман адамдай көру үйреншікті үрдіске айналды. Адамдар бір-бірінен салқындап қатыгезденді. Бірақ, туған табиғат, түрлі шөбі, жануар, жәндігіне дейін өгейсімей, қайта сағына күтетін сықылды көрінетін Дүзелбайға. Со-сын да еліне жазасын өтеп оралды. Досымен екеуі күн-түн қатып сырласты, мауқын басты, бабалар зиратына барып дұғасын тигізді. Дүзелбайдың бұл келісіне бұртиып жөн көрмеген, орынтақ иелері, саясат буымен жал бітіп семіргендерінің көзқарасынан қызынып, кіжінуді аңғарғандай еді. Бір-біріне ізін бағып жүріңдер, ұрымтал тұсымызды тауып, Кеңес өкіметінің шаруасына зиянын тигізбесін деген сезікті пиғыл да байқалды. Пиғыл дегеннен шығады, жаратылысында әйел талғамы да, талабы да жоғары, көбіне ерінің ісіне қанағаттана бермейді. Сондай сәтте жер қозғалса да сабыры қалпын сақтайтын ақылгөй ана ғана келіндеріне: «Ер – түздің адамы, қорғаушы айбарың, оған сенгенше екі босағаңа сен, ұрпағыңды ойла, отбасыңды көркейт, екі босағаңды берік ұстамасаң шаңырақ ортасына түседі, өмірің бүлінеді», – деп жеңіл-желпі ашуды басады. Екі босағаның киесін түсіндіреді. Түрі келіспеген көк долыдан туған көгісті де ақылды ене, адассаң адас, жамандықпен жанассаң жанас, еркің өзіңде деп бетімен жібермей, сабасына түсіріп, ақылға көндіріп, қиық-қыңырды қайта тәрбиелейді. Бойындағы білместігін, шатасатын шалағайлығын, қанағатсыздығын, көрсеқызарлығын тыйып, жақсылық жолына бағыттайды. Қазақтың «Анасын көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш» дегені екі босағаның құрметімен ажарланады. Шәмілдің анасы Қайша сондай алғыр ойлы, замандастарына сыйлы еді. Әйелдердің «Егізде екі болма» деген қарғысы кешіруге жатпайтын зұлымдыққа арналады. Төсін сөби тартпаған әйелдің зәлімдігіне де кешіріммен қарап, аярлық таныта-

тын ақылды аналар. «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз қайта айналып иесін табады, жақсы байқап сөйлейді, жаман шайқап сөйлейді» деген ақылды тыңдаған әйелдің қор болғаны жоқ шығар. Қазақтың екі сөйлейтінді түйреп, тірі өлім деп ескерткен. Қазақ ұлтының тәрбиелік құдірет-күші жақсы мен жаманды қателікке ұрындырмай рет-теп отырған-ды. Әрине, тәртіп тертесінен безіп, ымыраны бұзып шеннен шығатындар аз да болса кездеспей тұрмайды. Ондай қасиетсізден жиіркенгендер татулыққа да тіл тиеді, көз өтеді, сақ болындар дейтін-ді. Нағашы, жиенді, қазақша айтқанда егіз қозыдаймыз дей келіп Дүзелбай: «Бақыт құсы да екеу, біреуге соқыр құс боп шайтанның жетегімен қонады, екінші біреуге шыншыл, жарқырап періште күшімен қонады. Қазақтың «Соқыр бақ кімді ұшпаққа жеткізер?» деп түңілетіні содан. Өмірімде ажал да екі рет тым жақын, бетпе-бет келгенде дұғамды оқып, сабырлық сақтағанымды сезді ме, періште көмектескен шығар. Үшінші рет ажал төнсе мойынұсынып көнем, көнбесіме де қоймас. Ешкімге келтірген залалым жоқ, пайдамнан басқа. Қай қоғамды да мойындадым. Социализм, капитализм дейсің бе, осы екі ағайындының да сілікпе тірлігіне тойдым. Коммунизмінің сілтемесі жұмақ шығар, оны барған соң көрермін. Қай күні өлетінін білмейтін пенде тағдырдың оң жолы ма, сол жолы ма – екі айырық жолдың үстінде жолаушылап тірлік етеді. Ауыр тигенін ауырша, жеңіл тигенін жеңілше көтердім. Түсінігім жеткенше пенде басында кездесетін о да екеу – қас пен достың бірінің ісіне қуансам, екіншісіне аздап қабақ шытқан шығармын. Қазақ «Мейманға көрсеткен құрметің – өзіңе көрсеткен құрметің» дейді. Солай болса құрмет көрсетуден де, құрмет көруден де кенделік көргем жоқ. Жанашырлықты көрдім, жаныма жақын тұттым, жылу алдым. Оны ұмытуға болмайды. Зұлымдықты көрдім, қашық тұрдым. Оған өкініш зая. Мұның бәрі айналып келгенде немеремді сүйгенге жетпейді, түк емес. Ұрпақ тірі тұрғанда шын өлетін ешкім жоқ, қу бас дегеннен сақтасын. Шәміл жиенім екеуіміз қатар тұрғанда асып та кетпейміз, асылықтан сақтасын, жасып та кетпейміз, ұрпағымыз бар, оның тамыры тереңде. Сендер тұрғанда



шын өлем бе, өлсем өтірік өлгенім. Тірліктен адам болып өту бар, ит болып кету бар. Мұны асыр салып шайтанмен ауыз жаласып жүрген зәлім ойлы түсінер деймісің. Ол түсінбеді деп шалабыңды шайқама. Керей айтқан екен: «Ажал саған желкемнің шұқырын көрсетермін деп кіжінуші едім. Оным бекер екен, ажал қулығы көп, алдап соғатынын енді білдім, о, сұм ажал, тойымсыз неме», – депті. Ажалды мен мойындасам да саған ерте. Тірлік қамшы сабындай – келте.

Міне, екі достың қатар жүруін де көпсінетін зұлымдық жақсылық ойлағанның да алқымын қысады. Дүзелбай қайрат-күші барда, ұрпағы өсіп жетілгенде ондай көз-түрткіге көне қоя ма? Қазақтың «Жақсы жігітке қайда да бір орын бар» дегені жадына түсіп, елден біржола жырақтады. Тірліктің екі жолы, маңдайына жазған адалдық жолымен ұрпағына өлмейтін есімін қалдырды.

– Дүзелбай нағашым кісілік қасиетіне кір шалдымай, ақылдылық әдібін сақтап, 1967 жылы тоқсан екі жасында тірлігін ақыл-кеңесін келістіре біліп, қажып-алжымай Қазалы қаласында дүниеден озды. Соңғы сөзінде қайрат-күшін жинап: «Жамандыққа шыдаудың де шегі бар, қатты қуанудың шегі бар, екеуін де басымнан өткіздім, өмірге өкпем жоқ, тілегім – ұрпақ аман болсын! О дүниеде тыныштығымды бұзатын жанымға жаман адам түспесе екен, қазақтың ата-бабасы, туыс-туғанымен бір қорымда жататыны о дүниедегі жанның бірлігі, татулығына ештеңе теңгермеуі болар. Ендігі тілек – құдай қосқан қосағымның жаны бұйырғай. Ерге маңдайына жазғанына қарай жарын құдай қосады, кейбіріне ит пен мысықтай боп өтсін, астамшылықтың жазасын тартсын деп жарын шайтан етіп қосады. Қойыны құтты жарыммен шай дескен жоқ едік, бір-біріміздің бетімізге жел боп тимедік, сол татулықты ұрпақ жалғағанын көзім көріп, көңілім жайланды» деп шарболат денесін өзі икемдеп, ажалға мойынұсынды», – деп Шәміл өткен оқиғаларға тоқтам келтіріп, Әжім досын жанына шақыртты. – «Ескі дос жаңа достардың жүзінен артық» деуші еді, біз екеуіміз, ескі доспыз. Өмір біреу, өліммен екеу, түшкіруге тұрмайтын қысқа ғұмыр. Оны түсінетін екі көз кейбіреудің маңдайындағы бездей көрінбесін.

– Нағашы мен жиен. Нағашыеке, қызғаншақтың қырсығын білесіз бе? – деді жиені иегін бір сипап.

– Үй болғасын жұрт қатарлы түрлі жиһаздан басқа, автокөлік керек. Үй болғасын алға шыққандардан қалыспайтын бір-бір ғылым кандидаты, не докторы артық емес. Мұрнына ғылымның иісі бармайтын әлгі Түлкібай да атақ алды. Біз не тентек қатыннан туған жоқпыз, ұл тудым деп анамыз бір кесе май ішті, жүрегі жарылардай қуанды.

– Қызғануға тұрса, шындығы керек, өзімнен асып, не тең тұрса қызғанар едім. Ғылыми тақырыбы қызық, өзінше ерекше жаңалық деп топшылаған болар шамасы: «Құйын айдаған қаңбақ» депті. Әкімшілік дәрежесі өсіп тұрғасын, қанадай сөзді қисынды, қисынсыз сықпырта берсе жарасады деді ме? «Қаңбақ деген қандай шөп, топырақтың қандай құрамында өседі, оның пайдасы мен зияны қандай, бөрі-бөрін ғылыми тұрғыда көрсетіп дәлелдеу шығармасында атымен жоқ» дегенде, бір қолпаштаушысы залдан ұшып тұрып, «Астарлы сөздің бағасын асырып тастау керек. Ойлаңдаршы, күшті ел әлсіз елін бұқтырмай ма, үрейлі бастық қарауындағы өзіне жақпаса жорғалатып ықтырмай ма, құл да бірдеме-сірдемесімен қорқытуға шақ тұрмай ма, қолынан келгені қонышынан басып, үндегенін жүндемей ме? Мәселен, құйын ішінде ығып бара жатқан қаңбақ дауылды күндемей ме, ықтасын, қайдасың, құйынға тездетіп тежегіш тетік тап (санкция жарияла) деп тілдемей ме? Демек, қаңбақтың өсуіне зияндылықты астарлап жеткізіп отыр. Бастық болғасын өзінің де көзінің қырына іліккенді қаңбақ құрлым жоқ екенсің, өсек-аяңға тоқ екенсің, енді тып-тыныш ығымда отыр дей алмайды. Жақсы қоғамда құйын болмайды, құйын болмағасын қаңбақ өсіп-өнеді. Қаңбақ жайлы астарлы жазылған еңбекті әлем тіліне аудартып, біздің Түлкібайға атақты кідіріссіз беру керек. Қолдарың тесілмес, дауайте шапалақтап қойыңдар» деп төрдегі төреші ептілікпен майын тамыза сөйлеп, дәлдікпен баяндап, ақылсызға ақыл қосатындай қаңбақ даңқын аспандатты. Осындайдан кейін Түлкібай ғылым кандидаты атанбайтын қақы жоқ. Е, айта берсе, анада біреу «Жылқының кісінеуі, оның ұйықтап тұрып құлындаған жері есіне түссе шаба жөнелетіні керемет» деп атақ алып

еді. «Асфальттан басқаны көрмеген жылқыны қайдан білесің?» деп біреулерезуі жырылғанша қарсылық білдіріп еді, комиссия басшылары «Қаланың асфальтында да жылқының сүгіреті қаптап тұр ғой, тірі жылқыны көрмесе де көргендей болды, немене атақты қимайсыңдар ма?» деп тыйып тастады. Сол құптауды тосып отырғандар қолдарын қайта-қайта соқты. Кейін Түлкібайдың қаңбақ жайлы ертегісін күлкіге айналдырып еді, тағы да төрдегілер терлеп-тепшіп: «Ауданды қанша жыл басқарар дейсің, жел айдаған қаңбақтай ұшып кетсе, ғылыми атақ ала алмай қалдым деп өкінсе, обалы бізге тиеді ғой. Өз басының өзгеден кемдігі жоқ, қайта асып тұратын дәрежелі азаматты төбеге көтеріп құрметтелік. Түлкіекеңнің сөзін сөйлегеннен, шығармасын құптағаннан аузымыз қисайып кетпес. Қаңбақты жел айдайтыны, тамырынан үзіліп сай-салаға пана іздеп қаңғып кететіні ащы шындық қой. Ондай ақиқатты әдемілеп астарлап жеткізгенін әлгінде қостаушысы әлем жұрты іліп өкететін ерекше тақырып деп ап-айқын, шабытпен дәлелдеп айтты. Енді оны қоздата берудің қажеті жоқтығын бәріміз де сезіп отырмыз» деді. Сөйтіп жүз пайыз қолдады, шығарманы тежегішке (санкцияға) ұрындырмай әлем тіліне тездетіп аудартып, көп ұзамай докторлық атақты да сыйлайтын шығармыз.

– Нағашы, өзің де шөптен ғылыми атақты қорғадың ғой.

– Менің шөбімнің маңызы әлемдік. Жусан ғой, оның жүзден астам түрі бар, басқаны айтпағанда, малшы ауылында жазда шыбын тыныштық бермегенде бір буда жусанды қоя қойсаң ол жерге шыбын жоламайды, дәрілік қасиеті керемет пе? Ал тақыр жусаннан Арман деген ғалымымыз рақтың дәрісін жасады, оны Арглабин деп атады, мен сол ғылымның анық-қанығын жалғастырып жусанның басқа түрлерін зерттеп, тымауға, шашы түсіп қалғанға, тісі жоққа және басқа ауруларға емдік қасиетін химиялық, физикалық заңдылықтармен дәлелдедім. Жапондар тісі қаусап түскен қариялардың тісін қайта шығарып жатыр. Ананың сүтінің құрамымен тіс еттерін сәбилік қалыпқа жеткізеді екен. Менің жусаным да тіс өсіреді, арша ағашы тамырының сығымдысы бар және.

– Оны біреулер қызғанды ма?

– Неге қызғанбасын, кейбір ғалымдар жағын таянып міз бақпай қатып қалды, кәдімгі қызғаныштан өті жарылып кеткендей сыңайда еді.

– Қызғаныш туралы бірдеме жазып жүрсіз. Сол пәленің түріне сан жете ме?

– Баласың-ау, жиен, триллион дей салмайсың ба? Тіпті әлемде жеті миллиард халық болса, жеті миллиард қызғаныш бар десең де артық емес. Қазақта «Туысы бірдің уысы бір» деп татулыған жарастырғанды да қызғанамыз. Бір бала өсіріп қушыңдап отырғандар көп балалы жекжат-жұрағаты жетіп артылатын, өмірлері қуаныш-той мен қызықта шалқып жүргендерді іші өтіп кеткендей қызғанады. Бізде мансапқор, жемқор, жәлеқор, пәлеқор, өркөкірек, парақор деген жеті ағайынды пәле бар. Олар жер бітіп, су аққалы сыбайласып, қызғаныш өртін лаулатып, өршітіп келеді. «Пілдің құлағына кірген шіркей де мықты» деп осыншалық зұлымдықпен айқасып жүрген жалғыз жақсылық құдірет емес пе?

– Нағашы, бір танысым жайлы айтқым кеп тілім қышып тұрғаны.

– Жемқор ма, әр түлкі құйрығын куәлікке тартады деп, әлде бір баланы оқуға түсір деп салмақ салу ма?

– Бала басында миы болса оқыр, ми емес, қи болса қара жерді шұқыр. Бір тентек таңдайына татып отырған жалғыз сиырын сатқанда, танысы мұның не десе, анау сиыр оқуға түсуге, сынақ тапсыруға барады, оқысын деп отбасының аузын кептіріпті. Парасы аз болды ма, ұлы оқуға түсе алмай қайтып келеді. Арам өлгір сиырдың да бағы қайтқан екен деп әкесі кеңкілдеп күліпті. Параның да кейде жолы болмай, алатын мықты қолы болмай, құмға сіңген судай кедейдің қалтасын қағып кетеді. Оңай олжа алушыға кейде ретін тауып кетеді. Өзің білесің, ауданда екі дос – бірі бастық, екіншісі орынбасары қызметін атқарып, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ, үріп ішіп, шайқап төгіп жатты. Екі досты айырар шайтан деген албасты деп ешкім ойлаған жоқ. Бірі олжаға алымды, ауызы салымды, мөр иесі болғасын қарымды болды. Екіншісінің әйелі ішіне пышақ айналмай, «Жұрттың еркегі алмасты алады, бармайтын жерге барады,

біз көшке ілесе алмай жұтап қалдық» деп қызғаншақтық дауылын құйындатып тұрғызды да жіберді. Қылмыстық ісі тізілген арызды халықтық бақылау комитетіне жазды жіберді, екеуі де орынтақтан қалпақтай ұшты. Арыстанды да ерттеп мінеміз дегендердің тасқан көңілі саф тыйылды. Көтеріп әкетті заң құйыны. Түрме дәмі бұйырды. Жел айдаған қаңбақтай домалап, ықтар жері түрме болды.

– Жиен, өзің таза болсаң, ұйқың маза боларды білмегендер сазайын тартады. Ондайда төбеге шықсаң күндейтін, төменде қалсаң тілдейтіндер табылады. Қазақтың маңдайының қалың соры күншілдіктен басталды ғой.

– «Қисайған ауызды қырық түрлі дәрімен де емдеп жаза алмайсың» депті бір айтқыш. Сол айтқандай мансапқорлардың бақ таласы да жақсылықпен бітпей жатады. Көре алмаушылықтың шайтаны қыр соңынан қалмай сүріндіріп, татулықты талқандап, босағада көрісетіндей бүліндіріп, жұртқа күлкі етіп ойрандап кетеді. Жұрттың бәріне ғылыми атақ алатын қаңбақ жете ме? Шөп-шөңгенің жыл сайын ондаған түрі құрып жатыр. Ал жемқорлықтың зардабы қалыңдағанын айттайын ба? Жын азғырады: «Ұрлық түбі – қорлық» деген бекер, алып таста, бұйырғанға қолынды малып таста, бал ұстаған бармағын жаламай тұрмайды деп еліктіреді. Жынға елігіп, еріп кетпейтін пенде жұмыр жерде аз шығар. Жемқор емқорды іздейді, статьяны жатқа білетін емқор жемқордан қол үзбейді. Айтса айтқандай, пайдаға көздері жайнап тұрады, ебін тапқан екі асайды деп ойлап тұрады. Атақты да сатып алады, шатақты да сатып алды. Пара қаңбақ боп зулап кеп қалтаға түседі. Ұзаққа бармай тұтылады, қылмыс тексерусіз қалмай, ақырында жазасын өтеп әрең дегенде құтылады.

– Нағашы, өздеріңде қалай, идеяларыңда жын бар ма, ым бар ма?

– Біздің мекемеде де бір жалақор мен бір пәлеқор жұбын жазбайды. Кәдімгі іші-бауырыңнан өтіп, ішек-қарыныңды аралап жүріп, өтірікті шындай, шынды шайтан ұрғандай етіп арыз жазғанда алдына жан салмайды. Арызшылардың әлемдік жиынын өткіземіз деп дабырлатып жүр.

– Жә, нағашы, ондайлар көп қой. Ал өркөкірек, былайша бюрократтардың санын есепке салса әлемді он сан орап алатын шығар. Бір мекеменің бастығына кіріп шаруа айтайын десең, сарсылып жұлын, жүйкеңді тоздырасың. Денендегі біраз микробты қоздырып дерттенесің. Егер бастықтың ат шаптырым даладай кабинетіне кіре қалсаң бірден адыр жоқ, мыдыр жоқ: «Не шаруаң бар!» деп ақырғаны жағыңа жиен қарындастың шапалағы тигендей, тіпті көзіңнің оты жарқ етеді, сосын есігі жабылып сарт етеді. Бір тентек бастыққа бара бергенше пара бер деп жұбатады да: «Жан-жағымыз толған алым-берім, онсыз аяғыңды шәк аттап баса алмайсың. Бұлар аталарымыздың «Балықшы байымайды көлден алған, етікші байымайды елден алған, маңдай тер, адал еңбек болмаған соң, желменен кетеді екен желден алған» дегенін неге түсінбейді, бұл сөз орысшаға аударылмаған, сосын түсінбейді» дейді. Қоғам әлсіреген сайын қорқынышты бола береді дегені нені меңзеді, алыстан орағытқан ойға ақылым жетпеді.

– Жиен, ақыл базарда да сатылмайды, АҚШ-тың санкциясы өктемдігін құрып жарияланған, біздегі кейбір ғылым докторлары ұялмай, қызармай Мәскеуден атақ аларда: «Қазақта тарих та, сөз де, ғылым да, әдебиет те жоқ еді. Лениндік партия ел елдендірді, жер жерлендірді деп орыс тілінде сайрап, қазақ ұлтын, батырларын, хандарын жексұрын ғып көрсетіп, дәрежелі болып, қолы қалтырамай айлық алды, қолы қалтырамай, санкцияға ұрынбай қазақ жерінде өнген нанды жеді. Ақашамен ақжолтай болған адам туысын, ұлтын ойлаудан қалады. Бұл ұлтымыздың санасында тыртық боп біткен жара. Абысындардың өзі бірі тәуір көйлек кигенде, екіншісі сылқым мойнына бұршақ салып қызғаныштан өліп кете жаздайтыны сықылды, кейбір ғалымдар бірінің атағы гүрлесе, екіншісі буынып өлердей күй кешеді.

– Нағашы, қоғамда базбұзар тентектер де табылып тұр. Ұлттық тәртіп, ұлттық тәрбие заңынан алшақтап барамыз ба?

– Етектен тартқаны, жағымсыздықтың қайсысын тиып аларсың. Алланың көзі түзу болса бір реті келер. «Күйгелек әйелдің күйеуі тез қартаяды» деп әйел бұзылса,

қоғамның қойыртпағы сонда шығар. Қатын-балаңа ие бол. Қиқандаса, санкция салып тыйып таста. Күнкөріс жолын қиып таста.

– Нағашы, соғыс жылдары есіме түседі, тамақ таба алмаған қыздар, әйелдер босып кетті ғой. Сонда колхоздың кілтшісі бір ағамыз жиырма әйелді үйіне кіргізіп, тұз-дәмдері жараспай қайта шығарды. Содан жиырма бірінші қара торының әдемісіне үйленді. «Аға, мына жеңгеміз қалай?» дегенде күлімсіреп: «Қатынды көп ала берсең, ішінен бір тәуірі табылады екен. Өте жақсы, тәрбиелі» дейтін-ді.

– Е, жиен, ердің жақсысы – әйелінен, әйелдің жақсысы – ерінен. Қазақ кейде екі жақсыны бірге қоспайды деп те жатады. Ең бастысы, өзімізге өзіміз ие болып, жақсылық жолдан таймағанымыз дұрысырақ болар. Уақыт күліп қоштасады, жақсы мен жаманды біліп қоштасады. Пенде – жел айдаған қаңбақ, дәм-тұзы, көрер жарығы таусылса о дүниеге алақайлап кете барады. О жақта айтыс-тартыс, небір жамандық түрлері, санкция деген пәле жоқ, тыптыныштық қой. Жә, жаңа жыл алдында бәлкім біреулер кандидаттық қорғауды тосып отырған болар. Рюмка қағыстырып, тост көтеруден басталатын сыбайластықтың небір кереметін, то есть одағайлығын көруге, одан аяқты тартуға жазғай. Әп дегенше санкцияға елең етпей, жаңа жыл басы – наурыз да келіп жетеді.

Ұйқы қашар.

Жолдастар! Жаңа жыл алдында, мына Аяз атаның кабинетінде ағымыздан жарылып, ақ сөйлеп шынымызды жер-көкке тигізбей өңсізімізге өң кіргізіп, жөнсізімізге жөн кіргізіп, бүкпе-бұлтарыссыз айтсақ қайтеді. Ал, кәне, ой сарайын ашып, ойымызды ортаға салалық. Мен айтам, үйлерің жылы ма? Жылы дейсіз бе? Дұрыс екен, байқампаз үкімет қарасқан ғой. Тағы да айтам, жағдайларыңыз жақсы екен. «Он рет ыстыққа ұрынғаннан бір рет суыққа ұрынған жаман» дейді екен дәрігерлер. Бір қызығы, суыққа үйренген адамдардың жүзі жас боп көрінетіндігі, ұзақ ғұмыр кешетіндігі жайында біреулер кандидаттық диссертация қорғаймын деп жүрген құпияны аузым жеңіл болғандықтан айтып қаламын-ау. Дерегі де бар екен,

пәлен ғасыр бұрын кесіртке мұзға қатып қалыпты. Оны мұздан алып ғылыми бөлмеде жан бітіргенде тірі қалпына қайта келіпті. «Рахметін» айтып жорғалай жөнеліпті. Рас шығар, үсіген адамды дәрігер өзіміздің Қонақбай тірілтіп, сол жөнінде докторлық еңбек жазып бітірді. Мен де қара жаяу емеспін, адамдарда ұйқының қашуының себептері туралы екі томдық еңбек жазып жүрмін. Бәлкім бұл біреулерге сыр, енді біреулеріне дыр болуы мүмкін.

Алдымен алты жасар баланы алпыстағы шал алдай ала ма? Біліп отырмын, біреуің алдайды, біреуің алдай алмайды дейтіндерің белгілі. Рас, екіталай. Егер біздің қаладағы Алдар көселердің алдынан бір өтсең, шайтан болсаң да алдайды. Алдымен қыс түссе-ақ жанартаудай жалтылдап, буы аспанға атылып жататын көшелердегі жылу жүйесінің жанынан киесі бардай ғып сылаңдатып өткізеді. Егер аузың жеңіл буды айтсаң, жылу электр орталығының бастығы В.Ф. Сидоровтың оң құлағы шуылдайды. Бетін аяз қарып дуылдайды. Сөзін желдіртіп тықақтап қоймайды: «Қала тұрғындары өте ыстықты жаратпайды, жұрттың бәрі қоңыр салқынды қалайды. Сондықтан халықтың тұтынуынан артылған жылуды ауа райын өзгертуге, яғни әлемдегі аязды, боранды болдырмауға арнап айдалаға жіберіп жатырмыз, екіншіден, түрлі химиялық қоспасы бар бу аспандағы жыртықты да жамап қалар», – дейді. Ал, көне нанбай көр. Иә, аспанның жыртық екені рас, Мұзды мұхиттың ери бастағаны рас. Одан басқасын айтқанда, ауаға будақ-будақ шығып жатқан жылу буы кейде жаңбыр шақырып ұйытқытып үйіріп сіркіретер еді. Қақаған қыста аспаннан жасыл ойнап, жаңбыр төгілсе, ақыраман ба деп ұйқың қашпай қайтеді.

Ал менің сіздерден тағы бір сұрауым бар. Жыл неше айдан құралады? Күлесіндер, оның несі күлкі, білмегенін сұраған айып па? Біз жылдың қанша айы болатынын ұмытқалы қашан. Олай емей, немене, қыстың тіршілік жұмысын желтоқсанда ғана сүрініп, жығылып бастаймыз. Соған қарағанда бізде жыл дегенің он-он бес күнде оқтай зулап өте шықпай ма? Міне, осы кезден бастап ұйқы қашар жасаймыз. Үйің жылы болғасын мақтанып, мұрныңды шүйіресің тағы. Бізде ретсіз қимылдауға



дәрмен жоқ, алдымыздағы ішейін деп отырған қызыл арақ қатып қалып, аузымыз қағылып, құдай атып қалып жүр. Әйеліміз тонға оранып, жан-жағын электр пешпен қорғандап, бүк түсіп жатыр. Қайбір жетіскеннен жатыр дейсің, байғұс әйел, қиюы кеткен еденнен қиялай соқан жел деп қорғанып жатыр да. Әйелдің жатқаны да дұрыс, көп сөзден құлағың тыныштық табады, онсыз да көбіміз құлақтан азып жүрміз. Далаға шығасың-ау, апыр-ай, дала үйден жылы. Бірақ барар жеріңе қаланың автокөлігін айлап, жылдап күткендей боласың. Бастығы Лохматов еріксіз есіңе түседі, ей, оны қайтесің, шаруасы түгел. Халықты ойлап қайтеді, ұмытшақ, сын-мін таға алмайсың, дәлелді-дәлелсіз себептердің бәрін түгендеп, жұмысына шаң жуытпай келістіріп алдай біледі. Жан күшін аямай салып, көз жасын мөлдіретіп тебіренеді. Өзі қызық: «Алдамасаң қақпанға аң да түспейді» деген бар», – деп ішікі сырын кейде күліп айтып қалады. Күлгені тірі екенін, қорғаушысы ірі екенін білдіргені ғой, оны түсінетін шығарсыз. Тағы бір айтарымыз, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық мекемесіндегілер қай көшеде қандай үйлер бар, есебін нақты білмеуі де мүмкін. Біліп қайтеді. Бастықтары жаз бойы бармағын сорып, ұйқылы-ояу сезімнен арылған жоқ, арақ-шарап ішуге ниеті тарылған жоқ. Оянса ұйқыдан жыл басында оянар. Жазда үйдің құрылысын қабылдар кезінде жұмық көзімен қарамады, тұрғындардың сөзін сөз екен деп санамады, «ыстық суы жоқ» деушілерге бастықтық төкашпарлығын ұмытпай: «Балық боп кетесіңдер, күн сайын суға түсіп арып кетесіңдер», – деп жүре сөйледі. Сөйтіп көп қатарлы біраз үйдегілер қыс болса сырнай тарта ма, әлде билей ме, әйтеуір селкілдегенде үй қабырғасы бірге қозғалып-сілкінетін тәрізді. Сонымен сырнай тыңдағың келсе, үйімізге келе қал. Есік ашық, ұйқы қашар деген осы, бауырым.

«Үйіміз салқын, домбыра тартып бебеу қағып, иегіміз иегімізге тимей отыр. Су ысытқыш қондырғысы істен шыққан», – деп шағынатындарға үй басқармасының басшылығы көзін жұмып, алақанын тосып, бірдемені мезіреті ғып: «Нечего, өлмейсіңдер ыстыққа борсығанша, тоңазып отырған өте жақсы. Жаз бар, қыс бар, асығатын не

іс бар», – деп бір сарынды өзілдейді. Өскемен көшесіндегі ұйқысы қашқан жанұялардан қанша домбыра оркестрін ұйымдастыруға болады. Себебі ұйқысы қашқандар кірпік ілмейді, үсігенін де білмейді. Хош, Горбачев көшесіндегі он шақты көп қатарлы үйлердің астыңғы қабатында бұрын картаға түспеген жаңа көл табылды. Және қас қылғандай үйдің астынан шыққанын көрмейсің бе? Бір қызығы, мұны экологтар таппай, үй басқармасының тұрғын үй коммуналдық шаруашылық бөлімі көріп, жерден жеті қоян тапқандай қатты қуанды дейсің. Енді бір қызығы, сол көлді «көдеге жарататын» көзін басқа жерден шығармаса, әлгі үйлер су түбіне кетуі ықтмал. Көл тірідей жұтып жатса, кімнің ұйқысы қашпайды, ө?

Мә, саған безгелдек, тағы бір кереметке кез келдік, «Тургайсельстрой-15» тресіндегі өз тресінің аты аталғасын Халықовтың құлағы елең ете қалады. Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық бөлімі бстығы В. Владичанскаяның ұйқысы тым қалың екен. Бүкіл ел болып табанынан тозып келіп қытықтап өзер оятты. Қызық-ай, тұра сала су астына кеткелі тұрған үйлерді күрделі жөндетемін деп дігір салды. Ұйқысы ашылмаған кісінің сөзіне жұрт «Ақ қар, көк мұзда қайда тентіреп барамыз?!» десе, «Қардың асты жылы болады, соны қоянша кеуектеп кіріп күнелте тұрасыздар, жазды сағынып. Жаңа жылды қар астында қарсы алғанға не жетсін?!» деп тіршілік тетігін білетіндей өзілдейді.

Айтпақшы бар ғой, мәгәри, бас ауырып, балтыр сызда-са алтыншы шағын ауданға жолай көрме, телефон іздеп темір етіктен тебендей қалғанша сабылсаң да таппайсың. Ей, көп айтып жатырмыз, құрметті Аяз ата, ондай-ондай көңілден шығатын, қалың жұрт ұғатын кемшіліктер болады ғой. Үмітсіз шайтан емеспіз, жаңа жыл жарылқап, барлық жұмыс гүрлейді деген үміт бар, күдіктенсең күліп қал, жақсылықты түсіңде тауып, өңіңде жоғалтып, шампаныңды қолтықтап сенделіп жүріп қал. Ұйқы қашқан тірліктің белгісі, содан ләззат алуды біліп қал. Жаз бен қысты айыра алмай босқа селеңдеушілерді күлкінің ащы уытымен желкесінен бүріп қал. Жүзбе-жүз көріспегендердің де денсаулығы мықты болсын, Жаңа жылда тонға оранып жатқан әйелдерің жүкті болсын.

Дұғай-дұғай сәлем жолдаушы халықтық бақылаушылар деп түсінерсіздер!

Шәміл досым осындай ұйқы қашқан күндерде болғанды. Талай жылдарға тапжылмай жететін қиқуға кепілдік берсем қалай қарайсың? Сын тақ, міне, шене, бәрібір таз кебін киіп ғасырларға тарта береді. Бір өлсе өтірік өледі, қайта тіріліп кетеді, шайтан дем салып жүгіртіп береді.

Сырластық. Ысқақ арықша, кеспелтек мұрын, көзі тұздай жігіт. «Қаракөл» колхозының бірінші фермасына бекітілген жүргізуші. Сол Ысекең екеуіміз қатар құрбы болғасын тез түсінісіп кеттік. Елең-алаңда жолға шықтық, бағытымыз – Ойыл қаласының орталығы. Дала жолы ауданға болсын, ел арасы болсын тақтайдай. Бұл өңірді теңіздің табаны дейді, рас шығар. Үш жүз жыл жасайтын емен мен жиде Ойыл орманында өседі, «Ойыл көздің жасы еді» дейтін Асан қайғы бабамыздың ізі жатыр өңірде сайрап, сөзі қалған жүректерде жайнап. Ел тарихын еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін жатқа біледі.

– Солай, достым, өмірге іңкәр жанбыз, ауыл айтқыштарымыз тағдыр құлықтыны үйретеді, құлықсызды күйретеді, отбасылы болсаң, әйелің бәрін түсінбесең, ащы сөзге түйретеді дейді. Үлкендердің әбір сөзін қалт жібермей ұйып тыңдаймыз. Бірақ жасыма жетпей мосқал тартып барамын. Онысы несі?

– Оны қайдан білейін, ішіңе кіріп шыққан жоқпын ғой.

– Махаббатты ойласам мүлдем күйзелемін. Жігітті қыз түсінбейді, қызды жігіт түсінбейді. Артық деген ағамыз «мен жұртты түсінбеймін, жұрт мені түсінбейді» дегені сықылды.

– Өмірден ащы-тұщыны көп көрмегесін шығар. Өлін білмейтін, жолын білмейтін жастар масайрап толып жүр емес пе?

– Досым, мен тентек қызды сүйдім. Жеңгем тентек әйелге ешбір еркектің батылы жетіп көзі түспейді. Жеке өзіндікі, қылтың-сылтыңы жоқ, төсегің таза болады дегесін көндім. Содан сорым сопақ сомардай болды. Менің де мінезім оңып тұрған жоқ, екі тентек, ә десе, мә деп едірейіп шыға келеміз. «Институт бітірдім, сен жүргізушісің, мен жоғары білімді, сенен биік тұ-

рамын, билік құрамын» дейді. Ондайда мен еркекпін деп дүлейленемін. Тарс-тұрс бітті шаруа, партия мүшесі болғасын тайсалып қалай құтыларыңды білмей әлекке түсесің. Жеңгем бәрін біледі, айтатыны – қойыны құтты туып жатыр, бес-алты бала туғасын жым болады әлі деп кеудемді қысқан мазасыздықты басып қояды. Солай-ақ болсын деп тірлікті алға сүйреп, мына автокөліктің баранкасы төрізді 380 градусқа бұрылатын қызба-қызбалықпен шарқ ұрып жүрген жайым бар. Сайын досым айтушы еді, «денең қалтырап бірінші сүйіскеніңнен артық жар табылмайды» деп. Сонысын дұрысқа жорып, акселеродты қатты бассам автокөлік жүз километрлік шапшаңдыққа жетер, махаббат акселероды жүрек екен. Ойылда оныншы сыныпта оқып жүргенде Күлән деген қызды көрсем күйіп-жанатын едім, ол жанбай қойды. Салымды суға жығып, анаңды баға алмаймын деп, махаббат қызуын ноль градусқа мұздатып тастады. Солай болса, махаббат мына машинаның моторы емес қой, белгілі мерзімде күрделі жөндеуге, болмаса істен шығарып тастайтын. Махаббат дегенде асқан ерекшелігі екі адамның қасиеттілігімен көркеймей ме! Ендеше оңаша әйелімнің тентектігін ойласам, отбасылық жауапкершілігін анасы бесіктен бастап неге үйретпеді деп опынамын.

– Қазақша тәрбиені өңі түгілі, түсінде де көрмеген шығар.

– Орысша оқыса да қазақ әке-шешесінің дастарханнан ас ішіп, аяқ босатты ғой. Мысыққа ас бергенде маңдайынан шертіп, көзін ашып, қайдан ас ішіп отырғанын білсін деуші еді. Мысық емес, адам ғой, ұлт бола-шағын түсінбейтін надан емес шығар. «Қатын ерке болса байына теке болады» деп анасы да әкесін бір түйір тарының қауызына сыйғызатынын көріп өскен шығар. Ондайда ердің шаңырақ иесі екенін ойлап басын қатырмайды ғой.

– Анасы жұмсақ мінезі, кісі сыйларлығы бар адам. Қолы босаса қолынан кітап түспейді, көп оқиды. Ертеде бір кемеңгер «табан тірейтін тетік беріңізші, жерді аударып тастайын» деген екен. Сол баяғы көзім түскен Күлән әйелімнің арасынан қыл өтпейтіндей сырласы болып алды. Күйеусіреп жүр ме, екі сөзінің бірі кездескен

жігіттерін тізбелеп, әйеліме әсер ететіндей аузын жаппай айтып отырды: «Сымбат-ау, институттың соңғы курсында жүргенде бір жігітпен таныстым. Жалпы бір-бірімізді байқап көріп, ақырында үйленетін боп келістік те шақыру билетін дайындатып елге келіп, қайтып барсам курстас дос қызыма үйленіп алыпты. Неліктен? Адам болғасын жаман жақтарың да болады ғой, тыртысып оны көрсетпеген едім. Нағыз эгоист екен, бозөкпенің басында мысқылдай да ақыл жоқ, ақылды болса әкем аудан басқарады дедім, түсінер еді. Соған ерегесіп тағы бір жігітпен таныстым. Бойшаң, денесі таразы, ақ өңді, шашы теңіз толқынындай бұйра, сөзі жұмсақ, дауыс көтермейді. Қысқасы, ондай жігіт Қазақстанда жоқ дейінші». «Менің күйеуім де әдемі ғой, балалары әкесіне тартып қуантып жатыр». «Ой, сенің күйеуің қайдағы әдемі, оның үстіне киімінен бензин сасып, үйіңе келсем басым ауырады. Өзің сұлусың. Жә, сонымен аспирант жігітіммен жақында тойымыз болады. Анам күйкі де болса күйеуің болсын, жасың өтіп барады деп мазамды алды. Менің жігіттен жігіт қоймай таңдап жүргенімді қайдан білсін». Шай үстіндегі осындай бір әңгіме үстінде: «Махаббат жөніндегі кітаптарды көбірек оқы, ұшып-қонбай бір тәуірін табасың» десем де, «ертеде осы қызға көңілім кетіп үйленбегеніме шүкіршілік» дедім. Тебісіп жүрсем де өз тентегім, ұл керек пе, ұл, қыз керек пе, қыз туып беріп жатыр. «Жазушылар сүмірейтіп жаза береді, махаббаттың қатып қалған арифметикалық ережесі бар деймісің? Әйел адам жүз еркекпен жүрсе де біреуі есінен шықпай сорлайды». «Бір жазушы «Махаббатты білмеген өмір сүрдім демесін» депті. Өзіңді сүйген жігіттен айырылма». «Жоға. Оның сүйгені шарт емес, өзім сүйем». «Мүмкін болса екеуің де ұнатысқан теріс болмас еді» деді әйелім. «Не обизательно» деп шарт ете қалды анау. Міне, достым, жастық шақта жүрек пен тағдыр кейде беталды лағып жүреді. Сен біреуді сүйесің, ол басқа біреуді сүйеді, қанағатсыз тірлік солай, – деді Ысқақ ұзын жолда келе жатып. – Маған бір кездесуде ойылдық тарих ғылымының докторы, туысымыз Қажым Қабиев «Ер жігіттің туған жерге деген махаббаты ең биікте тұруға тиісті, елдің туын биік ұстап, шыр етіп жерге түскеннен жұтқан ауаң, татқан

дәмің, ішкен суың, анаңның ақ сүті, алғаш рет мақпалдай топырағын басқаның, бәрі-бәріне қарыздарсың. Тірлігіңнің татымдығы туған жеріңді сүйгеніңе, оған қызмет еткеніңе байланысты. Кезеңінде Өтеміс, Елубай, Нұрымжан, Әбдіғалилар атқа қонды, қайтесің, кезең солай орындаушылықтан асуға мүмкіндігі болмады. Билік иесіне ұқсауың керек, айтқанынан шықпауың керек, еліңе қаншалық есте қаларлық іс атқырғың келсе де партиялық заңдылықтан аспайсың. Өршіл ойың өлік, шындыққа жету жоқ, жер мен көктей бір сағым тірлікпен уақыт өтеді» деуші еді. Сол Қажым Қабиев ағамызды да «Кенесары ханды дәріптеп, Бекмахановтың шығармасынан докторлық қорғапсың» деп шіренгендер қуғындағанын да білеміз, үнсіз тілімізді тістеп тынамыз.

– Сондықтан, достым, алдымен жаныңды қинайтын махаббаттан бұрын туған жеріңе ту тік, омырауыңа «Құрмет» орденін тағыпсың, жылқышы Аманқос үш бірдей «Даңқ» орденін алып батыр атанды. Тентек әйеліңнің қойыны құтты болып, он-он бес ұрпақ әкеліп, Сарбиенің халқының өсімі мықтылығымен қуанта бер, өне, Қарауылтөбе, Ойылдың қарасы көрінді ғой. (Ақтөбелік археологтар обаларды ақтарып жүріп бойы екі жарым метрдей ерлізайыптының қаңқасы бірінің қолын бірі ұстап жатып жан тапсырғанын теледидардан көріп, Ойыл тарихы қола дәуірінен де әріден басталар, махаббаттың құдіреті ерте заманнан қалыптасқан-ау деп қалдым. – Т.Қ.).

– Шәміл достым, туған жерге ұшан-теңіз игілік тілеп, жүрегіңнің мейірімін өлшеусіз төккің келсе де шалғайда жұмыс істеп, шапағатымыз көп тие қоймағанына кейде өкініп, ең тәтті өмір елдегі қатар құрбымен бірге жүргенге, бүкіл сезімтал өміріңді елде қалдырғанның жөні бөлек көрінеді де тұрады. «Ағайын жат болады алыстаса» деген қазақ, шыдап төзгізбей жаныңды шабақтайды, бір қарияның шеттен дәм бұйырғанға рауа, бірақ туған жерден топырақ бұйыруын тілеймін дегені мәнді. Қай жерден топырақ бұйырса да рухың елге, ата-бабасының қорымына жетеді ғой. Сондықтан тірлігімізде туған жерге махаббатымыз биік тұрып, сағынышымыз балдай болғай деп өмірдің ұмыт болған біраз жағын алғашқы махаббатқа

теліп, тірлік жолын бұлжытпай қағазға түсірдім. Ой өріліп, уақыт түгесілмесін.

Анықтық. Қоғамда көптеген кемшіліктер мен қылмыс қай заманда да тоқтау таппаған. Тамтығын қалдырмай тонау да болған. Мұныңыз тірлікпен тұтасып жатқандай. Жамандықтан аулақ кетуге болар еді, жоқшылық бар, біреуді біреудің кемсінуі бар, саясатта бәрі әділетті деп айтылады, біреулерде түсінік жел сөз ғана. Халыққа өктемдік жүргізу, үреймен басын қатырудың салдары байқалып жатады. Республикалық халықтық бақылау комитеті тәуелсіз жұмыс жасауды негіздеді. Жұмыс құрамына прокуратура, КГБ, Ішкі істер министрлігі және сот орындарымен бірігіп іс атқаруды дiттеді. Ақпарат құралдарында зерттелген материалдар жарық көріп, ізінше көтерген дабылдың нәтижесі хабарланып жатты. Қазақстан телерадиосында «Жебе» сатиралық сын-сықақ тележурналы қызмет етті. Халықтық бақылау комитетіндегі үстелімнің үстінде әр облыстардан келген тексеріс материалдары жатады, бұл басшылықтың сараптауынан өтілген, құба төбел күмәнді деректер емес, нақты шындық. Шәмілдің қызметкерлерінің де күрделі істерді ашып жатқан деректерін көріп зер саласың. Тапқырлығына, шеберлігіне бүйрегің бұрады. Қоғамға жат істердің өзі көбіне ұсақ-түйектерден басталып, күре тамырлы істерге тамыр жайып, мейлінше өрбитінін де көреміз. Соның бәрін өзің көзбен көріп, жағымсыз бейнелерді халыққа көрсету, сатиралық кейіпкеріңді басқа әлемге көшіріп жіберуді дiттемейді, кемшілігін бетіне басып ұялту, заңдылық жазасын тарттырып, ондай кемшілікті басқалардың қайталамауынан сақтандыру еді. Жұртты ығыр ететін жат құбылысты шындық айдынына шығарып, қалың көп жиренетіндей телебейнемен көрсетіп әшкерелеу болатын-ды. Қоғамдағы берекетсіздікті ашықтығымен, көруші кейіпкердің кескініне ұялатындай өткірлеп, теледидар арқылы көрсетудің ықпалы, ұтымдылығы жұрттың бәрінің қолдауына ие болып жатты. Кейбір теледидар көрермендері жүрген ортасындағы түрлі кемшіліктерді хат арқылы дәлелдеп жазып, қоғамдағы кемшіліктерді тазартуға пікірлерін білдіріп шындықты

тани білудің тиімділігін көрсетті. Жұртшылықтың тілектері ескерусіз қалмады. Оның бер жағында тергеу орындары, заң қызметкерлерінің түрлі жұмыстарында да істің нақтылығына бетбұрыстың нәтижесі көрініп, шалағайлықтан арылу басталды. Ешкім шындық үшін биліктің бет қаратпас үрейінен жасқанбай, айқындықтың айрықша үндестігіне серпіліс туғызды. Қоғамдағы жат құбылыстарды тазарту ортақ топтардың тұтас сезінетін жұмысы екені мәлім боп, танылды. Әділеттік істер тым тәтті, одан ешкім де бас тартқан емес. Сонымен менің телетобымда үш-ақ адамбыз, бейне түсіруші, дыбыс жазушы және мен. Ал кім жамандағанды, кім қылмысын ашқанды жақсы көреді? Оларда қамданып қастандыққа дейін барып, шындықтың жолын кесудің түрлі амалын қарастырады. Мен республикалық халықтық бақылау комитетінің басшыларымен алғашқы сөйлескен бойда: «Біздің өміріміздің қауіпсіздігі қажет. Барған жерде прокуратура бола ма, КГБ бола ма, Ішкі істер министрлігі бола ма, жанымызда бір қызметкері жүріп, қысылып-қымтырылмай, қауіптенбей еркін жұмыс жасауымызға көмектессін. Одан кейін жергілікті халықтық бақылау комитетінің мамандары, қызметкерлері деректерді бірігіп зерттеп, ешбір күмән қалмауына көмектессін. Сонда ғана ойға алған ісіміз нәтижелі болады», – деген ұсыныс пікірімді дұрыс деп қабылдап, қай облысқа барсақ та қауіп-қатерден қорықпай, заңгерлермен бірігіп, ұйқымыз тыныш, жұмысымыз мәнді жүріп жатты. Біздің түсіру тобымыз бейне, дыбыс материалдарын үш нұсқамен түсіріп, үшеуіміз бөліп алып, біріміз самолетпен, екіншіміз поезбен Алматыға қатыстық. Бұл айтуға оңай, ең ауыр, жаның тырнағыңның ұшында болатын жауапты қызмет еді. Әрбір жолсапарымыз екі облысқа арналады, жиырма күн тағдырымыз қыл үстінде тұрғандай сезінеміз. Сондай бейнетпен жинап әкелген сыни материалдарды теледидар толқынына дайындауда да кедергілер кездесе бастады. Жалғанды жалпағынан басушылар, қылмыскер, жауапсыздар, талан-таражға жол берушілер, қырсыз министрліктердің құлағы да, көзі қалай дегенмен де жетіп жатпай ма?



– Пәлен облыстағы Пәленбаев кемшілігін түсініп, шаруасын түзеп жатыр, соны эфирге көрсетпей қойса болар еді.

– Пәлен министрлікті Мәскеу кемшілігін түзетуге шара белгіледі, жұртқа жариялап ұялтпаса қайтеді? – деген сықылды қоңыраулар шылдыры байқалды да, телевидение басшысы Камалға кіріп, мән-жайдың анығын, кедергісін айтып, «журналды монтаждап дайындауды түнгі сағат он екіден бастауға лұқсат бер» дедім. Тілегім орындалды, құлағымыз тынышталды. Жұрт не істеп, не қойып жатқанымыздан бейхабар, тележурнал эфирге жарқ етіп шыққанда бір-ақ біледі. Қандай да кемшіліктің, қоғамға жат іс-әрекеттердің бәрі дабылдан кейін жауапсыз қалмады. Бірде республикалық халықтық бақылау комитеті Қарағандыдағы тау-тау неше бір жылдардан үйіліп жатқан көмір өндірісінен айырылған шламды зерттеп көрсетуді ұсынды. Бұл болмашы нәрсе емес, Одақ бойынша өзекті проблема еді. Көзден таса жатқан өлшеусіз ел байлығы. Оны игеруге ешкім аузын ашып мәселе көтермеген. Іске асыру жөнінде пікір білдірушілердің жолы болмаған. Содан шламды кәдеге жаратудан үміт үзілген. Құжат-деректерді зерттегенде миллиондаған тонна шлам желмен шаңытып түкке жарамсыздығы өз алдына табиғатқа тигізетін зияны қаншама? Тележурналымызда мамандардың, ғалымдардың пікірі негізге алынып, сын шығарма теледидардан жарияланды. Дабыл Мәскеуге дейін хабарланды, кешең болса да шешімі шығатынына сенім орнады.

– Халықтық бақылау комитетінің тәуелсіз болғаны орасан мол шаруаны тындырды ғой, – деді Шәміл Нұрымгереев бір кездесуде.

– Қарапайым халық шындықты, ақиқаттың мейлінше күші барын сезінді, тәж-тақ алдында жасқанушылар бойын тіктеп, орынды пікірін жасқанбай айта бастады, әркім адал ақиқатты өзінен бастағанда қоғамдағы жат құбылыстарға жол берілмейтінін түсініп қоймай, құлшыныс білдірді, үрейдің ығында тарыла бастаған еңбекшілер сезімі асқақтады, – дегенімде Шәміл:

– Тәке, алғашқыда осы шаруаға жүрексінген жоқсың ба?

– Республикамыздың бірінші басшысы Қонаевтың ұсыныс-пікірі делінген соң неден жасқанамын? Талай қуғын-сүргіннің зардабын көре тұра Ойыл айтқыштары әжуа-мысқылын көсемдерге дейін бағыштап жататынын жастан біліп, көріп өстік. «Бас кесу болса да, тіл кесу жоқ» деген қазақтың өткір мақалы жадымызда. Қоғамның бір мүшесі боп жүрген орталарымызда бадырайып көзге ұратын кемшіліктерін кешіп жүргенде, онымен күресу азаматтық борыш емес пе? Атқарған ең адал ісін топыраққа көміліп қалмайтындай, қалың көптің жадында жарқырап өшпестей тұруын тілеудің, сол тілекке жетудің өзі ғанибет. Комитеттің есебінде жүріп «Жебе» сын-сықақ тележурналының отыз санын дайындап, республикалық халықтық бақылау комитетінің мұрағатына өткізіп және кейінгі жылдарда сатиралық кітаптарыма шикізат есебіне пайдалануға көшірмелерін өзімде сақтадым. Одан сатиралық романдарым, повесті, көптеген әңгімелерім кітап болып оқырманның қолына тиді. Мафия туралы қазақ әдебиетінде бірінші аталып жарық көрген «Қара терең» романым шығармашылығымның жемісі деп білемін. Түрлі кемшіліктерді көріп жүргенде саясаттың коммунизм деген ұранына мүлдем қайшы, қарама-қарсы сенімсіздік ой келетін кейде. Қазақтың «Жарылмайтын тас, суалмайтын құдық жоқ, бәрінің де ақыры бар» дегенін еске алғанда істеліп жатқан іс те, айтылып жатқан ұран да осыдан осылай бола берсе, ақыры көрінер деп қаламыз.

– Бұл бір емін-еркін журналистік жұмыс жасаған ұмытылмас кезеңім еді.

– Кемшіліктермен күресемін деп алдыңа мақсат қойғанның өзі елеусіз қалмайтын тірліктің белгісі ғой, – деді Шәміл. – Нағашым Дүзелбай қоғамдағы заңдылықты біле тұра кейбіреу одағай, жұғымсыз пікірін тез таратып жіберетін құлар болады. Ондайлар өтірік айтуыма кім бөгет болар дейсің дегенді іштей меншіктеп үйренгендер. Қуғын-сүргін жылдарында өтірікшілер, суайттар жарылқанды. Қампыып жүріп өздерінің құлқыны үшін өмір сүрді, шын өлетіндерін білген жоқ, білуге ақылдары да жетпеді. Бәрібір олардың бірде-бірінің өмірі жақсылықпен аяқталған жоқ дейтін-ді. Дала даналарының ақыл-кеңесін,

ұрпаққа мәңгілік өлмейтін ақыл сөзін қалдырғанын жадьмыздан шығарып алмасақ деп армандаймын. Нағашым ұрпағым аман тұрғанда, жайқалған жапырақтай сәндік құрғанда, бірінен соң бірі ұрпақ жалғастырып жатқанда мен өлмеймін, қаншама дұшпандарым өлтіргісі келсе де өлтіре алмады дейтін. Тірлігінде адаспастай жүріп, жұртқа жол көрсетуден таймаған, төңірегін де, бүгінін, болашағын да тез байқап қалатын бабалар ұлылығы қай заманға да керек-ақ.

– Хош, осыдан артық бақыт бар ма, Аллаға шүкір, ағаларымыздың өзі болмаса да шырағандай сөнбейтін ойы қалды, – деп ақ пейілмен жүзі жадырап Шәмілге қарайтынды. Нағашысының ақылы: «Ойыңа келгенді ойланбай істеме» деген. Шәмілдің тексеру деректері – түпсіз құлық пен күрестің мылтықсыз майданы. «Маған ешкімнің тісі батпайды» деген облыстың бірегей басшысы Күшенов пен қанішер баласының қылмысы анықталып жазалауы республика өңіріне таралып, хабарланып жатты. Қоғамда әдетте үстемдік иесін жаппай мақтап қол соғып, дабыралап жататын дағды бар-тын. Түрлі қылмыстар көріне бастағасын жөнсіз дәріптеу де бөсең тартты. Дегенмен қылмыскерлер де қарап жатпай, небір құпияны ойлап тапты. Қазақ ондайды «жеген ауыз жесін» деп кекетіп тастайтын еді.

Сыйлық пен бұйрық. Еңбегің еленіп, айлығың төленіп, оның үстіне сыйлық алып тұрғанға не жетсін?! Өзіңе керектісі де сол. Оны абыройыңның асқаны, мерейіңнің тасқаны дей бер. Сондықтан да болар, біздің Мыскин ұзақ жыл ізденбей-ақ сыйлық алудың жаңадан айла-тәсілдерін тауып, таң қаларлық үлкен жаңалық ашты. Мекемеге жұмыс таппай тауы шағылғандар да, ісін оқсата алмай бегі қайтқандар да, көңілінде әр түрлі күдігі барлар да келіп, кетіп жатады. Кеткендердің көзі біразға дейін тұманданып жүреді. Өйткені химиялық жолмен киім тазартатын аппараттардың сылдыры бар да, жұмыс істейтін тұлдыры жоқ. Айналасы бір жылда 340 адам жұмысқа алынса, оның 250-і «Қызыл, жасылды химия үнсіз бол, Мыскин мұңсыз бол» деп жұмыстан шығып кетеді. Қипақтап мазаны алып кетпей қоятыны жоқ, бетінен жарылқасын,

барсын деп Мыскин күледі. Аты-жөнінен олжа табатынын іші біледі. Тұтынушы дейсің бе, түрлі киімін тазартуға әкеледі, кассаға ақшасын төлеп түбіртек алады.

– Мейлі алсын, кім бетінен қағады. Ақша барар жеріне жол табады.

– Оу, дұрыс тазартылмапты, кір-қожалақ қой, – деп көбісі шу көтереді.

– Сасаңдар, қоспаның әлемде жоқ жаңа түрі, бір жеті кигесін киімге сіңіп айнадай жарқыратып тазартып шығады.

Мыскин басқаратын аудандық халыққа тұрмыстық қызмет көрсету комбинатында қағаз жазудан басын көтермейтін бас бухгалтер Асаченко мен ақша санаудан қолы тесілген кассир Кислова бар. Олар Мыскиннің Қырымнан келетін көз таныстары, сөз таныстары және өз таныстары болып есептелетін жыл құсындай ұшып келіп, қалтасын қалыңдатып, табысына автокөлік мініп кететіндердің ұзыннан ұзақ, көкке тұзақтай түрлі құжат, есеп-қисабын шығарудан шаршамайды. Неге шаршайды, өздерінің де іші майлы. Өзіндік пайда жанға жайлы.

– Басбухқа пәлен мың сом сыйлық.

– Кассирге де сыйлық одан кем болмасын. Ақшаның иісін иіскеп шаршап отыр. Жалған бұйрық жарық дүниеге көрсетілмей, қара сандыққа тығылады. Өйткені бұйрыққа қол қойып мөр соққаны үшін Мыскиннің бөлістен алары қомақты. Қарауындағы қызметкерлерден кем олжа алып таппассың, ондай дорақты және сыйлық жазылған құжатта бастықтың аты аталмайды, есебін Қырымнан келгендер жарылқайды.

«Осы бар ғой ақшаны адам ұрламайды, адамды ақша ұрлайтын көрінеді» депті бір айтқыш. Із-тұзсыз мыңдап, миллиондап жоғалған ақшаны итпен іздеп те таппассың. Қырымнан келіп сыйлық алатындар тірі ме, өлі ме, жерде жүр ме, көкте жүр ме, көрген-білгені адам ба, шайтан ба, түсін түстеуге ешкінің көзі жетпес. Түрлі құжаттарда Михай және Ивануса деген цыгандардың бригадасы қылаң береді. Ал тап. Жұмыр жерде осындай аттас не көп, цыган көп. Сонымен Мыскиннің үстінен қылмыс көтерілсе де дәлелденбей жабылады.

Мыскин ашқан олжа опыру жаңалығын қаладағы тігін цехының бастығы жалғастырып, өнім бағасы 500 сом болса, қолы жүгіріп бір нольді қоса салып, 5000 мың деп көрсетіп, біраз ақашаны қылқ еткізбей ме?

Сыйлық демекші, Мыскин – ауданда таптырмайтын басшы, колхоз, совхоздарға да қора салып, үй тұрғызады, автонауа, тағысын тағы қызмет түрін қырымдықтармен бірігіп тындырып береді. Атқарылған жұмыстың қаражатын өзі басқаратын комбинатқа аудартады. Онымен қоймай шаруашылық басшыларына «өзіме давай сыйлық бер» деп дікіндейді, тыңдамаса республикалық басшылардың құлағын тістеуге дейін барады. Бұлай еркінсудің мәнісі Мәскеу жақта көз қиығын тастап қорғай кететіндері барға ұқсайды. Сосын да тергеу мен бақылау қимылсыз жабылып жатады. Аудан басшысына емін-еркін кіріп: «Қызметкерлеріміз мұрнынан қан кеткенше, өкпесі өшіп, табанын тесіп, халықтың киімін тазартады, түрлі киімдерін тігеді, үйлерін жөндейді, тоңазытқышын қатырып береді, телевизорын сайратып, үй жиһаздарын жайнатып қояды» деп дем алмастан ауызы-ауызына жұқпай сайрап береді. Бүкіл жоспарды 110-120 пайыз орындап республикада біріншіміз.

«Жаныңа жамандық бермесін, Мыскин жолдас». Аудан басшысы жылы қабақ танытуы мұң екен, облыстық тұрмыстық қызмет көрсету басқармасы №48 бұйрығын бұрқ еткізіп: «Жоспар орындаудағы Мыскиндік геометриялық жаңаша тәсіл бағаланып, ауыспалы Қызыл Ту және қомақты ақшалай сыйлық берілсін!» делінген. Міне, өтірікті шындай, шынды шайтан ұрғандай етіп, өр істің тігісін жатқызып үтіктеп, таудай қылмысты да инедей етіп жасырған Мыскин, аға бухгалтер және экономисі ақшалай сыйлықты алақандарын уқалап, жымсия күлісіп бөлісіп, бірін-бірі құттықтап, тост көтеріп тойлап жатты.

Айта берсе, өтірік өріс алған жерде қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетедінің кері келіп, нетүрлі жырындылар жұмысқа алынып, қайта шығып, бетімен кетіп жатады. Бөрінің де қалтасы тоқ. Осында келіп-кететін бригада басшылары Джулибери мен Ганнади дегендердің қай елдің азаматы екенін білдіретін құжаттары да жоқ. Бұлар

жиһанкез Жюль Верннің ұрпақтары ма, ешкім білмесе де қоғам мүлкіне қожалық етіп жұмыс істейді. Мыскиннің бұйрығы талай келімпазға май шелпек, одан өзі де олжасыз қалмайды.

– Осындай талан-тараждың талайының бетін халық бақылаушылары ашты ғой, Шәміл, – деген.

– Оның бәрі барған жерде алдымен жұмысшы, шаруалармен кеңінен сөйлесіп, кеңесе білудің жемісі ғой. Абысындармен сөйлесе білсең, ашылмайтын сырды ұғасың дейтін апайым Айзада. Шәміл сөзі бір оқиғаны тағы қозғады.

\* \* \*

Айзада апай қыстың көзі қырауда баспана таба алмай жүрген Қабеш дегенді екі бөлмелі үйінің бір бөлмесіне кіргізді. Әйелі, баласы бар үш жан. Қабдеш колхоз малына шөп салады. Қызық адам еді, таң біліне бастағаннан тұрып, жетілік шамды жағып іліп алар, былғары етігін сипалайды да отырады. «Әкемнің көзі осы болмаса өлер едім. Әкем Мерғалидың малын бағыпты, бай жақсы малшысың деп елде жоқ осы етікті кигізіпті. Біреулер байды сүмірейтіп жау деп жамандайды. Етік кигізген байды мен қайтіп жамандаймын?» деп өз-өзінен сөйлеп отырады.

– Байды мақтап сотталып кетерсің, аузыңды жап! – деп киіктің асығындай шағын денелі әйелі тыйып тастайды.

– Жұрт ұйқыда, менің сөзімді кім естиді?

– Үй сыртында адам бар, жар естиді, есік естиді, – дейді әйел от тұтатып, шай дайындап жатып. Айзаданың тағы бір көңілінің кеңдігі, қолының ашықтығы жалғыз түйенің сүтін көршілерге таратып береді, қара шай ішіп отыр ғой деп аяныш білдіреді. Кейде сабақтан бос уақытта көршілерге тостақан сүтті мен апарам. Соғыс жылдарындағы қайыршылық пен қаңғушылық таң емес, жоқтық қысқанда ащу өршіп, кейістік жүріп жатады. Оны-мұныны, ырым-жырымды себеп қып жанжалдасу да кездеседі, бөрінің соңы кешіріммен тынады. Есіктен кіре бергенімде ене мен келіннің тіл шайқасы жүріп жатыр екен. Тақырыбы ырыс қашады баяғы.

– Ырыс қашады. Тәйт-тәйт, сыпырмас болар кешқұрым, үйдің ішін! Тарт, тарт, көрпені де қақпа! – дейді Қатира шешей жақында түскен келіні Бәтиманың қолынан сыпырғышты жұлып алып.

– Неге, апа, жаңа ғана қонақтар аттанды, ыбырсып кетті үй іші.

– Болмайды, жоқ, қарағым, болмайды! Болмайды деген соң болмайды. Білесің бе, ырыс-дәулет қашады. Қонақтың әкелген ырысы солармен бірге кетіп қалады.

– Қайда қашады? – деді сөздің парқына түсінбеген келіні.

– Масқара! Масқара, анаң түк үйретпеген бе? Не бетімді айтайын? Ырыс-дәулет дегенді білмейтін қандайсың? Сыпырма!

Бұрын мұндай қатқыл сөз естімеген Бәтима қатты абыржып қалды. Екі беті далаптай қызарып, буындары қалтырап кетті. Көзі жасаурап, төбесінен мұздай су құйғандай болды. Сөйтіп еденге су бүркіп жүрген қолындағы кесесін түсіріп алды. Күлпаршасы шықты кесенің. Шындап құрауға да келмейді.

– Ойбай-ей, міне, масқара. Не болды, жаңа ғана айттым ғой сыпырма деп. Міне, бүгінгі жастар өйістіп қартайтады. Бай-бай-бай! Барлық дүние мүлкітен мына кесе төуір еді. Берекенің басы еді. Марқұм Назираның көзі еді-ау. Қайран дүние-ай. Бүгінгі жастар ненің қадірін біледі. Бұлардың қылығына қарап тұрсаң күніңнен бұрын қартаясың. Тіпті ажалыңнан бұрын өлесің. Ибай-ау, қайран, қадірлі кесем-ай. Пысықсып қалып едің екі кештің арасында. Бәрі сенің кесірің. О, тәуба, кешір. Ырыс қашпаса жарар еді, о, жасаған! – деп Қатира апай қақсай жөнелді. «Қазақ ырым етеді, кейде ырымы кері кетеді» дегенді оған кім айтсын.

– Сөйтіп, е, мына бала тостағанын ұстап тұрып қалышты ғой, әкел сүтті.

\* \* \*

Тостаған демекші, елде ыдыс-аяқ жоқтың қасы. Әйтеуір Әжкен деген шебер ағаштан қасық, ожау, табақ, үлкенді-кішілі тостақандарды әдемілеп оюлап тапсырыс берген-

дерге жасап береді, ақысына ыдыс толы тары апарасың. Жұртта көңіл-күй нашар болса да шыдам берік, бірінің жетпегенін бірі толтырып, адамдық бейнені көркейтіп жатады. Ұлттық қасиетті сезініп, қиындықты жеңу міндетке айналған-ды. Бөлекқали деген ұста ағамыз Әжкен ағаштан түйін түйсе, ұста сом темірді сағызша иіп жұртқа көсеу, мосы, шелек жасап береді. Ат шана, өгіз арбаны да ауыл шеберлері құрастырып, шаруашылықтың қажетін өтейді. Бірақ темір қат, ағаш қат. Дайындық орындары халықтан тиын-сиын беріп темір, сүйек, тышқан терілерін жинап алады. Темірді қайтеді дерсіз. Ашыққан адамдар жерді темірмен шұқып, дән тастап азығын алар еді, ондайлардың жолын кесіп ашықты ма, өле берсін деу шығар. Сүйекті қайтеді дерсіз. Төрт бірдей қырылған қазақтардың сүйегі далада шашылып жатыр. Сол сүйек тарихи дерек болып қалмасын деу болар. Тышқан терісін неге жинайды дерсіз. Қазақ тышқан жесе де өлмей қалады, тышқанын құрту керек деу екені ақиқат. Онсыз да малды құртты. Енді табиғат асырап, қазақ жер басып аман жүрмесін деген геноцидтік саясаттың құпия қулығы. Өйткені, Голощекин «Кіші Октябрь» саясатын Сталинге жазып бекітіп алды. Бір хатында: «Қазақтар тағы халық екен, қасық, шанышқы ұстауды білмейді, асты қолымен ішеді. Есік, терезе қондырып үй салуды білмейді, көшіп жүреді де, қыс түссе тышқан сықылды жерді қазып кіріп кетеді» дегені бар. Қазақтың жанына, тірлігіне не керектің бәрін тартып алып, үрейге тұншықтырудан көз аштырмаса да елде Айзада апамыз сықылды мейірімді адамдар зұлымдыққа қарама-қарсы жақсылығын аяған жоқ-тын. Ұлттық құндылықтың мұраты осылай жалғасты. Ғасыр рухының ізгілігі, ірілігінің өлмей ұрпаққа жалғасатыны байқалып тұрды. Елде Нұғыман деген туыс-туғаны өнерге, әдебиетке бейім адамдар болды. Нұғыманның үйіндегі зайыбы әкесі келе жатқанда балаларын бөлмелеріңе бар деп, әкенің таудай айбарын құрметтеуді өнегелеп тұратын еді. Соның бәрі тірлік толы зұлымдық, алдап-арбау өршіп тұрғанда ұлттық қасиеттің қажеттілігін көрсететін аса бір құдірет еді. Рас, Кеңес өкіметі біраз адамды дандайсытты. Түрлі қысыммен өткенін ұмыттыруға дейін қастандық жасады. Сонда да



айтқыштар «Халық – терең су, оны лайлай алмайсың» деп тірінің жадынан өшпейтін сөз қалдырды. Коммунизмді бір өзі орнататындай шіренушілер күні кешеге дейін өзі билеп, өзі төстеп келгендердің талайын халықтық бақылаушылар анықтап, айта қалғандай іс тындырды. Нағыз әділ сын игілікке бастағанын Шәміл де, басқалары да, мен де көз жеткізіп жалпының ділгөрлігі шындық екенін көрсетіп, қалың көп байқап, көңіл бөлгенінің куәсі болдық.

– Айта берсек былықпайдың талай дерегі қолымыздан өтті ғой, – дер еді Шәміл әркім өзімен-өзі, қоғам үшін өмір сүруді ұмытқандарды елестеткендей сыңаймен.

– Қоғамды ұмытқандардың бірін жолсапарда Талдықорғаннан кездестіріп едім, – деп жазған шығармамды тәптіштедім. Айтпақшы, жігіт бола бастағанда:

*Мен бір сұңқар ұша алмаған биікке,  
Оқушылық жібермейді ерікке.  
Тәуекел деп белді буып көрер ем,  
Асыл еркем, сен жарасаң серікке, –*

дейтін бозбалаларда екі арман бар. Бірі – білім алып, нан табу, екіншісі – жар тауып, ұрпақ өсіру, ата-бабасының есімін өлтірмеу еді. Ол бөлек әңгіме, оған ауытқымай тұрып төмендегі «мықтының» тірлігін тілге тиек етелік.

Тыңдап тұрған Фиоктистов:

– Алло-ау, бұл кім екен? Тыңдап тұрғаған Фиоктистов. Талдықорған қалалық халық депутаттары советінің председателі! Е, орайы келгенде лауазым иесін де айтуға болады ғой. Адамның бірінші байлығы – сөз, тіл, орынтақ жәй. Менің орынтағым әлсіреп тұр, өзің ше?

– Оу, шіркінім-ау, алыстан орағытып шанши сөйлеуді қою керек қой. Асханалар көкпар тартқандай қым-қуыт, опыр-топыр бірдеңе екен.

– Асханаға барып не басыңа ат тепті?! Одан да ертеңгісін үйіңнен тамаққа сықиып тойып алсаң, кешке дейін ішегің шұрқырамайды. Үйінде құстың сүті де бар, басқыны олжалап қайтесің. Ішінде жыланы барлар да күніне екі рет тамақтанса денсаулығы пілдей болады деген бар. Өзің жақсы білесің халыққа асхана жетпей, жұрт кезекке тала-

сып шеке қызбай болатынын естімеп пе ең? Өзіңнің құлақ, мұрының сау ма?

– Қайдағы сау, мұрынымды қан салған түйедей етсе де, құлағымды шайнатпаспын. Айтушылар әлділер әлсіздің мұрынын сәбіз, құлағын тұшпара деп түсініп қыршып тастайды дегенді естідім. Мен бастық болғасын, жанымда жағымпаздарым бар еді, жаным қалды.

– Уһ, құрдас-ау, саған осы қалқан құлақ жараспай тұрады. Бір шайнатып алған да дұрыс болатын еді, асханаларды көбейтуге күшіңді салатын едің, құлағыңды ойлап.

– Барыспалық бас жаққа, өзіңнің де асқабақтай басың оңып тұрған жоқ, орынтағыңа ие бол. Өзіл ғой.

– Өзіл-қалжың денсаулық кепілі дегенді ұғады екенсің-ау. Оған да шүкір. Мысқыл мінді тазартушы, Фиоктисов жолдас. Әдемі қаламызда тамақтандыру орындарын айтсақ, 13875 орындық асхана, кафе болуға тиісті деп өздерің мәселе көтердіңдер, оның тең жартысы да салынған жоқ, топталған жұрт сіздің айтқаныңызды бөлду-бөлду бәрі өтірік деп күлкіге айналдырып жүр.

– Мұршамыз келмей жатыр, мұрыннан шаншылып, жұрттың талап, тілегінен құлағымыз сарсыды, – деді де Фиоктисов шамданып, құлаққа ілдірікті қоя салды. «Пәтуасыз неме, құрдаспын дейді, саясақтағы асханаға барып таяқ жегенін менен көретіні несі. Маған міндетсіп тілмарлана сөйлеуін қайтерсің. Өзі автобазаны оқсатып жүргендей, жылына бюрода екі-үш рет мәселесін қаратып шығатынын ұмытып. Біреуді даттамаса іші кебеді». Ол ойын жиғанша:

– Ал-оу, тұншығып барамын, Фиоктисов, қайдасың, басқа әлемге ұшып кеткен жоқсың ба?

Осыншалық зар илеген қоңыр үн, әйтеуір таныс сықылды. Қаланы басқаратын екеудің бірі болғасын телефон шалады тағы. Трубканы көтереді.

– Есіміңізді ұмытып?

– Нені ұмытпай жатырсың, оның ешқандай айыбы жоқ. Лауазым иесіне ұмыту жарасады, бірақ маған түтінге тұншыққан жараспай, құлап қалдым. Мүлдем басқа адамға айналдым, күйелшең-күйелшең.

– Е, біздің қалада не көп, түтін көп, бұлтпен бірге ұйысып аспан әлеміне қиысып жатыр. Құрылысы, өндіріс орында-

ры жел сөзбен жарылқанып, өтірікпен өркендеп жатыр. Өтірік жанға жарасты сықылды. Бізде амал жоқ, өтірікті өлген адам айтпайды, тірі ғой, туыс-туғанның бірі ғой деп кешіре саламыз. Тұншықсаң да өлме, шыдай тұр, түтін ғасыры әлемге ортақ, біздікі оған қарағанда жәй жортақ. Сын мақұлданады, ұмытқанымызды еске салғаның дұп-дұрыс, – деп лыпылдаған ойын әр саққа жүгірте беріп еді.

– Әл-ау, бұл кім екен?

– Кім керек өзіңе, қайда звандап тұрғаныңды білмейтін тірімісің? Қорқамын дейсің, «қорқатының бар, қысты неге өртейсің» депті бір тентек.

– Мен тентек емес, мақұлмын, паркте асхананың тамағына таласқан қырғын төбелес жүріп жатыр. «Сүзеген сиырға құдай мүйіз бермейді» деп біздің қала асханаға жарымай, жұртты өлім-жітімге ұрындырап, сойқан тірлік кешуін білмейсіздер ме? Мына төбелесте аяушылық жоқ, қолдарында сала құлаш пышақ.

– Білеміз қала басшылығына ақыл айтатын өзіңнің аяғың аспаннан салбырап түсті ме? Әдеттен тыс батылсынып кімсің дедім ғой. Төбелесті милицияға айтпай, маған қалай дәтің барып звандайсың.

– Мен аспанның арғы жағынан келген адаммын, милициянда шаруам жоқ, қаржы бөлінді, асхана көбейеді деп өтірік айтуға әлемде алдына жан салмайтын Фиоктисов бар дегесін алашағым кетсе де, айташағым кетпесін деп звандап тұрмын. Алматыдан, республикалық халықтық бақылау комитетіненбіз, қалың көптің арасында жүріп өтіріктеріңнің анық-қанығын теледидарға түсіріп жатырмыз. Жарылған бас, шыққан көз, сынған қолды, қырғын төбелестік көріністі көргіңіз келсе паркте тұрмыз. Әпчү, қала түтіндерінің де мінезі шатақ екен, араласқан азот қышқылы, күкірт қышқылы есімізді тандырды.

– Мұрындарың әлсіз екен, біздің мұрын да, кеуде де түтінге үйреніп болған. Жоғарыдағы басшыларымызға есеп бергенде жазғанымыз бар, олар да көрерміз, уақыты бір келер деп шығара салады. Қағаз жазғаныңды көтеріп жата береді, ақша сұрамайды, тегін.

Осы кезде тіке байланыс телефоны шылдыр етті. Бірінші хатшы:

– Кел мында, нені бүлдіріп жатырсың? – деген әмірлі үн. Фиоктисов орнынан ұшып тұрды да кабинетінен сүрініп-қабынып шыға жөнелді. Кең кабинет төрінде бос орындық қалды. Бәлкім одан соң жүзеге аспайтын қаулы-қарардан гөрі іскерлікпен қаланың у-дуын басып нәтижелі жұмыс атқаратын біреу келер. Орынтақ бос тұрмас, сірә. Қазақ «Дайын асқа тік қасық» деген ғой. Жұрттың көргенінен көрмеген құқайы көп, мақсатқа жеткені жоқ.

– Ауылда не көп, айтқыш көп, Шәміл.

Уақытша ұсақ-түйекті ойлаумен ілгері басар аяқ кері кетіп жатқанын айтады. Кемшіліктердің себептеріне мейлінше қаныққанын білдіреді. Ертеңіне көңіл қоя алмайтын басшы орнынан елеусіз күш аударып тастамас, қозғалмайтын қара тас. Шашылып жатқанды мүлде сезінбейді, күн-түн қатып арақ іш десе көз ілмейді дейтіндерін қайтерсің.

Қыңырлықтың қисық ісі жетерлік. Өткір пікір, шындық ой өтірікпен сыйыса алмай жүдеп тұр. Соны көргенде ішің тұрады өртеніп, мінбелерден терең сын айтылмайды, беталды бірін-бірі қолпаштаудан жалықпайды.

– Қоғамдағы келеңсіздікті тасқа тары, мұзға бидай шыққанда тиярсыздар, – деді бір айтқыш дерегіне шаруашылықтың былығын түгендеп айтты.

Кері кеткен. Директор Анатолий Иванович: «Жұртта әйел болса, менде де бар, автокөлік болса менде бар, қай директордан кем екенмін, пікірім жария, іліп әкететіндеріңді қуана айтыңдаршы», – деп сайрап тұр. Бұл кезде агроном Галина мен шаруашылықтың бас инженері қозғалақтап есептің шындығын айта алмай, көздері атыздай боп тұрса да:

– Басеке, әйеліңіз, автокөлігіңіз өзіңіздікі. Есеп шықпай жатыр. Қызық.

– Не қылған бұзық? Қағазға түсір сызып.

– Түсінбей қалдық жыл аяғында екі миллиондай шығынға батыппыз. Оның отыз пайызы егіншіліктен.

Анатолий Иванович сабақ білмеген баладай жағын таянды, ойын бір жүйеге тоқтата алмады.

– Ненің зардабынан, ненің қырсығынан, неге?

– Негесі сүт өндірудің өзіндік құны екі есеге шырқап шықты. Ірі қарадан қосымша салмақ алу жоспары екі

есе қымбаттады. Пайдаға, өсімге тырысу жоқ. Мүлдем түсініксіз. Масқара.

– Мал қайда, түгел ме?

– Төңірдің тал түсінде жоғалып жатыр. Мал өсіру шығыны елу пайыздан асты. Ірі қаралар шетінен қысыр.

– Бұқа қайда? Сиярға қарамай лағып жүрген не қылған көргенсіз бұқа?

– Жоғалған.

– Бұл неткен індет? Мың торғай қамасаң, бір торғай қалмайтын қаусап құлаған қораларды жөндеңдер деп едім. Менің сөзімді жүрдім-бардым тыңдап желге ұшырасыңдар. Жүрегім шаншыды.

– Көкөніс өсіру он есе қымбатқа түсті.

– Капиталистің бір тал қызанағы бір тонна өнім береді деседі. Бізге не болған сонда? Жүрегім шаншиды, тұла бойым қалтырап кетеді. Есепшотқа қайта салып көріңдер. Айтпақшы, институтта оқығанда өтірік санды, жалған мәліметтен сынақ тапсырдыңдар ма?

– Жоқ.

– Бастарың істемейді екен, мынадай шығынға батуды нақтылап облысқа берсеңдер, ертең бәріміз мұрттай ұшамыз. Белшеден шығынға батқан шаруашылық кімге керек? Давайте, есепке шындық жараспайды, тездетіп түзеңдер. Сосын проблеманың түрін көбейтіп қатырып жазыңдар, көкөністі үстеп қоректендіретін техника жоқтығын білесіңдер, мал қорасын жөндеуге кірпіш, ағашты да аудан, облыстағы тиісті орындардан сұрай-сұрай жағымыз талып өмір жасымыз қысқарды десек те, қолға кірпіш тигізбегенін көз жастарыңды төгіп отырып жазыңдар.

– Ол жағы өтірік емес, совхоздағы жиырма «К-700» тракторының жетеуі ғана жұмыс істейді, басқасы қосалқы бөлшектің жоқтығынан құрыды, үзіліп жұлымы, – деді инженер өзін ақтап алуға тырысып. – Сияр сауатын механикалық аппарат жоқ, әйелдерден уәде бере-бере ұялғаннан жерге кіріп кете жаздадық. Бізді өтірікші суайт көреді.

– «Көктау» шаруашылығы көгермей жатыр, экономикалық анализ жоқ, мамандары ләйліп жүр деп басылыққа хабарлапты.

– Е, қандай сұмдық, шаруамыз шапыраштанدى, біткен жеріміз осы шығар, – деп Анатолий екі иығын селкілдетіп. – Өздеріңе обал жоқ, бірге бірді қосқанда екі болатынын білмей ұйықтап жүрдіңдер ме? Мұншалық кері кеткендігім ұяттың өліміне тірідей жеткендікті көздерің алақтап әлі түсініп тұрған жоқсындар, – деп Анатолий үстелін қойып қалғанда сия сауыт құралдары жан-жаққа бытырай ұшты. Ығыр қылатын өтірік толы қағаздарды терезе желдеткішінен соққан жел бөлме ішінде қуып жүрді. Өтірікшілер тобы өң-сөлсіз сілейіп қалды.

Шатақ шалыс. Бүгінде сілейгендерде көкірек керу қалған, оның есесіне көкірек қуысын түрлі үндестікпен толтыру арман. Біледі бәрі де көлгірліктің екенін жалған. Дегенмен билік, әміршілдік біреулерге көл-көсір дүниедей арман. Бірақ, қызығы, жақсы дүкендерге түскен дефицит мүлікті пышақ үсті таласып алған. Одан соң салқар көштей кезекте қарап тұрмайсың, газет-пәзет оқисың. Дәл осындай Ақмоланың қақ ортасындағы базар ішіндегі дүкен алдында қарақұрым халық сып-сыпайы кезекте тұрып, қолындағы барын оқиды. Екі ағайынды социализм мен капитализмнің кейбір жұмбақтарын айтады. Адам ата мен Хауа анадан жаралаған Абыл мен Қабыл бір-біріне мен өсіп кетейін, сен өшіп кет деп салғыласып тұрып, ақырында, не жетпеді, бірін-бірі өлтіріпті дейді. Екі туыстың өштігінен ана шошып, коммунизмді іш тастапты дейді. Тірлік солай, жұмыр жер кеңістігі толассыз талас. Жарастық аз, алакөз бен суық көзқарас. Айтады екенсің деп жүдеу, алдындағы ескі болса да интеллигентше киінген азамат газеттің төртінші бетіндегі кім мен кім соғысып жатар, кімді кім өлтіріп кетті, қандай мафияның ұясы талқандалды деген сықылды хабарларды көзі шалып қалды. Интеллигент газеттен құныға іздеп тапқан зұлымдыққа жиіркеніп, артында тұрғанға қарады да: «Бұл жүліктер, зәлімдерді жер жұтып таусылмайтын ба еді? Ұсталған сайын арам шөптей өне беретін не пәлесі бар? Әлде ұстап алады да, шынықтырып, түрмеде тынықтырып, әлемдегі заң біткенді үйретіп, арқасынан қағып лаңдата бер деп босатып жібере ме?» деп күңкілдеді. Толқып күлді. Осы кезде менен кейінгі кезекте тұрғаны иығымнан тартып, бажасы-

на басы қышып базыналық көрсететіндей: «Біз не-ненің кезегінде тұ-тұрмы-з, не-не сатып жа-тыр?» деген еді кекештене. Өзім де ештеңені білмеген соң, иығымды қиқаң еткізіп, мазалама деген белгі беріп едім. Әлгі одан сайын өршіп, тар маңдайы аптапқа тершіп:

– Не-не-нің кез-е-гі? – деуін қоймады. Бұл жолы жеңімнен тартқылады. Апыр-ау, жұрт сияқты жөніне тұрып, болмаса анау жердегі қыз бен жігіттің тәңірдің тал түсінде сүйіскеніне рахаттанып немесе жолы болмаған социализмді армандап тұрмай ма? Тақа іші пысса қалтасына тұз салып, бала кезімде аштықтан жанымды сақтаған осы тұз, қазақ қарғыс атқанды нан мен тұзға тапсырады де. Ойланып:

– Ойыл өтіп тұрмай ма? – дегенде, жыным ұстап ерегестім де қатал үнмен:

– Жүлікті сатады, кәдімгі капитализмның зіңгіттей жүлігі, соңынан айырбасқа қарыз береді, мүлігі ілесіп келеді, қорадағы қысыр сиырың мұзға бұзаулайды, қара тастың үстінде желіндейді, колхоз-совхоздағы малдан қол көтересің, шет елден тегін тамақ ағылып келеді, өндіріс орындарын құртасың, байып шығып Америкаға зытасың. Алтынданған сарай үйің болады, атом бомбасына да өртенбейтін, оқ өтпейтін, жын деген оққағарың болады. Маржандай жарқыраған жүзің болады, социализмнің қайырсыз ортаға жиған мүлкін талап ал деген ызың болады, өз тағдырыңды өзің шеше алмасаң, қоғамнан қайыр күту қиын болады, дүкендерден таңдап алатын американдық үстіңде киім болады, ұйтқуы қатал жиын болады, құйындатқан әрекет осындай, сүрінбей өт ештеңеге тосылмай, социализмді жақтаушыға қосылмай, енді түсіндің бе? – дегенде әлгі кекеш ауызы айға қарағандай аңқиып таңырқады да:

– Қандай мүлік-ті де-діңіз? – деп құлағының аздап тосаңы барын да байқатты. Менің жорта кекеткенімді түсінбей қалды. Осы кезде оның артында тұрған қыли көз біреу аузы-аузына жұқпай «Жүлік те емес, мүлік те емес, зат біткеннің бәрі шеттікі, өзіміздің шындығымыз тыр жалаңаштанды» деп өкпелідей ұртын томпайтты. Өзінше еркексініп иығын қомпайтты.

– Тыныштық керек, не сатылмай жатыр, бақаша шулап не бітіресіңдер? – деп мен де АҚШ-тың араласуымен

әлемнің әр жеріндегі қырқыс па, соғыстар ма, газетте жазылатын хабарларға көз жүгірте бастадым. Жүз елу елде әскери базасы бар Американың солдаттары әйелді көрсе зорлап тастауды жапондарға атом бомбасын тастап билігін жүргізген күннен бастады деседі. Тарихта 155 миллион үндістердің басын қырқып тастағаны және бар. Ол-ол-ау Гавай аралына дейін сатып алып, әскери база жасап, еркіндігінің езуін тілді деседі деген оймен газетімнің беттерін ауыстырғанда, алдымдағының қалқиған құлағына тиіп кетті ме, мойынын бұрып, маған алая қарады да гүрілдек үнімен: «Қолыңдағы жалғыз газетке ие бола алмайсыз ба?» деп лаңкестердің жарылғыштарындай сөзін тарс еткізді. Қайта-қайта кешірім сұрасам да алайған көзін оқша қадап жерге тығып жібере жаздады. Көңтік еріні жыбырлап: «Біз бара-бара ұятты ұмытатын шығармыз, кісіні сыйлау жайына қалар ма екен?» деді. Шамасы социализмнің үлкен өмірінен тарықпай, ата-бабасы қантөгіс қырғындарынан аман-сау шығып, кемеліне келіп, рахатын көріп өзіне-өзі риза болған-ау. Сөз саптасы, бас қондырысы соған ұқсайды, сәл нәрсені де қолайсыз сезетіндігі, шыбық тисе шыңқ етер, қарсы келгенінің басы кетерге, яғни заманына сай адамы болғасын оған өкпең жүрмейді, кешірім сұрап үнсіз мүлгисің. Рас, үрей алдында мүлгуден әлемде алдына жан салмаған елміз. Басылып тұрған жасық мінезімді, менді ұмытқан, төртінші сорт екенімді әлгі шүй желке тез аңғарды ма, айбаттанып: «Бұл жұртқа социализмнің оқуы өтіп кеткен. Өзінше білгірлігімен көпті арбап еліктіргісі келеді, онсыз да әр жердегі топталған тобырдың арасында жүріп билікпен байланысып қалғысы келеді. Неткен сорлылық, кезекте тұрса қау-қауласып, дау-дауласып саясатты сыпырады. Социализм шын өлмей, өтірік өліп, біраздан соң қайтып келсе, бәрінің жон терілеріңнен қамшы өрер едім. Бұл неғылған-айқай сүрең?! Апыр-ай, бәрі де өзінен артқан білімді жоқтай көріп, саясатты, экономиканы әңгімелеп білгішсінеді. Талай жұмысты атқарып, омырауға талай орденді тақсақ та тып-тыныш тұрмыз ғой. Ақырында алар үлесімізге көңіл көншімей итзықымыз шығып, мыңқиып қалдық, – деп әлгі кекешке мойынын бұрып: – менен бол-



са да жасың кіші, сонау кезектің алдына барып не сатылады деп сұрап келсең құл боп кетпессің, – деп естіртер-естіртпестей, – маған жер саудасы керек еді», – деді.

Оның сөзін естіп қалған алдындағы құйма құлақ бұрылып: «Қазақ қызын сатса да жерін сатпаған, босқа тұрған шығарсыз», – деді. Ал кекеш әлгінің сөзіне түйіліп жұмған аузын ашпады. «Екі таудың арасында шыбын өледі» дегендей үстемсігенге іші мұздаған бөкене бойлы кекеш иығын селкілдетіп: «Мен-і ке-кеш деп сөгіп. Ақ-сақал жұрт-ты, мін-еп, шен-еу, орын-тағында са-ған жарас-қан-мен ма-ған жар-ас-пайды, ау-ыз өзің-ді-кі тар-тып тұр. Се-ні ке-зекке сү-мір-ей-тіп қой-ған ме-нің ке-сірім ем-ес. Айтақ-тайтын ит-ке тең-еп! – деді. Сосын бір дем алып: – Кі-сі сый-лауды ұмыт-пау ке-р-ек!»

– Інішек, әрілемей-ақ қой, жыланды үш кессең де кесірткедей қуаты бар деген.

Сонымен бірі ғылым кандидаты екенін, бірі директор екенін айтуға дейін барып, едәуір салғыласты. Әйтеуір, кезектегілердің қай-қайсы да жанындағылармен айқай-шу, ыри-тыри бейне араның ұясы тәрізді. Адамдар осындай жерде тым кінәмшіл, әпербақан болып кете ме? Басынан сөз асырмайды. Жұлын-жүйке жұқарады, қайтсін. Бірісі жақсы атақты адамдармен кезекте бірге тұрғанымды мақтана ойлап қоямын. Дегенмен шыдамым таусылып бір сәтте:

– Ау, ағайындар, кезектен шығып айтысыңдаршы, газет оқуға мұрша бермедіңдер, – дедім. Мен де еркек емеспін бе, бір гүж етуім керек шығар. Бірақ осы кезде әлгілер жамырай қосылып:

– Немене осы жерге білім көтерейін деп келдің бе? Одан да не сатып жатқанын білмейсің бе? Шамасы елде жоқ, дефицит шығар. Әйтпесе, кезектің ұзындығы бір-екі километрге жетпес еді, – деді бірі. Жалынышты түрде айтты. Расында осынша адамдардың кезекте тұруы тегін емес деп іштей долбармен қуақыланып:

– Социализмнің ер-тұрманы алтынмен апталып, күміспен жабуланған есегін сатып жатыр деседі. Бірақ базар бағасынан аспайды деседі. Аздаған тұмау-сымаудың микробы қосылған киім-кешек, ойыншықтарды есекті сатып

алғанға тегін береді деседі. Бағасы, сапасы шетелдік тауарлар жеткілікті көрінеді, бұзаулы сиырдың құнына татитын дамбал да бар көрінеді. Дамбалсыз қалғандар дамбал киіп шықса, директорлар алтынданған есек сатып алады, онда тұрған не бар?

Сөйткенше, анау алдымыздағы бір әйел долдық қысты ма, үріп ішіп, шайқап төккені көзінен бұлбұл ұшты ма, баж етіп бала тастағандай мамалады да:

– Әдепсіз неме, қойныма қол жүгірткені несі-ей, ақша салатын әмияным төсімде тұратынын қайдан біледі, өткен заманда жүлік те, ұры да болмаушы еді, капитализмнің сұрқиясы, оңбаған неме, – деп шу көтерді. Ол-ол ма, өздерінің жұлын-жүйкесі жұқарған әйелдер кімді аясын, жүдеулеу жігіттің ескі киімінің алба-жұлбасын шығарып, сойылға жықты да салды. Осы кезде түйенің жарты етіндей әйел «Өзі калбит емес пе?» деп аузынан жаңсақтау сөзін шығарып алып жалт қарағанда, кезекте жалғасып тұрған қара торының әдемісі, қара көз әйел сабырмен «Калбит деген кемсіту ащы сөзің социализмнің шавонистерімен бірге өліп қалды, енді тірілмейді, адамды кемсітуге үкім статьясы бар біліп қой» деп ақылға шақырды. Сөйтіп қалың кезекке тұрып, нетүрлі қиқу мен шеке қызбай төбелес, қалта қағарлардың «қызығын» көріп, ілгері ұмтылып қарасақ жұрттың қырылып-жойылып алып жатқаны, құдай төбесінен ұрғыр шет елден келген, бағасы жүз есе қымбаттап шыққан «дихлофосы» екен. Удың аты – у, у-ға да жұрт таласқысы келсе таласады. Содан салым суға кетіп текке өткен төрт-бес сағатымды аяп ішім күйді. Осындай уақытта халықтық бақылаушылар біраз қылмыстың құпиясын ашып, қазына сандығына пайданы түсіріп тастайтын мезгілімді жоқтап, діңкем құрып ойландым да: «Ей, сатып алайын, удың да керегі болар, әзірге базардағы асымыз адал болғасын шыбын-шіркей тірі, шыбынға да ақыл кіріп, улы тағам келе бастаса қарасын батырар, оған дейін у керек» деп сатып алдым. Ал кезекте білімдерін, бұрынғы лауазымдарын бірінен-бірі асырып мақтанып тұрғандар да уды алып жатты. Бірі де ауыздарын құм құйылғандай ашпайтыны қызық. Қайтеді, капитализмнің мінезі байқамасаң бұзық. Оның уы да бір көдеге жарап

қалады. Кезінде айтқыш атанған біреу сөзін естіртіп: «Ертеде осындай базарда біреудің сақалы шылымының отынан тұтанып жанып жатқанын көрген қасындағы досы «Тоқтай тұр, қашпа, қолымды жылытып алайын» депті», – деседі. Сол айтқандай, кезекте тұрғандардың біреуі күлсе, бірге күлейін деп күлкіні сағынып едім, ешкім күлмей, қанын ішіне тартып сұрланғандарың не пәле? Өлген социализмді тірілте алмай өкісіп қара жамылғандай болуларың сұмдық екен. Ылғи да арбау, ылғи да зұлымдықпен өткен жылдардан құтылғандарыңа қой айтып, садақа бермейсіңдер ме деген оның сөзіне ден қойған ешкім болған жоқ. Өйткені, тірлікті жеңіл-желпі түсінетіндерге бәрібір. Аз да болса өз пайдаларына алданса жетеді. Дегенмен көз алдарында қоғам байлығын күйеше жайпап бара жатқан белгісіздікке таңырқайтындықтан:

– Базар бағасы, жаныңа не керектің бәрі де бара-бара удың құнымен өлшеніп кетпесе жарар еді, – деді тиесілі уын алып ыдысты қарап тұрып ескі кепкісін түзеткен сойдақ тісті. «Ақылға сыймайтынды да көріп қал, берер жеріңде беріп қал, алар жеріңде ақың кетпесін алып қал» дейтін әкесінің сөзін қайталап, ойына оралтты ма екен. Мұның соңы әлдеқалай болар деп ойланғандар қоғамның жаңа заңына да орын қалдырып, аяғын еркін баса бастады. Шатақ-шалыстың да кейде қайыры тиіп, ертеңгіге үлгі боп жатады.

Ойыншық.

– Үлгіні елден алмаған жұмысын да, тірлігін де жөндей алмайды. Тау-тасты, өзен-көлді бірінен-бірінің артық-кемдігіне ақылы жетіп, батылдығы өтіп салыстыра алатындар аз болар. Сыртын көріп сипалап, ішкі сарайын білуге немқұрайлы қарайтындар жаңсақ қадам баспай тұрмайды. Жақсының жақсылығын көріп, себебіне терең үңіліп, есте қалдырсаң, қиялыңды қалықтатады. Түзулік аз, қисықтықтың себебін тап. Ұсақ-түйек нәрседен қаш, ұлы нәрсені ойластыр, ұлтымыз осыны тереңнен ойлаған, – деген Дүзелбай нағашымның көрген қысымы, үмітін кескендей азабына қайсарлықпен төзуі ата-баба өнегесімен шарболаттай шыңдалуы еді. Маңында ізгі ниетті, дархан пейілділер аз болды, қудалаушысы жетіп

жатты. Құтырына соққан саясаттың да тұтқыны болып жазасын өтеді, бірде-бірі сындыра алмады. Жан азығы ақиқатты аңсау, шындыққа жетуді армандаумен өмірден өтті. «Ақыл-кеңесі, асыл сөзі замандастарымен қатар жүрегімде жаңарып тұрады» дейтін Шәміл. «Кемшілік жүрген жерде кеңшілік болмайды, теріс ойлы басшы тақта отырғанда теңшілік болмайды. Еріншек елемей кетуден тынбайды, сөйте тұра еңбегін пұлдайды. Шалағайлар шатасып жүреді, сыбайластар шырмауықтай матасып жүреді. Істері қуандырмайды, назарынды суалдырады. Балалардың бір қуанғанына не жетсін десеңіз, ойыншық жасайтын «Арман» зауытының ойыншықтарды жобалау цехында ешқандай жаңаша технология жоқ, әр металл әр жерде шашылып, құрастыруы қиын, сапасыз ойыншық тұтынушыға жетпей, бағаланып кетпей жатыр. Қазақ ССР жергілікті өнеркәсіп министрлігі балалар ойыншығын құлпыртуға он ай ойланайық, жүз ай толғанайық деп жүрдім-бардым сиырқұйымшақ сөзбен мәні бар жұмысты мәнсіз етуде. Балалар алдында күлкі болып беделден айырылғанға ешкім айылын да жимайды. Тірлік – ойыншық. Қазақ «Баланың ойыны – бақсының жыны» дейді. Осындай ащы сөздерді ойнап шығарған жоқ, ойлап шығарды, құнтсызды, тоғышарды, дымбілместі, өтірікшіні толып жатқан жұқсыздың қасіреті қалыңдығына арнады. Бір сылтаудан мың сылтауды қоздатады, шашылған қоғам қаржысы, өндіріс байлығын қалтасына басып тасынған басшы дейсің. Тасынғанның көкесі – Торғай облысы «Қарынсалды» совхозының басшысы Сергеев пен мал мамандары Добношиев пен Көшекбаевтардың қылмысынан шошисың. Бірер айда он 12 ірі қараны мәңіретіп, 741 шошқаны еңіретіп туыс-туғаны, жолдас-жорасына үлестіріп берсе, 3 шошқаны бақпай, арам өлтірген. Кеңседе қағаз кеміріп отырған басшылардың бетіне әзірге ешкім жел боп тиген жоқ. «Куди-суди» деп қылмысты істі жауып тастайтынына таңым бар. Сыбайластардың ойластыруынша, аныққанығы, алым-берім заңы бар. Мұндай қылмыстың ақыры немен тынарын күте тұрыңдар, ей, күтудің де қажеті жоқ шығар. Өйткені, басшылық біледі, бірақ білмегендік та-

ныта қойса қайтесің. Өңгіме басқада, қозғалыс таппайтын шаруада. Бірді айтып бірге кетті дей көрмеңіз, «түйесі жоғалмағанның бәрі есті» дегендей біреулері малды талап жатса, құрылысты талаудың жағдайына күлмесең ерінің жырылар.

\* \* \*

Балалардың күл-талқаны шығып сынып бытырап жатқан ойыншығындай көрі құрылыстар да жетеді. Түйеге мойының қисық екен десе, түйе менің тұзу жерім жоқ депті. Сол айтқандай, Арқалық қаласындағы шұрқ-тесік үйлер, қозғалуын ұмытқан крандарды көріп тұсу үшін екі-үш қапшық тұз жеуің керек шығар. Өзінің құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорындары жоқ, республиканың түпкір-түпкірінен тасылуға тиісті кірпіштерді, қабырғалық және жабын материалдарына қарай-қарай көздері талады, көздері қарығып жас боп ағады. Арқалық құрылысын жүргізуге шарттасқан министрліктер өтіріктерін жібектей есіп, кабинеттерінде жалған құжаттардың шаруасын шешіп, Орталық комитетті алдаудан жалықпайды. Қазақ ССР арнаулы құрылысы министрлігіне сөз өтпейді, сынаған сайын өтіріктері жаңарып шыға келеді. Тағы да «Жетісай құрылыс бұйымдары» зауытының бір емес, бірнеше жылдар бойына бітпей тұруының себебін министрдің орынбасарынан сұрағанда су ұрттағандай ұртын томпайтты да, үнсіздікпен кабинетінен шығып кетті. Республикада жыл сайын құрылыс салу жоспары елу пайыздан аспай отырғаны, біраз министрліктерде «сен салар да, мен салар, атқа жемді кім салардың» кебі дағдыға айналған. Олар аядай жерде шарадай жиын ашуын ашады, оның бәрі өндірістік тәртіптің, жоспардың орындалуының ұшығы түгілі, пұшығын да көрсетпей тынады.

\* \* \*

Балға төске жалынса, біз өтірікшіге өтіміз төгілгенше жалынамыз. «Риссельмаш» зауыты Қызылордадағы ірі

кәсіпорын болмақ еді, қаржы жағы қытылмай қолдаулы еді. Бірақ балғаның да, төстің де жағдайы оңбай қалғаны, құрылыс қаңқасы бітпегесін қымбат жабдықтар, құрал-саймандар, түрлі аппаратуралар ашық алаңда күнге күйіп, жаңбырмен таттанып құрып жатыр. Қазақ ССР ауыр өнеркәсіп министрлігі өне-міне деп уәде беруден тау тұрғызуға болатын шығар. Зауыт құрылысы туралы КПСС Орталық комитеті мен СССР Министрлер Советінің қаулысы да дәрменсіз болуда, басы бұлдырықтай басталған істің аяғы қылдырықтай болып тынып бара жатыр. Қырсыздық аяғы немен тынары белгісіз.

– Қылмыскердің қандайы да мен түк кінәсізбін деп шыға келеді, сондықтан халықтық бақылаушылар жанын сала кемшіліктің аңғарыла бермейтін қалтарыстарын да тауып, қоғамды түрлі кемшіліктен, қылмыстан тазарта алатындыққа көз жеткіздік, – деп Шәміл түрлі тексерістердің мақсаты мен тиімді тұсын үнемі жобалап отыратынын айтар еді. Бұл мемлекетке аз да болса пайда келтіру, өзгелерді сақтандырудың жариялы түрі табыссыз емес еді. Табыс адал еңбекке құрылса, ғұмыры ұзаққа кетпек қой. Жемқорлық, пайдакүнемдік аласталып, мақсатқа сәйкес іс атқарылар еді. Оны кейбір лауазым иелері түсіне бере ме? Тарихымызда жақсылықтардың жол тартып, жұртшылықтың есінде қалған оң істер аз емес еді. Қалың жұрттың алдында абыройын асырған жүйрік ойлы ел басшылары да көптеп кездесті.

\* \* \*

Ауылды көтеруге облыс, республика, аудандардан «отыз мыңыншы» аталған кадрлар іске кіріскеннен ел адамдарымен еңбек үстінде қуанса, бірге қуанып, қайғырса, бірге қайғырып, жұртты жұмысқа жұмылдыра да білді, табыс жолын да тапты. Жерге түскен дәні өнімін арттырды, жайлаудағы мал балағынан өсіп жатты. Не істейміз деп ақылы жетпей қалғығандар екі қолына бір күректі ұстап, тиімді жұмыс атқарды. Басшының да абыройы өсті, елдің де тұрмысына жаңалықтар еніп, жақсылық жолы шырайланды.

Сталин заманында аудан, облыс басшыларын орынтағында үш жыл отырғасын басқа жерге ауыстыра беретін. Бұл тәсіл арқылы қоғамдық байлықты шашпалыққа, жемқорлыққа, парақорлыққа тосқауыл қойды. Өйткені, басшы аз уақытта судай араласып, сыбайласып қылмыстық жолға қадам баса алмай қалады. «Сарбие» совхозына да соғыстың алдыңғы жылдарында талай басшы келді, әйелі, балаларынан басқа іліп алар дүние-мүлкі болмай келді, кетерінде байып кетті. Елдің есінде қалатын бірінің жақсы ісі болған жоқ-тын. Бұл көрініс барлық жерде бірдей еді. Кейін ауданды Байсалбай Жолмұрзаев басқарғанда Жетікөл өңірінің құмдауыт, тарпаң мінезді табиғатына ағаш ектіріп жайқалтты, тіпті жүз шақырымнан асатын Шұбарқұдық станциясына дейін тал-терек белдеуі жыл сайын көктемде жайқалады. Ауыл айтқыштары ұқсатымсыз басшыларға немесе маңына елдес, жерлес, туыс-туғанын жинайтын басшыларға өткір сөз арнайтынды. Шанов деген басшыға бір қария қабылдауында хатшының кіруге болмайды дегеніне қарамай сарсылып отырады. Содан Шанов қартты қабылдайды.

– Не шаруаң бар, тездетіп айт, – деп бұйырады. Сонда ауыл айтқышы:

– Інім, кемпірім дүние салғалы біраз болды, өзің өскен Шалқарда аудан басшыларын туатын кемпір болса үйленіп көрейін деп едім, – дейді. Шанов түсі бұзылып, іштей қаһарлы сөз екен-ау, тірлігім елге қарама-қарсы болған екен, мына қарт тірідей өлтірді-ау деп басын төмен салып отырып қалыпты. Бәрі де жасарын жасап, о дүниелік болды, бірақ байтақ елдің аузында айтқыштың өлмес сөзі қалып, кейінгі басшылар ойланатын болды. Қай заманда да халықтың мұңына ортақшыл бастық бар, өзін-өзі жарылқаудан ауыспайтын жалтақшыл бастық бар. Саясат желі ұйтқыса, бірге ықтайтын басшы бар, жақсылық жұртыма болсын деп ісін нықтайтын басшы бар. Жасыратыны жоқ, заманмен бірге халық та сілкінді, ғажайып істерді атқарды. Азаппен өткен мезгілін жақсылықпен алмастырды. Ол қалың көптің олжасы деп қоя салыңыз. Тірлік біреулерге ойыншық, кейбіріне салтанат түзер жиынтық, көптің жанына азық рахат, жайсаң өмір ілуде

бір кездеседі. Қалаң жұрт мысқыл күлкімен жанын жадыратқандай қолын бір сілтеп, қыбырлап жүре береді.

Кектескен.

Шайтан жаралғалы пендені кектестірмей, әлдісін күшейтіп, әлсізін сүріндіріп жығылдырмай тұрмайды. Татулығы жарасқан тәтті ойлыларды талқандайды, топтасқан тобырды да оп-оңай ойрандайды. Қиғылықты салып жүреді, сенгіштерді билігінен, тірлігінен қағып жүреді. Сақтанбағанның аяғынан шалып, ажалға бағыттап алып жүреді. Осылайша шайтан пенденің бірін-біріне кектендіріп омақастыру амалын тауып жүреді. Қазақтың «Алланың шайтанынан адамның шайтаны қауіпті» дегенін кім есіне алып жүреді. Тірлік арпалысында көптің көңілі қаяулы, көкіректері мұң-шерге толы болады. Осындайда шайтанның әлсізді еліктіруге жолы болады. Халықтың «Соғысты саясат бастайды, оның рахатын сұм-сұрқия содырлар көреді» дегенінде мән бар. Мәскеуден басталатын саясат желі қалай ұйтқитынын бүкіл халық білмейді, білгісі де келмейді, адамзат тарихы құпияны кешең ашады, басымыз аман болсын деп көжекөкірін ішіп тарта береді. Ойлылар түсінеді, жоғарыдан төменге дейін адамды адам басқарғасын өштеспей, кектенбей, ренжіспей тұрмайды деп онша әуестенбейді. Талас-тартыс кейде пайдаға шығады, кейде құрып тынады.

Дегенмен ірі нәрселерді атқарған тұлғалардың даңқы уақытпен бірге ұмытылып қалатыны да болады. Ондайдың іздеушісі әлсіз, жек көретіні мықтылық күш алғанда, оныңыз дандайсып ел аузында аңыз болған мықтыны жамандап ұпай жинайды. Көрінде де тыныш жатқызбайды. Ондайда қазақ «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық болғаны» шығар дей салады. «Биік болсаң, бөсең бол» дейтін қазақ мәтелі еске түскенде революцияны мен жасадым, армиям бар деп мықтымсып Троцкий өзінен басқаны көзіне ілмей кетті. Биіктігінен төмендегісі жоқ. Тіпті жұрт көзінше жұлқынып, кекете күліп, «Сталин грузин товарищ, орысша нашар сөйлейді екенсің» деп кекеткенін кім кешіреді. «Ленин жаным қиналды у бер дегенде у беріпсің» дегені жұрт алдында қасында тұрғандай айтқан сөзін оп-оңай кешіруге бола ма? Ақырында таққа отырғасын Сталин де ет пен сүйектен жаралған пенде емес пе, Троцкийді



аса сақтана отырып, шебер қулықпен шеттетіп жіберді. Орыс тарихшылары осылай десе, ал Троцкий жеке қызыл вагонмен дәрігері, оққағары қасында Алматыға келіп қонақ үйінде жатып, велосипедімен еркін жүріп, халықты аштан қырып жатқан Голощекинмен күн сайын әңгімелесіп неге еркіндеді? Не ойлады, тарих құпиясы, о да ашылады. Троцкий тағдыры өзіндей төңкерісшілермен мінез-құлқы жараспай, таққа таластық ушығып, өзді-өзі жауласып, жымысқы қулықты аңғартпай, қайта-қайта қателесіп, шет елге байырқап, онда да жанына тыныштық таппай, жалғыздықтың зарын тартып, ең соңында сенген адамының қапысын тауып, сом темірмен өз кабинетінде ажал құштырғанын Ресей теледерегі жариялады. Ресейде қалған балалары да ажал құшты. Бірақ теледеректе Троцкийдің Орынбор арқылы поезбен арнаулы вагонда жанында өзіне қызмет ететін адамдарымен Алматыға келуі де Сталиннің тапсырысы емес пе? Голощекинге «тың ақыл бер, не істеп, не қойып жатыр бақыла» деген сықылды алдарқатқан уағдада болмады ма? Алматы арқылы шет елге өтуінің жұмбағы неде? Троцкий революцияның қанды базарының жағдайын, өзінің шеттей бастағанын біле тұра тездетіп неге кетіп қалмады? Орынборда «Троцкий келе жатыр» деген хабарды естіген халық возалда жиналып тұрғанда арнайы вогонды неге тығып тастады? «Мен жиналған көппен сөйлесе алмағаным қалай? Халықтың пікірін білуім керек еді» деп өңі сұрланып, есін жия алмай ашу шақырғанын кім тыңдапты? Ниеті бұзық жансыздардың бұқпантайлап істеген әрекетіне жорыған да болар.

\* \* \*

Қазақ «Қойныңдағы қатыныңа де сенбе!» деп түйін-дегені ойды қозғап кетті. Әрине, емеурінмен айтылғанына дәлел көп. Ата-анасын тастап, ерімен тұрмыс құрып, ұрпақ өсірген әйел – ердің қорғаны, одан артық жанашыры да аз. Ендеше әйелді жек көр, сенбе дегені емес. Батыс өңірінде екі жүз жыл қалмақтармен қырқысу, соғыс болып қан төгіліп жатты. Қалмақтар арасында қазақтың, қазақтың арасында қалмақтың жансыздары аяқтарын

мысықша басып жүріп жатты. Бірде Есім ханға қалмақтар ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, үлбіреген сұлуды сыйлыққа әкеле жатады. Жолын тосқан батыр Жолымбет жанындағы қалмақтарды жайпап тастап, қызды ауылына әкеліп, бір үйге тығып тастайды. Батырдың осы әрекетін Есім ханның жағымпаздары: «Жолымбет саған арнаған сыйлық қызды тартып әкетті, бұл неткен басынғандық? Сұмдық қой, хандық тағынды, өзінді көрер көзге сыйламағандыққа төзуге болар ма? Ессіз Жолымбеттің қастандығына шыдай алмай, қолында өлгіміз келді, айбарынан тайсалдық», – деп жеткізгесін хан өмірімен Жолымбет зынданға түсіп, өлім жазасына кесілмек еді, егер атақты би, әскербасы Жиёмбет қорғамағанда. Қыздың жансыз екенін, біздің әскери күшімізді, қандай әлсіздігіміздің барын қалмақ ханына жеткізетін тапсырыс барын қыз мойындады демегенде, Жолымбет батыр ажал құшатын еді. Міне, осындай жансыздардың талайы ел басқаратын ерлердің әлсіз тұсын жеткізіп, опат еттірді. Содан осындай сөз қалмай ма? Сол сықылды Сталиннің де жанында жағымпазы болмады деймісің? Троцкийдің жанында да жансыз жүрмеді деймісің? Кейде пендеде ақыл адасып барып тоқтап, сан соқтырады. Сосын басқа қонған бақтың қалайша теріс айналғанын түсініп, «жауды іздеме, өзі табады» деп бармағын тістейді. Телебейнеде тарихи деректерді тәптіштегеніндей зәредей болса да Сталинде мейірім, адамдық қасиет, революциялық қызметті бірге атқарғандықты түсінетіндік бар болар деп қатты алданғаны байқалады. Төңкеріс қызметі ортақ, енді оны дамытуға тиістілік, шет елде де социализм шаруасын атқаруға қарап қалмаспын деп Троцкий ойламады деймісің. Ал Алматыға сапарында тапсырыс болған да шығар. «Голощекиннің жұмысы онша емес, біздің ісімізге адалдығы қанағаттандырмайды, өзің байқап көр» деген Сталинмен екеуара әңгіме болды ма екен? Қағазға түскен дерек болмаса да Тоцкийдің шалқақтап Алматыда бұл жүрісі 37-жылғы Сталиннің «Арамыздағы троцкийшілерді құртайық!» дегеніне нақты себеп болған жоқ па? Сол жылдары Троцкийшіл, Рысқұловшыл, Сейфуллиншіл, Есқаревшыл деген сылтаумен әрбір ауылда, ауданда, түрлі өндіріс орындарында жиын ашылып, қатысушылардың

қолы қойылып, талай арыстарымызды түрмеде шірітіп, еліміз басын көтере алмай үреймен қаншама жылдар бойы тұншықты. Саясаттың улы қулық торынан қай заманда да адалмын, ақпын, кінәм жоқ деп ешкім құтылып көрмеген. Саясат үрейі күш алып бұрқана түседі, сыртқы көрінісі жылтырап, ажал қақпасын ашып тұрғанын көріпкел де түсінбейді. «Қамал да ішінен қирайды» деп қашан қирағанша үрейлі екпін толас таппай, жаныңмен қайғы етеді. Жақсылық пен жамандық екеуінің итсілікпе арпалысы мәңгі-бақи тоқтамас, сірә. Тас қапас түнектің үрейімен жеңіске жету ұзағынан бола ма, жұлымы қырқыла ма, оны көсемдердің өздерінің де ақылы жете бермейді. Қысқа ғұмырда атағы қалса жетеді. Сол халық құптаған атақ-даңқты екіншісі келіп, оны түкке тұрғысыз ғып жамандау арқылы ұпай жинап жатады. Даңққа итше таласатындар қай заманда да болғанын тарих көрсетеді. Егер олай істемесең, мемлекет басқаруың қиын-ды. Осындай қоғам құйыны, Сталин заманында халықты зар қақтырудың қанды қасабы 1928 жылғы байларды тәркілеуден басталса, ол жалғасып, ауыл, елді тінткілегендер байдың құйыршығы жоқ па деген сұрақтан жаңылған жоқ. Оңды-солды тұтқындау, бір адам біреуге кектеніп жалған куәлік білдірсе, жазықсыздардың қаншамасы түрмеден бір-ақ шығып жатты. Ағайын-туыстар қорқақтықпен өзінің түбіне өздері жеткенін сезген кім болды дейсің. Бесіктегі балаға дейін шошынып өмір сүрді, есі кіре бастағанда бұл өмірге неге келдім деген сұрақпен жаны қиналды. Ондайда қазақтар «Өмірдегі ең бақытты адам – ананың бойынан түсік боп қалған шарана» деп түңіле түсіндіретінін естіп өстік. «Осындай зілді көтеріп тірі жүрген қазақтардың жүрегі темір шығар», – дейді екен Дүзелбай. Екі оттың ортасы – өмір мен ажал, айырмасы қандай? Түсініп көр.

\* \* \*

Ойылдың айтқышы Майлапес түсінбегендерің түсінгенге айтыңдар деган ойын меңзеп, «Бөріктіге бөріктіден қауіп» дегенін білсеңіздер, ендеше өзіме қатыстыны ашып айтайын, мейманам тасып айтайын. Молотов-

пен жолсапарда жүргенде әлгі қазақ мақалын алдына тартқаным бар. Сонда Молотов:

– Ойың дұрыс, менен қауіптенесің бе? – деді.

– Неге қауіптенбейін, өзіңде әлемге белгілі өлшеусіз билік бар.

– Ал, мен сенен неге сескенбеймін?

– Мен патшалық Ресейдің басқыншылығынан әбден жасып пыштай болғанмын. Көлеңкемен де қорқамын. Қаным да, жаным да, өр мінезім де бүлініп біткенмін, соны жақсы білесің, қатты танысың. Оның үстіне екеуіміз талай жолсапарда қойдың бүтін құртын бөліп жеген дәмдеспіз. Қазақтың қанында адал асқа ортақ болғанды сатпайды, одан қорықпайды. Кеңесе келгенмен келісіп, «тамыр» деп төбесі тесілгенше көтеріп жүреді, әлі көтере береді, оны, Молотов жолдас, өзің де жазалған хаттай білесің.

– Өтірік айтып тұрған жоқсың ба?

– Өтірікті үйренуге де күш керек.

Аздап Молотов күліп алды, күлгені де қауіпсіз, жаныма қолайлы, беделімді арттыра түсетін еді. Майлапес «тұйық өмір сүргенше жұртты күлдіріп, өтірікті құйып тірлік етейін» дейді екен. Ойыл өңірінде айтқыштардың көбейген кезінде жүргізуші Қосымның кабинасында отырған ағасы Мәжен қарт Жетікөлден шығысымен «Бала, тоқтат, кіші дәрет қысып тұр» дей беріпті. Сосын Қосым «Аға, шыдаңыз, жол ұзақ» дейді. Сонда Мәжен оған «Інім-ау, бұ адам шығаратын зауыт еді, қартайғасын су шығарып бұзылып тұрған жоқ па? Жассың ғой, басыңа келмей-ақ қойсын, зауытыңның жұмысы дұрыс болсын» депті. Осындай іліп шалма сөздерге ел іші өте бай еді.

Өткенге салауат.

Қазаққа тұйық өмір сүрудің де себептері жетіп жатты ғой. Ұлт ұлылығы мен даналығынан Ресей империясы тұсында айырыла бастады. Бабаларымыз көкірегін көтере алмай бұғып, қалтырап орыс билігінен жасқануы шовинистерін асқақтатып жіберді. Байтақ жерді басып қалуға түрлі амалдарын айналдыра бастады. Ресей империясының құрамына кірген уақытта жасасқан шарт бойынша Ресей біздің саяси жүйемізге қол сұқпауға, қазақ жерінің тұтастығын сақтауға, мемлекеттік ішкі саясатқа

араласпауға уәде бергені тарихтан белгілі. Солай бола тұра 1882 жылы осы шарт бұзылып, кейін онша кідірместен Қазақ хандығы жойылды. «Орыс көп пе, орман көп пе, қалың халықты, олардың жымысқы саясатын қайтіп тоқтата аламыз?!» деген қасірет кеуледі. Бәрінен бұрын, XVIII ғасырда Ресей империясын билеген қатын патша Екатерина II Орынбор генерал-губернаторына жолдаған нұсқауында былай деген:

1. Қырғыз-қазақ халқының бір ру басшыларын екінші ру басшыларымен араз етіп, бірімен-бірін қас етіп, бірінің етін бірі жеуге себеп болыңыз. («Қазақ тіріде бірінің етін бірі жесе де, сүйегін далаға тастамайды» деген мәтел осыдан қалса керек. – Т.Қ.)

2. Сұлтандарын бірімен-бірін араз қылып, бірімен-бірін иттей тартыстырып, бірінің етін бірі жеуге себеп болардай іс қылыңыз.

3. Қырғыз-қазақтың басшы адамдарын сұлтандарымен араз қылып, сұлтандарын өз қоластындағы ақсақал адамдармен араз қылыңыз. Араларына от түскен уақытта жанып кетердей көкір-сөкір дайындай беріңіз, – деп нықтап, мықтап тапсырды («Айқап», 1913 ж. №20).

Ру-ру боп қырқысу, дау-дамай, сәл нәрсеге кектеніп, «босағада көрісеміз» деп, «қанға – қан» деп, әке кегін баласы қайтаруға міндетті деп, семсермен сертесіп, әдеттен тыс жаулық көзқарас ұлттың ұлылығына құлақ аспай, қорқынышты құбылысқа айналды. Үлкенді-кішілердің өзі ақылды тыңдауды қойды. Көрінде өкіргір, Екатеринаның нұсқауымен орыстар қазақ жерін иеленуге Ресейдегі басбұзар, қанішер нетүрлі қылмыстыларына жағдай жасап, Орынбордағы қалың қазақты сулы, нулы жерден ығыстырып, тырқыратып қуа бастады. Дүзелбай қарт бұл кезде ел ортасында, байлығы барында шет елдердің біразын аралап, талай кітаптарды оқып, ой-ұғымын жетерлік деңгейге көтерген еді. Қателескендерге түрлі мысалдарды айта отырып, жаңсақ қорытынды жасатпай, кешірімге оралтып бітістіріп жүрді. Сөз қуаты, ой алғырлығы жазасын өтеп жүргендер арасында да бедел әперді. Тәркілеу кезіндегі белсенділердің шаппа-шап қысастықтарын көзімен көргенде Екатеринаның қанға

сіңірген жаулық, қатыгездік, парықсыздықтың тамыр тартқаны деп түсініп, іштей толқып, былай деген:

– Қазақ ат қойғыш, Үштікті «Үндемес» дейді. Десе дегендей, ізінді бағып, сәтін ойластырады да, түрмеге үн-түнсіз қағып әкетеді. Дұрысын айтқанда, адамдар өледі, көбі із-түзсіз біржола жоғалады. Бұл өмірде болғанын, болмағанын, бары-жоғын ешкім есіне алып жоқтап жатпайды. Шын ажал, шын өлік деген сол. Бұрынғы ырыс толы бақ, дәулетті кезді ойлау маған әбестік. Балаларымды, немерелерімді ойлаймын, соларға зияным тимесе деп тілеймін. Мен саясатпен, саясат менімен түсінсе алмасақ, ол қабірге бірге түсетін өзімнің құпия пікірім. Қарапайым халық нені көрмес дейсің, қоғам қалай құбылмас дейсің. Жанымды кернеген сезім кейде өлең болып ақтарылғысы келеді. Айтуға татитын ойды кейінгіге қалдырғым келеді, жүрек сонша талпынғанмен қолдан келер дәрмен қайсы? Шәміл жиен, соны түсінгейсің.

*Өмірден тегін өткем жоқ,  
Маңдай терді төксем деп.  
Жанымда жүрген жандарға  
Жақсылық нұрын сепсем деп.  
Өмірден ізсіз өткем жоқ,  
Сүргін, сойқан тірлікте  
Арманға ешкім жеткен жоқ.  
Бір қолын екі ете алмай,  
Көз жасын төгіп кеткен көп.  
Тірлікте қалар іздерім,  
Өткіздім жазы, күздерін.  
Зұлымдықты көп көрсем де,  
Үмітімді аңсап үзбедім, –*

деп Дүзелбайдың көрі жүрегі күмбірледі ме екен. Қайрат кеми бастағанда адам «Бұ ажал шіркін шайдай ашық аспанын, жымың қаққан жұлдызын құмарта көруді, мөлдір ауасын қанағатсыз жұтуды, киелі жерді аршындап басуды көпсіне ме? Онсыз да тірі жүргеніме алая қарайтын, басқан ізіме шөп шаншитын, көре алмай көлгірситін ағайын арасындағы ащылар аз болған жоқ. Сонда деймін-

ау, кімнің хақын жепшін, кімнің бағын байлаптын, қайсысының соңына шырақ алып түсіп, түрмеге айдатыптын, тірлігінде құтылып көрмеген сылдыр-сылдыр суық сөз кімнің басынан өтпес дейсің? Е, Алатауды апырып, Қаратауды жапырып келетіндей кердең-кердең ететін на-дандар – Екатерина заманынан бергі қанға ұялап қалған ем қонуы қиын дерт. Олар ұлт даналарына аш қасқырша жабылып, есімін ататтырмай, шын өлуге ұйқы беріп, қайғы алып, қиянаттың не түрін жасады. Қазақта ойшылдардың, батырлардың, көш бастаған шешендері мен көсемдерінің, ақындары мен жазушыларының о дүниелік болса да есімдерін атаған сайын сауап деседі. Қазақ ойшылдары «Шарапатсыз жаманнан жақсының артық моласы» дейді. «Моласына бар да түнеп шық, жаныңа тиер пайдасы» дегенді тегін айтпағанын қасиеттеп түсінетін аз кезде өмір өткіздік. Жылқының санын қасқыр тартса, қара қотырланып тыртық боп бітетіндей, саясаттың жазасын көтерген жүректегі тыртық та бітті. Ұрпақтың қуанышы емдеп жазды. Өкінішім жоқ. Сот үкімін орындап жүрген кезде тәулігіне жиырма сағат еңбек еткенде де көрер жарығым, татар дәмім таусылмай аман-есен елге келдім. Бай, кулактарды тәркілеп, түрмелерге Одақ бойынша кемінде бір миллион адамды орналастырып, тегін еңбек еткізіп, социалистік қоғамды өркендетуге бағытталған жұмысын бір кісідей атқардым. Оған да өкінбем. 1928 жылы жұмысшы, шаруалар халық комиссарының орынбасары Н. Янсонның ВКП(б)-ның Бас секретарына жазған хатында: «Тұтқындарды жер өңдеу, құрылыс жұмыстарына пайдаланып, олардың күшімен 6 миллиард рубльдің өнімін өндіріп, орасан мол пайда келтіретініне көз жеткіздік. Түрмелерге адамдарды жинауда ұсақ басбұзарлықтан бастап, «Отанын сатқан», «Шет ел тыңшысы» деген саясат заңдылығын қатесіз пайдаландық», – деген мағынада жазған хатын оқымасақ та, ұзын құлақтан естіп жүріп тапсырысты түп-түгел орындадық. Көрместі де көрсеткен маңдаймызға жазған о да тірлігіміз. Жауыңа да тілемейтін қатыгездік, сұм заман емес, сұм-сұрқия адамдардан сақтануды ойландырып-толғандыратын шындық. Басқа түскеннен кім қашып құтылыпты деп тынасың. Кейде

бәрін де жеңемін деп бойыңды сергітесің-ау. Нағашыңның өмір соқпағы осылай, Шәміл, – деді. Ішкі дүниесі ашық адам кейде ақтарыла айтатыны болады. Оның себебін Шәміл жақсы түсінеді. Дүзелбай туған топырағын, елдегі бірен-саран достарын, жазасын өтеп жүргенде де қимас сырластарын жоқтайды. Оның үстіне денсаулығы сыр бере бастады. Өткеніне кешіріммен қарап салауат еткісі келеді. Жастық шағындағы бір бетінен қайтпайтын қайсар мінезі де жұмсарған. Қайткенде де ұлтына адал болып қалуға бүгіндей берілген. – Қысқа ғұмырда қоғамнан басқа әркімнің өзіндік ерік-жігері бар, оныңыз өмір өзегінде жатады. Оны түсінуді біреулер іздейді, кейбір қорықсыз ас ішіп, аяқ босатқанымен шектеледі. Кейде туған жерімнен үмітімнің үзілгенін ойлап мұңданамын. Бірақ аулақ кеткенде, сағына білгенде жаныңа рахат сезім қалдырады. Әсіресе, жастық шағың еске түскенде сөзбен айтып жеткізе алмайсың. Шәміл, қайратың барында елден қол үзбе, – дей келіп Дүзелбай, – бабалар сөзін елге барғанда тыңдаушыңа жеткізіп айтып жүр, жеген тоқпағымызды түсінсін, дұрыстап мағынасын емеурінмен ашып беру керек. Қазақ ұлтының жады алғыр, Нұрымгерей замандастары батырлар жырын бірнеше тәулік бойы жаңылмай жатқа айтып отырушы еді. Ақылды сөзге ешкім жайбарақат қарай алмайды, түйсігіне түйіп қалады. Жаны семіріп ұйып қалады, ақылнаманы миына жиып қалады. Талай айтқыштарды көзімізбен көрдік. Жүйесі бұзылмайтын мінсіз сөз дариядай толқитын.

*Жақсылық ұзақ тұрмайды,  
Жамандық әр кез тозбайды,  
Бір қайғыны қозғасаң,  
Мың қайғыны қозғайды, –*

дейтін ақын сөзін ешкім өлтіре алмайды. Осындай ұлы сөз, өнеге қалдыратын қазақ ұлтын өлтіре ала ма? Зеректігін, жан тазалығын, жүрек отын сөндіре ала ма? Бабаларымыздың басынан өткен ғасырлары сойқан соғыс, қанды қырғындармен өтті. Бәрібір қазақ ұлты құдіретті сөзінен айырылған жоқ. Сөзі өлмеген халық қандай



дүлей күшке де тойтарыс береді, берді де! Қандай да ауыр халін түсіне отырып Алланың сынағында тұрған пенде екенбіз, бәрін де ойнай, күле жүріп жеңеміз деп шешті. Қамыққан, мұңайғандарын жылы сөзбен тыңайта білді. Басы жұмыр пенденің қасірет шекпейтіні болмайды, бәрін де төзімділікпен жеңетінін айта білді. Аталарымыз аса күшті зорлық, шектен шыққан қыспақты да көрді, шыдамдылығын сақтады. Өмірдің кең шалқар дариясы бола бермейді. Еркіндік деп екпіндегенде тірлік шайқалып тұрады. Шайқалысты зұлымдар пайдасына құрады. Бірде шыбын жаныңды көзіңе көрсетіп қысады, бірде жұртқа істеген жақсылығың шаң болып аспанға ұшады. Тәнім қалжыраса да сөйлеп тыңайып қаламын, жиенжан! Жазалы болып үкімімді орындауда жүргендегі құдіреттей күшті өр мінезім ұрпақтарымды көргенде жібектей есіліп, жұмсарып сала береді. Алла берейін десе, пендесіне мырза ғой, бергенінен жаңылмасын, Оңғарымның үш ұл, бір қызы бар, қызым Ермек төрт бала өсірді, Теңелімнің бес баласы бар, осылардың қуанышымен жасымды ұзарттым. Ұрпақ тірлігі қызықтырғанда ажал барын ұмытады екенсің. Шеккен азабым да естен шығып барады. «Өлімнің төсегінен ояну жоқ» деген қазақ. Ұйықтап кетсем дос-дұшпандарым шын өлді деуге ауыздары бармас, ұрпағым тұрғанда, Шәміл. «Көрілік жетіп хал білер: Жастығың қайда қалды дер». Сонда айтарсыздар, жастығыңның жалғасы бізбіз деп. Нағашыда кеңдік бар, жиенде ерлік бар, қазақ «Нағашысы жаманның жиені оңбайды» деп те айтады, Шәміл, біз екеуіміз жақсымыз ғой, – деп өзілін тастайтын-ды. Сосын бір қатқыл жөтеліп алып:

– Ұрпағым Теңел, Оңғар, қызым Тәпеш барғой, іргелерің ажырамасын, шаңырақтарыңнан өсіп келе жатқан ұрпақ нағашы-жиенді екенін жалғастырсын. Туыстықты зорланып емес, оңғарып атқарыңдар, араларыңда шыншылдық жүрсін, сонда сыншылдық, міншілік пенделік кесірсіз мінез болмайды. Адам құндылығы есеппен өлшенбейді, қазақи ұлттық өнеге, тәртіп, тәрбиемен көркейеді. Нұрымгерей әкеңнің қара шаңырағын ұстап отырсың, кісілігіңе кір шалдырма. Теңел жездесін жадынан шығармайды. Тағдырға рахмет айтар едім, Нұрымгерейдің ең болмаса оққа ұшқан жерін білсем.

Теңел дегеннен шығады. Оның «Жезде» деген естелік кітабында: «Қаңтар айында Сапақкөлдегі жеті жылдық мектепте мұғалім болып жұмыс істейтін Нұрымгерейдің үйіне каникулға бардым. Ол кезде мен Ақшатау мектебінде оқушымын. Нұрымгерейді, Қайша апамды көргенде өзертаныдым. Екеуі де әбден жүдеген, жақтары солығып, боп-боз болып кеткен, есігінің сықырлауығынан, терезенің қағылуынан, адамның аяқ басуынан жүректері алып ұшатын үрейге, қорқынышқа ұшыраған. Шай ішіп отырғанда Нұрымгерей:

– Теңел, анау бұрышта киімдерің салулы тұр, қай күні алып кетеді деп күте-күте шаршадым, – деген сөздерді сыбырлап қана айтты. Нұрымгерейдің қаупі орынды еді, әкесі Орынбасар – революциядан бұрын болыс болған, ел билеуге қатысқан адам. Әйелі – ірі байдың қызы, ол күндерде мұндай тегі бар адам қайтіп қауіптенбесін» деп жазуының өзі Шәмілдің тегі осал болмағанын, қызыл жендеттер Мәскеудің тапсырысы бойынша алдымен тектілерді жойып, қалың халықты үреймен басқарудың тиімділігін ойластырды. Әрбір ауылдағы жатыпатарларының тізімімен қара машина түн атасына зікір салып, жортып жүк таситын автокөлігіне тиеп жүрді. Үрейленген халық социализмді мәңгілік деп мақұлдамайтын амалы қайсы. Қызыл жағалылардың өздері бірінің ізін бірі бағып, тапсырыс орындалмаса аяу жоқ, ата салады. Үштіктің өз алдына, екілік деген үш-төрт сөйлеммен құжат толтырады да атады. Осындай жазамен Одақ бойынша жиырма мың қызыл жағалылар атылып кеткен. Сондықтан Мәскеуден түсетін лимитте қанша адам атылады, қаншасы сотталады міндетті түрде орындалады. Жаппай қырғынның басталу себептері жетерлік. Біріншіден, 1936 жылдың 29 қыркүйегіндегі ЦК ВКП(б)-ның саяси бюросының «Троцкийшілер-зиновьевшілердің» революцияға қастандығы» жайлы қаулысына орай СССР НКВД-ның №00447 бұйрығы бойынша республикалардағы УГБ НКВД қызметінде 3-бөлім және 4-бөлімдер арасында кім адамдарды көп тұтқындады, жарысты жариялап, оның қатаң орындалуы қажет етілді. Түрмелерде өлген 48000 адамның орнына 57218 адам дереу қылмысты делініп, түр-

мелерді толтырып жатты. Көне қорықпай көр, көне үрейленбей көр. Сойқандық жұмыр жерді дірілдеткендей көрініс еді бұл. Адамдар ақылынан айырылды, өздеріне өзі тіріміз бе дейтіндей есалаң күй кешті. Өкелеріміз өлі төсекке жатарда әйелімен «ертең тірі боламыз ба, өлі боламыз ба?!» деп күбірлеп бақиласып жатты. Кезең солай белгісіздікке шым батып жатты.

Көңілде қалған. Кейінгі жылдары Дүзелбай нағашысы дене дертінен қажығандық емес, сана дерті, жүрегіндегі шемен шері ауырлатты ма, мұңайып: «Ертедегі Атыраудан тәркіленген, жиған дүние-мүлкі өзіне жау аталып, басымен қайғы боп кеткен жиырма төрт байлардың тірлігі, ұрпағы не күйде екен?» деп сөз тастайды. Измдердің тепкісінен қалай құтылды екен? Қалжыраған жан, қымбатынан айырылған ел, шынайылықпен күлісіп отырып қайғысыз көжесін іше алмаған ізгі ниеттілер мұң-зарын ұмытты ма? Тірліктің меңіреу тас-қараңғы түпкірі есімнен шықпайды. Аталарымыз айтқан:

*Жаман атқа жал бітсе,  
Жанына торсық байлатпас.  
Жаман адамға мал бітсе,  
Ертеңін ойлап жарытпас, –*

дегенді ұқпауымыз кешірімсіз үрейлі сәтсіздік. Пендеде ішкі қасиетті ұғыну, сыртқы пейілді түсіну қандай қиын. Ұғыну аз, шығандап шығыну күшейе түссе бастан бақ, елден береке таятынын көріп түңілсем де жұқара қоймаспын. Қалған ғұмырымда амандықтан басқаны тілемедім. Бетімен кеткендердің бетін қайтару мүмкін болмасын түсіндім.

– Атыраудан хабарым жоқ, дегенмен Сарбиенден тәркілеудің зұлымдығынан бас сауғалап қашып кеткен Мерғалиевтар әулеті Орынбор облысын паналап тамыр тартыпты. Қариялары өлгенінше туған жерін жадынан шығармапты. Солардың өмірінен білгенімді таныстырайын. Жат жерде қанша жыл жүрсе де Сарбиенің балаларына дейін жадынан шығармапты. Елді үрей кезіп, тыныс тарылып, тірлік етудің баянды жолынан ада-

сып, жаңылған кезде, туған жерін тастап босқындыққа ұрынды. Құбайдың жақсылығы тұқымымызды сақтады, – дейтін Сақыш Мерғалиев. – Әкем, туған-туыстары болып мал-мүлкін тастап, бір түнде Орынборға шұбырып кетті де, біз анамның ағасы Қаракөлдегі Тұрсынғалиды паналадық. Қайғыны көтере алмай әкем өлді, нағашым Тұрсынғали шаруашылықты басқарып жүріп 37-жылы «халық жауы» атанып сотталды. Күнкөріс қиындады да Орынборға әкемнің туыстары Мерғалиевтер әулетіне көшіп кеттік. Қайдағы көшу, ешбір жүгіміз жоқ, азық-түлік, бірсыдырғы киім-кешек қана. Сонда анам Зылипа туған жерін қимай көз жасын көлдетті. Жаяулап кеткенде Зәйт ағам әйелімен, анам және мен. Көлік қатынасы жоқ, арып-ашып туыстарымызға қосылып, Орынборда еңбек еттік, оқыдық, үйлендік, – деп одан әрі Сақыш Кеңес Армиясы қатарында Венгрияда жүргенде бір жігітпен кездескенін айтты. – «Біз «Көкжар» жәрмеңкесін жақсы білеміз, туыс-туғандарымыз ертеде қатынасып тұрған. Қазақстан малы көп ел дейтін-ді. Бірақ мал өндіріс болмаса, байлыққа жатпайды. «Біз қазақпыз, венгрлердің ішіне сіңіп кеттік. Бірақ ұлттық дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді сақтап келеміз. Ол – әрбір ата-ананың қасиетті борышы. Аталарымыз «Көкжар» жәрмеңкесінен мал әкеліп, оларға шай, қант, түрлі азық-түлік, киім-кешек апарған көрінеді. Қазақстан Ресейдің күзгі, көктемгі жәрмеңкесіне миллиондап мал шығарып отырған десетін. Аталарымыздың туыс-туғандарын көріп ойын, тойын тойлап, рахат сезіммен оралатынын, қуанышты сәттерін аңыз ғып айтатыны ұмытылмайды, есімізде. Құлағымызға сіңіп қалған». «Венгрия жерінде ертеде өндіріс болған ба?» «Әрине, тері ұқсату фабрикалары, мата шығару, құрал-жабдық, үй жиһаздарын дайындау сықылды кәсіпорындар жұмыс істегені мәлім. Қолөнершілік қадір-халінше дамыған». «Жеке меншіктік жер иелену болған ғой». «Капиталистер өндіріс, жер қожасы атанған. Әлемдік ғылымға ой бөлген. Олар бәсекеге түскен. Бәсеке дамытқан. Сырттай бір-біріне тілеулес сықылды көрініп, негізінде бірінен-бірі асуды ойлап жанталаспай ма? Сонау жер қияны Ойыл жәрмеңкесінен сауда байланысы арқылы

тауарларын таратып, шикізат әкелмей ме. Әлемнің қай түшкірінде қандай байлық бар, одан түсетін табыс қалай, бәрін де кеңірек ойланып, шаруаларын дамыту амалымен шектесіп сабақтасқандық емес пе? «Мал өсірумен әлемдік байлық алға шықпайды» дейтінім сондықтан» деген мардияр жігітінің әңгімесі бар-тын. Жасырын-бүкпесіз туысқандық сырласу елге деген сағынышын, ынтығын күшейтеді.

– Сақыш, Кеңес Армиясы қатарында төрт жыл азаматтық міндетінді атқардың. Бұл II дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдар, қауіп-қатер сейілген кез. Адам адамға жақындап ашық сырласа бастаған уақыт. Туған жерің Ойылды сағынған шығарсың? – дегенде ол:

– «Әркімнің шыққан тауы биік болсын» демей ме. Одан соң мен Көкжарда бай жоқ еді деген венгрлік жігітке біртүрлі ұнатпай қарадым. Халқы сұрапыл-сұмдықтардан аман қалған шығар дегендей көрінді. Өйткені, тірлігіне бола мал өсіргендерге Кеңес үкіметінің белсенділері ұрынып, перініп атып-соттап жатты ғой. Ал венгрдің капиталистері жеке самолеттеріне мініп, әлемнің тыныш жеріне барып паналады. Саясаттың, тағдырдың мейірімсіз қаталдығынан қорғана білді. Соғыстан кейін арнаулы құжаттары мен мұралары, кәсіпорындарына иелігін жалғастырды. Аздап көрген бейнеті мен тұрмыс тарлығын ұмытты. Бізде бай деп тұтқындап, түрмеге шіріткендердің ұрпағына малы түгілі, тұтынған алтын, күміс, тағы басқа қымбат мүліктерін де қайтармады. Әркім қалжыраған жаны, есепсіз көрген азабынан жаны тірі қалуын тіледі. Қолдарында құжат болмағасын ешкім әкеміздің дүние-мүлкі бар еді деп жоқтай алмады. Ұрпақтың ұрпағына жалғасқан үрейлі ойлар, терең уайым есті шығарды. Қазақ байлары киіз үйдің керегесінің көгіне дейін алтын, күміс талшықтарын пайдаланған ғой. Алтын, күміс қай заманда да бағасын түсірмеген байлық еді. Оны айтып отырғаным төркілеудің зұлматы басталған тұста аталарымыз, туған-туыстар шыбын жанын қорғау үшін үй жиһаздарын, мал-мүлкін ортаға тапсырып жан-жаққа босып кетті. Бес ағайынды Мерғалиевтер Орынборды паналап, орыс арасына сіңіп зұлымдықтан құтылды. Ұрпағы

өсті, алғырлықтары арқасында аш-жалаңаш болған жоқ. Туған жерге оралуға да бет моншағымыз үзілгендей немесе кісі өлтірген қылмыскердей қорғалақтап жүрдік. Өйткені, сталиндік саясаттың салқыны әркімнің басын бас, бақайшағын қара тас еткенінен сескендік. Болғаныңды да, толғаныңды да ішіңде сақтайсың. Өмір жолыңда кездескен қиындықты күле жүріп жеңесің. Сөйтсек те, анамыздың сағынышын ескеріп, туған жерін көріп мауқын бассын деп елуінші жылдары Ойылға келдік. Жетікөл, Жекенді, Құбасай, Қуырдақты, Жақсыкөл, Қаракөлдегі ағайын-туыстардың өлісіне дұға, тірісіне сәлем арнадық. Мен туған жерге деген маздақтай сезімді ештеңеге айырбастамас едім, автокөлік жоқ, ауыл мен ауыл арасына жаяулап қатысуды да қиынсынған жоқпыз. Неткен туған жер құдіреті?! Тым құрымаса, көлік дейсің ғой, оған да ешкімді өурелеген жоқпыз. Туған далада жаяу жүргеннің өзі ерекше қуат бере ме деймін. Соғыстан кейінгі ауыр жылдар, сонда Жақсыкөлдің өзінде елу-алпыс үй жер қазып, күркеде отырып егін салады. Киіз үй некен-саяқ. Бірақ, халықтың туысқандығы, жан дүниесінің кеңдігі ерекше еді, – дейді Сақыш. – Анам ата-бабасының қорымын көргеніне, халқымен жүздескеніне ерекше қуанғаны көз алдымда. «Ұрпақ алыстамасын, туыстық тамыр үзілмесін» деген сөзі көкіректе жазылған хаттай. Анам аруақты адам еді, көріпкел, сынықшылығы орыс елінде де құрметке бөледі. Бүгінде байқасам, соншалық азап-бейнетінен жаяулаған жолда қажымауы аруақтың дем беруі, ерекше қуаттандыруы екен. Мінез-құлқы да дүние-мүлікке қызықпайды, қақ-соқпен жұмысы жоқ-тын. Аруақ сыпайылықты, тазалықты, қылдай қиянатсыздықты қажет ететінін бүгінде өз басыма түскесін байқап жүрмін. Ана батасын беріп, тапсырғасын ешқашан да адалдықтан ауытқымаспын. Алла бойға дарытқан қасиет, аруақтың алды ашық, салтанатты болуы адамдық көзқарастың мол мейірлігіне байланысты. Анам біреудің дене мүшесі сынып, жаны қиналып жол үстінде бағыштап келе жатқанын алдын-ала біліп отыратын-ды. Денесі құрыстап, отқа қыпқызыл болған көсеу темірді тілімен жалап, жан-жағына тесіле қарап, шеберлігін шыңдайтын қимыл көрсететін.

Талай орыс дейсің бе, басқа дейсің бе, денесінің сынғанын қалыпқа түсіріп, құлақ естір жерге есімі аңызға айналды. Қазір өзім де туған елге көшіп келгелі біраз ақтөбеліктердің сынған дене мүшесін салып, алғысын алғаным аруақ құдіретіне басымды иемін. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын Алла берген қасиет қазақ ұлтында ерекше ғой. Туған жерім Сарбиені сағынсам, осындағы туысым Тілеуғали Дүсіповқа телефон шаламын, кейде өзі де хабарласып, елдің амаңдығына қанығып қалам, одан артық байлықты тілемеймін.

Иә, адам баласынан сиқырлы дүние, әркімде әр түрлі жағдайда өтеді. Біреуге тұманды толқын болып көрінсе, біреулерге ақ самал жарық нұрымен жарылқап жатады. Ананың бақыты келін боп түскен шаңырағының құтты болып жапырағы жайқалса, нұрлы дүние, мәнді ғұмыр сол. Ешкім сын-мін тақпай, жұмылып үй тірлігін атқарса, қазақ «Тату үйге тақсірет жоламайды» деп түйген. Отбасының берекесін сақтау оңайға түспесі де анық. Отбасынан артық байлық, бақыт та керек емес. Сексен жасқа жетіп бірге жасасқан Міниса Мұхамбетқызы сөзін сабақтамас бұрын ата-баба қонысы Жем бойы екенін айтты: «Орынбор өлкесінде әке-шешеден айырылып жетім қалғасын талшық іздеп, қуғын-сүргінге шыдамай кеткен едік. Бүгінде еркіндігіміздің арқасында елімізге ұрпақты жеткіздік. Өлшеусіз қуанышымыз сол», – деген кезде Сақыш оның сөзін бөліп:

– Біз Кеңес үкіметіне дейінгі кейбір қарау байлардың жағдайын да білдік қой. Алланың көзінің түзулігі шығар, ішіп-жемге тарыққан жоқпыз. Ал біздің өңірде бай есігінде күйсіз тірлік еткендер «Бәктір байдың қуын-ай, кедейге қытымыр, береді көжесінің суын-ай, көжедегі дөнді де қызғанады, баймын деп сызданады, денесі мұзданады» дегенді бала кезде естуші едік. Бүгінде Ақтөбеде ойылдық байлар жетерлік, олар қазақ ұлтын ойлап, баланы менің Мінисам сықылды көп өсірсе, – деді.

– Әкеден үш ағайынды қыз едік, ұрпақтары бар, өрісіміз ғой, шүкірлік етемін, – деп Міниса сөзі қуақылау ері Сақышқа қарады. Ерлі-зайыптының үнсіз ұғынысатын жылы қабағынан кербез сұлулық, жастықты аңсайтынын

сезесің. Елу төрт жыл отасқан, ұғынысқан, татулықты сақтаған осы шаңырақтың үш ұлы, үш қызы өсіп, өнді. Ал Мерғалиевтар әулетінде жүзден астам тұқым бар. Бәрі де қазақи тәрбиені бойына ана сүтінен сіңірді. Өйткені, Орынбор қазақтары ұлттық қасиеттілік, тіл мен дін, ділді көздің қарашығындай сақтады. «Қазақпын» деп мақтана білді.

Тұңғыш ұлы Қосымбай «Патцаев» кеңшарында, өзінің шаруа қожалығы бар, егін салады, мал өсіреді. Орыс елінен атамекеніне көшіп келгендердің біразы осында. Бір қуанарлығы, кеңшарда бес жүздей жанұя бұрынғы егін көлемін, мал басын, түрлі техникаларды жекешеленудің қанды қасабынан сақтап қалған.

– Басшылығымыздың іскерлігі, біреу бірдеме сұраса, елдің мүлкіне мырзалығым жоқ дейді. Трактор, автокөлік, егін, мал шаруасында жұмыс істесе, сол орнында қалдырып, арнаулы автобуспен орталыққа қатынайды. Өйткені, жанар-жағармай үнемдейді, техниканың пайдалану мерзімін сақтайды. Бес-алты шаруа қожалығы кеңшардан техникалық көмекті тиісті қаржысын төлеп алады, өндірген өнімді келісімді бағамен сатады. Рынок тәртібі таза есепті қажет етеді, – дейді Қосымбай. «Екі ұлым Ақтөбе қаласында жоғарғы оқу орнында оқиды, атасы мен әжесінің қолында. Пайдалануына автокөлік әпердім. Сабақтан бос уақытында жолаушы тасып, ол-пұл шығынға қаржысын өздері табады. Былайша айтқанда ержеткесін адам өзін-өзі еңбекпен асырай алмаса ұят емес пе? Ақыл-санасын оятып, тәрбиелей білсе, ұрпақ атананың қуанышы болады. Солардың өмір сүруін көріп рахат сезімге бөленесің.

«Екінші қызым Тәрбие о да ағасы Қосымбайдың қасында кеңшарда тұрады. Жанұясы бар, тірліктері өздеріне жетеді. Үшінші ұлым Досымбай Ақтөбе қаласында өздерінің еңбектерімен пәтер алды, балаларын тарықтырмай өсіріп отыр. Отызға толған ұлым Толымбай да – «Патцаев» кеңшарында жұмысшы. Сәния қызым – медицина қызметкері, отбасы бар, кішкентайлары өсіп жатыр, қолы қалт еткенде денсаулығымызды бақылап, күтіп отырады. Сүт кенжем – Тимур деген немерем «ата-



әжелеп» тұрады. Шіркін, немере тәтті ғой», – дейді Миниса жай-күйін көз алдына елестетіп отырып.

– Татулықтың себебі қандай?

– Енем Зылипаның екі ұлы – Зәйт пен Сақыш бір шаңырақта отырып тірлік еттік. Енемнің бауырында барлық немересі өсті. Маңдайларына шаң тиген жоқ. Екі келінін қызым дейтін-ді. Ұрпағының тәрбиесінің бүкіл қиындығы да, қуанышы да енемнің мойынында болды. Көп баланы жақсы көретін, баласыз әйелді жақтырмайтын-ды. Бұл қазақи ұлттық тәртіп, дала заңдылығы ғой. Енді өзіміз ене болдық.

– Келіндеріңізге қалай қарайсыз?

– Енеден алған өнеге, бәрін де іштен шыққан қызымдай көрем. Қас-қабақтарына қарап, байқап ақыл-кеңесімді айтып, ақылға шақырамын. Бәрі шаңырақ көтерді. Соларға барып өздерінің жеке тірлік еткеніне қуанамыз. Ата-ене жас жанұяға ерік беріп, оларға әйт, бұйт деп мылжындап араласпауы керек қой. Адам өмірінің көріктісі – татулық, оны алдымыздағы ұлттық өнегеден алсақ, ұрпақты жақсылық жолға бастауға тиістіміз.

– Орынборда жастық жылдарыңыз қалды.

– Әлі бүйрегім бұрып, қатар құрбы абысындарды кейде сағынам. Орынбордан Қуаныштың інісі Жақсыкелді көшіп келді. Зәйт те, Сақыш та қатты қуанды. Біртіндеп атамекенде тамыр тартып жатырмыз. Қайын ағам Зәйт пен Әлима жеңгем де көшіп келді, төңірегіміз кеңіп, тұтас ел болып, туыстық шаңырақтарымыз қатарласты. Тірлікте қиындық жоқ, бірімдікі жетпесе, бірімізден аламыз. Зәйттің үлкен ұлы Қуанышты енем бауырына басқан-ды. Өттең, немересінің үйленуін, шөбересін көре алмады. Енем тәрбиелеп өсірген Қуаныш Кеңес Армиясынан міндетті борышын өтеп келгесін Жұмабике келінімізбен шаңырақ көтерді. Үбірлі-шүбірлі болды. Жұмабикенің анасы, құдағиымызбен шай деспей, араласып тұрамыз. Туыс-туған, жекжат-жұрағаттың татулық жарастыруы ерекше ғой, – деп Миниса оның өзі Алланың шапағаты дегенді ұқтырды.

– Осы біреулер келіндерімен алакөз боп жатады?

– Ол надандығы, пасықтығы, өзін өзгеден артық көріп билік жүргізуге орынсыз әрекеті. Үлкен келінім Роза,

екіншісі Марфуға, үшіншісі Оразкүл, бірде-біреуінің бетіне жел боп тиген жоқпын. Неге дейсіз бе? Өмір өздерінікі, тірліктеріне, ұрпағына өздері қожа. Санасындағы жақсылық, инабаттылыққа жүгінсін. Өмір сырын ұғынсын. Жаңсақ қадам баспауын үйренсін. Кейбіреудің «Ұрыспас ұлым болмас, керіспес келін болмас» деген сөзіне қарсымын. Жүз шайсып, қабақ шытысып, керісіп, бұлқан-талқан болу адамға жараспайды. Ата-аналарымыз келінді ұлт болашағы деп бағалағанын ұмытуға бола ма? Адамға жақсылық жолға түсуге еркіндік керек. Орыс жерінде дінімізді де берік сақтадық. Дін тәрбиесіне ешкім қарсылық көрсеткен жоқ. Дін тәрбиесі жанымызға қуат беріп, қанымызға сіңді, оны ұрпағымызға жалғадық. Қазір әулетіміздің үлкені де, кішісі де бабаларымыздың мекені – Жетікөл, Жекенді деп аруақтарға дұғасын арнап, елге барып, келіп жүреді. Талай шырғалаңды көріп, туған жерім деп көз жасын төккен әкелерін, аталарын, аналарын ұрпақтың есіне салып, туған жерге барып аунап-қунағанның өзі бақыт қой. Рас, сталиндік қанқұйлы саясатта «Құдайсыз бесжылдық» атанып, шіркеуді, мешітті құртып жатқанда Орынборда үш мешіт сақталып қалса, Черномырдин облысты басқарған жылдарда екі мешіт жаңадан салынды. Бұл мұсылмандардың діни тәртіп-тәрбиесіне оңды болды. Нақақтан жәбір-жапа шеккен мұсылмандар мешітке барып бірімен-бірі кездесіп көңілін босатып жүрді. Балаларымызды жас кезінен мешітке апарып, Аллаға құлшылық етуді бойына сіңіргеннен ешбір зиян көргеніміз жоқ. Енем Зылипа ұлдарына «Ер жігіт елінен кетсе, үйіріне қосылады» деп мойымауды меңзеп отыратын-ды, – деді Миниса. – Қуғын-сүргін жылдарындағы күйініш, күйік, іштегі шемен-шер туған жерді бір көрсек деген арман бүгінде орындалды.

– Дінді түсінгендер жыннан аулақ жүреді деңіз. Арақ «соғысын» айтам.

– Біздің тұсымызда маскүнемдіктің қайғылы және тым қорқынышты тұсы өтіп жатты ғой. Арақ іштің, құрыдың деп отырдық. Шүкір, ұрпақ сөзімізді елеусіз қалдырмай, жамандыққа үйір болған жоқ. Құдай берген қайратын пайдаланғандар аштан өлмейді, көштен қалмайды,

біреуден кейін, біреуден ілгері өмір сүреді, ақылды тыңдау – өмір құндылығы. «Ағайын қадірін білмесең, жалғыздық берсін сазанды» дегендей елге туыс-туғаннан ұрпақ жат болмасын деп көшіп келдік, – деген еді Міниса.

\* \* \*

Шәмілдің «Өмір белестері» кітабанда жеті атасынан бергі, күні бүгінге дейінгі ұрпақтың өсуін тәптіштеп жазып, тасқа бастырып қалдыруы құптарлық та, байқаларлық та қайырлы іс екені түсінікті. Бүгінгі жер басып жүргендердің бәріне де тегін білу аса қажет кезең, ғасыр ойландырып тұрған мезгіл. Үлкен ізденістен, жалықпай зерттеуден жинаған мына бір деректерді айтпай кетуге болмас. «Әбілқайыр ханның немересі Нұралы ханның баласы Бөкей 1801 жылы Нарынқұмда Кіші Орда хандығын құрарда Атырау аймағын жайлаған алты аталы Әлім, жеті аталы Жетіру, он екі ата Байұлы руларының бір-бір болыстық бөлігін қарамағына көшіріп алғаны тарихтан белгілі. 1864 жылы Петерборда шыққан «Эпоха» журналының он бірінші санында жарияланған «Внутренняя или Букеевская Киргизская Орда» мақаласында 1801 жылы Кіші Орданы мекендеген шаңырақ саны көрсетіліп, Ысық руының 969 түтіні, Кете руластардың 411 түтіні болғаны, менің бабаларымның Жайықтың оң беті – Нарын құмына қоныс аударған жәйтті тарихи дәлелдейді. Орынбасар – менің атам, Нұрымгерейдің әкесі, Орынбор губерниясы, Орал уезі, Орал қаласында 1876 жылы өмірге келген. Орынборда оқып, фельдшерлік орта білім алған, орысша сауатты болған. Ол үш тілді – орыс, араб, қазақ тілдерін жетік білген. Жасынан алғыр, өз мамандығымен қатар ел билеуге араласып, жоғарғы әкімшіліктерге жәрдемшілік қызмет етеді. Әділдігімен, адалдығымен халық алдында үлкен беделге ие болады.

Оған нақты мысал: Бүкіл Кіші жүздің ханы Әбілқайырдан өрбіген Нұралы ханның баласы Бақытжан Қаратев – Петербургтағы университеттің заң факультетін бітірген, Ресей мемлекеттік Думасының депутаты, Алашорда партиясының белгілі басшыларының және

Алашорда өкіметін құрушылардың бірі. 1913 жылы шілде айында Орынбор қаласы, Батыс Қазақстан өңірін аралап жүрген кезде Ойылға келіп зиялы қауымды жинап, Алашорда өкіметін құру жөнінде ақылдасып, пікірлерін тыңдаған. Олардың ішінде «Көкжар» жәрмеңкесінің иесі Меңдібай, оның баласы, Ойыл болысы Дәукен, Қайыңды болысы Ораз Дайырұлы, Саралжын болысы, менің атам Орынбасар қатысқан. Ол жоғарыда айтылғандай, 1906 жылдан 1918 жылға дейін ел билеуге араласып, Ойыл өңіріндегі Саралжын болысын басқарған. 1913 жылы қыркүйек айында Орынбасар атамыз Романовтардың патшалық құрғанына 300 жыл (1613-1913 ж.) толуына байланысты мерейтойына шақырылып, Санкт-Петербургте өткен сол тойға қатысқан. Тойға байланысты мерекелік алтын медальмен марапатталған. Сол Романовтардың мерейтойына барғанда түскен сүгіреті, алтын медалін Атырау облысында тұрған Орынбасар атамыздың үлкен қызы сақтап келді.

Байқап отырған шығарсыздар, ата-баба тарихында жоғары өрмелеп, тәртіп-тәрбиесі, елге сіңірген еңбегімен ел жадында қалған әулеттің текті ұрпағы абыройсыз болуға тиісті емес. Бәрі де ұлтқа еңбек сіңіруді ғана білген, опасыздық жасаудан аулақ жүрген. Мұны Шәмілдің босағаға біткен құндылық қасиет деуі кемеліне келіп, өркен тартқанының дәлелі. Қазақ «Тамырына қарай бұтағы, тегіне қарай ұрпағы» деген асыл сөз қалдыруы тегін емес. Ұлтымыздың әр сөзі ерекше ғылым, әке – ата – баба – арғы ата – ата-баба – түп ата – тек ата дей келіп, «Жеті атасын білмеген – жетесіздік» деп түйіндейді. Қазақ ұлтының құндылығы осыдан басталады. Ата-тегіңді білмесең, өзіңді олқысынып, тіпті кемсініп, көңіліңде күмән тұрады.

### Құндылық.

Расында, жатбауыр атанбау – ұлт құндылығы. Шәміл де ұрпағына ата-баба тарихын тәптештеп түсіндірумен қатар қалаған білімін беріп, тіршілігін талқандайтын арақ-шарапқа үйір етпей, яғни бос уақытын қалдырмай ғылымға, спортқа арнады. Маскүнемдік дерт өршіп тұрды, түрлі қылмыс арақ ішуден басталып жүрді. Қалалық дәрігерлер арасында әңгіме өткізгенде Шәміл:

«Арақтың зиянын, ем қонбайтын дерт екенін түсіндіре алмай жүрсіндер. Мұны бір науқас деп аяп қарайсыздар. Болгар оқымыстысы Григорий Ефремов өзінің зерттеу еңбегінде маскүнемдік жолына түскен әрбір 23 адамның 15-інің баласы өлі, 8-інің баласы адам кейпінен шығып, құбыжық боп туатынын жазады. Сіздер ондай деректі қара сандыққа салып жасырасыздар, өлі туу да бар, құбыжық боп туу да бар. Болашаққа, қоғамға жандарың ашыса маскүнемдіктің сұрапыл апатының шындығын айқындап неге көрсетіп, өзгені неге сақтандырмайсыңдар? Арақ дертінен жұрт шошынуы керек. Қоғамға адам қымбат. Ішкілікке ұрынғандар тоң-торыстанып жақсы не, жаман не екенін біліп жарытпайды. Олар емделіп өмірін қайта бастаса, халыққа істеген қызметтің қайтқаны болмай ма?» – деп ескертпелер жасайды, медициналық қызметтерінің жай-жапсарын біледі. Сағат тілімен жылжыған уақытын халқына адал қызмет етуге арнайды. Осындай кездесулерде кейде ойына ауылдасы айтқыш Керейдің: «Ағыш сөйлеме, ақылды тауып сөйле, билікке жағып сөйлеме, оның кемшілігін тауып, шаңын қағып сөйле, сұм-сұрқияның мойнындағы шайтанның қарғыбауын алып сөйле, қылмыскерге статьясын тағып сөйле, ойлыдан өнеге алып, халқыңа жағып қал, томсарып қалма, ой салып қал», – дей келіп милиция Аманғалиға тіке қарап: «Сен өлсең шын өлесің, мен өтірік өлем» дегенде анау: «Айтқаның кекесін, бәрі түсінікті, адам өтірік өле ме екен?» деп көлбеңдеген көлеңкесіне қарайтын. Сонда Керей халыққа «Ауыздан-ауызға тарап қалатын жақсылық істемеген адам шын өледі. Бір зәлімнен құтылдық па деп көмеді. Ісің үрей, қасіретке айналып жатса, шын өлмей қайтесің? Менің елге сіңірген еңбегім бар, шикібастарға айтқан ақылым бар, тосыннан тауып айтар өзіл-қалжыңым, ел аузында қалатын ұлағатты сөзім бар, жүрек сырым жүректерге жетіп, талай жылдарда ұмытылмайды. Қуатты үнім, ойлы пікірім, ақ семсердей тосқауылдардан тоқтамай өтер ащы сөзім ел аузында қалғанда, өтірік өлмей қайтем?» деген екен. Сол айтқандай, Шәміл мекемелерді басқаратын талай басшыны көріп жүр. Төрткіл ат шаптырым бөлмесінде басын шұлғып, арақ ішіп, анарша қызарып, бармағын со-

рып, бос орындықта бой тасалап, түк бітірмей отырғандар да бар. Өзгені төртіпке салмақ түгілі, өзі төртіпті білмейді. Атқаратын істі түсінбейді. Биіктегі біреулер үйреніп кетесің, мекемені басқар деді. Отырды, қарауындағылары «кісі ақылымен жүрген кісіде ісі болмайтыны жанымызға жақты, иеленді бос тұрған орынтақты» деп төтесінен айттып келемеждейді. Керей айтқан шын өлген басшы осындайлар. Ал екінші басшы қарауындағы қызметкерлерінің тұрмыс-тірлігін зерттеп, қоғам жұмысындағы алғырлығын даралап көрсетіп, пайдалы іске көпті құлшындырып, құлашын кең сермейді. Қоғамда артық туған адам болады, кем қалған қырсық, қырсыз, зәлім болады. Ондайды қазақ «ісі мазақ адам, кімге тұтқалыққа жарар дейсің» деп түңіледі. Өмір кең арнасымен жылжып жатқанда пенденің кім екенін жіті көзбен аңғарасың да, түрлі ойға берілесің. Кімнің кімнен артықтығын елге сіңірген еңбегі ғана бағалайды. Қазақстан Орталық Партия Комитетінің хатшысы болған Ахметжан Қойшығұлов Ойылға, туған жеріне сұрапыл соғыс жүріп, халық тарығып жатқанда аудан, шаруашылық басшыларына көк арба сыйлады, бір вагон үнді шайын жеткізді, ол ол ма Ойыл өзеніне көпір салдырды. Батыл түрде атқарған өлмейтін ісін ұрпақ ұмытар ма? Елге адал еңбек сіңірмеуді ар тұтып, намыс көрген Ақжанай Қарекенова Жоғарғы Кеңестің депутаты болып жүргенде соғыс жылдарында Жетікөл өңіріндегі елді аштықтан сақтады, талай ауру-сырқау, мүгедек, жетім-жесірдің тарыққан өмірін қорғады. Ойыл түлектері әлемдік ғылымдардың әр саласында танылған Ишанбай Қарақұлов, Қуаныш Мәкіров, Жалел Тұрмағамбетов, Әжіғалиев, Дербісалиндер, атақты биші Тапалова, ойылдық балалар дәрігері Ларина, жазушы Сәрсен Жұмағалиевтер дүниелік алғыр істерін тарих бетіне алтын әріптермен жазып кетті. Біраз жыл ауданды басқарып, облыстағы біріншілер қатарына қосқан Жолмырзаев ше? Күн-түн қатып, балалардың денсаулығын сақтаған Ларина ше? Еңбектері ел аузында аңызға айналғандарды кім өлді деп айта алады? Даңқты есімдердің алдыңғы қатарында ақ тары өсіруден әлемдік рекорд жасаған Берсиевті шын өлді деуге кімнің аузы барады?

Даңқтының көлеңкесінде қиқым-сиқым көре алмаушылар да кеудесін көтеріп, шалқақтап, мықтыны сүріндірсем ұпайым түгенделер еді деп мысықша мияулап жүреді. Олар алғыс алмай, қарғыс алып, шын өлгісі келетіндер дейікші. Өйткені, Шығанақ Берсиевті облыстық НКВД үштігі ертең барып, жау есебінде тұтқындауға лимит түсіп дайын тұрғанда, ертеңгіліктегі Бүкілодақтық радиохабарында Шығанақты Сталин қабылдап, соғыста жеңіске жетуге көмегі ретінде өз қаражатынан танк жасатуға көсемге уәде бергенін естіп, Шығанақтың жаны қалады. Ойылдың ұлттық ғасыр рухына сай Еңбек Ерлері, даңқтылары қаншама? Бәрінің де арман-мұраты өмір бойы ел үшін болса, есімдері ешқашан да өлді деуге жатпайды. Адамның жан ләззаты адалдығымен ғана өлшенбек. Қайтесің, қай заманда да өмірде қияңқы да, сұм-сұрқия, жексұрындар толып жүрді. Ондайды Сталин де көрмеді деймісің. Қаншасын қағып-сілкісе де таусыла ма? Түлкі құлықты қапелімде аңғару да оңайға түспесі көміл.

– Сталиннің қасында да өккі, қу мұңдас, көрген түстей бақас, алды-артын орағытып, шаңдатып, лаңдатып жүрмеді деймісің. Жазамызды өтеушілердің көбі Сталинге кінә тақпай, жанымыздағы сойқандардың ісі, көреалмаушылардың қанжұтпа көрсоқырлардың қимылы дейтін, – деп Дүзелбай мезгілдің сынын да, шынын да өзгелерге қалдырғандай болатын еді. Расында, шындықты жоғарыдағы түгілі, айналаңдағының өзінен кейде таба алмай тәсің қайтады. Бүгінгі ауыл айтқышының жыры да, «дыры» да басқа:

*Сұм-сұрқияға байлығыңды алдырып,  
Жүректерін өкінішке жандырып,  
Жазғырады тәңірді де, тағдырды,  
Қалғаннан соң алданумен санды ұрып.  
Сенгіштіктің тиген мықты шоқпары,  
Өз обалың өзіңе деп қулар жүр,  
Тонаушылық қимылдары жаңғырып.  
Уәдешіл шенеунік көбейді,  
Тілек айтқан әлсіз қайда демейді.  
Параменен толтырып ап көмейді,*

*Көріне де тығылмастай қорғанды,  
Тамыры сыбайластың ажыраспай,  
Темір адам, танымайсың тұрғанды,  
Кісіліктің шекарасын бұзғанды,  
Заң бұғауын шарт үзіп, сызданды, –*

дегенді ойына алса, Шәміл бақылау комитетінде қызмет атқарған жылдарда тонаушылардың небір құпиясын ашып, шарасыздан шашылған талай қаржыны қазынаның қара сандығына салдырып еді. Республикамыздағы халықтық бақылау комитетінің іскерлік жұмыстарын жазса талай роман болар еді.

\* \* \*

– Қызыл империяның қиғылығымен елінен, жерінен безінген мыңға тарта байлардың қайғы-қасірет шегіп, өлісі өліп, тірі қалғандары елге оралды, олар некен-саяқ еді. Ауыр азапқа төзе біліп, тірліктен үміт үзбегесін тіріміз, – дейтін Шәмілдің нағашысы Дүзелбай. Онысы отыз-қырық жыл бойы дүние біраз шайқалып, халықтың алаңсыз тірлігі мұң болып, елден жазалы боп кеткен туыстарын, замандастарын көргісі келетін жүрек сағынышы еді. Шәміл елге барып, кімдер бар, кімдер жоқ, елге оралғандардың өмірін айтқанда Дүзелбай аздап тынышталып барып: «Түрлі кезең ғой, көнбесең де көндіретін заман ғой, сүйегіміз елге жетсе деп өлі түске ұрынып, зіл көтерем зәбірге, төмпешке шыдап бақтық. Есіміз жиналғасын төңірекке кім тірі, кім өлі деп қарай бастадық. Ізімізді аңдыған алаяқтар аман жүр өлі, шаппа-шап жазалай салатын залымдар алаңсыз-ау», – деп Шәмілге қарап, сақ бол дегендей белгі беретін-ді.

Шәмілдің өзі де ертеден кешке дейін жұмысында талай жұғымсыздықты байқап, біліп жүр. Өндіріс орындарында шалағай бар шатасатын, өтірікті сұхитып тасада тұрып тас ататын. Баяғыда бір суайт сөйлегенде аспанды алақандай, жерді тебінгідей етіпті деседі. Қазақ ССР Село құрылыс министрлігі жоспарлы міндеттерін атқара алмай, сала бастаған құрылыстарының қабырғасы қақырап,



құрылыс материалдары шашылып, кірпіштері ұрланып жатады. Уәделерінің басы бұлақ, аяғы теңіз дерсің. Құрылысшыларының етегі елпі, жеңі желпі, уақытында айлықтарын да ала алмайды. Басшыларына айта-айта заржақ болғандықты білдіретін шағымды Шәміл шұғыл тексеріп, жұмысты жолға қоюдың жолдарын нақтылаумен қатар қылмыскерлерін жауапқа тартуды ұсынады. Өйткені, кірпіш, ағаш, цемент сықылды құрылыс материалдарын ұрлап сату тексерісте анықталады. Талай министрліктердің жергілікті жерлердегі өндіріс орындарының кемшіліктерін жіті тексеріп, оның орындалуын бақылау, сондай-ақ сауда және қоғамдық тамақтандыру орындарындағы жұмыстарды назардан тыс қалдырмайды. Қисық жолдың қиырында тап басып біліп, небір құпия қылмыс түрін заң қармағына іліп, қоғамның өркендеуіне бақылаушылардың ерекше үлесіне Шәміл Нұрымгереев те өзінің таза еңбегін арнағанына қалың жұрт шындық бар екен ғой деп ризалық танытатынын, елден алған тәртіп-тәрбие, Дүзелбай нағашысының кісілік жолындағы ақыл-кеңестері еді. «Тірліктегі ала-құланы аңғара біл, әкең адамның ұлылығы ар-намысымен көрікті деуші еді» дейтін нағашысының сөзі Шәмілдің жүрегіндегі әкені сағынған мұзды қозғайды. Көз алдына мың құбылып әке бейнесі келеді. Заман саясаты әр түрлі бағытта өзгерсе, соған ықтаған адамдар да түрліше шеберленіп жатады. Өл десе өледі, тіріл десе тіріледі. Шведтің белгілі саяси қайраткері Пьер Альмарак «Ашылған жарақаттар» кітабында 1917-1987 жылдар аралығында 62 миллион адам құрбан болыпты десе, солардың бірі Шәмілдің әкесі еді.

\* \* \*

Әке бейнесін елестеті, жоқтау қаншама жылдар өтсе де жадынан ажыраған жоқ еді. Оны ұлдарына да ашылып айтып, құлақтарына сіңірді. Осыншама уақытта соғыс қырғынынан тірі қалмағанына көзі жеткендей болса да, опат болған жерін тауып, қабіріне туған жерінің топырағын салса, жүрегіндегі мұз жібіп, үмітін үзгендей болар еді.

Бұлтартпайтын ақиқатты күткелі қашан, амалсыздықпен шерменде іштен тынып жүрді. Бір сенімі Мәскеуде қызмет істейтін ұлы – Эмиль, өзінің есіміне ұйқастырып атағанды. Соғыс тарихында жаңсақтық, түрлі бұлттарыстар болмай тұрмайтынын түсінеді. «Хабарсыз кетті» дегенге де сенерінді, сенбесінді білмесейің, тұтқынға түсті ме, әлде бомбаның астында күл боп күйіп кетті ме, шиырланған есепті кім нақтылап санап, қарап тұрыпты. Өйткені, опат болды деген «қара қағаз» келіп, соңынан өзі тірі оралған жауынгерлер оқиғасы да баршылық еді. Шәмілдің ойлайтыны ең болмағанда оққа ұшқан жері табылса, жүрек шері жеңілдер еді. «Алланың бір сәтті күні Эмиль телефон шалды. Жерленген жері анықталғанын, өзі барып көзімен көріп келгенін баяндады. Бауырластар зираты басындағы жазуды оқыды: «Орынбасаров Нурымгерей погиб 10 ноября 1943 года в деревне Долоцы 300 метров от деревни могил, похоронен в братской моголя деревни Сергейцева, Пустоткинского района, Псковской области, Россииской Федерации» деген хабарға жүрек жарылып кете жаздады. Қаза болған жерін 67 жыл өткенде анық біліп, Нұрымгерейдің ұрпақтары әкенің ел қорғау майданында ерлікпен жаны үзіліп, мәңгілік мекен тапқан жеріне барып бас иіп, тәжім етіп, анамның арманын, өзіміздің перзенттік борышымызды атқардық. Жатқан жеріне туған жердің топырағын табыстап, сол жерден бір қалта топырақ алып, Сарбие қорымындағы зайыбы Қайшаның жастанған топырағына қосып көңілді бірледік, көкіректегі мұзды жібітіп, немерешөберелерінің амандығын тіледік. Әкенің зиратының басына барып тұруымыз үшін қара мраморға: «Дорогому отцу Орынбасарову Нурымгерейю, сыну казахского народа. Мы Вас помним и любим. Спасибо за жизнь (1911-1943). С благодарностью, сыновья и внуки» деген бірден көзге түсетін ғасырларға кететін ескерткіш орнатып, шағын топқа ас беріп, бата оқыттық».

Елде осындай шаруалар өткізгенде бабалар сөзін құлағына құйып қалған бір замандасымыз: «Ертедегі бір аңызда жолаушы салт атпен ауыл қарасына жақындағанда зират басындағы адамдар тобырына жақындайды. Алдынан шыққан жас жігітке «Мына жерлеп жатқандарың шын өлген бе, әлде өтірік өлген бе?» деген сұрақ қояды.

Жігіт біртүрлі күйге түсіп, «О, не шын өлген бе дегеніңіз, адамды өлгесін көмеді дағы» депті де шеттеу тұрған қарияға барып, жолаушының сөзін ерсі көргенін айтты. Сонда ақылгөй «Оның сөзін түсінбеген екенсің, шын өлді ме дегені – ұрпағы жоқтығын айтқаны, өтірік өлді ме деуі – ұрпағы болса мәңгіге тірі ғой дегені» депті. Шүкір, Нұрымгерейдің ұрпағы – Айзада, Күләш, Қазыбек, Шәміл, олардың немерелері тұрғанда, елге сіңірген еңбегі ұмытылмай, ауылдастарының жадынан шықпағанда әкем өлді деп айта алмайсың, айтуға аузың да бармайды және жаны тірі. Өзің қайда жүрсең де туған жердегі туыстарыңнан байланысыңды үзген жоқсың, ата-баба қорымына келіп жаныңдағы мұң-шерді тазалап, тіршілігінді бекітіп, серпіліп тұруыңның өзі керемет емес пе?! Шүкірлік ет, есімдері мүлдем ұмытылғандары қаншама бұл өмірде. Тірлігінде үлде мен бұлдеге бөленіп, өзінен басқаға құстың көлеңкесіндей көлеңкесі түсіп қайырымы болмағандар шын өлі-тірісі аталмай жымжылас болғандардан сақтасын. Талайлар тірлігінде туыс-туғанымен шоқырайысып, қырғиқабақтанып, босағада көріскендей өмірден өтті, шайтан ондайды шын өлтірді. Шайтан сыйлаған ажал тырнағының уы ұрпағын да елден бездірді. Ел түңілсе, жаныңа тірлік бұйырмайды.

Шәміл замандасының сөзіне терең бойлап, әке есімінің ел жадында екеніне қуанғаннан толқып: «Тірі екенсің, әке, тірі екенсің, әке!» деп іштей күбірледі. Адамның тірлігіндегі жақсылық ісі мәңгілік екенін байқап, әдет-ғұрыптарынан жаңылмаған ел адамдарының кісілік қабілетінің жарқырап тұрғанына қуанды. Дала даналары еңгіме-дүкен құрып, ұрпағына асыл ой тастап, өлмейтін пікірін қалдырғанының сырына қанықсаң қалайша, қалайша шын өлгенге жорисың?! Абай, Құрманғазы, Дина, Мұхтар, Сәбит, Исатай, Махамбет, Шернияз, жүздеген мыңдаған ұлттық тұлғалар өтірік өлген, олар мәңгі тірі, рухы биік, бейнесі жарқырап жадымызда жүр. Әлемдік физиктер, химиктер де адам өледі, денесіндегі түрлі қоспалар жерге сіңеді деп одан арғысын болжаусыз қалдырып, көп нүкте қояды. Жан өлмейтінін, рух мәңгілік екенін, екінші өмірдің шындығын жұмыр жерде бірінші боп Абай айтты. Абайдың:

*Көп адам дүниеге бой алдырған,  
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.  
Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы,  
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған? –*

дегені әлемдік ойшылдың қыбыр-қыбыр тірлікте денесі көрінбесе де, үні ғасырдан ғасыр асып, жүрегінің түпкірінде сақталады. Ғылым Абай сөзі алдында еріксіз иіліп, иі түсіп қалды. Сабыр етіңіз, Абай сөзіне тағы ораламыз.

\* \* \*

*Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,  
Биде тақпақ, мақал бар, байқап қара, –*

деп Абай айтқандай, елге барғанда замандастары түрлі сұрақтар қояды. «Қарына тартпағанның қары сынсын» деп туыс-туғандарыңа көмегің тигені болған шығар?

– Кісіге жақсылық жасауға бәріміз де құмармыз. Бала кезден ата-бабаларымыз кісіге қылдай да қиянат жасама, өміріңе залал деп жатады. Егер оның қабілет-дарыны өзгеден озық тұрса құрметің тіпті өзгеше болуға тиісті. «Жақсылық жалыны жарқырап тұрғанға қиянат жасама» деген бар ғой. Адам өміріне жүз жақсылық көп емес, бір жамандық ауыр салмақ.

– Замандастарың, әріптестерің өзіңді қалай түсініп жүрді?

– Мені түсін деп кімге айтасың, атқарған ісің далаға кетпесе жетпей ме? Адамға қымбаты адал еңбегің, жұртқа ықылыс-ниетіңді ұқтыра білу ғой. Ана жылдары «Қызылордада партия комитетінің ұйымдастыру бөлімін басқарған Шәмілді қалай түсінуге болады?» дегенде, екіншісі «Оның тапқырлығын, кімнің кім екенін бетіне қарап байқағыштығын терең зерттей білсең жетеді» депті. Онысы түрлі орынтаққа шала білетіні ме, сыбырласып, сыбайласып жүретініні ме, әйтеуір біреуді ұсынса ешкімнің көзіне де қарамай, майын тамыза толтырған білдірме сөзіне де қарамай, ашық пікірлесіп отырып білімін де,

іскерлігін де тез аңғарып, түйінін шешуде кадрды таңдау мен талғаудың ерекшелігінде қатесіз дөп басатыны, әрбір басшының халыққа қызмет етуін жақындатып, қалың көптің ойынан шықты. Осындай іскерлік, қоғамға деген тазалығы бақылау комитетінің басшылығына тағайындатқан еді. Бәлкім, Шәмілдің замандастары оның бір күнгі қызметіне тең жұмысты он-жиырма жылда да атқара алмаған шығармыз. Өйткені, өмірдің түрлі саясатпен түрленген шеңберінің тарлығы немесе кеңдігі болып жатады. Бәрі жоғарыны тыңдауға міндеттейді, орындаушы оның маңызы қандай, мәні қандай алыстан ойлап, тергеп-тексеріп ақылға салып жатпайды, жүпелдемде шуылдап жүріп шұғыл орындай салуға асығады. Тапсырыс қандай ниетпен атқарылды, өзгешелік байқалған жоқ па, көптің көңілі толық бөлінді ме, өзіңнің қабілетің жетті ме, әлде ойың пышырап бәрі көмескіленіп кетті ме деген толған сұрақ тұрады. Айтуға оңай, көздегеннің шұрайына жету – қиыны сол.

\* \* \*

Біреу байлығын қорғаштап, олжаны көрсе іле жөнеліп, сатылмайтынды да сатып аламын деп еліріп, біржола өлімге баратын теріс бағытын оңға жорып жортып жүр. Екінші біреулер орынтағын, лауазымынан айырылса қара түн етіп, өлі түске ұрынып ажалынан бұрын өліп жүр. Жұмыр жердегі дүрлігіп, зұлымдықты тездете бастағанды да көзіміз көріп жүр. Атам заманнан байтақ даламыздағы қазақтар киелілікті сақтап, қос өзеннің ортасына мекендеуінен жаңылмай, бүгінде кеткені келіп, өлгені тірілгендей аңсаған еркіндігін шындап сезіп жүр. Барыс өз жарасын жалап өзі емдеп жазады деседі, түкке тұрғысыз кейбір пенделік кемшілігімізді өзге емес, ұлттық демократиямыз дегенде айтқыштарымыздың сөзін қаперге алып, өзіміз түзесек дерсің. Жалпы қазақ елінің туының астындамыз, бақытымыз да, байлығымыз да, өлмейтін тірлігіміз де осында. Бабаларымыздан қалған өзгенің шүлдірі емес, өзіміздің құндылығымыз болатын сөзде «Ақтың отын ақымақ үріп сөндірмейді» деген бар, ә?! Оны алагөздікпен

арпалысқан ғасырымыздағы жұмыр жер халқы қалай түсінеді, өздері білсін.

*«Ессіз білмес естінің қасиетін»,  
Даналар да ақыл-сөзге бас иетін.  
Әрекетсіз қалғығандар тірлікте,  
Шайтан бұзып әкеткен бар ниетін.  
Жамандықтың зияны елге тиетін,  
Ата-анасы ащы сөзге күйетін.  
Ессіз адам көзге шыққан сүйелдей,  
Өмір сүрудің біле алмаған жүйесін, –*

десек, Шәміл өміріндегі іскерлігін де, білім-қабілетін де көптің ойынан шығатындай атқаруы халық қазынасынан оқып-білгендерінің жемісі. Қазақ тәрбиесінде «Дауыс көтеріп сөйлеме, күнә» деуінің өзі де ғылым емес пе?! Еліріп ашуланған сайын жұлын-жүкенің әлсіз талшықтары үзіліп жататынын бабаларымыз қалай білген. Демек, қазақ ұлтының даналары, ойшылдары ғылымның әр саласына ерте заманнан қанық болған. Өз кеудеңе біле-білсең бабалардың білгірлігі қонған, оған үстірт қарамай сезімді ақылмен ғана оята білу табысты ісінді бастауы деп түсінеді Шәміл ой толғағанда серпіліп.

### «НУ, СЕРОВНО...»

Өктемдіктің қаны миына теуіп тұрған, сөзі аздап қойыртпақ, сұп-сұйық сырдаң, өзі қара шалдың баласы, бірақ бір ауданның басшысы, жоқ шығар оған таласың. Ата-тегіңді білмейсің, бұл қалпыңмен қайда барасың деп өзге айта алмас, бірақ қара шал ылғи да ақылға шақырғысы келеді. Ұлдың есімі – Тасқар, орыспасы – Толя. Кейде әкесінің алдында сызданып қалатыны бар-тын. Онысы бірдеме айтады деп күтуі. Оған да шүкір. Сосын тыңдайды, сөзді ұғынбай қалады да: «Отец, ну шорту» деп бірдемені қызғанып қалады. Қария түкірігіне шашалып тұрғандай баласына қарайды да, «Шаш ал десе, бас алып, ісінді қойыртпақ қып жүрсің-ау, ел тірлігінді жақсы атамайды»

деп кіжініп қалады. Қалтырады, әлі кетті, ашу қысты, күбірлеп қана әндетті:

– Таңдайлы көйлек кигені, төре ме еді, би ме еді. Таңдайы тұрған тақылдап, өзге тілде сақылдап, текедейін бақылдап, әмірі күшті Құдайға тұрғандай-ақ жақындап, дүбірлейді алқындап, жүрегі мұздай салқындап, жанымды шығаруға қалдың-ау, балам, жақындап, өзгелердің мазағы тірідей көрге салды тақымдап. Құлақ асшы сөзіме, көлгірсімей тіке қарашы көзіме. Сені қара шаңырағымға тұтқаға теңеген обал да жоқ өзіме. Үш жұртын білмеген, тегін түсінбей туысын жүндеген, сенің жексұрын қылығыңнан мен байғұс күнде өлем», – деп жұқарды Нұртан. «Жеті атасын білген ұлы жеті жұрттың қамын жер» деуі дала заңы ғой.

– Ну, что?! – деп Тасқар тұрды теңселіп, – Хорош, старик кетсе өліп. Е, мендегі қазақи қалып, ну что, көкірек тұрады жанып. Нерв мешаает етеді, қазақша сөзді ауыздан қағып. Ну, что?! – деп мәңгүрт күбірледі. Қарияның құлағы сөзінің жобасын ұқпай күңгірледі. Тарамдап алып сақалын, кердеңге туралады мақалын:

– Атадан азып туған шығарсың, өкінішінді кешең ұғарсың, жігіттің өз жұрты бар бауырымдап тұратын, кейбірі қызғаншақ болса маңдайыңнан сақ еткізіп ұратын, түрмеге апарып тығатын, қайын жұртың бар, басқан ізінді, қимылыңды зерттеп мініскердей сынап тұратын. Ең абзалы, нағашы жұртың, тентегінді тезіне салып, құлағыңды бұрап қоятын. Кісілігінді тәртіптейтін ақылыңды оятып. Көк долыдан туған көгіс әйелің болды, әке-шешеңнің көзін көкшиткен әлегің болды. Ит неме, өзіңе тірлікте не құнды? Елде жүр дейді пәленшеден туған бір жынды, соны естіп назарым сынды, көкірегім мұңды.

– Нешауа, собака боп кетпейміз. Қазақ тілін экономадап ептейміз. Родняны маңдайынан теппейміз. Фамилиям казакский, қалай шеттейміз? Ну, серовно, қаржы ұрлап заграницаға өтпейміз.

Қарт кемсеңдеп қабағын кіржитті, алдында тұр бір мықты. Ұлының сойқандығын ұқты. Ала көзімен қарап жырлап шықты.

– Белсендім-ай, белсенді, депутат деп қалай саған ел сенді? Көрпеңе қарап көсіле алмай түсіріп тұрсың еңсемді.

Дүбәра болған жарығым, кешіре алмайтын қатемді енді-енді өзім таныдым. Бас десе, құлақ дейтін алашұбар сөзіңнен қарт денем сонша теңселді. Ел ойсыз оспадарды өсірді деп күлгенін көргенімше, тірідей көрге көмсе еді. Тегін білмеген тексіз дейді, ақпақұлақ, тыңдап ал, көрі жуық өледі шал. «Әке, бел бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, жүрежат» деген қазақ. Мұның бәрі туысың, ырыс қашса да туыс қашпайтын ырысың, сыбайласа кетсең тынысың.

Тасқар тулады, тебінді, әкесіне дайындап қойған кебінді. Әке аманатын түсінбей, басқаға бөліп көңілді. «Ну, старик, трудный слова, ондайды ми қабылдап ұға ма, сам виноват орысша оқы деген. Казакшаға басым даң-дұң болет будет».

Қартта ақыл көп, өз кінәсына өзі шыдаған. Ұл бере көр деп Құдайдан сұраған, он нәрестесін жерлеп көзі аққанша жылаған. Осы кезде қорбаңдап Иван келді, мастығы тарап, есін жиған келді. Тасқардың осы атасы, сөзінің жоқ қатасы. «Орыс тарихын білмейтін күйеу баламбысың, адам екеніңді ұқпайтын наданбысың?» деп тиісті. Кеше екеуі бір жартының арағын бөліп ішіп бетінен сүйісті. Бүгін бас жазылмады, үлкенді-кішісі жөн-ау кейісі. Беделдімін деп шіренесің, мұрныңмен көкті тірегендей болсаң да пыштай етеміз. Қызым, сенің әйелің қисық қарады, оң жамбасымен жатпады деп долданып жатыр. Міне, шатақ, шаң боп ұшады, әйел сотқа жүгінсе жиған-терген атақ. Әйел – тұсау, аяғыңды қояр матап. Иван атасы желкесін қасып тұрып, қатқыл үнін шашып тұрып жарты бөтелкі арақты қолына қыстырып алып кетті. Ол кеткесін Тасқардың әкесінің жүрегі орнына түскендей сезініп:

– Тағдырың шашырап жатқан құлыным, үзілмес өзір жұлының. Өзге құсқа жұмыртқасын бастыратын залым көкектей болған дүбәра, оған да әкең шыдаған. «Ну, құда жұтамыз ба, құраған ағашты қарасан тұтамыз ба?!» дейтінмін әлгі Иванды. Қайтесің, сенің жалғыз балаңа нағашы. Туыстықтың екінші жұртын осылай атайды. Ақылсыздығың аяқ-қолды матайды. Магнит таспасына жазып ал, нағашы, нағашы ата, нағашы әже, нағашы аға, нағашы апа, нағашы іні, нағашы қарындас, нағашы сіңлі,



нағашы, нағашы жеңге, нағашы келін деседі. Бұл сөздер орысшаға аударылмайды.

– Все говаришь, ну трудно, – деген кезде манағы Иван көрші Гриша Синдеев екеуі қазақша әзілдесіп, кіріп келді. – Нельза, кейбір старики тарихын сұраған, – деп Тасқар сөйлей бергенде Гриша:

– Тарихын білмеген тамырсыз қалған, – деп үстел үстіне бір жартыны тақ еткізді. Гриша қазақша судай, бес баласы да Ойылдың қазақ мектебінде оқыды. Гриша соғыстың басынан аяғына дейін қатысып, Берлинде домбыраға қосылып Мұхиттың «Айнамкөзін» шырқаған. Тасқардың әкесін жерлес деп құрметтейді. Тасқар дастархан үстіндегі қазы-қартаны турап тұрып:

– У меня два отец, – деді. Иванға қара шал қарап, кезерген ерінін жалап:

– Иван қайын ата, үйінде қайын енең бар.

– Жігіттің үшінші жұрты, – деді сөзге араласқан Гриша. – Мұнсыз бүтін болмайды адамның іші, сырты. Жеті атасын білмегеннің уға толады ұрты. Тасқар ондайға қосылмас, басқалар шығар қырты. Орыста тапқан анаң емес, баққан анаң деседі, бізді қазақтар өсірді. Ата-текті білу – парыз.

– Ну, у меня голова крутится, можно сто грамм ешуге.?

Қара шал ем қондыра алмасын біліп ішінен шыққан бүкірге, Гриша сөйлеп кетті:

– Қазақтардың «Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер, өзін ғана білген ұл құлағы мен жағын жер» деген ой түйіні мықты, Иван, Тасқардың ата-тегін білемін деп ниеттенгеніне алып қоялық.

Қара шалдың шүңірек қабағынан жасаурап тамшы тамып кетті. Қайран XX ғасыр, миллиондаған адамдардың қанын суша ағызып еді. Оны ешкім естен шығара көрмес. Оның да жарасы жазылып келеді. Жапон аралына АҚШ атом бомбасын тастап, пендені қорғасынша балқытып жіберді. Сол жапондар тілін, дінін, ділін сақтаудың нәтижесінде бүгінде ғылымымен әлемді таңғалдырды. Айға барып қонақ үйін салып жатыр деседі. Ай әлемі де жекеше байлардың бөлісіне түсе бастаған дейді. Жұрт не айтпай жатыр, ауыз өздерінікі. Тілі ұлтынікі болғай. Қазақ

қызыл империя тұсында не көрмеді, төрт бірдей аштықта халқының 80 пайызы қырылды, егер солар тірі болса бүгінде 80-90 миллион қазақ әлемдік биікте шалқып жүрер еді. Қызыл империяның ең ауыр қылмысы екі жүзден астам ұлтты мидай араластырып, соның кесірінен жүзге тарта ұлт пен ұлыс түп тамырынан қырқылды. Бұрынғы Одақта әр түрлі ұлттың қанынан жаралған 60 миллион дүбәра, 300 миллион тобыр бар деседі ғаламдар. Қазақ жері де тобыр, мәңгүрттен кенде емес. Олардың қасіреті қырғыннан да ауыр, Украинадағы теледидарда қылаң еткен фашистік тобырдың үрейлі қимылы зәреңді ұшырады. Қан мен жан қырқысы жұмыр жерде тоқтау таппайтын түрі байқалды.

– Қараңыз, атом қырғынынан аман қалған таза ұлт – жапондар ғылымымен әлемді аузына қаратып отыр, Тасқар, соны түсін, – деді Гриша аузына қазының бір кесегін салып жатып.

– Бір кезде АҚШ демократия орнатамын деп алақандай жердегі вьетнамдық таза ұлтты жеңе алмады, – деді Иван толы стақандағы арағын қолына ұстап. Әлгілердің сөзін үйреншікті болса да қара шал:

– Ата тарихымызда жеті атасын біліп, өзінің кімнің тұқымы екенін ұғып өскен аталарымыздың заманында ешбір қылмыс жасалмаған, қатал заң да болған, тіпті жылқы ұрлағанды да өлім жазасына кескен. Тентектердің өзі елге қара бет атанудан, ата-тегіне кір келтіруден қорыққан. Құс екеш құс та ұясын сақтайды деп тереңнен ұғынған. Бір ғана мысал, Қанжығалы қарт Бөгенбайдың өз кіндігінен тараған ұрпақ 552 шаңырақ, бертінде барлығын қосқанда төрт мыңдай адам болыпты деседі. Кәне, бүгінде ұлтым деп ойлағысы келмейтіндердің отбасында бірер бала, олар қайбір көсегемізді көгертпек, – деп қалды. Қара шалдың өзін-өзі соттап, теңіздің асау толқынына шыдай алмай жағаға шығып қалған шірік салындыдай теңселіп, сақалын жуған жас кеудесіне құйылып жатты. ХХ ғасырдың жойқын үрейлі тегеуріні кімді теңселтпеді деп іштей күйінді де, Гриша, Ивандармен рюмкасын қағыстырды да бармағын шайнап: «Төтен ажалға сабыр берсін, бір жөні болар», – деп тынды. Қара шал

тұнжырайды. Тынбай ойқанатыны іштен мүжілуінің де себебі бар. Іштен шыққан сұр жылан Тасқар жүр армандап тәж бен тақты. Депутат боламын деп ойға, қырға шапты, орыс тілді залға орыспын дейді, қазақ толы залға қазақпын дейді. Жекешеленуде алдау, арбау, сатқындықпен оңай олжа тапты. Оңай олжа оңалтпайтынын қанша қақсаса да тыңдамады.

– Байқайсың ба, азамат, ХХ ғасырдың шығысы да қан жылатқан қатты. Кеңес тарихында қай ұлттың да қабырғасы қақырап, сайқал саясаттың нетүрлі уын татты. Қара жер ғана зар илеткен зұлымдықты ауырсынып, дөңбекшумен жатты. Әйтеуір, жетесізді жетелеп, «әке, көкелеп» жаңа ғасырға еніп келеміз. Оқ жарасын жеңген ел тіл жарасын жазар ма екен? Жапондарға ұқсап әлемге қол созар ма екен? Әлде тыртық боп біткен тағдырымды жаратушы қолдап, бағы үстем боп әлемде қара үзіп, біріншілер қатарынан да озар ма екен? Қай заманда да халықтың ертеңі бұлдыр, сағым, пенденің көреген үшінші сана көзі, дана көзі дәл тауып ештеңе айта алмас. Құғын-сүргінде ұлыларымыздан айырылды, қара жер жұтқанын қайтармас. Құмырсқа қыбырмен тартып барамыз. Жүректегі шемен-шерді айтып қаламыз. Оны жастар ми қауашағына сықап құйып алса жарар еді. Тарихын түгендеп алар еді. Халық қажымайтын қара нар, таудай зілді де көтерді. Нар төуекел, туысы бірдің уысы бір деп тарт алға! Тасқар ұлым, депутат болғың келсе, тегінді жаттап ал, ойынды ашық айтып ортаға сал. Жүрегі тазаның беті ашық, өуелі сананды тазартып ал, бойыңда лас, қоқым жетерлік. Байқа, балам!

– Ну, отец, все нормально, – деді Тасқар әкесінің сынына түсінсе де, түсінбесе назарын аударып тыңдаған болды.

– Ұлым, шет елше желпілдеп күйіп кетпе, арам өлесің, сұм-сұрқияға қосылып желіккен, – дегенде Иван мен Гриша жағаласа сөйлеп:

– Кейбір миы ашыған тобырлар өзге елдің жақсысын үйренуден гөрі жамандығын тездеп меңгеруге асығып жүр. Содан кісілігі табанға басылып жүр, ақыл-есі шашылып жүр.

– Рухымыз оралып, бекемдік орнар, өз ұрпағымызды іске алғысыз ғып жамандағанда, кім жақсы ұрпағын берер дейсің. Қазақ өз қолыңды өзің кесе алмайсың, кессең ауырады деген. Шыдаймыз тағы.

\* \* \*

Тасқардың әкесінің жеті ата жөнінде ой қозғауының себебі жеті атаға дейін қан тазалығын Шәміл биологиялық негіздегенде әке мен шешенің қан тегі ортақтасып, тең бөліс дегенде, әке қаны балаға – 50 пайыз, немереге – 25 пайыз, шөпшекке – 6,25 пайыз, неменеге – 3,125, туажатқа – 1,56, жүрежатқа – 0,78 пайыз даритынын ғылыми дәлелдеген. Қазақтың жеті атасына дейін қыз беріп, қыз алмайтыны – әлем таңғалатын ғылым. Тектік – генетикалық қасиетті болаттай берік сақтаудың құдіретті амалы.

\* \* \*

Шәміл демалыс уақытын босқа жібермейді, әлем әдебиеттерін оқумен қатар алғыр ойлы қарттармен әңгімелесіп өткен-кеткенді біледі, аңыздарын, ертектерін, әзілдерінің сырын ашып, мәлімсіз құпиялардың да ойқиялда қалай өрбігенін бағдарлап отырады. Қарапайым халықтың білгірлігі, әр сөзін, әрбір оқиғаны мысалдап емеурінмен айтудағы шеберлігі қазақта ерекше. Бірде Әжібек қарт өзінің қолжазбаларын ақтарып отырып:

– Шәміл інім, ұлтымыздың даналық сөзі сатылмайды, ақыл есебінде таратылады, тыңдаушы, оны ұғушы азайса мәні сарқылады, содан қорқам, – деді де, – Ойыл айтқыштарының кірпі туралы мысалы бар. Ойым сәтті ме, сәтсіз бе, төрелігін өзің берерсің.

– Жөн, аға, кірпінің де тірілігі үшін бір амалы бар шығар.

– КІРПІ. Әрине, тірлік үшін жаны барлар амал-айла ойластырады, тиімдісін анықтап алады, сосын жүзеге асырады. Сонымен кірпіні балақайлардың көргендері бар шығар, ауылда өскендер көреді ғой. Бірақ, оның да құлығын біле бермейді. Кірпінің жаны жыланға қас. (Жұрттың бәрін

жау көретін жазғыш Керейге, милиция Аманғалиға айтқыш Керейдің жаны ұйымайтыны сықылды). Кірпі жыланды көрсе болды, құйрығын басады да тырп етпей жатып алады. Жылан кірпіні шағамын деп уын шашып шала бүлінеді. Басын шалқақтатып олай бір, бұлай бір соққылайды. Кірпі тікенін жайып міз бақпай жата береді. Жылан көрленіп айбат шегуін тоқтатпайды. Кірпі тікенегі денесін мыжғылаған жылан ұзынынан сұлық түсіп, жан тапсырады. Міне, жылан мен кірпінің жаулығы кірпінің жеңісімен тынады.

Ал кірпінің күндестігі де бар. (Көре алмаушылық, күндестік пендеде аз ба? Байды кедей көре алмайды, бай бал берсе де оқсатпайтын кейбір кедейді көре алмайды). Сонымен кірпі тышқанмен күндес. Тышқанның бас сауғалап інінің түбінен шықпайтынын жақтырмайды. «Осы тышқандікі не дандайсу, мақұрым неме? Інінен шыр айланып шығады, танымағандай маған қарап тұрады. Түлен түртеді-ау шамасы» деп оны көрсе тікенек толы денесіне сыймай қырқысқысы кеп кетеді.

Кірпі қақаған қыстың аязынан кейде қатты тоңады. Тікенектері дір-дір қағады. Бас сұғатын пана таба алмай зыр-зыр жорғалайды. (Көдімгі қалбыр қағатын қаңғыр, маскүнемдер сықылды). Далақтап жүгірмеген жері қалмайды, оның үстіне кірпіні аңдардың көбі құбыжықтай көріп жаратпайтыны және бар. Осылай дәйек таппай жанұшырып жүргенде тышқан кездесе қалмай ма? (Суырды біреулер Шық бермес Шығайбайдың қарғысқа тап болған адамы дейді, тышқан да соған туыс шығар. Мейлі, туысын түтетіндер аз ба?)

– Тышқан досым, кәрілік дауасыз дерт екен. Сүйек-саяғым салдырлап, бітуге қалдым. Бәрімізді тату болсын деп Алла жаратты, қайратың кемісе өз басыңа да түсер зіл, өлер алдында жаны бар әлді қайырым жасайды ғой. Ол рас па? Рас дегенің жөн. Біреуге жасаған қайырымың өзіңе де оралады.

– Дұрыс айтасың, кірпіеке.

– Дұрыстықты ойлағаның ақылдың ісі. Аң біткен есіміңді мақтаушы еді. Мен де есіміңді аңыз етермін, тірі болсақ жазға жетерміз, екеуіміз сән-салтанатпен достасып

кетерміз, айтып-айтпай не керек, аяздан қатты тоңған жайым бар, ініңе бүгін паналатсаң деген өтініш ойым бар. Ертең қаңғырған аңдардың бірінің жылы орнына сығылысып орналасармын. Кірпі біткен жақсылықты ұмытпаушы еді. Дәмдес болсақ, қайырым жасасаң мына әп-әдемі ініңе жылан деген албастыны жолатпауға серт беремін, шарт осы, шалқамнан түсуге қалдым, тышқанеке, – деп өлердегі сөзін айтып, қылғынып қиылып жалынғасын тышқан ініне кіргізеді де, өзі ағайын-туыстарының ініне жүгіріп кетеді. Тышқанның қас жауы, ата-бабасы, бала-шағасы осы жыланнан ажал тауып, тұқымы өсе алмай жүдеп жүрген қайғысы бар. Ал мына кірпі жыланды құртып, індеріңе жолатпаймын дегенге тышқанның қуанғаннан есі шығып кетті. Оның үстіне мақтаншақ, жаздыгүні екі аяғымен шошайып, күнге қақталып тұрып әндете беруден басқаға көңілі соқпайтын тышқан тұқымы еді. Аңқау неме, кірпінің жылан жауыңды түгелімен құртамын дегеніне сенгенін өзіне бақыт санады. Оу, інінің алдында жыландар қаз-қатар өліп жатса тышқанның мәртебесі биіктеп аузын жаппай, нөрем татпай әндете берер. Жер бетіндегі ауаға түншығып бір өліп, жыланға жем боп екі өліп қырылудан көз ашпаған жылан біткенге жар салып, жылан жауыздардың бәрін мен өлтірдім, дырдулатып ерлігімді бағалаңдар деп жағын жаппай мақтанар еді. Сөйтіп, кірпімен арадағы қалыптасқан дүрдараздықты аңқау тышқан ұмытты. Бірақ кірпіге:

– «Бетті көрсең жүзің ұялады» деуші еді, інімнің өзі кең, қонақ-қопсыны көп қабылдайтын болғасын кең қаздым. Ештеңені бүлдірме. Алтын басыңмен бір күн қондыр дегесін жалға тастадым, түнеп шық, ертең босат, келістік пе? – деді.

– Келістік.

– Уәде берік пе?

– Оқтай, – деп ант-су ішкендей болғасын тышқан жаман ойдан аулақ еді. (Қазақи мінезде де сенгіштік жетіп жатпай ма?) Жақсылыққа жамандық жасалмайды деп тышқан түсінігі не болар екен?

Сонымен кірпі інге кіріп рахаттанып деңкиіп жатып алады. Діріл қаққан денесі жылынып, аяқ-қолын жазып

аунап-қунайды. Ойлайды ертең тышқан келіп інін дауласа қайтемін деп. Патшаның сарайындай інді тастап кету де қиын. Тынықты, көңілі жайланды. Оны ұмытуға болмайды, бірақ далада аяз бұрынғыдан да күшейіп кетсе өледі ғой. Десе де біреудің іні, шарт бар, шартты бұзған – шайтанның ісі. Дегенмен бұл іннен шықсам дау жоқ өліп қаламын. Басқасы басқа, денесі арақ сасыған қаңғырлар өлтіріп пісіріп жер. Қой, одан да аңқау тышқанды алдап-сулармын. (Коммунизмге жау деп талайды құртқан жатыпатарларға айтқыш Керей: «Сендер жылы үйде жайланып, ішпесті ішіп, киместі киіп, қарау қиямпырыс істерің халыққа жайсыз болса да, әзірше өздеріңе жайлы болғасын, коммунизмді өлгендерден бұрын көресіңдер» депті). Сол айтқандай ертеңіне уәделі уақытта тышқан келеді. Бажылдап сөйлеп жүр:

– Кірпі, інді босат, ағайын-туысқа сыйыспадым, маған далада жүру жайсыз. Аяз қақап тұр, боран көз аштырмайды. Үсті-басым алау-далау, қаңғырлар көрсе пісіріп жейтін шығар. Ажалдан қорқам, маған өте жайсыз, інімді босат, – деп жағын жаппаған тышқанға кекетіп:

– Тышқан, алдымен мені тыңда. Саған дала жайсыз болса, маған інің жайлы болды. Менің жағдайым жақсарғанша, жаз шығып, жағалтай құс шақырғанша күте тұр, тышқан, туыстарың, құда-жекжаттарың көп қой, паналатар, өлмейсің. Тұқымы өспей қарғысқа тап болған мені жоққа сенетін сен түсінбегенде кім түсінеді, ініңді босатар түрім жоқ, қайқай. Бауырларыңа сыймасаң арақ сасығандардың қазанына түсіп өл!

– Шарттасып едік, анттасып едік, ол бұзылмайды ғой.

– Мисыз неме, әлемде бұзылмаған не қалды? Енді қайтып ініңе жолама.

Алланың әмірімен жаны бардың барлығына да ақыл-парасат көкірегіне кіреді деуші еді деп, есіне әлденені алған тышқан «өзімнің де обалым жоқ, алдағанға көнетін ақылсызбын, обалым жоқ» деп маңдағы әрбір інге жүгіріп жүргенде трактордың табанының астына түсіп өлді де қалды. (Зәлімге жақсылық жасап тұрғанын білмейтіндер де бар емес пе? Ондайды ақылды қазақ «Өтірік күліп кімді алдайсың?» деп тыйып тастаушы еді, зұлымның жолын

қиып тастаушы еді). Мың өліп, мың тірілсе де жылы орын бұйырмайтын кірпінің жайлы ін жеке меншігіне ауысып кете барды.

– Солай, Шәміл інім, мысалдың да, аңыздың қазақша келістіріп айтқанда құпиялап тапқыштықпен айта-тын сипаты, сыры бар, ақиқат артықша орынын тапса, сөздің құдіреті болатыны емес пе? Тасқа басып жазылған көрушінің көзінен қалмасын, айтылған сөз ақылдың құлағына кіріп, жүрегінен өшпесін, – деп кездескен қарттар көрген-білгенін жалықтырмай айтып отыратын-ды.

\* \* \*

Екінші бір кездескенде Дүзелбайдың көзін көрген Сыралы қарт:

– Бұл әулеттің Қазалыға, Қызылорда өңіріне сіңірген еңбегін мақтауын жеткізіп үйлестіріп айтып беру оңай емес. Ел жадында өлшеусіз жақсылықтарымен қалғандары жетерлік. Солардың бірі Теңел атына сай елдің де атын шығарды, халқын да өсу дәрежесіне жеткізіп теңеді. Жаны таза, іскерлігі көптен озық еді, Шәміл, өзің де осы аудандық партия комитетінде жұмысыңды жетілдіріп ысылып, іскерлігіңді үдетіп шықтың. Теңел бақылау комитетінің төрағасы болса, өзің де Қызылорда да бақылау комитетінің төрағасы болып біраз жыл адал қызмет еттің. Кеңес заманында көрмегенді көріп, өлмегені өлімші болса да жұрт қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын коммунизм кезеңі келер, оны біз көрмесек, ұрпағымыз көрер деген сенімді жоймаған еді. Киім бүтін, қарыны тоқ. Үміт сылаң, болашақ қылаң. II дүниежүзілік соғысты Сталин басқарып, жеңіске жеттік. Ағаш соқадан космосты игерген әлемдік ұлы державаға айналды. Сталин өлгенде жыламаған пенде қалған жоқ, енді қайтеміз деп бордай боп үгіліп, үдемелі күдік тұрды. Сталинді Хрущевтың қаралаған съезінде залдан Палбмиро Тольятти ғана дауыс көтеріп: «Сталин – таза коммунист, оны жалалап шатаспаңдар!» дегеннен басқа бірде-бір делегат үрейден тұншыққандай жұмған аузын да ашпағанын та-



рих айқындады. Сталинді қаралау басталды да кетті, жеке адамға табыну деді, Сталинге жағыну деді, қалың жұртты түрмеде қырды деді. Өш алумен қатар ұпай жинау дүр етті. Ауыл айтқыштарының кейбірі былай деді: «Сталин өтірік өлді, жұрттың мінез-құлқын байқайын деп». Әрбір істің де қайырлы, қайырсызы болса, Сталин өмір бойы маусымдарда алмастыратын бойына қайырлы, құтты үш киімнен басқаны кимеді, байлық-дәулетке қызығуды жаны сүймеді. Әкемнен қалған дәулет жоқ деп іштен тынып, қоғам байлығын олжалауға қолы тимеді. Бекер болды ма, о дүниедегі жаны қалай түсінеді, белгісіз, Хрущевтан дауыл тұрса да, о жақтан хабар жоқ. Жә, түрлі қанды қырғынға кінәсі болса, Алла алдында өзі жауап береді, – деп сыбырмен тынады.

– Енді дейсің ғой, «коммунизм күймесі сағымға айналып, Кеңес өкіметі тыраң ете түскенде де жұрт аңтарылып әбірге түсті ғой» дейді бір замандасым. Жалпы саясатқа әлсіз адам сенгіш келеді, жолы болмай адасса күрсініспен тоқтайды. Өткенді ойқанып үздіксіз жоқтайды.

– Айтпағыңызды түсінбей қалдым, – деді Шәміл.

– Тәуелсіз ойыммен өткен ғасырымыздың оқиғасын айтсам, ол заманымыз бір болғасын, амалымыз бір деп түсінерсің. Қараңыз, жетпіс жыл бойы жағасы жайлау жұмақ үйміз коммунизм деп саясат жалбарындырып, бірдейлік сенімге сай ғып алдандырып, түрлі заңы, моральдық кодексіне маталып жүргенде, социализмнің заңдылығының түпнұсқасын мәнсізге айналдырып, әркім өз қоңын өзі қасығаны шығар, тауымызды биікке бастайды деп он алты республика бір қылықты бастады. АҚШ бәсекелесінің бәсі кетіп, мұрттай ұшып, құздан құлдырап құлағанға қуанып, қақырайған қалпағын аспанға лақтырды. Түрлі ғалымдары еркін кіріп, бай болсаңдар, көңілдерің жай болады деп капитализмнің шарттарын іштен оқып туғандай үйретіп, ұйыта бастады. Проферанс ойыншылары ұтылып отырғандарға америкалық көмек деп қолы шыққаны қалтасын қағып, тонап алатынын мысалдап күліп жүргендері де болды. Бірақ үрейлі қоғамды қанына сіңіріп алған тобырлар іштен тынып, мыңқ етпеді. Көз ұшында қылаң бар, капитализм деген сылаң бар.

Мойын ұсын, жұлының үзілмес деушілер де табылады. Зәлімдіктен құтылды, үрей сейілді, капитализм пейілді, тозған тірлік орнына жаңаны жайнатамыз, осылай да, осылай деп желпіндік. Шаңырағымызға байлық мұрат болатын, әркімнің көкірегіне гүл боп қонатын, ескінің сойылын соқпайтын, әділдікке қана тоқтайтын, мұртымызды балта кеспейтін, қаржысыз шара шешпейтін, қалтасы қалың шіренгендер шет елден үйреніп, байлығы тасып, шаңырағына күнді күлімдетіп, айды қонақтататын мезгіл келді, бірақ шыдаңдар, байға ниетіңмен құлаңдар деп әбігерге түстік. Қолында мөрі бары, орынтағы тұрғаны ортаға жиналған байлықты заңдандырып, отыз пайыздық үлесіне үлес қосып үптей бастады. «Сендер де бай боласыңдар, жарылқаймыз» деп алдады кедей қасқаны. Көбіміз алданудың рахатын социализмде көріп тойынғанбыз, білмей өттік үрейден басқаны. Адамдар саясат ойынындамыз. Ұры көз байқатпас, мойындаңыз.

– Бұқ десе бұғып, ық десе ығып, қуғын-сүргінің үрейін ұрпақтың ұрпағы ұмытпайтын сорлы бастар өлмеспіз, өлсек жер кең ғой, – деп, арағын ішіп, көктерге түсіп ұйқыға да кірісті.

– Оу, жер кең ғой деуің не, жерді де пысақайлар жекешелеп жатыр. Кооперативтер құрылды, олар саяси қыбыр-қыбыр, жыбыр-жыбырды көздеріне қарап сараптап, өздеріне ең керектісін іріктеп қабылдайды. Өзірше заңға табынбайды, құдайға да жалынбайды, былайша өзге елдің түкке керегі жоғынан артықтау, кемді күнге жарап қалатын ілдәлде өнім өндіреді. Одан арғысы болжамсыз. Қытайдың арағын ішіп божырап жатқандардың не болып, не қойып, неге ұқсағанымен шаруасы жоқ. Ауылда бір жарты араққа бір қой айырбасқа кете барады. Естілер талапайға таңғалды, ессіздер білгенінен жаңылып сандалды. Жоқтық тәлкек ете бастады, әрлі-берлі жүрушілер де тіл қата қоймайды. Кейбірі капитализмнің келгені тым қызық, қою батпақұйық деп майысады. Мал қайда жер қайысатын, біте бастады.

– Жә, оған апшымалық, төтесін айтқанда, өзгеге көзді сатпай, сылдыр сөзінен береке таппай, өзіміздің өніміміз аз болсын, көп болсын, болашағым десек жарар еді. Жатқа

телміргеннің қашаннан аузы аспанға қарар еді. Депутаттар заңын оңынан жасаса, халықтың беті бұрылып, өзін-өзі асырауға жарар еді. Шарттасып тұрып шалқамыздан түспей, кесімді қаражатты келісіп алсақ, көшіміз ілгеріге барар еді, – деп ісіне сеніп айтқандар барын базарлы ете бастады. Шаруасын ұйыстырып, жоқтан бар жасауды жиыстыра бастады.

– Шет ел көмектеседі деп жүр ғой.

– Баяғыда бір тентек сүтті қызын кім бере қойсын депті. Шет елдің тауары арзан деп қазша таранып, көзін талдырып, еті үйрене бастағандар сапасыздықты сезіп, сілкіне бастады.

– Апыр-ай, өмір көл-дария болса, соның бетіне түскен сәулелердің сұлулығын бір-бірінен асырып, өздерінше қаперсіздеу отырған су бетіндегі аққу мен қаз баяу жүзиді. Ал бірталай халықта қоғам өзгерісіндегі ауыр тірлікті білсе де мінгірлеуден қалған тәрізді. Социализмнің тыраң еткені ауыздарын аймандай етті ме, тонаушыға да аузын аша алмайды, ашса күнделікті татар дәмінен қағылады. Сосын жұтқындары жұтап, шытыр жеп іштері кепкендей болады. Қарындарына нәрем аз түскесін қажыр-қуат әлден қалып, қабағы түсіп налып, бұрынғы араққа тойып әндете алмай, тойға баратындай киімін сәндете алмай, аш адам тырысқақ болатындай ұйқылы-ою сезіммен не болса соған ұрынады. Тазы ашуын тырнадан алатындай құтырады. Қылмыс қолынан келмегені кооперативтерге қарай ығысып беттейді. Социализмде ісін оқсата алмай бұлғаңдағандар жеке кәсіпорынға керексіз. Кейін серпіліп жүзінде өкініш, күйінішпен, мұның аяғы неге тіреледі деп ақтарыла таң қалады. Аз істеп, көп алатын, ортақ меншіктің ол-пұлын қағып жеп алатын сұрғылт топтағылар аштық болса, қалайша жан сақтаймыз деп үмітсіз тоңтерістенді. Бұрын еңбектен қашқан дөңбекке тап болады, десе де қарын тойдыру мәселесін қоғам шешіп еді. Маскүнемдік қасиеттен айырсада жағымды кәсіп еді. Оны масқаралап мазақтаса да ішкіштер тынбады. Мас болып істеген қылмыс та кейде ақталып жатты. СССР есебі бойынша 1987-1989 жылдары кісі өлтіру қылымысы 14,7 және 16,7 және 21,5 мыңға дейін жетіпті (Л.К. Савюк,

«Правовая статистика», 274 бет). Кеңес өкіметі құлағаннан кейін де қылмыс тоқтаған жоқ. Адамды жоқтық қысқанда өзінің ішкі дүнесінің пікірінен жаңылып қалады, тұйық тірлік, меңіреулік басады кейде. Өзгеге кіжінеді.

– Шайтан онсыз да кей адамдарға қырғиқабақ болып қырылысыңдар десе, оның көзін құртып тастамаймыз ба, өлім-жітімді өлшеусіз арқалаған социализм жоқ деп екеудің бірі кездесе кетсе, қоғамға кінә қойып ежірендейді. Өзімізден кінә деп сезінбейді. Сезінетіні жекеше тәртібі деп талап алу, тартып алу. Сарбиезде шаруашылық басшысы Жетікөл, Жекенді өңіріндегі елдерге бір машина трактор станциясын ашып, мал, егін өнімдерін өзіміз бағалап таратамыз деп пайдалы, өлмейтін, тиімді шаруаны ұйымдастыра бастап еді, түсінбейтін қырсыздар басшыны өлтіріп тынды. Ортадағы байлық талауға түсті, берекетсіздік белең ала жөнелді.

Ортаға жиған байлықтың талауға түскен зауалы барлық жерде өршіді.

Ақылдылар басын шайқап отырып:

– Шындандар, қазақтың көрген құқайы осы деймісің, бәрінің де ақыры бар, – деді.

– Сөз де, ақыр да ас бола ма?

– Еркіндіктің қара суы да балдай. Арақпен шіріген мисыз бас болмасаң, түсін. Кең байтақ жерің бар, күрекпен түртіп қалсаң байлық шығады.

– Мен кеңемін, оны қарыным ашқасын түсіндім. Жетпіс жыл бойы коммунизмде өмір сүреміз, онда ұлтты ұмытып, СССР азаматы деген құжат аламыз. Жеке меншік автокөлік, жеке самолетің болады. Байлық бәрі қолыңа қонады, ілгектей тетікті басып қалсаң, неше түрлі сүйіп ішегін тамағың алдында буы бұрқырап жайнап тұрады. Естеріңде болсын, төрт түлік малды сасытып коммунизмге бара алмаймыз. Біз мұнайдан азық-түлік айырып, толы халықты азықтандыратын мүмкіндік табамыз. Табиғаттың бермесін тартып аламыз, сортаңдана бастаған Арал теңізін әлемдегі ең ірі бірінші теңізге айналдырамыз. Дүниенің ескі сиқынан басып озып, маңдайымыз жарқырап, атақ-даңқымыз жер бетінде нұрланып, дүбірлетіп шыға келеміз. Біздің шаңымызға ілісе алмайтын-

дарды көзімізбен көреміз. Қалың жұрттың кейде аядай жерде, шарадай жиын ашып гуілдеп кетуі коммунизмнің мәнділігін білуге елегізуі шығар. Оны байлықты талапайлап жатқандар ұғар. Әйтпесе, көрде жатқан қайырымсыз ененің қол бұлғайтынындай желбуаз сөз бен қысыр әңгімелерге құлақ сарсыды. Байқауымша, социализмнің түбіне жеткен жалғандыққа толы саясат пен өршіп кеткен қылмыс. Сталиннен қалған екі жүз мың тонна алтынды Хрущев ту-талақай етті деуші еді. Егер қанша ғасырлар өтсе өлмейтін есімін, батырлығын қалдырған Тәшенов болмағанда Қазақстанды да бөлшектеп ту-талақай етуге қалып еді. Көрінде өкірді ме екен пәлекет?!

– Жә, Ойылдың бір айтқышы құрғақ әңгіме, саясат құжаттарын консервілеп келер ғасырға сақтаймыз. Ал алғырларымыз аспандағы бұлтты буып, су, ауаны үйіріп одан отын жасаймыз. Ай дегенің не, Шолпан дегенің не, қол созым жер, барып-келіп жүреміз, олардың даналығын алып келіп игеріп көреміз. Оған дейін белбеуді қытып байлап, қияңқы, қаңқу сөздің жарысын өткіземіз. Өттегене, жатыпатарларымыз біржола шын өліп тынды, елде өзімізден келетін жаулық, жамандықтың шөлмегі күлталқан боп сынды.

– Дұрыс айтасың, Ешеке, айтқыштары бар Сарбиенің ісі гүрлей берсін. Бірақ, құлағын басып қоңырау ұрлағандай ешбір заң-зақүнді құлағына ілмейтін, оңай олжа тапқан сайын тотыдай түлейтін (тогының садақасы кетсін) кейбір жемқорлар байып шыға келді. Сонда олардың құдайы, еңбек ету тәсілі, сыңайы бөлек пе, әлде бай адамның шырайы бөлек пе, әйтеуір әй дейтін әже, қой дейтін қожа табылар түрі жоқ. Содан қырсығып сүріну көп.

– Әрине, Қожеке, олардың сыңайы бөлек, қалауын тапқан қарды да жандырады, жемейтін адам жер астында деген мәтелі бар. Жетпіс жылда жүдеген, бірақ олжалаудың сиқырлығын көргендер әлемнен де әрі асады. Өйткені, социализмнің халқы да, қанына сіңген қалпы да алдануды, арбалуды жақсы көрген. Өлетіні тұншығып үнсіз өлген. Сосын құмырсқадай қыбырлайды, біреуді күндегісі келсе отбасында әйеліне ешкімге айтпа деп сыбырлайды.

– Капитализм мінезі ешкімді езіп, жаншымай ма?

– Жоқ, езіп қайтеді, қаныңды сорып алса жетеді.

– Қаның сорылғасын өлмейсің бе?

– Өлсең балаң екі метр жерді қымбатына сатып алып көме салады. Өлімнің ақыр соңы өзің емессің ғой, жер шарында миллиардтаған адам тірі жүрсе миллиардтағаны өліп жатады. Өлемдік үстемшілердің ойлап тапқан, қызғыштай қоритын терроршы, лаңкес деген соғысы бар халықты алаңдатуға, тәубасына келтіре тұруға жарайтын астарсыз айлалы амал.

– И-и, Ешеке, социализмдегі ескі үйіміз, қоңырша күйіміз жақсы еді, тамақ байдан, өлім көсемнен деп ортақ меншікке иек артып, тым-тырыс құлағыңның құлығын тазартып отыратын, құдайға емес, көсемге шоқынатын, жұмысты да тиіп-қашып істеп жан қинамайтын, өзіңді-өзің не болса соған күштемейтін жүз пайыз кедейлігіміз бірдей деп күншілдіктің отын көсемейтін, бөрінен бұрын ішіп жататын күндер-ай! Бәрібір айлығың тоқтамайды, жатпай қайтесің. Шіркін, өлім-жітімді біреуге бағыштап, ешбір ешқандай міндетсіз, тіпті алаңсыз сенделіп жүргенге не жетсін?! Біз соған қатты үйренгендіктен қазір ұядағы балапандай аузымызды арандай ашып, давай арақ, давай киім деп ұлардай шулап, менің үлестік пайызым аз деп асау аттай тулап, жөнсіз шулап жүрміз, ө?

– Ең қауіптісі – шулау. Бұл демократия емес, азғыруға еріп асқындық, тасқындық, соның қырсығы Сарбиідегі алдағыны болжағыш Орынғалиды ортадағы байлықты талап аламыз деп өлтірді. Жекешенудің қасабы жүрген тұсында өлгендер аз ба?

– Үндемеген үйдей пәледен құтылады дегенді ұмытып, миларың ағып кетті ме? Адамдарды аштыққа ұрындырған ағайынның ащылығы, мылжың сөзі, бірін-бірі тыңдамай кектенуі. Сөйтіп өлімге де көндіріп, өлер алдында «бетсіздер, күліңдер» деді. Пәле-пәле сол өткен ғасырымен кетсін. Ұлтымыз қалыптасып сергектігіне қолы жетсін, басқасының бәрі чепуха.

– Қарақшы, сұм-сұрқия, түрлі жалмауыздарға жаназа да бұйырмай, халықтың қарғысы қатесіз болып шын өліп кетер. Одан да қазақпын деп еңсеңді көтер!

– Әп, бәрекелді, еркіндік деп өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары ұйқыдан ояңандай болып едік, Шәміл. Елдестерің, таныс, замандастарың қоғамның өзгерісі кезінде талайлар ақылдасып, жақсылық жолдың жақындығын түсініскенсіңдер. Көптің ақылына жүгінбегендіктен, кеңес заманында Арал теңізінен айырылуға қалғанбыз. Ертедегі тарихымызда бұл Кердері теңізі атанып, Кердері мемлекеті болғанға ұқсайды, Ақтөбенің жеріндегі Елек өзенінің Қобдаға құятын сағасында да Кердері қалалары болыпты. Олар Қобда, Ойылдықтар болып үнді, араб, француз елдеріне дейін барып сауда-саттығын жүргізіп отырыпты. Соғыс жылдарының өзіндегі Ойылдағы апаларымыз француз әтірін бұрқыратып сеуіп жүретін еді, абысындар үнді шайын жасырып ішетін еді. Иісі мұрын жаратын. Ғасырларға жалғасқан сауда қатынасы еркіндігімізбен жалғасып, жарасым таба берері анық-тын.

– Тіліміз, дініміз, діліміз оралды, – деген Шәмілдің ойы ертедегі бір оқиғаны қозғады. Жылдармен қоса ел аузында айқыштардан талай сөз қалды. Қоғамның құпиясын анықтап бере алмаса да, сын-сипатын, қасиеті мен қайғысын, адамдардың түрлі әрекетін аңғаруға болатынды. Ойылдың айтқышы Майлапестің сөзін көптің құлқыны құрып, кездесе қалса бір тұрып, бір отырып тыңдайтындар күлгісі де келеді, ойланып жүргісі де келеді. Бірде мал дегендегі жалғыз ешкісін сойып, кедейдің көңілі кең, сөзі кең деп дастархан жайып қойып отырғандарға: «Бұл құрмет – Қойшығұловтың Ойыл өзеніне тұрғызған көк тірігендей көпірінің тойы. Тым ерекше құрылысты сипаттап Молотовқа айтқанда, Қойшығұловтың ерлігін Сталиннен бастап бәріміз біліп түсінеміз. Егер ол Қазақстанның Орталық Партия Комитетінің өндіріс бөлімін басқармағанда Калашниковтың автоматы жасалмайтын еді, Калашников түрмеде шіри ме, кім білсін. Осындай керемет ерлігі тарихта қалады», – деп қуанып қалды. «Ойыл тарихына қанықтырған өзінді Сталин жолдас «жолы түссе, кабинетіме кіріп шықсын» деген сәлемін жеткізді», – деп шабыттана сергектікпен сөйледі дейсің. Бүгінгі қилы-қилымызды біз емес, келер ұрпақ анықтап білер.

\* \* \*

Майлапестің алдағыны болжағыштай қиялдана сөйлейтіні жетерлік. Бірде жанындағыларға көз тастап өтті де: «Сталинград майданына жіберген Ойылдың сәйгүліктеріндей ат жер бетінде бұрын-соңды болмаған дегенді генералдар хабарлады. Фашистердің қаптаған танкісінің үстіне де ырғып шығып, қарсы алдында қасқая тұрып, арт жағында да өртенер жерін байқап сарт еткізіп теуіп қалғанда, танкінің быт-шыты шығады екен. Демек, жетіспей жататын оққа салмақ салмай-ақ Ойыл сәйгүліктерінің тепкісімен Сталиградты фашистерден тазартамыз, сүйінші, моледец, Майлапес» депті. Осындай жылқы өсірген жылқышымызға батыр атағы керек дедім. Сөйтіп, жылқышы Дауылбай Медетбаевтың омырауына генералдың өзі қолымен «Еңбек Ері» жұлдызын жарқыратып тағып берді.

– Мұныма сезік тудырмайтын шығарсыздар, ө?

– Өзіңе сенбегенде кімге сенеміз?

– Қызбалығымды түсініп, күліп отырып сенгендерің жөн. Күлмей өмір сүрген өмір емес, біздің күлкімізге өлгендер де күледі. Аш-жалаңаштың күлкісі тым жарастықты деп біледі.

Анада бір белсенді адыр жоқ, мыдыр жоқ, түйеден түскендей тоқпысың дейді. Майлапес сасып қалып: «Бармыз ғой, көріп тұрсың, нармыз ғой, сығымдап ішіп, шыңғырып дәретке отырып, қуанатынымыз шексіз. Әрине, азықтық шөп-шөңге өсіп тұрғанда жоқпыз деу ұят болады», – дегенде әлгі өтірік күле салады. «Белсендінің күлгені де өлшеусіз бақыт қой» депті Майлапес.

\* \* \*

– Әлемге есімі жарқ жұлдыздай танылған Шығанақ Берсиев өз қаржысымен Сталинге кіріп, өзінің есімі жазылған танкі жасатты. Мына «Жыланды» тауының қуысына байлар төркіленгенде тонналаған алтынын, қымбат бұйымдарын тығып кеткен, соны тапсам, Сталиннан рұқсат алып «Майлапес» атты танкі жасатар едім.



Шіркін, менің есімімді көрген фашистер өздері шұбырып келіп танкінің астына жатып, жанын тапсырар еді, – деді де ойын толықтырып, – Қазақстан колхозшыларының танк колоннасы, «Советтік Қазақстан» авиациясын жасауға 500 миллион қаржы және «Қазақстан комсомолы» атындағы самолет жасау қорына 7500 сом арнаған ойылдықтардың бірімін. Ақынша «Өсіргені ер ұлан, ел үмітін ақтайды, асырағаны арғымақ, жайратып жауды таптайды» деп желпінуге хақым бар. Ойылдықтар қайсар, жаудың қандай күшінен де беті қайтпай, қырып салады, – дегенімде Молотов жолдас қол соғып:

– Ойылдың жауынгерлері ылғи ер екеніне көзім жетті, – дегенде төбем көкке екі елі жетпей қалды. Осы ойымды аудандық газеттің редакторы Самат Мұқамбеталинге жазып беріп едім, «Мына шығармаңның өзіліңде әдемі өң бар, мысқылыңда сілтеме жөн бар, татымды роман сықылды екен» деп бәйектеп майын тамыза мақтады. Болмысым солай, сөзімде сапа бар, көп мекемеде қата бар, мені көсемдер түсінеді, басқасына айта бар.

Өттеген-ай. Ертеде бір тентек қызын ұзатып тұрып, жұбату бермей ағыл-тегіл жыласа керек. Оған әйелі жақтырмаған көзімен қарап:

– Ер адамсың, неге жылайсың сонша боздап? – депті.

Күйеуінің иегі селкілдеп:

– Е, сен қызымды ұзатып, құтты орнына қондырдым деп жылайсың, мен болсам барған жерінен баян таппай, қайтып келерсің деп жылап тұрмын, – деген екен. Сол айтқандай, талай өндіріс орындарының өнімі сапасыздықтан шашылып, «брак» деген белгіні мойнына тағып, жосылып шыққан жеріне қайтып барып жатыр. Халықтық бақылаушылар сапасыздықтың кінәсін тағып жатыр. Соны көре тұра маргарин зауытының басшылары жұмсақ орындықта жымып отырып: «Қол жеткен жетістікке місе тұтпай, аздан да, көптен де үнемдеп ұтпай, жарғақ құлағымыз жастыққа тимес. Маргарин суға батпас, отқа күймес, қайтып келсе қатығым, байқап көріңдер татымын», – деп қарауындағыларға құсша таранып желпінді. Танып тұрсың сүйреңдеген сөз төркінін. Бастықтың мәтелі бар: «Тұрлауы жоқ сападан тұрлауы

бар сан артық. Айлығымыз жүріп жатыр, «брак» деген сөзге кейбірі күліп жатыр. Сапаны түсінде тауып, өңінде жоғалтатын «қызығын» біліп жатыр».

Зауыттың тағы бір бастығы екі қолымен мықынын тіреп, бірінші бастық алдында көкірегін шіреп: «Жылына 34 миллион сомның өнімін шығарады екенбіз, оның ішінен аз-кем «брак» чепуха», – дей беріп түкірігіне шашалды.

– Бірақ... – деп бірінші бастық басын кекшең еткізді де, – халық бақылаушылары зауытты екі дүркін тексерді, кемшіліктерді ине-жіпке тізіп ескертті, сол ескерткен сайын бізден неге ес кетті? Өздеріңде ұят бар ма, тонналаған өнім дәмі бұзылған, біртүрлі иістеніп кеткен, қойыртпақ бұл неткен деген шағым хаттардың саны жоқ. Оны айтасың, тергеп-тексерушілер майонездің 72 пайызы сапасыз деген акт жасалыпты. Ұят қайда? – Бас директор оқтау жұтқандай сазарды.

Екінші бастық иегін қасып, аузын ашып, бетіне қонған шыбынды қағып:

– Техникалық, химиялық лабораторияның жұмысы ұятты шындап өлтірген, бізге өнімнің саны керек, сан өскен сайын айлық өседі деп. Екіншіден, техникалық тәртіп, механизмдердің үндестігін білдіретін түрлі темірлер икемге бағынудан қалған. Темірдің аты темір емес пе? Үшіншіден, арнаулы ыдыстарды жууда белгілі температура, атмосфера дегендер заты қызыл, жасыл химия болғасын, ұятты қайтеді, тәртіпті сақтамайды. Цехтағы мамандардың ауызы арақтан босамайды, ыстығы көтеріліп, көз алды қалың тұманға оранып, ұяттан қашып, тәлтіректеп аяғын эзер-эзер басып жүреді. «Брак» деген ем қонбайтын дертке біржола шалдықты, басекесі.

– Амалы бар ма?

– Қайтып келген өнімдердің «брак» деген жапсырмасын жұмысшылар мұрнынан шаншылып жұлып жатыр. Өкініштен іштері ұлып жатыр. Өлген ұят тірілетін сияқты. Шыққан төбеміз тайғақ болды, сапасыздық қылмысы айғақ болды. Кемшілікті кешіп жүріп, басеке, көрмей кеттік пе, іске жауаптылар бөсіп кеткен сияқты.

Директор ойланып толғанды да:

– Өттеген-ай, – деп екі қолын тарақтап үстел үстіне қойды да, – «Қотыр қолдан, таз тақиядан жұғады» деген

бар еді. Республикада қай өндіріс орыны сапасыздықтан кенде дейсің. Ұятты шындап тірілтсеңдер, өттеген, ай сайын ақыл қосып отырыңдар. Сандық көрсеткішімізді дәріптеп Мәскеудегі басшыларымыз құттықтаған телеграммасын жұмысшылар арасында жиын ашып, мақтанып қалуымыз былайша нелеу емес пе?

– Нелеуді қайтеміз, қолпаштаған аса құнды жебеу тұрғанда, – деп қалды орынбасарлары өтірік күліп. Бетбетіне бытырап кеткен ұятты жинап ала алмайтынын кебірі іштей біліп. Шәміл басқаратын бақылаушылардың тексерісінен талай өтірік күліп жүріп, бүлдірулерінің құпиясы шындық әлеміне осылай шықты.

\* \* \*

– Кеңестік дәуірде біраз жақсылықтар мен қатар кемшіліктер де жетіп жатты ғой, – деп Шәмілге бақылау комитетінің бір тексерістегі оқиғасын айттым. Әсіресе, ауыл, ауданды былай қойғанда облысаралық жол іске алғысыз, сын көтермейді. Соның азабының сырын білгісі келген айтқыш жол мекемесінің бастығын ұйқысынан түртіп оятып:

– Ауылыма жете алмадым, құмға «боксовайт» еткен атым аяғын суыра алмай құлап, пышаққа ілінді.

Бастық алақанын аузына тосып, есінеп алды да:

– Автокөлікпен жүрсең, өтің аузыңа құйылар еді. Басың соққыдан ісер еді. Аттың «боксовайты» ештеңе емес, жоғарғы жақ қаржы бермейді, ұйықтап рахаттанып отырмын. Оятқаның дұрыс болмады.

– Айлығың аудандық хатшының табысынан аспаса, кем емес дейді.

– Бәрі де құлақты мүжіп жейді. Айлық не болады, жол құрылысының әрбір сантиметрін асырып жазып, оған кететін тас, құмды таудай ғып көрсетіп, олжа тауып, мұртты майламағасын ісің іс бола ма? – дегенді ашып айтпаса да езуінің суын жылтыратып, емеурінін сездіргендей иегін быртық саусағымен сипап өтті.

– Өзің мұрт майласаң, басқалары ше?

– Олардың ұртын майлау анағұрлым көп ақша, сосын жол құрылысы биыл бітпесе, келесі ме, одан арғы жылы

ма, біте жатар. Шүкір, халықтық бақылаушының тексерісі шындықты жеті қат жер астына тықсаң да тауып алады, сосын «аш құлақтан тыныш құлақ» деп жұмысты жауып қойып ұйықтап аламыз. Жол біреу, бәрібір коммунизмге барамыз. Өзің оған тілеулес шығарсың.

– Мұндай кемшіліктер болып тұрады, оны орталықтағылар да біледі, – деді.

\* \* \*

Орталық партия комитетінен дүр еткен хабар суық екенін телевидениенің бас директоры Рафаил Жұмабаевтың тістеп, қоңырайып отырғанынан сезіп:

– Жәй, шақырдың ба?

– Несі жәй болсын, Қармақшыға Ауғанстаннан молдалар келіп, құран таратып, жұртты дінге ұйытып бүлік шығаруда дейді. Түсіруші тобың дайын ба?

– Кеше ғана келдік қой жолсапардан. Темір адам емеспіз.

– Кекетпе!

– Кекету емес, шындық қой, екі облысты жиырма күн араладық. Өзің болсаң, қайтер едің?

– Өзімді қайтесің, жоғарғылар тездет деп алқымға алып жатыр.

– Алқымың кең ғой, адамға ұшатын қанат ойлап тапса, жерге қонбас едік.

– Қону, қонбасты қайтесің, бүгін самолетке билет алыңдар да, ертең Қызылордаға жет. Халықтық бақылау комитетіне хабарла, Шәміл Нұрымгереев, бірге өскен досың бар ғой.

– Оны қайдан білесің?

– Өміріңнің ұмыт болған жағын да білемін.

– Өмірімнің мұң-шерін ұмытқандай болушы едім. Есіме салғаның дұрыс болды.

– Келешектегі кітаптарыңа кіргізетін оқиғаларың жетеді ғой.

Рафаилмен достығым жарасқасын, еркін сөйлесетінмін. Қазақ телевидениесінің жұмысын орындаушы емес, сатиралық «Жебе» журналын шығарушы, ұсыныс

басшылықтан, еркін билеуші өзім. Тікелей республикалық халықтық бақылау комитетінің құзырына есеп беремін. Мұны айтып отырғаным, Сарбиден оқып шыққандардың біразы атқа мінді, бірақ биліктің айтқанын орындаушылықтан асқан жоқ. Ал Шәміл ең жауапты мекеменің қызметін басқарып, орасан мол іс атқарып, қоғамға өлшеусіз пайда тигізді. Қызылордалықтар таны-мал тұлға деп таныды. Ұзақ жыл кездеспеген досыңмен кездесудің ыстығы, жан жадыратын жылулығы естен шықпайды ғой. Рафаил айтқандай, жастық шақтың ұмытылған тұстарын да еске түсіріп қуанысып қаласың. Тірлігіндегі татымсыз деген сәттердің өзі құлпырып көз алдыға келеді. Сонымен мәре-сәре болып ертеңіне оның мекемесіне келдік. Есігінің алды толған адам. Бәрінің де жеңіл-желпі дейсің бе, шешімі ауыр дейсің бе, әйтеуір арыз-шағымдары бар. Оның бәрін зерттейді, түсініседі, нәтижесін шығарады. Көбісі билік үстемдігінің асқақтаған өршілдігінен қарапайым адамдардың шегетін қиянатына ұқсап жатады. Амалы құрыса, арсызданбай қайтеді. Бұл жеңіл-желпі шаруа емес. Орынтақта отырғандардың қай-қайсысының қорғаушылары бар, олар қоғам жұмыстарын атқарумен қатар биігіне ұмтылуға тырысады. Жұмысшы, шаруалардың да қисық, қыңырлығы кездесіп қалады. Тірліктің қыз-қыз қайнаған тартысы, шиеленісі осылай өрбитіні қоғамға тән нәрсе екені белгілі. Адам қоғамнан жақсылықтың сәулесін күтеді, билік сәулесі жұрттың бәрін жарылқай бермейді.

– Сіздермен бірге сенімді қызметкерім барады. Милиция, прокуратура қызметкерлерін жолсерік етесіңдер, жолдарың болсын, – деп Шәміл басты шаруамыздың заңды түрде орындалуына мүкіндік жасады. Қылмыс, кемшілік іздеп жүріп кез-келген жерге түстеніп, қона да алмайсың. Дегенмен Қармақшының бас дәрігері, медицина ғылымдарының кандидаты Қонақбай Сыздықовпен аралас-құралас, тұз-дәміміздің ортақтығы Торғай облысынан бар еді. Сапарластарыммен келісе отырып, сол үйге түсуге шештік. Өйткені, біздің жүріс-тұрысымызды, нені зерттеп жүргенімізді аудан басшылығы білмеуге тиісті. Қонақбай жаны қалмай қарсы алып, бар құрметін көрсетті.

Милиция, прокурорымыз елдегі молданың жүріс-тұрысы, дін жөніндегі істерін жергілікті қызметкерлерімен білісіп, жазбаша түсініктер алып жатты. Сонымен телевизиялық тобымыз молданың өзімен Қонақбайдың кабинетінде кездестік. Сексенге аяқ басқан қарттың Ауғанстаннан келгені рас. Қырғын соғыста отбасы түгел қырылған, өзі мешітке жүріп аман қалған. Мұнда тентіреп келіп жан сақтағаны, өлген адамдары жерлеуге қатысатыны, қарттарға құран беретінінен басқа, көпшілік алдына шығып дуілдетіп дінді уағыздайтын дерек жоқ. Адам өлгенде жиналған халық арасында жүреді. Айқындығы осы болғасын Қонақбайға:

– Денсаулығы қалай, сіздерге емделуге келіп тұра ма? – дедік.

– Бізде есепте, рак, өлшеулі күні қалды, – деді.

– Осы сөзді телебейнеде айтып бер. Құжатының жазбаша көшірмесін бер, – дегенде Қонақбай қоңырайып бас тартты. Әрі айттық, бері айттық көнбеді. Торғайда бас дәрігер болып жүргенде әскер қатарына алатын балалардың комиссиясына қатысқанда сүндеттелмеген жастарды армияға жарамсыз деп қуып жіберіп, билікті дүрліктіріп еді. Осындай қырсықтау мінезімен өлген адамды тірілткендігі жөнінде докторлығын жазып өткізе алмай қалатынын да өз аузынан естігенім бар-ды. Ақырында Шәмілдің қызметкері Қонақбаймен сөйлесіп, тілін тауып, діндардың рак ауруы барлығы жөніндегі құжат көшірмесін алып, өлгелі жүрген ауру қарттың елді дүрліктіріп жатқан ешбір оқиғасы жоқтығына көзіміз жетіп, Қызылордаға оралдық. Сонда Шәмілдің өзімен бірге істейтін қызметкерлерінің де қандай іске де сын көзімен қарап алғырлықпен шеше алатын шеберлігіне сүйсініп, әрбір адамды талғаудағы артықша қасиетін түсіндік.

\* \* \*

Рафаилдың өмірінің ұмыт болған жағын да білемін дегенінен шығады. Қонақбаймен жеке-дара сырласқандағы мына бір оқиға есіме оралды. Он сегізге толған әрбір жас жігіт Кеңес армиясы қатарында болып, міндетті бо-

рышын өтегенше асық. Ондай комиссияға дәрігерлер қатысады. Әскери комиссариат тізбелеп отырды. Аудандық соғыс комиссариатының бірде бастығы, бірде орынбасары міндетін атқаратын Тұрғанның іштей бүйрегі бұрғаны жатпайды. Кезектесіп кіріп жатқан жігіттердің дәрігерлер денсаулығын қарап, ауру-сырқауын анықтайды.

– Жарақты, денсаулығыңда кінәрат жоқ, – деген дәрігерлерге құлағын тосқан Тұрған қай жердегі қандай бөлімде қызмет ететінін белгілеп қояды. Іштей, құдайға шүкір, қарттардың «ұлымды армия қатарынан алып қал, мұнша ақша беремін» дегенін ойланып отырады.

– Жарақты, тағы кім бар? – деуі мұң екен, кіріп келген жігіт:

– Мырза Теңгетаев, – деп шешіне бастады.

Дәрігерлер бірінен соң бірі қарап:

– Жарақты, – деп дауыстағанда, Тұрған шошып кеткендей селт етіп:

– Бойы қысқа, бір аяғы бір аяғынан екі сантиметр кемдігі бар деп әкесі айтқан, жарақсыз деңдер, – деп отырғандарға билігін жүргізді.

– Ағай, денім сау, көкпар тартып, бәйгеге қосылып, ат үстінде шыныққанмын.

– Жап аузыңды! Және бұл бір үйдегі жалғыз ұл, ертеде жаугершілікте бір отбасында жалғыз жігіт болса, жаугершілікке алмаған, кеңестің де заңы бар, оның үстіне биыл үйленген, әйелі екіқабат, – деп жанындағыларды ықпалына жықты. Олар да түсінеді, алым-берімнен жұғын жалағандай бірдеме түсер деп қышыған алақанын уқалайды.

– Менің денім сау. Әке-шешем еңбек етеді, келінін ашықтырмайды, бағады.

– Шық, биылғы маусымнан қаласың, келесі жылғының алдымен кетесің, бітті шаруа. Бүгінгі жастар ымды да, дымды да білмей ерісе кетеді.

Содан кейін бойшаң, көрікті жігіт:

– Тарлан Мұқатовпын.

– Денім сау, ақылым, білімім бар, бокстан шебермін.

– Тоқтап қал, аудан басшысы спорт жұмысына керекті кадр армия қатарына кетіп қалмасын деген.

– Бара бер үйіңе, келесі жылғы есепке тіркейміз, – деп Тұрған өзінің жасырын пара алғандарын әйтеуір әр түрлі қулықпен әскер міндетінен алып қалады. Қонақбай болса сүндеттелмегенін жарақсыз деп қуып шығып, партиялық құдалауға түскені бар, тіпті облыстың бір басшысы заңгерлерге өздері жоқта терезеден түсіріп, үйін тінттіріп, діншіл, ұлтшыл деуге дерек іздестіргені де бар, ақыры құдалап, жұмыс орнынан босатып, өзінің туған жері Қармақшыға орналасқан-ды.

\* \* \*

Рафаил айтпақшы, бұл оқиғалар да есіме оралды. Әрбір дос-жолдаспен біраз жылдан кейін кездескенде көзіміз терезе, бетіміз кітаптай болып өткен, кеткен өмірді ойға оралтып мәре-сәре боламыз. Көбіне туған жер, өскен орта балалығымызды айтамыз. Балалық дегенде жұртты қуандыратын жақсылық біздің замандастардың маңдайына жазылмаған. Рас, үлкендердің құлақ құрышын қандырған өнегелі сөздерін естіп, өмір сүруге құлшындық. Тірліктен баз кешпедік. Азап, қиындық десек, жүрегің қақ жарылғандай ауызға сөз түспей күрмеліп жатады. Біздің Қаракөл елді мекені мен Сарбиенің арасы он бес шақырым, мидай дала, жолаушылар да көп жүріп жарымайды. Ескі жол, жүгіресің, қалың қау шөптің арасынан пыр етіп құс ұшса қорқып қаласың. Іздегенің ең болмаса орталау мектепті оқып шығу. Тағдыр теріс айналған екен, ендігі тірлігің оқуға байланысты. Жүрек осылай толқиды. Адамдық сезімнің түрі сол. Жетімдік көкірегіңе тікенектей қадалады, бірақ өлімнен қорқасың.

Бағатын әке-шеше о дүниелік болғасын, бесінші классты Сарбиенің мектебінде түске дейін оқып, түстен кейін балалармен ойнап, ірімшік, құрт жеп немесе біреудің үйінің тарысын түйіп беріп, қарын тазартып, кешкісін класс бөлмесінде түнеп жүргенімді мектеп қызметкері Айзада біліп қалып, тұрғызып қойып ұрысты: «Иесіз мектепте жүрегің жарылып өлесің, жетім болсаң айтпайсың ба, біздің үйге барып жатып оқы, бір түйеміз бар, шұбаты асырайды», – деп Айзаданың тауып алған баласы бол-



дым. Жолым құтты атанып, ері Ақан армиядан аман-сау оралды. Кейде есіме ерсілігім түссе, күлкім келеді, үйдің ағаш есігіне атымды пышақпен ойып жазыппын. Ал осы шаңырақтың маған да құтты болғаны «Қазақстан пионері» газетіне мақала, аннаграммаларым шығып, оған қаламақыға карандаш, дәптер алып жүрдім. Алғашқы аннаграммам:

*Егер «Е»-ден бастасаң,  
Кіріп, шығар құралмын.  
«Е» орнына «Б» қойсаң,  
Сәби кезгі тұрағың.  
«Б» орнына «Т» қойсаң,  
Саңылау боп шығамын.*

*(Есік, бесік, тесік)*

Тағы бір айта кетерлігі, Сарбиедегі орталау мектебіне дейін газетті қолымызға ұстап көре бермейтінбіз. Байланыс бөлімшесін басқаратын Сламғали балаларға газеттердің қалағанын қолымызды қақпай ұстатады. Газет иісі жанымызды тұшытатынын естен шығара алмаспыз. Сол ауыр жылдарда елде бас көтерер азаматтың аздығын біле ме, қасқыр дегенің топ-тобымен ауыл маңын торуылдайды да жүреді. Бірде Айзада апамыз екеуіміз отын дайындап, ат арбамен әкеле жатқанда бес, алты қасқыр тап берсін. Ат құйғыта бастады, Айзада «Еркек емессің бе, күректі сілтеп арбаға соғып даңғырлат» дегесін күректі арбаға олай ұрып, бұлай ұрып ақырында түсіріп алдым. Екі көзім қасқырда, зәрем ұшады, аттың жүйріктігінен көрініп тұрған ауылға тездетіп жеттік. Қасқыр пәлен жерде, жаяулап келе жатқан адамды жепті, малды жепті деген сөз естіліп жатады. Ондайда айтқыш Керей: «Табиғаттың қасқырын аңшы Сатығали құртар-ау, іштен шыққан адамның қасқырының талауынан сақтасын!» дейді екен. Тереңнен қозғайтын емеурін ойы еріксіздіктің соққысы ауырлығына кінәні алыстан емес, туыс-туғаннан екенін меңзеуі еді. Адамдар неғұрлым әлсіреген сайын қорқыныш соғұрлым күшейіп, тірлік етудің мақсаты да ұмытылатынына жаны күйзелуі болса керек. Бой тасалап

жүрген қасқыр-тобыр тірі жүргенді көпсіне бастағанын біледі. Үрей әдісі момындардың соры болғанын түсінсе де, Керейлер жалғыз-жарым, тобыр жетерлік, қолдарында заң мен билік. Қымс етсең қиып түседі.

«Жеті атасын білген жетімдік көрмейді» деген сөзді тарихта қазақтан басқа кім айтты дейсің. Әлем әдебиетімен қатар Абайдың өлеңдерін, қара сөздерін, «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы», басқа да тарихшылардың, ұлы тұлғалардың еңбектерін оқыдық. Оны ұрпағымызға үйретуді бірінші міндетіміз санадық, Адам өз ақылым жетерлік демей, өзге ойлылардың ақыл-қазынасымен жетілмесе, жолда қалады. Біреулер «Өз ақылым ақыл-ақ, өзгенікі шоқырақ» деп шіренеді, ондайлар қу ағашты тіренгендей әсер қалдырады.

Шәміл көп оқитындығын, ұрпағына жан-жақты тәрбие беруден жалықпайтынын көрсетті. Оның азаматтығы дегенде «Өмір белестері» кітабының беташар сөзінде: «Бұл кітап Сыр бойына кеңінен танымал тұлға Шәміл Нұрымгерейұлының өткен өмір жолының алуан кезеңін қамтиды. Азаматтық тыныс-тіршілігі, ізгілік істері, қоршаған орта, қоғам жайлы ой-толғамдары нақты деректермен баяндалған. Өзінің өскен ортасы, ұлағатты ұстаздары, достары, қызметтестері жайлы толғана сыр шертеді. Еліміздің жүріп келе жатқан бағыт-бағдарларына да баға беруге тырысады. Мағанасы мәйекті, тәлім-тәрбиелік деректі еңбекті оқырман қауым жақсы қабылдары сөзсіз» деп жер-көкке сыйғызбай мақтағанын оқығаннан-ақ, бабаларымыз «Жақсы жігіт жүрген жеріне кент салады, жаман жігіт өрт салады» дегеннің толық сипатын көріп қалдық. Сарбие топырағынан қанаттанып, алысқа ақ жолға бағыт алған Шәміл Қызылорданың құрметтісі болып, өлмейтін ісін қалдырғанына мақтануға хақымыз бар.

Қылбұрау.

Сарбиені еске алғанда, Ойыл өлкесінің самал желін сағынғанда қылбұраулы қоғамның ортасында қылтыңдап жүрген жас кезіміз қалды. Бірде тоқ, бірде аш, киім тапшы, жалаңаш, жүдеу адамның аяғы шалыныса береді. Тектілік

әлсіреген. Елде жылатып отырып ақыл айтатын дос аз, күлдіріп отырып түрмеге жөнелтетін дұшпан баршылық. Отыз жетінші жылы бас көтеретін ақылдыларды мұрындықтаған тайлақтай жетелеп, «жаусың» деп мойынына қылбұрау салды. 1917 жылғы санақтағы бес жүз үй Қоңыр Кетенің ұрпақтары аштықта қырылды, амалын тапқандары Башқұртстан, Орынбор облыстарына көшіп кетті. Одан кейін түн қатып келетін қара машинадағылар «Отанға опасыздардан кім қалды?» деп әкіреңдейді. Бірде үштікке хабар салған жатыпатардың мәліметі бойынша Кеңес өкіметіне қарсы үгітші делінген Насихат ақынды тергеп, тексеріп жатпай, үйінің алдында атып өлтіреді. Содан әйелі ала қап арқалап: «Заман-ай, заман-ай!..» деп ертелі-кеш зарлай беретінін естіген қызыл жағалы ұстап алып, түрмеге жабады. «Бұл – халық жауы Насихаттың әйелі, заманға наразы, нағыз көкбет, жұртты үгіттейді», – деген тағылған айып бар, оны сот қарамай ма? Қызыл жағалының да, соттың да сұсынан қымсынбай әйел:

– Шырақтарым, біреудің қайғысын біреу түсіне қоймас, заман-ай дейтінім, тұла бой тұңғышым жарық дүниеге келгесін есімін жарылқап жатқан жаңа заманға ризалықпен Заманай атандырып едім, қырқынан шықпай о дүниелік болды. Түсімде о дүниеде жүрем, ақ құс болып Заманайым қан-жоса аспанда қалықтап ұшып жүреді. «Ана» деп дауыстайды. Содан жұлын-жүйкемді босатайын деп зарлайтыным рас, оны байы қойнында, балалары алдында жүрген абысындарым түсінбей, арызданған шығар. Олар және арызыңды өкімет адамдарына айт, өлгенді де тірілтіп беретін күштері бар, әлем таңғалатын істері бар деп үгіттейді. Заманайым тірілсе, ажал деген албастының қылбұрауынан құтылып, қу тіземді құшақтап, қу бас атанбас едім, басқадай амалым жоқ, өкіметтен басқа сүйенер қамалым жоқ, – дейді сарнап. Сот тірлігінің шырағы сөніп бара жатқан ананы аяп босатып жібереді. Осы тергеуден кейін әйел тіл-аузы байланғандай сөйлеуден қалды. Бірақ, күйеуінің жазған өлеңін қазандық аузында жалыны сөніп бара жатқан отты түрткілеп отырып, іштей ыңылдап, жыңды адамша қайталап айта береді.

Үкімет берді қашарды,  
Аяды ғой нашарды.  
Үкімет берді баспақты,  
Қайтып алып баспақты,  
Қатындарды қақсатты.  
Жеп отырмыз бүгінде  
Қазанда күйген қаспақты.  
Бір қазанға үңіл деп,  
Бір көрпеге тығыл деп,  
Қиғылықты жасатты.  
Белсенділер бел шешіп,  
Масқараны бастатты.  
Берген малын қайта алып,  
Саусағын шайтан ұстатты.  
Үкімет берді байталды,  
Белсендісі қайта алды.  
Үкімет берді сиырды,  
Күнде ашты жиынды.  
Қақпақ қойып ауызға,  
Құдайға іштей сыйындық.  
Көрмеген шығар адамдар  
Тап осындай құйынды.  
Жоғарыдан өкілдер  
Күндіз-түні құйылды.  
Зіркілдейді бұйрығы,  
Шағып тастар миыңды.  
Шөп, шөңге жеп кедейлер,  
Көрген күні қиын-ды.  
Үкімет беріп түйені,  
Қайтып алып түйені,  
Түйелі бай ататып,  
Жағып қойды күйені.  
Үкімет берді сиырды,  
Қайтып алып сиырды,  
Тыныш жат деп көріңде,  
Зіркілдеді, бұйырды.  
Айналайын үкімет,  
Бергеніңе шүкір ет,  
Тартып алып малыңды,  
Құйрығыңа түкірет, –

деген ақын жарының өлеңін оқып, жан-жағына көз тастап, бұрлыққан аш мысықты тырш деп тереңнен толғанғанда, рахат сезімді тауып, ашыққан қарыны тойынып, ашылған етегі жабылғандай сезінетін-ді. Денесін бұған ауыр сезімнен арылайын десе де, арыла алмай, зарығайын десе зарыға алмай, қара қазанның қаспағын тазартып, өкімет беретін екі литр сүтті қайнатып нәрем етпек. Бар күшін қанша қарысып жинаса да, босағада ажал күтіп тұратынын біледі. «Уһ» деп ауыр күрсініп, «Алла иманымды бұйыртсын» деп айналасына қарағыштап сүрініп-қабынып жүреді. «Адамның басы – белсенділердің домалатып ойнайтын ойыншығы, мойынға түскен қылбұрау өлтірмей тынбас», – деп қара сандығындағы өлігін орайтын матасын қағып-сілкіп қояды. Тірліктен безіп, жанары сөнер сәтін күтулі. Сүйген жары жастарға көздерің өткір, көңілдерің сергек болсын деуші еді. Сосын езу тарта күліп: «Мен сорлының тілім жаман, содан үрейленемін, өлең шығармасам ашығып, тынышым кетеді, сөзім біреулердің құлағына жақпаса, олардың тынышы кетеді. Менің тілімді кесемін деп белсенді өуре. Өйткені, олардың қарыны тоқ, уайымы жоқ, қорылды соғатын ұйқысын менің ащы сөзім қашырады. Ойсыздарды оятқанша, өзім аштан өліп, көштен қалатын шығармын. Бірақ, жым-жырт, тып-тыныш өле қоймаспын, өтірік өлгенімді білетін ұрпақ сөзімді тірілтіп алады. Соған сенемін», – деп туыстың «жау» деген жаласынан оққа ұшты. Жалғыз ұлын белсендінің қасқыр иті талап өлтірді. «Заман-айлап» дауыс салғаны да ағайын-туысына жақпады. Әйел есіктің тиегін салмай, сандықтағы кебінін басына жастап, ажалды үздіге күтіп, иманын үйіріп, көзін жұмды. Жарық дүниені соңғы көруі болды ма екен, бұл іңір қараңғысы еді. Бәлкім қылбұраудан босап, жаны тыныштық табар.

«Заман-айлап» салған сол әйелдің зарлы үні Жетікөл аспанында біраз жылдарға дейін ілініп тұрды. Ақын жазбасы кейінгі ұрпақтың жадына түсіп, қайта тірілді.

– Шын өлгені – соғысқа аттанған екі жүз азаматтың 119-ы мерт болса, оның 59-ы үйленбестен опат болған еді, ұрпақ қалмады, – дейді Тілеуғали Дүсіпов ел тарихын есіне түсіріп. Өзен-көлдеріміз балыққа толы, аспан

астында көшпелі бұлт жүріп жатты, аракідік найзағай шатырлап тұрады. Аштан қырылғандардың сүйегі ашылып қалса, бұлт қысырап жаумай кетеді. Қалың көптің олжасы тыныштық қана. Көбі басқаны есіне ала бермейді.

Қылбұраудан шала-жансар болып қылғынып шықса да, жақсы атағы жаһанға тарағандар Ойыл өңірінен аз емес еді. Шығанақтың бір тойында, кесене басында Абдығали: «Біреуді күндемесе зерігіп іші пысатындар о дүниедегі Одаққа, респубикаға танымал тұлғаларымызды қабірінде тыныш жатқызғысы келмей, аузын керіп, жоқтан өзге қисынсызды теріп өсек таратады. Туған жерінің, халқының қасиетін білмейтіндер Ойылға аяғын салмасын, – дей келіп, – мектептерде Ойылдың ұлытұлғаларының өмірлерін, атқарған қызметін, тарихымызға қосқан үлесін тақырыптарға байланыстырып оқытып, ұрпақтың жадына өшпестей сіңіруді бастасақ, кейбір ақымақтың жүні жығылып, ақылға тоқтар еді.

– Кеңес заманында саясат ақылға тоқтаған жоқ. Өйткені, саясат заңмен қорғалды, – деген жазушы, қоғам қайраткері Сәрсен Жұмағалиев.

Ойылдан оқу бітіріп шығып, бірінші болып баспада жұмыс істегені, білімдарлығы, орыс-қазақ тіліне ерекше жетістігі әріптестері арасында құрметке бөледі. Қалалық кеңеске депутат болды. Қоғам жұмысына да алғырлығын көрсетті. Бірақ, халықтың бастан өткен ауыр тірлігін ұмыта ма? Жазушы екенмін деп құпияны ашуға қақысы жоқ. Іштен тыну бар. Жұмыс жетістігі, айлыққа қуану бар. Арақ ішуге де себеп табылып, сергу басталады. Кезең солай, арақ дария, Одақ мас. Қатардан қалыс жоқ. Үйленді. Қырық жамау киімдері жаңарды. Жастықтың сәнді де мәнді кезеңдері зулап өтіп жатты. Бұрынғы сыпайы мінезі қанша мас болса да өзгере қойған жоқ. Қатарынан кем емес, аш қарын тойынды, басқаны ойлау жөн емес. Жазушылар бір-біріне қайырымды, дарынды бағалайды. Сыйлампаздық бар деп түсінді. Кімнің ішіне кім кіріп шыққан? Өрелі талантты да ұстап тұруға ақыл-есің түзу, жақсылық пен жамандықты айыра білуге тиістісің. Қилы-қилы жиын, сын-пікірлер, бірін-бірі қоштау, екінші біреулерді сынап тастауға дарындылықты

түсініп, кешіріммен қарап жатса жақсы. Іште бұкпе кек болса қайтесің? Сәрсен Марк Твеннің томдарын әрі тез, әрі сапалы аударып, үлкен беделге де ие болды. Марк Твен өлсе де қалың оқушы тұрғанда шығармалары өлмейді, оны аударған тірілткен мен де өлмеймін деп ойланған да болар. Бедел өрлетуін өрлетсе де, кері кетілерін қапелімде ойына ала ма? Осындайда беделдіні сүріндірудің оңай жолы арақ ішіп, маскүнемдік дертіне шалдығу ғана. Оны ұйымдастыру пәлендей қиын емес, әріптестерінің біреуі бірге жүріп арақпен сыйлай берсе, ішкен сайын өтірік мақтай берсе жетеді. Мас болып үш-төрт күн жұмысқа шықпаса, бұйрық дайын, қалпақтай ұшады да, елім қайда, жерім қайда деп басына пана, жанына азық іздеп кетіп отырады.

Қажым Қабиевтың сөзін есіне алады. «Әдебиетшілер де, өнершілер де жанында дарынсыздар ізін бағып жүргенін аңдай бермейді. Оларды әжулап, намысына тиме. О да өмір сүргісі келеді. Алдына ешкімді түсірмей, өзін ғана даралап көрсетсем деп тыртысады. Жұртты аузына қаратып мақтанғысы келеді, ал кемшілігін айтсаң басыңа пәле тілеп аласың, жаза алмайсың жаныңа салған жарасын, сұм-сұрқиядан қалың дерт табасың» дегеніне көзі кешен жетті. Расында, зәлімдердің қауіптілігі ойлап қарасаңыз, ғасырлармен бірге жасасып келеді. Қазақ тарихында төрт бірдей аштық қырғынында қырылғанда да белсенді, сұм-сұрқиялар аман қалды. Олар ылдым-жылдымдатып үстемдікке жағынып жүріп таққа да қонжияды, олар өтірікті сұхитып жүріп аларын алады, биліктің биігінен биікке де өрлеп барады. Құлық та қолынан келеді, сұмдық та қолынан келеді, үстемдікке жағына да біледі, әлсіздерді бұқтырып езе де біледі. Өктемдік күші арынды келеді, туған баласы да әке тәрбиесімен алымды келеді. Өміршінің көкірегін күшпен басамын деу сандырақ. Оның жанында бейшара жағымпаздары жүреді. Оны Сәрсен маскүнем атанып, баспадан қуылып шыққанда өлердей доспыз дегендерінің қиянатынан көрді, түсінді, өкінді. Содан соң біраз уақыт Ақтөбе облыстық газетінде қызмет істеді. Атына жағылған қара күйені түсінетін болар дейсің бе? Арақ пенденің түбіне жетпей тынбайды, той арақсыз өтпейді,

жолдастармен басқосу, қаламақы алу арақсыз өтпейді. Ішкен кезде әркімнің мұң-шері кейде сөз болып қалады, саясатқа қарсы келсе, бітті шаруасы. «Пәленше осылай деді» деп жеткізіп, өзіне ұпай жинайтын өсекші қасында жүргенін кейін біліп, санын соғады.

Сонымен Сәрсен Жұмағалиев өмірінің соңғы жылдарында өзінің кіндік қаны тамған Ойыл ауданында «Ойыл» газетінде қызмет етті. Марк Твен шығармаларын қазақшалауды тоқтатқан жоқ. Шебер қаламгердің мінезі түкке татымайтын сөзге үйір болмайтын. Болымсызға шаршамайды. Пендешілік уақ-түйекке бас қатырмайды. Қайта әлем әдебиетін айтқанда сөзі төгіліп тұрушы еді. Бірақ жүрегінде қайғысы егіліп, қабырғасы сөгілгендей күйде болатынын да аңғартпайтын еді. Онысы – бірінші әйелінен бала болмады, Екінші әйелі Ханзада да құрсақ көтермеді. Өзі әкеден жалғыз қалған. Сөйтсе де Ханзадаға кір тақпайды, қайта аса құрметтейді. Арақ ішіп, шаршап келсе, денесін сүтпен жуып айықтырып, аймалаушы еді. «Ерді сыйлайтын әйелдің ақыры өзің болмағай» деп Ханзаданы елден ерек көруші едік.

Ақырында Сәрсен аудандық газеттің мазасыз жұмысын атқара жүріп, Марк Твеннің «Ханзада мен қайыршы» кітабын тәржімалады. Оған газет редакторы Нұрымжан Жұмағалиевтың қамқорлығы да аз болған жоқ. Қаржылық көмек, тұрмыстық жағдайына керекті аямады. Қаламгерлік көпке құрметті сықылды көрінгенімен, жоқ, жұпынылықтан, кедейліктен асып кетпеді. Табиғи талантың саясатқа сыйыспаса, тағдырың ойыншық бола салатын үрейі және бар. Өмірің үкіметтің қолында, қыл тұзақты түсіне біл, басқадай тырп етпейсің. Саясаттың қыл тұзағы мойнында тұрған Сәрсен туған аулындағы халықтың тең жартысы отыз екінші жылғы аштықта қырылып қалғанын айта алмай, жаза да алмай кетті. Ойыл халқының 1900 жылғы санағына арада жүз жыл өтсе де жетпеуі аштық қырғыны талайларды жаппай жерге жұтқызғанын көрсетеді. Еркіндік деп аузын ашып, көзін жұмып, шын өлген солар. Сол қайғы еске түсе ме, еркіндікті аңсап араққа жүгініп, күйінішінді басқандай боласың. Кеңес өкіметінің миға қойылған жарылғышы



бірте-бірте тірлігіңді жуадай солдырамын кім түсініпті?  
«Өлгенде сом денемді арақпен жу» деп шалқып кетесің.  
Кейде сүрініп, құлап, жұртқа күлкі болып босағаңа өрең  
жетесің. Арақ обадай опырып, талай дарындылардың  
қанатын қырқып, ар шыңынан лақтырып жатты.

Сәрсен өкпе ауруымен о дүниеге қалың өкінішін,  
қайғысын арқалап кете барды. Көз жұмар алдында соңғы  
сөзі: «Әлемдік жазушы Марк Твен өтірік өлген, жер  
бетінде миллиондаған оқырмандары арқылы тірі жүр, оны  
аударған мен де өтірік өлетін шығармын. Халқым аман  
болғай!» – деп жаны үзілген-ді. Енді сол Ойыл халқы талант-  
ты жазушы, мықты журналист Сәрсен Жұмағалиевтың  
есімін ұрпақ ұмытпас үшін мектеп пе, көше ме, бір атауды  
қиса дейсің. Пенде бұл дүниеде екі өмір сүрмейді, екінші  
өмірі мәңгілік мекенінде екенін түсініп, екінші өміріндегі  
рухын жүдетпесе, есімі аталған сайын өлінің аруағы  
қуанып қалады деседі. Қаламгер өмірінің бір ақиқаты осы.  
Ел елдігін істер деген үміт қана.

Үміт жалған. Адамдар қызық, қырғын, аштық жылда-  
рын еске алғысы келмейді. Ауыр бір күрсінді де:

*Бұлт қалың, ай қараңғы,  
Гүлдеп соғып тұр дауыл.  
Төңірек, маңай, ғаламды  
Жамылшы жапты бір ауыр», –*

деп Илияс Жансүгіров өлеңдерінен ой суыртпақтады. Зіл-  
зұлмат қасіретті еске түсіру де оңай емес. Иесіз қу жотада  
аштан өлген адамдардың сүйектері шашылып жатқанын  
көзімен көріп, олардың бетін топырақпен жасырысқан  
еді. Шала-жансарына соңғы үмітің не десең, нанды ай-  
тар еді. Обадай опырып жатқан аштық. Сай-сүйегің  
сырқырайды. «Малын, азығын тартып алғасын, әркімнің  
өзін-өзі асырауы қайда?» деп қырық жыл мұғалім болған  
Әбілғазы Оспанов сөзін жалғады: «Қара жыландай мо-  
йынға оралып қылғындырған аштық атамекенді тастап  
кетуге мәжбүрледі. Сілеті өзенінің бойына 1932 жылы  
үкіметіміздің қаулысы бойынша босып келдік. Бұрын орыс  
кулактары мекендеген, олар Саратов қаласына жер ауып-  
ты. Дайын үйлерге 250 үй қазақтар орналастық. Аштық

басталды, тамақ жоқ. Бір сиыры, екі сиыры барларды бай дейміз. Сиырды өзіміздің жатқан төсегімізге аяғымыздан байлап қоямыз. Қорада тұрса ұрлап кетеді. Ит, мысық жоқ, аштар жеп қойған. Өлген адамдарды орыстардың құдықтарына тастадық, қабір қазуға қуат жоқ. Бөріміз де жалаңашпыз, қыс қатты, қайрат көрсететін көп адамдарымыз өлген, құдықта. Санын жобамен айтқанда 250 үйдің адамдарының жартысы қырылды. Содан ауыл арасы елу шақырымдай жерде Жолымбет алтын кені ашылып, соған жұмысқа жете алмай, қыс ішінде өлген кісілердің моласы осы уақытқа дейін тұр. Аштықтан аман қалған белсенділер, колхоз басқармасы Қауғаш Ержанов, Хамза Сыздықов, Рамазан Есенбаев тірі, туыстары да аман.

– Өзіңіз мұғалім болдыңыз, комсомол мүшесі едіңіз, аштықтың себебін ұқтыңыз ба?

– Ұзын құлақтың жобасы Қазақстанды басқарған Голлоцкий қырғын аштықты Сталинге әдейі айтпаған. Аздаған әлі барлар көрші Омбыға сыпырыла көшіп жатты. Менің әкем колхозда бригадир еді, бір сиырдың сүті, ірімшік, құрты жанымызды сақтады. Келесі жылында астық мол шығып, аздаған қор жинап алдық. Е, түндігі ашылмай қалған туған-туыстарымызға қабырға қайысса да тірі пенде тірілігін жасады. Ең ауыры аштан қырылғандарды анықтап айта алмағандық жанға батады екен. Үрейден қорқып іштен тындық. Аз-кем әлі барлар жұртта қалған сүйектерді теріп әкеліп, соны қайнатып суын ішті, сүйегін кептіріп қол диірменге тартып, нан есебінде жеді. Аңның адал, арамына қараған жоқ, қолына түссе тамақ етті. Аштықта жан сақтайтын тұз қат еді, өліп қалған малдың, иттің етін жеуге тұз таптырмады. Кенет ауданнан кесек-кесек тұз әкеліп, үй-үйге бөліп алдық. Сонымен тыңайдық. 1933 жылы төрт жылдық мектебімізде сексендей бала оқыды. Бұрынғы 250 түтіннің әр үйінде 7-8-ден бала болғанда қаншасы өліп қалғаны түсінікті шығар. Қарапайым есепте тұтас ауылда 1750 бала болса, одан сексен бала оқуға барса, жасөспірімдер баудай түсіп қырылғанын көрсетеді. Өне, ұрпақсыз кетіп шын өлгендер солар. Ұлттың орны толмас қалың қасіреті. Алла алдында да, адам алдында ақталуға жатпайтын қылмыс. Пәлен

үйде пәлен бала өлді, құдыққа апарып тастадық дейді, сәбилерін пісіріп жеді ме, белгісіз, көзіміз көрген жоқ. Есептің жобасы бойынша алты жүзге тарта бала мектепке келуі керек еді, сексен бала ғана оқуын бастады. Бүгінде 250 үйдің адам саны аштық жылының алдындағы санға әлі жетпей отыр. Қалай жетеді, алты жүздей бала қырылып қалса деп топшылаймыз.

Бір кездегі «Тастыкөл» колхозының 1932 жылғы аштықта қырылғанын көзбен көрген Әбілғазы Оспанов қарттың жуадай солған өмір өксігін айтқан шындық оқиғасы еді. Аштық дерегі көп жерде дәл осындай шындыққа негізделмеген. Әр жерде қара тақта, қызыл тақта деген болған. Егер жатыпатарлар қара тақтаға тұтас ауылды белгілесе, дүние-мүлкін ойрандап шығандатып көшірген. Оны Голощекин Мәскеуге «Қазақтар – көшпелі халық, беталды құла дүзге көшіп жүреді» деп хабарлап отырған. 2672 ауылдық советтерге қарасты сегіз мыңдай елді мекендегі қазақтар осындай сүргін көшумен аштыққа ұрынғанын Оспановтың әңгімесі дәлелдейді. Халықтарды сенімсіздерден «тазарту» 1935 жылы күшіне еніп, Одақ бойынша, тарихи деректе 3,5 миллион адам өз Отанынан қуылған, Украинадан 49 мың поляктар, 15 мың немістер, 1937 жылы Қиыр Шығыстағы 173 мың көрістер Қазақстан, Өзбекстан жеріне жер аударылды. Оны аз дегендей, Қазақстанға 69 мың қарачай, 500 мың шешен, ингуштар жер ауып келіп, олардың біразы жол үстінде, халықтың 27 пайызы аштан өлді делінеді. Өйткені, жоғарыдан тапсырыста аштан өлгендердің санын шамадан тыс көрсетпеуді тапсырыс еткен. Ойылда да айына 100-150 адам өлді десе, жылына қанша адамның аштан өлген дерегі жоқ. Сондықтан да аштықтың сұмдығының деректері қара сандықта құпия қалды. Шындығына жетем дейтін үміт жалған. Әлгі желөкпелердің коммунизм аумай-төкпей келіп қалды дегені сияқты. Сүргін сүреңде талайдың туған жері, асыраушы табиғаты қимастықтың көз жасымен артта қала барды. Шулаған жұрт шыңырауға құлап бара жатқандай сезінсе де дәрмен жоқ. Талайлар Ойылдан да босып көшті, Дәукен, Мұқаштар да жылап кеткен. Көз алдарында өзен, айна көлдер, барқын қалғанды.

– Дүзелбай нағашы атам үйге келгенде ел көшіп келгендей қуанушы едім, – дейтін Шәмілдің зайыбы Ғалия тебіреніп. – Менің атам Ахметжанмен тағдырлас еді. Ахметжаннан – мен, Мұхамбетжаннан – сатирик жазушы, қоғам қайраткері Қалтай ағам. Төртінші атамыз да осал болмаған, тарихи тұлға, азаттық үшін күрескен Кенесары Қасымов ханның кеңесшісі, ақын-жырау, өлмейтін ерліктері мен ұлағатты сөзін қалдырғандар еді. Діни ғұлама Мұхаметжан 1937 жылы 22 сәуірде «халық жауы» деген жалған жазамен атылып кеткен. Қалтай ағамның әлемдік жазушы Шыңғыспен дос болуы да тағдырластығы шығар. Құғын-сүргінге ұшырағандардың ұрпақтары, жекжат-жұрағаттарының тірлігі тарылып, үрейлене жан-жағына қаранып, бөрінен қысылып, құлшынған ісіне құлашын жаза алмай, кемдікті аз көрген жоқ. Біреулердей қалғыған жоқ, көз алмай оқып білім алды. Аталап алдында құрақ ұшқанда Дүзелбай рахметін айтып, Шәмілге қарап: «Елден не хабар бар, Ойыл қалай, сыңсыған орманы? Барқын қалай екен?» дейтін сөзі құлағымда қоңыраулап тұрады.

Барқын.

Балығы тайдай тулаған, бақасы қоймай шулаған Ойыл өзенін Жаратқан ием ел игілігін көрсін деп берді, құртсын деген жоқ. «Өзен жағалағанның өзегі талмас» деген сөз қалды. Келгеннен де сұраймын, кеткеннен де сұраймын Ойыл өзені сулы ма деп, Барқын орманы нулы ма деп, халқы аман ба деп, туған жерім ғой... Ойылдықтардың бөрі білетін барқынның тылсым табиғаты жұмыр жерде жоқ шығар деп ойлап қаласың. Аппақ шағылдар бұйра-бұйра теңіз толқынындай елес береді. Көсенің иегіне шыққан күлкілі селдір сақалындай боз тал, шілік өскен төбелер тып-тыныш. Көктемгі самалмен жапырақтары баяу діріл қағады. Онысы дүлей желмен борап келген құмды қағып алып, бауырына тартып биіктей қояды. Аптап ыстықпен, дауыл желмен суситын сусыма құмның ағаштар тамырынан жол таппай сұлық түсуі «ажалы» жетіп өлуі екенін орманшы білер, басқалар түсіне қояр ма екен. Барқын табиғатымен бірге жасасқандай болған Айдарбай ағамыз да, осы жерде қыс қыстап, жаз жайланған айтқыш Майлапес те табиғаттың құпия тынысын жатқа білді. Май-

лапес күлімсіреп; «Барқын орманының үстінен өтіп, Тегеран конференциясына кетіп бара жатқанда Молотов жолдас ағаш баспалдақпен көтеріліп самолетке мін дейтін еді, содан баспалдақсыз-ақ биік ағаштың басына секіріп шығып, самолетке мініп алатынмын», – деп ықыласта-на тыңдағандарға риза болатын-ды. Орманда қарағай, үйеңкі, терек, қайың сияқты ондаған ағаш тұқымдары жа-пырақ жайғанда етектен борған сусыма құмның жы-лаңдай ысылдап, аранын аша бастағанын су сепкендей тыйып тастайды. Сұлулық падишасы ақ балтырлы қайыңдар жалмап жұтқалы ұмтылған құм боранын келе-ке еткендей толқиды. Құм бораны да «өлгісі» келмей арпа-лысады, қайыңның төменгі бұтақтарын басқанына мәздік танытады. Құм дауылының соғатынын хабарлайтын қияқ өсімдігі екен. Қияқ сусылдаса – құм көшкіні келе жатыр дегені. Оны орманшы Айдарбай бірден түсініп, жапырағын жая бастаған шыбықтарды қорғаудың барлық амалын жа-сайды. Жанын салып, еңбегін еш етпейді де, үйіне сүріне жығылса, ұлы домбыра тартып отырады. Зайыбы Әлиман ас дайындағанша ұлының домбыра тартысын тыңдайды. Домбыра шанағынан шыққан дыбыс көшкен құм, үдей соққан жел ме, болмаса күшті желге қайрат қыла алмаған қияқ шөбінің зарлы дыбысы ма, әйтеуір баласы табиғаттың шайпау мінезін естіртетін тәрізді. Айдарбай соған қуанып кетті де:

– Күйші боларсың, қазақтың күй өнері өлмейді, – деп төрде жатқан көпшікке жантая кетті. Күрсінді. Онысы өзі де балаң жасынан домбыраны басына жастанып жа-тып домбырашы болғысы келіп еді. Сұрапыл соғыста оң қолын жоғалтып елге келді. Қанаты сынық қырандай самғауды аңсағанын соғыс тындырды. Қаталдықты еңбек жеңбек. Тынған жоқ, соғыстан оралысымен Ойыл орман шаруашылығына жұмысқа кіріп, зайыбы екеуі кеткенді келтіріп, өлгенді тірілтуге қызмет етті. Балаларын өсірді. Екі қыз, екі ұлы да орман өсіру шаруасына жасынан ара-ласып жүр. Ұлы Бақыт күй тартқан сайын Құрманғазы бабасы, Дина анасы төрінде отырып күй төгілдіретіндей қуанышы Ойыл өзеніндей толқиды. Бірақ, әкенің арманы балалары осы барқын орманына жан беріп, жасыл желек

тіршілігінің мәңгілігіне қызмет ететін мамандар болғанын қалайды. Балаларына тал егу, оны күтіп-баптаудың қилы-қилы тәсілін жалықпай түсіндіреді. Ормандағы жетпіс-сексен жыл бойы тарпаң табиғатқа төтеп беріп өсіп тұрған қарағай «Барқын» орманының күнгей бетіне орналастырылған, мұныңыз қорған есебінде. Сусыма құмның дүркін-дүркін шабуылын қайтарады. Орман көлемін ұлғайта беруге әкелі-балалылар әрбір көктем келісімен қайырлы іске кірісіп, дымқыл топырақпен баптап, дайындап қойған көк шыбықтарды жер қойнына орналастырады. Ағаштардың да екі түрі – жеміс беретіні, жеміс бермейтіні делінеді. Екеуіне екі түрлі күтім керек. Оны баптап, күтеді, тамырын тартқанша мігірсіз жұмыс. Арада үш-төрт жыл өтісімен көк өскінді танымай қаласың. Ондайда қызы Балым: «Әке, менің күткен шыбықтарым ғажап өсті», – деп мақтанады да: «Өзіммен құрдас бір топ қарағай күнге ұмсынып жайқалып тұр», – дейді. Әкесі: «Қызым, орман ұлғайсын», – дейді де жалғыз қолымен шыбықтардың айналасындағы шөптерді жұлып жүреді. Одан соң орманшы Айдарбай Әбілғазиев балаларына шаруаны тапсырады да түскі асқа үйіне беттейді. Жол бойы сыртта шұқынып жүрген Майлапес кездеседі:

– Сенің мақтанышың – орман, ондағы түрлі ағаштар жасарын жасап, уақыты жеткесін өледі.

– Неге өледі, өлмейді, әр ағаштың терең тамырынан көктеп шығып, жаңарып жатады. Сусыма құм шын өлді, біржола тоқтады.

– Орманың өсе берсін, ауырып жүрмін, менің сөзім ұрпақ жадында есімімді өлтірмей қалар ма екен?

– Қазақтың өзіл-қалжыңы өлмес.

– Бәрінің де ақыры бар емес пе?

– Жалғастырушысы болса, өлім жоқ қой. Шүкір, халық бар, ұрпағымыз бар.

– Ізінді басатын таза пейілді болса... – деп жалғыз Майлапес емес, ағаларымыз, апаларымыз өткеніне өкініп, болашағын қынжылып та ойға алатын еді.

Ойыл өзенінің суы тартылды. Айдын көлдердің құрап қалғаны қашан. Сұрапыл соғыс жылдарында Қожакөл, Шоңқайлы, Қамыстыкөлдің балығы жарқабағына соғып

жататын еді. Ойыл өзенінен тамыр тартатын салаларда шүпірлеген балық талайды аштық ажалынан құтқарып еді. Қалжан деген ағамыз көлден алған балығын өзінің отбасындағы жандарға керектісін алып, артығын жағаға тастап кететін-ді. Онысы балыққа қолы жетпегендерге арнағаны еді. Әлгінде Майлапес айтқандай көлдер сусыз қалып өлді, ақыры төнді, Ойыл өзенінің де шығар, шықпас «жаны» бар, Орал тауынан түсетін судың орыс жерінен талай бөгесіндермен тасқын ағысы тоқтай бастаған. Өзенді тазарту, орыс елінен келетін су мәселесін бірігіп шешуді ойлау келеке төрізді, жүйе жоқ, аумалы-төкпелі мінезділер, ненің болашағы барын, ненің ақыры төнгенін айыра алмай қалды.

– Барқын орманы жайқалып тұр ғой, – деді Шәміл.

Қорғаушысы бар, Айдарбектің ізбасарлары жетерлік. Өңірде жайқала өскен қызғалдақтарды да жұлуға тыйым салатын ағаларымыз бен апаларымыз «көкті де жұлма, көктей жұлынасың» деп отырушы еді. Табиғат көңіл қуанышы, көз қуанышы, асыраушы екенін түсінгендер көп, түсінбеген қырсыздары да баршылық. Айдарбек ұрпағына ертегі, мысал айтып отырушы еді.

Бәйтерек пен жәй терек болады. Қазақ екеуден салыстырып ой айтады. Содан қой мен қоян жолаушылар шөлдеп, терлеп-тепшіп қажып келе жатады. Жапан түзде өскен жалғыз ағаштың саясында дем алып отырады. Ол – тамыры шіріген, бұтақтары құрай бастаған кәрі ағаш, көлеңкесі де жарытусыз еді. Көлеңке аз болса да қой мен қоян мөз, қоржыннан сусын алып, екеуі бөліп ішеді. Қой қоянды түртіп өзіне қаратып:

– Мына бәйтеректің көлеңкесі азайып сидиған екен. Жаз ортасы болмай жапырақтары түсіп қалыпты. Білгіш болсаң, себебін айтшы?

– Жапырағы гүлдемеген ағаштың көлеңкесі де гүлдемейді. Жапырағы жайқалмағасын, көлеңкесі найқалмайды. Кәртайып бағы тайған бұл жәй терек. Кім болса да жасында жайқалып, қартайғанда шайқалып төгіледі. Тамыры тереңде болмаса, шын өледі, – деді қоян.

– Бәйтерек те қартаяды екен-ау, бірінші рет көруім, – деп қой таң қалды.

– Бұл ағаш жалғыздықтан қартайған, жалғанда жалғыздық, қорқақтықтан асқан жамандық жоқ. Қояндар бір-неше көжек туатынымыз жалғыздықтан, қорқақтықтан құтылуды ойлаймыз, табиғатта шын өліп жоғалып кетпесек деп тілейміз, – деді қоян. «Табиғаттың суы да нуы да қарамағаннан, қастандықтан қиянат шегеді, құриды. Құрбақаның құрқылы терең суға зиянсыз, қоршаған ортамызға бәрі керек. Адамдар құртуға шебер. Жүз отыз улы өсімдік бар, алдымен соны құртпай ма?» деп айтатын қоянға ақыл қайдан келсін.

Орман жансыз емес, тіпті кейбір ағаш түрі иесін таниды. Зұлымдықты көрсе жапырақтары дірілдеп қорқып қалғандай белгі береді. Анау ақ балтыр қайың, оқтай тұзу қарағай, үйеңке, жөке дейсің – бәрі кейде бірін-бірі өсіп, жетілуін күндейтін сияқты. Күн сәулесін биікте тұрып жұтып, жер нәрін тамырын тереңдетіп, өзгеден мол алғысы келеді.

– Тым биіктеп кеттің, күн сәулесі жетпей жатыр, – деп қайың тыпыршыса:

– Мына төкаппарсып, қарағай жер нәрін өзі алғысы келе ме? – деп жөке ойбайын салатындай.

– Неге бір-біріңе жаулық ойлайсыңдар, бұйырғанына місе тұтсаңдар қайтеді? – деп емен ақыл тастағандай болады. Өйткені, қолына балта ұстаған жаман ойлыны байқап қалғандай жапырағы тып-тынық ауада дірілдеп кетеді.

– Біздің ең негізгі жауымыз – балта.

– Оу, басы зұлым темір болса да сабы ағаш туысымыз емес пе? – дер қайың мұңайып.

– Мисыз неме, сабындағы ағашта билік жоқ. Иесі көзі қанталап тұрған қанішер адам сықылды. Бір-біріңді күндемей, айтысты доғарып тыныш тұрыңдар, балта шауып тастар, – дейтіндей.

Айдарбек:

– Біздің өңірде «Балаубай» талы бар, жұрт киелі көреді. Бұтақтарына садақа байлап, түбіне түнейді. Ерте, ертеде Балаубай деген болыпты, кіндігінен ұрпақ өспепті. Үйінің терезесі алдына осы теректі отырғызып, мал сойып садақа беріп, жұртына: «Тағдыр маған ұрпақ бермеді, өлсем шын өлемін. Менің өмірде болғанымды, есімімді



осы терек шығарар деген үмітіме қастандық жасалмаса екен, Алладан жатсам-тұрсам тілегім сол», – депті. Соғыс уақытындағы ауыр кезде кейбіреулер отынға немесе шана жасауға кейбір бұтағын кеспек болғанда қып-қызыл қан атқылапты. Балта жұмсаған адамның қолы қарысып, жазылмай қалыпты. Содан бастап «Балаубай» талының бұтағын сындыруға да ешкім тәуекел етпей, жаһан далада жайқалып, қаншама жылдардан бері көркін жоғалтпай өсіп тұр.

– Айдарбектің мысал аңызы шындық. Барқын ғана емес, бүкіл Темір, Ойыл өңірлерінің жер асты суы Байқал көлінің суындай таза, жанға жайлы деседі ғалымдар. Қазірде байтақ өңірді тінтікілеп мұнай іздеушілерге он шақты жылдан кейін мұнайдың керегі болмас, бірақ әлем халқына ауыз су қымбатқа түсер, шет елдіктер сол суымыздан ұрпақтың аузын қақпасын деп тіле. Соны ойлап жүде!? Асан қайғы айтқан Ойыл көздің жасына айналып кетпесін. Ойыл тарихы қалың, ақтардың да, қызылдардың да қанды қырғынын да көрді. Ауыл, ел өртеніп жатты, адамдардың қаны шашылды.

Оқ пен оттан да қорықпайтын ауыл айтқыштарынан ұрпақтан ұрпаққа жалғасып өлмейтін, өшпейтін сөз қалды. Олар Кеңес өкіметінің сұрапыл аштық қырғынын көріп: «Айналайын өкімет, боқ пен борық жегіздің, коммунизмге жеткенше, большевиктің табанын сүй дегіздің. Өгіздің мүйізіндегі жұмыртқа жарылардай үмітімді үзгіздің. Ашығудың айла-амалын білгіздің, мен өлсем өтірік өлемін, сонда коммунизм есігіне кіргізгін», – деп толғай жөнелетін-ді. Елдің күйзелісін Мәскеу көсемдерінен көрмейді, жергілікті белсенділерге қыжағы қалың. «Ауданнан келген ақ байпақ, жүрісі жайлы байпаңдап, бір үзім нан сұрасам, жөніне кетер қайқаңдап» деп жолы бұзық белсендіні ащы сөзбен түйреп тастайды.

«Байқа, жаныңды сауға сұрап қала алмайсың», – деген жағымпаздарға: «Байқайтыны жоқ, о дүниеде де біраз халық бар. Қарыны тоқ, киімі бүтін, қайғысыз өмір сүріп жатыр. Өлгеннің алды, арты мен емеспін», – деп шорт қайырады.

Ауыл айтқыштары:

*Сталин айтты, ат дегенін  
Бірден атып тастаймыз.  
Социализмді айқындап,  
Жарқыратып тастаймыз.  
«Үштікке» билік берілді,  
Жазалаудан саспаймыз.  
Шен-шекпеннің жолында  
Қан кешуден қашпаймыз, –*

деп қалдырған қайғылы сөз өле қоймас. Тарихтың өлмейтіні – деректері қанша жыл ақтаңдақ беттерде көрінбей жатса да, еркіндіктің нәтижесінде жарқырап шыға келді.

Сталиннің соғыстағы, халық шаруашылығындағы мақтаулы еңбегін, яғни кемшілігі мен жетістігін салыстырып айтса, ұпайы төмендеп қалады. Сталиннің дүние-мүлкі болмағанын, жеке басын ойламағанын залдағылар білсе де де тырс етпейді. Өйткені, басшылықтың үрейінен сақтанады.

– Осындай зауалдарды бүкіл халықпен бірге ойылдықтар да көтерді. Азды, тозды, адамдарынан айырылды, – деді Шәміл елге деген сағынышын білдіріп.

– Ойыл деп толғанамын, сағынғанда атақты ақын болмасаң да өлең жолдары көмейден төгіледі.

*Бозғылт төбе, боз төбе,  
Бозамық тартқан тұманың.  
Құлазыса кеуілім,  
Аңсаушы едім шуағын.  
Жадымнан шықпай Ойылым,  
Тұрушы едім қуанып.  
Аққулар жүзген айдында,  
Жастығым-ау деуші едім,  
Балаша мәз болып жұбанып.  
Ойылым, өзен, еркесің,  
Нарықтың шағып шекесін,  
Байлығың жетіп артылар,  
«Жібек жолы» боп өтесің.*

Жұлдыз боп Ойыл шықпас деп,  
Біреулер айтар кекесін.  
Түптің түбі білсеңіз,  
Күлгенге күліп жетесің.  
Күні ертең-ақ шығар-ау  
Нарықтың үзіп тертесін.  
Ойыл әркез ойымда,  
Жамылар топырақ, көрпесін.  
Атағыңды маздатып,  
Талай ғасырға кетесің.  
Құстарың ұшып самсаған,  
Тағдырға таңдау болмаған.  
Қиындық түскен шақтарда  
Бір Алла өзі қолдаған.  
Туған жерім дегенде,  
Қыран болып қомданам.  
Ойыл деген – бақ тоғай,  
Төлқұжатым болғансың.  
Тұрамын қалай мақтамай!  
Саясат жолы бұралаң,  
Тіл, көзден Алла сақтағай!  
Жылдар да өтті әрқалай,  
Төлқұжатым болған соң,  
Қалай ғана шыдайын,  
Әнге қосып шырқамай.  
Замана құбылып тұрғанда,  
Жүліктер қарап жатпайды,  
Қызын сатса да қазақтар,  
Туған жерін сатпайды.  
Киелі атамекенім,  
Жақсылықтарға бастайды.  
Нарық деген құйыннан  
Ойылдықтар саспайды.  
Таудай қиындықтарды да  
Төңкеріп-ақ тастайды.  
Ойыл халқы қашаннан  
Қайырлы істі бастайды.  
Төгілген маңдай терлері  
Ақ тары боп көктеген,

Шығанақтың даңқына  
Әлемде ешкім жетпеген.  
Тарышы қыздар сұп-сұлу  
Алдыңнан кесіп өтпеген.  
Жігіттері тәртіпті,  
«Тентек су» ішіп кетпеген.  
Барын базарлы етіп,  
Нарықтан шығар еппенен.  
Коммунизмге өтем деп,  
Байлардан асып кетем деп,  
Ғылымын жайып алдына,  
Жетпегенге жетем деп,  
Асылық айтып қойдым ба?  
Коммунизмге жете алмай,  
Ел қатарлы шеттеген.  
Үзеңгіге салып аяқты,  
Капитализмге беттеген.  
Амандық жақсы, ағайын,  
Күніңді көріп көппенен.  
Кедейліктің жүзі шат,  
Байсың деп ешкім сөкпеген.  
Тонадың деп қоғамды,  
Абыройын төкпеген.  
Нарықтың қызыл тұлкісі  
Қырларымда толып жүр.  
Тұлкі аулаған іскерің  
Қалтасы қалың болып жүр.  
Алмаса да алғандай,  
Сұрамсақ туыс тоңып жүр.  
Ойылда байлық жетерлік,  
Оны игерген ерлерін  
Мадақтар күні ертең-ақ,  
Кәдімгі хандай көтеріп!  
Перзенттік қарыз әркімге,  
Еңбегі жанса өтеліп.  
Жақсы екен деп жүрерсің,  
Күнің тұскенде білерсің.  
Нарық жолында, ағайын,  
Бір тынбасын күресің!

– Қай кезеңде де халық үстемдіктің қыл тұзағынан құтылып, дарқан тілекті аңсаумен келеді. Ұрпағыма адал еңбегіммен ас ішкізіп, адалдық жолдан тайдырмайын деген үмітін үкілейді, Шәміл, – дегенде өткеніне де, бүгінгі, ертеңіне де шынайы шыншылдықпен қарап үйренген қалпымен Шәміл:

– Әр кезеңнің саясаты да, міндеті де құбылып өзгеріп тұрады. Сонда да қоғамдағы сұм-сұрқия, нетүрлі қылмыскердің мойнына қылбұрау түсе бермейді, түскені оны елең қылмайды, тірлік заңдылығы деп ұялмай тарта береді. Ондайдың ұрпағы да әкенің зәлімдік ісін қайталайды. Қазақ «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп тауып айтқан емес пе? Республикамыздың жүздеген халық бақылаушылары қаншама жемқорларды, парақорларды, шашпашыларды іздеп тауып, миллиондаған қаржыны қазына сандығына қайтарды. Қайтесің, жұмыр жер үстінде сұм-сұрқия жетерлік.

– Сонда жамандықта өгірік өліп, кезеңі келгенде тіріліп кете бере ме?

– Бірақ, шындық өлмейді, ұлт даналары, ойшылдары, ақын, жазушы, өнершілері, тарихы өлмейді. Есімдері ғасырдан-ғасыр жалғастырып, әлемге таралып, тіріліп шыға береді. Қазақтың «Жер тұрғанша, тұр» дейтін батасына лайықтылар ұрпағымыздың өнегесіне жұғысты болғай.

– Біздің ақтан тілейтіміз сол, – деп Шәміл жұма сайын зайыбы Ғалия пісіретін ақ нанның шелпегіне қарап ата-баба аруағына дұға арнап, әкесінің қабірін тауып, жүрегінің мұзы ерігелі көңілін хош санап отырады. «Ұрпағың тірі тұрғанда, әке, шын өлген жоқсың, тірісің» деп күбірлейді. Ғалия Қазақ хандығының 550 жылдығына орай төртінші атасы Күдеріқожа Көшекұлы Кенесары ханның кеңесшісі, белгілі ақын, жырауы болғандығы жайлы деректер жинап, шығарма жазғысы келеді. Оны Мәскеуде жұмыс істейтін ұлына да айтып, мұрағат, мұражайлардан деректерді іздестір деген. Бабалар тарихы күрделі, олардың ерлік-тері – бүгінгі ұрпаққа таптырмайтын өнеге.

Терезеден құйылып тұрған күн сәулесі бөлмеде құбылып ойнақ салады. Кәдімгі немерелерінің ақжарқын күлкісі сықылды. Солардың алдында қадірімді түсіндіріп, баба тарихынан сыр шертемін дегендей көңіл құсы қанаттанады. Адам өмірі өзі ойлағандай болса ғой, шіркін! Мыңдардың ойлағаны бір жерден шықса – нағыз шындық деген қазақ даналығында.

– Әкем келіп қалар, – деп Айзада күнделікті жұмыста жүрсе де елендеп, қуанышты хабарды күткендей болатыны, әйел жүрегінің сағыншпен елжіреуі мына бір оқиғаны есіме түсірді. Ойылдықтар басқосу дейсің бе, ойын-той дейсің бе, өнерлерін төгілдіргенде «Кәмила» әнін де шырқаушы еді. Осы арқылы мұң-шердің ортақтығын елестеткендей болушы еді. Ән сөзіндегі аласапыран толқын көптің көңілін босатады.

– Бұл ағамның көкірегінде кеткен ғашықтық зары ғой, – деп шүйкедей кемпір әлі күнге бейуақытта есік тықыр етсе, ұйқысы шайдай ашылып кетеді. Ұл өсірді, қыз өсірді, бәрі де шаңырағын көтеріп, маңдайына жазған өмірлерін өткізуде. Өзектері талған жоқ, киімдері жыртық болған жоқ. Заман солай, әркім өз қара басының қамын ойлаумен тынады. Жібектің ұрпағына өкпесі жоқ, өзегін өртейтін қайғысына өзге ортақтасқанда не бітіреді. Адамның ішкі сезімі өзінікі. Қайғыра ма, қуана ма, өзінің сыпа басы көтереді. Жаратқан Ием пендесіне өлшеусіз өмір бермеген, сол тірлігін соғыс қырғыны зая қылса, оның қайғысы ұмытылар ма? Жібектің тырс еткен дыбысқа бола апыл-ғұпыл жүгіріп есікке жететіні:

– Қарындасым, мен ғой.

– Кім?

– Әлкен, Әлкенмін! – деп туған ағасы үн қататындай алып ұшатыны дағдыға айналғаны қашан! Қаншама айлар, жылдар өтті. Ағасын ойласа, түсіне енсе, жүрегі өрекіп, ішкен асы бойына сіңбейді. Кең жайлауда қой бағып жүргенде Әлкеннің «Кәмила» әнін дала сахнасына еркін шырқап мауқын басушы еді. «Қосбармақ» мекенінде ағалы-қарындас жүгіріп жүргендей елес беруші еді. Жібектің үні ауаға тараған сайын көңілін көтеріп желпінуші еді. «Көзіме бір көрінші, аға!» деп Аллаға

жалбарынды талай. Жә, Жібек ақыл-ойға қаншалық пайымды болса да, үмітін үзетіндей жетпіс жылға тарта уақыт өтсе де, ең болмаса бір хабар күтуден шаршаған емес. Жібектің жан-дүниесінің қопарылысын аңғарып отырған шығарсыздар. Әкелеріміз бен аналарымыз талай басқосуда шырқап кететін «Кәмила» өнін шығарған 1942 жылы II дүниежүзілік соғысқа етек-жеңін сұғынып, жеңіспен ораламыз деп кеткен Әлкен Байпақовтың туған қарындасы Жібектің жан тебіренісі. Бүгінде ең болмаса моласын көрсем деген аңсау-арманмен ұласып жатты. Пешенесіне жазған азапты қайыспай көтерсе де, қабақ шытпай сарғая күтіп еді. Қанды ауыз қырғын тілегіне жеткізбеді. Сүйіктісі Кәмила да жүрегіне түскен алғашқы махаббат отын басы жерге жеткенше есінен шығарды деймісің. Дүниеден өтерде де екі иығына екі кісі мінгендей тұлғалы Әлкен елес берді ме екен, кім білсін?

Рас, Кәмиланың әкесінің Әлкенге рахымы түспеді, 1928 жылғы байларды тәркілеуден мал-мүлкін ағайынтуысына бөліп беріп жанын сақтаған әке: «Тәрдегі басым аман тұрғанда, есіктегі жалшыма қыз беріп, ризаласып не болғаным!» – деп маңайына жолатпады. Ғашықтық дертіне шалдыққан Әлкен салқар көштей өлең жолдарын қалдырды.

– Өзі өлсе де, ағамның сөзі жұрт жүрегінде қалғанына жұбанамын, адамға бауыр қымбат екен, бауыры бардың төрт құбыласы тең екен, – деп Жібек көзін сулап, күрсініп қояды да Әлкеннің ақ қағазға мөлдіретіп түсірген өлең жолдарын оқиды:

*Хат жазғанда сары карандаш қолымда,  
Мен қалдым гой қасіреттің соңында.  
Әлі де болса жас жүректі қуантсаң,  
Жаным құрбан болар еді-ау жолыңда.  
Өзіңе аян менің саған құмарым,  
Табылды деп қуанушы ем сыңарым.  
Шын айырылсам, жаным, сенен, Кәмила-ау,  
Екіталай тірлік етіп тұрамын.  
Малдың жоғын салып едім алдыңа,  
Тілегім сол, кездескейсің малдыға.*

*Топ ішінде мұнша жерге қаратып,  
Өлде менен көңілің суып қалды ма?  
Мен қайтейін, жаутаңдаған көзіңнен,  
Жылы тәтті, жібек майда сөзіңнен.  
Өлтіріп кет, ботакөзім, қолыңмен,  
Мен садаға басып кеткен ізіңнен.  
Мехнатқа салдың менің басымды,  
Мен қайтейін қиғаш қара қасыңды?!  
Ғұмырымша қалыңдық деп мен қалдым,  
Мойныңа артам көзден аққан жасымды.  
Қайғы болды ғұмырымша арылмас,  
Бірдей болып келмеген соң мал мен бас,  
Онды, бесті мал итіңнің жоқтығы-ай,  
Ағызды ғой қан аралас көзден жас.  
Қанатым тұр осы күнде қайырылып,  
Жүрек шіркін жабырқайды майырылып.  
Құдай десіп қол алысқан жарымнан  
Қалғаным ба шыныменен айырылып?!  
Сөзім менен ісім еді-ай кеңескен,  
Мұның арты бұлай болар деместен.  
Көңіл сүйсе, мал жолдас па дегенің,  
Өле-өлгенше кетер емес сол естен.  
Еркем едің ақ маралдай керілген,  
Екі аяқты бір басуға ерінген,  
Алдымызда әлдеқандай күн болар,  
Қатты қысып құшақтайын беліңнен.  
Қош бол, сәулем, қолыңды бер ұсынып,  
Айтқан сөзге құлағыңды сал түсініп.  
Не өлі емес, не тірі емес мен қалдым,  
Делдал болып екі арада қысылып, –*

деп Жібек ойға шомды. «Ел мен жер жыры да, мұңы да ғасырлардан-ғасыр өтіп жалғасып келеді ғой. Талай қырғын кімнің жүрегін жараламады дейсің. Өлкен ағаммен бірге соғысқа аттанған Ақан Құрманов Советтер Одағының Батыры атанды, халық қанша сұранса да совхоздың есімін батыр атына бермей отырғаны үстемдіктің қиянаты. Ат-басар ауданын Пашков деген басқарды, қазақтың жоғын



жоқтап қайтеді өзімшіл болса. Арман аңсаудың орындалу жолы ұзақтығына түсініп, тоқтамасқа лажымыз қайсы?»

Айқындық жоқтаушысы әлсізденген сайын күңгірт тарта беретін ақиқат. Немересі Абайды оқып отырып: «Өлсе өлер табиғат, Адам өлмес...» деп әжесінің көңілін жұбатқандай болды.

## ЖАГОРДЫҢ ЖАНЫ

Жарықтық Есіл, Нұра өзендерінің құйқалы өңірі тоқшылық берекесі болған ғой. Сосын да жағалай ел қонған ғой. Пенде көңілін сұлу табиғатына аударып, жоқшылықты аңдатпауға әсер еткен. Бабалардан қалған сөз: «Өзен жағалағанның өзегі талмас» дейтінді ұқтырған. Атақты Асан қайғы: «Ішіме сыйсаң, ішіп кетер едім, қанжығама сыйсаң, бөктеріп кетер едім» деп тамсануы тегін болмаса керек. Бүгінде өңір жүдесе, дәрменсіздік пен енжарлықтың кесірі, басшылықтың ақыл-ойының кемдігі. Өйткені өзен салалары суға жарымай қалған. Іркіліп ағатын сиыр тілді толқындар көзден бұлбұл ұшқан-ды. Жә, жер тарихы, ел тарихы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, қалың жұрттың жадында. Ерте, ертеде 1870 жылдары Ресей патшалығының қысымымен жер ауып келген Егор Рекин еркіндігім қайырлы болғай деп Нұра өзені бойындағы «Қазоты» көлінің жағасына орналасып, ұрпағын балықшылық кәсіппен асырай бастайды. Бұл өңірді Алтай, Қарпық, Темеш рулары мекен етіп отырған. Күнкөрістері мал өсіру болған. Еліне елеулі, халқына қалаулы Қоспан өңірдегі Ащыкөл, Тұщыкөлді ертедегі аталарынан бергі жылдарға дейін иелік еткен. Қоспан бас сауғалап келген Егорды жатсынбай, жұрттың қатарына қосып, аралас-құраластықты бастайды. Ежелгі меймандос, қонажайлық салтымен басына үй тігіп, алдына мал салып береді. «Табы бірдің тәңірісі бір» деп есептейді. Егор мұндай қайырымдылықты қуана қарсы алып, бірінікі жетпесе, екіншісімен қолда бар дүние-мүліктерін тіршілік үшін бөлісіп пайдаланады. Ой-тілектері біте қайнаса бастайды. Құдай алдындағы қайырымдылық қарызын адалдықпен

ақтауға іштей ант еткен де болар. Қазақтар болса Егор дегенге тілі келіңкіремей, есімін Жагор атандырады. Егор қазақтардың адалдығын, қамқорлығын түсініп, бар ынтасымен тілін, әдет-ғұрпын жалықпай үйрене бастайды. Патшалық Ресейдің зорлық-зомбылығынан қашып келген әйелі екеуі осы халықтың қолында туып, қолында өскендей, тел қозының сыңарындай үбірлі-шүбірлі болады. Қазақ жерінде дүниеге келген төрт қызы қазақ балаларымен ойнап, күліп, тілдері қазақша шығады. Ұлдары да қазақ тілін, дәстүрін жастайынан қалыптастырады. Өйткені әке-шешенің өздері көбіне қазақша сөйлесіп, көрші-көлеммен араласқанда орысша айтпайтын-ды. Тілін білді, жергілікті халықтың бабын тапты, жылдар өтіп жатты. Орыстың мақалындағы: «Тапқан анаң емес, баққан анаң» деген сипаттан адамдар сыйласа келе жанын танып, ұғысады. Әсіресе, балғын жастар бірін-бірі қимас досқа айналады. Талай жиын-тойларды бірігіп өткізіп, ән шырқалып, домбыра тартылып жатқанда Егордың отбасындағылар тезінен үйреніп, алғырлықпен ұғынып, өнерге де бейімделе бастайды. Егор замандастарына «Менің сүйегім – орыс, жаным, қаным қазаққа айналды» деуінің де мәні бар. Кенже қызы Мәриям бала кезінен қазақ тіліне, өнеріне ерекше дарындылығын таныта бастайды.

Қазақтың ақиық ақындарының бірі Қалижан Бекқожиннің «Жагор қызы» поэмасындағы «Телміріп тыңдаушы еді, таңдай қағып, ауылдың аспанында ән өрлесе» деуі «Дудар-ай» әнінің құдіреті еді. Қандай да жиын-тойдың сәні де, мәні де Мәриямның алғыр ойы, өміршең өнерінің нәтижесі болса керек. Ал өмірінің соңғы жылдарында Егор бір жиында Сәкенді көріп: «Сұлулығы әлемдік екен» деп тамсаныпты деседі. Мәриямның өнерін қазақ елі аңыз ете бастағанда оның құдай қосқан жары Дүйсен Үкенұлының да серілігі, ерлігі, өнердегі алғырлы замандастарынан кем болмаса керек. Дүйсен Ащыкөл өңірін мекен еткен. Дүйсен мен Мәриямның некелесуіне жолдас-жоралары тілекші болса да, дінді бұзуға болмайды деген қарсылық кездеспей қалмайды. Егор да қызының бір орыс жігітіне тұрмысқа шығуын қалайды. Тегеурін қатты, қазақ салтымен бел құда боп қойған Ыдырыс

бастаған топ Дүйсен мен Мәриямды сойылға жығады. Махаббат пен қорқынышқа тоғыса төгілген қайғының ұшқыны Мәриямның сүйген жігітіне арнаған «Дударай» әні ашудың асау толқынын жуасытқандай дүниеге келеді. Бұл әнді атақты «Қанатталды» әнінің авторы Сәтмағамбет Ахметов орындағанда қаскөйдің де дәті шыдамай аяушылық сезім білдірсе керек. Ел оқиғаларын жақсы білетін мұғалім Өміртай Сыздықов:

– Алдымен Тұщыкөл туралы айтсам, «Ащыкөл, Тұщыкөлдің арасы бір», өлеңнің өзегі болған жолдарда қарттардың айтуынша, кейбір жылдары қар қалың түссе, су тасып, екі көл бір-біріне қосылып кетеді екен. Дүйсеннің орыс қызына үйленуіне қарсылық болғаннан кейін екеуі Тұщыкөлдің маңайындағы ну қамыс арасында паналап жүрген. Дүйсеннің бірінші әйелі баладан қайтыс болып, қырқынан шықпаған сәби Мәриямның қойнында болады. Дүйсеннің құрбы-құрдастары тамақ апарып тұрған. Біраздан соң ауылдың азаматы Бекқожа Бекежановтың үйіне жасырынып келіп, Дүйсен мен Мәриям паналайды, содан ел ақылдылары мәмілеге келіп некелесуіне рұқсат береді. Бірі орыс, бірі қазақ алғашқы рет шаңырағын көтереді. Мәриямның ерлігі Дүйсеннің бірінші әйелінен қалған сәбиін бауырына басып өсіреді. Бұл шамамен 1905 жылдар екен. Ақынша айтқанда: «Сөйлеп қыз қазақ тілін өз тіліндей, ауылда өзгелікті өсті білмей» деген Мәриям «Халықты сүйсең тілін біл, дінін үйрен, мәдениеті мен өнерін жатта, бар жақсылығын ала біл» дейді екен. Қайран ән, қайран күлкі, ұзағынан сүйсіндірмей, Дүйсен өмірден озды. Мәриямның төрт бірдей ағасы соғысқа кетті. Қайғы жұтып қалған Мәриям өзінің шерін тарқатқысы келіп, «Ақ сәулем» әнін кейде көзіне жас үйіріп отырып толғайтын еді. Дүйсен ағамыздың жерленген жері осы ауылдың шет жағында, – деді де Өміртай сөзін жалғады. – Дүйсенге де ескерткіш керек, ұлттар достығының дәнекері еді ғой. Мәриямға ескерткіш қойылды. Тарихта аты қалды. Айта кетерлігі, соғыс басталған жылы Тұщыкөлдің суы тартылып қалды. Көл ортасындағы аядай жерде екі тас көрінді. Бір ғажабы, осы екі тастың арасында бір киік қыстап шықты. 1942 жылы өзенге су түсіп, көл қалпына келді,

табиғаттың осындай құпия сыры есімізде қалды. Өңірдің бастан өткен жақсылығы да, қайғысы да жетерлік. Кейде жүйкем босап, тағдырға налимын, ұлым мен қызым қалада оқитын еді, елге қысқы демалыста келемін деп жаяулап шығып боранда үсіп өлді. Мәриямның «Дудар-ай» өні қазақ еліне танымал болып, Алматыдан оралған бойда Мәриям Үлебайды сауық кешіне шақырып: «Қайғысыз пенде жоқ, қуанышымыз көбейіп, мұң-шерімізді жеңілдете берелік, менің атымды шығаруға еңбек сіңірдің», – деп астына ат мінгізіп, үстіне шапан жапты.

Мәриямның ауылдастары, бүгінде бірнеше ұлт тату-тәтті өмір сүруде. Осында туып-өскен Галий Петр Александровичтің әкесі Шурикпен дос болдым, той-томалақта қазақша ән айтып, той басқарып жүретін еді. Бірде көрші совхозға тойға бардық. Екеуіміз қатар отырғанбыз, сөзден сөз шығып, отырған бір азамат, «Қасыңда көккөз отыр ғой, басы жарық емес шығар» деп сөз бастай бергенде Шурик күліп: «Басым жарық болса, айран құйып ішейін деп пе едің?» дегенде жұрт қыран-топан күлкіге батқаны бар-ды. Кішкентай ауылымызда Сейдахмет деген ініміздің әйелі Ирина – неміс қызы, Аманжол деген ініміздің әйелі Вера – орыс қызы. Мәриямның бір бауырласы Петр Гайлин қазақша орта мектеп бітірген. Әйелі Райхан, балалары Әлмира, Ранат, Гүлмира – бәрі де қазақ мектебін бітірген. Сейдахметтің зайыбы Ирина ұлы Қайрат, егіз балалары Әлшер, Әлиді өсіріп, қазақша тәрбиелеп отыр. Тар жерде табысқан көңілдер кең жерде сыйластықтың биігіне жеткен. Егордың жаны, қаны Мәриям:

*«Дударды айтып едім жас шағымда,  
Ол заман өтіп кеткен бір сағымда.  
Ел қамын ойлар кезім егделеніп,  
Дударға бір басайын мен тағы да», –*

деген үн ауыл аспанында әлі өшкен жоқ. Ұрпақ жалғастырып жатыр. Табиғаттың құпия бір құдіретіндей екі егіз көлдің қақ ортасында аттың жалындай боп жатқан Қоспан түбегі деген жер бар. Егордың замандасы, сырласы, сыйла-

сы болған Қоспан 90-нан асқан екен. Ол кісі: «Жасымның ұзақтығы – халқыма жасаған қайырым, мол мейірімім, елді, адамдары ерекше құрметтеуім», – депті деседі. Соның бір ұрпағы Серік Оспанов: «О кісіден бес ағайындымыз, ең кенжесі мен. Үлкен ағайым Қайыржан, оның он баласы бар. Дүйсен де аталарымызға жатады. Бірақ, басында дұрыс белгі жоқ, елде бір мұрағат ашуға болар еді. Билік онша көңіл бөлмейді. Дауылпаз ақын Сәкен Сейфуллин бағалаған, құрмет тұтқан, дәмдес болған Мәриям мен Дүйсен өмірі ұрпаққа жалғаса берсе дейміз. Ел өнершілері Сәтмағамбет, Үлебай, Әкімжан, Қоспан сынды аталарымыз мұраларын жинастырса деген үмітіміз бар. Биліктен қолдаушы болса, іліп әкететін ұрпақтары бар. Мәриямның соғыс жылдарында шығарған «Отан үшін туған» әнін өзі бабымен айтады екен. Қазірде Егордың белінен тараған қыздары және Мәриямның ұрпақтары жетпістен асады. Бәрі де қазақша білім алып, тірлікте өздерінің орнын тауып, Қорғалжын ауданы, Ақмола өңірінде өмір сүріп жатыр. Егор замандастарына: «Қазақтың «Кімнің жерін жерлесен, соның суын сула» дегеніндей, сүйегім – орыс, жаным да, қаным да қазақ. Себебі, осы өңірдің ауасын жұтамын, азығынан қаныма, жаныма нәр аламын, өлсем осы жердің топырағын жамыламын, тату достарым тірлігімде бірге, өлсем солар жоқтайды», – деген екен. Біз ұрпағын көрсек құрмет тұтып, Жагордың жаны дейміз. Ел тарихымыздың ұмытылмайтын парақтары ғой.

## **НЕДЕН КЕНДЕМІЗ?!**

Бәлкім, үлкен талап қою керек емес те шығар. Басбасымыз басқарушы болмасақ та, тапсырылған істі атқаруға қабілет жетті. Мінсіз орындауға тәк тұрамыз. Басшының басалқы ақылына елікпей, жөнсізін де жөн деп ұғамыз. Шөлкестік мінезден аулақпыз, орынтақта отырғанның алдына абайлай басып бармақпыз. Сөз бастауын ақыл-ойыма сіңіріп қалмақпын. Олай десе мақұл, бұлай десе мақұл, бауырсырап тұрмақпын. Ауыл айтқыштары айтқан «Бастық мінген байталдың да бас асауы болады»

дегенді өзімше жырлаппын. «Ғасырдан асқан ақылдым, әр сөзің заң, нақыл тың. Тарихта болған емес дәл өзіңдей батылдық, мекеменің жұмысын мыңжылдыққа асырдың» деп жағына білуге бай едік. Арақ іштік, желіктік, ерлік айбарды ұмыттық. Ұрпаққа «О дүниеге барғанда әкенің еңбегін, ананың ақ сүтін ақтадың ба?» деген сұрау болады дегенді айта алмадық. Бар тапқанымыз – билік алдында дірдектеп, жаутаңдадық. Өйтпесем табысымнан қағыламын. Жұмыстан қуылып, арақ ішіп, қағынамын. Тілімнің майын тамызып, бастықты мінбеден мақтасам, сыбайластың олжасынан табыламын. Мендегі дәйекті мінез бұрын солай болғасын, бүгінгі ұрпағымызда мыңдаған бойдақтар селтендеп қу бас атанбақ, шын өлім деген сол. Адамдар байыған сайын туыс-туғанымен алақозденіп, күндеушілік пайда болды. Отбасында «Қызды қырық үйден тыя біл» деген тәртіптен кендеміз. Орынтақтағылар шашпалыққа бай, түрлі кеңселердің құрал-жабдықтарына 1,2 миллиард жұмсалса, одан қулар олжа тауып қалады. Жағымпаздан кенде емеспіз: «Басеке, сіздің үстеліңіз, орындықтар шет елден келген, шыбын тайып жығылатындай жып-жылтыр, өзгелеріңізден кеңсеңіздің мәдениеті жоғары», – деп дәлелдесе, бастық дәрежесі өскендей жомарттана түсіп: «Біз бай елміз, үкіметтің қаржысы жетеді, осындай дәуірлеп тұрғанда нені аяймыз?» – деп билік кернеп тұрған кеудесін көтереді. Есік күзетшісіне әкем де болса қабылдап, мені мазалаттырма деп қатаң тапсырыс береді. Неден кендеміз, басшылықтың халық арасында жиі болып немесе қабылдауына келгендерге есігін ашып қойып, олардың пікірін тыңдауға өреміз жетуден кендеміз. Орынтаққа отырғасын өркөкіректенуге баймыз, ондайды қолпаштайтын жағымпаз, өтірікшіге кенде емеспіз. Кейде желікпе мінезділерді көріп, біліп: «Бұлар өзі не болса, о болсын, өзгеден ұялмай ма?» деп жұқарасың. Орынтақтағыларды ақыл-есін кемшін емес делік, жағымпазы мен өтірікшісі алдау арқылы жұрт алдына шықтым деп мақтануынан кенде емеспіз. Өтірікші дегеннен шығады, Солтүстік Қазақстан облысында жалпы құны 11,5 миллиард теңгелік зауыт әлемдік деп жар салынды, ақпараттарда өнімі жұмыр жерде теңдесі жоқ, Европа-

дан тапсырыстар түсе бастады делінді. Кенет биоэтанол да жоқ, зауыт та тоқтап қалды, үш жүз қызметкері айлығын ала алмай жұмыстан шығып кетті. Аузын қу шөппен сүртіп бастық қалды. Облыс басшысының орынтағын сақтағысы келіп, мақтанып алғаны өтіріктің көкесі болды. Өтірікті жазалауға кендеміз. Өтірікті малдану, алданбасқа алдануға баймыз. Болымсыз болдырып, жалғандықты жоқтан жақсы деп оңдырып, басшыға кіріптарлықтан шықпай, шындықпен ұтпай, амалсызға жүгініп жүрміз. Кісімсініп тұрып сухитқанға мұның жөнсіз деп айта алмай, төсін қайтармай, қайта ісің таза деп бәйек болатынымыз қандай аянышты. Әрі айтып, бері айтқанда қай заманда да өтірікшіге сот жоқ. Өткен заманда осындай сұм-сұрқиялар жазықсызды жазықты етіп, талай арысымыздың басын жұтты. Сондықтан кейбір мекемелердегі өтірік мәлімет, өтірікшінің шаруаны құлдыратуын жазалаудан кендеміз. Керісінше кешірімшілікке баймыз. Бабалардың «Биге ерген жағады, не берген жағады» дегені бүгінде орынтақ иесі, қолында мөрі барға жағынатын жетерлік болса, пара берудің мың сан амалын тауып жатырмыз. Орынтаққа ниетіміз ауып жатыр, ондайды мысқылдаған ауыл айтқыштары «Әліне қарамай көже де көпіреді» дегенін біріміз ұқсақ та, кейбіріміз түсіне қояр ма екенбіз? Кеңес заманында «Білік сөйлемейді, қазанда бүлкілдеп жатқан жілік сөйлейді» деп қой сойып, қол құсырған адамға шаруаны басқару бұйырып еді. Бүгінгі тірлікте біреуі аудан, облыстың тағына отырса, туыс-туғаны жымдаса бастады, нөкерін ертіп жүруге кенде болмай қалдық. Олжа бөлісі ылпып тұр, жемқорлар тізімі өсіп барады, оны санауға кендеміз. Оңтүстік Қазақстан облысында мектеп оқушыларының кейбірінің ауыр қылмыс жасауы ата-баба тәрбиесінен безініп, ғаламтор мен «көк жәшіктегі» атыс-шабыс қырғынға еліктеу ме, әлде әке байлығымен желіктеу ме, миы бұзылып, қара ниеттенуді әкенің айбарымен тәрбиелеуден кенде болғанымыз-ау. Қазақ «Тентек ұлың – көңілдің қасіреті, көзіңнің ақ шелі» дегенді ұмыттық па? «Ақылға сәуле қонбаса, хайуанша жүріп күнелтпек» деген әлем данышпандарының бірі Абайды оқудан гөрі, шет елдің жамандығын, зұлымдығын телебейне, интернеттерден көріп қалып қайталайтын зәлімдер

төбе көрсете бастады. Кейбір өке ұлынан, ана қызынан түңіле бастаудан кенде емеспіз. Астанаға келгендер тамсанып қарайтын байлығымыз бар, халық та ішпесті ішіп, киместі киіп байығаннан кенде емеспіз. «Енесі тепкен құлынның іші ауырмайды» деп аз да болса кездесетін кемшілікті сынап, шын өлуге жібермеуді парызымыз десек қайтер еді? Аты шықпаған таудан аты шыққан төбе артық, алпауыт мемлекеттеріңнен қазақ елім мың артық. Асып-төгіліп жатқан байдан көжесі бар мен артық. Жақсылығымен аты шықпаған халықтан ойлы патшалы ел мың артық. Көппін деп көкитіннен азға береке дейтін мен артық. Иесіз жатқан даладан иесі бар Жетікөл мың артық. Жасына жетпей өлетін сұм-сұрқиядан тыныш ұйқың мың артық. Пенде жүрегі әр нәрсеге жүрер құмартып, олжа жолында әлсіздерді жылатып, көздің жасынан қорықпайтындардан жұбатушы мың артық. Қиянатын сезбейтін таққұмардан жаяу жүретін мен артық. Биліктің ықпалына шырматылған жағымпаздан алымпаздар мен пара берімпаздардан адал жолдағы мың артық. Еркін ойынан тыйылып, ісі сұйылып, жоққа бола ашындан еңбегін қадір тұтушы мың артық. Көкірегімізде менім болғасын, бәрінен де мен артық. Жүз таныстан да ескі досым, Шәміл, сен артық. Өздерің біліңдер, у-дудан сақтасын, бірін-бірі жататын құлатып. «Кінәнді кейде Алла кешер, бірақ аруақ кешпейді» дегенді түсінуші көп болғай. Өткен заманда ауыл айтқышынан қалған сөзде: «Өтірікшілер академиясын бітіргендердің желбуаз сөзіне сенгенше, өзіңе сен», – дейтіні әлі тірі сүйретіліп жүр. Шаруанды айтуға басшының кең кабинетіне кіре алмасаң, ойланшы, сенен шыбын ақылды, оның есігінен шыбын да сығалай алмайды. Шыбын шет елден келетін улы тағамдарға қонып, шын өлді, тұқымы жоқ, сен балаларың тұрғанда өлмейсің, көргенім көп, көрмегенім одан да көп деп, ашық аспан астында талтаңдасаң талтаңда, ақшам болмаса да қалтамда деген әніңді шырқап тарта бер.

Айтпақшы, 1920 жылы кеңестік оқымыстылар қайтыс болған атақты адамдардың бас сүйегінен миын алып, зерттей бастаған ғой. Оның негізін салушы академик Владимир Вектерев көрінеді. Ми институтының зертханасында Сталин, Киров, Калинин, Маяковский және басқа да толып



жатқан ұлы адамдардың миын қарапайым адамдардың миымен салыстырғанда түк те айырмашылығы жоқ деп шешіпті. Қанша дегенмен олар социализмнің адамдары ғой, бүгінгі капитализмнің пенделерінің миын зерттесе, жер мен көктей айырмашылық табылуы мүмкін. Өйткені құныққандар да, жыныққандар да мидың қабілетін жүз пайыз өзгеріске ұшыратты ғой. Оның үстіне ми компьютерге, интернетке айналды. Сосын да ми талауға түсіп, даналық ойды жадымызда тұрақты сақтаудан кендеміз. Ең бастысы, әлемдік санақтың 1897 жылғы дерегінде қазақтар өзбектерден бес есе көп, бүгінде өзбектер саны 25 миллион болса, біз төрт бірдей аштықта қырылмағанда 125 миллион болар едік. Осыны түсінетіндер қазақ ұлтының өсімін көбейтуден кендеміз. Бүгінде тұрмыс-тірлік көркейген сайын пейіл тарылып, күндестік, алақөздік, түрлі қылмыс жан-жағымызда көріне бастады. Адалдық азайып, қатыгездік, пайдакүнемдік, өркөкіректік күшейіп барады. Түкке тұрғысыз нәрсеге бола жанжал шығып жатады. Туған жеріміз Жетікөл өңірі бізге де мың артық қой. Бүгінде адамдар байыған сайын ізеттік, мейірім тарылып бара жатқандай көрініп, сұрапыл соғыс жылдарында жау қолында қалған Украина, Беларусь елдерінен келген отыз жетім балаларды тәрбиелеп өсірген «Терісаққан» совхозының директоры Ахметқан Ниязбаев әулеті, туған қарындасы Фатима жайлы деректі повесімді тарихымыз есебінде кітабыма енгізіп отырмын. Ойлан, ұрпақ. Қайырсыздың жолы тар, қайырлының ізгілігі ғасырларға кетеді. Қазақ ұлтының ұлылығы кейбіреулерге жасырын сыр, құпия боп көрінеді, кейбірі мойындап түсінгісі келмейді. Бәрібір рухы жоғары, ұлтымыз әлемді мойындайды, түптің түбінде біріншілікті еншілейді.

## ДОҢЫЗ ДӨҢБЕКШИДІ

«Қызғаншақтың ішінде доңыз дөңбекшиді» деген оқтан өткір, қылыштан қиғыр, зұлымдықты жойып түсетін, керауыздың көкірегін ойып түсетін сөз бар. Естігенде көзі ұясынан шығардай, денесі дірілдеп тұрардай, зәлімдігін өзі де ұғардай сүйектен өтер сөзді өскемендік А.Л. Феок-

тистов естімеген де шығар, естігісі де келмес, шованистік өрескел мінез ештеңені ойландырмайды. Дауасыз адамда сылдыраған дерексіз ой болады. Автордың кітабында кінәлап отырғаны В.И. Ленин болса, көсемнің «Орыс шованистері аса қауіпті» дегенінің маңызын түсінуден айырылған. Даңқ-дақпыртпен былығып, өтірік айтсаң өлгенді куәға тарт дегеннің кебі екенін түсінерсіздер. Өйткені, жүз орыстың ішінде бір шовинист болса, 99-ының қадірін кетіретінін неліктен қаперіне алмады, шіркін. Кеңес Одағын ұлы державаға айналдырып, жұмыр жерді талқандаған фашизмді жойған И.В. Сталинді де кінәлауы мүлдем түсініксіз. Онысы «Құлан құдыққа құласа, құлағында құрбақа ойнайды» дегеннің кебі. Ойына есеп бермейтіндер дерсіз, бірақ тар пиғылдының арамза ойы, араздықты қоздырып, бүліншілікпен қантөгістен ұпай жинағысы келеді. Жұмыр жер халқы онсыз да былығып, ортасы төгіліп жатыр. Адамзат тарихы зәлімдіктің кесапатын көріп келеді, әлі көре берді. Сондықтан А.Л. Феоктистовтың «Русские, казахи и Алтай» деген кітабы Мәскеудегі «Альфа и Омега» баспасынан 1 мың данамен басылып тарап кеткен. Адамға жүз дос та аз, ал керісінше бір дұшпан да қауіпті. Автордың көкірегі мысықша тырналап, сонша шала бүлінді дерсіз.

Оның іштегі қыжылы – қазақ елі Ресейдің жерін меншіктеп отыр екен. Алтай өлкесін толайымен Ленин мен Сталин 1921-1922 және 1936 жылдары Қазақстанның территориясына енгізіп жіберген деп ызаланады. Кесапаты қырық пышақ болып, қырқыстарды көксейді. Қисынға келмейтін түрлі деректермен көпіртеді. Бірақ Алтай деген қазақ сөзі екенін, орыста ондай сөз жоқтығын қаперіне де алмайды. «Тыныш тұрмандар» деген Құдайдың қарғысына ұшырады ма, өліп-өшіп өзінше өңештеп жанталасады. «Қарғыс атқыр, жат ой, қаскөй пікір атом бомбасынан да қауіпті екен!» – деп, кітапты оқып отырып жағанды ұстайсың. Қазақ жерінің нанын жеп, суын ішіп, нанның киесінен қорықпағаны ма деп түңілесің. Автор ашуын баса алмаса, Ресей ақыны Владимир Берязовтың «Тобық» поэмасындағы оқиға қазіргі Қазақстан жерін-

де ғана емес, соңғы үш мың жылдықтың өн бойында түркілердің ата жұрты Алтайда өтеді дегеніне тоқтамас па? От үргілеуші тоқтамайды. Ендеше, толып жатқан тарихи деректердің шындығын айтып, бетіне басалық. Мәселен, XVIII ғасырдың 70-80 жылдарының өзінде Батыс Сібірде 37 болыстық қазақтар мекен еткенін Т.Н. Совельевтың «Местное самоуправление в середине XVIII первой половине XIX века» кітабын оқығандар жер кімдікі екенін бірден түсінер еді. Ал әлемдік жиһанкездер, жер, су, тау картасын сызғандар мекен еткен халықтың қандай жерді қалай атағанын нақты жазып қалдырып, тарихқа қылдай қиянат жасамағанын автор қаперіне неге алмаған? Айта кетелік, Сібір өлкесінің картасын 1542 жылы жасаған Антония Вида және Себастьян Мюнестр Об өзенінің Каспий теңізі, Еділ, Жайық, Арал теңізін нақты көрсеткен. Тарих әлем ойшылдарымен жалғасқанын автор сезбесе, мына мысалды айталық. Үнді елінің елшісі Джордж Раджумен өңгімелескенімде: «Біздің қазақ елімен ерте заманнан – I ғасырдан бастап байланысымыз болған. Арал теңізі ол кезде Кердері мемлекетінің теңізі делініпті, сол сықылды Елек өзенінің Қобдаға құятын сағасында сол мемлекеттің қаласы болған. Қазақтар күймемен Үнді еліне 40 күн жол жүріп, түрлі өнерлерін көрсетіп, сауда жасап, тату-тәтті қатынас орнатқан», – дегені бар-ды. Ал Феокистов сұхитта тіл безегенше, тарихты тереңдеп зерделемес пе? Бетімен лаққанға тағы бір деректер: Брокгауздың Лейпциктен шыққан энциклопедиялық сөздігі мен Ефронның Петербургтен 1895 жылы шыққан XV томын қараса: «В мире имеются 3000 наций и народностей, 200 государств. Казахстан занимает 9-е место в мире по территории», – деп жазғанын, 1900 жылғы Ресей сенатының деректерінде қазақтар саны 8 миллион 200 мың халық екенін автор көз алдына елестетсе, жүрегінің қабы жарылып, жағы қарысып қалар ма еді? Бірақ Феокистов сөзге, шындыққа тоқтар ма, қызғаншақтың ішінде доңыз дөңбекшігендей болса, қазақ жеріне көзінің сұғын тастап, отқа май құйғандай қиқуын тоқтатпас, сірә. Ең сорақының сорақысы – «қазақ» деген халық атауы «казак» деген сөзден шыққан деп жазып-

ты. «Неся пограничную службу в Могудистане, кочевые узбеки и будущие казахи в том числе, получили имя казак. Казак у тюрок имело значение «бездомный человек», «скителец», – деп, ұлттық намысқа масқара шабуыл жасайды. Езбелігін елеусіз қалдырып көр. Бұға берсең, сұға беретінін түсініп, шыдап көр. Біз күйіне күлеміз, сонау патшалық Ресейден бастап, қазақ жерін отарлаудың қанды қасабы, одан кейінгі көсемдердің жымысқы әрекеті, рейдерлік басқыншылығымен Ресей қарамағында қазақтың 1,5 миллион шаршы метр жері қалды. Айталық, Омбы, Құлынды, Ор, Орынбор, Түрген, Сарыат, Аштархан сықылды қазақтар қалың қоныстанған құйқалы өңірден айырылды. (Кешіріңдер, бүгін Ресейден жер даулаудан аулақпыз, ұлттық намысқа тиген авторға есіңді жи дегеніміз). Жалақор автор ең болмаса «Жизнь Сибера» журналының 1922 жылғы №3 санында Сібір өлкесін мекен еткен 200 мыңнан астам қазақ болғанын, Құлынды өңіріндегі 30 мыңнан астам қазақтар 1542 жылдан бастап мекендегені мұрағат құжаттарында тұрғанын оқымас па?

Рас, Сталин заманындағы қанды қырғында төрт бірдей сұрапыл аштықта қазақтардың 80 пайызы қырылып қалды. Тірісінің біразы шет елге босып кетті. Бұл сүргінді әлем ғалымдары жазды. Орыс ғалымы Сажеников: «Қазақтар баласының нақты санын салықтан қорқып айтпай, төрт-бес қара домалақ дегенінің төртеуін есепке алғанда, 1900 жылғы 8 миллион 200 мың қазақ болды», – десе, сол кезде өзбектерден қазақтардың саны бес есе көптігі айтылса, бүгінде өзбектер 30 миллионнан асса, аштықта қырылмағанда қазақтар 100 миллионнан еркін асар еді. Сонда «Бос жатқан жер жау шақырады» деген сақтық сөз айтылмас еді.

Франция тарихшысы Изабелла Очаена: «Қазақтардың 80 пайызы аштан қырылып қалды. Салдары геноцидтен асып кетті», – деп әлемге жар салып жазса, Австралия тарихшысы Стиван Уникрофт: «Колхоздан шықпауы керек, қарсы болғанды атты, отырықшыландыру процесі мүлде қорқынышты, қырғын аштыққа ұласты», – деген шындықты қалай жасыра аламыз. Қазақ жерін

қазақсыз игеру Патшалық Ресейден басталса, Столыпин: «Қазақтарды емес, қазақтардың тың жатқан жерлерін ойлау керек. Оны тек қазақтардың өздеріне қалдыру Ресей үшін кешірілмес күнә болар еді», – деген жымысқы пікірін шовинистер әлі күнге қоздатып жүр. Аштық, қуғын-сүргін жылдарында қазақ халқы қырғынға ұшырамаса, Феоктистов сықылды бұзық ойлылар өсек өртін қоздатпас еді.

Автор қазақ ұлтынан түк хабарсыз екеніне түсінік бермесек те, Левшиннің жазбасында «Қазақтар Каспийден – Алтайға, Оралдан – Тянь-Шаньға дейін қазақ рулары мекендеді, Арыстан патша заманында 400 мың әскері болды», – деп жазса, орыс ғалымы О.Ю. Сенковский: «Бабыр мырзаның шағатай тілінде жазғанында қазақ сөзі бар», – десе, 1020 жылдары Фирдаусидың тарихи жазбасында: «Қазақ жұрты, хандары болды. Олар Айса пайғамбардан бұрын өмір сүргені ықтимал. Еділ-Жайық бойында Жошы елі, Жошы ұлысы аталған», – дегендей әлемдік тасқа басылған деректер барлығын оқыса, дау-кес адам да дауласа алмас. Дандайсығандар да шындыққа тоқтар. Дүрбелеңнен басын алып қашар.

Бүгінде әлемде қарапайым халықтың еңсесін көтертпей, түрлі қақтығыстар дамыл табар емес. Теріс пиғылдың кесірі өршіп тұр. Оның бәрі қызыл көздердің байлыққа, жерге таласынан, зұлымдықты жасырын жүргізіп жатқан әлемді билеуге таласу саясатынан туындап жатқанын халық білді. Сондықтан Ресей президенті Путин халықаралық сот заңдылығына рейдерлік басқыншылықты тоқтатып, көрші елдеріне ешкімнің көз алартпауына, тыныштықты сақтауға байланысты әлем мемлекеттерінің басшылығы мақұлдап құжаттап, заң арқылы тыйым салу мәселесін қозғаса, артық болмас еді. Сонда қазақтар көрші елдегі шовинистердің араздықты өршіткісі келетін, ымыраны бұзуға әрекет ететін зәлімдігінен тынышталар еді. О дүниеге барғанда Алланың бірінші сұрағы: «Көршіңмен татусың ба?» дегенді қазақтар есінен шығармай, жауына да амандық тілеумен келеді.

*P.S.* Көршіміздегі іші тар, көре алмаушылардың кейбірі қызғаныштың қызыл итін үрдіруден кенде емес. Дүзелбай замандастарының қынадай қырылған қайғысын шовинистер білгісі де келмес. Он екі миллионнан асқан қазақтың түрлі ұлыстармен тату-тәтті өмір сүріп, әлемге танылғанына іші күйіп, А. Феокистов аласұрады! «Есіртсең, есектің қиы да секіреді» деп, ұлт араздығын қоздырушыға көршіміз Қытайда заң бар, бізде ол заң болса, кереуыздының ауызы жабылар еді...

## МАЗМҰНЫ

Самғай ұшқан қаршыға... ..	3
Жылдар кетті жыраққа, Ұмытылмас тарихымыз бірақ та .....	11
Тарихтан бір үзік сыр .....	12
Тіршіліктің қайғылы парақтары.....	68
Циклон.....	83
Жансыз салған... ..	91
Құйын қаққан .....	95
Гитлер мен шайтан.....	102
Қайдасың, Мәді? .....	107
Тұтқын .....	112
Көкжиекке сіңіп барады .....	128
Сұрмерген.....	131
Шалысесеп.....	136
Қысасы кеткен .....	145
Аспаннан түскен жасын-ды.....	149
Ұлылықтан ұлағат қалған.....	175
«Кім өзі? Атылсын!» .....	184
«Өлсе өлер табиғат...».....	214
«Ну, серовно...» .....	349
Жагордың жаны .....	400
Неден кендеміз?!.....	404
Доңыз дөңбекшиді .....	408

**Табыл ҚҰЛЫАС**

**Таңдамалы**

Үш томдық

*Бірінші том*



Редакторы *Ботагөз Мұхиден*  
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*  
Көркемдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқаров*  
Корректоры *Айдана Сыдықбай*  
Компьютерде беттеген *Ақмарал Қадикенова*


Басуға 01.07.15 қол қойылды.  
Пішімі 84x108 <sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.  
Шартты баспа табағы 21,84.  
Тапсырыс №0203. Таралымы 2000 дана.

«Фолиант» баспасы  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

«Шығармашылық жолым өткен ғасырдың 50-ші жылдарында «Қазақстан пионері» газетіне анаграмма және «Лениншіл жас» газетіне мақала, очерктер жазудан басталды. Сол кезден бастап мені қаламгерліктің сиқырлы ғажабы баурап алды да, Ойылда, Темір ауданындағы газеттерде қызмет атқара жүріп, фельетон, очерк, әңгімелерімді республикалық басылымдарда жиі жариялап тұрдым. Алғашқы кітабым «Кесілген бұрым», одан кейін «Сауда сақал сипағанша», «Жалмауыз», «Қаратерең», «Жегіқұрт» романдарым, қуғын-сүргін нәубетіне арналған архивтік деректер кеңінен пайдаланылған «Қанжоса ғасыр», «Қан кешу», «Қырғын», т.б. туындыларым жарық көрді. Осы уақытқа дейін қалың оқырманға 40 кітап арнадым».

АВТОР



ISBN 978-601-302-274-1



9

ISBN 978-601-302-273-4



9